


81.2(5Қаз)-2я'13
К.22

монография-оқулық

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИНТАКСИСТІК ПАРАДИГМАЛАР



УДК 811.512.122
ББК 81.2 Қаз
Қ 22

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің мемлекеттік тапсырысымен ғылымды
2012-2014 жылдары гранттық негізде қаржыландыру аясында
шығарылды

Жалпы редакциясын басқарған:

Жантас Жакыпов – филология ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы:

Женіс Сәдуақасұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор,
Бердібай Шалабай – филология ғылымдарының докторы, профессор,
Тыныштық Ермекова – филология ғылымдарының докторы, профессор,
Бижомарт Қапалбек – филология ғылымдарының кандидаты,
Әбдіжалел Аккөзов – филология ғылымдарының кандидаты

Пікір жазғандар:

Т.Әбдіғалиева – филология ғылымдарының докторы, профессор
С.Әлісжанов – филология ғылымдарының докторы, профессор
А.Жанабекова – филология ғылымдарының докторы, профессор

Қ 22 Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар: (монография-оқулық)
– Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. 464 – б

ISBN: 978-601-7206-80-2

Еңбек «Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар» тақырыбындағы іргелі ғылыми зерттеудің нәтижесі ретінде ұсынылып отыр. Онда қазақ тілі синтаксистік құрылысының құрылымдық-мағыналық және коммуникативтік парадигмалары камтылады. Синтаксистік бірліктер деңгейлік жіктеу сатысымен ұсынылғанмен, басқа да аспектілері баяндалады. Синтаксистік бірліктерді бұрын белгілі болған сипаттарынан тысқары жаңа қырлары мазмұндалады. Монография бірыңғай ғылым аясында қалып қоймай, білім беру саласында да қолданылуы үшін оқулыққа тән мазмұндық бөліктер (семинар, өздік жұмыс тақырыптары, тапсырмалар) енгізілді.

Кітап тіл білімі мамандарына, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға арналады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЯҚАУЫ
ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ
КІТАПХАНА

УДК 811.512.12
ББК 81.2 Қаз

ISBN: 978-601-7206-80-2

660036

© Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016.

РЕДАКТОРДАН

Қазақ тілінің синтаксистік құрылысы ХІХ ғасыр соңында орыс грамматикасының қалпына салып қарастырған Ресей ғалымдарының ізденістерін қоспасак, төл тілтануымызда бір ғасырдан бері зерттеліп келеді. Қомақты табыстары да жеткілікті, талдаудан тыс қалған жайттары да баршылық. Табыстарына тоқталар болсак, казак тілі синтаксисін дәстүрлі құрылымдық аспектіден зерттеген бірнеше іргелі еңбектерді алға тартуға болады. Жекелеген зерттеулерді былай қойып, ана тіліміздің синтаксисін қамтыған академиялық үш грамматиканың өзі – толағай табыс. Алғашқысы – 1954 жылғы «Қазіргі казак тілі» оқу құралы ретінде жазылып, синтаксистік құрылымның түзілісін сипаттап берді. Екіншісі – 1967 жылғы «Қазақ тілі грамматикасы» казак тіліндегі сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлемдердің құрылымдық парадигмасын ортақ тоқтамдарға тоғыстырған академиялық грамматика болды. Соңғы үшіншісі – 2002 жылғы «Қазақ грамматикасы» - сипаттамалы және нормативті грамматика. Академиялық грамматикаларды дайындау тәжірибесінде сипаттамалы грамматика деп, әдетте, жай, тіркемелік бағыттағы сырт сипаттаманы айтады. Және олардағы бұл ғылыми сипаттама міндетті түрде нормативті саралаумен үнемі сабақтасып жатады. Бұл дәстүр, мүмкін болғанша, «Қазақ грамматикасында» да сақталды: казак әдеби тілінің грамматикалық құрылысының сипаттамасы да солай ғылыми негізге құрылды (яғни, онда түрлі теориялық мәселелерді шешу, тіл фактілерінің ғылыми жүйеленімі сияқты міндеттер көзделді және грамматиканы жалпы нормативтік бағытта жазу жағы да ескерілді) [1]. Байкалып тұрғандай, норматив шегінен шықпау мен сипаттама жасау дегеннің өзі зерттеуді дәстүрлі құрылымдық парадигмамен өрелейді.

Міне, көрсетілген сипаттардың ықпалымен казак синтаксисінде талдаудан тыс қалған жайттар бар. Атап айтқанда, тілдің синтаксистік құрылысының кешенді құбылыс екені тиісті шамада ескерілмей келеді, осы кешенді таркатып бермей казак тілі синтаксисінің мән-мазмұны то-

лық ашылмайды. Демек, біз «Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар» дегенде бұрынғы шеңберден шығып, зерттеу өрісін кеңейтуді көздедік.

Ұсынылып отырған еңбек – теориялық мәселелерді алға тарта отырып, оларды игеруді де мақсат тұтқандықтан монографиялық оқулық сипатында түзілді, басқаша айтқанда, жанры – ұжымдық монография-оқулық.

Еңбек – қазақ тілінің дәстүрлі синтаксисіне сүйене отырып тіл синтаксисі кешенінің басқа да парадигмаларына барлау жасаудың алғашқы бір талпынысы. «Басқа парадигма» дегенде, ең алдымен, синтаксистік бірліктердің аспектілерін, әр деңгейдегі бірліктерінің құрылымымен қоса, сол бірлік бойындағы басқа қырларын, басқа қызметтерін еске аламыз. Осыған орай, монография шартты түрде «Дәстүрлі синтаксистік парадигмалар» және «Коммуникативтік-прагматикалық парадигмалар» деген екі бөлімге бөлініп құрылды.

Теориялық толғамдардың жүзеге асуын, оқытуда пайдаланылуын көздеп әрбір түйінді тақырыптар мазмұнының соңынан білім алушыларға арнап семинар сұрақтары, өздік жұмыс тапсырмалары орналастырылды, әдебиеттер тізімі берілді.

Оқырманға оқшау көрінер кейбір тұстарым түсіндіре кетейік.

Дәстүрлі оқулықтар мен басқа да еңбектерде хабарлы, лепті, сұраулы, бұйрықты сөйлемдер айтылу мақсатына қарай бөлінетін сөйлем түрлеріне жатқызылып келгені белгілі. «Айтылу мақсаты» дегеннің өзі бұл сөйлемдердің коммуникативтік интенцияға қатысты екенін білдіреді ғой. Сол себепті бұл еңбекте олар коммуникативтік парадигмаға жататын бірліктер ретінде танылды.

Бұрын дәстүрлі құрылымдық парадигма аясында қаралып жүрген толымсыз сөйлемдер бұл жолы коммуникативтік таразыға салынды. Өйткені тіл білімінде «ойға қатысты мүшелер түгел қатысса – толымды, түгел қатысып тұрмаса – толымсыз» сөйлем болады дейтін анықтаманы шындыққа үйлесімсіз, нақтылық жоқ анықтама деп санаймыз. Шын мәнінде, сөйлемнің «толымды» болуы тым шартты, тіпті, коммуникативтік тұрғыдан қарағанда, болуы мүмкін емес, ал толымсыздықты біз контекст, сөйлеу (яғни коммуникативтік) ахуалы арқылы ғана анықтай

аламыз. Толымсыз сөйлемді коммуникативтік таразымен өлшеу осы сөйлемнің табиғатына сай келеді.

Мүшеленбейтін құрылымдар мен үстеме құрылымдар бұл еңбекте коммуникативтік арнаға салынады. Себебі бұл бірліктерді «таза құрылымдық көзбен» қарасақ, коммуникативтік қызметке қатысын көре алмас едік, ал қатысым арнасына, яғни контекст аясына түскенде бұлар коммуникативтік қызметке кіреді: үстеме құрылымдар коммуникативтік қызмет атқаратын бірліктің (сөйлемнің) ажырағысыз құрылым екені көрінеді; мүшеленбейтін құрылымдар дербес сөйлем сияқты қызмет атқарады.

Демек, бұларды коммуникативтік тұрғыдан тексерсек қана ғылыми нәтиже алатын боламыз.

Монография-оқулық Мемлекеттік тілді дамыту институтында орындалған *«Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар»* тақырыбындағы ғылыми жобаның өнімі ретінде ұсынылып отыр. Ғылыми жобаны, әдетте, уақытша құрылған ұжым жүзеге асыратыны белгілі. Жұмысты ұжым орындағандықтан пікір алуандығы болуы, тарау-тармақтардың әртүрлі деңгейде болуы – заңды құбылыс. Редактор ретінде мұндай алуандықтарды мүмкіндігінше бір арнаға түсіруге тырыстық. Мәселен, «Дәстүрлі синтаксистік парадигмалар» бөлімінде синтаксистік бірліктерді талдау мазмұнында тек құрылымдық-мағыналық сипаттар ғана емес, функционалдық-коммуникативтік сипаттардың болуын да қолдадық. Сонда, бұл бөлімдегі бұрыннан үйреншікті жай сөйлем, күрделенген сөйлем, құрмалас сөйлем санаттары, мұнан бұрын оқырманға белгілі оқулықтар, монографиялармен т.б. салыстырғанда, жаңа мазмұнмен толығып шықты. Авторлық құқыққа нұқсан келтірмей, пікір еркіндігіне үстемдік жасамай кей тармақтарға редактор ретінде түзету жасадық, пікір-пайымдар қостық.

Редактор авторлардың пікір, пайымдауларының бәрімен бірдей келісе бермейді, бірақ ол пікір, пайымдаулар ғылыми-біліми ақпарат кеңістігінде жүруге хақылы деп санайды.

Сонымен, бұл синтаксистік бірліктердің құрылымдық, мағыналық, функционалдық, коммуникативтік сипаттарын қамти мазмұндаған еңбек болып шықты деп санаймыз.

Монография-оқулық қазақ тілі синтаксисінің парадигмаларын тауысып түгелдей зерттеген еңбек деген атақтан үміттенбейді. Бұл бағытта ізденістер мен алынатын нәтижелер алдағы уақытта жалғаса бермек.

Ж.А. Жақытов

I бөлім

ДӘСТҮРЛІ СИНТАКСИСТІК ПАРАДИГМАЛАР (КІРІСПЕ ОРНЫНА)

Грамматика саласы – тіл ғылымының ішіндегі ең негізгісі. Тілді үйренуде болсын, сауат ашуда болсын, тілдердің типологиялық ерекшеліктерін табуда болсын, тілдің немесе ондағы жеке бірліктердің жұмсалымын анықтауда болсын, грамматиканы аттап өту, оған сүйенбеу мүмкін емес. Осыған байланысты жалпы тіл білімінде грамматикалық зерттеулерге кеңінен көңіл бөлінеді. Оның тарихы сонау ежелгі үнді философтарының еңбектерінен бастау алады да, көне грек ойшылдарының (Платон, Аристотель) еңбектерінде жалғасын тауып, бүгінгі күнмен ұласып жатады.

Грамматиканы зерттеудің осындай ұзақ жолында бір-біріне ұқсамайтын немесе бірін-бірі толықтыратын бірнеше бағыттағы мектептер пайда болды. Бұл мектептер мен теориялық бағыттар ең алдымен зерттелу әдісіне қарай дәстүрлі (тұлғалық) және жұмсалымдық (функционалды) болып екі топқа жіктеледі. Бұл екі бағыттың бастау нүктесі (точка отсчета), зерттеу бағыты екі түрлі. Дәстүрлі грамматика тіл жүйесін «құралдық көрсеткіштен мағынаға» қарай зерттесе, жұмсалымдық грамматика «мағынадан құралдық көрсеткішке» қарайғы бағытта қарастырады. Дәстүрлі грамматикалық зерттеулер тілдің тұлғалық жағын нысан етіп алып, дыбыстардан бастап тілдегі күрделі құралдарға шейін қарастырады. Дыбыстардан бастап күрделі синтаксистік құрылымдарға дейінгі деңгейлік жүйені қамтитын дәстүрлі грамматиканың ізденістері бүгінгі таңда да екі бағытта (тіл жүйесіндегі ең ұсақ бірлікті табу – аллофон немесе тіл жүйесіндегі ең ірі құрылымдық бірлікті табу – мәтін) бірдей жүргізіліп келеді.

Біздің тілтану ілімінде көбірек білетініміз сөз тіркесінің байланысу түрлері мен қатынасы, сөйлемнің мақсаты мен мағыналары, олардың құрылысы мен қолданылуы туралы ережелер жиынтығы сияқты т.б. мәселелер. Бұны дәстүрлі синтаксис (грамматика) қарастырады.

Зерттелу тарихы көне замандардан басталатын дәстүрлі грамматиканың бүгінде бірнеше атауы бар:

1) Мұндай бағыттағы зерттеулерде тілдің формаға бағынатындығы, тілдің таңбалар жүйесінен тұратындығы бірінші кезекте қарастырылатындықтан, дәстүрлі грамматика атауымен қатар тұлғалық грамматика термині қатар қолданылады.

2) Дәстүрлі тұлғалық грамматикалық зерттеулер тілді деңгейлік жүйелерге бөліп қарастыратындықтан (морфология, синтаксис, сөз тіркесі,

Монография-оқулық қазақ тілі синтаксисінің парадигмаларын тауысып түгелдей зерттеген еңбек деген атақтан үміттенбейді. Бұл бағытта ізденістер мен алынатын нәтижелер алдағы уақытта жалғаса бермек.

Ж.А. Жақытов

І бөлім

ДӘСТҮРЛІ СИНТАКСИСТІК ПАРАДИГМАЛАР (КІРІСПЕ ОРНЫНА)

Грамматика саласы – тіл ғылымының ішіндегі ең негізгісі. Тілді үйренуде болсын, сауат ашуда болсын, тілдердің типологиялық ерекшеліктерін табуда болсын, тілдің немесе ондағы жеке бірліктердің жұмсалымын анықтауда болсын, грамматиканы аттап өту, оған сүйенбеу мүмкін емес. Осыған байланысты жалпы тіл білімінде грамматикалық зерттеулерге кеңінен көңіл бөлінеді. Оның тарихы сонау ежелгі үнді философтарының еңбектерінен бастау алады да, көне грек ойшылдарының (Платон, Аристотель) еңбектерінде жалғасын тауып, бүгінгі күнмен ұласып жатады.

Грамматиканы зерттеудің осындай ұзақ жолында бір-біріне ұқсамайтын немесе бірін-бірі толықтыратын бірнеше бағыттағы мектептер пайда болды. Бұл мектептер мен теориялық бағыттар ең алдымен зерттелу әдісіне қарай дәстүрлі (тұлғалық) және жұмсалымдық (функционалды) болып екі топқа жіктеледі. Бұл екі бағыттың бастау нүктесі (точка отсчета), зерттеу бағыты екі түрлі. Дәстүрлі грамматика тіл жүйесін «құралдық көрсеткіштен мағынаға» қарай зерттесе, жұмсалымды грамматика «мағынадан құралдық көрсеткішке» қарайғы бағытта қарастырады. Дәстүрлі грамматикалық зерттеулер тілдің тұлғалық жағын нысан етіп алып, дыбыстардан бастап тілдегі күрделі құралдарға шейін қарастырады. Дыбыстардан бастап күрделі синтаксистік құрылымдарға дейінгі деңгейлік жүйені қамтитын дәстүрлі грамматиканың ізденістері бүгінгі таңда да екі бағытта (тіл жүйесіндегі ең ұсақ бірлікті табу – аллофон немесе тіл жүйесіндегі ең ірі құрылымдық бірлікті табу – мәтін) бірдей жүргізіліп келеді.

Біздің тілтану ілімінде көбірек білетініміз сөз тіркесінің байланысу түрлері мен қатынасы, сөйлемнің мақсаты мен мағыналары, олардың құрылысы мен қолданылуы туралы ережелер жиынтығы сияқты т.б. мәселелер. Бұны дәстүрлі синтаксис (грамматика) қарастырады.

Зерттелу тарихы көне замандардан басталатын дәстүрлі грамматиканың бүгінде бірнеше атауы бар:

1) Мұндай бағыттағы зерттеулерде тілдің формаға бағынатындығы, тілдің таңбалар жүйесінен тұратындығы бірінші кезекте қарастырылатындықтан, дәстүрлі грамматика атауымен қатар тұлғалық грамматика термині қатар қолданылады.

2) Дәстүрлі тұлғалық грамматикалық зерттеулер тілді деңгейлік жүйелерге бөліп қарастыратындықтан (морфология, синтаксис, сөз тіркесі,

жай сөйлем, құрмалас сөйлем), оларды кейде деңгейлік грамматика деп те атайды.

Біздің дәстүрлі синтаксистік парадигмалар деп отырғанымыз – осы деңгейлер. Оның терминдері (сөз тіркесі, сөйлем мүшесі, құрмалас сөйлемдер т.б.) бізге мектеп қабырғасынан бастап әбден таныс. Бірақ бүгінгі ғылымның даму нәтижесіне сүйенсек, оқушыға да, студентке де, аспирантқа да дәстүрлі грамматиканы (бастауыш пен баяндауышты) оқыта беру дұрыс емес. Жоғарғы мектепке тек жүйені ғана емес, оның жұмсалу ортасын, қолдану заңдылықтарын қоса алып қарастыратын, оны адамның ойлау, шығармашылық әрекетімен байланыстыра қарайтын жұмсалымды грамматиканы да оқыту қажет. Ол үшін бұл мәселе терең де жүйелі түрде қарастырылуы тиіс. Біздің қазақ ғалымдары қазір осы бағытта еңбектеніп жатыр.

Орыс тіл білімінде жұмсалымды грамматиканы әуелі орта мектептерде де оқытуды қолға алу керек деген көзқарастар бар. Мәселен, Т.В.Парменова «Функциональный подход к изучению грамматики в школе» атты мақаласында коммуникативтік тұлғаны қалыптастыру үшін мектеп бағдарламаларында да тілдік білім, тілдік мәдениет және тілдік тұлға деген мәселелерге баса назар аудару керектігін айтады [1, 2 б.].

Сонда бұл екеуінің, яғни жұмсалымды грамматика мен дәстүрлі грамматиканың айырмасы неде? деген заңды сұрақ туындайды.

Жұмсалым туралы дәстүрлі грамматикада да айтылады. Бірақ ондағы зерттеу әдісі деңгейлеп бөлу болғандықтан, тілдік бірліктің өзі құрамына енетін деңгейдің (фонетика, морфология, синтаксис және т.б.) шеңберіндегі жұмсалымы ғана сөз болады. Айталық, деңгейлік грамматикада алдымен шақты немесе райды, шырайды білдіретін формаларды анықтап, содан кейін барып қана олардың қандай мағына беретіндігін қарастырамыз.

Дәстүрлі бағыттың олқы деген тұсы – тұлға мен мағынаға қатар сүйену, таза тілдік, логикалық және психологиялық санаттар мен бірліктерді араластыра қолдану. Сөйлемнің құрылысы бірде тұлғалық, бірде мағыналық, бірде таза психологиялық өлшеулерге сүйенетін сөйлем мүшелері арқылы сипатталады. Дәстүрлі синтаксисте сөйлем нақты сөйлеу қатынасы жағдайынан тыс қарастырылады. Сөйлесу орны, оның тыңдаушыға қабылдануы есепке алынбайды. Дәстүрлі грамматикада бір тілдік бірліктің бір-ақ мағынасы бар деп есептелінеді немесе оның негізгі мағынасынан өзге сөйлеудегі жұмсалымдық мағыналары толық сипатталмайды. Мәселен, дәстүрлі синтаксис өкілдері (жалпы дәстүрлі грамматика өкілдері) сөйлемге қатысты «аяқталған ойды білдіреді» деген анықтамасын ешқашан басшылыққа алған емес. Олар үнемі сөйлемді анықтау үшін формалды белгілерге сүйеніп келді. Атап айтқанда, нүктеден (сұрау, леп белгісі және т.б.) нүктеге дейінгі сөздердің тіркесі сөйлем деп танылды [2, 91 б.].

Тілді парадигмалық аспектіден қарастырудың лингвистикалық негізі Ф. де Соссюрдің идеясынан бастау алатындығы белгілі.

Парадигма ұғымы өзінің генетикалық жағынан морфологияға тән және мұны көпшілік ғалымдар мойындайды. Оны сөздіктерде берілген анықтамалар да растайды. Морфологияда парадигма грамматикалық санат (санат) ұғымымен байланысты қарастырылады. Кез келген сөз түрлендіруші парадигма белгілі бір грамматикалық санатты құрайды.

Синтаксистегі парадигматикалық ұғым да Ф. де Соссюрдің идеясымен сабақтастасып жатады. Синтаксистік бірліктер – сөз тіркесі мен сөйлем синтаксистің негізгі нысандары болғанымен, екеуінің өзіне тән парадигмалық сипаты бар, әрі олардың парадигмасы аталған бірліктердің ерекшелігін көрсетеді. Кейбір ғалымдар синтаксистік парадигмаға сөйлем парадигмасын ғана алуды ұсынады (П.Адамец). Синтаксистің зерттеу нысаны болып табылатын сөйлемнің синтаксистік құрылысы мен мағынасы қазіргі тіл білімінде теориялық жағынан түрліше сипатталады. Жалпы, синтаксистің негізгі бірлігі ретінде сөйлем өзінің тұлғалық және мағыналық құрылысы бар грамматикалық санат болып есептеледі. Сондықтан тілдік белгінің екі жағы ретінде құрылым мен мағына, сөйлемді сипаттауда және оның қолдануында біртұтас бөлінбейтін бірлікте қарастырылады. Сөйлемнің әрі коммуникативтік, әрі нормативтік бірлік ретіндегі күрделі сипаты оны тұтас бір семантика-синтаксистік, коммуникативтік-грамматикалық және құрылымдық жақтарынан өзара түйісуінің, ұштасуының орталығы етеді. Мұның өзі қазіргі синтаксисте сөйлемнің көп қырлы (аспектілі) күрделі тілдік құбылыс екенін дәлелдейді. Сөйлемнің сол көп қырларының ішінде маңыздысы – оны құрылысы мен мағынасының байланысы тұрғысынан зерттеу болып табылады.

И.П.Распопов синтаксистік парадигманы морфологиялық парадигмадан ажыратыла көрсетілмегені жайлы айта келіп, синтаксистік парадигманы екі үлкен топқа бөліп көрсетеді:

- 1) конструктивтік синтаксис парадигмасы;
- 2) коммуникативтік синтаксис парадигмасы.

Конструктивтік синтаксис парадигмасын екіге бөледі:

- 1) Жақ санатының парадигмасы,
- 2) Етіс санатының парадигмасы.

Коммуникативтік синтаксис парадигмасының мынадай түрлерін көрсетеді:

- 1) мақсаттық бағыттағы парадигма (хабарлы, сұраулы және бұйрықты);
- 2) коммуникативтік мақсаттағы парадигма [3].

Қазақ синтаксисіне қатысты дәстүрлі зерттеулердің барлығында аты аталмаса да, синтаксистік парадигма мәселесі ғылымның алғашқы зерттелу тарихынан бері-ақ сөз болып келеді. Қазақ тіліндегі жай сөйлем

синтаксисіне арналған еңбектерде олардың санатын анықтауда бірізділік басымдау. Әрине, айырмашылықтар да бар. Дәстүрлі синтаксистік парадигмалар дегенде біз деңгейлік, нормативтік грамматикалардағы жай сөйлемдердің парадигмалық жүйесін сөз етіп жүрміз. Синтаксистік бірліктер көп қырлы, күрделі тілдік құрылым екендігі белгілі. Бұл мәселеде орыс тіл білімінде болсын, түркітануда болсын әлі ала-құлалық көп.

И.П.Распоповтың парадигманы конструктивтік және коммуникативтік деп бөлуі дұрыс. Бұл мәселе тіл мен сөйлеудің тіл біліміндегі екі бөлек зерттеу нысаны екендігін көрсетеді. Жұмыста екеуінің де синтаксистік парадигмалары қарастырылады.

Бұл бөлімнің негізгі мақсаты – қазіргі әдеби тілімізде қолданылатын синтаксистік құрылымдардың құрылымдық-мағыналық сипаты мен ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсетіп, оның парадигмалық қатарын анықтау.

Тіл білімі өзінің қарастырған нысанына уақыт өте келе қайта айналып келіп отырады. Өйткені, ғылым дамиды, зерттеудің жаңа әдіс-тәсілдері пайда болады. Дәстүрлі синтаксистік парадигмаларды қайта қарастырудың да осындай негіздері бар. Қазіргі қазақ тілінде синтаксиске қатысты жекелеген зерттеулер көп. Солардың басын жинақтап, қорытып, жалпы синтаксистік парадигмасын көрсету бүгінгі күнде аса өзекті мәселеге айналып отыр. «Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар» атты зерттеудің нәтижесіне сүйеніп жоғары оқу орындарында оқытылатын синтаксис курсына арнап жаңаша оқу құралдарын жазып өндіріске ұсыну бүгінгі қазақ синтаксисі мамандарының басты міндеті деуге болады.

Зерттеу жұмысында жай сөйлем синтаксисі бойынша ғалымдардың пікірлері негізге алынды. Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес, негізінен, сипаттама әдісі тандап алынды. Сонымен қатар, компоненттік талдау, қажет мәліметтерді саралау, модельдеу, парадигма түзу әдістері пайдаланылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Парменова Т.В. Функциональный подход к изучению грамматики в школе // <http://rus.lseptember.ru/2002/24/8.html>, с.2
2. Бархударов Л.С. Проблема предложения в трактовках различных грамматических направлений // «Вопросы языкознания», 1976, №3
3. Распопов И.П. Очерки по теории синтаксиса. – Воронеж: Изд-во Воронеж ун-та, 1973. – 220 с.



1. Сөз тіркесі парадигмасы
2. Жай сөйлем құрылымындағы синтаксистік парадигмалар
3. Құрмалас сөйлемдер
4. Суперсинтаксистік парадигмалар



1. СӨЗ ТІРКЕСІ ПАРАДИГМАСЫ

1.1 Сөз тіркесінің синтаксисі туралы

Сөз тіркесі қазақ тілі синтаксисінің жеке өзіндік парадигмасы ретінде бірден орныға қойған жоқ.

Сөз тіркесіне қатысты құбылыстар ХХ ғасырдың басында сөйлем аясында сөз етілген екен. А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралында» сөздердің тізбегі сөйлем болып танылу үшін сөздердің «басын құрап, біріне-бірінің қырын келтіріп, қиындастыру» туралы ескертсе [1, 157 б.], «Әдебиет танытқышында» сөз дұрыстығы шарттарының ішінде сөз тіркесінің заңдылықтарына келетін мынадай бір екі жайтты көрсетеді:

1. сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;
2. сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру [1, 255 б].

Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі грамматикасындағы» сөйлемдегі «Сөз қиыны», сөйлемдегі «Сөздің тура күйі мен бұрма күйі», сөйлемдегі «Жетек сөз бен жетекші сөз» дейтін тармақтарда айтылатын заңдылықтар осы күні сөз тіркесі шегіндегі заңдылықтар ретінде қаралып жүр [2, 41-45 бб.].

1955 жылы академик В.В.Виноградов КСРО Ғылым академиясының Тіл білімі институтының директоры ретінде тілді зерттеу бағдарламасын түзіп ұсынды, онда сөз тіркесі синтаксистің жекеше саласы ретінде қаралуы көрсетілген. Осыдан және ғалымның басқа еңбектерінен бастап сөз тіркесі синтаксисі синтаксистің негізгі бір жеке нысаны ретінде қарала бастады да, сол кезден осы күнге дейінгі постсоветтік кеңістікте синтаксистің басты нысаны ретінде сөз тіркесі және сөйлем негізгі бағыт болып отыр [3].

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесін синтаксистің бір саласы ретінде орнықтырған М.Балақаевтың зерттеулері болды [4]. Қазақтың классик тілтанушысының бұл бағыттағы зерттеулері қазақ тіл білімі үшін ғана емес, сол кездегі түркі тілі грамматикасында сөз тіркесін алғаш рет арнайы түрде іргелі деңгейде қарастырған ізашар еңбек ретінде бағаланып, басқа түркі тілдерінің синтаксисінен сөз тіркесінің орын алуына қатты ықпал етті. М.Балақаев осы күні сөз тіркесі синтаксисінің нысаны ретінде қаралып жүрген ұғымдар мен санаттардың сипаттарын ашып берді.

Мұнан соң осы дәстүрмен сөз тіркесі туралы ілімді Р.Әміров, М.Серғалиев, Т.Сайрамбаев, Ә.Аблақов т.б. дамытты [5; 6; 7; 8].

Синтаксистің зерттеу нысанын нақтылау жөнінде жалпы тіл білімінде әлі де бірізділік жоқ. Тілдің синтаксистік құрылысын зерттеушілер бұның (синтаксистің) нысаны ретінде үш тұрғыны алға тартады. Олардың бірі тек сөз тіркесін ғана зерттеуді бағдар етсе, екіншісі синтаксистің «алтын діңгегі» сөйлем ғана деп таниды, ал үшіншісі қарым-қатынастың құралы ретінде мәтінді (тексті) ғана көреді. Бұлардың алғашқы тобы сөйлем болу үшін оның компоненттері – сөздер бір-бірімен тіркесіп, байланысып тұру қажеттілігін арқа тұтады да, сөйлемнің қай түрі де болсын (жай, құрмалас) сөз тіркесінің бір түрі деп қарайды. Ал синтаксистің зерттеу нысаны сөйлем деп қана қарайтындар сөйлемді құрастырушы сыңарлар сөздер емес, олардың тіркесі емес, сөйлем мүшелері, сөз тіркесінің өзіне сөйлем арқылы ғана келуіміз керек, тіпті, сөздердің өзіне сөйлем арқылы ғана келуіміз керек, ал сөздердің тіркесуін қуалау морфологияның ісі деп есептейді. Ал мәтінді қолдаушылар, біз сөйлегенде, қарым-қатынас жасағанда мәтінді ғана қолданамыз, сондықтан синтаксистің бірден-бір нысаны мәтін болуы керек деп санайды. Аталмыш үш құбылыстың да тілде бар екеніне дау жоқ, мәселе сындарлы пікірде. Сондықтан біз осы үш бағытты да жоққа шығармай, әрқайсысының синтаксистегі орнын тағайындап беруге тиіспіз. Бұл аталған үш деңгейде де өзіндік құрылым бар. Ал осы құрылымды жанды сипатқа келтіруде олардың әрқайсысының қызметі әр басқа.

«Синтаксистің зерттеу нысаны тек сөз тіркесі ғана болу керек» дейтін тұрғы өміршең емес екенін тіл ғылымының даму барысы дәлелдеді.

Сөз жоқ, адамзаттың ойлауы тарихи тұрғыдан қарапайымнан күрделіге қарай дамып отырған. Яғни ойлау ұғымынан басталып, сол ұғымдарды тіркестірумен жалғасады. Міне, сондықтан да сөз тіркесі – синтаксистік құрылыстың дамуы мен қалыптасуындағы бір кезең. Қазақ тілі синтаксистің маманы Р.С.Әміров: «Синтаксис (тілдің синтаксистік құрылысы) – ойды білдірудің амалы, формасы. Бірақ сонымен бірге өзі де ойлау жұмысының, рухани ізденістің нәтижесі. Ол – әр халықтың ғасырлар бойғы үздіксіз ізденісі, жетілдіруге талпыну нәтижесінде қалыптасқан. Халықтардың тілдерін, ол тілдердің синтаксистік құрылысын салыстыру бұның құрылу, қалыптасу процесінің күрделі, қиын жолдардан өткенін байқатады. Сондықтан да біз тілді, соның ішінде оның синтаксистік құрылысын халықтың, халқымыздың мәдениетінің, мәдени табысының бір саласы деп санаймыз» – дейді [5, 8-9 бб.].

Сөз бен сөзді тіркестіру синтаксистік құрылыстың алғашқы ұясы екеніне дау айтуға болмайды. Сөз тіркесі – синтаксистік құбылыстарды қозғаушы нүкте (Бұл жерде сөз формаларын шартты түрде морфология еншісіне беріп отырмыз. Алайда сөз формаларының қызметі синтаксистік екенін есте ұстауымыз керек – Ж.Ж.). Дей тұрғанмен сөз тіркесін синтаксистің бірден-бір нысанына жатқызып, сөйлемнің өзін предика-

тивтік сөз тіркесі ғана деп есептейтіндер ойлаудың келесі баспалдағы – пайымдауды дәйім ескере бермейтін сияқты. Өйткені олар үшін басты тірек – синтаксистік құрылым (структура). Сондықтан да олар сөйлемді предикативтік сөз тіркесінен басқа ештеңе де емес деп түсінеді. Мәселен, түркі тіл білімінің білгірі А.П.Поцелуевский сөз тіркестерін детерминативті, салалас, сабақтас және сөйлем деп төрт түрге бөледі [9, 51 б.]. Сондай-ақ келесі бір түркітанушы Е.И.Убрятова бұдан да терендейді. Ол сөз тіркесін «тұтас мәнді бірлік» (целостная смысловая единица) деп танып, сөз тіркестерін предикативті және предикативті емес деп бөледі де, жай сөйлем түгілі құрмалас сөйлемнің өзі де сөз тіркесі болатынын айтады [10, 82 б.].

В.А.Звягинцев сөз тіркесін сөздердің бірлесуі (соединение слов) ретінде түсіну тіпті дұрыс емес, сөз тіркесі сөздердің бірлесуі арқылы түзілген де емес, сөйлемді мүшеленудің (членение, сегментирование) нәтижесі болғанда ғана сөз тіркесі бола алатынын айтады [11, 92 б.].

Сонымен, біздің пайымдауымызша, сөз тіркесі – синтаксистің бастапқы негізгі, қозғаушы тетігі. Сөз тіркесін қазақ тіл білімінде, сондай-ақ жалпы тіл білімінде де, сөйлемнің шикізаты (материалы) ретінде түсіндіріп жүр. Дәлел үшін үлгі ретінде небәрі екі-ақ дәйек келтірейік:

1. «Сөздер өзара тіркесу арқылы сөйлем құрамына енеді. Сондықтан сөз тіркестері – сөйлемнің шоғырланған материалдары» [12, 8 б.];

2. «Сөз тіркесінің де, сөйлемнің де лексикалық-грамматикалық элементі – сөз. Оның өзгеруі, басқа сөзбен байланысып жұмсалуды сөйлемде (контексте) ғана анықталады. Синтаксистік сөз тіркесі де сөйлем арқылы белгіленеді. Бұл, жеке сөздер мен тұрақты сөз тіркестері сияқты сөйлем құраудың материалы болады (Контекске сүйенсек, бұл жерде сөз тіркесінің контексті – сөйлем. –Ж.Ж.)» [13, 6 б.].

Біздің ұғымымызша, сөз тіркесі – шикізат қана, сөйлемнің материалы ғана емес, өзінің байланысу түрлері мен тәсілдері арқылы сөйлемнің ғана емес, орамды тілдің (связная речь) ой жалғастыру мақсатында дайындалған құрылымдық тетігі.

Қазақ тіл білімінде, сондай-ақ совет тіл білімінде де, сөз тіркесін дербес, тіпті, тиянақты бірлік ретінде қарайтын нышан бар. Айта кету керек, біздің түсінуімізше, сөз тіркесі қазақ тіл біліміне дербес, бірлік ретінде совет дәуірінде, азды-көпті субъективті себеппен, атап айтқанда, В.В.Виноградовтың беделімен кірді. Бұлай дейтініміз оған дейінгі логикалық-грамматикалық бағыт ұғым мен пайымдау категориялары мен тіл категорияларының байланысын біліп еді. Дегенмен сөздердің тіркесуінің әбден заңды құбылыс екеніне күмән жоқ.

Біздің тұжырымдауымызша, сөз тіркесінде (тіпті, сөйлемде де) дербестік бола бермейді, дәлірек айтсақ жоқ. Өйткені сөз тіркесі өз бетімен коммуникацияға жанама, көмекшілік қызмет жасайды. Бұны тіл айғақта-

ры айқын дәлелдеп отыр. Орыс тілі функционалдық синтаксисін зерттеуші Г.А.Золотова коммуникативтік бірлікке қарай синтаксистік функциялардың үш типін ұсынады:

I. синтаксистік бірліктер дербес қызмет етеді;

II. синтаксистік бірліктер коммуникативтік бірліктердің конструкциялық бөлігі ретінде қызмет етеді;

III. синтаксистік бірліктер конструкциялық бөліктің бағыныңқы сыңары ретінде қызмет етеді [14, 11 б.].

Байқап отырғанымыздай, осындағы екі функцияны сөз тіркестері атқара алады. Сөз тіркесі – орнықты емес, сөйлеу процесіндегі жылжымалы, керегі мен сәтіне қарай қолданылатын құбылыс. (Бұл жерде біз тіркесудің тәсілдері мен түрлерін еске алып отырамыз. Ал бұлар сөз тіркесінің негізі ғой). Сондықтан «сөз тіркесі дегенде статикалық заттық ұғымды емес, динамикалық процесті еске алуымыз керек. Сөз тіркесінің коммуникативтік мәні осы тұста.

Ал сөйлемді «предикативті сөз тіркесі» дегенде оны коммуникативті бірлік ретінде емес, тек құрылымдық қана бірлік деп түсінуіміз керек.

Сонымен, қазақ тілі синтаксисінде тіркескен сөздерді сөз тіркесі деп тану үшін бірнеше шарт-талап қойылатын болды. Соларға тоқталайық.

1. Сөз тіркесі деген ұғымға сөздердің тіркесі емес сөз пішіндерінің (формаларының) тіркесі деп қарау шарт. Өйткені, шын мәніне келгенде, күрделі сөздер де сөздердің тіркесінен тұрады, мысалы, *оқып отыру* деген тіркес – *оқып* деген негізгі сөз көсемше мен *отыру* деген көмекші сөздің тіркесі. Бұл тіркес сөздің аналитикалық пішіні ретінде сөз тіркесінің бір ғана сыңары бола алады. Сол сияқты *қас пен көздің арасында жоқ болу* деген тіркес 6 сөздің тіркесуінен тұрады, бірақ сөз тіркесі ретінде 2 ғана сыңардан, екі аналитикалық сөз пішінінен тұрады: 1 – *қас пен көздің арасында* (тұрақты тіркес, яғни күрделі сөз), 2 – *жоқ болу* (құранды күрделі етістік). Сондықтан сөздердің тіркесуі деген түсінік пен сөз тіркесі деген санатты ажырату үшін сөз тіркесін сөз пішіндерінің тіркесі деп тану қажет.

2. Сөз тіркесінің сыңарлары толық мағыналы болуы қажет, яғни әр сыңар бір сұраққа жауап беруі шарт. Мысалы, жоғарыдағы *қас пен көздің арасында жоқ болу* деген тіркестің екі сыңары «қалай?» «не істеу?» деген екі сұраққа жауап беріп тұр, сондай-ақ *қызық кітап* деген сөз тіркесінің екі сыңары да толық мағыналы болғандықтан «қандай?» және «не?» деген сұрақтарға жауап береді.

3. Синтаксистік бірлік сыңарларына синтаксистік-мағыналық қатынастың үш түрі тән: атрибутивтік, нысандық (объектілік) және предикативтік. Сөз тіркесінің сыңарлары бір-бірімен атрибутивтік және нысандық қатынаста, яғни, анықтауыштық, пысықтауыштық және

толықтауыштық қатынаста тұрады. Ал предикативтік қатынас, яғни бастауыш-баяндауыштық қатынас, сөз тіркесін жасауға қатыспайды, ол – сөйлемге тән қатынас. Кейбір практикалық жаттығу тапсырмаларында кездесіп калатын «Предикативтік сөз тіркесі» деген түсінік – қайшылықты түсінік. Сөз тіркесінде предикативтік қатынас бар деп қарау – сөз тіркесін сөйлеммен теңестіріп, екеуін ажыратпай қарау деген сөз. Мысалы: 1. *кең жайлау*; 2. *жоғары көтерілу*; 3. *үлкенді құрметтеу*; 4. *қалаға бару* деген сөз тіркестерінің 1-шісі атрибутивтік-анықтауыштық қатынасқа (анықтауыш заттың сипаты), 2-шісі атрибутивтік-пысықтауыштық қатынасқа (пысықтауыш қимылдың сипаты) құрылса, 3-шісін үйлестіріп тұрған – нысандық-толықтауыштық қатынас болса, 4-шісін үйлестіріп тұрған – нысандық-пысықтауыштық қатынас. Ал «*Жайлау кең*» дейтін болсақ «*кең*» «*жайлаудың*» сипаты болғанмен, предикативтік қатынастағы сипаты болып шыға келеді, демек, бұл тіркес сөйлемге айналып шыға келеді.

4. Қазақ тілінде сөздердің байланысуының төрт тәсілі бар екені белгілі: орын тәртібі, косымша (жалғау), көмекші сөз (шылау) және интонация. **Сөз тіркесіндегі сөз формалары байланысудың орын тәртібі, жалғау, шылау тәсілдерімен байланысуы қажет.** Мысалы, *қызық ойын* дегеннің сыңарлары ешқандай косымшасыз қатар тұрып байланысса, *ауылдың баласы* деген тіркесте байланыс орнатып тұрған – ілік септігі мен тәуелдік жалғауы, ал *берген соң алдым* деген күрделі тіркесте екі сөз пішінін жалғастырып тұрған – *соң* септеулігі. Ал интонация – сөйлемге тән құбылыс, яғни қарым-қатынас үстінде қолданылады, ал сөз тіркесі болса сөйлемнің тетігі ғана, қарым-қатынастық бірлік емес.

5. Қазақ тілінде сөздердің байланысуының бес формасы бар: қиысу, қабысу, меңгеру, жанасу, матасу. Сөз тіркесінің сыңарлары қабыса, меңгеріле, матаса ғана байланысады. Мысалы: *еркін ел, қызығып оқу, жалт қарау* сөз тіркестерінің сыңарлары жалғаулықсыз орын тәртібі бойынша қатар тұрып қабыса байланысып тұрса, *ауылды көру, сиямен жазу, телефон арқылы сөйлесу* деген сөз тіркестерінің сыңарлары атау мен іліктен басқа септік және септеулік шылау ықпалымен меңгеріле байланысып тұр, сондай-ақ *дала көктемі, елдің сөзі, біздің ауыл* деген сөз тіркестерінің сыңарлары ілік септігі мен тәуелдік жалғаудың көмегімен матаса байланысып тұр. Қиысу байланысына келсек, оның қазақ тілінде бастауыш пен баяндауыштың байланысы екендігі белгілі, ал бастауыш пен баяндауышы бар бірліктің сөйлем болып шығатыны тіпті анық. Жанасудың сөз тіркесін жасай алмайтын себебі – ол сөйлем ішінде ғана көрінеді, ал сөз тіркесін межелегенде біз екі сыңарды ғана аламыз, сондықтан да болар сөз тіркестерін жіктегенде бұл байланыс есепке алынбайды. Демек, жанасу – дербес бірлік болып есептелетін сөз тіркесінің аясындағы емес, сөйлем ішіндегі байланыс.

6. Сөз тіркесін дербес бірлік қылуға ықпал ететін сипат – оның сыңарларының сипаты. **Сөз тіркестерінің сыңарлары бірі екіншісіне бағына байланысып, екіншісі сол тіркеске ұйтқы, тірек болып тұруы қажет.** Осыған орай, әдеттегі қалыпта (нормативте) сөз тіркесінің бірінші сыңары **бағыныңқы** болады да, екіншісі **басыңқы** болады. Сөз тіркестері басыңқы сыңарлардың қай сөз табынан болуына байланысты үлкен екі топқа бөлінеді: есімді сөз тіркесі және етістікті сөз тіркесі. Бұлар өз ішінде байланысу формасына және бағыныңқы сыңардың сөз табы белгісіне қарай бірнеше топшаларға жіктеледі.

Есімді сөз тіркесінің байланысу формасына қарай бөлінетін түрлері – қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері, матаса байланысқан есімді сөз тіркестері, меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері сыңарларының сипатына қарай ішкі жіктерін үлгі-қалыптармен көрсетуге болады. Анықтауыштық қатынасқа құрылатын сөз тіркестері: *зат есім+есім* (*ағаш есік*); *сын есім+есім* (*қызыл есік*); *сан есім+есім* (*екі есік*); *есімдік+есім* (*осы есік*); *есімше+есім* (*сынған есік*); пысықтауыштық қатынасқа құрылатын үлгі – *үстеу+есім* (*қазір бала, ертең азамат*). Матаса байланысқан есімді сөз тіркесінің үлгі қалыптары – *көрінеу ілік септікті сөз+көрінеу тәуелдік жалғаулы сөз* (*ағамның ауылы*); *көмес ілік септікті сөз+көрінеу тәуелдік жалғаулы сөз* (*аға ауылы*); *көрінеу ілік септікті сөз+көмес тәуелдік жалғаулы сөз* (*сіздің ауыл*). Ал меңгеру, негізінен, етістікке тән байланыс екені белгілі, сондықтан есім сөздердің мұндай байланысын үлгілеп, типтеу қиын, мысал келтірумен шектелуге тура келеді: *қазынаға бай, сөйлегенде ақылды, көршісімен дос, менде көп т.с.с.*

Етістікті сөз тіркесінің байланысу формаларына қарай бөлінетін түрлері – қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері, меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері. Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің үлгі қалыптары пысықтауыштық қатынасқа құрылады: *үстеу+етістік* (*қасақана үндемеу*), *көсемше+етістік* (*дауыстап сөйлеу*), *еліктеу сөз+етістік* (*кілт бұрылу*), *сын есім+етістік* (*қатты сөйлеу*), *сан есім+етістік* (*үш келу*)¹. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркесінің үлгілері атау мен іліктен басқа септіктерді тұғыр етеді, толықтауыштық және пысықтауыштық қатынастарға құрылады: *барыс септік-*

1 Қазақ тілі синтаксисіне арналған оқулықтарда қабыса байланысқан етістікті сөз тіркесінің 6-шы үлгісі ретінде *зат есім+етістік* қалыбы көрсетіледі, оған *кітап оқу, киім тігу* деген сияқты тіркестер мысалға тартылады. Бұл жерде зат есім табыс септігін түсірін тастаған соң амалсыз қатарласып тұр, оның үстіне арасындағы тура толықтауыштық қатынас мұндай тіркесті пысықтауыштық қатынасқа құрылатын қабысқан етістікті сөз тіркесінен оқшаулатады. Сондықтан, біздіңше, осы бес үлгі қисынға келеді.

тегі сөз+етістік (кітапқа қарау), табыс септіктегі сөз+етістік (баланы жақсы көру), жатыс септіктегі сөз+етістік (далада тұру), шығыс септіктегі сөз+етістік (қаладан көру), көмектес септіктегі сөз+етістік (балтамен шабу, адаммен сөйлесу) және шылаулы сөз+етістік (үйге дейін бару).

7. Сөз тіркесінің сыңарлары грамматикалық жағынан ғана емес, семантикалық жағынан да үйлесе байланысуы шарт, яғни сыңарлардың тіркесімділік қабілеті ескерілуі қажет (Мұны «валенттілік» деп те атап жүр). Демек, тіркескен сөз пішіндерінің беретін ұғым-түсінігі ақиқат шындыққа сай келуі қажет. Мысалы, *домалақ доп, лас қоқыс, ұшақпен ұшу* деп тіркестіруіміз үйлесімді болады да, *шаршы доп, таза қоқыс, шошқамен ұшу* деген тіркестер үйлесімсіз, ойға сыймайтын, яғни, объективті модальдігі жоқ қисынсыз қатар болып шығады. Алайда бір ескертер жайт – тілде оксюморон, катахреза дейтін стильдік айшықтар бар, бұл мағынасы карама-қайшы, тіпті кереғар сөздерді тіркестіру арқылы жасалатын айшық. Мұның нормаға үйлеспейтіндігінен болар, ондай айшықтардың бәрі фразеологиялануға бейім болып келеді. Мысалдар: *тірі өлік, мақтамен бауыздау, нәзік жсыртқыш, үнсіз әуен, тілсіз тіл* т.с.с.

Міне, осы жеті шарт-талап сөз тіркесінің ұстынымы болып есептеледі. Сөз тіркесін талдауда осы жеті көрсеткіш есепке алынуы қажет.

1.2. Сөз тіркесі және басқа тілдік бірліктер

Сөз және күрделі сөз тіркестері. Соңғы кезде сөз тіркестеріне арналған еңбектерде оның нысаны туралы теориялық талас пікірлер көбеюде. Ондай пікірлердің біразы сөз тіркестерінің тілдің басқа санаттарынан, атап айтқанда, сөз, күрделі сөз, сөйлем және синтагмалардан айырмашылығы. Бұл мәселе түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілі білімінде де соңғы кезде ғана сөз бола бастады, әрі ол жайындағы пікірлер де әр алуан. Сонымен бірге күрделі сөз тіркесінің әрбір сыңарының күрделі сөз, қос сөз, біріккен сөздерден т.б. айырмашылығы да айқындалады. Өйткені күрделі сөздерді біліп алмай, күрделі сөз тіркестерінің әрбір сыңарының жалаң немесе күрделі екендігін білу де қиын. Сондықтан күрделі сөз тіркестерінің жасалу ерекшелігін анықтау күрделі сөздердің жасалу жолдарын айқындауды қажет етеді. Оның үстіне сөз тіркестері синтаксистік қызметі жағынан да айқындалатыны белгілі. Жалпы күрделі сөз бар да сөйлем мүшесі бар. Екеуі де синтаксистің нысаны болғанымен, бірде сөз тіркесінің, енді бірде сөйлем мүшесінің ыңғайында қарастырылады. Сонда күрделі сөзді құрайтын элементтердің барлығы да бірдей бір-ақ күрделі сөйлем мүшесі бола ма, жоқ па деген мәселе келіп шығады.

Өйткені синтаксистік қызмет жай және күрделі сөз тіркестерінің әрбір сыңарына тән. Сөйлем мүшелеріне талдауда жай сөз тіркестері онша қиындық тудырмайды. Ал күрделі сөз тіркестерінің күрделі сөйлем мүшелерімен синтаксистік қызметін айқындауда өзіндік қиыншылықтар байқалады. Сондықтан да олардың синтаксистік қызметін анықтау үшін алдымен күрделі сөз тіркестерінің өзіндік жігін, оны құрайтын элементтерді білу – басты шарт.

Сөз тіркесі синтаксисінің түйткілді мәселесінің бірі – күрделі сөздер мен сөз тіркестерінің айырмашылығына арнайы тоқтала кеткен жөн. Бұл мәселе тіл-тілдердің барлығында да арнайы зерттеліп жүр. Күрделі сөз бен сөз тіркесі құрылымы жағынан алғанда ұқсас екені белгілі. Мысалы, *Екі басында екі гирдей домалақ темірі бар сом тұтқасын айналдырып тұрған жалтақ бетті, қошқар мұрынды, қалың ерінді зор қара жігіт Матвей Степановичтің әніне қосылмақ болды* (Ә.Сәрсенбаев). *Сұлулық жерден өніп, көкпен жасауан, Тапқан ол тыныштықты таза ауадан* (І.Жансүгіров). Осы сөйлемдердегі *қошқар мұрынды, жалтақ бетті, қалың ерінді* – күрделі сын есімдері, *жерден өну, көкпен жасау, тыныштықты табу* – жай сөз тіркестері. Бұлардың әр қайсысы екі-үш сөзден жасалған. Алайда сөз тіркесінің құрылымында айырмашылық бар. Мысалы, *тыныштықты табу, жерден өну, көкпен жасау* деген сөздер бірі басыңқы, бірі бағыныңқы қызметте жұмсалып, меңгеріле байланысқан сөз тіркесін құрап тұр. Ал *жалтақ бетті, қошқар мұрынды, қалың ерінді* деген күрделі сын есімдер осы қалпында сөз тіркесі бола алмайды, өйткені олардың әрқайсысы біріне-бірі басыңқы-бағыныңқы қызметте жұмсалмай, екеуі бірігіп, басқа бір сөзді анықтап, бағыныңқы қызметте жұмсалып тұр. Бұлардың бағыныңқы қызметте жұмсалып, күрделі сөз жасауында *-ды/-ді* жұрнағының да тікелей әсері бар. *Жалтақ бет, қошқар мұрын, қалың ерін* деп, *-ды/-ді* жұрнағын қоспай айтсақ, бұл сөздер бірі бағыныңқы, бірі басыңқы қызметте жұмсалған жай сөз тіркесі болар еді. Сонда өз алдына жай сөз тіркестері енді *-ды/-ді* жұрнақтарының әсерінен күрделі сөзге айналған.

Сонымен, күрделі сөз бен сөз тіркестерінің ұқсастығы олардың жасалу жолында емес, сөз санының көлемінде. Саны жағынан екеуі де екі немесе одан да көп сөздерден құралады. Ал сыңарларының өзіндік ерекшеліктері тұрғысынан оларда ұқсастық жоқ. Өйткені сөз тіркесінің әрбір сыңары толық мағыналы, синтаксистік қызметі бар, біріне-бірі бағыныңқы-басыңқы қызметте жұмсалуға тиісті сөздер болса, күрделі сөздердің сыңарлары кейде толық мағыналы, кейде дербес мағынасы жоқ сөздер де болады, олардың арасында сөз тіркесіндегідей толық грамматикалық байланыс жоқ. Сол тобымен бір-ақ сөз табы қызметінде жұмсалады, күрделі сөз бен сөз тіркестерінің арасындағы айырмашылықтарды былайша көрсетуге болады:

I-кесте

Күрделі сөз	Сөз тіркесі
Күрделі сөз – сөз жасаудың бір түрі.	Сөз тіркесі - синтаксистік санат.
Күрделі сөздің әрбір сыңары бір-бірімен тығыз мағыналық байланыста айтылады.	Сөз тіркестерінің сыңарлары бір-бірімен синтаксистік байланыста болады.
Күрделі сөздің әрбір сыңарында жеке-жеке мағына болуы да, болмауы да мүмкін. Бірақ оның сыңарларының жеке-жеке мағынасы болғанымен, тұтас сөздің мағынасы сыңарларының мағынасынан гөрі күңгірттеу болып келеді.	Сөз тіркесінің әрбір сыңарының мағынасы айқын болады.
Күрделі сөздің әрбір сыңарына жеке-жеке сұрақ қойылмайды, ол екеуі бір-ақ сұраққа жауап береді.	Сөз тіркесінің әрбір сыңары дербес сұраққа жауап береді.
Күрделі сөздің әрбір сыңарының орны жылжымалы емес, тұрақты.	Сөз тіркесінің әрбір сыңары дербес сұраққа жауап береді.
Күрделі сөз тұтасымен морфологиялық өзгеріске ұшырамайды. Яғни, оның әрбір сыңары жеке-жеке морфологиялық өзгерісте болмайды, сол тобымен тұлғаланып көптеледі, септеледі, жіктеледі.	Сөз тіркесінің әрбір сыңары түрлі морфологиялық өзгерістерге ұшырайды.
Күрделі сөз тұтасымен басқа сөзбен синтаксистік байланысқа түседі.	Сөз тіркесінің әрбір сыңары жеке-жеке синтаксистік байланыста жұмсалады.

Түйдекті тіркес – сөз тіркесінің бір сыңары қызметінде жұмсалатын тіркестер. Түйдекті тіркес лексика-грамматикалық тұрғыдан өзара байланыста болып, сөз тіркесінің құрамына енеді. Түйдекті тіркес құрамындағы сөздердің лексика-семантикалық дербес мағынасы болмайды. Сондықтан олар сөз тіркесінің құрамында түйдектеліп, сөз тіркесінің бір ғана сыңарының қызметін атқарады. Түйдекті тіркес бір сөз табынан да, түрлі сөз таптарынан да бола береді, көмекші сөздің тіркесуі арқылы да жасалады. Оның құрамындағы сөздердің дербес мағыналарының болу-болмауына байланысты үлкен екі топқа бөлеміз: 1) дербес мағынасы бар; 2) негізгі сөз бен көмекші сөз арқылы жасалған. Дербес мағынасы бар түйдекті тіркес сөз таптарының күрделі түрлері (*қара сұр, он жеті*, т.б.) мен тұрақты тіркестер (*төбе шашы тік тұру*) арқылы жасалады. Түйдекті тіркестің екінші тобы негізгі сөздерге көмекші есімдер (*қала іші*), көмекші етістік

(аға деген), септеулік шылау (салден соң), демеулік шылау (дала тәрізді), косарлы сан есімдер (үш рет) т.б. көмекші сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Түйдекті тіркестің басты белгілері төмендегідей болып келеді: а) сөз тіркесі сыңарының қызметін атқарады; ә) сыңарлары бір-бірімен синтаксистік қатынаста жұмсалмайды; б) түйдекті тіркес сыңарларында лексикалық мағына болуы да, болмауы да мүмкін; в) сыңарларымен қоса алғанда бір сұраққа жауап береді; г) құрылымы мен мазмұны тиянақсыз келеді.

Сонымен, сөз тіркесі мен түйдекті тіркестердің пішіндік жағынан ғана ұқсастығы бар, ал мағына-мазмұн жағынан алғанда айырмашылығы бар екенін байқауға болады. Түйдекті тіркестер сөз пішіні ретінде сөз тіркесінің бір сыңары болып бірлік құрамына енеді.

Сөз тіркесіне пішін жағынан ұқсайтын бір бірлік – күрделі сөз, оның ішінде тіркескен сөз. Күрделі сөздің екі тобын, күрделі есім және күрделі етістіктерді, сөз тіркесінен ажырату аса қиындық келтірмейді. Бұлардың ұқсастығы сонда, екеуі де тіркескен екі сыңардан тұрады; сөздердің байланысу тәсілдері мен формалары екеуінде де қолданылады. Мысалы: 1. қала маңы, 2. жүре жаздау деген күрделі сөздер сыртқы пішіні жағынан 1. қала көшесі, 2. жүре тыңдау деген сөз тіркестерімен пішін жағынан ұқсас: 1-іншілері қосымша тәсілімен матаса байланысып тұрса, екіншісі орын тәртібі тәсілімен қабыса байланысып тұр. Айырмашылықтары сол: күрделі сөздердің сыңарлары қосыла келіп бір ғана мағыналық-құрылымдық бірлік ретінде танылса (бір сөз сияқты бір сұраққа жауап береді/мағыналық тұтастық/, негізгі сөз бен көмекші сөздің тұтастығынан/құрылымдық тұтастық/ тұрады), сөз тіркесінің әр сыңарының осы күрделі сөзбен синтаксистік дәрежесі бірдей (әрқайсысы бір сұраққа жауап береді); күрделі сөз толайым бір сөз пішіні ретінде сөз тіркесінің бір ғана сыңары бола алады.

Алайда бұл мәселеде түйткілді жайттар бар. Бұл – «күрделі атаулар» деп жүрген санатқа байланысты. Мұның бір парасы Б.Қасымның зерттеулерінде шешім тапқандай. Ғалым күрделі атаудың «бастау көзі сөз тіркестерімен байланыстырылатынын» [15, 147-148 бб.] тани отырып, баяндау мазмұнына қарай топтастырсақ, күрделі сөзді сөз тіркесінен бөлектейтін үш түрлі ұстаным белгіні тұғырлайтыны байқалады: 1. мағыналық тұтастық, 2. құрылымдық тұтастық, синтаксистік тұтастық. Дей тұрсақ та, сөзжасам мамандарының номинациялық уәжі бар сөздердің ішіне әрқайсысы өзінің дербес мағынасын өзгертпей сақтап қалатын және нұсқалары болуы әбден мүмкін тіркестерді денотатқа сүйеніп күрделі атаудың қатарына енгізіп жіберуіне бола, ондай тіркестерді сөз тіркесі деп қарамау синтаксистік қағидаларды елемеу сияқты көрінеді. Мәселен, бой жеткен, қара құс (адам басының желке тұсы) деген тіркестердің күрделі атаулар екеніне дау жоқ, өйткені бұлар қолданылу ыңғайына қарай

бір-ақ сұраққа – *бой жеткен* не «қандай?», не «кім?» деген сұраққа; *қара құс* «не?» деген сұраққа жауап береді, мұның *ой жеткен*, *бас жеткен*, *қызыл құс*, *көк құс* деген сияқты нұсқалары жоқ, демек, бұлар – даусыз күрделі атаулар. Ал *топан су*, *қайын жұрт* т.с.с. тіркестер сөз тіркесіне қойылатын шарт-талаптарға – оның ішінде әр сыңары толық мағыналы, сондықтан дербес сұраққа жауап беретініне сәйкес келеді: *қандай су? қай жұрт?* Оның үстіне бұлардың еркін тіркес екенін лексика-грамматикалық нұсқалар жасау арқылы дәлелдеуге болады: *қызыл су*, *мөлдір су*, *нағашы жұрт*, *төркін жұрт*.

Сөз тіркесі және фразеологиялық тіркес. Қазақ грамматикасында мұның біріншісі еркін сөз тіркесі, екіншісі тұрақты тіркес деп аталып жүргені белгілі. Бұлардың екеуі де екі я бірнеше сөздің тіркесуінен тұрады. Бұл жағынан, яғни сыртқы пішін жағынан ұқсас болып келеді. Алайда бұларды ажырататын белгілер бар.

1. Семантикалық жағынан алғанда, сөз тіркесінің әрбір сыңары белгілі бір толық мағынаға ие болып тұрады, ал фразеологиялық тіркес неше сөзден құралса да тұтастай бір мағынаны білдереді. Мысал үшін, *Билік халықтың көзіне көк шыбын үймелетуді үйретті. Билік халыққа қиындықты үйретті.* деген екі сөйлемдегі *үйретті* сөзі басыңқы болып тұрған екі тіркесті салыстырыңыз: *көзіне көк шыбын үймелетуді үйрету*, *қиындықты үйрету*. Бірінші сөз тіркесінде де толық мағыналы екі сыңар бар: 1. *көзіне көк шыбын үймелетуді*; 2. *үйрету*. 1-сыңар төрт компоненттен тұратын фразеологиялық тіркестен жасалған, бірақ толық мағыналы бір ғана сөздің өтеуіне жүріп тұр. Екінші сөз тіркесінде де толық мағыналы екі сыңар бар: 1. *қиындықты*; 2. *үйрету*. Жалаң сөзден тұрса да, бұлардың әрқайсысында толық мағына бар.

2. 1-белгіге орай, сөз тіркесінің әрбір сыңары дербес сұраққа жауап береді, ал фразеологиялық тіркес тұтастай бір ғана сұраққа жауап береді. Мысал үшін жоғарыда келтірілген екі сөз тіркесінің сыңарларына сұрақ қойса жетеді: *көзіне көк шыбын үймелетуді үйрету*, 1-сыңардың сұрағы – «нені?» 2-сыңардың сұрағы – «не істеу?»; *қиындықты үйрету*, 1-сыңардың сұрағы – «нені?» 2-сыңардың сұрағы – «не істеу?».

3. Фразеологиялық тіркес дайын сөз пішіні ретінде сөз тіркесінің бір сыңарының қызметін ғана атқара алады. Қисын жалғастығы үшін жоғарыдағыны мысал ретінде көрсетуге болады: *көзіне көк шыбын үймелетуді үйрету* дегенде 1-сыңар *көзіне көк шыбын үймелетуді* фразеологиялық тіркесі менгеріле байланысқан етістікті сөз тіркесінің бағыныңқы бір сыңарының қызметін атқарады.

4. Сөйлем құрамына енгенде сөз тіркесінің әрбір сыңары сөйлемнің жеке-жеке мүшесі болып кетсе, фразеологиялық тіркес, сыңарларының санына қарамай, тұтастай бір ғана мүшенің қызметін атқара алады. Дәлелдеу қисыны үзілмеу үшін жоғарыдағы екі сөй-

лемге мүшелік талдау жасап көрсетсек былай болып шығады: Билік халықтың көзіне қояқ шыбын ұймелетуді үйретті. Билік халыққа қиындықты үйретті.

1.3 Сөйлемдегі сөздердің байланысу тәсілдері

Сөз тіркестерін бірлікке ұйыстыратын басты құралдың бірі – байланысу тәсілдері. Сөз тіркесінің байланысу формалары мен түрлері синтаксистік қатынастарына қарағанда оның байланыс тәсілдері әзірше түркітануда да, қазақ тіл білімінде де тек оқулық көлемінде ғана айтылып келеді. Тіпті қазіргі әдебиеттерде байланысу тәсілдерінің атауы туралы әртүрлі көзқарастар кездеседі. Е.И.Убрятова, Н.З.Гаджиева мен Б.А.Серебренниковтер сөздердің байланысу формаларын байланысу тәсілдері деп атайды. Ал қазақ тіл білімінде сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері түрліше түсіндіріліп жүр.

Кейбір ғалымдар сөз тіркесінің байланысуы туралы айтқанда, бағыныңқы сыңары мен басыңқы сыңарларының орын тәртібі, шылаулар, жалғаулар және интонация арқылы байланысады деумен шектелсе, екінші бір топ ғалымдар бұған қоса аналитикалық, синтетикалық тәсілдерін де қоса көрсетеді.

Енді бір ғалымдар сөз бен сөз төрт дәнекер арқылы байланысатындығын айта келіп, оларды әрі қарай аналитикалық, синтетикалық деп қосымша беріп отырады.

Профессор М.Балақаев сөз тіркестерінің байланысу тәсілдерін бірден аналитикалық және синтетикалық деп берсе, кейбір еңбектерде оған үшінші етіп аналитикалық-синтетикалық тәсілдерді де қосады.

Сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері жайлы пікірлердің бұлайша әртүрлі болуының өзі бұл саланың тоқтамға келетіндей зерттелмегендігін білдіреді. Жалпы сөз тіркесі байланысу тәсілдерінің атының өзінің қалыптасуы, оның оқулықтардағы берілу дәрежесі, түрлері, олардың әрқайсысының ішкі ерекшеліктері, оның практикалық мәні сияқты мәселелер жеке қарастыруды қажет етеді. *Кеңестің шешімінде кадрларды даярлау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді («Ақ жол»)* деген сөйлемде *кеңес, шешім, кадр даярлау, мәселе, ерекше, көңіл, бөл* сияқты 7 сөз бар. Осындағы сөздерді жеке-жеке алып қарастыратын болсақ, онда ол жеке лексиканың немесе морфологияның нысаны деп ойлаған болар едік. Ал бұл жерде біз олардың сөйлемдік дәрежеде қолданылуында өзіндік сатылау үдерісінің бар екенін көреміз.

І. Осы сөйлемдегі сөздердің кез келгені екінші бір сөзбен байланыса бермейді, оның ішіндегі әрбір сөз екінші бір сөзбен тек мағыналық жағынан қатысы барлары ғана бір-бірімен өзара байланысып, грамматикалық мағынаға ие болады. Сонда сөз бен сөздің тіркесуінде ең

негізгісі олардың, яғни тіркесетін сөздердің, мағыналық жақындығы негізге алынса, екіншіден, сол мағыналық жақындықты одан да әрі тұтастыра түсуде түрлі дәнекерлердің де қызметі ерекше. Мысалы: жоғарыдағы сөйлемдегі *кеңес*, *шешім* сөздері осы калпында өзара байланыса алмайды, олар өзара байланысу үшін бірінші сыңарына да, екінші сыңарына да дәнекер жалғануы тиіс. Сонда *кеңестің мәжілісі* сияқты бірінші сыңарына ілік жалғауы, ал екінші сыңарына тәуелдік жалғауының жалғануы арқылы ғана өзара грамматикалық тұтастықта айтыла алады. Сол сияқты осы сөйлемдегі басқа сөздер де өзара тек түрлі дәнекерлер арқылы ғана байланысқанда ғана мағына жағынан да, түсініктілігі жағынан да жымдаса құралған сөйлемнің ішіндегі кішкентай бір мағыналық бөлігі болып табылады. Осындай мағыналы топтардың негізінде сөйлем құралатыны белгілі. Олай болса, сөйлемдегі сөздер қалай болса солай байланыса салмай, белгілі дәнекерлер арқылы байланысып топталуы өзара пікір алысу дәрежесіне жетудің басты шарты болып табылады. Бұған қарағанда тілдегі лексика саласындағы дербес мағынасы бар немесе дербес мағынасы жоқ сөздеріміздің барлығы да ретіне қарай сөйлемде жұмсалады. Бірақ сол белгілі бір сөз тобына қатысты сөздер қалайда сөйлем ішінде өзара тек дәнекерлер арқылы байланысқанда ғана сөйлем құрауға негіз болады. Сөздерді зат есім, сын есім, етістік, үстеу, т.б. топтау олардың морфологиялық белгісіне негізделеді. Олардың сол сөйлемде қолданылуының өзі сол сөз таптарының морфологиялық өзгерісіне байланысты. Әдетте, бір сөз табы морфологиялық өзгеріске ұшырап, септеліп, көптеліп, тәуелденіп жұмсалса, ал енді бір сөз таптары ондай қасиетке ие емес. Жалпы тіл біліміндегі кейбір пікірлерге қарағанда, мысалы жеке сөз табы деп қолданылатын *бала* зат есіміне барыс септігінің жалғануының екі сыры бар. Бала сөзінің барыс немесе басқа септіктерде септелуі ол зат есімнің негізгі қасиеті десек, сол сөздің *балаға*, *баладан*, *балалармен* болып айтылуы мен қолданылуының өзінен сол сөздерге басқа бір сөздердің тіркесуі қажеттігі туатындығы айқын. Олай болса сол септік жалғауларының өзі – синтаксистік санаттың, яғни сөз тіркесінің бір сыңары болудың алғы шарты. Бұдан синтаксистің үлкен бір саласы сөз тіркесінің морфологиямен тығыз байланыстылығын көруге болады. Сонда сөз бен сөздің өзара сөз тіркесін құрауын синтаксистік мәселе десек, ал олардың аралығындағы дәнекер элементтер морфологиялық элементтер болып табылады екен.

Ертеректегі тілдің даму үдерісін зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, сөйлем құрамында, тіпті, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын дәнекерлер болмаған делінеді. Сонда сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасының дәнекерлік қасиеті көбіне іргелес тұру арқылы ғана жүзеге асқан сияқты.

Әрине, сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы дәнекерлер туралы көбіне оның ішіндегі құрмалас сөйлемдердің арасындағы дәнекерлер туралы сөз болғаны белгілі. Ал сөз тіркесіндегі байланысу тәсілдерінің қалыптасуы әзірше сөз болған жоқ.

Құрмалас сөйлемдерді өзара байланысына қарап паратаксис, гипотаксис дейтін үлкен екі топқа бөліп қарастыратыны белгілі. Сонда құрмалас сөйлемдердің әрбір сыңарының бір-бірімен ешбір дәнекерсіз тек іргелес тұруы арқылы байланысуын паратаксис дейді. Оның негізгі мәні оны құрайтын әрбір сыңары бір-бірімен ешбір жалғаусыз, қосымшасыз тек мағыналық байланысы ғана негізге алынады. Бұған қарағанда екі немесе бірнеше сөйлемдердің өзара бір құрмалас сөйлем болып бірігуінде көбіне орын тәртібі басым сияқты. Ал құрмалас сөйлемдердің бір-бірімен өзара түрлі дәнекер арқылы байланысы гипотаксис делінеді. Ғалымдардың айтуына қарағанда, құрмалас сөйлемдердің гипотаксис, паратаксис түрлері арқылы байланыстарының алдымен паратаксис, соңынан гипотаксис түрінің пайда болуы нақтылы дәлелденген. Құрмалас сөйлемдердегі осындай құбылыс сөз бен сөздің өзара тіркесі негізінде де айқын байқалады. Әрине, сөз тіркестеріндегі қабыса, меңгеріле, матаса, қиыса байланысу формаларының тілдік жағынан қалыптасуының да өзіндік тарихы болуы керек.

Біздіңше, сөз тіркестерінің байланысу тәсілдерінде де меңгеру, матаса байланысу формаларына қарағанда екі сөздің орын тәртібі арқылы байланысуын ерте формасы деу орынды сияқты. Сонымен, соңғы ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, сөз тіркестерінің байланысу тәсілдерін аналитикалық, синтетикалық және аналитикалық-синтетикалық тәсіл деп қарастырған жөн.

1. Синтетикалық тәсіл. Синтетикалық тәсіл жайлы сөз етпес бұрын синтетикалық деген терминнің өзі нені білдіреді, соған тоқталайық.

Синтетикалық – грек сөзі. Грек тілінің (*synthetikos*) «тізбек», «құрастыр», «біріктіруші» сөздерінің синтезі нәтижесінде жасалған термин.

Синтетикалық тәсіл осы уақытқа дейінгі зерттеулерде тек төрт жалғаудың қатысы арқылы жүзеге асады делінеді. Шынында, бұл – дұрыс түсінік. Бірақ сол төрт жалғау арқылы сөз бен сөздің байланысының өзінен олардың іштей арақатынасының бірдей еместігін көруге болады. Септік жалғау мен көптік жалғау сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарына қатысты болады.

Септік жалғаулары. Осы күнгі ғылыми еңбектерде септік жалғаулары жайлы пікірлерде бірізділік бар. Сөздерге септік жалғануының өзі оның басқа бір сөзге қатысты екендігін көрсетеді. Барыс, жатыс, шығыс, көмектес жалғаулы сөздердің басқа сөздерге қатысынан оның байланысу тәсілі айқындалады. Септік жалғауының басқа жалғауға қарағанда сөз бен сөзді байланыстырудағы рөлі ерекше. Септік жалғаулары басқа

сөздермен, біріншіден, сабақтаса байланысса, екіншіден, сол сөздердің байланысының нәтижесінде грамматикалық қосымша мағынаға ие болады. Мысалы: *Нариманды ымдап шақырып еді* (Ш.Мұртаза) сөйлеміндегі сөз тіркесі – *Нариманды шақырып еді*. Бұндағы жалқы есімді жалғаусыз айтсақ, *Нариман шақырып еді* болып, сөздердің байланысы мүлдем өзгеріп кетеді. Септік жалғаулары сөз бен сөзді байланыстырумен қатар, түрлі-түрлі синтаксистік қатынасты, яғни барыс септігіндегі сөздер беталысты, бағытты, мақсатты, мезгілді т.б. білдіреді. Сондай мағыналық қатынастар тек жалғау жалғанған сөздердің әртүрлі болуынан ғана тумайды, тұтас сөз тіркесінің қарым-қатынасынан туады. Септік жалғаулы сөздер мағыналық үйлесімі бар етістіктермен ғана сөз тіркесін құрай алады. Мысалы, *машинаны* деген сөз *бұз, жөнде, айда, жу, сұрт, ал, бер* т.б. сөздерді ғана керек етеді. Бұлай болуының екі түрлі себебі бар:

Біріншіден, әрбір етістіктің мағынасы солардың тиістісін тілеп тұрады. Сол мағыналар мен синтаксистік қызмет әуелі тіркес құрамында пайда болады. Солай үйлесімін тапқан сөздер тіркесі көп жылғы дағды бойынша өздерінің ұласқан жұбын жазбайды. Одан сәл ауытқу, бір жалғаудың орнына екінші жалғау жұмсай салу сөз тіркесінің тұрқын бұзады. Мысалы, *атты мінді* дегенді *аттан мінді, атпен келді* дегенді *аттан келді* деуге болмайды, болса басқа мағынада жұмсалады.

Септік жалғауларының сөз бен сөзді байланыстырудағы қызметінің өзін екі жақты қарау керек сияқты. Ілік жалғаулы сөз бен оның басыңқы сыңары және барыс, табыс, шығыс жалғаулы сөздердің басыңқы сыңарларымен арақатынасы, сөз табына қатыстылығы жағынан өзара бірдей емес. Оның өзі ондай кездегі сөз тіркестерінің түрлерінің пайда болуына, яғни ілік жалғаулы сөздер арқылы негізінде есімді сөз тіркестері де, ал басқа жалғаулар арқылы әрі есімді, әрі етістікті сөз тіркестері жасалады. *Осы Шұғыланың өзінде қаншама завод салынады, осы аймақтан қаншама кеніш ашылады* (Ш.Мұртазаев). *Оның көзіне ит қандай дәу болып көрінді десеңші* (И.Тургенев) деген сөйлемдерде *Шұғыланың өзі, оның көзіне* сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларындағы *Шұғыла* сөзінің басқа сөздермен тікелей байланысуында ілік жалғауының дәнекер болуы себеп болып тұр. Ілік жалғаулы сөздер өзі қатысты сөздермен ондай кезде алшақ та, іргелес те тұра беруі мүмкін. Ілік жалғаулы сөз міндетті түрде басқа бір сөздердің белгілі көрсеткішін қажет етеді, яғни ілік жалғаулы сөздер міндетті түрде тәуелдік жалғауды қажет етеді. Кез келген сөз табы ілік жалғауында жұмсала бермейді. Ондай кезде көбіне бірінші орында зат есім мен есімдік жұмсалса, онан кейінгі орында сын есім, сан есім, есімше, кимыл есімі, т.б. жұмсалады.

Кейде ілік жалғаулы сөздер үнемі өзі басыңқы сөзімен сөз тіркесін құрауға қатыса бермейді. Мысалы: *Бір елдің ішінде жамағайынды кісіні бірге тугандай көріп, іші елжіреп, жақсы көріп тұрып елге кел-*

се, әрі-беріден соң қайта қашқандай қылатұғыны қалай («Лениншіл жас») деген сөйлемдегі ілік жалғаулы *ел* зат есімі *іші* көмекші есімімен байланысып сөз тіркесін құрай алмайды. Ондай кездегі ілік жалғауы сөз көмекші сөздермен тек түйдекті тіркес құрайды.

Барыс, жатыс, шығыс, көмектес жалғаулары жалғанған сөздерін негізінен етістікпен байланыстырып тұрады. Бұл жалғаулардың есімдермен тіркесуі де актив құбылыс. Барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес жалғаулы сөздердің әрқайсысының қызметі әртүрлі және олардың түрлері де көп. Зат есімдер мен жіктеу есімдіктері және заттанып септелетін сын есім, сан есім, есімше, кейде қимыл есімі мен үстеу сөз таптарын етістік, есім және есім мен көмекші етістік, *бар, жоқ* сөздерімен байланыстырып тұратын – барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септік жалғаулары.

Бұл жалғаулардың ішінде барыс, табыс, шығыс және көмектес жалғаулы сөздер басыңқы сыңармен тіркескен кезде ешбір өзгеріске ұшырмайды, ал жатыс жалғаулы сөздер *қалада жүр* деп айтумен бірге кейде жатыс жалғаулы *қала* сөзіне *-ғы* жұрнағының жалғануы арқылы, яғни соңғы жұрнақтың әсерімен енді есімдікті сөз тіркесіне ауысып кетеді. Мысалы: *Қаладағы үй*. Жалпы алғанда, бұл жалғаулар сөз бен сөзді байланыстыруда басқа жалғауларға карағанда өте белсенді қолданылады.

Тәуелдік жалғауы. Тәуелдік жалғауы да, А.Ысқақов айтқандай, морфологиялық, синтаксистік және аралас тәсіл арқылы жасалады. Әрине, соның ішіндегі тәуелдік жалғауының морфологиялық тәсілі үш жақта да жалғаулар арқылы берілетіні белгілі.

Әрине, мұнда қай сөз таптары тәуелденеді дегеннен гөрі сол тәуелдік жалғаулы сөздер қандай сөз тіркестерінде кездеседі деген сұрақ басты мәселе болып тұр. Ондай кезде тәуелдік жалғаулы сөздердің сөзді өзі аяқтап тұруы ғана негізге алынуы керек. Ал олардың *балаларымның* сияқты ілік жалғауының алдында келуі сөз бен сөзді байланыстыра алады деп ойлаймыз.

Тәуелдік жалғауы көбіне сөз тіркесінің соңғы сөзіне жалғанады делінеді. Мысалы, *Алтайдың қара шаңырағы тұрғанда, қайда барамыз?* (Ғ.Мұстафин) деген сөйлемнің *Алтайдың шаңырағы* деген сөз тіркесінде тәуелдік жалғауы басыңқы сыңарда айтылып, өзіне ілік жалғауды керек етіп тұр. Сонда тәуелдік жалғаулы сөздер осы калпында матаса байланысқан сөз тіркесін құрауда үш түрлі жағдайда кездеседі. Біріншіден, ондай тіркесте тәуелдік жалғауы үнемі айтылатын болса, екіншіден, бағыныңқы сыңарлары *біз, сіз* есімдіктері болып келгенде тәуелдік жалғауы негізінде түсіріліп те, кейде түсірілмей де айтыла береді, үшіншіден, тәуелдік жалғаулы сөздерге өзінен кейін тағы да септік жалғаулары келе береді, ондай кезде тәуелдік жалғауының сөз бен сөзді жалғастыру қызметі солғындап, өзінен кейінгі сөздің қызметі арта түседі.

Үлкен ақ үйдің терме баулары барқыт пен жібекке, кесте мен оюға, бояу мен сырға орап қойғандай (Ғ.Мүсірепов) деген сөйлемдегі тәуелдік жалғаулы баулары сөзі (үшінші жақ, көпше түрі) үйдің деген ілік жалғаулы есім сөзді керек етеді.

Кейде тәуелдік жалғауларының үстіне септік жалғаулары жалғанып, сол арқылы ол сөздерді басқа етістіктер меңгереді. *Мармен цехында инженер Сағатова құрышты ОТК-ға тапсырайын деп жатыр екен* (З.Шашкин). Бұл сөйлемдегі тәуелдік жалғаулы сөз тіркесі *Мармен цехында*, ондағы тәуелдік жалғаулы сөзге жатыс септіктері жалғанып тұр.

Тәуелдік жалғауларының матаса байланысқан сөз тіркесінің басыңқы сыңары болуымен қатар, сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары болу қызметі де кездеседі.

Жіктік жалғауы. Жіктік жалғауы қиыса байланысудың құралы екендігі, ал қиысудың сөз тіркесін емес, сөйлем түзетіні белгілі. Алайда бұл жалғаудың сөйлем құрамындағы сөз тіркесі сыңарының құрамында қолданылатындығын ескерсек, бұл мәселені де айналып өтуге болмайды.

Жіктік жалғауы қиыса, меңгеріле, қабыса байланысқан сөз тіркестерінің басыңқы сыңарларына жалғанады. Әрине жіктік жалғауын қабылдауға бейім сөз етістік, сол сияқты есімдер де жіктік жалғауды қабылдап, баяндауыш қызметінде жұмсалады. Жіктік жалғауы сөйлемнің баяндауыш қызметінде жұмсалатын сөздерге екі түрлі жағдайда жалғанады. Біріншіден, ол жалғау сөзге бірнеше жалғау жалғанғанымен, олардың барлығынан соң жалғанады. Мысалы, *Біз үйдеміз*. Екіншіден, кейде жіктік жалғаулары көптік жалғауларының алдында келіп жұмсала береді. Мысалы, *Оқа емес, сендер өз аттарыңды тарихта онсыз да қалдырдыңдар* («Лениншіл жас»).

Бірақ жіктік жалғаулары мейлі сөздің соңында, мейлі белгілі бір жалғаулардан бұрын келгенімен, бәрібір біріншіден, баяндауыштық тұлға болып есептеледі де, екіншіден, сөйлемдегі басқа сөздерге басыңқылық қызмет аткарып, сөйлемнің ішінде сөз тіркестерін құрауға себеп болады. Әрине, етістіктер сөйлемнің соңында келіп, сөз тіркесінде басыңқылық қызметте жұмсалған кезде олар әртүрлі тұлғада да жұмсала береді. Яғни *бер, берген, беріп* т.б. тұлғаларда келіп, сөз тіркесінің басыңқы сыңарында жұмсала береді.

Таяқ жесе де, Елена Павловна жылаған баланы уатып, алдында қарусыз елге қозжаңдап тұрған Хайровты көзімен атып тұр (Ә. Шәріпов). Міне, осында *уату* етістігі көсемше тұлғасында *бала* сөзімен меңгеріле байланысқан сөз тіркесін құрауда.

Көптік жалғауы. Көптік жалғауының қиысу байланысына қызмет етіп, сөйлем жасауға қатысатыны белгілі. Алайда олардың сөз тіркесін жасамаса да, сөздерді тіркестіруге қатысатынын ескеріп тоқталуға тура келеді.

Көптік жалғауы – тілімізде көп қолданылатын жалғаулардың бірі. Мысалы: *Мен үйге бара берейін, сендер асықпай келерсіңдер* (І.Жақанов). *Есік алдында тұрмай үйге кіріңіздер. Жұмысшылар интернационалға кіре бастаса-ақ болды* (Э.Золя). Бұл сөйлемдердегі көптік жалғаулы тіркестер *жұмысшылар кіре бастаса-ақ болды, сендер келерсіңдер, сіздер кіріңіздер*. Жалпы көптік жалғауы зат есімге, субстанцияланған сөз таптарына жалғанатындығы белгілі. Әрине, көптік мағына лексикалық, морфологиялық және синтаксистік тәсіл арқылы беріледі. Ал сөз тіркесінің бір сыңары болуы үшін немесе сөз бен сөзді байланыстыруда біздің негізгі нысанымызға көптік жалғаулы сөздердің морфологиялық тәсілі негізге алынады. Ондай морфологиялық тәсіл арқылы жасалатын көптік жалғауының көрсеткіші – *-лар, -лер* (оның нұсқалары). Осы көптік жалғауларының сөзге жалғануының өзінің екі жолы бар сияқты. *Жаңаларды жеке жібермей, ескілерді баулыса қайтеді?* (Ғ.Мұстафин) деген сөйлемде *жаңаларды жібермей, ескілерді баулу* сияқты меңгеріле байланысқан сөз тіркестері бар.

Міне, осы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларындағы сөздерде *жаңа, ескі* сөздеріне әрі көптік, әрі септік жалғаулары бірдей жалғанған. Бірақ осындағы сөз бен сөзді байланыстыру рөлін көптік жалғауы атқарып тұр дей алмаймыз. Өйткені оның бұл жердегі қызметі сол сөздің көптік мағынасын білдіреді де, ал ол сөзді басыңқымен байланыстыруда табыс септігі негізгі қызметке ие болып отыр. Біз бұл жерде көптік жалғаулы сөздер туралы айтқанымызбен, оны жеке алып қарау мақсатын қойып отырғанымыз жоқ. Біз көптік жалғаулы сөздердің басқа сөздермен байланысты сөз тіркестіру жағын ғана қарастырамыз. Сөз тіркестерінің қабыса, меңгеріле, қиыса және матаса байланысқан түрлерінің ішінде көптік жалғауы тек қиыса байланысу формасын құрауға қатыса алады. Басқалары көптік жалғауы арқылы байланыспайды. Ал қиыса байланысқан сөз тіркестерінің сыңарлары бастауыш және баяндауыш екендігі белгілі. Сонда көптік жалғауы ондай тіркестің бірінші, екінші сыңарына да жалғанады. Бірақ ол жалғаудың ондай кездегі қызметі бірдей емес. Ондай тіркестерде көптік жалғаулары көбіне бірінші, яғни бастауыш болып тұрған сөздерге жалғанады да, ал баяндауыш болып тұрған сыңарлары етістік болып келсе, оған көптік жалғауы II жақтың көпше түріне жалғанады. Мысалы: *Сендер келіңдер, сіздер келіңіздер*. Ал есімдерден баяндауыш болып келгенде де ретіне қарай жалғануы мүмкін. Бұған қарағанда, көптік жалғауы тіркестің көбінесе бірінші сыңарына ғана жалғанады.

Біздіңше, көптік жалғауларын сөз бен сөзді байланыстырудағы осындай ерекшеліктеріне қарай екіге бөліп қарау керек сияқты.

Көптік жалғауы *-лар, -лер* сөздерді өзара байланыстыруға қатысады, бірақ ол бағындырушы тұлға болмайды. Мысалы, *жұмысшылар кіре*

бастаса-ақ деген тіркестегі *-лар* көптік жалғауын алып тастап, жұмысшы кіре бастаса-ақ деп те айтуға болады.

Есімдіктерге көптік жалғауы жалғанғанда ол сөз екінші сөздің міндетті түрде көптік жалғауында тұруын керек етеді. Мысалы, *сендер келерсіңдер, сіздер кіріңіздер* деген сөз тіркестеріндегі *сендер, сіздер* сөздері *кел, кір* сөздерінің міндетті түрде көптік жалғауында тұруын керек етеді. *Сендер келің, сіздер кіріңіз* деп айтуға болмайды. Бұдан шығатын қорытынды: жалғаулар сөз бен сөзді байланыстыру үшін жұмсалады. Бірақ сол қызметтегі жалғаулардың барлығы бірдей сөзді сөзге бағындырушы тұлға бола алмайды.

Жұрнақтардың байланысу тәсіліне қатысы. Сөз тіркесі жайлы жазылған көптеген еңбектерде синтетикалық байланысу тәсіліне жалғауларды жатқызады. Расында, бұл дұрыс та. Бірақ сөз бен сөзді байланыстыруда тек жалғаулар емес, жұрнақтардың да рөлі баршылық. Әсіресе етістіктің көсемше, шартты рай тұлғаларының рөлі ерекше. Мысалы: *Мен етпеттей жығылдым* (Ж.Тәшенов). *Мен жүре келе көп нәрсеге түсіндім. Ол күліп сөйледі* (І.Есенберлин) сөйлемдеріндегі *етпеттей жығылдым, жүре келе түсіндім, күліп сөйледі* сөз тіркестеріндегі әрбір сыңары бір-бірімен көсемшенің *-й, -е, -ін* жұрнақтары арқылы байланысып тұр. Алайда сөз тіркестеріндегі сөздердің жұрнақтар арқылы байланысу тәсілі жалғаулар арқылы байланысу тәсілдеріндей актив құбылыс емес. Сонда да біз қазақ тіліндегі синтетикалық байланысу тәсілдерінің осы бір ерекшелігін ескеріп, оны сөздердің жалғаулар арқылы байланысуына қоса жұрнақтар арқылы да байланысу, яғни қосымшалар арқылы байланысу деп атауды жөн көрдік.

2. Аналитикалық тәсіл. «Аналитикалық» деген термин грек тілінің *analytikos* «анализдің нәтижесінде жасалған», «ажыратушы» деген сөзінен жасалған. Демек, аналитикалық тәсіл сөздің сыртында болады, яғни көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі және интонация тәсілдерін қамтиды.

Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысы. Сөз бен сөзді байланыстыратын синтаксистік тәсілдің бірі – сөздердің орын тәртібі.

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінде белгілі бір жүйелілік бар. Сөз тіркесінің сыңарлары қалай болса солай тіркесе салмайды. Олар белгілі тәртіппен орналасып тіркеседі. Синтаксистік байланыстың бұл амалы сөздердің жалғаулар арқылы байланысуынан кем түспейді. Біздіңше, қайта, жалғаусыз тұрған орнына қарай байланысқан сөздердің байланысы берік болады. Сондықтан бұндай сөз тіркесінің құрамындағы сыңарларының орнын қалай болса, солай өзгертіп айта бермейміз. Сөз тіркесінің құрамындағы сыңарларының орны ауысса, онда бүтіндей сөз тіркесінің білдіретін мағынасы өзгеріп кетеді. Мысалы, *көз әйнек, әйнек көз, қалта сағат, сағат қалта* деген тір-

кестердің орны өзгергендері мағынасыз болып тұр. Сөз тіркесіндегі сөздердің орын тәртібі грамматикалық функция атқарады. Мысалы, орыс тіліндегі *снежная зима* мен *зима снежная* деген сөз тіркесіндегі *снежная* сөзі нақты қатынасты (определительные отношения) білдірсе, екінші сөз тіркесінде (*зима снежная*) предикаттық қатынасты білдіреді [16].

Сөздердің орын тәртібі арқылы тіркесу қабілеттілігінің күштілігінің тағы бір дәлелі ретінде сөз тіркестеріндегі сөздердің әрбір сыңарларының сөйлемде іргелес тұруымен қатар, алшак та тұру ерекшелігін айтуға болады. Бұндай құбылыс көбіне мезгіл үстеу мен көмекшілердің қатысымен жасалған сөз тіркестерінде кездеседі. Мысалы, *Бүгін, міне, қарасам бір қош кетіп барады* (Жамбыл) деген сөйлемдегі *бүгін* сөзі *кетіп барады* сөзінен алшақтап тұр. Сондай-ақ, *Қызық кітап оқыдым. Кітапты әзер түсіндім*. Деген сөйлемдерде *қызық* анықтауышымен *кітап* анықталғышының орын тәртібін, *әзер* пысықтауышымен *түсіндім* пысықталғышының орын тәртібін өзгертіп айтуға болмайды.

Кейде мамандар арасында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі мен интонацияны бір нәрсе деп қараушылық бар. Бұл дұрыс емес. Себебі сөздердің орын тәртібі мен интонацияның зерттейтін нысандары бір емес. Орын тәртібінің нысаны сөз тіркестері болса, ал интонацияның нысаны көбіне сөйлем болып келеді. Интонациялық құбылыс сөйлемнің негізгі белгілерінің бірі ретінде, оның дыбыстық жамылғысы ретінде, әсіресе, айтылу мақсатына қарай сөз болады.

Сөздердің көмекші сөздер арқылы байланысы. Осы уақытқа дейінгі зерттеулерде аналитикалық байланысу тәсілінің бір түрі ретінде сөздердің шылаулар, оның ішінде септеуліктер мен демеуліктер арқылы тіркесуі беріледі. Бұл дұрыс та. Бірақ сөз тіркестеріндегі сөз бен сөз тек шылаулар арқылы ғана байланысады ма? Осы сұраққа келгенде қазақ тіл білімінің осы саласын зерттеуші ғалымдарда әртүрлі көзқарас пайда болады. Қазақ тіл біліміндегі сөз тіркесін алғаш жан-жақты жүйелі түрде зерттеген профессор М.Балақаев шылау сөз тіркесінің аясына көмекші есімді де қосады. *Лида терезенің алдында тұр* (Х.Ерғалиев) – деген сөйлемдегі *терезенің алдында тұр* деген сөз тіркесі – *алды* көмекші есімі арқылы жасалып тұрған күрделі сөз тіркесі.

Сөз бен сөзді байланыстыруда шылау мен көмекші есімдеріне қоса көмекші етістік, модаль сөздерді де қатысты деп білеміз. Сөйтіп, сөз бен сөздің арасын байланыстыруда тек шылау деген сөздің орнына көмекші сөздер (шылау, модаль сөз, көмекші есім, көмекші етістік) деп беру, біздіңше, орынды сияқты. Бұл төрт көмекші сөздердің сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарларына жалғануы сөз бен сөздің байланысына тікелей қатысы бар. Ондай кезде бұл көмекші сөздер кез келген

сөздермен түйдекті тіркес құрай бермей, өздері мағыналық жағынан қатысты сөздерімен ғана бірлікте жұмсалады. Бұлардың сөз бен сөзді байланыстырудағы морфологиялық түрленуі біркелкі емес. Егер шылау сөздер көбіне атау тұлғасында келіп қана жұмсалатын болса, ал қалған үш тобы әрі нольдік, әрі түрлі жалғаулардың жалғануы арқылы өзгеріп те отырады. Ал соңғы үш көмекші сөздердің ішінде көбіне жиі ұшырайтыны – көмекші есім.

Көмекші есім негізінен көп емес. Оларға: *алды, арты, асты, үсті, төбесі, жаны, маңы, басы-қасы, тұсы, арасы, іші, сырты, шеті, түбі, ортасы* сияқты сөздер жатады. Бірақ сан жағынан аз болғанымен, бұл сөздердің қолданылу өрісі кең. Көмекші есімдер көбіне негізгі сөзбен тәуелдік жалғауында тұрып байланысады, сөйтіп сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарын құрайды. Мысалы, *Стол басында* сілтідей тына қалды (Ә.Нұрпейісов) – дегенде *стол басында* сөз тіркесінің бірінші сыңары болып тұр. Көмекші есімдерге тәуелдік жалғауынан кейін түрлі септік жалғаулары жалғану құбылысы да баршылық. Мысалы, *Баймағамбеттің әңгімесі жаңа басталғанда бұл екеуінің қастарына Кішкене Молда, Байтоқалар келді* (М.Әуезов) – деген сөйлемдегі *екеуінің қастарына келді* көмекші есімді сөз тіркесі. Мұндағы *қастарына* көмекші есімінде көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғанып барып, *екеуінің және келді* деген екі негізгі сөздерді байланыстырып тұр. Кейде сөз бен сөзді байланыстыруда модаль сөздердің де қатысы бар. Модаль сөздер көбіне сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарына тіркеседі де, түйдекті тіркес құрай отырып, ол сөзді басыңқы сөзбен байланыстырады. Мысалы, *Сонан басқа сөзге сұқтануға бұл сияқты оның да шамасы жетпеді* (Ә.Нұрпейісов) – дегендегі *бұл сияқты шамасы* сөз тіркесінде сияқты модаль сөзі *бұл мен шамасы* деген сөздерді өзара байланыстырып тұр. Себебі, мұндағы *сияқты* сөзін алып тастасак, *бұл шамасы* болып, өзара ол сөздер тіркеспеген де болар еді. Демек, мұндағы сөздерді байланыстыруда *сияқты* модаль сөзінің рөлі баршылық. Сөз тіркесіндегі сөздердің көмекші етістіктер арқылы байланысуы дегенде көмекші етістіктер тілімізде көп емес екені белгілі. Бірақ саны аз болса да олардың сөз бен сөзді байланыстыруда өзіндік орны бар. Әрине, сөз бен сөзді байланыстыру көмекші есімдер сияқты белсенді құбылыс емес. Дегенмен тілімізде кездесетін бұл да бір құбылыс екендігі даусыз. Мысалы, *Оның не екенін жүрегің сезіп тұр* (Ә.Нұрпейісов). Тіліміздегі осындай құбылыстардың барлығын негізге ала отырып, сөз бен сөзді байланыстырудағы аналитикалық тәсілдің бір түрі ретінде шылау дегеннің орнына (шылау, көмекші есім, көмекші етістік, модаль сөздерді жинақтап) жалпы көмекші сөздер деп атауды жөн көрдік.

3. Аналитикалық-синтетикалық байланысу тәсілі. Бұл тәсілде аналитикалық тәсілдің де, синтетикалық тәсілдің де элементі болуға тиіс.

Біздің оқушылар кеше мектепке дейін біраз ағаиштарды складтан тасытты («Лениншіл жас») – деген сөйлемдегі *мектепке дейін тасытты* сияқты сөз тіркестерін көпшілік ғалымдар аналитикалық тәсіл арқылы байланысып тұр дейді. Бірақ бұл жерде мынаны да ескерген жөн. Дәл осы сөз тіркесінің өзін таза аналитикалық тәсіл деп айтуға болмайды. Себебі, бұл сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарында *мектеп* сөзіндегі барыс жалғауы синтетикалық тәсілдің элементі болса, ал ол барыс жалғаулы сөзге *дейін* шылауы қосылуы – аналитикалық тәсілдің элементі. Сөйтіп, бір бағыныңқы сыңарда әрі синтетикалық, әрі аналитикалық тәсілдің элементі бар екені айқын. Олай болса, мұндай сөздерде әрі аналитикалық, әрі синтетикалық тәсілдің де элементтері болуына байланысты аналитикалық-синтетикалық деп алып отырымыз.

Профессор Т.Сайрамбаев байланысу тәсілдерінің аналитикалық-синтетикалық тәсілін іштей жан-жақты талдай келіп, олардың мынадай жасалу жолдарын анықтайды:

а) көмекші есімдер арқылы. *Таңғы салқын ауада бойы тоңазып, терезенің алдында тұрды* («Қазақ әдебиеті»). *Столдың үстіне жақындатып дайындап қойған шай-суы мен дәрі-дәрмектері сол қол тимеген күйі мәліп тұр* («Қазақ әдебиеті»);

ә) шылаулар арқылы. *Жылқылар батысқа таман ығысты* (Ғ.Мұстафин). *Оспан өзенге қарай беттеді* (М.Әуезов).

б) көмекші етістік арқылы. *Асан дегеннен алдым* («Лениншіл жас») [7].

Аналитикалық-синтетикалық байланысу тәсілінің көмекші сөздердің ішінде көмекші есімдер мен шылаулар арқылы келуі – жиі кездесетін құбылыс. Ал оның модаль сөздер мен көмекші етістік арқылы келуі сиректеу. Яғни аналитикалық-синтетикалық байланысу тәсілінің көмекші сөздер арқылы байланысуы дегенде көмекші сөздердің барлығының қызметі бірдей еместігін ескерген жөн. Сонымен, сөз бен сөзді байланыстыруда көптік, септік, жіктік, тәуелдік, жұрнақтар, орын тәртібі, интонация, көмекші сөздер сияқты сегіз дәнекерлер қатысты екен. Осыларды аналитикалық және синтетикалық деп топтаумен бірге, байланысу тәсілдерінің үшінші түрі аналитикалық-синтетикалық тәсілдің де ерекшелігін айтуға болады.

Ендеше аталған байланысу тәсілдерінің әрқайсысының жасалу жолын бөлек көрсетуге болады: *Синтетикалық байланысу тәсілі*: а) септік жалғауы арқылы; ә) тәуелдік жалғауы арқылы; б) жіктік жалғауы арқылы; в) көптік жалғауы арқылы; г) жұрнақ арқылы; *аналитикалық байланысу тәсілі*: а) сөздердің орын тәртібі арқылы; ә) интонация арқылы; б) көмек-

ші сөздер арқылы; *аналитикалық-синтетикалық тәсіл*: көмекші сөздер: а) шылаулар арқылы ә) көмекші есімдер арқылы; б) көмекші етістіктер арқылы; в) модаль сөздер арқылы жасалады.

1.4 Сөздердің байланысу формалары

Сөз тіркесі жөнінде жүйелі зерттеулердің қалыптасып дамығанына көп болған жоқ. Қазан төңкерісіне дейінгі еңбектерде тек сөйлем мүшелерін, олардың байланысын, орын тәртібін көбірек сөз қылды да, ал сөз тіркесіне байланысты мәселелер зерттеу нысанасына алынбады. Түркі тілдерінің сөз тіркестері тек совет дәуірінде ғана зерттеле басталды. Орыс тілінде сөз тіркестерін тұңғыш қолға алған В.В.Виноградов сөз тіркестерінің түрлері, байланыс формалары және олардың құрылысы тіл білімінің ең басты бөлімі екендігін айтады.

И.П.Мелиоранский «Краткая грамматика казах-киргизского языка» деген еңбегінде сөз тіркесі туралы арнайы тоқталмағанымен, «Простое предложение» деген бөлімінде бастауыштың баяндауышпен қиыса байланысатынын дұрыс көрсеткен», – деп тұжырым жасайды зерттеуші Н.Түймебаева [16, 10 б.]. Ал септіктерге жеке-жеке тоқтай келіп, онда әрбір етістіктің мағыналық топтарының қайсысы қандай сөздерді меңгеретінін анықтаған. Меңгеру туралы айта келіп, онда үміттену, берілу, бағыну, келісу, мақтану, күлу, шыдау, жылау, мұқтаж болу т.б. етістіктер барыс жалғаулы сөздерді меңгеретінін дәлелдеген. Ал қабыса байланысу туралы ешбір сөз қозғалмайды.

М.Балақаевтың еңбегі түркі тілдерінде сөз тіркестері туралы – бірінші туынды, мұнда автор сөз тіркестерінің көптеген теориялық мәселелерін жан-жақты ашып берді. Негізінде сөз тіркестері туралы, жалпы түркі тіл білімінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде, профессор М.Балақаевтың еңбектерінен толық мағлұмат алуға болады. М.Балақаев сөз тіркестерін жалпы есімді, етістікті етіп екіге бөліп, оның әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін олардың басыңқы компоненті мен бағыныңқы компонентінің қандай сөз таптарынан болатындығын және ондай кездегі тіркесу қабілетін дұрыс қорытындылайды [17, 92 б.]. Сол сияқты автор бұл еңбегінде сөз тіркестерінің байланысу формалары мен амалдарын және олардың синтаксистік қатынастарын сөз етеді. Сөз тіркестерін байланысу формаларына қарай қабысу, қиысу, меңгеру және матасу деп төртке бөліп қарастырады. Осы күнге дейінгі және осы кездегі көптеген түркі тіліндегі еңбектерде байланысу формаларын дәл орыс тіл біліміндегідей үшке бөліп берушілік басым болып келеді. Әрине, мұндай жағдайда әрбір тілдің өзіндік ерекшелігіне қарау керектігі айқын. Осы тұрғыдан алғанда профессор М.Балақаев басқа тілдерге қарағанда қазақ тілінде төрт түріне матасу деген байланысу формаларын енгізеді. Мұндай бөлу-

дің өзіндік белгілері мен ерекшеліктеріне сай дұрыс алынуы практикада айқын байқалып жүр.

Қазақ тілінде өзара байланысқан сөздер мағынасы мен байланысу тәсілдеріне қарай: қиысу, меңгеру, матасу, қабысу, жанасу болып бес түрге бөлініп келеді.

Қиысу. Қиысудың сөйлем жасайтыны жоғарыда айтылды. Алайда оның сөздерді байланыстыратын қызметі болғандықтан тоқтала кету артық емес. Сөздердің өзара жіктік жалғауына жақтық, көптік жалғауы арқылы байланысуы қиысу деп аталады. Мысалы: 1. *Мен жаза-мын, біз жаза-мыз, сен жаза-сың, сендер жаза-сыңдар, сіз жаза-сыз, сіздер жаза-сыз-дар, ол жазады, мен сауыншы-мын, біз сауыншы-мыз, сен сауыншы-сың, сендер сауыншы-сыңдар, сіз сауыншы-сыз, сіздер сауыншы-сыздар.* Мұнда екі сөз (бастауыш пен баяндауыш) бір-бірімен жекеше және көпше жіктік жалғаулары арқылы байланысқан. 2. *Сен – жұмысшы. Мен – колхозшы. Ол оқыды.* Мұнда екі сөз өзара жақтық мағына арқылы байланысқан. Қазақ тілінде есім сөздер мен етістік сөздер де, етістік сөздер мен есім сөздер де қиыса береді. III жақта есім мен етістік арасында көптік қиысу (жіктік жалғауының көпше түрін қабылдау) болмайды. Мысалы: *Ол оқиды. Олар жазады.* (Олар оқиды-лар, Олар жазады-лар деп көптік жалғауын қосып айтуға болмайды).

Матасу. Ілік септігіндегі сөздің тәуелдік жалғауындағы сөзбен өзара байланысуы матасу деп аталады. Түркі изафеті туралы қосу керек. Матаса байланысқан сөздердің бірінші сыңары ілік септігіндегі жеке сөзден де, бірнеше сөзден де бола береді. Осыған қарай матасу жай матасу және күрделі матасу деп бөлінеді. Бірінші сыңары ілік септігінде тұрған сөзбен байланысу жай матасу деп аталады. Мысалы: *біздің колхоз; сенің кітабың.* Бірінші сыңары екі не бірнеше сөздердің өзара сатылап бір-бірімен іліктесе байланысуы күрделі матасу деп аталады. Мысалы: *Менің жолдасымның дәптері. Сенің жолдасыңның сөзі. Оның жолдасының кітабы.*

Кейде III жақ тәуелдік жалғаулы сөзбен байланысқан сөздер ілік септік жалғауы айтылмайды. Мысалы: *егіс даласы, ел байлығы.* Тек біз, сіз деген есімдік ілік жалғауда жұмсалғанда, онымен байланысқан сөздердің тәуелдік жалғауы түсіп қалады. Мысалы: *біздің ту, біздің қыз, біздің Отан, біздің ел, сіздің қыз, сіздің Отан, сіздің ел, сіздің ауыл, біздің ауыл.*

Қабысу. Бағыныңқы сөздің басыңқы сөзбен атау тұлғада тұрып жалғаусыз, орын тәртібі тәсілімен байланысуы қабысу деп аталады. Қабыса байланысқан сөздердің басыңқы сыңары есім сөздерден де, етістіктерден де бола береді. Мысалы: *Желсіз түнде жарық Ай* (Абай), *еңбекші халық, күткен күн, алтын сағат, мына кітап, жақсы оқу, таза*

сөйлеу, екі келу, бір-ақ аттау. Қабыса байланысқан сөздердің көпшілігі сөйлемде тұрақты орынға ие болады да, ол орыннан жылжытуға көне бермейді.

Қабысудың жай және күрделі түрі бар. Дара ұғымды сөздің қабыса байланысуы жай қабысу болады. Мысалы: *ағаш күрек, екі ешкі, мөлдір су, жалт қарау* т.б. Қабыса байланысқан сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары бірнеше сөзден құрылуы мүмкін. Мұны күрделі қабысу дейді. Мысалы: *төрт бөлмелі үй, қап-қап бидай, бұйра бас жігіт*.

Сөздердің байланысу ыңғайына қарай қабысу тікелей қабысу және сатылай қабысу болып екіге бөлінеді.

Тікелей қабысу. Бағыныңқы сыңардағы әрбір сөз басыңқы сыңармен өз бетінше байланысуға қабілетті болады. Мұны тікелей қабысу дейміз. Мысалы: *мөлдір таза ауа (мөлдір ауа, таза ауа); ұзын әдемі кірпік (ұзын кірпік, әдемі кірпік); айдалған тегіс жер (айдалған жер, тегіс жер); тұқыл сары сиыр (тұқыл сиыр, сары сиыр), сүрленген көк жүгері (сүрленген жүгері, көк жүгері); бұйраланған қою қара шаш (бұйраланған шаш, қою шаш, қара шаш); аптығып тез жүру (аптығып жүру, тез жүру).*

Сатылай қабысу. Алдымен екі сөз тіркесіп бір ұғымды білдіреді де, өзара жігін жазбай келесі сөзбен тіркеседі. Осы тәртіппен бірнеше сөздер ұласа ұштасып қабыса беруі мүмкін. Мұны сатылай қабысу дейміз. Мысалы: *биік өкше етікті әйел; үш қабат үй; бір тонна көмір; ұзын бойлы жігіт; қой көзді бала; тез өнетін тұқым; алтын сырғалы қыз; қылқан жапырақ ағаш.*

Тікелей қабысу – қабысудың жай түріне, сатылай қабысу – қабысудың күрделі түріне жатады. Тікелей қабысатын бағыныңқы сыңарлардың кейде орындарын ауыстыруға не арасына басқа сөз қоюға болады. Сатылай қабысуда олай емес, мұндағы сөздердің орны тұрақты болады. Бағыныңқы сөз басыңқы сөзбен қатар тұрады әрі тікелей қабысудағыдай бағыныңқы кез келгенін басыңқымен еркін байланыстыруға келмейді. Мысалы: *үш қабат үй (қабат үш үй деуге болмайды, үш үй, қабат үй десек тіркестің мәні бұрмаланып кетеді).*

Жанасу. Орны жағынан басыңқы сөзбен қатар тұратын атау тұлғадағы бағыныңқы сөздің алшақ тұрып-ақ, еркін байланысуын жанасу дейміз. Жанасудың сөйлем ішінде байқалатыны жоғарыда айтылды. Бұл да қабысу сияқты орын тәртібі тәсіліне сүйенеді. Алайда мұның сөйлем ішінде сөз бен сөзді тіркестіруде ерекшелігі де бар. Мысалы: *Қар жапалақтап жсауды. Малышлар жсайлаудан кеше келді.* Бұл сөйлемдерде *жапалақтап жсауды, кеше келді* деген жанаса байланысқан сөздер бар. Алдыңғы сөйлемдегі *жапалақтап* деген сөзді бірінші орынға қойып *Жапалақтап қар жсауды.* десек те екі сөздің өзара байланысы бұзылмайды. Осы сияқты, екінші сөйлемдегі *кеше* деген сөзді өз орнынан

алып, сөйлемде әр орынға қоюға болады: *Кеше малышлар жайлаудан келді, Малышлар кеше жайлаудан келді. Малышлар жайлаудан кеше келді* т.б.

Жанасудың бағыныңқы сыңары дара мағыналы бір-ақ сөзден жасалады. Жоғарғы мысалдардағы *жаналақтап жауды, кеше келді* деген тіркестер жай жанасуға жатады. Жай жанасудың бағыныңқы сыңары көбінесе үстеуден (әсіресе мезгіл үстеу, көсемше, кейде басқа сөз таптарынан да) болуы мүмкін.

Күрделі жанасудың бағыныңқы сыңары көбінесе септеулік шылаулар мен көмекші есімдер катысты күрделі сөздерден жасалады. Мысалы: *Шаңғышылар тауға қарай жүреді. Қойлар беткейге таман ығысты, Жұмыс жайында сөйлестік. Есік алдында екі ат байланған.*

Жанаса байланысқан сөздердің басыңқы сыңары көбінесе етістік болады. Мысалы: *Кенет Нұрғайша Тінәліқызы қарқылдап күліп жіберді.* Мұнда *кенет, қарқылдап* деген сөздер *күліп жіберді* деген күрделі етістікпен жанаса байланысқан.

Меңгеру. Бағыныңқы сөздің басыңқы сөзбен атау, ілік септіктерінен басқа септік жалғауларының бірінде тұрып байланысуы меңгеру деп аталады. Меңгеріле байланысқан екі сөздің меңгеруші сыңары көбінесе етістік болады. Мысалы: *малды күту, фермаға бару, сырттан оқу, жұмыста болу, мақта теру, жолмен жүру.*

Меңгеруде есім сөздер де басыңқы сөздің барыс, шығыс, көмектес септіктерінде келуін керек етеді. Мысалы: *Жақсы – ісімен жақсы, іске мықты, орындауға міндетті, бәріне бірдей, бізге жақсы, естімеген елде көп, сенімен сырлас, жерге бай, еңбекке ортақ.*

Табыс, барыс септіктерінде келіп меңгерілген сөздердің жалғаулары кейде айтылмайды. Мысалы: *шөп шабу, трактор айдау; Мәскеу бару* т.б. Меңгерудің жай және күрделі түрі бар. Дара сөздердің өзара меңгеріле байланысуы жай меңгеруге жатады. Мысалы: *уәдеге берік, қалаға кету, суыққа төзімді, заводта істеу* т.б.

Меңгеріле байланысқан сөздердің бір сыңары не екі сыңары да дара сөзден емес, бірнеше сөзден (кемінде екі сөзден) жасалуы мүмкін. Мұны күрделі меңгеру дейміз. Меңгерудегі күрделі сыңарлар көбінесе өзара іштей матаса, қабыса, меңгеріле байланысқан күрделі сөздер мен тұрақты сөз тіркестерінен де жасалады. Мысалы: *Үйге дейін бардық, Көпірдің үстінен өте бастадық. Оқып отырғанда көңілді басқа жаққа бұрмау керек. Қас пен көздің арасында жоқ болды.*

1.5 Сөз тіркестерінің құрылымдық түрлері

Соңғы шыққан академиялық грамматикамыз «Қазақ грамматикасында» (Астана, 2002) салаласа байланысқан сөз тіркесі деген ұғымға

да орын берілген [18]. Салалас байланыстың синтаксистік байланыстың бір саласы екенін мойындай отыра біз толық мағыналы кем дегенде екі сөздің өзара сабақтаса, бірі екіншісіне бағына байланысуын сөз тіркесі деп атағанды дұрыс көреміз. Тіркестегі бағындырып тұрған сөз басыңқы деп, басыңқыға бағынып тұратын сөз бағыныңқы деп аталады. Мысалы: *самал жел, оқыған жігіт* дегенде *самал, оқыған* бағыныңқы сыңарлар, *жел, жігіт* – басыңқы сыңарлар. Мысалы, *ағаш үй, алтын сағат, темір күрек, ойлап сөйлеу, ақырын жүру* дегендер – жай тіркес те, *ақ боз ат, ойға беріліп кетпеу, жүз шақты кісі, теңіз жағасында жүру, сары ала тон* дегендер – күрделі тіркестер. Өйткені бұл тіркестер сөз бен күрделі сөздердің өзара бірі екіншісіне бағына байланысуы арқылы жасалған. Сөздер бір-бірімен тіркескенде, кейбірі есім сөздің, кейбірі етістіктің айналасына топталады. Осыған сәйкес сөз тіркесі есімді сөз тіркестері және етістік сөз тіркестері болып екіге бөлінеді. Есімді сөз тіркестерінің сыңарлары бір-бірімен қабыса, матаса, меңгеріле байланысады. Қабыса байланысқан есім сөз тіркестерінің құрамы былай болады. 1. Зат есімді тіркестер: *алтын қасық, темір балға*. 2. Сын есім мен зат есім тіркесі: *ақ құба жігіт, боз інген, сұлу қыз*. 3. Сан есім мен зат есім тіркесі: *бес ешкі, алты комбинат*. 4. Есімше мен зат есім тіркесі: *жаңарған дала, дамыған ел*. 5. Есімдіктер мен зат есім тіркесі: *сол сәт, бұл фабрика*.

Матаса байланысқан есім сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары ілік септігіндегі зат есім немесе заттанған сөздер, басыңқы сыңары тәуелдік жалғауындағы зат есім немесе заттанған сөздер болады. *Алматы – Отанымыздың жүрегі*. Осы сөйлемдегі *Отанымыз-дың* ілік септігіндегі зат есім *жүрегі* деген тәуелдік жалғаулы зат есіммен матаса байланысып тұр. Ал *жақсының ісі, аттың жүйрігі, білгеннің сөзі, баланың жақсысы* т.б. дегенде бірде ілік септіктегі сөз, тәуелдік жалғаулы сөз заттанып тұр. Кейбір сын есімдер септік жалғаулары арқылы зат есімді меңгеріп тұрады. *Малға бай, сөзге жүйрік*. Етістікті тіркестердің сыңарлары бір-бірімен қабыса, жанаса, меңгеріле байланысады. Үстеу мен етістіктен құралған сөз тіркесі жанаса байланысады: *биыл бітіреді, кеше келді* т.б.

Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері төмендегідей түрге бөлінеді: 1. Үстеу мен етістік тіркестері: *төмен түсті, тез жүгірді*. 2. Еліктеуіш сөзді етістік тіркестері: *жылт-жылт көрінді, сырт-сырт соғады*. 3. Көсемшелік етістік тіркестері: *сөйлей кірді, жүре сөйледі*. 4. Сын есімді етістік тіркестері: *жақсы сөйледі, әдемі жазды*. 5. Сан есімді етістік тіркестері: *екі келіп, екі кетті*. 6. Сан есім мен зат есімнен тіркескен тізбектер орын тәртібі арқылы етістікпен қабыса байланысады: *екі рет айтты, бес метр өлшеді*.

Меңгере байланысқан етістікті тіркестердің басыңқы сыңары салт және сабақты етістіктер болады да, бағыныңқы сыңары шылау тіркескен сөз-

дерден немесе барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктегі сөздерден құралады: шығысқа қарай ауысты, темірден жасалды, хатыңды оқыды.

Біз негізгі синтаксистік тұлғалар мен синтаксистік формалардың сипатын атадық. Осындай тұлғалар ретінде біз сөйлемді, сөз тіркесін, сөзді де атадық. Сөздер сөйлем құрау үстінде өзара түрлі функциялық қатынасқа түседі, ол функциялық қатынас сөздердің грамматикалық байланысы арқылы көрінеді. Мысалы, *Күн ұясына қонды* деген сөйлемді алайық. Мұнда сөйлем құрамына енген сөздер өзара мынандай грамматикалық (синтаксистік) байланыста тұр: *Күн қонды; ұясына қонды*. Синтаксистік қатынасты білдіру үшін толық мағыналы екі (немесе одан да көп) сөздің сабақтаса байланысқан тобын сөз тіркесі дейміз. *Сыртта ол аспандағы жұлдыздарға қарап тұрды* (Т.Ә. «Сары сыбызғы»). Бұл сөйлемде мынандай сөз тіркестері бар: *Ол қарап тұрды; жұлдыздарға қарап тұрды; аспандағы жұлдыздарға (қарап тұрды)*. Біз сөз тіркесіне берген анықтамада оған екі шарт қойып отырмыз. Біріншіден, сөз тіркесі деп тану үшін сөздер бағыныңқы қатынаста болуға тиіс, яғни екі сөздің бірі екіншісіне грамматикалық формасы, қызметі жағынан бағыныңқы қатынаста тұруға тиіс. *Жұлдыздарға* деген сөзге *аспандағы* бағыныңқы болып байланысып тұр. *Қарап тұрды* деген сөзге *жұлдыздарға* бағыныңқы болып байланысып тұр.

Сөз тіркесі синтаксистік қызметі жағынан, лексикалық мағынасы жағынан даралығын жоғалтпаған сөздерден құралады. Мысалы, *өрішi-ген жсел, биік мая, тоты құс*. Сөз тудыру, сөздің грамматикалық мағынасын құбылту үшін пайда болған тіркестер сөз тіркесі қатарына жатпайды: *қызыл балық, ақ боз, ақ баттауық, көк ала*. Мысал ретінде келтірілген сөздер – күрделі сөздер. Бұлардың компоненттері бастапқыда синтаксистікке тән тәсілдер арқылы қосылғанмен, қазір бір ұғымды атайтын сөз қалпына енген. Көп жағдайда осылай құралған тіркестер жүре келе бірігіп, біріккен сөзге айналып кетеді (*Ашқарақ, шетел, қолғап, жаспалақ*). Сөз тіркесі сөйлемнің сөздерден гөрі күрделі, сөздердің өзара бастапқы байланысқа түсуі арқылы пайда болған бөлшегі, тұлғасы деп санаймыз.

Осыған қарай сөз тіркесін сөйлем құрауға қатысатын материал деп те атауға болады. Өйткені сөздер сөйлемге дара-дара кірікпейді, өзара мағыналық, грамматикалық байланысқа түсіп кіреді. *Күлімдеген ай шалқып тұр: ай шалқып тұр, күлімдеген ай*. Сөз тіркесі, сонымен, екі сөздің арасындағы қатынасты білдіреді. Құрамы жағынан бұл сөзден де, сөйлемнен де бөлек екені анық, ал мағына жағынан қалай десек, сөз тіркесі де атауыштық (номинативтік) қызмет атқарады: *оқыған бала, жаңа қалада, далада жайылған*, т.т. Бұл жағынан сөз тіркестері сөзге жуық. Осылай екенін мынадан байқауға болады. Атау көп жағдайда жаңа ұғымға жуық келетін сөздерге түрлі анықтауыш қатыстыру арқылы жа-

салады: *шай қасық, сары май*. Осылай құралған атауыш тіркестер тұтасып біріккен сөзге айналып кетеді: *қол қап – қолған*.

Сөз тіркесін сөздер бағыныңқылық қатынасқа түсіп те жасайды дедік. Солай болғандықтан олардың бірі басыңқы, екіншісі грамматикалық қызметі, формасы жағынан соған бағынышты болады. Бірі басыңқы компонент деп аталады, екіншісі бағыныңқы компонент деп аталады: *судың ағысы*.

Басыңқы компоненттің лексикалық мағынасы, грамматикалық бітімі бағыныңқы компонентті түгелдей өзіне лайықты етіп, бағындырып тіркестіреді. Бағыныңқы компонент басыңқы сөз арқылы айтылған ұғымды толықтырады: анықтайды, мекенін, мезгілін білдіреді, нысанын атайды т.б. Осынысына орай сөз тіркесінің құрамындағы басыңқы компонент пен бағыныңқы компоненттің арасындағы қатынасты негізінен анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық деп топтап, жинақтап атауға болады. *Сусыған құм. Аспанды бұлт торлаған*.

Сөз тіркесінің грамматикалық бітімін басыңқы сөздің сипаты белгілейді. Басыңқы сөздің ыңғайына қарай сөз тіркестері былай топталады: етістікті тіркестер, есімді тіркестер: *алыс жол, асау өзен*. *Алыс жол* – зат есімді тіркес, өйткені басыңқы сөз – *жол*. Ол зат есімге жатады. *Аспанды торлаған* – етістікті тіркес, өйткені басыңқы сөз – *торлаған*, ол – етістік.

Синтаксистік байланысқа түскен екі сөздің құрамын сөз тіркесі деп тану үшін ол сөздер мағына жағынан, синтаксистік қызметі жағынан дербес, дара болуы керек екенін айттық. Осы шартпен құралған тіркестер еркін тіркес деп аталады. Өйткені тіркестің құрамындағы сөздер еркін қатынаста тұрып, өзгеріп, алмасып жатады: *кеңседен шықты, кеңсеге жиналды, ауылға оралды, қаладан оралды*. Тіркес тек сөйлем құрауға немесе сөз тіркесіне ғана қатысты пайда болмайды. Лексикалық, грамматикалық тұлғалар тудыру үстінде де тіркестер пайда болады. *Ора бастады, ат үсті, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен күн көру* т.т.

Лексикалық, грамматикалық форма тудыру максатында жұмсалатын тіркестерді түйдекті тіркес деп атайды. Экспрессивті лексиканың қатары да көп жағдайда тіркестер арқылы қорланып жатады. *Аузы қышиды, ала аяқ* т.т. Бұлар фразеологиялық, идиомдық, тіркестер немесе тұрақты тіркес деп аталады. Өйткені тіркес тұтас күйінде бір ғана ұғымның атауы ретінде жұмсалады. Тіркестегі сөздер даралауға келмейді, дара, дербес алынғанда, бастапқы ортақ лексикалық мағына жойылады. Түйдекті тіркес те, тұрақты тіркес те синтаксис, соның ішінде сөз тіркесі синтаксисі зерттейтін нысан емес. Бұларды атағанымыз тіркестің пайда болатын жайларын, олардың түрлерін байқату үшін ғана. Ескертіп кететін нәрсе – тіркес, сөз тіркесі деген екі терминдік атауды ажыратып тану керек.

Тіркес – тілдегі үдерістің атауы, сондықтан бұл атауды жалпы мағынада жұмсаймыз. Сөз тіркесі – тіркестің белгілі шартқа сай көрінісі. Сөз

тіркестері компоненттерінің құрамына қарай жай сөз тіркесі, күрделі сөз тіркесі деп екі топқа бөлінеді. Екі жай сөзден құралған сөз тіркесі жай сөз тіркесіне жатады. Егер тіркестің бір компоненті ретінде күрделі сөздер қатынасса, оны күрделі сөз тіркесі деп атаймыз: *көлге қонды* – жай тіркес, *көлге қонып жатыр* – күрделі тіркес.

Сөйлем ішіндегі сөздер бір-бірімен түрліше байланысып отырады. Соған қарай сөз тіркесінің түрлері де көп. Мысалы: *Жаздың көркі енеді жыл құсымен, Жайраңдасып жас күлер құрбысымен* (Абай) деген сөйлемде мынандай сөз тіркестері бар: *жаздың көркі, жыл құсымен енеді, жайраңдасып күлер, құрбысымен жайраңдасып*. Осылардың бәрі – сөйлемнің модельдері, ал сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары – сөз тіркестерінің аса қажетті бөлшектері – оларсыз сөз тіркестері құрылмайтын модельдер деп есептеледі. Басыңқы сыңарлары сөз тіркестерінің мағыналық тіректері, діңгекті таянышы болғанмен, сөз тіркесін құрауда бағыныңқы сыңарлардың синтаксистік қызметі ерекше деп танылады.

Неше сөзден тұрса да, еркін сөз тіркесі екі сыңардан тұрады. Бір сыңардың қызметін жеке сөз атқаруы да (*жаздың, жыл*) бірнеше сөз атқаруы да (*жайраңдасып күлер, құрбысымен жайраңдасып, жыл құсымен енуі*) мүмкін. Осыған байланысты сөз тіркестері құрамына қарай: жай сөз тіркесі және күрделі сөз тіркесі болып екі түрге бөлінеді. Құрамы екі сөзден тұратын сөз тіркесін жай сөз тіркесі деп атайды. Мысалы: *ақылды жігіт, кең дала, мазмұнды әңгіме* т.б. Құрамы үш не одан көп сөзден тұратын сөз тіркесін күрделі сөз тіркесі деп атайды. Мысалы: *он шақты кітап, тақтаға жақындай түсу, Алматы қаласында тұру, ойда жоқта кез болу* т.б.

Есімді тіркестер. Есімді сөз тіркестерінің басыңқы сөзі де оларға бағынып тұратын сөздер де көбіне есімдер болады. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің грамматикалық байланыс амалы сөздердің орын тәртібі болады. Қабыса байланысатын есімді сөз тіркестерінің құрамы әртүрлі: оның бағыныңқы сыңары зат есім, сын есім, сан есім, сілтеу есімдігі, үстеу болады, ал басыңқы сыңары зат есім, субстантивтенген сын, сан есімдер болады. Зат есімдер синтаксистік жағынан да, яғни, сөз тіркесі және сөйлем мүшесі тұрғысынан да қаралды, әлі де қаралуда. Зат есімдерге сөз тіркестерінде С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Р.Әміров, Т.Сайрамбаев, К.Бейсенбаева т.б. ғалымдар арнайы орын беріп қарастырғаны мәлім. Профессор М.Балақаев зат есімдердің қандай сыңарда жұмсалатынын сөз ете келіп, зат есімдерден құралған сөз тіркестерінің мазмұны бір жағынан басыңқы сөздің мағынасымен байланысты болса, екінші жағынан, оның анықтауышы болған бағыныңқы сөздің заттық мағынасымен байланысты болатындығын айтады.

Түркі тілдеріндегі еңбектерде бұл мәселе А.Н.Кононов, Н.К.Дмитриев, Н.А.Баскаков еңбектерінде тек екі зат есім тіркесі бар деумен ғана

шектелсе, С.С.Майзель «Изафет в турецком языке» деген үлкен еңбегінде изафеттің бір түрі жалғаусыз зат есімдердің тіркесі туралы арнайы мәселе қозғап, оның көптеген заңдылықтарын алғаш сөз етеді. В.Г.Адмони өзінің «Синтаксис современного немецкого языка» деген еңбегінде сөз тіркестерінің ішінен зат есімді және етістікті сөз тіркестерін ерекше атап көрсетеді. Қалғандарының бәрі осы екі сөз тіркесінің негізінде құрлатынын айтады. Сын есімдер жайлы сөз тіркестерінде С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Р.Әміров, Т.Сайранбаев т.б. ғалымдардың еңбектерінде айтылады. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары ретінде зат есімдермен тіркесі арнайы беріледі.

Сын есімнің есімдермен тіркесіне арнайы орын беріп жеке қарастырған ғалым – М.Балақаев. Автор бұл мәселе туралы алғаш жүйелі түрде сөз қозғап, қай сын есімдердің қай зат есімдермен тіркесе алатынына, олардың байланысу формалары мен тіркесу қабілетіне ерекше назар аударады. Көп уақытқа дейін сын есімдер тек есім сөздермен ғана сөз тіркесін құрайды делініп келсе, сонымен бірге түркітануда Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Т.Сайрамбаев т.б. ғалымдар сын есімдердің етістіктермен де тіркесе алатынын нақты көрсете білді. Профессор Т.Сайрамбаев сын есімдердің етістікпен тіркесі туралы диссертация қорғап, оның өзіндік тіркесімділік дәрежесі, оның тарихы, сын есімдердің сапалық, қатыстық түрлерінің арақатынасы, байланысу тәсілдері мен синтаксис қызметі туралы едәуір сөз қозғап, бұл мәселені, яғни, сын есімдердің етістіктермен де тіркесе алатындығын дәлелдеп бергені белгілі.

Тіл-тілде сан есімдер негізінде қалыптасқан сөз тіркестерінің басқа түрлерінің ерекше болып келетіндігі айтылады. Сан есімдер құрамында әртүрлі дәуірлерге қатысты грамматикалық құбылыстардың ізі қалған. Сан есімдердің тіркесімділік қасиеті олардың бағыныңқы қызметте жұмсалуды арқылы шектелмейді, енді басыңқы қызметте де жұмсалатындығын көруге болады. Бірақ сан есімдердің басыңқы қызметте жұмсалуды тілде бар болғанымен, арнайы зерттеудің нысаны болмай отыр. М.Балақаев алғаш есімді сөз тіркесі деп арнайы қарастырғанда сан есімдердің басыңқылық қызметі туралы ешнәрсе айтпайды. Осы сияқты фактілерді С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, Ә.Нұрмаханова, тіпті, сан есімдер туралы арнайы еңбек жазған Ә.Хасенов еңбегінде де бұл мәселе сөз болмайды.

Сын есімдер есімді сөз тіркесінің құрамында өте көп жұмсалады. Сын есімдер мен зат есімдер қатар тұру арқылы өзара қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері жасалады. Олар анықтауыштық қатынаста жұмсалады: *үлкен қайрақ, жаман жолдас, терең көл* т.б.

Есімшелер зат есіммен тіркесу арқылы анықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркестерін жасайды. Мысалы: *көгерген шөп, оқылған кітап*

т.б. Мұндай есімді сөз тіркестерінің құрамында жиі кездесетін есімшелер *-ған, -ген* тұлғалары, калғандары мұнан әлдеқайда сирек қолданылады.

Есімдіктердің ішінде қабыса байланысқан есімді сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары болып жиі кездесетіндері – сілтеу, сұрау, жалпылау есімдіктері. Олар зат есіммен тіркесіп, анықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Үстеулер етістікті сөз тіркесінің құрамында жиі қолданылады. Есім сөздермен тіркесуі де кездейсоқ құбылыс емес. Мезгіл үстеулері сөйлем ішінде зат есім, сын есім, сан есім және «бар», «жок» сөздеріне қатысты болып, солармен қабыса байланыста көп ұшырайды. Мысалы: *енді көңілді, биыл бесте, бүгін бар, ертең жоқ.*

Етістікті тіркестер. Етістікті сөз тіркестерінің грамматикалық негізі, діңгегі етістік болады да, соның негізінде басқа сөздер етістіктердің маңына топталады. Көптеген есім сөздер етістіктермен ешбір қосымшасыз тіркеседі. Бұл ретте етістіктер мен есімдердің өзара байланыс түрі қабысу болады. Етістікті сөз тіркестерінің енді бір тобы есімдердің барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғаулары арқылы салт және сабақты етістіктермен меңгеріле байланысады. Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің құрамы әртүрлі болады. Етістіктермен қабыса байланысатын сөздер: үстеулер, еліктеуіш сөздер, көсемшелер, сын есімдер, сан есімдер. Есімдер етістікке қатысты болып меңгеріле байланысу үшін барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларының бірінде айтылады. Бұл жалғаулар – есімдерді етістіктермен ұластырушы ғана емес, сөздердің синтаксистік қызметін саралайтын тұлғалар. Меңгерудің етістікті сөз тіркестерін құрауда мәні ерекше. Аталған септік жалғауларының синтаксистік қызметі, негізінде, етістіктің лексикалық мағынасымен байланысты болады да, сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарларына септік жалғауы басыңқы сөздің ыңғайына қарай жалғанады. Мысалы, *шық – тауға, үйден, сатымен; жібер – жолдасыңа, қаладан, почтамен.*

Шылаулар сөз тіркесінің грамматикалық мағыналарын толықтырып, есім мен етістікті өзара байланыстырушы аралық дәнекер болады. Етістікті сөз тіркестерін құрауға қатысатын шылаулар – демеулер мен көмекші есімдер.

Септеуліктер сөз тіркестерінің құрамында өздерінен бұрын айтылатын есімдердің белгілі септікте тұруын керек етеді де, сол жетегімен етістікке бағынады. Көлемдік, мезгілдік, мақсаттылық мағыналарын білдіреді.

Көмекші есімдер – ілік септігіндегі сөздермен тәуелдік жалғауында тұрып байланысады. Олар сол тобымен етістікке бағынып, етістікті сөз тіркестерінің құрамында пысықтауыштық қатынаста жұмсалады. Ол үшін көмекші есімдерге тиісті септік жалғаулары (барыс, табыс, жатыс,

шығыс, көмектес септік) жалғанады. Мекендік, кейде мезгілдік мағынаны білдіреді. Мысалы, Осы түн ішінде; терезенің алдында тұр; стол үстінде жатыр т.б.

Қорыта айтқанда, тіл құрамындағы жеке грамматикалық топтардағы болған семантикалық және грамматикалық өзгерістер, айналып келгенде, сөз тіркестерінің қалыптасуына алып келеді, осы тұрғыдан қарастырсақ, тіліміздегі қазіргі есімді, етістікті және ортақ басыңқылы сөз тіркестерінің іштей бірнеше топқа жіктелуінің өзі синтаксистік құрылыстың басынан өткен өзгерістерін жеке сөздер тобының тіркесімділік қабілетінің, олардың өз ішіндегі семантикалық дифференцияның нәтижесі болып табылады.

Семинар сұрақтары

1. Сөздердің байланысу тәсілдері: *аналитикалық, синтетикалық және аналитикалық-синтетикалық тәсілдер.*

2. Синтаксистік қарым-қатынастың түрлері: *а) предикаттық қатынас; ә) атрибутивтік қатынас; б) нысандық қатынас; в) адвербиалдық қатынас.*

3. Сөз тіркесі туралы көзқарастар *(орыс тіл біліміндегі, түркітанудағы, қазақ тіл біліміндегі).*

4. Сөз тіркесі болудың шарттары *(белгілері). Оның өзіне ұқсас басқа синтаксистік тұлға – бірліктерден айырмашылығы.*

5. Сөз тіркестерінің құрылысы *(басыңқы және бағыныңқы компоненттерінің тұлғалық ерекшеліктері).*

6. Сөз тіркестерінің құрамына қарай және басыңқы сыңарының қай сөз табына жасалуына қарай түрлері.

7. Күрделі сөз тіркестері.

Оқытушы өткізетін өздік жұмыс

1. Сөздердің бір-бірімен байланысу тәсілін және олардың арасындағы синтаксистік қатынастың түрлерін айқындаңыздар:

Сол екі арада-ақ келіп үлгереді, Нұрғалидың көзі, ыстық жастар, ауылдан кеткен, көп өзгеріпті, қатты қадірлейді, әйел сәнқой екен, өз бауыры.

2. Тіркестер арасындағы байланыс түрлерінің қабысуға не жанасуға жататынын анықтаңыздар:

Әдейі сөйледі, жақсы сөйледі, жақсы жора, бүгін келдім, сен үшін келдім, шалқалай құлады, күлімсіреп қарады.

3. Сөйлемдердегі матаса және меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін теріп көшіріп, оларға түсініктеме беріңіздер:

Бірінен кейін бірі тізілген бір топ машина орталық жақтан біздің ауылға қарай жақындап келеді екен. Біздің таудан кен көзі табылыпты. Бұдан кейін де Жасылкөлге екі барып қайттық.

Соңғы жолы отыз шақты үйдің ауыл балалары тайлы-таяғымыз қатмай жиылып барғанбыз. Жасыл көлден аққу енді кетпейді (Ы.Кененбаев).

4. Берілген тіркестердің қайсылары сөз тіркесіне жатады, қайсылары жатпайды? Сөз тіркесі болуының не болмауының себептерін түсіндіріңіз.

Мен жаздым, маған жазды, хат жазу, жазу әрі оқу, жай айту, жай таныс, студент қыз, оқытушы әйел, қатты күлу, қатты кету, қонақ күту, қонақ кісі, боз торғай, үйдің қасы, таудың төбесі, әнші торғай.

5. Төмендегі сөз қатарларынан бағыныңқы сыңарларын тауып (олар әртүрлі сөз таптарынан болсын), сөз тіркесін жасаңыздар. Бағыныңқы сөздердің тұлғалық мағыналық ерекшеліктері сөз тіркесін жасауға қалай әсер еткенін байқаңыздар. Сөз тіркестеріне мына схема бойынша талдау жасаңыздар: 1. Бағыныңқы сыңары бойынша сөз тіркесінің түрі. 2. Сөздердің байланысу тәсілі мен түрі. 3. Сөз тіркесінің грамматикалық мағынасы.

Көрікті, судан, маған, теректің, үйге, қызыл, сөзге, үйде, бір, жылдам, жақсы, кілт, жорта күліп, абайсызда, есіктің алдында, етпетінен, кескінінен, түнде, сағат онда, микрофонмен, түнімен, бұрынғы уақыттан, ежелден.

6. Төмендегі сөз қатарларынан басыңқы сөздердің бағыныңқы сыңарларының толық парадигмасын жасаңыздар. Олардағы өзгерістер сөз тіркестерінің сипатын (мағыналық, грамматикалық ерекшеліктерін) жасауға қалай әсер ететінін түсіндіріңіздер.

Келу, кету, қарау, бару, дос болу, қонақ ету, жеткілікті, аласа.

Үлгі. Мәскеуден келу, поезбен келу, күзде келу, ұялғаннан келу, тез келу.

Өздік жұмыс тақырыптары

- 1. Синтаксистің нысандары және сөз тіркесінің орны.*
- 2. Сөздердің тіркесімі және сөз тіркесі.*
- 3. Күрделі сөз және сөз тіркесі.*
- 4. Күрделі сөз тіркесінің түрлері.*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013.

2. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013.
3. Виноградов В.В. Введение в синтаксис русского языка (Аннотация) /1948/ // Виноградов В.В. – Исследования по русской грамматике. – М.: Наука, 1975. –С. 51-52.
4. Балакаев М.Б. Основные типы словосочетания в казахском языке. – Алма-Ата, 1957.
5. Әміров Р.С. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Мектеп», 1983.
6. Серғалиев М.С. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: «Ғылым», 1981
7. Сайрамбаев Т. Қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. – Алматы, 1981.
8. Аблаков Ә. Меңгеріле байланысқан сөз тіркестері. – Алматы, 1986.
9. Поцелуевский А.П. Основы синтаксиса туркменского литературного языка. – Ашхабад, 1943.
10. Убрятова Е.И. Исследования по синтаксису якутского языка. – Москва: «Наука», 1950.
11. Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку речи. – Москва: МГУ, 1976.
12. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. – Алматы: «Ғылым», 1967.
13. Төлегенов О. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модальды және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы: «Мектеп», 1968.
14. Золотова Г.А. Очерк функционального синтаксиса русского языка. – Москва: «Наука», 1973.
15. Қасым Б. Күрделі аталым жасалымы: когнитивтік-дискурстық ұстаным. – Алматы: «ЖК Волкова А.В.» баспасы, 2010.
16. Түймебаева Н.Қ. П.М.Мелиоранский зерттеуіндегі синтаксистік жүйе: филол. ғыл. канд. ... дис. Авторефераты. – Алматы, 2005.
17. Балакаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы, 1971.
18. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.

2 ЖАЙ СӨЙЛЕМ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ СИНТАКСИСТІК ПАРАДИГМАЛАР

2.1 Сөйлем туралы жалпы түсінік

Сөйлем – синтаксистік құрылыстың негізгі тірегі, басты санаты. Тілдің басты қызметі коммуникативтік қызмет болса, ол – сөйлем арқылы іске асады. Бұл қызмет сөйлемнен басталады, сөйлемге дейінгілер (дыбыс, морфема, сөз, сөз тіркесі) мұны атқара алмайды. Олар – сөйлемді құрастыруға қатысатын құралдар. Сөйлемнің тілдік элементтерден, солардың ішінде сөз тіркесінен, ең негізгі айырмашылығы коммуникативтік негізгі тұлға болатындығында. Сондықтан да сөйлемді синтаксистің басты нысаны, негізгі санаты дейміз.

Сөйлемнің грамматикалық ұстыны үш тағанды болады: олар – предикативтілік, модальділік, интонация. Бұлар геометриядағы үшбұрыштың қатаңдығы сияқты бірлікте тұрса ғана, тізілген сөздер сөйлем болып шығады. Сөйлемнің мұндай құрылымдық-мазмұндық белгілері туралы бұған дейінгі түрлі еңбектерде мол және дұрыс та орынды қамтылған. Сондықтан сөйлем туралы өзгешелеу түсінік береміз.

Адам өз ойын, көңіл күйін басқаларға сөйлем арқылы ғана білдіре алады, сөйлем арқылы ғана басқаның ойын біле алады. Сөйлем – ойды жарыққа шығарушы көрсеткіш. Сондықтан тіл білімінде сөйлемге кейбір санақтар бойынша 500 реттен артық анықтама берілген екен, соның басым көбінде «ой» негізге алынады. Бұл орынды да. Өйткені ойлау мен сөйлеу ажырағысыз бірлікте болатыны – ақиқат жайт.

Қазақ тіл білімінде сөйлем тиянақты ойды білдіретін сөздер тіркесі екендігі туралы анықтама орыс тіл білімінен келіп орнығып алған. Бұл анықтама Аристотель заманынан бері пайдаланылып келеді.

Қазақ тілтанушыларының сөйлемге берген анықтамаларын қарастырайық.

А.Байтұрсынұлы: «... айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» [1, 157 б.], – деп төлтума анықтама береді. Назар аударыңыз: «айтушының айтуы», «тыңдаушының ұғуы» сияқты әрекеттер негізге алынған. Демек, ғұлама сөйлемнің тілдің басты қызметі коммуникативтік қызмет тұрғысынан шығып отыр, осы қызметтің тірегі сөйлем екенін айқындаған. Бірақ советтік қысымның кесірінен бұл анықтама білім өрісіне кезінде шыға алмады.

Қ.Жұбанұлы: «... аяқталған ойды білдіретін бір не бірнеше сөзді сөйлем дейміз» [2, 35 б.], – деп үйретті. Әрине, бұл – сол кезең үшін толыққанды анықтама. Өйткені синтаксис XX ғасырда сөйлем шегінен (бас әріптен нүктеге шейінгі шек) асқан жоқ болатын.

Қалай десек те, XX ғасырдың екінші жартысында ғалымдар сөйлемнің аяқталған ой түгілі, тиянақты ойды да білдіре бермейтінін байқай бастады.

С.Аманжолов тілдік мысалға сүйене отырып: «... тиянақты ойды білдіру дегеннің өзі шекті нәрсе екен... Ақынның я жазушының бүтін романы, поэмасы, баяндамашының жасаған баяндамасы түгелімен бір ойға, күрделі бір пікірге байлаулы да болады. Сол роман я поэма біткенде ғана, ақын я жазушының ойлаған ойы, айтайын деген сөзі бітеді. Міне, бұдан ойдың өрісі, ішкі көлемі кең екендігі анық көрінсе керек. Сөйтіп, сөйлем дегеніміз кейде ұзын ойдың бір бөлшегін, кейде қысқа ойдың бүтінін қармайтын сөздер тобы екен», – деген пікірге келеді [3].

Көрнекті тілтанушы М.Балақаев «... сөйлем сол жеке ұғымдардың синтезі ретіндегі байымдауды (суждение), хабарлауды, сұрауды модальділікті білдіреді. Әдетте, бұлар жеке сөйлеммен тиянақталып, ойымыз жеке сөйлеммен аяқтала бермейді. Сөйлемнің аяқталмаған ойды білдіруі оның маңындағы басқа сөйлемдермен қатынасына қарай айкындалады... Контекстен бөліп алынған сөйлемдер әр уақытта мүлде аяқталған ойды білдірмейді, біршама (относительно) ғана аяқталған ойды білдіреді», – деп мойындады [4].

«Бұл біршама тиянақты мағына (біршама тиянақты ой) дегенді аяқталмаған ой тұрғысынан түсінуге болмайды. Себебі аяқталмаған ой абзац (бірнеше сөйлем) мазмұнын, кейде кітаптың тарау-бөлімі мазмұнын да қамтуы мүмкін», – деп жазды О.Төлегенов [5, 12 б.].

Профессор Т.Р.Қордабаев: «Сөйлем – ойды жарыққа шығарушы материалдық көрсеткіш. Бірақ сөйлем арқылы берілетін ойды аяқталған, тиянақталған ой деу онша дұрыс болмайды. Өйткені ойды аяқтау үшін бір емес, толып жатқан сөйлемдер айту керектігі тәжірибеден белгілі. Сөйлем аяқталған ойды емес, жеке ойды білдіреді. Ондай жеке ойлар логикалық жағынан аяқталмауы мүмкін. Сөйлем – жеке ойды оған тетелес басқа ойдан бөліп көрсететін коммуникативтік дербес тұлға», – деп жазды [6, 101 б.].

Қазақ синтаксисінің белгілі маманы Р.Әмір «Қазақ тілінде сөйлемдердің ішіндегі ең көп жұмсалатыны екі мүшелі болып, бастауыш, баяндауыштан құралады. Бұл кездейсоқ емес. Тіл мен ой тығыз байланысты. Сөйлем пікірді хабарлаудың амалы болғандықтан құрылысы жағынан да оған ұқсамай, оны қайталамай тұра алмайды... Тілімізде атаулы сөйлем деп аталатын бір мүшелі сөйлемдер бар. Бұл сөйлемдер пікірді білдіреді және олар екімүшелі пікірге тең. Сөйлем бір мүшелі бола тұра пікірді

толық баламалап хабарлап тұр. Предикат та, субъект те сөйлемнің бір мүшесі арқылы көрінеді». – деп сөйлемді логикадағы пайымдаудың көрінісі ретінде таниды [7, 53-54 бб.; 8, 12 б.].

Шолу жасалып отырған пікірлер тілдік айғақтармен жеткілікті дәлелденбеген, талап, ниет деңгейінде ұсынылған. Дей тұрсақ та, «сөйлем тиянақты ойды білдіреді» дейтін қалыптасқан анықтаманың аксиома емес екенін байкатады.

Осыған орай болар, қазақ тілінен шыққан Академиялық грамматикаларымызда да сөйлемге түйінді анықтама берілмеген. 1967 жылғы грамматикада сөз тіркесі мен сөйлемді айыратын сөйлемнің логикалық пайымдауды білдіретіндігі емес екенін орынды сынап отырып: «... сөйлем мен сөз тіркесін мағынасына қарай айыру да мүмкін емес. Егер сөз тіркесі тиянақты ойды білдіретіндіктен сөз тіркесі болудан қалады десек, онда әрі сөз тіркесі, әрі сөйлемдік қасиеті бар сөздер тобының кейбір синтаксистік заңдылықтарын ескермегендік болады. *Желсіз тун. Кең жайлау. Таудан аққан үлкен өзен.* сияқтыларды біреулер сөйлем етіп жұмсаса, сөз тіркесі қасиетін жояды деу шындық болмайды. Сондықтан ондай сөздер тобын сөйлемдік қасиеттеріне қарай сөйлем деп танып, сөз тіркесілік белгілеріне қарай әрі сөз тіркесі деп тани беруге тиіспіз. Тілдің табиғаты солай етуді тілейді», - деп жазады да, сөйлемнің сөз тіркесінен ерекшелігі ретінде «оның біршама тиянақты ойды білдіретінін» ұсынып [9, 6 б.] қайшылыққа тіреледі. Шындығында, *Желсіз тун. Кең жайлау. Таудан аққан үлкен өзен.* сияқтылардың контекстсіз табиғаты танылмайды, ол сөз тіркесі шегінен бұл күйінде шыға алмайды, сөйлем бола алмайды.

Ал соңғы шыққан «Қазақ грамматикасында» сөйлем турасында түйіндеме ереже бермеді [10].

Сонымен, қазақ тілінің Академиялық грамматикалары да тоқтамды анықтама ұсынбады.

Міне, осы себептерден келіп сөйлемге орамды сөйлеу көрінісі ретінде функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан, контекст аясынан анықтама беру қажеттігі туады. Сөйлемнің контекстке тәуелділігі осы еңбектің мұнан кейінгі тармақтарында тілдік айғақтармен көрсетіледі.

Бұл үшін сөйлемді синтаксистік бірліктер иерархиясынан нысандау керек: мәтінді бүтін десек, сөйлемді мәтіннің бөлшегі ретінде қараған жөн. Осы тұрғыдан келіп, синтаксистік бірліктерді үлкен екі топқа бөлеміз: коммуникативтік емес бірліктер, бұған сөйлемге дейінгі сөз, сөз формалары, сөз тіркесі жатады; коммуникативтік бірліктер, бұған сөйлем (жай және құрмалас), шумақ (күрделі синтаксистік тұтастық, күрделі синтаксистік бірлік), мәтін жатады.

Осы иерархиясына сәйкес бұлардың «ойға» қатысы әртүрлі деңгейде болмақ. Сөз атаулық ұғымды білдіреді; сөз формалары – ұғымдардың өз-

гермелері; сөз тіркесі – ұғымдардың тіркесі. Яғни, коммуникативтік емес бірліктер ойдың статикалық көрінісі ұғымдық деңгейде болады.

Ал коммуникативтік синтаксистік бірліктерде ой үш деңгейде болады: 1) **жеке ой**; 2) **тиянақты ой**; 3) **аяқталған ой**. Сөйлем – мәтіндегі алғашқы коммуникативтік буын, ол мәтіндегі **жеке ойды** білдіреді; шумақ мәтін құрамында белгілі бір логикалық-коммуникативтік тиянақ тапқан буын, ол **тиянақты ойды** білдіреді; мәтін тұтастықта болады, оның тұтастығы философиядағы бүтін санатының тұтастығындай: бөлшектердің байланыс, қатынастарынан құралады, ол **аяқталған ойды** білдіреді.

Сонымен, байқағанымыздай, сөйлемге анықтама беруде грамматика мен логиканы түйістіреміз. Олай болса, сөйлем табиғатын тану үшін оның аспектілерін көре білу қажет болады.

Сөйлемнің аспектілері. Тіл білімі – философия мен логиканың қойнауынан шыққан ғылым. Сондықтан да болар, сөйлем сипатын ашуда ғалымдар логикалық санаттарға сүйенеді. Аристотель заманынан бастап ХХ ғасырдың соңғы шеніне дейін сөйлем логикалық байымдаумен тығыз байланыста қарастырып келеді. Бұл екі ұғымды теңестіре қарау да орын алған. Неміс тілі синтаксисінің маманы Ф.Беккер, орыс тілі синтаксисінің көрнекті маманы Ф.И.Буслаев сөйлемге осы тұрғыдан келген. Ф.И.Буслаевтың бұндай көзқарасы оның өзінен кейінгі синтаксис мамандарына үлгі болып келеді. Сөйлемді логикалық байымдаумен тікелей байланыстыру түркі тіл білімінде де бар. Мәселен, Н.К.Дмитриев сөздердің тобы байымдауды білдірсе-сөйлем, байымдауды білдірмесе-сөз тіркесі болатынын жақтайды.

Жоғарыда айтылғандай, мектепке арналған оқулықтарда «сөйлем дегеніміз аяқталған, тиянақты ойды білдіреді» дейтін анықтама осы күнге дейін бар; мұның нышанын жоғары оқу орындарына арналған қазақ тілі оқулықтарынан да, тіпті, Академиялық грамматикамыздан да [9] көруге болады, тек бұл аталған еңбектерде сөйлемнің аяқталған, тиянақты ойды білдіретініне қосымша «біршама» деген мөлшер айтылған.

Логицизм қазақ тілі синтаксисінде сөйлем мүшелеріне анықтама беруге де әсерін тигізді. Бастауышқа қатысты бір-екі дәйек келтірейік:

1. «сөйлемдегі ойдың иесі болып тұрған тұрлаулы мүшені бастауыш дейміз» [11, 10 б.];

2. «сөйлемнің кім, не туралы екенін білдіретін, айтылған ойға негіз болатын тұрлаулы мүшені бастауыш дейміз» [12, 1-8 бб.].

Сөйлем мен логикалық байымдауды теңестіріп жіберу синтаксистегі логицизмге қарсы психологиялық бағыттың шығуына әсер етті. Бұл бағыттағы зерттеушілер логикалық санаттар мен грамматикалық санаттардың арасында қандай да бір болмасын байланыстың болатынын теріске шығарады. Дүние жүзіне белгілі неміс лингвисті Г.Штейнталь грамматика мен логиканың сыйыспайтын ұғымдар екені туралы тезис

ұсынды. Орыс ғалымы А.А.Потебня осы тезиске сүйене отырып: «Грамматикалық сөйлем логикалық байымдаумен әсте теңесе, жұптаса алмайды» – деп жазды [13, 32 б.]. Ол, тіпті, тіл білімі, оның ішінде грамматиканың логикаға ешқандай жақындығы жоқ деп есептейді [13, 70 б.]. Осыдан келіп А.А.Потебня сөйлем арқылы берілетін ойды байымдау емес, «апперцепция» деп атады («Апперцепция» - латын сөзі, қабылдаудың адамның бастан кешкен тәжірибесі, білім қоры және рухани өмірінің жалпы мазмұны, қабылдау сәтіндегі психикалық жай-күйіне тәуелді екенін білдіреді). Орыс лингвисті А.А.Шахматов та осы бағытты қолдап, сөйлемге тікелей сипат ретінде «психологиялық коммуникация» деген терминді ұсынды [14, 17 б.].

Сөйлемді психологиялық тұрғыдан түсіну-түсіндіру жалпы тіл білімінде ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында кең тараған. Бұл бағытқа тән анықтама берген – ХІХ ғасырдағы младограмматикашы Г.Пауль. Оның анықтауынша: «Сөйлем тыңдаушының психикасындағы сол бір түсініктердің сондай бір байланыстарының символы, көрінісі болып табылады» («Предложение является выражением, символом того, что в психике слушателя такого же соединения тех же самых представлений») [15, 148 б.].

Сөйлемге деген логикалық және психологиялық көзқарастардың арасында, психологиялық бағыт коммуникативтік қызметке бір табан жақын болғанымен, синтаксис үшін аса принципті айырма жоқ, олай дейтініміз бұл екеуі де сөйлемнің таза өзіндік тілдік қасиеттерін ескермейді.

Бұл айтылғандардан келіп, біз сөйлем сипатындағы логикалық тұрғыны жақтамауымыз керек пе? Әрине, жоқ. Мәселе синтаксистік құбылыстардың да қоғамдағы басқа құбылыстар сияқты әрқырлылығында.

Осының себебінен үндівропалық тіл білімінде синтаксистік құбылыстардың әртүрлі қырынан қарастыратын көптеген теориялар өмірге келді. Синтаксистік бірліктердің көп қырлы сипаты оларды зерттеудің аспектілерін саралап, жіктеді. Бұлардың ішіндегі келелі аспектілері: логикалық, құрылымдық, семантикалық, коммуникативтік (функционалдық). Коммуникативтік пен функционалдық аспектілерді біріктіре алу себебіміз сонда, сөйлемнің коммуникативтік мүшеленуі дегеніміздің өзі сөйлемнің функционалдық перспективасын көрсетеді.

Қазіргі синтаксис ғылымында бұл аспектілер синтаксистік бірліктердің белгілі жеке жақтарын таңдап алып, басқа бағыттардан ерекшелей бөліп қарастыратын бағыттардың қалыптасуына себеп болды. Қазақ тіл білімінде синтаксистік құбылыстарды зерттеуде дәстүрлі логика-грамматикалық бағыт, құрылымдық, статикалық тұрғылар айтарлықтай нәтиже берді. Ал семантикалық синтаксис, коммуникативтік, функционалдық, динамикалық бағыттар турасында бұлай деп айта алмаймыз.

Синтаксистік бірліктердің кешенді құбылыс екендігінің даусыздығын айта отырып, осы кешеннің қырларының (аспектілерінің) басқа қырларының ерекшеліктерін түсіндіре кетуді жөн санаймыз. Өйткені бұлай жіктеп қарау қазақ тіл білімінде арнайы көрініс берген жоқ.

Құрылымдық аспект. Синтаксистік құбылыстарды зерттеудің бұл аспектісі – қазақ тіл білімінде дәстүрлі, орныққан аспект.

Құрылымдық аспектінің өзіндік ерекшелігі – синтаксистік бірліктердің құрылысын, құрылымдық схемасын көрсетіп беру, талдау жасау. Бұл жерде біз құрылымдық схема деп синтаксистік бірліктердің үлгі-типтерін, қалыптарын түсінеміз.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесінің мынадай құрылымдық схемалары анықталған. Бұл тұста екі ұстын (принцип) негізге алынады: сөз тіркесінің құрамына қарай, сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлеріне қарай. Сөз тіркесінің құрамына қарай екі үлгі-тип бар: **бағыныңқы-басынқы есім сөз; бағыныңқы-басынқы етістік сөз.**

Құрамына қарай сөз тіркестерінің схемаларына бірнеше мысал: зат есім – зат есім (*темір күрек*), сын есім – зат есім (*үлкен үй*), сын есім – етістік (*жақсы оқу*), үстеу – етістік (*бұрын көру*), көсемше – етістік (*күліп сөйлеу*), зат есім – етістік (*кітап оқу*) т.с.с.

Байланысу тәсілдері мен түрлеріне қарай қазақ тілінде үш типті схема бар:

- 1) қабыса байланысқан сөз тіркестері;
- 2) матаса байланысқан сөз тіркестері;
- 3) меңгеріле байланысқан сөз тіркестері.

Сөйлемнің схемасы сөйлем құраудың басты жолы, сөйлемнің маңызды сипаты болып табылады. Өйткені синтаксис әрбір жеке нақты сөйлемді бөлек-бөлек зерттей алмайды, сөйлемдерді типтендіруге ұмтылады. Қазақ тіл білімінде анықталған екіқұрамды сөйлем, бірқұрамды сөйлем, жақты және жақсыз сөйлемдер, етістік және есімді сөйлемдер, жалаң және жайылма сөйлемдер, толымды және толымсыз сөйлемдер, жай және құрмалас сөйлемдер – осының айғағы. Сөйлемдер лексикалық құрамы жағынан әртүрлі болуы мүмкін, алайда олар құрылымдық жағынан бір үлгімен құрылады, бұл тұста басты назар тұрлаулы мүшелердің тұрғысына аударылады. Мәселен, «*Белгісіз бір дүлей күш қол аяғымды матап, тіптен ойыма да құрсау салып тастаған сияқты*», «*Абай – пайғамбар*» деген екі сөйлем лексикалық құрамы жағынан әртүрлі болғанымен, бастауышы мен баяндауышы болғандықтан бірдей үлгідегі екіқұрамды сөйлемге жатқызылады.

Ал сөйлемдегі тұрлаулы мүшелерден басқа мүшелер сол сөйлемнің құрылымын кеңейтіп, толықтырып тұрады. Сонымен екіқұрамды сөйлемдердің үлгі-типтерін былайша көрсетуге болады: **бастауыш-баян-**

дауыш; бастауыш-толықтауыш-баяндауыш; бастауыш-пысықтауыш-баяндауыш; анықтауыш-бастауыш-толықтауыш-баяндауыш; анықтауыш-бастауыш-пысықтауыш-баяндауыш; анықтауыш-бастауыш-пысықтауыш-толықтауыш-баяндауыш; бастауыш-анықтауыш-толықтауыш-баяндауыш; бастауыш-анықтауыш-пысықтауыш-баяндауыш және т.с.с.

Құрмалас сөйлем құрылымдық жағынан кемі екі сөйлемнен тұратыны белгілі. Сонда үлгі схемасы: «сөйлем-сөйлем» болады. Салалас құрмалас сөйлемнің құрылымдық схемасы: «бастауыш – тиянақты тұлғалы баяндауыш».

Салалас құрмаластың жалғаулықты, жалғаулықсыз болып бөлінуі де құрылымдық фактіге жатады. Өйткені контекст арқылы да жалғаулықтың көмегінсіз мағыналық қатынасты табуға болады.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің құрылымдық схемаларын келтіре кетейік: бағыныңқы сөйлем (баяндауышы көсемше) – басыңқы сөйлем (баяндауышы тиянақты тұлғада); бағыныңқы сөйлем (баяндауышы тиянақсыз тұлғадағы есімше) – басыңқы сөйлем (баяндауышы тиянақты тұлғада); бағыныңқы сөйлем (баяндауышы шартты райлы етістік) – басыңқы сөйлем (баяндауышы тиянақты тұлғада); бағыныңқы сөйлем (баяндауышы кимыл есімі) – басыңқы сөйлем (баяндауышы тиянақты тұлғада); бағыныңқы сөйлем (баяндауышы септеулік шылаумен тіркескен) – басыңқы сөйлем (баяндауышы тиянақты тұлғада).

Көп компонентті құрмаластың жалпы құрылымдық үлгісі: «сөйлем-сөйлем-сөйлем ...». Көп компонентті салалас құрмаластың үлгісі: «басыңқы-басыңқы-басыңқы».

Көп бағыныңқылы сабақтастың құрылымдық үлгісі: «бағыныңқы-бағыныңқы-басыңқы».

Аралас құрмалас сөйлемнің құрылымдық үлгісі: «бағыныңқы-басыңқы-басыңқы»; «басыңқы-бағыныңқы-басыңқы» т.с.с.

Синтаксистік күрделі бірліктің құрылымы оның дербес, грамматикалық жағынан аяқталған сөйлемдерден тұруымен ерекшеленеді. Синтаксистік күрделі бірлік үшін жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің хұқысы бірдей.

Өз кезегінде мәтін синтаксистік күрделі бірліктерден құрылады.

Ал біркұрамды сөйлемдердің үлгі-типтерін мынадай етіп белгілеуге болады: тұрлаусыз мүшелер – баяндауыш; баяндауыш; тұрлаусыз мүшелер – бастауыш сипатты сөз формасы; бастауыш сипатты сөз формасы т.с.с.

Синтаксистік бірліктердің құрылымын талдап тексеру олардың нақты деректілігін, заттық-материалдық табиғатын түсіндіруге жол ашады, сондықтан да бұл аспект аса маңызды аспект болып саналады. Алайда, таза құрылымның өзіне сүйеніп семантикалық және коммуникативтік

сипаттарды ескермесек, синтаксистік бірліктердің қарым-қатынас құралы, ойды жарыққа шығарушы құрал ретіндегі қызметін түсіндіріп бере алмаған болар едік.

Семантикалық аспект. Семантикалық синтаксистің елеулі жетістігі сол, бұл бағыт синтаксистік единицалардың тілдік семантикасын және сөйлеу (речь) семантикасын жіктеп көрсетуге талпыныс жасайды. Жалпы, ғылыми әдебиеттерден синтаксистік деңгейдегі тілдік мағына деп грамматикалық мағына, синтаксистік мағына я қатынас деген ұғымдарды түсінсек, сөйлеу семантикасын контекстік мағына, нақты синтаксистік бірліктің нақты өзіндік лексикалық мағынасы тұрғысынан түсінеміз.

Қазақ тіл білімінде бір-бірімен тығыз байланысты бұл екі мағына бір ұғымда, тұтас қаралып жүр. Бұл бір есеппен дұрыс та, өйткені синтаксистік құбылыстардың грамматикалық мағынасы жекелеген лексикалық мағыналардан абстракцияланады. Ал синтаксистік зерттеу абстракцияға, жинақтауға құрылады, соған ұмтылады. Синтаксистік бірліктерді құрастырушы сыңарлардың жеке-жеке мағынасын қуып кету, түгендеуге тырысу нәтиже бере бермейтіні өзінен-өзі белгілі.

Грамматикалық семантика тіркескен синтаксистік бірліктердің арасындағы қатынастан көрінеді. Мысалы: *кең дала* деген екі сөздің тіркесуінен анықтауыштық қатынас көрінсе, *даланы көру* деген тіркес компоненттерінің арасынан нысандық, *далаға шығу* деген тіркестен бағыттық-мекендік қатынасты байқауға болады.

Осыған байланысты жайттар қазақ тіл білімінде едәуір зерттеліп, сараланып та қалғандай. Мәселен, М.Томанов, М.Серғалиев, Т.Сайрамбаев, Ә.Аблақов [16; 17; 18] т.б. зерттеулерінде сөз тіркестерінің тілдік семантикасы талданады. Бұл зерттеушілер сөз тіркестерінің мынадай семантикалық топтарын көрсетеді: арнау мағынасындағы сөз тіркестері (қонақ бөлме, бәйге торы, бізге мереке, мен үшін қуаныш); меншіктік мағынаны білдіретін сөз тіркестері (*ауыл адамы, өз елім*); заттың белгісін, қасиетін, сан-мөлшерін білдіретін сөз тіркестері (*аз үй, терең өзен, ақылды адам, ұзақ жол т.с.с.*); заттың тегін білдіретін сөз тіркестері (*елтірі тымақ, күмістелген ертоқым, ағаш қасық т.с.с.*); мекендік мағыналы сөз тіркестері (*ойдағы ел, қырдағы ел, ауыл шетіндегі қайың, ауылға оралу, ауылда тұру, ауылдан кету, жолмен жүру т.с.с.*); мақсат мағыналы сөз тіркестері (*көруге келу, көру үшін келу, көрмек болып келу, көру үшін қажет т.с.с.*); себеп-салдар мағыналы сөз тіркестері (*қуанғандықтан жылау, ұялғаннан үндемеу, қылмысы үшін сотталу, білген соң айту т.с.с.*); амал мағыналы сөз тіркестері (*балтамен шабу, айқайлап сөйлеу, екі рет айту, шұғыл бұрылу, адамша сөйлеу т.с.с.*); мезгілдік мағынаны білдіретін сөз тіркестері (*жаздай жүру, түні бойы ұйықтамау, таңғы шай, кірісімен отыра қалу, был-*

тыр көру, кеткен соң шығу, айтқанға дейін қозғалмау т.с.с.); салыстырмалық мағынадағы сөз тіркестері (білектей темір, мақта тәрізді мата, қанттай тәтті, пілден үлкен т.с.с.).

Сөйлемнің тілдік семантикасы ретінде хабарлау, сұрау, түрткі (бұйрық) сияқты мағыналарды түсіну – жалпы тіл білімінде қалыптасқан дәстүр. Қазақ тілші-ғалымы М.Серғалиевтің зерттеуінен қазақ тіл білімі үшін бұл мәселеге қосылған үлесті байқауға болады. Зерттеуші синтаксистік әр деңгейдегі құрылымдардың синонимдік сипатын сөз ете отырып, сөйлемдерді де (жай және құрмалас) мынадай мағыналық топтарға бөледі: 1) шарт мәнді сөйлемдер; 2) мезгіл мәнді сөйлемдер; 3) ыңғайлас мәнді сөйлемдер; 4) мезгіл мәнді сөйлемдер; 5) түсіндірме мәнді сөйлемдер; 6) себеп-салдар мәнді сөйлемдер; 7) салыстырмалы мәнді сөйлемдер; 8) амал мәнді сөйлемдер; 9) мақсат мәнді сөйлемдер; 10) нысанды білдіретін сөйлемдер [18].

Орыс тілі синтаксисінің маманы Г.А.Золотова сөйлемдерді предикативтік сипатына қарай етістікті, адъективтік, субстантивтік, үстеулі, сан-мөлшерлік (квантитивтік) деп беске бөледі де, олардың әрқайсысының семантикасын көрсетіп береді [19, 33-39 бб.].

Қазақ тіл білімінде, басқа да елдің тіл білімдері сияқты, сөйлем мүшелерін мағыналық тұрғыдан топтап, жіктеу қалыптасқан (Айталық, анықтауыштың сапалық және меншіктік тобы, пысықтауыштың мекендік, мезгілдік, амалдық т.б. топтары т.с.с.).

Құрмалас сөйлем сыңарларының қатынастарын мағыналық тұрғыдан жіктеу бізге белгілі тіл білімінің бәрінде де бар.

Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, синтаксистік единицаларды қарастырушы сыңарлардың арасындағы қатынас, одан келіп шығатын тілдік мағына, мейлі ол сөз тіркесі болсын, мейлі ол жай сөйлем болсын, мейлі ол құрмалас сөйлем болсын, синтаксистік әр деңгейде, негізінде, үйлес болып келеді екен.

Сөйлем, негізінен, бастауыштық-баяндауыштық құрылымға негізделеді десек те, тұрлаулы мүшелерге талданбайтын атаулы сөйлем, одағайлы (вокатив) сөйлем сияқты сөйлемдердің бар екені белгілі. Сонда сөйлемді орамды тілден (термин – Абайдікі) (связная речь) жіктеп бөліп алу үшін қандай критерий керек. Предикатты сөйлемде – тілдік мағына, мүшеленбейтін сөйлемдерде сөйлеу мағынасы болады деп қарастыруымыз керек пе? Осы екіұштылықты жою мақсатымен тіл білімінде сөйлемді екі тұрғыдан қараушылық бар: сөйлем тілдік бірлік ретінде; сөйлем сөйлеу бірлігі ретінде. Бұл тұрғыда сөйлемді тек сөйлеудің ғана бірлігі деп түсінетін сыңаржақтық та жоқ емес. Сөйлемнің құрылымдық схемасын тілге, ал осы құрылымды жүзеге асыру жолдарын, тіл табиғатына сай сындарлы пікірлерді қолдаған жөн. Бұндай пікірлердің бір иесі – В.Матезиус [20, 106 б.; 21, 3-5 бб.].

Сонымен, синтаксистік бірліктердің семантикалық аспектісі арнайы, кең де терең зерттеуді қажет етеді. Тек бұл жерде ұстанатын тұрғы – сөйлеу семантикасы мен тілдік семантиканың тығыз байланысы, бірінсіз бірінің әрекет ете алмайтыны туралы қарапайым қағиданы есте ұстаған жөн.

Коммуникативтік аспект. Сөйлемге коммуникативтік тұрғыдан қарау деген сөз – оның функционалды мүмкіндігін (перспективасын) қарау, сөйлемді сөйлеу бірлігі ретінде, контекст арқылы динамикалық тұрғыдан түсіндіру деген сөз.

Сөйлемге не болмаса кез келген синтаксистік единицаға логикалық тұрғыдан қарау, мағыналық жағын сипаттау, құрылымдық үлгісін көрсетіп беру қазақ тілі синтаксистік құрылысының барлық жағын сипаттап бере алмайды. Осы аталған сипаттар қарым-қатынастың құралы болу үшін қандай қарекеттер керек? Міне, сондықтан да синтаксистік зерттеулердің коммуникативтік аспектісі маңызды бағыт болып саналады.

Жоғарыда көрсетілген аспектілердің жеткіліксіз екендігін сезінген тілтанушылар сөйлемді қарым-қатынасқа, пікір алысуға жұмсалатын единица ретінде қараудың жолдарын іздейді. Өйткені тілдің қай бірлігі болсын өз құрылымымен, мағынасымен адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қызмет етеді. Сондықтан синтаксистің коммуникативтік аспектісінің зерттеу нысанын айқындап алған жөн.

Синтаксистік зерттеулердің коммуникативтік аспектісі синтаксистік единицаларды екіге бөліп қарайды: коммуникативтік бірліктер (жай және құрмалас сөйлемдер, синтаксистік күрделі бірліктер, контекст, орамды мәтін) және коммуникативтік емес бірліктер (сөз формалары, сөз тіркестері). Жоғарыда айтқанымыздай, сөз тіркестерінің таза коммуникативтік емес бірліктер екенін мойындай отырып, біз оның орамды тілге (связная речь), коммуникативтік қызметке жанама көмекші қатысы бар екенін мойындауға тиіспіз.

Сөйлемнің коммуникативтік сипаты оны актуалды (коммуникативтік) мүшелеуден, ондағы коммуникативтік бөліктерді ерекшелеп жіктеуден көрінеді. Бұның контекспен, орамды тілмен, синтаксистік күрделі бірлікпен, тұтас мәтінмен қатысы бар.

Сөйлемді мұндай жолмен мүшелеуге байланысты контекстік мүшелеу термині де қолданылады. Сөйлемді тіл мен сөйлеудің құбылысы ретінде қарау үшін осы термин тиімді болар деп ойлаймыз. Дәлелдеп көрейік. Қалыптасқан дәстүр бойынша сөйлем өзінің коммуникативтік мәнділік жағынан екі бөлікке бөлінеді. Халықаралық терминологиядағы қалыптасқан атауы бойынша ол бөліктерді біз тема және рема деп атай тұруға мәжбүрміз.

Тема – айтылыстың ремалық бөлігі сүйенетін арқау. Ол әрқашан алдыңғы контекске және ситуацияға бағытталып, содан бастау алып оты-

рады да, осы себептен талданбақшы сөйлемдегі темалық бөлікте айтылатын ақпар белгілі болып отырады, сондықтан бұл бөлік логикалық тұрғыдан айрықшаланбайды.

Рема, керісінше, сол сөйлемде айтылатын ойдың басты керекті бөлігі, қажетті коммуникативтік бөлік. Ол айтылуда просодикалық, сондай-ақ формалды-грамматикалық құралдармен ерекшеленіп отырады. Сөйлемнің ремалық бөлігі ақпаратты қабылдаушыға белгісіз, жаңа мағлұмат жеткізеді.

Тема мен реманың өзара үйлесімі мен байланысы сөйлемнің коммуникативтік іргетасын қалайды.

Тема мен реманың құрамында әрқайсысының өзіне тиесілі тұрақты мүшесі болмайды. Теманың қызметін де, реманың қызметін де сөйлемнің кез келген мүшесі я мүшелері бірігіп атқара береді. Бұндайда сөйлемді тема және рема бөліктеріне жіктеуді айқындайтын – контекст. Сөйлемдегі белгілі бір бөлікті актуалдандырудың бізге үш жолы белгілі: сөйлем мүшелерінің орын тәртібін өзгерту арқылы, грамматикалық құралдар көмегімен, просодика жолымен. Алайда, бұндай құбылыстардың жүзеге асуының өзі контекст ықпалында болады.

Қазақ синтаксисінің зерттеушісі Р.С.Әміров баяндауыштың алдыңғы түбі актуалды, ал баяндауыштың кейінгі, не одан алшак орын қалтарыс позиция деп қараса [7, 163 б.], қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерінің орын тәртібін зерттеген Ш.Бектаева инверсияны ой екпінін түсірудің амалы деп, әзірбайжан тілі синтаксисінің маманы К.М.Абдуллаев ең соңғы орынды (абсолютная постпозиция) актуалдандырушы орын деп қарайды [22, 143 б.]. Алайда бұл ғалымдардың талдауында контекст ескерілмеген. Дәлелдейік:

Асқар оны көрсетпеді.

Оны Асқар көрсетпеді.

Асқар көрсетпеді оны.

Бұл сөйлемдегі «ол» сілтеу есімдігінің орнын қанша ауыстырсак та, контекст оған тема жүгін көтерткізеді. Өйткені «ол» алдыңғы контекстен белгілі екені көрініп тұр.

Тағы бір мысал:

Козловтан кейін сөйлеген – Жанәбіл еді. Жас батырақ арындай жөнелді (Ғ.Мұстафин).

Осындағы 2-сөйлемнің бастауышының («жас батырақ») орнын қалай өзгертсеңіз де, ол контекстен бұрыннан белгілі мәлімет болып қалады, яғни актуалданып рема бола алмайды.

Сондай-ақ контекст аясында қарастырылған сөйлемнің мүшелерінің орын тәртібін өз бетінше, емін-еркін өзгерте беру мүмкін емес. Өйткені ой ағымы бұзылады, хабарлаушының коммуникативтік мүддесіне нұқсан

келеді. Бұған көз жеткізу үшін мына бір бірліктегі асты сызылған мүшелердің орын тәртібін өзгертіп көрейік:

Көріс күннің кешіне Қазақ Ордасының басты елшілері патша дастарханынан дәм татты. Қонақасы Ас Сарайда берілген еді. Мол тағам, көңілді отырыс үстінде бөтен әңгіме болған жоқ (М.Мағауин).

Дәмді көріс күннің кешіне Қазақ Ордасының басты елшілері патша дастарханынан татты. Ас Сарайда қонақасы берілген еді. Мол тағам, көңілді отырыс үстінде бөтен әңгіме болған жоқ.

Байқасақ, логикалық екпін беріліп тұрған бірінші сөйлемдегі дәм сөзінің мәні солғындап қалады. Оның арнайы, құрметті ас берілгені туралы мағлұматы өзгеріп кетеді. Осының салдарынан дербес сөйлемдердің арасындағы қайталау арқылы (дәм-қонақасы-отырыс) болып тұрған жымдаса байланысу байқалмайды.

Орын тәртібіне қарамай-ақ белгілі бір мүшені актуалдандыратын грамматикалық құралдар бар. Олар, негізінен, демеуліктер (*да, де, та, те, әсіресе, тіпті, гана, -ақ, т.б.*). Бұндайда демеулік тіркескен атауыш сөздерге ой екпіні түседі де, ол сөз алдыңғы контекспен іліктесіп, сонымен салғастыруды қажет етеді. Демек, оны актуалдандырып тұрған – контекст. Мысалы:

Адам пішіні бұған бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін. Әсіресе, ажымы мол үлкендер пішіні бір қызық хикая тәрізді (М.Әуезов).

Бұл үзіндідегі екінші сөйлемнің ремасы (әсіресе, ажымы мол үлкендер пішіні) алдыңғы сөйлемде айтылған оймен салыстыруды қажет етеді.

Просодикалық элементтер (интонация, дауыс қарқыны, тон, екпін т.с.с.) ауызша сөйлеуде байқалатыны белгілі. Алайда сөйлеуде сөйлемнің белгілі бір мүшесіне дауыстық ерекшелік беру, сөйлесу ситуациясына байланысты. Ал ситуацияның өзі – контекстің бір түрі. Өйткені кез келген сөйлеуші адам белгілі бір контекст ықпалында болады.

Сонымен, сөйлеуге коммуникативтік тұрғыдан қарау дегеніміз – оны сөйлеу бірлігі ретінде қарау. Ал сөйлеудегі сөйлем – контекстегі сөйлем. Тіл тұрғысынан алсақ, біз оқшау алынған сөйлемдерді қарағанда олардың семантикасының құрылыммен берілуін қараймыз. Енді контекст аясында қарағанда сөйлем басқаша мәнге ие болады: бүтіннің бөлшегі, буыны, бүтінді құраушы негіз ретінде көрінеді. Осы бүтінді біріктіруші құралдар әр сөйлемнің бойында болады. Осылайша сөйлем ой ағынының, сөйлеу ағынының бірлігі ретінде қызмет атқарады. Осы тұста сөйлем үшін контекст қызметін синтаксистік күрделі бірлік (микротекст) атқара алады.

Сөйлеуші адам белгілі бір зат я құбылыс туралы баяндағанда сол зат я құбылысқа сүйеніп ойын жылжытып отырады, сол зат я құбылыстың тілдік таңбасы орамды тілде тема қызметін атқарып тұрады. Бұл да сөй-

лемді актуалды мүшелеудің контекст ықпалында болатынын көрсетеді. Дәлел үшін бір мысал (асты сызылған сөздер – тема, асты сызылмаған бөлік – рема) :

Козловтан кейін сөйлеген Жанәбіл еді. Жас батырақ арындай жөнелді. Екі сөзінің бірі – «тап тартысы», жаратпаған адамын кулакқа теңейді. Сөзінде ауыл тілі көп. Тілінде өзгеше бір өткірлік, тапқырлық бар. Сол қасиеті көп мінін көрсетпеді. Бюро мүшелері оның аузынан шыққанды жас баланың аузынан шыққандай қызыға тыңдап отыр (Ғ.Мұстафин).

Бұл синтаксистік күрделі бірліктегі жалпы тақырып – «Жанәбіл сөзі». Бірліктегі ой ағыны тема-ремалық жолмен былайша жылжып отырады. (Т-тема, R-рема) :

T- R1, T(R1) - T(T2) - R3, T(R3) - R4, T(R4) - R5, T(R1) - R5.

Біздің сөйлемді коммуникативтік (актуалды) мүшелеуді контекстік мүшелеу деп түсінетініміз осы айтқандардан келіп шығады.

Логикалық аспект. Логикалық, оның ішінде байымдау санатының, сөйлеуге қатысы мол екендігіне талас жоқ. Бұл екеуінің бір-бірімен тең емес екендігі әлдеқашан дәлелденген.

Байымдаудың тілдегі көрінісі – хабарлы сөйлем. Тілші-ғалымдар мен логиктердің арасында сонау Аристотель заманынан бері келе жатқан «сұрау мен бұйрық байымдау жасай алмайды, өйткені байымдаудың тағайыны – мақұлдау мен теріске шығару» дейтін пікірді ұстанатындар көп (Сонда сұраған адам мен бұйырған адам ойлаусыз сөйлегені ма?). Осыдан болар, синтаксистік құрылысты логикалық тұрғыдан зерттеп жүрген тілтанушылар мен философтар сөйлемге байланысты ойды үш түрге бөліп қарастырады: 1) ой-хабар; 2) ой-сұрақ; 3) ой-түрткі. Демек, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер де ойды білдіретінін бағамдауға болады.

Тіл білімінің логикалық субъект пен грамматикалық бастауыштың, логикалық предикат пен грамматикалық баяндауыштың сәйкеспейтіні жеткілікті дәлелденген. Қазақ тіл білімінде бұған көз жеткізген ғалымдар – К.Аханов пен О.Төлегенов [5, 8-13 бб.]; [23]. Мәселен, К.Аханов «Грамматика теориясының негіздерінде» «Оған темекі тартуға болмайды» деген сөйлемдегі логикалық субъект «оғанның» грамматикалық толықтауыш екенін айтады [23, 208-210 бб.]. Бірақ екі ғалым да логикалық субъект мен предикаттың сөйлемдегі предикативтік қатынасқа қатысы қандай екеніне бара бермейді. Өйткені жалпы тіл білімінде предикативтік қатынас, предикативтілік дегендер сөйлем мазмұнының шындық өмірге қатысы ретінде қарастырылады. Біздіңше, субъект пен предикаттың болуы сөйлемнің басты белгісі предикативтілікке тікелей қатысы бар. Мысалы, жоғарыда келтірілген «оған темекі тартуға болмайды» деген сөйлем – жақсыз сөйлем, бастауышы жоқ, киысу байланысы

жок. Ал сөйлемнің құрылымдық қаңқасы – бастауыш-баяндауыштық қатынас, сонда бұл сөйлем құрылымдық үлгіге келмей тұр. Бұл сөйлемді қарым-қатынас құралы етіп тұрған – субъект (оған) пен предикат (темекі тартуға болмайды).

Сонымен, сөйлемге анықтама беруде логиканы, ойды негізге алу орынды деуге болады. Бұлай деу себебіміз – жалпы тіл білімінде, атап айтсақ, американ дескриптивизмінде [24, 97 б.], сондай-ақ орыс лингвистері Ф.Ф.Фортунов, М.Н.Петерсонның еңбектерінде [25, 155 б., 454 б.]; [26, 94 б.] сөйлемдегі логикалық сипатты ескермеу байқалады. Қазақ тіл білімінде мұндай сыңай жок.

2.2 Сөйлем үлгісі (моделі) – сөйлем құрылымын сипаттаудың негізгі тұлға-бірлігі

Әдетте, синтаксисте форма мен қызметтің қарым-қатынасын сөз таптары мен сөйлем мүшелерінің қарым-қатынасы деп түсіну қалыптасқан. Сөйлем мүшелері туралы ілім сөйлем құрамын талдаудың негізгі құралы болып қалып отыр.

Шындығында, ой мазмұны сөйлемнің сөйлеу кезінде синтаксемалардың категориалдық-семантикалық мағыналарын жарыққа шығаратын құрылымдық-мағыналық компоненттері арқылы ашылады.

Синтаксисте форма морфологиялық көрсеткішке теңелмейтіні сияқты, сөйлемнің синтаксистік құрылымын оның компоненттерінің морфологиялық көрсеткішіне тең етіп алуға болмайды.

Сөйлем компоненттерінің морфологиялық көрсеткіштерінің бірдейлігіне қарап, оларды бір модель негізінде құрылған деуге бола ма? Мысалы, мына сөйлем үлгілерінің құрылымдары бірдей ме?

- Күш бірлікте
- Бала үйде (мал қорада).
- Кітап сөреде.
- Жұрт ұйқыда

Формуласы:
N1 – N5

немесе:

- 1 Шешен сөйлеп тұр.
- 2 Жауын жауып тұр.

Формуласы:
N1 - Vf

Формулада бейнеленгендей жалпы морфологиялық көрсеткіштері бір болғанмен, сөйлемдер әртүрлі мағыналарды хабарлау үшін құрылған: (1) дерексіз ұғымның мазмұны туралы, (2) субъектінің белгісі (орын, ме-

кені) туралы, (3) заттың белгісі (мекені) туралы, (4) жанды (адам) заттың жағдайы туралы.

Жоғарыдағы сөйлем типтерінің компоненттері сөз таптарының түрлі семантикалық-грамматикалық санаттарынан тұратын топтарынан құралған, сондықтан құрылымдардың материалдық жағынан ұқсастығы жоқ. Демек, бұл жерде тізбектердің көп мағыналылығы немесе омонимдігі туралы сөз болуы мүмкін емес.

Синтаксистік формуланың көп мағыналылығы жоғарыдағы сөйлемдердің арасындағы айырмашылықты түсіндіріп бере алмайды. Барлық мәселені лексикаға тіреуге болмайды, өйткені олардың арасындағы айырмашылық жекелік сипатқа ие емес, жалпылық сипатқа ие: осы формуладағы сөйлемдердің бәрін жоғарыдағы типтерге бөлуге болады: (1) – (4).

Оларда ең алдымен компоненттерінің категориалдық-семантикалық айырмашылықтары бейнеленген. Мысалы: нақтылы-заттық зат есім, адамзат зат есім, дерексіз зат есім ... Бұл айырмашылықтар сол құрылым шеңберінде ол сөздердің орнын ауыстырып жұмсауға жол бермейді. Мысалы: *Кітап үйқыда, күш үйде, жұрт сөреде, бала бірлікте* деуге болмайды.

Бұл жағдай формула жалпылық мәнге ие емес екенін және синтагматикалық тұрғыда құрылымның бірдей емес екенін көрсетеді.

Бұл айырмашылық парадигматикалық тұрғыдан да түсіндіріледі: әр топқа тән синтаксистік синонимдерді түрліше құруға болады. Мысалы: (1) *Күш бірлікте: Күш бірліктен көрінеді/Бірлік күшті қылады/Бірлік жеңеді;* (2) *Бала үйде/Бала үйде отыр/ Баланың отырған жері – үй;* (3) *Кітап сөреде: Сөре кітапқа толып тұр;* (4) *Жұрт үйқыда: Жұрттың көзі ілінді/ Түн мезгілі/Тыныштық.*

Бұл талдау - мысалдар жоғарыдағыдай үлгідегі синтаксистік құрылымдардың төрт түрі бар екенін, олардың әрқайсысы өзіндік семантикалық-грамматикалық компоненттер жүйесінен тұратынын, ал барлық түріне ортақ компоненттер жиыны жоқ екенін көрсетеді.

Сөйтіп, сөйлем моделінің өмір сүруінің ең негізгі шарты – олардың компоненттерінің мағыналық-грамматикалық сипаттамасы.

Синтаксистік тұлғаны, синтаксистік құрылымды айқындауда тілдік құралдармен бейнеленген жалпыланған мазмұнды ескермей болмайды. Сөйлемнің «семантикалық толығы», оның компоненттерінің белгілі бір семантикалық-грамматикалық топқа жатуы сөйлемнің синтаксистік тұлғасының белгісі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, сөйлем құрылымын сипаттаудың тұлға-бірлігі ретінде *сөйлем модельдері* ұғымын алуға болады.

1. Сөйлем моделі деген – белгілі бір типтік мағынаға ие коммуникативтік бірлікті құратын өзара байланысты компоненттердің ең шағын

предикативтік тіркесі. Ол сөйлемнің қолданыстағы жанды тұрғысымен сәйкеседі, бірақ типтенген, ең шағын тұрғыдағы, басқа өзі сияқты модельдермен бір қатардағы үлгі.

2. Предикативтік ең шағын құрылымның компоненттері еркін немесе шартталған синтаксемалардан құралады. Ал байлаулы синтаксемалар негізгі компоненттердің бірінің мағыналық толымсыздығы туатын болса, оның құрамына кіреді. Осылай қарасақ, модельдің грамматикалық толықтығы мен мағыналық толықтығын карама-қарсы қою деген болмайды. Модельдің басты компоненттерінің рөлі олардың қажеттілігімен және контекссіз, жеке алғанда модельдің өмір сүруі үшін жеткіліктігімен анықталады. Негізгі компоненттердің алғашқысы (предикативтік белгінің иесі) синтаксистік, морфологиялық, семантикалық талаптарға жауап береді. Оны синтаксистік тәуелсіз мүше деп анықтау атау септік тұлғасында тұруына емес, тұлғасы басқа сөздерге тәуелді емес еркін және шартталған синтаксемалардан құралатындығына негізделеді. (Бұл синтаксемалар байлаулы синтаксемаларға синтаксистік тұрғыда қарсы қойылады).

3. Сөйлем моделіне тілдік мағыналардың белгілі бір жүйесі тән. Кез келген жай сөйлемнің жалпыграмматикалық мағынасы – предикативтік белгінің өзінің иесіне шақтық, модальдік және жақтық тұрғыдағы қатынасы. Модельдер бір-бірінен предикативтік компоненттерінің категориалдық мазмұны мен формасы арқылы жасалған семантикалық-грамматикалық типтік мағынасы негізінде ажыратылады. Өте жалпы типтік мағыналар өз ішінен тағы да жекелеген түрлерге бөлінуі мүмкін.

4. Сөйлем моделі грамматикалық формалар жүйесінің, мағыналық-грамматикалық түрленулердің, коммуникативтік-экспрессивтік өзгерістердің және синонимдік қатарлардың орталығында орналасады. Орталық пен шет жақтың қарым-қатынасы сөйлем модельдері типологиясының негізін құрайды.

5. Әр модельдегі сөздердің орын тәртібі бастапқы және бейтарап болады, сол арқылы белгілі бір мәтін түріне композициялық-синтаксистік тұрғыдан ену (кірігу) мүмкіндігіне ие. Сөздердің орын тәртібі мен логикалық екпіннің («актуалды мүшелену») түр-түрлілігі сөйлемнің әртүрлі контекске қатысуымен байланысты болады және оны зерттеу мәтін құрылымы мәселесіне енеді.

Сөйлем моделі тілдегі барлық сөйлем түрлерін топтастырудың тұлға-бірлігі ретінде алынады. Модель құрамында оның ішкі құрылымында барлық модельдерді біріктіретін жалпыграмматикалық предикативтік мағынасы емес, ал басты компоненттерінің формасы мен мағынасындағы айырмашылықтар мәнді. Модельдер өзара салыстырылатын және карама-қарсы қойылатын осы семантикалық-грамматикалық ерек-

шеліктер арқылы *сөйлемнің типі* ұғымы және олардың өзара байланысында сөйлем типологиясы анықталады.

Тілдің синтаксистік құбылыстарын бір ізге түсіріп жүйелеуде сөйлемнің әр түрлі жақтары ескеріліп әртүрлі топтастырулар жүргізіліп келеді. Мысалы, жай сөйлемдер бір құрамды (негізді) - екі құрамды (негізді), етістікті-есімді, жақты-жақсыз, белгілі жақты-белгісіз жақты т.б. болып жіктеледі. Бірақ сөйлемнің бұл әртүрлі сипаттары бір-бірімен қалай сәйкесетіні жағынан, негізгі-көмекші ретіндегі аралық қатынастары, синтаксистің жалпы жүйесінде әрқайсысының алатын орны жағынан анықталмады.

Жай сөйлем түрлерін жоғарыдағыдай классификациялаудың түп негізі А.А.Шахматовтың «Синтаксис русского языка» атты еңбегінде жатыр.

Жай сөйлемдерді жоғарыдағыдай бөлшектеудің ұстанымында сөйлем құрылымында бас мүшелердің – бастауыш пен баяндауыштың қатысу-қатыспауы жатыр: егер сөйлем олардың біреуі негізінде құрылса – бір құрамды, екеуі негізінде құрылса – екіқұрамды делінеді.

Бір құрамдыға: атаулы, жақсыз, белгілі жақты, белгісіз жақты, жалпылама жақты сөйлемдер жатқызылса, екі құрамдыға барлық уақытта нақтылы жақты болып келетін сөйлемдер жатқызылды.

Екі құрамдылар баяндауышының жасалуы негізінде: етістікті, зат есімді, сын есімді, сан есімді т.б. бөлінеді.

Бұлай бөлудің (бір құрамды, екі құрамды, жақты-жақсыз т.б.) басты өлшемі ретінде «жақтылық»-«жақсыздық» белгісі негізге алынады. «Жақтылық» деп бұл жерде бастауыш қызметінде атау септік тұлғадағы зат есім (не заттанған басқа сөздер) жұмсалуды түсініледі. Мұндай түсініктің аржағында, әрине, есім-етістік типтегі сөйлемнің тілде жиі жұмсалатыны, осындай сөйлемнің грамматикалық жүйеде негізгі екені жатыр. Бұндай түсінікке әріден келе жатқан логика-грамматикалық теориялардың әсері болды. Және атау септікті басқа септіктерге синтаксистік тұрғыдан қарама-қарсы қою да бар. Сөйтіп, бастауыш туралы синтаксистік, морфологиялық және семантикалық белгілердің қарым-қатынасын ауыстырып жіберген, предикативтік белгінің иесі туралы оның әртүрлі формада тұратынын ескермейтін біржақты, тар түсінік қалыптасты.

Сөйлемнің бас мүшелерін (барлық мүшелерін де) анықтаудың мықты өлшемдері қалыптаспады. Ол өлшемдер не жеткіліксіз, не бір-біріне қарама-қарсы болды. Алдымен бастауыштың негізгі екі белгісі – морфологиялық белгі мен құрылымдық-мағыналық белгі қарама-қарсылыққа түсті: морфологиялық белгі бастауышқа атау септік тұлғасын таңса, құрылымдық-мағыналық белгі – субъектілікті, предикативтік белгінің иесі болуды таңды. Ал шын мәнінде көптеген сөйлемдерде предикативтік белгінің иесі атаудан басқа септік тұлғаларында тұра береді. Мысалы:

Мен барамын; Менің баруым керек; Маған бару керек; Онда (сенде, менде) қалам бар; Менде кітап көп.

Морфологиялық белгісі жағынан болмаса, жоғарыдағы «менің», «маған», «менде» сөздерін предикативтік негізді анықтайтын, толықтайтын мүшелер деуге болмайды. Құрылымдық-мағыналық жағынан олар предикаттық белгінің иесі болу қызметінде тұр (әрине, синтаксистік тұрғыдан предикаттың тәуелдік жалғау тұлғасы ілік септігін, тұйық етістік тұлғасы барыс септігін керек етіп тұр. Егер баяндауыш жіктік жалғауында тұрса ғана соңғысы толықтауыш болады: «маған келеді»).

Жоғарыдағы сөйлемдерде «маған», «менің», «менде» сөздерін де бас мүше қызметінде жұмсалып тұр деп қарауға толық негіз бар. Олар өзінің белгісін білдіретін екінші бас мүшемен предикативтік байланысқа түседі.

Осы тұрғыдан, біздің жақсыз сөйлемге жатқызып жүргендеріміз жақты, екі құрамды болады, өйткені оларда предикативтік белгінің иесі – субъект бар. Ешқандай іс істі істеушісіз өтуі мүмкін емес. Тек болмыс-құбылыстың, ортаның, табиғаттың жай-күйі ғана жағы жоқ құбылыс, үдеріс бола алады. Мысалы: *Ымырт үйіріліп келеді. Қараңғылық (қараңғылық түсті). Таң атты.* Бірақ мұндай сөйлемдер тілімізде көп емес.

Ал мына сөйлемдер жақты (жағы бар): *Менің ұйқым келмеді. Маған ұйқы (ұйықтау) жоқ. Оған қорқынышты.* Бұлардың субъектісі атау тұлғада тұрғандардан айырмашылығы – тек семантикалық-грамматикалық мағыналарында: олар іс субъектінің еркімен болды ма, жоқ еркінен тыс болды ма, тек осы жағынан ғана ерекшеленеді.

Мен ұйықтамаймын – Маған ұйқы жоқ.

Мен ауылға бармаймын – Маған ауылға бару жоқ.

Бір құрамдының «белгілі жақты» деп жүрген түріне келетін болсақ («Сүйемін сені»), ол бұрын бастауышы түсірілген толымсыз сөйлем деп, кейінгі зерттеулерде (Ж.Садуақасов) бір құрамды сөйлем деп каралып жүр.

Шындығында, бұлар – арнайы бір құрылымдық тип емес, екі құрамды сөйлемнің контекстік немесе стилистикалық нұсқасы ғана. Оларда берілген іс белгілі бір адамның атынан атқарылады. Ол адам айтылмаса да, жіктік жалғау соған нұсқайды және қажет кезде ол айтылады да.

Ал «белгісіз жақты» деп жүрген сөйлем түрлеріне келсек, олар да әрдайым біреудің ісін хабарлайды, бірақ іс істеушінің аты не белгісіздіктен, не керек еместіктен айтылмайды. Әрдайым үшінші жақта болады, қажет болған жағдайда ол белгіленеді де: *Жерді соқамен жыртады – Біздің жақтағылар жерді соқамен жыртады.*

Осыған байланысты белгісіз жақты сөйлемдер де бір құрамды сөйлемнің бір құрылымдық типі емес, ал үшінші жақтағы субъектінің іс-әрекетін жеткізуші екі құрамды сөйлемнің коммуникативтік-стилистикалық

нұсқасы болып табылады. Мына мысалдарды қарастырайық: *Кітапты оқыды/ Кітап оқылды. Үйге кетті/ Үйге жіберілді. Бұл жерде ағаш сатады/ Бұл жерде ағаш сату ұйымдастырылған/ Бұл жерде ағаш сатылады.* Бұлардың барлығына да белгісіз жақтылық мән тән (жіктік жалғау формасында тұрса да, ырықсыз етіс формасында тұрса да – бәрібір).

Салыстырыңыз:

Асқар кітап оқыды – нақтылы жақты (белгілі).

Кітапты оқыды – белгісіз жақты.

Кітап оқылды – белгісіз жақты.

Айтылғандардан шығатын қорытынды: белгісіз жақтылық мән бастауышты алып тастау арқылы жасалмайды, ал әртүрлі позициядағы, соның ішінде бастауыштық позициядағы да істің субъектісін (агенсті) жою арқылы жасалады.

Жалпылама жақты сөйлемдерде де айтылмаған субъектінің орны айтылып толықтырылуы мүмкін. Мысалы: *Атаңа не істесең, алдыңа сол келер. Сен атаңа не істесең, сенің де алдыңа сол келеді.*

Бірақ субъектіні орнына қойып сөйлеудің қажеті шамалы, өйткені екінші жақ жіктік жалғауының өзі соны білдіреді. Сонымен қатар жалпылама жақтық мән тек 2-жақ жіктік жалғауына тән емес. Ол, тіпті, 2 жақ жіктеу есімдігіне де тән емес, ол тек басқа біреуді өзінің айтқанына ортақтастырудың амалы ғана, яғни белгілі бір сөйлеу тәсілі. Жалпылама мәнді білдірудің басқа да амалы бар. Мысалы: *«Атақ-даңқты көксем, кейде біз бұрыс жолмен кетеміз?» «Сақырлаған суықта қардың үстімен жүру, өткір суық ауаны жұту, таза, суық көкшіл аспанды қызықтау... қандай керемет!»* Бірінші сөйлемде жалпылама жақтық мән бірінші жақтың көпше түрі арқылы, соңғы сөйлемдерде синтаксистік құрылым арқылы берілген.

Сонымен, жоғарыда айтқандарды қорытқанда, белгілі-жақты, белгісіз-жақты, жалпылама-жақты сөйлемдер бір құрамды сөйлем түрлеріне жатпайды. Оларда жақты білдірудің үш нұскалық мәні, субъектіні (іс істеушіні) берудің үш тәсілі іске асырылған. Оларда субъект айтылуы да, айтылмауы да мүмкін, айтылмағанның өзі жоғарыдағы жақтық мәнің 3 түрінің біреуін білдіретіндей синтаксистік мәнділікке ие. Демек, жоғарыдағы үш сөйлем түрі – жақтық мәнді білдірудің үш тәсілі. Олар тек атау тұлғадағы есім сөздің жоқтығынан ғана бір құрамдыға жатқызылған, бірақ құрылымдық мәні жағынан – екі құрамды.

Сөйлемдегі жақсыздық, белгісіз жақтылық, жалпылама жақтылық белгілері бір-біріне қарама-қарсылықта тұрмайды, олар қосақталып бірінің үстіне бірі жамала беруі мүмкін. Мысалы, *«Қорқынышты», «Ұйқы жоқ»* ... деген сөйлемдерде жалпылама жақтық мән де бар (субъектінің жағдайы тұрғысынан), жақсыздық мән де бар (субъекті мен оның жағдайы арасындағы қатынастың сипаты тұрғысынан).

Сонымен, бір құрамды деп бөлінген сөйлемдердің түрлері бір-бірімен сәйкеспейді, олар қатарлас емес, олардың мәндері бір негізде емес, әртүрлі негізде анықталады.

Бір құрамды сөйлемдердің енді бір түрі деп саналып жүрген атаулы сөйлемдерді кейбір ғалымдар белгілік мәнге ие, ал ол белгінің (жағдайдың) иесі – сыртқы орта деп қарайды. Бірақ мұндағы болмысқа қатыстылықты жалпы сөйлем атаулыға тән модальділік, шак, жақ, предикативтік санаттары арқылы берілетін шындыққа қатыстылықпен бірдей деп қарамау керек. Предикативтілік сөйлем мазмұнының болмыспен жалпы қатынасын белгілейді. Ал атаулы сөйлемдегі болмысқа қатыстылықтың мәні предикативтік белгіні айтушы арқылы дәл қазіргі, осы кездегі, дәл осы жердегі қабылдау болып табылады (Әрине, атаулы сөйлемдегі предикативтік мазмұн да шындықпен модальдік, шак, жақ санаттары арқылы жалпы түрде қатысады).

«Аяз» немесе «Тымырсық» дегенде, күннің, ауаның (ортаның) жағдайы сипатталады. Салыстырыңыз: *Дала аяз. Күн тымырсық.*

«Елсіз, сусыз дала. Шөл» дегенде, сипатталып тұрған сол жердің жағдайы айтылады. Салыстырыңыз: *«Бұл жер елсіз, сусыз». «Бұл жер – шөл».*

Демек, қажет жағдайда белгінің, жағдайдың иесін сөйлемде өз орнына қоюға болады. Осыған қарап, атаулы сөйлемдерді де екі құрамды деуге болады.

Нақты заттардың барлығын білдіретін атаулы сөйлемдерді де екі құрамды деуге болады. Өйткені ол заттардың «барлығы» солар орналасқан іс-қимыл өтетін жердің предикативтік белгісі (сипаты) деуге болады.

«Диван, екі кресло, орындықтар», яғни: *«Бөлмеде диван...». «Вокзал басы. Ығы-жығы халық».* Салыстырыңыз: *«Вокзалда көп халық». «Вокзал халыққа толы».*

Тек орын мен мезгілді білдіретін атаулы сөйлемдер іс өтетін орын мен мезгілдің жалпы ұғымын нақтылауға, анықтауға қызмет етеді. Мысалы: *1916 жыл. Күз... Мұның мағынасы: оқиға өтетін кез – 1916 жыл, күз.*

Немесе: *«Сталинград. Волганың үсті... Мұның мәні: Оқиға өтетін жер – Сталинград, Волганың үсті...».*

Сонымен, жоғарыдағы талдауларды ескерсек, бір құрамды сөйлемдер тілде жоқ болып шығады, жоғарыдағы бір құрамды делініп жүрген сөйлемдер предикативтік белгі мен оның иесін бөлшектеп бейнелейтін құрылымдар болып шығады.

«Субъектісіз бір құрамды» делініп жүргендер өздерінің шынайы құрамы жағынан субъектілі, жақты, екі құрамды құрылымдар болып табылады, олар нақтылы жақты екі құрамдылардан тек субъектісінің тұлғасы жағынан ажыратылады: атау септікте емес, басқа ілік, барыс, жатыс септік тұлғаларында тұрады.

Толымсыз сөйлемдердегі әртүрлі сөйлем мүшелерінің айтылмауын қандай жағдай туғызса, субъектінің айтылмауын да сондай жағдай туғызады: контекстік, ситуациялық басы артықтық, керексіздік, сөйлеушінің өзінен алшақтату немесе жалпылау мақсатынан туындайтын коммуникативтік-стилистикалық тәсілдер.

Жоғарыдағы сөйлемдерді екі құрамды деп тану олардың синтаксистік мәртебесін анықтауды, екі құрамдылар ішінде алатын жүйелік орнын белгілеуді қажет етеді. Субъектісі аталмаған ол сөйлемдердің кейбірі екі құрамды сөйлемдердің қолданымдағы (сөйлеудегі) көрінісі болады, өйткені олардың құрылымы белгілі бір тұлғадағы субъектілік компонентке орын сақтайды: *(Бізге) Жүретін уақыт болды. (Үйде) Тымырсық.* Олардың кейбірі екі құрамды субъектілі сөйлемдердің коммуникативтік-стилистикалық нұсқалары болады. Олар екі құрамды негізгі модельдерге өздерінің жеке, арнайы мағыналарымен қарсы тұрады.

Сонымен, егер субъектіні белгілі бір модельдерде белгілі бір септік тұлғалары арқылы көрінетін, белгілі тұлға мен мағынадағы предикатпен байланысқа түсетін предикативтік белгінің иесі деп түсінсек, тілде субъектісіз сөйлем болуы мүмкін емес. Ендеше субъектілік пен субъектісіздікті қарама-қарсы қою сөйлемдерді топтастырудың мәнді белгісі бола алмайды.

Алайда субъектілік ұғымы сөйлемдерді жіктеуге көмектеседі: сөйлем типтері жақтық (жекелік, адамзат) субъектілі және заттық-субъектілі болып бөлінеді.

Олар, біріншіден, субъекті мен оған сәйкес келетін предикаттың әр түрлі категориалдық-грамматикалық тұлғасы арқылы берілетін типтік мағыналарының сипатымен, екіншіден, олардағы жіктік парадигмасының бар – жоқтығымен ажыратылады. Жақтылы – субъектілі сөйлемдерде субъекті үш жақта да айтыла алады, ал заттық – субъектілі сөйлемдер тек 3-жақта айтылады. Тек жақтылы-субъектілі сөйлемдердің негізінде ғана олардың «белгілі жақты», «белгісіз жақты» және «жалпылама жақты» мәндердегі коммуникативтік-стилистикалық нұсқалары пайда бола алады.

Жақтық және заттық субъектілерді қарсы қоюға келмейтін модельдер де бар: *Алматы әдемі – Бала әдемі.* Олардың айырмашылығы жіктік тұлғаларының парадигмасының бар-жоқтығымен өлшенеді.

Жалпы, белгілі жақтылық, белгісіз жақтылық, жалпылама жақтылық – субъектінің әртүрлі көріну тәсілдері, нақтылы субъектінің нұскалық қатарлары болса, жақсыздық предикативтік белгі мен оның иесінің арасындағы қарым-қатынасты белгілі бір көзқарас тұрғысынан сипаттау болып табылады.

Жақсыздық – іс-жайдың еріксіздігін, субъектінің еркінен тыстық мәнін білдіреді. Ол баяндауыштың ерекше формалары арқылы беріледі

(етістік баяндауыштар күрделі болады, жақтық парадигмаға ие болмайды; есім баяндауыштар күй-жайды білдіретін сөздер болады (*маған қиын*), күй-жайды білдіретін тұрақты тіркестер болады (*мұртын балта шаппайды*). Жақсыздықты осылай түсінсек қана, әдетте, жалпы бастауышсыздық белгісі бойынша біріктіріліп жүрген әртүрлі құрылымдық модельдерді жіктеп топтастыруға болады.

Сөйлем құрылымында оның болмыспен байланысын жүзеге асырушы, мәндік және белгілік компоненттерін нақтылы-типтік тәсілмен бейнелейтін, табиғатынан қос мүшелі дыбыстық ойлау актісі көрініс табады.

Нысанының негізгі, мәнді белгілерін екінші дәрежелі белгілерден ажырата білу керек. Сөйлемнің компоненттік құрылымы зат, құбылыстың мәнді табиғи болмысын бере алады, сөйлемнің өзінің өмір сүруін, коммуникативтік қызмет атқаруын қамтамасыз етеді. Оған қарағанда, атау тұлғадағы бастауыштың болу-болмауы сөйлемнің көптеген үлгілері үшін мәнді белгі бола алмайды (жалпылық сипатқа ие бола алмайды). Сөйлемнің субъектілік компонентінің атау тұлғадағы бастауыштан басқа да, тіпті, одан да сенімді формалды-грамматикалық белгілену (тұлғалану) жолдары бар: оған сөз таптарының категориалдық мағыналары және олардың сөйлемдердің негізгі типтік мағыналарына сәйкестігі жатады: 1) заттың іс-әрекеті туралы хабарлайтын болсақ, предикат қызметінде етістікті пайдаланамыз; 2) заттың белгі-сапасы туралы хабарлайтын болсақ, предикат-сын есімді пайдаланамыз; 3) заттың санын хабарласақ – сан есімді; 4) адамның не заттың күй-жайын хабарласақ – предикат-сынды пайдаланамыз т.т.

Тілдегі сөздер объективті шындықтың құбылыстары мен қатынастарын, соған сәйкес адамзат ойлауының санаттарын бейнелейтіні белгілі. Олар морфологиялық, синтаксистік, семантикалық белгілеріне қарай сөз таптарының әртүрлі топтарын құрайды. Әр сөз табының (негізгі) категориалдық мағынасы, басқаша айтқанда, семантикалық белгісі шындық әлемнің негізгі санаттарының бірінің мағынасын береді: заттық мағына, іс-әрекеттік мағына, белгі-сапалық мағына, сандық мағына т.б.

Сөйлемдегі баяндауыштың категориалдық-морфологиялық түрлері өз бастауыштарымен бірлікте белгілі бір құрылымдық-мағыналық мазмұнға ие сөйлем түрлерін (модельдерін) құрайды. Сөйлем үлгісін анықтауда сөйлемнің предикативтік белгісінің тілдік бейнелеу ерекшелігін басшылыққа алу шындық болмыстың белгісінің сипатына және ұлттың тілдік санада оларды санаттарға бөлуге сәйкес келеді. Осы тұрғыдан сөйлемнің негізгі үлгілері мынадай:

1. Етістікті сөйлемдер. Олардың өз ішіндегі түрлері:

а) заттың іс-әрекетін хабарлаушы: *Егінші егін егеді; Сауыншы сиыр сауады; Етікші етік тігеді; Ұшақ ұшады.*

Мұндай үлгідегі сөйлемдерде іс-әрекеттің мағынасы етістіктің категориалдық-семантикалық ерекшелігіне қарай одан әрі нақтыланады: нақты іс-әрекет, ойлау-сөйлеу түріндегі іс-әрекет, т.б.

ә) заттың күй-жайын хабарлаушы: *Жеміс ағаштары гүлдеді; Оның ұйқысы келді; Ата-ана алаңдаулы.*

б) ортаның күй-жайын хабарлаушы: *Ымырт үйірілді; Боран үдеді.*

2. Сын есімді сөйлемдер (заттың белгі-сапасын, жағдайын хабарлаушы): *Оның денсаулығы жақсы; Күн ашық; Үйдің іші кең, үлкен.*

3. Зат есімді сөйлемдер: *Билет қалтада; Мектеп үйдің жанында; Қасқыр – жыртқыш аң; Түн. Вокзал басы.*

4. Үстеулі сөйлемдер: *Емтихан – бұгін; Африка – алыста; Орманда тыныш; Оның жүрісі төтен.*

5. Сандық мағынаға не сөйлемдер (заттың сан-мөлшерлік сипатын білдіреді) : *Біз үшеуміз; Олар көп.*

Әрине, жай сөйлемдерді бұлай топтау әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді. Алайда сөйлемнің мазмұны мен оны бейнелеуші тілдік құралдардың сәйкестігі жағынан бұлай жүйелеудің қисыны бар.

2.3 Жай сөйлем құрамындағы бірліктер (сөйлем мүшелері)

2.3.1 Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері

Жай сөйлем құрылымына қарай екі негізді және бір негізді болып бөлінеді.

Екі негізді жай сөйлемнің предикативтік негізі тұрлаулы мүшелердің – бастауыш пен баяндауыштың тіркесуінен жасалады. Бір негізді жай сөйлемнің предикативтік негізі бір ғана тұрлаулы мүшеден тұрады. Мысалы: *Ай жап-жарық болып тұр* (екі негізді сөйлем). *Жарқыраған ай* (бір негізді сөйлем).

Бастауыш пен баяндауыш – екі негізді жай сөйлемді құрайтын бас мүшелер.

Тіл туралы зерттеулерде бастауышты субъект, баяндауышты предикат деп қолдану дәстүрі орын алған. Бірақ субъект пен бастауыш, предикат пен баяндауыш үнемі сәйкес келе бермейді. Мысалы: *Ағамның Астанада тұрғысы келеді.* Сөйлемдегі субъект – ағам. Бірақ ол сөйлемде анықтауыш қызметінде жұмсалған.

Сөйлемнің бастауышы мен баяндауышын танудағы қиындықтар. Логикалық бастауыш және логикалық баяндауыш ұғымы. Бастауыш пен баяндауыштың өзіне тән белгілері нақтыланып, олардың сөйлем мүшелері жүйесіндегі алатын орны айқындалса да, сөйлемді

сөйлем мүшелеріне талдауда қиындықтар кездеседі. Ол қиындық бастауышқа тән негізгі белгілердің бірі – оның субъект атауымен байланысты. Субъект – баяндауыш арқылы айтылған қимылдың не басқа сапаның иесі. Логикалық тұрғыдан бастауыш-субъект, баяндауыш-предикат болады да, сөйлемнің предикативтілік негізін осы екі мүше құрайды.

Синонимдес сөйлемдерді салыстырайық: *Інім ауылдан қазір келді. Інімнің ауылдан келгені – қазір.*

Бірінші сөйлемнің субъектісі мен бастауышы сәйкес – інім. Баяндауышы – келді. *Келді* – субъектінің әрекеті, пікірді тиянақтап, аяқтап предикат ретінде жұмсалған. Ал екінші сөйлемде *келді* басқа форма алып (*келгені*) күрделі бастауыштың құрамына енген де, сөйлемді тиянақтап, баяндауыш қызметіне *қазір* сөзі жұмсалған. Екінші сөйлемнің бастауышына сұрақ қою да қиын. Баяндауыштан кері сұрақ қою арқылы ғана сұрақты былай шамалап қоюға болады: *қазір болып жатқан не?* Осы сөйлемнің бастауышы – *інімнің ауылдан келгені*, баяндауышы – *қазір* екенін бастауыш – «тема», баяндауыш – «рема» деген белгілерге сүйеніп, дәлелдей аламыз. Яғни бастауыш – «тема»: ақпараттың не туралы екендігін, баяндауыш – «рема»: бастауыштағы айтылған ойдың қалай аяқталғаны, өрбитіні. Қазақ тілінде баяндауыштың орны – актуалды, сөйлеуші нені маңызды деп есептесе, осы позицияға шығарады [27, 123 б.]. Демек, екінші сөйлемдегі тыңдаушының назарын аудартатын ақпарат әрекеттің қашан болғандығы, сондықтан *қазір* сөзі баяндауыш болып, пікірді аяқтап тұр. Ал сөйлемді басқаша құрасақ: *Ауылдан қазір келген – інім.* Осы сөйлемдегі әрекеттің субъектісі (иесі) – *інім*. Бірақ ол сөйлемге бастауыш қызметінде емес, баяндауыш қызметінде еніп тұр. Оның баяндауыш қызметін алуына екі себеп бар: 1) сөйлемді аяқтап, предикат ретінде кіріп тұр; 2) сөйлемнің «рема» бөлігіне орналасып, жаңа, негізгі ақпарат ретінде қатысып тұр. Бұл сөйлемнің бастауышы да күрделі – *ауылдан қазір келген*. Сұрағы: «інім кім?» (ауылдан қазір келген (адам)).

Бұдан шығатын қорытынды – сөйлемдегі субъект үнемі бастауыш қызметінде жұмсала бермейді, актуалдап сөйлегенде, пікірді жеткізу құрылымына қарай баяндауыш та болады.

Келесі сөйлемдерді салыстырайық: *Інім оқуға түспекші. Інімнің оқуға түскісі келеді.* Бірінші сөйлемнің бастауышы – *інім*, баяндауышы – *оқуға түспекші*. *Інім* – логикалық субъект, әрекет иесі; сұрағы «кім?», *оқуға түспекші* – логикалық предикат, пікірді тиянақтап тұр, сұрағы: «не істемекші?».

Ал екінші сөйлемдегі (*Інімнің оқуға түскісі келеді*) логикалық субъект – әрекет иесі – *інім*, бірақ ол грамматикалық бастауыш бола алмайды, себебі сұрағы – *кімнің?* – анықтауыштікі. Логикалық предикат – *оқуға түскісі келеді* ойды тиянақтап, «ремалық» бөлікте жаңа ақпарат беріп тұр, яғни баяндауыш. Осы сөйлемдегі *інімнің* сөзі сөйлемнің бастапқы

(бастауыш «тема» бөлігіне) бөлігіне орналасып, сөйлемде айтылған әрекеттің (оқуға түскісі келгеннің) субъектісі болса да, грамматикалық жағынан бастауыш бола алмайды, сондықтан ол сөйлемнің логикалық бастауышы болады. Логикалық бастауыш деген ұғым қазіргі тіл білімінде қолданылып жүр, әрі ол лингвистикалық сөздікте логикалық субъект деп беріледі. Сөздікте логикалық бастауышты екі тұрғыда түсіндіреді: а) бастауыштың бірнеше сөзден құралып күрделі бастауыш болуы: («тема» - бастауыштық топтың тұтасып бастауыш болуы) *Адал еңбек бақытқа жеткізеді*. Сөйлемнің бастауышы – *адал еңбек*; ә) жанама септік формалы сөздің бастауыш болуы: *Оның кеткісі келеді. Оған кету керек*. Екі сөйлемнің де субъектісі – ол, логикалық жағынан бастауыш, бірақ бірінші сөйлемде ілік септігіндегі анықтауыш қызметінде, екінші сөйлемде барыс септігіндегі толықтауыш қызметінде жұмсалған [28, 68 б.].

Бастауыш – грамматикалық ұғым. Субъект – логикалық ұғым. Сондықтан да бұл екі атау үнемі сәйкес келе бермейді. Сөйлемнің бастауышын табуда бастауыш белгілерінің ішіндегі грамматикалық белгісі – атау тұлғасында тұруы және сөйлемдегі орны негізге алынады. Ал *Ауылдан қазір келген – інім* сөйлеміндегі *ауылдан қазір келген* тіркесінің бастауыш болуы логикалық бірінші тұрғыдан карағанда: бірнеше сөз тіркесіп («тема» - бастауыштық топ), бастауыштың орнында, атау тұлғасында, шартты түрде *кім?* сұрағына жауап бергендіктен.

Тіл білімінде логикалық баяндауыш – логикалық предикат ұғымы да бар [28, 169 б.]. Ол да екі жақты түсіндіріледі: бірінші, баяндауыштық топтағы сөздердің бәрінің бірігіп («тема» - баяндауыш) күрделі баяндауыш болуы: *Бейнет көрмеген, зейнет көрмейді*. Бұл сөйлемнің бастауышы да, баяндауышы да логикалық: логикалық бастауыш – *бейнет көрмеген*, сұрағы – *кім?*

Логикалық баяндауыш – *зейнет көрмейді*, сұрағы – «кайтеді?». Әр негізгі мүшені даралауға келмейді.

Ал лингвистикалық сөздікте көрсетілген логикалық баяндауыштың екінші түрі – грамматикалық (синтаксистік тұлғасы) тұлғасы жағынан баяндауыш бола алмайтын логикалық баяндауыш дегені қазақ тіл білімінде кездеспейді.

Баяндауыштық тұлғалар жіктік жалғау, тәуелдік жалғау, иелік (-нікі) форма, жатыс септігі, нөлдік тұлғада келеді. Бірақ осы тұлғалардың жіктік жалғаудан басқасы сөйлемнің басқа мүшелеріне де тән. Тәуелдік жалғаулы, иелік формалы, жатыс жалғаулы немесе нөлдік тұлғадағы сөздің сөйлемде қандай мүше болып жұмсалғанын ажырату үшін ол сөздің сөйлемдегі позициясына және предикативтілігіне назар аудару керек. Салыстырайық: *Мынау – менің бөлмем. Менің бөлмем – мынау. Менікі – мына бөлме. Мына бөлме – менікі. Ата-анам ауылда. Ауылда достарым көп. Асан – менің досым. Менің досым – Асан.*

Сонымен, сөйлемдегі негізгі мүшелерді дұрыс табу үшін: *бірінші*, сөйлемді аяқтап тұрған предикат мүше баяндауышты табамыз; *екінші*, баяндауыштан кері сұрақ қою арқылы бастауышты табамыз; *үшінші*, ол екеуін қатар алып (тіркестіріп) пікір білдіре алатындығын тексереміз; *төртінші*, олардың орналасу тәртібін (позициясын) ескереміз; *бесінші*, олардың грамматикалық тұлғасын ескереміз.

Бастауыш. Бастауыштың өзіне тән белгілері

Бастауыш – екі негізді сөйлемдегі бас мүшенің бірі. Сөйлемде айтылған ойға негіз болатын, баяндауыш арқылы айтылған қимылдың не басқа сапаның иесі болатын мүшені бастауыш дейміз.

Сөйлемнің құрылымдық-семантикалық компоненті ретіндегі бастауышқа тән белгілер мыналар:

- 1) сөйлемдегі бас мүше;
- 2) құрылымдық жағынан басқа мүшелерге тәуелсіз;
- 3) сөйлемде атау септігі тұлғасында қолданылады;
- 4) сөйлемдегі орны – баяндауыштың алды;
- 5) айтылған ойдың, қимылдың субъектісі (иесі);
- 6) сөйлемге «тема» ретінде катысады.

Әр түрлі оқу құралдарында бастауышқа тән белгілердің бірі ретінде оның сұрақтары да көрсетіледі. Бірақ бастауыштың негізгі сұрақтары ретінде саналатын *кім? не?* сөйлемде басқа мүшелерге де қойылады. Мысалы: *Інім – оқушы. Кім оқушы? Інім кім?* Сөйлемнің бастауышының да, баяндауышының да сұрағы - *кім? Гүлнұр гүл екті. Гүлнұр не екті? Не сұрағы* сөйлемдегі толықтауыш мүшеге қойылады. Сөйлемде *кім? не?* сұрағына жауап беретін сөзді бастауыш деп тану үшін бастауышқа тән негізгі белгілерді ескеріп отыру қажет.

Бастауыштың жасалу жолдары. Бастауыш қызметінде жеке сөз, сөз тіркесі, тіпті сөйлем де жұмсала алады. Бастауыш қызметінде жұмсалатын сөздер атау септігінің нөлдік, көптік және тәуелдік жалғауымен келеді. Бастауыш қызметінде ең көп жұмсалатын сөз таптары – зат есім мен есімдік. Себебі бастауыш сөйлемдегі ойдың негізі болады десек, сол негізгі ой заттар арқылы көрінеді. Ал есімдіктер – олардың орнына қолданылатын сөздер. Сөйлемде бастауыш қызметінде басқа сөз таптары да жұмсалады. Сонымен, бастауыш қызметінде жұмсалатын сөз таптары мен сөз топтары мыналар:

- 1) зат есімдер;
- 2) есімдіктер;
- 3) субъективтенген сын есімдер;
- 4) сан есімдер;
- 5) түрленбейтін сөз таптары (үстеу, шылау, т.б.);
- 6) есімше мен қимыл есімі;

7) сөз тіркесі мен тұрақты тіркестер.

Зат есімнің бастауыш қызметінде жұмсалуды. Зат есімнің барлық түрі (жалқы есім, жалпы есім, деректі, дерексіз зат есімдер) атау септігі тұлғасында бастауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Раушан қалтырап тұр, өкпесі аузына тығылып сөйлеуге ерік бермейтін секілді* (Б.Майлин). *Шырылдап ұшқан бозторғай үй үстіндегі аспанға ілініп, қадалып тұр* (М.Әуезов). *Батырлық майданда сыналады, Ақылдылық ашу үстінде сыналады* (Мақал).

Зат есімдер көптік және тәуелдік жалғауымен келіп те бастауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Жауынгерлер ақ қар, көк мұз аязды күндер мен түндерді елемей жүріп келеді* (С.Бакбергенов). *Жақсының ісі менен аты өлмейді, тарихта жазып кеткен хаты өлмейді* (Мақал).

Есімдіктердің бастауыш қызметінде жұмсалуды. Есімдіктердің әрбір тобының бастауыш қызметінде жұмсалуды дәрежесі әртүрлі: жіктеу, өздік есімдіктері бастауыш қызметінде сол қалпында, молынан жұмсалса, басқа есімдіктер (сілтеу, сұрау, жалпылау, белгісіздік, болымсыздық есімдіктері) заттанып, бастауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Мен ертең сөз өзіме тие қалғанда, сіз жіберген қатені қайталамаймын* (С.Бакбергенов). *Құлыным-ау, сен отыра тұрсаңшы* (Д.Исабеков). *Ол той өткен соң-ақ үй-ішінің тірлігіне араласып кетті* (Д.Исабеков).

Өздік есімдіктері тәуелдік жалғауымен келіп бастауыш қызметінде жұмсалуды бейім. Мысалы: *Басқа айыпты жоқ, өзім, өзім кінәлімін* (С.Бакбергенов).

Сілтеу есімдігінің бастауыш қызметінде жұмсалуды: *Бар бәлесінің алдын алуға дайындалып, тас түйін отыр едім, мынаушы күтпеген соққы болды* (Б.Әлімжанов).

Сұрау есімдігінің бастауыш қызметінде жұмсалуды: *Қане, кім қайда барады? Қайсың маған ересіңдер?* (Т.Әлімқұлов)

Жалпылау есімдігінің бастауыш қызметінде жұмсалуды: *Барлығы тыным таптай қимылдауда* (С.Ерубаев).

Белгісіздік есімдігінің бастауыш қызметінде жұмсалуды: *Жігіттердің бірсыпырасы жалт берді, кейбірі аттың жалынын құшты* (А.Байтұрсынов).

Болымсыздық есімдігінің бастауыш қызметінде жұмсалуды: *Әмірқандай әнді ешкім сала алмайды* (Ж.Аймауытов).

Есімдіктер өзара тіркесіп, күрделі бастауыш жасалуды: *Өй, ол өзі аузына берік, сөзге жоқ, тыңдаудан жалықпайтын адам* (Б.Әлімжанов).

Сын есімнің бастауыш қызметінде жұмсалуды. Сын есімдер табиғатында анықтауыш қызметінде жұмсалатын сөз таптары. Олар заттың түрлі сапасын, көлемін, сынын білдіретін сөздер. Заттың сындық сапа-

сын білдіретін сын есімдер ойды ықшамды етіп, аз сөзбен жеткізу керек болғанда, зат есіммен қатарласып тұрмай-ақ, дара күйінде қолданыла береді. Ондайда сын есімдердің сапалық мағынасы жойылмайды, олар сындық әрі заттық мағынада жұмсалады. Қазақ тілінде субстантивтеніп бастауыш болатын сын есімдер, көбіне, кісі туралы айтылған сөздер, мақал-мәтелде қолданылған сын есімдер. Мысалы: *Жақсы – ісімен жақсы* (Мақал). *Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар* (Мақал). *Есіктен салқын ауамен бірге үстіне қалың тон киген жұван қара кіріп келеді* (Т.Ахтанов). *Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар* (Абай).

Сан есімнің бастауыш қызметінде жұмсалуы. Сан есімдердің ішінде бастауыш қызметінде жұмсалуға ыңғайы барлары есептік, реттік, жинақтық сан есімдер. Мұндай сан есімдер ықшамдап сөйлеу кезінде өздері қатысты зат есімдерді түсіріп, бастауыш қызметінде жұмсалады. Есептік сан есімдер бастауыш қызметінде заттық мағынада, жас деген мағынада жұмсалады. Мысалы: *Жиырма бес маған тағы қайтып келді, сәлемін алтын күннің айтып келді* (Жамбыл).

Жинақтық, реттік сан есімдер бастауыш қызметінде көбінесе кісі туралы айтылған есімдер болады. Мысалы: *Оқын жүргенде екеуіміз сырласушы едік* (Б.Момышұлы). *Үшеуі келгелі айдан асты* (Ғ.Мұстафин). *Екеуіңіз бір жерден шықтыңыз* (Х.Есенжанов).

Есімше мен кимыл есімінің бастауыш қызметінде жұмсалуы. Заттық мағынаны білдіру арқылы бастауыш қызметінде жұмсалатын сөз таптарының бірі – етістік. Нақты айтқанда, етістіктің ерекше түрлері – кимыл есімі мен есімше. Олар етістікке тән семантикасын сақтай отырып субстантивтеніп, бастауыш қызметінде жұмсалады. Бұлардың ішінде есімшенің қызметі сын есімге ұқсас. Есімше бастауыш қызметінде жұмсалғанда оның бойында үш түрлі қызмет көрінеді: алдымен ол – кимыл, екінші кимылдың сапасы, үшінші кимылдың иесі – адам. Мысалы: *Жызылған – күреске тоймас* (Мақал). *Көрмес – түйені де көрмес* (Мақал). *Екі аразды табыстыратын да, айыратын да – арадағы кісі* (Б.Майлин).

Қимыл есімі (тұйық етістік) зат есім сияқты түрленеді, сондықтан зат есім сияқты синтаксистік қызмет атқарады, демек, бастауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Жақсы ойдың тууы қандай қиын болса, өлуі де оңай емес* (Ғ.Мүсірепов). *Тап тартысы күшейді, қазақ әдебиеті өркендей түсті* (Б.Кенжебаев).

Түрленбейтін сөз таптарының бастауыш қызметінде жұмсалуы. Түрленбейтін сөз таптары – үстеу, шылау, еліктеу сөз және одағайлар. Түрленбейтін сөз таптары да субстантивтеніп бастауыш қызметінде жұмсалады.

Үстеудің бастауыш қызметінде жұмсалуы. *Бүгін – мереке. Бәріміз колхоз клубына жиналды* (Б.Сокпақбаев).

Үстеудің заттанып келіп, атау септігінде, тәуелдік тұлғада бастауыш қызметінде жұмсалуды: *Еріншектің ертеңі таусылмас* (Мақал).

Айтылған ой мен сөйлемге негіз болса, шылау, еліктеу сөз, одағай да сөйлемде бастауыш бола алады.

Шылаудың бастауыш қызметінде жұмсалуды:

«Ғана» - шектік демеулік, «түгіл» - салыстырмалы демеулік (грамматикалық ереже).

Еліктеу сөздердің бастауыш қызметінде жұмсалуды: *Төргі үйдегілер көңілді. Болыс қарқ-қарқ күледі. Ал «мырс-мырс» - атышы жігіттің күлкісі* (С.Көбеев).

Одағайдың заттанып бастауыш қызметінде жұмсалуды: *Күн өткен сайын әттеген-айлары көбейіп барады* (С.Көбеев).

Сөз тіркестері мен түйдекті тіркестердің және тұрақты тіркестердің бастауыш қызметінде жұмсалуды. Сөз тіркесі, түйдекті тіркес және тұрақты тіркестер күрделі бастауыш қызметінде жұмсалады.

Түйдекті тіркестер құрамындағы сөздердің бәрінің не біреуінің лексика-семантикалық дербес мағынасы болмайтынын, олардың сол тобымен сөйлемде бір ғана мүше болатынын М.Балақаев атап көрсеткен еді. Тұрақты тіркестер де сол тобымен бір сұраққа жауап беріп, сөйлемде бір ғана мүше қызметінде жұмсалады.

Түйдекті тіркестердің бастауыш қызметінде жұмсалуды: *Жануарлар тегіс жанданып, құрт-құмырқаға дейін тірілді* (Ғ.Сланов). *Биіктен қарасаң, қала үсті көк түтін* («Ақ жол»).

Тұрақты тіркестердің бастауыш қызметінде жұмсалуды: *Олжаға иегі қышығандар құмалақ ашып, балгерлікпен әуреленеді* (Т.Әлімқұлов). *Белгібай қарттың қысыр әңгімесі жүрегін тас төбесіне шығарды* (Ғ.Мұстафин).

Баяндауыш. Баяндауышқа тән белгілер

Баяндауыш – бастауыштың ісін, кимылын білдіріп, сөйлемдегі ойды тиянақтайтын мүше. Ол бастауышқа бағынып, онымен жақ жағынан жекеше, көпше түрде үйлесіп айтылады (С.Аманжолов). Баяндауыш – предикативтілік іс-әрекетті, сапаны білдіретін сөйлем мүшесі (Р.Әмір). Баяндауыш бастауышпен предикаттық байланысқа түсіп, оның кимылын, іс-әрекетін, күйін білдіреді (Ә.Нұрмаханова).

Баяндауыш – сөйлемдегі бастауышқа бағынып, оның кимылын, іс-әрекетін, кім, не екенін, заттық, мекендік, сындық, сандық қасиеттерін білдіретін мүше (Т.Сайрамбаев).

Баяндауышқа берілген бұл анықтамалар бірін-бірі толықтырып отырады.

Сөйлемнің құрылымдық-семантикалық компоненті ретіндегі баяндауышқа тән белгілер:

- 1) сөйлемдегі негізгі мүше;
- 2) құрылымдық жағынан бастауышка бағынышты;
- 3) етістік, зат есім, сын есім т.б. сөз таптарымен келіп, жіктік тұлғада қолданылады;
- 4) сөйлемдегі қалыпты орны – сөйлемнің соңы;
- 5) логикалық предикатпен сәйкес;
- 6) сөйлемге көп жағдайда «рема» болып қатысады.

Баяндауыштың бұл белгілері сөйлем баяндауышын анықтауда негізге алынуы керек. Баяндауыш бастауышка бағынышты, дегенмен сөйлемді тиянақтау жағынан ол – басты тұлға.

Баяндауыштың сұраулары оның қай сөз табынан болғандығына, баяндауыш қызметіндегі сөздің тұлғалық ерекшелігіне байланысты қойылады. Мысалы: *Тасбұлақ өзенінің суы – мөлдір* (С.Омаров). Сұрағы – қандай? *Сіздікі дұрыс* (М.Әуезов). Сұрағы – қалай? *Әлдекімнің арт жағамыздан сыңқылдап күлген даусы естілгендей болды* (Б.Майлин). Сұрағы – қайтті?

Баяндауыштың түрлері. Баяндауыштың түрлері мағыналық және құрылымдық тұрғыдан жіктеледі. Мағыналық жағынан баяндауыштар етістік баяндауыш, есім баяндауыш болып бөлінеді. Етістік баяндауыш қимыл-әрекет пен қалыпты, есім баяндауыштар заттық, сындық, сандық сапаны, қасиетті білдіреді.

2-кесте. Баяндауыштың мағыналық түрлері

Баяндауыш	
етістік баяндауыш	есім баяндауыш
Ол <u>оқыды.</u>	Ол – <u>дәрігер.</u>
Ол <u>айтады.</u>	Бала <u>сүйкімді.</u>
Мен <u>алдым.</u>	Қазір <u>түс.</u>
Біз <u>барамыз.</u>	Сағат <u>екі.</u>

Баяндауыштың есім немесе етістік болып құралуы сөйлеушінің субъектінің әрекеті жайлы не оның сапасы жайлы айтқысы келгендігімен байланысты. Мысалы: *Бұлар – біздің курстың қыздары. Қыздардың төрт-бесеуі үздік оқыса, жеті-сегізі жақсы оқиды* (Ә.Нұршайықов).

Мағына мен оның берілу жолдары бір-бірімен тығыз байланысты: олар бір-бірін айқындайды.

Модальдық-шақтық мағынаның берілу жолына байланысты баяндауыштар дара, құрама және күрделі болып бөлінеді. Баяндауыштардың осылай бөлінуі **құрылымдық түрлері** деуге болады, себебі баянда-

уышты құрайтын сөз тұлғалар құрамы және саны жағынан әртүрлі болады.

3-кесте. Баяндауыштардың құрылымдық түрлері

Баяндауыш		
дара баяндауыш	құрама баяндауыш	күрделі баяндауыш
Мен келдім	Ол ән салды	Біз тыңдап отырмыз
Сен әдемісің	Сен естіген жоқсың	Бөлме іші ала көлеңке
Ол отызда	Біз құлақ түрдік	Бұл – ағамның бөлмесі

Дара баяндауыштар қызметінде негізгі етістіктер рай, шак, есімше, етіс формасында жіктік жалғауында келеді. Дара баяндауыш қызметіндегі зат есім мен сын есім де жіктік жалғауында, сан есім жатыс септігі мен жіктік жалғауында келеді.

Құрама баяндауыштар есімдер мен етістіктерден құралады. Құрама баяндауыштың негізгі сөзі көбінесе есім болады. Есім баяндауыштардың қызметін тиянақты ете түсіп, оларға шақтық, видтік, модальдық мағына қосу керек болғанда, олардан кейін әртүрлі көмекші етістіктер, модальдық сөздер айтылады [29, 140 б.]. М.Балақаевтың бұл пікірлеріне В.В.Бабайцеваның пікірі үндес келеді. Орыс тіліндегі сөйлем мүшелерін жан-жақты зерттеген ғалым құрама баяндауыштың екі түрін: құрама есім баяндауышты (составное именное сказуемое – *был сторожем*), құрама етістік баяндауышты (составное глагольное сказуемое – *начал учиться*) деп көрсетеді де, құрама баяндауыштар екі сыңардан (негізгі, көмекші сыңарлардан) тұратынын, құрама етістік баяндауыштағы көмекші сыңардың екі жақты қызмет атқаратынын: а) баяндауыштың сөйлемдегі мағынасын нақтылайтынын; ә) шақтық-модальдық мағына үстейтінін көрсетеді. Іс-әрекеттің басталуын, жалғасуын және аяқталуын көрсететін көмекші етістікті фазистік деп, іс-әрекеттің жасалу мүмкіндігін, қажеттігін, керектігін көрсететін көмекші етістікті модальдық етістіктер деп атайды [30, 122-123 бб.].

Құрама есім баяндауыштағы көмекші сыңардың да шақтық-модальдық мағына үстейтінін П.А.Леканттың және В.В.Бабайцеваның еңбектерінен көреміз. Авторлар құрама есім баяндауыштың негізгі компоненті – есім сөз, ол баяндауыштағы лексикалық мағынаны береді де, көмекші етістік грамматикалық мағына үстейді дейді [31, 37-38 бб.].

Орыс ғалымдарының құрама етістік баяндауыш, құрама есім баяндауыш деген құрылымына А.Ысқақовтың құранды етістіктен (айта бастады, келе жатыр, бере салды т.б.) құрама етістіктен (ән салды, қызмет қылды, еңбек етті) жасалған баяндауыштары сәйкес.

Жоғарыда келтірілген пікірлерден түйетініміз – құрама баяндауыштардың құрылымы толық мағыналы есім сөз бен көмекші етістік тіркесінен құралатындығы.

Бірақ құрама баяндауышты жасауға модаль сөздердің де қатысы болатынын, олар шактық мағына қосу үшін емес, модальдық мағына үстейтінін М.Балақаев атап көрсетіп, төмендегі мысалдарды береді: *Ағаштың басындағы тығыз бұйра, ал қара көк жапырақтар папақ тәрізді* (Ғ.Мұстафин). *Өзі бір тәжірибелі адам көрінеді* (Ғ.Мұстафин).

Құрама баяндауыш есім сөз бен тек көмекші етістіктің тіркесі болып қана құралмайтынына көңіл аударған – Т.Сайрамбаев етістік пен модаль сөзден, есім мен модаль сөзден құралған баяндауыштарды да құрама баяндауыш деп таниды, төмендегі мысалдарды келтіреді. *Художник неғұрлым көп білуге міндетті* (М.Әуезов). *Ол өз жүрегінің жұмбағын өзі шешуі керек* (З.Шашкин). *Шалқып жүрген еркенің еркесі тәріздімің* (М.Әуезов). *Ішіміздегі ширағымыз да, сергегіміз де өзің болдың* (М.Әуезов). *Бершіл бір жәрдем етпесе, өзгеден үміт жоқ секілді* (Ғ.Мүсірепов) [32, 108-109 бб.].

Етістік баяндауыштың да есім баяндауыштың да құрама және күрделі түрлері болатыны жайлы айтылған Е.М.Галкина-Федоруктың еңбегінде құрама баяндауышты жасауға қатысатын көмекші етістіктің екі түрлі қызметінің бірі предикатив мүшені бастауышпен байланыстыру, екіншісі баяндауыш болып тұрған етістіктен басқа сөз табына шактық мағына үстеу дейді [33, 141-155 бб.].

Осы еңбекте күрделі баяндауыш дегенге жеке тоқталмайды, күрделі құрама баяндауыш (сложное составное сказуемое) жайлы оның құрама баяндауыштан айырмашылығы ретінде екі компоненттен емес, үш немесе төрт компоненттен болатынын, құрама баяндауыштың бәрі үшінші компонентпен кеңейе бермейтіндігі айтылады [33, 174-175 бб.]. Бұл еңбекте құрама баяндауыш пен күрделі баяндауыштың аражігі ашылмаған.

В.В.Бабайцеваның еңбегінде күрделі баяндауыш деп дара және құрама баяндауыштың күрделенген түрін көрсетеді де, күрделі баяндауыштың етістік не есім баяндауыш деп аталуы негізгі сөздің есім не инфинитив болуына байланысты екені айтылады [30, 126-127 бб.].

П.А.Лекант баяндауышты құрылымына қарай екіге бөледі: дара (простое) және құрама (непростое, составное) баяндауыштар.

Баяндауыштардың осылай бөлінуі баяндауыш бойындағы нақты лексикалық және абстрактілі грамматикалық мағынаның берілуіне байланысты деп есептеген ғалым дара баяндауыштағы нақты лексикалық мағына мен абстрактілі грамматикалық мағына бір ғана сөз тұлғасымен немесе лексикаланған сөз тіркесімен беріледі де, құрама баяндауыштағы нақты лексикалық мағына бір сөз бен абстрактілі грамматикалық мағына екінші бір сөз тұлғамен беріледі деп, құрама баяндауыштың екі компонент-

тен құралатынын, негізгі компонент заттық сапаны білдірсе, көмекші компонент предикаттықты білдіретін грамматикалық формада тұрады дейді [31, 32-33 бб.].

Күрделі баяндауыш жайында М.Балақаев былай дейді: «Қазақ тілінде әлденеше етістіктер түйдекті топ құрып, баяндауыш қызметінде жиі кездеседі. Олардың көп құрамды болудағы баяндауыштық негізгі қызметі – кимыл процесінің құбылмалы реңктерін білдіру. Әлденеше етістік бір күрделі баяндауыш болғанда, оның біреуі ең негізгі болады да, қалғандары оған не біріне-бірі көмекші болады» [29, 125 б.]. Ғалым әрі қарай күрделі етістіктерден болған баяндауыштар әртүрлі құрамда айтылып, әртүрлі кимыл кезендерін білдіретіндігін төмендегі мысалдармен берген:

1. Қимылдың басталу кезеңі. *Зылиха шай құя бастады. Жақып сөйлей жөнелді* (Ғ.Мұстафин). *Коля кеткелі жатыр* (Ғ.Мүсірепов).

2. Қимылдың болып жатқан кезеңі. *Жарқыраған май күні шамылжып шұр* (М.Әуезов). *Жомарт тағы бірдеме үйретіп тұр. Қалует Баршагүлге күле сөйлеп келеді* (Ғ.Сланов).

3. Қимылдың аяқталған кезеңі. *Жолаушылар жүріп кетті. Ол айтып болды. Мақаланы кеше-ақ жазып тастадым.*

«Сөйтіп етістіктерден болған күрделі баяндауыштар негізгі және көмекші етістіктерден құралады, олар кимылдың әртүрлі кезеңін, шағын, модальдылығын білдіріп, сөйлемнің предикаттық мазмұнын түрлендіріп отырады» [29, 130 б.] – деп қорытындылайды.

Ғалымның есімдерден болған күрделі баяндауыштарға келтірген мысалына назар аударайық: *Бурабай тауының айналасы Асқардың алақанында* (С.Мұқанов). *Станция тау бөктерінде* (Ғ.Мұстафин). *Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы* (Абай).

«Бұл сөйлемдердің баяндауыштары күрделі. Күрделі деп танылатыны – олар сөйлемде айтылған ойға лайық күрделі қалпында бастауыштардың жайын баяндап тұр», - деген ғалым күрделі баяндауышты тануды былай түсіндіреді: «предикаттық топтағы есімдердің соңғы сөзі сөйлемде айтылатын ойға лайық бастауышпен қатар айтқанда, тиянақты мағынаны білдірсе, ол дара баяндауыш болады. Оның маңындағы сын есімдер, сан есімдер, есімшелер оның анықтауышы болады. Ал олай болмай, предикаттық топ түгелімен бастауыштың жайын хабарлап тұратын болса, олар күрделі болады» [29, 139 б.]. Төмендегі екі сөйлемді салыстырып көрсетеді: 1. *Ол мектепті биыл бітіретін оқушы.* 2. *Мына қыз – кедейдің қызы.* Бірінші сөйлемнің бастауышы – *ол*, баяндауышы – *оқушы*, ортадағы сөздер баяндауыштың маңындағы тұрлаусыз мүшелер. *Ол – оқушы* деп қатар қойғанда тиянақты ойды білдіріп, сөйлем бола алады. Ал екінші сөйлемдегі баяндауыш – *кедейдің қызы*. Изафеттік құрылыстағы сөздер өзара берік байланыста болғандықтан, бастауышқа сол матаса байланысқан тіркес тобымен қатысты болып тұр дейді.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері жайлы оқу құралын жазған Т.Сайрамбаев баяндауыштардың екі жағдайда күрделенетіні жайлы: біріншіден, әрбір сөз табының күрделі түрі арқылы; екіншіден, негізгі сыңары етістік және есімдерге көмекші етістіктің түйдектелуі арқылы жасалатыны оқу құралдарында көрсетіліп келе жатқандығын атап көрсетеді де, баяндауыштар тек көмекші етістіктердің тіркесуімен ғана күрделеніп қоймайды, оларды күрделендіруге басқа көмекші сөздер де қатысады деп төмендегі мысалдарды береді: *Нұржан келемеждеп жүрген сияқты* (З.Шашкин). *Айғайлап сөйлемесең қасымдағы кісімен шүйіркелесіп сөйлесу мүмкін емес* (О.Бөкеев). *Бақшадағы шат-шадыман сайранның ажары кіре түсу үшін менің үнім қосылу керек сияқтанды* (С.Мұқанов) [32, 123-127 бб.].

Ғалымдар пікірлеріне шолудан байқайтынымыз – құрама баяндауышпен күрделі баяндауыштың екі немесе одан көп сөздерден жасалатындығы, яғни құрамының дара еместігі. Бірақ олар неге екі түрлі аталады? Бұл сұраққа жауапты Б.Шалабайдың оқу құралынан табуға болатын сияқты: «Дара баяндауыштар бір сөзден жасалса, күрделі баяндауыштар күрделі етістіктерден, күрделі есімдерден жасалады; ал құранды баяндауыштар есім сөздер мен көмекші етістіктің тіркесінен, тұрақты сөз тіркесінен жасалады» [34, 64 б.].

Алайда, сұраққа жауапты нақты беру үшін морфологияға оралып, күрделі сөз бен аналитикалық формалы сөздің айырмашылығына сүйенеміз. Күрделі сөз толық мағыналы екі сөздің тіркесінен құралады, ал аналитикалық формалы сөз бір толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесінен құралады, деген пікірге сүйенсек, құрама баяндауыштың құрылымын жасайтын аналитикалық формалы сөз болады да, күрделі баяндауыш күрделі сөздерден жасалады. Рас, құрама баяндауыштың да құрамы, сыртқы көрінісі күрделі, бірақ оны құраушы компоненттер (ішіндегі сөздер) екі басқа: құрама баяндауыштар толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесінен, күрделі баяндауыштар кемінде екі толық мағыналы сөзден құралады. Мысалы: *Ол ауылға қайтты. Ол ауылға қайтып барады. Ол ауылға барып қайтты*. Бірінші сөйлемнің баяндауышы – дара етістік, екінші сөйлем баяндауышы – аналитикалық етістік, үшінші сөйлем баяндауышы – күрделі етістік.

Есім баяндауышты сөйлемдерге мысал: *Әсел – жасан-жасан. Өзі – әдемі қыз. Колледжде студент екен*. Үш сөйлемнің де баяндауышы құрылысы жағынан күрделі, бірақ бірінші сөйлем баяндауышы – аналитикалық сын есім, екінші сөйлем баяндауышы – толық мағыналы екі сөз, үшінші сөйлем баяндауышы – құрама (есім + көмекші етістік).

Қазақ тілші ғалымдары құрама баяндауыш атауын баяндауыш құрамындағы сөздердің әртүрлі сөз таптарынан құралуына байланысты айтса, орыс тілші ғалымдары баяндауыштардың екі сөзден құралуына, оның бірі баяндауыштың лексикалық мағынасын, екіншісі грамматика-

лық мағынасын беруі үшін тіркесіп құралуына байланысты атаған. Баяндауыштарды құрамы мен құрылысына қарай екіге бөліп, (дара және күрделі) құрама баяндауышты күрделі баяндауыштың ішкі мағыналық бөлінісіне жатқызған дұрыс. Күрделі баяндауышты құрайтын (бөліктер) компоненттер әртүрлі сөз табынан болса құрама күрделі баяндауыш болады да, компоненттер өзара іштей қысы байланысса (ішкі грамматикалық байланысы) күрделі үйірлі баяндауыш болады.

Баяндауыштың жасалу жолдары. Баяндауыш қызметінде барлық сөз таптары жұмсала береді. Дегенмен семантикасы жағынан осы қызметке бейім сөз табы – етістік. Етістік дара күйде, күрделі болып та, аналитикалық етістік болып та баяндауыш қызметін атқарады.

Баяндауыш мүше предикативтілікті білдіретін болғандықтан, ол қай сөз табынан жасалса да, шақтық мағынаны білдіруге тиіс. Өйткені шақтық мағына айтылатын оқиғаның болмысқа қатысын анықтайтын басты компонент. Осылай болғандықтан есім сөздер баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, шақтық мағына арнаулы синтаксистік амалдар арқылы үстеліп, дербес баяндауыштық формалар құралады: *Ол – техник. Ол техник еді. Ол техник болады.*

1. Етістіктің баяндауыш қызметінде жұмсалуы. Етістіктің дара, күрделі, аналитикалық түрі де 1-, 2-жақтық жалғауында, үшінші жақтағы жіктік жалғауының нөлдік тұлғасында баяндауыш қызметінде жұмсалады.

Дара етістік баяндауыш: *Күн бөсінде Теріс өзенінен өттік* (Ш.Мұртаза). *Кербұғы тұралап ұзақ жасты* (О.Бөкеев). *Ол алды-артына қарамай безді* (Д.Досжан).

Аналитикалық етістікті баяндауыш: *Жөтелгісі келгендей түйіліп-түйіліп, денесі селк-селк етіп, бір уақытта дауыстап жылап жіберді* (Ш.Мұртаза). *Зерен үйіндегі ұрттам ақты шайқап, ыдысын қызықтап, ойланып отырып қалдым* (Д.Досжан).

2. Зат есімнің баяндауыш қызметінде жұмсалуы.

Дара зат есім баяндауыш: *Аяның бар байлығы – кітап. Тәттімбеттің көкейін кесетін дауасыз арманы – Сарыжайлау* (Т.Әлімқұлов). *Жас өскінге иесінің жанында жүргені – медеш, кетпен дыбысы – қуаш* (Д.Досжан).

Күрделі зат есім баяндауыш: *Әлімбектің жалғыз байлығы – ер-тоқымы* (Ш.Мұртаза). *Топырақтағы артық тұз – шалдың соры, ағаштың тамырын қиып сарғайтып жібереді* (Д.Досжан). *Ақанның қабырғасын қаусатып кеткен – Батыраштың озбырлығы* (Т. Әлімқұлов).

3. Сын есімнің баяндауыш қызметінде жұмсалуы. *Маңай көзге түртсе көргісіз қараңғы* (Д.Досжан). *Сәуле мол түскен шағын бөлменің іші жарық* (Т.Әлімқұлов). *Кешегі иілде қайтып оралғандай, шуақ мод* (Т.Әлімқұлов). – *Сен бар зой, сен барып тұрған құсың!* (Д.Исабеков). *Мен мәдениетсізбін, өйткені айдайтыным трактор* (Д.Исабеков).

4. Сан есімнің баяндауыш қызметінде жұмсалуды. *Жолаушы екеу екен (Т.Әлімқұлов). Тінәнің ағаш үйі сегіз бөлме (Т.Әлімқұлов). Олар бір палатада бесеу (Д.Исабеков). Жәдігердің облыстық ауруханада жатқанына, міне, бес ай болды (Д.Исабеков).*

5. Есімдіктің баяндауыш қызметінде жұмсалуды: *Мошеке бұлақ басында бұйығып отырған төрт-бес қораш үй мынау (Т.Әлімқұлов). Ана жылы Керімбердінің тойында қолыңызға су құйып қызмет қылған бала – мен. Ал, жүріс сіздікі (Д.Исабеков).*

6. Үстеудің баяндауыш қызметінде жұмсалуды: *Тінәнің қыстаудағы ауылы бірталай жер (Т.Әлімқұлов). Наданның жарлы болуы бір сәтте (Қабуснамеден). Қалмақтар тым жақын, қаиаса болмайды (О.Бөкей).*

7. Еліктеуіштің баяндауыш қызметінде жұмсалуды: *Айнала құлаққа ұрған танадай тым-тырыс (Д.Исабеков). Кеше ғана алып таудың қасат қарын бұған бұздырып, өздері соңынан еретін дос-жаран бұғылар да зым-зия (О.Бөкей). Дастархан жиегіне тізе бүккен жылқышының түрі әлем-жәлем (Д.Досжан).*

8. Модаль сөздердің баяндауыш қызметінде жұмсалуды: *Толағай баста ми болмаса екі аяққа зор түседі деген тегі рас екен (О.Бөкей). Түбі бізге сүйексіз қызыл тілден гөрі, ырзықты іс керек-ау (О.Бөкей). Дүйсенбінің үш жасында құла түзде ұмытылып қалғаны рас (Д.Досжан). Жұрт сенбейтін шындықты айтпағаның жәен (Қабуснамеден).*

9. Тұрақты тіркестердің баяндауыш қызметінде жұмсалуды: *Шал үндемеген соң, біз де тіл қышытпадық. Мен еститінмін: Осы Сарқынды шал өзінің бір гасырлық гұмырында тышқан мұрнын қанатпаған екен. Сенің маған туыс екеніңді ішім сезетін. Неге екенін білмеймін, осы кісінің мысы басады да тұрады (О.Бөкей).*

Баяндауыштық тұлға. Баяндауыштық тұлға туралы Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев еңбектерінде сөз болады. Н.Сауранбаев баяндауыштық тұлға ретіндегі сөздердің жіктік, тәуелдік жалғауымен *-ныкі, -нікі* қосымшаларымен, көптік жалғауымен келетіндігін атап көрсетсе, С.Аманжолов тек атау септігіндегі сөздер мен жіктік жалғаулы сөздерді ғана көрсетеді. Ал М.Балақаев баяндауыштарды екі топқа жатқызады: сөздердің түбір күйіндегі баяндауыш және сөздердің грамматикалық тұлғалары арқылы жасалатын баяндауыштар [29, 101 б.]. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері жайлы арнайы оқу құралын жазған Т.Сайрамбаев баяндауышты осы қызметте жұмсалып тұрған сөз табының тұлғасына қарай қарастырады да, жіктік жалғауы ең негізгі баяндауыштық тұлға, ол етістікке де, есім сөзге де қатысты болады, - дейді. Т.Сайрамбаев осы еңбегінде етістіктер баяндауыштық қызметте түбір күйінде де, түрлі жұрнақ, жалғаулармен және көмекші сөздердің қатысуымен де жұмсалады дей келе, етістіктердің түбір күйінде баяндауыш болуы көбіне екінші жақ баяндауыштарға қатысты деген пікір айтады [32, 100-105 бб.].

И.Е.Мамановтың «Түркі тілдерінде түбір етістіктер ешқашан басқа сөздермен тіркеске енбейді де, сол күйінде дербес сөйлем мүшесі бола алмайды» [35. 497 б.] деген пікіріне сүйенсек, жоғарыдағы ғалымдар (М.Балақаев, Т.Сайрамбаев) айтқан етістік түбір күйінде баяндауыш бола ма деген сұрақ туындайды.

Етістік баяндауыштың тұлғалары:

1. Жіктік жалғаулы етістік баяндауыштар:

Мен үнсіз арқамдағы қатшығымды шештім де, ананың көрсеткен полкасына қойдым.

Апаңды сағынып, бір күні түнделетіп шайып тұрмайсың ба? Түс ауа бригадир мені атқа мінгестіріп алды да, жұмыс жаққа қарай алып жүрді.

2. Нөлдік тұлғалы етістік баяндауыштар:

Мұңайып қайтесің, ойша, күл, міне дала, міне трактор, мін де жер жырт. Ал, оталдыр да жүргіз! Тракторды оталдырдым да, үстіне қарғып міндім. Анау әлгі орнында қозғалмастан тұр (Д.Исабеков).

Бірінші сөйлемдегі бірыңғай баяндауыштар бұйрық райдың екінші жағының нөлдік тұлғасында тұрса, екінші сөйлемдегі бірыңғай баяндауыштар өзгелік етіс формасындағы бұйрық райдың екінші жағында нөлдік тұлғада, ал соңғы сөйлем баяндауышы ашық райлы етістіктің осы шақтағы үшінші жағының нөлдік тұлғасында тұр. Бұл сөйлемдегі етістік баяндауыштардың сыртқы тұлғасы түбірмен ұқсас, яғни жалғаусыз. Бірақ, бұл баяндауыштарда жіктік жалғаудың көрсеткіші жоқ болғанымен, қай жаққа арналып айтылып тұрғаны белгілі. Демек, етістіктер түбір күйінде баяндауыш бола алмайды, бұйрықты сөйлем екінші жақта айтылса, осы шақтағы үшінші жақта құралған сөйлемде етістік баяндауыштар нөлдік тұлғада жұмсалады.

Есім баяндауыштардың тұлғалары:

-Жіктік жалғаулы есім баяндауыштар: *Мына жігіт – Шауқар. Мен Шорақазымын. Қаракесек Рақымбердінің баласымыз. Сіз Ақан ағасыз ғой? (Т.Әлімқұлов)*

Бірінші сөйлемнің баяндауышы 3 жақтағы жіктік жалғаудың нөлдік тұлғасында, екінші, үшінші сөйлемдердің баяндауышы жіктік жалғауының бірінші жағында, соңғы сөйлем баяндауышы жіктік жалғаудың екінші жағында жасалған.

- Септік жалғаулы есім баяндауыштар: *Ақан аға сол тойда сіз шырқаған «Көкжсендет» әлі құлағымда. Сол жолы Нұртаза болыстың ит терісін басына қаптағаныңыз әлі есімде. – Шырағым, Шорақазы! Менің үмітім алда, уанышым артта. Тәттімбет сол жылы отыз тоғызда еді, биыл қырықтың төртеуінде (Т.Әлімқұлов).*

Септік жалғауларының ішінде баяндауыш тұлғасын жасап предикаттылыққа ие болатыны – жатыс септігі. Есім сөздердің үш түрі де (зат

есім, сын есім, сан есім), есімдік, көмекші есім де жатыс септігінде тұрып, баяндауыш қызметінде жұмсалады.

-Тәуелдік жалғаулы және иелік формалы есім баяндауыштар: *Анам Алтайдың арғы бетіндегі Керей елінің қызы. Шынымды айтсам, бізді, тіпті бізді ғана емес, ертеректе әкемізді, оның іні-қарындастарын асыраған – Апанның теректен ойып жасалған келісі мен ескі астауы. Жалғыз үйлі шалдың өмір тарихы әсеке бір кітапшың жүзі* (О.Бөкей). – *Ал жүрдім. Енді кезек сенікі. – Ой, лағып кеттіңіз. Ендігі жүріс біздікі* (Д.Исабеков). *Анау шудалана көтерілген түтін Қаршығашікі, – деді әкем қамшысын кезеп, – шешесі, жүзге келген атасы – үшеуі бірге тұрады* (О.Бөкей).

Сонымен, етістіктер түбір күйінде сөйлем мүшесі бола алмайды, жіктік жалғауында немесе жіктік жалғауының нөлдік тұлғасында баяндауыш қызметінде жұмсалады. Есім сөздер де жіктік жалғауында келіп баяндауыш қызметінде жұмсалады. Есім сөздер тәуелдік жалғауында немесе -нікі, -дікі иелік формасында келіп те баяндауыш болады. Есім баяндауыштардың тағы бір ерекшелігі – жатыс септігінде келіп те пікірді тиянақты етіп, баяндауыш қызметінде жұмсалады.

Баяндауыштың бастауышпен қиысуы. Екі негізді сөйлемдегі негізгі мүшелердің арасындағы қатынас – субъектілі-предикаттық қатынас. Бұл қатынас екі негізгі мүшенің қиысуынан, орын тәртібінен, интонациядан көрінеді.

Бағыныңқы сыңар – баяндауыш басыңқы сыңар – бастауышка жақ және сан жағынан үйлесіп, қиыса байланысады. Бастауыш сөз қай жақта тұрса, баяндауыш та сол жақтық тұлғада болады. Есім баяндауыштың қиысуы: *Мен қартпын. Сен жассың. Сіз әдемісіз. Ол – бала.*

Етістік баяндауыштың қиысуы: *Мен демаламын. Сен жұмыс істейсің. Сіз тыңдайсыз. Ол оқиды.*

Бастауыш көптік мағыналы сөз болғанда, баяндауыш жіктік жалғаудың көптік түрін қабылдайды. Мысалы: *Біз қартпыз. Сендер жассыңдар. Сіздер әдемісіздер. Олар балалар. Біз демаламыз. Сендер жұмыс істейсіңдер. Сіздер тыңдайсыздар. Олар оқиды.*

Сөйлемдегі баяндауыш бастауыштан кейін орналасады. Айтылуда бастауыш пен баяндауышты синтагмаларға жіктейтін интонация болады.

2.3.2 Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері

Тұрлаулы мүшелердің айналасына топтасып, оларда айтылатын пікірді анық, дәл, толық жеткізу үшін сөйлемді семантикалық жағынан кеңейтіп тұратын мүшелерді тұрлаусыз мүшелер дейміз.

«Тұрлаусыз» деген сөзді осы сөйлем мүшелеріне қатысты айту ол мүшелердің сөйлемді тиянақты ете алатын қабілеттерінің болмауынан.

Расында, бастауыш пен баяндауыш сөйлемді тиянақты ететін, оның бас арқауы болса, тұрлаулы мүшелерде ондай қасиет жоқ [29, 152 б.].

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін тануда мектеп оқулықтары мен ғылыми еңбектер арасында алшақтықтар болды. Мектеп оқулықтарында тұрлаусыз мүшені тануда сөздің мағынасына көңіл аударылып, сын есім – анықтауыш, зат есім – бастауыш не толықтауыш, үстеу – пысықтауыш қызметінде жұмсалады деген пікір басым болды. Ал ғылыми еңбектерде сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін сөз тіркесі ілімімен байланыста: қабыса байланысқан сөз тіркесі анықтауыштық қатынасты, меңгеріле байланысқан сөз тіркесі толықтауыштық қатынасты, жана-са байланысқан сөз тіркесі пысықтауыштық қатынасты кұрайды деп қарастырады.

Синтаксистік теорияның дамуы сөйлемнің тұрлаусыз мүшесін тануда жан-жақты ұстанымды қажет етеді. Ол үшін мыналарды ескереміз: 1) сөйлем мүшелерінің көп аспектілігі мен синкреттілігін негізге алу; 2) сөйлемдегі сөздер сөйлем мүшесін кеңейту үшін немесе сөйлемді кеңейту үшін еніп тұрғанын түсіну; 3) сөз тіркесіндегі қатынас пен сөйлем мүшелері бір еместігін білу қажет.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінің қызметі әртүрлі: атрибуттық қатынастағы сөздер анықтауыш қызметін; нысандық қатынастағы сөздер толықтауыш қызметін; кеңістік, уақыт, себеп, мақсат қатынасындағы сөздер пысықтауыш қызметін атқарады.

Анықтауыш. Анықтауышқа тән белгілер

Сөйлемде зат есімнен болған, не зат есім орнына жұмсалған басқа сөз таптарынан болған мүшелерді түрлі қырынан сипаттап тұратын сөйлем мүшесін анықтауыш дейміз.

Сөйлемнің құрылымдық-семантикалық компоненті ретіндегі анықтауышқа тән белгілер:

- 1) сөйлем негізін құрамайды (тұрлаусыз мүше);
- 2) сын есімнен және ілік септік тұлғасындағы зат есімнен жасалады;
- 3) анықтайтын сөзі (анықталатын сөз) – зат есім немесе заттанған сөз;
- 4) анықтайтын сөзімен қабыса да, матаса да байланысады;
- 5) анықтайтын сөзінің алдында орналасады;
- 6) заттық белгілерін нақтылайды;
- 7) сөйлемнің «тема» (алғашқы бөлігі) және «рема» (жаңа ақпарат беретін бөлігі) құрылымына да қатысады;
- 8) сөйлемнің барлық мүшесімен сөйлемге енеді;
- 9) анықтайтын сөзімен атрибуттық қатынаста тіркеседі.

Анықтауыш сөйлемнің негізін құрамайды десек те, кейде сөйлемдегі негізгі ой анықтауыш арқылы беріледі де, анықтауыш болатын сөз (негіз-

гі) тұрлаулы мүшенің құрамына енеді. *Қыздың баласы – жиен*. Басқаша құрасак: *Жиен – қыздың баласы*. Бірінші сөйлемде сөйлемнің алғашқы бөлігіне орналасып, бастауыштың құрамында негізгі мүше болып тұр. Себебі бұл пікірде айтпағымыз *бала* емес, *қыздың баласы*. Екінші сөйлемде анықтауыштық қатынастағы бұл тіркес тұтасымен баяндауыш қызметінде жұмсалып тұр.

Анықтауыш қызметінде жұмсалатын сөз табы, негізінен, сын есім десек те, сын есім сөйлемде әртүрлі қызметте жұмсалады: 1) субстантивтеніп бастауыш немесе толықтауыш болады. Мысалы: *Үлкен бастар, кіші қостар. Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер. Жақсыда жаттық жоқ, жаманда жақындық жоқ*. 2) Сөйлемде етістіктен болған баяндауышпен тіркесіп, пысықтауыш болады. Мысалы: *Мұржасы қысық болса да, түтіні тұзу шығады. Ақырың жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға* (Абай).

Анықталатын сөз – зат есім, дегенмен, заттанған басқа сөз табының да анықтауышы болады: *Асқар мен Ержан далаға шықса, көздірікті, қылышты біреу арбадан түсіп жатыр екен* (С.Мұқанов). *Есік алдында Олжасбек мінген торы қаңтарулы тұр екен* (Ғ.Мұстафин). *Ақан өзінің бейсауат жүрісін түсіндіріп өтті* (Т.Әлімқұлов). *Атыма сенген мен күшімді сынамақ болып, қайырыла ұрыс салдым* (Т.Әлімқұлов).

Анықтауыш, ең алдымен, **бастауышты** нақтылап, онымен сөйлем құрамына енеді: *Көзіне ақ түскең шотыр әйел қыбыжықтап, отбасында күйбелеңдей берді* (Т.Әлімқұлов). *Құлағы салшан қара күшік түнемеге там айналып үріп шығады* (Д.Исабеков).

Толықтауышпен де сөйлемге енеді: *Әйел босағадағы күбіні пісіп, сыры қашқан зеренге сусын құйды* (Т.Әлімқұлов). *Ол шаршыға түйген бір уыс күміс ақшасын абыр-сабыр боп жатқан жүрттың үстіне шашып жіберді* (Д.Исабеков).

Зат есімнен жасалған мекендік мағыналы **пысықтауышпен** де сөйлемге енеді: *Ит байласаң тұрғысыз баспананың терезесінде сапы мен сыбызғы ілулі тұрды* (Т.Әлімқұлов). *Ашық қалған есіктен қуанышты адамдардың дабыр-дұбыр сөйлескен үндері естілді* (Д.Исабеков).

Сөйлемде **анықтауыштың да анықтауышы** болады: *Мақтағаным емес, жатқан жеген жаман сиырға ұқсағым жоқ-ты* (Т.Әлімқұлов). *Биік жастықта шалқалап жатқан Сырғақұлдың көзінен аққан ыстық жас жастығын жуып кетті* (Д.Исабеков).

Сөйлемнің баяндауышы есім сөзден болса, **баяндауыштың да анықтауышы** болады: *Ұзақ өмірден қалған белді белгі – үйдегі сапы мен сыбызғы* (Т.Әлімқұлов). *Жұдырықтай немересінің асқар таудай арқа сүйері – қушқан кәрі әжесі*.

Анықтауыштардың мағыналық және құрылымдық түрлері. Анықтауыш мағынасына қарай екі топқа бөлінеді:

1) сапалық анықтауыштар; 2) меншіктік анықтауыштар. Сапалық анықтауыштарға сын есім, сан есім, есімдік, есімше, еліктеуіш сөз, атау тұлғалы зат есімдерден болған анықтауыштар жатады [29, 174 б.]. *Кешке Есіркептің үйінде үлкен той болды* (Д.Исабеков).

Меншіктік анықтауышқа ілік жалғауында жасалған анықтауыштар жатады: *Ана төртеуінің сылқ-сылқ күлкісі жаман еді, бірдеңе бүлдірген жоқ па?* (Д.Исабеков)

Сапалық анықтауыштар анықтайтын сөздерімен қабыса байланысады, меншіктік анықтауыштар матаса байланысады.

Анықтауыштар құрылысына қарай үшке бөлінеді:

1) дара анықтауыштар; 2) күрделі анықтауыштар; 3) үйірлі анықтауыштар.

Дара анықтауыштар – бір ғана сөзден болған анықтауыштар.

Күрделі анықтауыштар – кемінде екі сөзден атрибуттық қатынаста құралып, сол тобымен басқа зат есімді анықтайтын сөздер. Мысалы: *Көп жасаған адам білмес, көп көрген адам біледі* (Мақал). *Кеседегі ыстық шайды аузыма енді апара бергенімде, есік сықырлап ашылды да, аласа қысық көз шал кірді* (О.Бөкей).

Үйірлі анықтауыштар – кемінде екі сөзден предикаттық қатынаста құралып, сол тобымен басқа зат есімдерді анықтайтын сөздер. Мысалы: *Білімі жоқ ұл – жұпары жоқ гүл* (Мақал). *Оң саусағы өнер Анам босаға көрген бірер жылында-ақ маңғаз, инабатты, пысық келін атанады* (О.Бөкей).

4-кесте – Анықтауыштың ішкі құрылымын салыстырыңыз

Күрделі анықтауышты сөз тіркесі (қандай көз?) қысық көз шал	Үйірлі анықтауышты сөз тіркесі (несі қысық?) көзі қысық шал
ұзын бойлы жігіт	бойы ұзын жігіт
үлкен жүректі адам	жүрегі нәзік ару
көпті көрген кісі	көргені мол кісі

Анықтауыштың жасалу жолдары. Атрибуттық қатынаста жұмсалатын негізгі сөз табы – сын есім. Сын есімнің семантикалық негізі сапаны білдіретіндігінде. Сондықтан сөйлемде сын есімдерден болған анықтауыштар заттың әр алуан сапасын, қасиетін көрсетеді. Заттың сандық, өлшеулік сапасын білдіретін сан есімдер де анықтауыш қызметінде жұмсалады. Екі зат есім қатар келгенде, алдыңғы зат есім анықтауыш қызметінде жұмсалады, есімдік (сілтеу есімдігі) анықтауыш қызметінде жұмсалады, еліктеуіштер де анықтауыш қызметінде жұмсалады.

1. **Сын есімнің анықтауыш қызметінде жұмсалуды.** Сапалық, қатыстық сын есімдердің анықтауыш болуы: *Аннақ киіз үйге кіргізіп, тай сойып қонақ қылар еді. Боз биенің сүтіне шомылдырып, алдымызға астау-астау жал-жая қояр еді* (О.Бөкей).

Туынды сын есімдердің анықтауыш қызметінде жұмсалуды: *Сонда деймін-ау, сол Құттыбай, Елтай, Сәйкүл тірі болғанда, қазіргі халіміз бұдан тәуір болар ма еді?..* (Ш.Мұртаза)

2. **Зат есімнің жалғаусыз қатар келіп немесе ілік септігінде анықтауыш қызметінде жұмсалуды:** *Тас ошақтағы оттың сәулесі тас қабырғаларға түсіп қоңырқай тартады* (О.Бөкей). *Әлімбектің жалғыз байлығы – ер-тоқымы* (Ш.Мұртаза). *Түсінде таңсық күй бірде табиғи қалпында, бірде рабайсыз елеурей өзгеріп, шәкірт домбырашыны маза-лаумен болды* (Т.Әлімқұлов).

3. **Сан есімнің анықтауыш қызметінде жұмсалуды.** *Екі қап шөп келгелі ешкілер бақырып жылағанын қойды* (Ш.Мұртаза). *Бозтал жақта екі-үш қара жайылып жүр екен. Бір басыңда бес ұршық бар, бірін бере гөр деп жалындым, бетпақтанып міз бақтың ба?* (О.Бөкей)

4. **Есімдіктердің анықтауыш қызметінде жұмсалуды.** *Өмірде осы тәрізді әділетсіздіктер толып жатыр* (Б.Сокпақбаев). *Анарбай ағасының асын осы күзде атқарып жібермекші еді* (Ш.Мұртаза). *Сонау шатқалда Алтайдың шолтысындай мың бұралып, ағараң қағып Бұқтырма өзені күмістене ағады* (О.Бөкей).

5. **Есімшелердің анықтауыш қызметінде жұмсалуды:** *Бақан сүйреткен бала бізге назарын енді аударды* (Б.Сокпақбаев). *Кісінеген жылқы, шүңгірлеген құлындар, маңыраған қой – бәрі-бәрі Рысқұлдың көз алдында* (Ш.Мұртаза). *Қыңа басқан тасқа атша мініп отырған Тортай анау көк мұнар дүниеге көзін сығырайтып ұзақ қарады-ай* (О.Бөкей).

6. **Еліктеуіш сөздің анықтауыш қызметінде жұмсалуды:** *Жаңбыр толастар емес, құлаққа тасқа тиіп тайғанап жатқан сыбдыр-сыбдыр үн естілді* (О.Бөкей). *Өзінің бастықпен жүзгисқаны, пәтерді жылдам алғаны, келіншегінің көнбіс мінезі де сол сұмпайының пыщ-пыщ әңгімесіне арқау болыпты* (Д.Досжан).

Айқындауыш. Айқындауышқа тән белгілер

Сөйлемнің грамматикалық құрылымында зат есімнен жасалған кез келген мүшені мағыналық жағынан нақтылай, айқындай кіретін сөзді немесе сөз тіркесін айқындауыш дейміз.

Сөйлемнің құрылымдық-семантикалық компоненті ретіндегі айқындауышқа тән белгілер:

- 1) зат есімнен жасалады;
- 2) айқындайтын сөзінен кейін орналасады;

3) айқындайтын сөзімен сөз тіркесін құрамайды, оны мағыналық жағынан нақтылайды;

4) сөйлемдегі қызметі нақты емес, өзі айқындап тұрған сөзбен тұлғалас келіп, сол мүшенің қызметін бірге атқарады;

5) сөйлемнің «тема» және «рема» бөлігінде кездеседі.

Айқындауыштар құрылысына қарай үшке бөлінеді: 1) қосалқы айқындауыш; 2) қосарлы айқындауыш; 3) оңашаланған айқындауыш.

Қосалқы айқындауыш зат есімдерге қатысты болып, олардың лексикалық мағыналарын заттық, сапалық жағынан қосымша айқындайды. Қосалқы айқындауыш сөйлемде айқындайтын сөзімен ұласып, екеуі сөйлемнің біртұтас күрделі мүшесі болып жұмсалады. Грамматикалық қосымшалар айқындауыш сөздерге ғана жалғанады: *О баста Исатай батырдың сенгіштігінен Жәңгір ханға он күн мәулет беріп сазға бір отырса, бертінде ру басылардың солқылдақтығынан Баймағамбет сұлтанның басын шаба алмай қайтуы – қияметтік қатиялық* (Т.Әлімқұлов). *Махамбет найзагер Кіші жүз арқылы қарға тамырлы қазақты бұғадан босатуды аңсағанын жақсы түсінеді* (Т.Әлімқұлов). *Тоқа шалдың жалғыз ұлы ныс-ныс етіп отын жарып тұр* (О.Бөкей).

Қосарлы айқындауыш – анықтайтын сөзімен қосақталып, одан кейін тұратын, оның мазмұнын нақтылап, дәлдеп тұратын сөз я сөздер. Қосарлы айқындауыштар қазақ тілінде көп кездеспейді. Орыс тілінен терминдер алу және аудару үдерісінде тілімізге соңғы кезде еніп, қазақ әдеби тілінің нормасына айналып келеді.

Мысалы: *Әйел-ана барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе?* (Ғ.Мүсірепов). *Оралханның көптеген әңгіме-новеллалары, хикаяттары – лирикалық-философиялық шығармалар* (Қ.Құрманғали). *Біз ең ақырғы бай-болыспен осылай қоштастық* (О.Бөкей).

Оңашаланған айқындауыш - өзі айқындайтын сөзден кейін тұрып, ерекше әуенмен айтылып, анықтайтын сөзін мағыналық жағынан нақтылай, дәлдей түседі. Олар айқындайтын сөздерінен де сөйлемдегі басқа мүшелерден де оқшауланып айтылады, жазуда екі жағынан үтірмен бөлінеді.

Ұлыма, бүгінгі ұрпаққа, тарихтың жықпыл-жықпылында жатқан, тарихтың қойнау-қойнауына өз қолыңызбен тығып жіберген асылдарымызды көрсетуге бола ма, жоқ па? (О.Бөкей) *Шалдың бар запыраны – күміс белдікті тағынатын ұлының, өз кіндігінен тараған ұрпағының, жоқтығы шығар?!* (О.Бөкей)

Толықтауыш. Толықтауышқа тән белгілер

Толықтауыш – сөйлемде етістіктен, сын есімнен, үстеуден жасалған баяндауышпен кіріп, іс-әрекеттің немесе сапаның нысаны ретінде сөйлемді жайылмаға айналдыратын тұрлаусыз мүше.

Сөйлемнің құрылымдық-семантикалық компоненті ретіндегі толықтауышқа тән белгілер:

- 1) сөйлемнің негізін құрауға қатыспайды (тұрлаусыз мүше);
- 2) зат есімнен, есімдіктен, заттанған есімдерден жасалады;
- 3) бағыныңқы сыңар ретінде өз басыңқысымен меңгеріле байланысады;
- 4) толықтайтын сөзінің алдына орналасады;
- 5) сөйлемге баяндауышпен енеді;
- 6) толықтайтын сөзімен нысандық қатынаста тіркеседі;
- 7) сөйлемнің «тема» және «рема» бөлігіне де орналасады.

Мектеп оқулықтарында да, ғылыми еңбектерде де толықтауыштың ерекшелігі ретінде толықтауыш өзі бағынған сөзбен табыс, шығыс, барыс, көмектес, кейде жатыс септігінде байланысады деп көрсетіледі. М.Балақаев: «Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін тұлғасына қарап айырудың ғылыми тірегі әлсіз, дұрысында сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі жайлы мәселені сөз тіркесі жайлы іліммен тығыз байланыста қарастырған дұрыс. Сонда өзара тіркескен сөздер тобының қандай қарым-қатынасты білдіруіне қарап, тұрлаусыз мүшелерді дұрыс танитын боламыз», - дей келе, «етістікпен және кейбір есімдермен объектілік қатынаста тіркесетін заттық ұғымы бар сөздердің мүшелік қызметі толықтауыш болады» - дейді [29, 153 б.].

Себебі барыс, жатыс, шығыс, көмектес септігіндегі есімдер пысықтауыш қызметінде де жұмсалатыны бар. Сөйлемде осы септік жалғауымен келген сөздердің толықтауыш немесе пысықтауыш қызметінде екенін айыру үшін М.Балақаевтың осы пікірін басшылыққа алған дұрыс.

Сөйлемдерді салыстырып, көз жеткізейік:

5-кесте

Інім мектепке (қайда?) кетті	Қарындасым бізге (кімге?) келеді
Ата-анам ауылда (қайда?) тұрады	Олар қазір бізде (кімде?) отыр
Мен кітапханадан (қайдан?) шықтым	Әкем жұмысынан (неден?) сұранды
Қазір таксимен (немен?) келемін	Досыммен (кіммен?) келе жатырмын

Бірінші бағанадағы жанама септіктер арқылы байланысқан сөздердің қатынасы мекендік, амалдық, демек олар пысықтауыштық қызметте жұмсалып тұр. Екінші баған сөйлемдері де жанама септіктер арқылы, бірақ нысандық қатынаста байланысқандықтан сөйлемде толықтауыш қызметінде.

Толықтауышқа тән тағы бір ерекшелікті оқулықтарда етістіктен болған сөйлем мүшесімен кіреді деп түсіндіреді. ЖОО-ға арналған

оқулықтарда анықтауыштың толықтауышы, толықтауыштың толықтауышы, пысықтауыштың толықтауышы болуы мүмкін [29, 153 б.] деген пікір берілген. Бұл пікір «толықтауыш сөйлемге етістіктен болған сөйлем мүшесімен енеді» деген жоғарыдағы пікірден туындаған сияқты. Себебі етістіктің есімше тұлғасы сөйлемде анықтауыш қызметінде жұмсалады. Сөйлемге осы тұлғадағы етістікпен нысандық қатынаста тіркесіп кіретін сөздерді толықтауыш деп тануға бола ма? Мысалы: *Келіндерінің өз үйлерінен неге кеткенін Қарекең мен Бибінұр ауылдағы кейбір жас жігіттерден естіді* (Д.Исабеков). Осы сөйлемдегі *келіндерінің өз үйлерінен неге кеткенін* тіркесі сөйлемде тұтасымен толықтауыш мүше ме, әлде *келіндерінің* – анықтауыш, *өз үйлерінен* – пысықтауыш, *неге кеткенін* – толықтауыш болып, үш түрлі сөйлем мүшесі бола ма? Сөйлемдегі *келіндерінің өз үйлерінен неге кеткенін* түйдегі іштей бірнеше сөз тіркестеріне: 1) *келіндерінің кеткенін* – анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесіне; 2) *өз үйлерінен кеткенін* – пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесіне ажыратылады. Бірақ сөз тіркесіндегі қатынас пен сөйлем мүшелері сәйкес бола бермейді. Осы сөйлемдегі *келіндерінің өз үйлерінен неге кеткенін* тіркесі үш мүшеге (кімнің? – анықтауыш, қайдан? – пысықтауыш, нені? – толықтауыш) ажыратылмай, күрделі толықтауыш қана болады. Себебі: 1) осы тіркес тұтасымен нені? деген бір ғана сұраққа жауап береді; 2) *неге кеткенін* тіркесі жеке алсақ та сұрағы – *нені?*, яғни ол етістік негізді болғанымен, есім сұрағына жауап беріп, сөйлемде есім сөздің қызметінде жұмсалып тұр. Ал есім сөзбен тіркескен сөз пысықтауыш мүше бола алмайды.

Сондықтан, толықтауыш мүше сөйлемге етістікпен кіретін мүше дегеннен гөрі, оның негізгі ерекшелігі сөйлемге баяндауышпен енуі десек нақты болады. Толықтауыштың қызметі – баяндауыш мүшені сипаттау. Толықтауыш етістік баяндауышпен қатар, есім, үстеу, модаль баяндауыштарды да толықтырады. Мысалы: *Жан цесіце тәтті* (Мақал). *Әр нәрсе уақытымен қызықты* (Мақал). *Азған денеге ауру үйір* (Мақал). *Қыстағы қар жерге ырыс, жердегі ылғал елге ырыс* (Мақал). *Соқыр тауыққа бәрі бидай* (Мәтел). *Шабан атқа қамшы демеу* (Мәтел). *Жылқыда өт жоқ, құста сүт жоқ* (Мақал). *Жақсы ат жанға серік* (Мақал). *Арық қойда төстік жоқ* (Мақал). *Біліксіз достан білікті дұшпан артық* (Мақал). *Есетте мегенге бәрі түгел* (Мақал). *Сыйласу екі кісіге бірдей* (Мақал).

Ал етістіктен жасалған басқа сөйлем мүшесін толықтырып тұрған сөз сөйлемде жеке толықтауыш мүше болып енуден гөрі, сол етістіктен болған мүшені күрделендіріп, бір мүше қызметінде жұмсалады. Демек, есімше формалы анықтауыштың толықтауышы немесе көсемше формалы пысықтауыштың толықтауышы болмайды; олар сол түйдегімен күр-

делі бір мүше қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Ерін сыйлаған (қай?) әйел елін де сыйлайды* (Мақал). *Абайламай сөйлеген (кім?) ауырмай өледі* (Мақал). *Ақпа құлаққа айтқан (қай?) сөз ағып кетеді, құйма құлақ айтқан сөзді құйып алады* (Мақал).

Осы сөйлемдердегі *ерін сыйлаған* тіркесі әйел сөзінің күрделі анықтауышы қызметінде жұмсалған, бұл тіркесті *ерін* (кімді?) *сыйлаған* (кайткен?) деп екі мүше ретінде тану логикалық жағынан да дұрыс емес. Бұл тіркес іштей толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі, бірақ сөйлемде тұтасымен анықтауыш қызметінде жұмсалып тұр. Екінші сөйлемдегі *абайламай сөйлеген* тіркесі де пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі болғанмен, сөйлемде күрделі бастауыш ретінде жұмсалып тұр. Ал үшінші сөйлемдегі *ақпа құлаққа айтқан* тіркесі іштей толықтауыштық қатынастағы (кімге айтқан?) сөз тіркесі болғанмен, сөйлемге толықтауыш пен анықтауыш ретінде емес, күрделі анықтауыш ретінде қатысып тұр.

Толықтауыштың түрлері және жасалу жолдары. Толықтауыштар сөйлемдегі баяндауышпен байланысуы мен мағыналық қатынасына қарай тура толықтауыш және жанама толықтауыш деп бөлінеді.

Тура толықтауыш – сабақты етістікпен табыс септігінің нөлдік немесе ашық тұлғасында тіркесіп, баяндауыш арқылы айтылған әрекеттің тура нысаны қызметінде жұмсалатын сөз немесе сөз тіркесі. Мысалы: *Шал ұзын аптақ салалы саусақтарың құманнан аққан жылы сумен асықпай жуып, ықтияттан сүртті. Сонсын Аналық әкеп берген сары мойын пышағың қынынан суырып, оңы да сумен шайып сүртіп алды. Әкем қарттың қолындағы жез мойын мүйіз сап пышаққа қадала қарады: «мен бұл пышақты білемін»* (О.Бөкей).

Сөйлемге сабақты етістіктермен кірген тура толықтауыштар (*саусақтарын, пышағын, пышақты*) табыс жалғауында жұмсалған.

Табыс септігі тұлғасында жұмсалған тура толықтауыштарға мысалдарды салыстырып, олардың жалғаумен, жалғаусыз келу себебін анықтайық: - *Әй, Күлпәш, қара суға қаратпай, бір шайлық сүт бер. Шешем тостақтағы сүтті Күлпәштің ыдысына қотарып бере салды. Шешем Күлпәшқа қағазға орап бір асым ет беріп, ол қолтығына қысқан етті зыр жүгіріп үйіне апарып тастады* (О.Бөкей).

Мысалдардан байқайтынымыз – тура толықтауыш өзі тіркескен сөзбен қатар келгенде нөлдік тұлғада, тіркескен сөзінен алыстап, ортасына сөз енгенде жалғаумен келетіндігі. Тура толықтауыш жалғаусыз келгендегі екінші бір ерекшелік – ондай сөз тіркесі (толықтауыш+баяндауыш) бір мүше болуға (күрделі баяндауыш болуға) бейім.

Салыстырып көрейік:
6-кесте

Кім? Не істеді?	Нені кім істеді?
Інім кітап оқыды	Кітапты інім оқыды
Мен теледидар карадым	Теледидарды мен карадым
Шешем ас әзірледі	Асты шешем әзірледі

Әдетте, тура толықтауышты синтетикалық жолмен, яғни табыс септігімен келген толықтауыштармен ғана шектейді. Алайда оның аналитикалық жолмен, яғни *туралы, жөнінде, жайында* т.с.с. шылауларымен тіркесіп келіп күрделеніп жасалатыны да болады. Мысал үшін мына сөйлемдердегі толықтауыштарды салыстырып мәнделес, қызметтес екенін байқауға болады: *Ол оқығаның айтты. Ол оқығаны туралы айтты. Інім ауылға кеткісі келетінін жеткізді. Інім ауылға кеткісі келетіні туралы айтты.*

Жанама толықтауыш – сөйлемдегі салт немесе сабақты етістіктермен барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде тіркесіп, баяндауыш арқылы айтылған әрекеттің не сапаның жанама нысаны қызметінде жұмсалатын сөз немесе сөз тіркесі.

Жанама толықтауыштар әртүрлі септік жалғауында әртүрлі тіркестер құрамында айтылатындықтан, олардың мағыналары да әр алуан болады.

Барыс септігіндегі жанама толықтауыштар кимыл процесінің кімге, неге арналғанын білдіреді. Мысалы: *Түс ауа бригадир мені атқа мінгестіріп алды да, жұмыс жаққа қарай алып жүрді. Бүгін сенің келетіңді Шоғынқұлаққа айтқанмын. Трактор айдауға шамаң келе ме? Оның қол бұлғағаныңа қарамай, жанынан өте шықтым. – Алданыш, сен мұны ешкімге айтпашы, - деп жалындым* (Д.Исабеков).

Жатыс септігіндегі жанама толықтауыштар кімде? неде? сұрақтарына жауап беріп, кимылдың не басқа сапаның оған тәндігін білдіреді. Мысалы: *- Ақымақ, сені сағындым зой мен, - деді ол басымнан еркелете сипап. Оның бұл даусында өзін-өзі ұстай алмағандықтан туган өксу ме, діріл ме, сол сияқты бір өзгеріс бар еді. Адамда осындай мінез бен махаббат та кездесе береді екен-ау!* (Д.Исабеков).

Шығыс септігіндегі жанама толықтауыштар кімнен? неден? сұрақтарына жауап беріп, кимыл процесінің заттық арнасын, неден бастау алатынын білдіреді. Мысалы: *Мен аңауаң сендей кезімде ажырағанмын. Ешкімнің кем болған жоқпын, біреуге әке, енді біреуге жездемін. Ол менің мезгілсіз келуімнен бір жылы хабар күтіп, трактордан секіріп түсті. Үйреніп қалған құлақпаң алыста келе жатқан трактордың гүріліндей бір сарын ызылдап кетер емес* (Д.Исабеков).

Көмектес септігіндегі жанама толықтауыштар кіммен? немен? сұрақтарына жауап беріп, бірнеше мағынада жұмсалады.

1. Бірлестік пен ортақтастық мағынасын білдіреді. Мысалы: *Ол тракторын тоқтатып, қарғып түсті де, менімен нақ бір төбелесетін кісідей, қимылсыз тұрып қалды. Осындағы бір жұмыс істейтін адамдардың бәрімен танысып алдым. – Жақсы, жақсы, Шойынқұлақпен бірге істейтін боласың* (Д.Исабеков).

2. Құралдық мағынада жұмсалады. Мысалы: *Тілеуғабыл Шойынқұлақтың айдап кеткен жерін қамшысының сабымен әрі-бері өлшетті. Шойынқұлақ оны ерге теріс қаратып отырғызып, шылбырмен әбден шандиды. Ол қалта фонарымен жарық қылып отырды да, мен қағазды канистрдің үстіне қойып жаза бастадым* (Д.Исабеков).

3. Материалдық, заттық мағынада жұмсалады. Мысалы: *Алақаныммен сипап көріп едім, маңдайым ашып сала берді. Қос басына бір май тасыған мащинамен келіп түскенімде күн дәл түстікке тірелген еді. Елжіреген ғашық жігіттің жүрек сезімін қағаз бетіне түсіріп болып, хат соңын екі шумақ өлеңмен бітірдім* (Д.Исабеков).

Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септігіндегі сөздер сөйлемде әр уақытта толықтауыш бола бермейді. Олар сөйлемде пысықтауыш, кейде баяндауыш қызметінде жұмсалады. Осы септіктегі сөздердің сөйлемдегі қызметін анықтау үшін оның тіркескен сөзімен грамматикалық қатынасына, сөйлемдегі орын тәртібіне, басыңқымен байланысу тәсіліне де назар аудару керек.

Пысықтауыш. Пысықтауышқа тән белгілер

Пысықтауыш – сөйлемде етістіктен жасалған баяндауыштың сапасын, мезгілін, мекенін, максатын, себеп-салдарын, сипаттайтын тұрлаусыз мүше.

Сөйлемнің құрылымдық-семантикалық компоненті ретіндегі пысықтауышқа тән белгілер:

- 1) сөйлемнің негізін құрауға қатыспайды (тұрлаусыз мүше);
- 2) үстеуден, көсемшеден және жанама септік тұлғалы зат есімнен жасалады;
- 3) бағыныңқы сыңар ретінде өз басыңқысымен қабыса, жанаса байланысады;
- 4) пысықтайтын сөзінің алдына орналасады;
- 5) сөйлемге баяндауышпен енеді;
- 6) өзі тіркескен сөзімен пысықтауыштық қатынаста болады;
- 7) сөйлемнің «тема» және «рема» бөлігіне де орналасады.

Пысықтауыштар, әдетте, етістік баяндауыштарға қатысты болғанымен, кейде есім баяндауышпен, модаль баяндауышпен де сөйлемге енеді. Бұл – әсіресе, мезгіл, мекен үстеулеріне тән құбылыс. Мысалы: *Қазір апам жоқ. Былтыр қара жер қойнына алған. Күндіз күні бойы жаңбыр жауды. Қазір салқын* (О.Бөкей).

Алда – әкем, артында – Қаршыға, соңында – мен. Дезде тау ішінде жылтыраған отқа жеттік. Бүгін біз бүтінбіз. Бұл біздің соңшалық бақытты шағымыз еді (О.Бөкей).

Пысықтауыштық қызметте жұмсалатын, негізінен үстеу десек те, сын есімдер етістік баяндауышпен тіркескенде пысықтауыш болады. Мысал үшін мына сөйлемдердегі сын есімдердің пысықтауыш және анықтауыш болу тұрғысын салыстыруға болады: *Сарқынды шал да өзін бүгін сергек сезінді. Сарқынды – тәкаппар, шатақ шал* (О.Бөкей). *Ақ жаулықты әйел бізді жадырай күліп, жылы қарсы алды* (О.Бөкей). *Жүрегім бәрібір ба-яғы кезді, Апамның жып-жылы алақанын аңсайды* (О.Бөкей).

Пысықтауышты танудағы тағы бір қиындық – пысықтауыш етістіктен жасалған сөйлемнің кез келген мүшесіне қатысты кіре ме, жоқ әлде баяндауышпен кіре ме?

Қазақ тіл білімінде пысықтауыш етістіктен болған мүшені нақтылап, анықтап тұрады десе де [35, 657 б.; 29, 186 б.], келтірілген мысалдары пысықтауыштың баяндауышпен кіретінін дәлелдейді. Орыс тіл білімінде де пысықтауыш етістіктен болған мүшеге қатысты десе де [33, 213 б.; 30, 146 б.; 31, 135 б.], ЖОО-ға арналған «Ұлт тілдері аясында» шыққан оқу құралында [27, 91 б.] сөйлемдегі пысықтауыш бүкіл сөйлемге қатысты, баяндауышқа қатысты, тіпті, анықтауышқа, толықтауышқа, бастауышқа да қатысты болады деген пікір берілген.

Сөйлемді сөйлем мүшелеріне дұрыс талдау үшін белгілі бір заңдылыққа сүйену қажет. Сондықтан пысықтауышты дұрыс тануда бұл сөйлем мүшесіне тән ерекшелікті (жоғарыда көрсетілген) берік ескеру қажет. Пысықтауышқа тән басты белгі (5-белгі) етістіктен болған сөзді анықтау дегеннен гөрі, пысықтауыш баяндауышты (есім баяндауышты да) нақтылап сипаттайды дейміз.

Енді етістіктің есімше, қимыл есімі тұлғалары сөйлемде бастауыш, анықтауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалғанда, олармен тіркесіп кіретін үстеулерді пысықтауыш деп тануға бола ма деген сұрақты шешіп көрейік. Мысалы: *Кеше түнімен жауған қар бүгін тұс ауа ери бастады* (Ш.Мұртаза). Сөйлемнің негізі – *қар ери бастады*. Сөйлемді жайылмаландырып тұрған мүшелердің сұрағы – *қай қар қашан ери бастады?* Бұдан түйетініміз *кеше түнімен жауған* тіркесі тұтасымен *қай?* сұрағына жауап беріп, анықтауыш қызметінде жұмсалып тұр. Ал осы тіркестерді дара мүшелерге жіктесек, сұрағы былай болады: *қашан қайткен қар?* Сұрақты осылай қойып, бұл тіркесті пысықтауыш-анықтауыш-бастауыш мүшелерге ажырату логикалық жақтан да дұрыс емес. Келесі мысал: *Қыста қырық градус аязына бұлқ етпей жорта беретін көк бөрің – осы* (Ш.Мұртаза). Сөйлемде үш мүше бар: *осы* – баяндауыш; *көк бөрің* – бастауыш; *қыста қырық градус аязына бұлқ етпей жорта беретін* – тұтасымен анықтауыш. Сөйлем құрылы-

мы – анықтауыш – бастауыш және баяндауыш. Ал сөйлемді басқаша құрасақ, сөйлем мүшелеріне талдау да басқа болады. Осы көкбөрі қыста қырық градус аязына бұлқ етпей жорта беретін. Бұл сөйлемде бес мүше бар: *осы* – анықтауыш, *көк бөрі* – бастауыш, *жорта береді* – баяндауыш, *қыста-мезгіл пысықтауыш*, *қырық градус аязына бұлқ етпей* – тұтасымен сын-қимыл пысықтауыш. Сөйлем құрылымы – «анықтауыш – бастауыш және пысықтауыш - пысықтауыш-баяндауыш».

Көк бөрі баласы ит сияқты адамға жарамсақтана алмайды (Ш.Мұртаза). Сөйлемде 4 мүше бар: бастауыш, пысықтауыш, толықтауыш-баяндауыш. Сөйлемнің бастауышы – күрделі (*көк бөрі баласы – не?*) пысықтауыш (*ит сияқты – қалай?*) пен толықтауыш (*адамға – кімге?*) баяндауышпен (*жарамсақтана алмайды – қайтеді?*) кіріп тұр.

Сондықтан, пысықтауыш сөйлемге етістіктен жасалған кез келген мүшемен емес, баяндауышпен кіреді деген дұрыс.

Пысықтауыштың түрлері және жасалу жолдары. Пысықтауыштар білдіретін мағыналарына қарай 6 түрге бөлінеді: 1) мезгіл пысықтауыш; 2) мекен пысықтауыш; 3) мақсат пысықтауыш; 4) себеп пысықтауыш; 5) амал пысықтауыш; 6) мөлшер пысықтауыш [34, 657-660 бб.].

Мезгіл пысықтауыш және оның жасалу жолдары (қашан?):

1. Мезгіл үстеулерден жасалады: *Ерғабыл аздаңда тұрып алады да, шашы желбең-желбең етіп, әлгі машинасымен әлек боп жатады. Кейде екі-үш күн бойы зым-зия хабарсыз кететінін қайтерсің. Міне, бүгін бей-мезгіл уақытта кіріп келді* (Д.Исабеков).

2. Мезгіл мәнді зат есімдерден жасалады. *Ерғабыл, осындай қақаған қыста матасекл мініп, жау қуды ма сендерді? Биыл көктемде, жан аман болса, Ерғабылыңыз жиырма екіге толады екен. Қыздары бір күн түнде жоқ болып, орнын сипалатып кетті* (Д.Исабеков).

3. Есім сөздер мен есімше тіркесіп жатыс септігі тұлғасында пысықтауыш қызметінде жұмсалады: *Ерғабыл даладан келгенде кәрі адамның жанын жадыратып, мейірін қандырып ашық жарқын бір сөйлемейді. Сөйтіп, арада бір апта өткенде Ерғабылдың үйлену тойы болды. Байғұс ана Нәзіраның жат босағаға кеткенін жұрт аузынан естігенде қызының көйлегін көкірегіне басып ұзақ жылады* (Д.Исабеков).

4. Шақтық мағынадағы зат есімдер атау күйінде, не түрлі қосымшалар жалғанып, алдындағы сілтеу есімдіктерімен (бір, әуелгі, соңы, сол) күрделі мезгіл пысықтауыш болады: *Осы кезде ауызғы үйден кішкене қыз бен тағы бір әйел кіріп, қонақтардың киімін ала бастады. Бала алдында әкенің де айтарға сөз таппай қиналатынын Қаркең осы сәтте гана сезген сияқты. Сол уақытта іштен шыр етіп жылаған нәрестенің дауысы естілді* (Д.Исабеков).

5. Септеулі кейде атау тұлғалы есімдер кейін, соң, дейін, бері, бойы көмекші сөздерімен тіркесіп күрделі пысықтауыш болады: Біраздан соң ол құдасының шылбырынан ұстап тоқтатты. Әлден уақыттан кейін шығарып салушылар қоштасып кейін қайтты. Қарекең осы өміріне күн сайын мың шүкіршілік келтіреді. Келгелі бері бақылап отыр, құдасы жаман кісі көрінбейді (Д.Исабеков).

Мекен пысықтауыштың жасалу жолдары (қайда? қайдан?) :

1. Мекен үстеулері түбір күйінде немесе барыс, жатыс, шығыс жалғауларында пысықтауыш болады: Төменгі жақпана келіндер шай құйып отыр. Ермабыл ақылға көніп, келінің соңынан барар (Д.Исабеков). Олардың соңында соқыр шамның сәулесіндей діріл қағып біздер қаламыз (Д.Досжан).

2. Барыс, жатыс, шығыс жалғаулы есім сөздер мекен пысықтауыш болады: Қуантайым келсе-ақ сызылып үйімнен шықпайды (Д.Досжан). Әлден соң ауыр ойдан бір серпіліп, орнынан тұрды да, есікке беттеді. Ол жүгері арасындағы жолмен жапырақтарды сатырлата құдасының ауылына бет түзеді (Д.Исабеков).

3. Көмекші есімдермен (алды, арты, қасы, жаны, үсті, маңы т.б.) тіркескен зат есімдер барыс, жатыс, шығыс септіктерінде келіп мекен пысықтауыш болады: Сөйтіп жаңа көтерілген жас шаңырақ әкелер арасына осылайша әбігер де тастап кетті (Д.Исабеков). Сол қағазды тұмардай қып жаулығының ұшына түйіп, көпке дейін көз алдында ұстап жүрді. Ертең той деген күні қала шетінен аядай үй жалдаған (Д.Досжан).

4. Қарай, таман, шейін шылаулары тіркескен барыс, жатыс, шығыс жалғаулы сөздер тұтасымен мекен пысықтауыш болады: Шырылдаған қызылшақа нәрестені құшақтаған Күнімпатша кейуана жас келінді Арыс стансасына, поезға дейін шығарып салған. Пошташы бала қолындағы тілдей телеграмманы қысып ұстаған күйі Күнімпатшаның үйіне қарай далақтап жүзгіре жөнелді (Д.Досжан). Молдабай әлдене күткендей солай қарай еңсесін көтеріп қадала қалды (Д.Исабеков).

5. Сілтеу есімдіктері барыс, жатыс, шығыс септігінде, кейде (жак, жер, алыс) көлемдік мағынадағы есімдермен тіркесіп пысықтауыш болады. Әйтсе де, олардың қалған өміріндегі бар қызығы мен қуанышы осында өсіп жатыр ғой!... Кеше колхоз бастық көріп қалып, сонадайдан әдемі атын бұрды (Д.Исабеков).

Амал (сын-кимыл) пысықтауыштың жасалу жолдары (қалай? қайтіп? қалайша?). Мағынасына қарай амал пысықтауыштар іштей екіге бөлінеді: 1) істің істелу амалын (тәсілдік амал) білдіретін; 2) істің сапалық белгісін (сапалық амал) білдіретін амал пысықтауыштар.

Тәсілдік амал пысықтауыштар үстеу, еліктеуіш сөздер, көсемше тұлғалы етістіктер болып келеді де, мағыналық қатынасы қарқындық, кимылдық, бейнелеуіштік болып келеді.

Қарқындық амалды білдіретін пысықтауыштар:

1) бірден, бір-ақ, колма-кол, зорға, әрен, тез, акырын т.б. үстеулерінен жасалады: *Ол үйіне ақырын аяқдады. – Немерелі болдыңыз, ұл, ұл! – деп алдынан ентіге шықты. Поштаға барып ақшаны қолма-қол салып жіберетін* (Д.Досжан).

2) кылт, кілт, тарс, сарт, жалт т.б. еліктеуіш сөздерден жасалады: *Еркетай көкпарға түсетін лақтай жалтақ-жалтақ жүздіреді. Әуелі мотоциклдің ышқынған аңы дауысы шықты, сосын жер дүңкілдеп, есік сарт ашылды* (Д.Досжан). *Бір кезде сыртқы есік сарт жабылып, маужыраған дүние селк ете түсті* (Д.Исабеков).

Қимылдық амалды білдіретін пысықтауыштар:

1) көсемшелерден жасалады: *Қуандықтың тойында осы даланы дүбірге толтырып көкпар тартылған. Қуандығы жастайынан зереқ болып өсті* (Д.Досжан). *Шыдамым таусылып, түңделетіп осында жеттім* (Д.Исабеков).

2) -ша, -ше жұрнақты туынды үстеу арқылы жасалады: *Қарекен еңсесін басқан ауыр ойын осылайша ақтарып салды. Өзін әлдекім қуып келе жатқандай ер үстіне жас жігітше қарғып мініп, ауылына қарай шаба жөнелді. Ермабыл өз бетінше сөйлемейді, сұрақ қойса гана қысқаша жауап береді* (Д.Исабеков).

Бейнелеуіш амалды білдіретін пысықтауыштар:

1) бейнелік үстеулерден (шалкасынан, етпетінен, жамбастан, тізерлеп т.б.) жасалады: *Жанындағы кемпірі көпке дейін көз ілмей аһ ұрып жатыр еді, енді маужырап ұйықтап кетті. Жұрт жиналып, жапырлап басу айтып жатыр* (Д.Исабеков). *Өң мен түстің арасында селтіп басын көтерді.*

2) маң-маң, талтаң-талтаң т.б. еліктеуіштерден жасалады. *Таңның атысынан күннің батысына дейін қыбыр-қыбыр бір тыным көрмейді* (Д.Исабеков). *Көңіліңе алма, қатар болған соң бәлдір-баһпақ сөйлей береміз* (Д.Досжан). *Жүрегі бұлқына соғып, селк етіп оянды* (Д.Досжан).

Сапалық амалды білдіретін пысықтауыштар:

1) мағыналары етістікпен үйлесімді негізгі сын есімдер пысықтауыш болады: *Жас келін жаман қысылады* (Д.Досжан). *Ермабыл әке-шешесімен жылы, жарқын сөйлеседі* (Д.Досжан).

2) туынды сын есімдер (-дай, -сыз жұрнақты) пысықтауыш болады: *Қуантайы үн-түнсіз жарға сүйеніп тұр. Құс жастықтың шәйі тысы мұздап қалыпты, шекесіне мұз басқандай әсер етті* (Д.Досжан). *Қарекен сол орнында қимылсыз қатты да қалды* (Д.Исабеков).

Мақсат пысықтауыштын жасалу жолдары (не мақсатпен?):

1) әдейі, қасакана, жорта, бекер, босқа, арнайы т.б. үстеулерден жасалады: *Қарекен құдасының ішкі ойын сезгендей қолындағы күміс сап-*

ты қамшысын әдейі жерге түсіріп жіберіп, соны алғалы аттан түсті (Д.Исабеков). Арада тағы бір айдай уақыт өткен соң, бұларды Молдабай арнайы шақырды (Д.Исабеков).

2) зат есімдер мен -ғалы тұлғалы көсемшелердің тіркесуі арқылы жасалады: Молдеке, мен сізбен сөйлескелі келдім (Д.Исабеков) – Сенен қарызға ақша сұрағалы келдім (Д.Досжан).

3) калау, бұйрық рай тұлғалы етістіктерден кейін деп көмекші етістігі тіркесуі арқылы жасалады: - Жігіттерге таба қылма мені! Сенсіз қелмеймін деп шыққанмын (Д.Досжан). Бүгінгінің балалары оқимын деп, шоқимын деп туған жерден безіп кетеді (Д.Досжан).

Себеп-салдар пысықтауыштың жасалу жолдары (не себепті? неліктен?):

1) -ған тұлғалы есімшеге -дықтан қосымшасы жалғану арқылы немесе есімшеге шығыс жалғауы жалғану арқылы жасалады: Екеуіміз кеңесіп шешетін нәрсе болмағандықтан ойым онға, ақылым алтыға бөлініп, пәлен етейік деп айта алмай отырмын. Ауыл арасы таяқ тастам жер болса да, мына теңтектердің теңтектігі тұсау болғандықтан келе алмай жатырмыз, құда-еке... (Д.Исабеков)

2) есімшеден кейін себепті, соң, үшін шылауының тіркесуі арқылы жасалады: Боз бие жоғалып, ішімнен іріп, тықат боп отырған соң дағдарғаным рас (Д.Досжан). Алғаш жүз көріскенде томсырған мінез көрсеткенім үшін қазір өзім ұялып келе жатырмын (Д.Исабеков).

3) кейде көсемше формалы етістіктер де себеп пысықтауыш болады: Сыртқы есікті қаусыра жатты да, ит кіріп кетпесің деп шандып тастады (Д.Досжан). – Қой, сәрсенбіге Қуантайымның садағасы деп жеті нан құдайы беріп жіберейін (Д.Досжан). Шерәлі жіберген шақыру қағазын нақ той болатын күні бара алмаймын деп қайтарыпты (Д.Исабеков).

Мөлшер пысықтауыштың жасалу жолдары (қанша? қаншама? қаншалықты?): 1) мөлшер үстеулерінен (онша, сонша, бірен-саран, аз, көп, едәуір, талай т.б.) жасалады: Сол қағазды тұмардай қып жаулығының ұшына түйіп көрке дейін көз алдында ұстап жүрді (Д.Досжан). Әйтеуір, олардың анау шағын бөлмесінен анда-санда ащы айғай естіліп қалып жүрген-ді (Д.Исабеков). Қарекең сөзін неден бастарын білмей едәуір отырды.

2) мөлшерді білдіретін сын есімдер (ұзақ, қысқа т.б.) етістікпен тіркесіп пысықтауыш болады. Жас келіннен әуелде хат әсіі келетін, бара-бара мүлде сирексіді де, ақырында үзіліп тынды (Д.Досжан). Сол орнында Қарекең ұзақ тұрды да шығып кетті (Д.Исабеков). Олардың арасында қандай келіспеушілік болғанын Қарекең де Бибігүл де анық білмеді (Д.Исабеков).

3) сан есімдер етістікпен тіркескенде немесе өлшемдік мағынадағы көмекші сөздермен тіркесіп пысықтауыш болады: *Сол Балғабайы Алма-тыда бес жыл жүрді* (Д.Досжан). *Ол құдасының үйінде екі қуи жатты. Тамақ желініп болған соң осы кеште үшінші рет дастархан жайылып, кісілер шай ішуге кірісті* (Д.Исабеков).

Сөйлемнің детерминант мүшесі. Детерминант сөз (сөйлемдегі детерминант мүше) – әдетте сөйлемнің басында тұрып, сөйлемдегі предикат мүшемен алшақ та, қатар да тұрып байланысып, оны кеңейтетін сөз тұлғасы.

Детерминант болатын мүше сөйлемнің баяндауышымен тіркесіп кіреді, бірақ ол сол баяндауыштың алдына да, сөйлемнің басына да орналасады. Детерминант мүше сөйлемнің басында болғанда, тұтас сөйлемге қатысты болса, баяндауыштың алдында келгенде, предикатқа қатысты болады. Мысалы: *Кеше Астанадан досым келді – Астанадан кеше досым келді – Досым Астанадан кеше келді.*

Бірінші сөйлемдегі *кеше қайда, не болғандығы* айтылса, екінші сөйлемде *кеше не болғандығы*, үшінші сөйлемде *досымның қашан келгендігі* айтылып тұр.

Сөйлемдегі орны жылжымалы мүше – пысықтауыш. Үстеуден жасалған пысықтауыштар сөйлемнің қай бөлігіне орналасса да («тема» немесе «рема»), предикатпен грамматикалық қатынасын, мүшелік қызметін өзгертпей байланыса алады.

2.3.3 Сөйлемнің үйірлі мүшелері

Сөйлем мүшелері өзі жасалған сөздің құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді. Дара мүше бір сөзден жасалса, күрделі мүше екі немесе одан көп сөздерден жасалады.

Күрделі мүше сол мүшенің құрамына кіретін сөздердің ішкі қатынасына қарай күрделі (анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі негізінде жасалған) және үйірлі (предикаттық қатынастағы сөз тіркесі негізінде жасалған) мүше болып бөлінеді.

Демек, үйірлі мүше де кемінде екі сөзден құралатын күрделі құрамды болады, яғни күрделі мүшенің ерекше түрі. (Бұл жайлы күрделі және үйірлі анықтауыштар бөлімінде кең айтылған, себебі үйірлі мүше, алдымен, анықтауыш мүшеге қатысты танылған).

Үйірлі мүше туралы арнайы тоқталудың себебі бар. Үйірлі мүшенің ішкі құрылымы бастауыш-баяндауыш болып құралатындықтан, мұндай мүше қатысты сөйлемді құрмалас сөйлем деп танитын жағдайлар орын алмас үшін үйірлі мүшені дұрыс тану қажет. Үйірлі мүшенің ерекшеліктері мыналар:

1) үйірлі мүшені құрайтын сөздер іштей бастауыш-баяндауышқа бөліне алатын предикаттық бірліктер;

2) үйірлі мүше құрамындағы «баяндауыш» есім сөздер, есімдік, есімше болады;

3) бұл құралым (конструкция) сөйлемнің кез келген мүшесіне тән.

Үйірлі бастауышты сөйлемдер: Оқығаны көп білмейді, тоқығаны көп біледі. Аяғы жаман төрді былғар, ауызы жаман елді былғар. Көңілі қарау сырласынан айырылады. Өзі жығылған өкінбес. Аузы күйген үрлеп ішеді.

Үйірлі баяндауышты сөйлемдер: Әзілде кек жоқ, өсекте шек жоқ. Үндемесең – дау алар, жата берсең – жау алар. Біреудің қолымен аш көсеме. Арықтың жілігі татымас.

Үйірлі анықтауышты сөйлемдер. Ұстазы жақсының ұстамы жақсы. Еңбегі жоқ ғалым – ыстығы жоқ жалын. Әйелі жоқ үй – жетім. Көзі жаманның сөзі жаман.

Үйірлі толықтауышты сөйлемдер: Құлақ естігенді көз көреді, көз көргенді қол ұстайды. Сөз тапқанға қолқа жоқ. Көзі соқырдан көңілі соқыр жаман. Өзі жарымағаннан сарқыт даметпе.

Үйірлі пысықтауышты сөйлемдер: Ащуын келсе қолың тарт. Ісің оңға басарда қарға салсаң, қаз ілер, іс қырсыққа шабарда сұңқар салсаң, аз ілер. Орайы келгенде орала береді, қолайы келгенде құрала береді. Сәті түскенде сәл нәрсе де себеп болар.

Келтірілген мысалдардан байқайтынымыз – үйірлі мүше мақал-мәтел құрылымдарында көп кездесетіні.

Үйірлі мүшелі құрылыммен сөйлеу – ықшамдау амалының бір түрі. Құрмалас сөйлемдегі пікірді де үйірлі мүше құрылымды жай сөйлеммен жеткізуге болады. Сөйлеуші пікірді жеткізгенде өз ыңғайына қарай кез келген мүшені үйірлі етіп құрай алады. Мысалы: Аузы күйген (кім?) – үрлеп ішер. Үрлеп ішетін – аузы күйген (кім?). Аузы күйген (қай?) адам үрлеп ішер. Аузы күйгенде (қашан?) үрлеп ішеді.

2.3.4 Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі – сөйлемге мүше болып кірген сөздердің орналасу реті.

Қазақ тіліндегі сөйлемдерде сөздердің орналасу тәртібі тілдің грамматикалық құрылымымен айқындалып, әдеби тіл дәстүрі арқылы қалыптасқан.

Сөйлемнің әртүрлі типтеріндегі сөздердің орналасу ерекшелігі сөйлем мазмұнына, құрылымына, сөйлем мүшелерінің санына, айтылу мақсатына байланысты.

Қазақ тіліндегі сөздердің орын тәртібінің атқаратын функциялары мыналар:

1. Тұлғасы (формасы) бірдей сөздердің бастауыш немесе тура толықтауыш екендігін орналасуына қарай ажыратамыз: *Бала кітап оқып отыр. Әнші ән айтады.* Бірінші орналасқан сөз – бастауыш, етістікке меңгеріліп тұрған келесі сөз – толықтауыш.

2. Атау тұлғасында жұмсалған екі зат есімнің қайсысы бастауыш, қайсысы баяндауыш екенін де орын тәртібі арқылы ажыратамыз: *Анам – дәрігер. Мұғалім - әкем. Інім – оқушы. Оқушы – інім.* Алдында тұрған бастауыш, сөйлемді аяқтап тұрған баяндауыш.

3. Сөйлемдегі сын есімнің қай мүше қызметінде жұмсалғанын да оның орналасу ретіне қарай анықтаймыз: *Әселдің киімі – жылы. Әсел жылы киініпті. Әселдің жылы киімі өзінде.* Бірінші сөйлемдегі *жылы* сөйлемнің соңында тұрып, баяндауыш болса; екінші сөйлемдегі *жылы* етістік баяндауыштың алдына орналасып, пысықтауыш қызметінде жұмсалған; ал үшінші сөйлемдегі *жылы* есім бастауыштың алдына орналасып, анықтауыш қызметінде жұмсалған.

Демек, сөздер сөйлемге мүше болып кіргенде сол мүшенің орнына сай енеді.

Қазақ грамматикасы бойынша оқулықтар мен оқу құралдарында [29, 219 б.; 34, 81 б.] сөйлем мүшелерінің орын тәртібі жайлы қалыптасқан ереже бар: баяндауыш сөйлемнің соңына, бастауыш одан бұрын, анықтауыш анықтайтын сөздің алдына, толықтауыш пен пысықтауыш өздері қатысты сөздерінен бұрын орналасады.

Сөздердің сөйлемде осы тәртіппен орналасуы – олардың грамматикалық қызметін айқындайтын тұрғы.

Сөздердің орын тәртібінің грамматикалық қызметінен басқа стильдік қызметі де бар. Тілдің дамуы барысында сөздердің орын тәртібінің осы қызметі күшейіп келеді. Сөйлеуші немесе жазушы өз пікірін баяндауда сөздердің орын тәртібінің стильдік қызметін қолдана отырып, актуалдап немесе экспрессивті сөйлеу мақсатымен сөйлемдегі мүшелердің орнын әдейі өзгертіп қолданады. Мысалы: - *Тоң май табылса, қара көже ішіп неміз бар? Қатпаймыз ба, сол көжеге?* (Ш.Мұртаза). Сондай бір сұрапылда осы мына жатқан Барысхан келді зой дүниеге (Ш.Мұртаза).

Сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі бойынша тұрлаусыз мүшелер тұрлаулы мүшелермен тіркесіп сөйлемге енгенде, өзі қатысты мүшенің алдына орналасады.

Автор бұл сөйлемдерде толықтауыш пен пысықтауышты баяндауыштан кейін қойған. Ондағы мақсаты – сөйлемнің экспрессивтілігін арттыру, сөйлеушінің эмоциясын қоса жеткізу.

Жай сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібі сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің орналасу тәртібімен, ол сөйлемдердің қай сөз табынан жасалуына тікелей қатысты. Мысалы: Щаршау дегенді білмейтін қыз-келіншектер соғыс жылынан кейінгі бейбіт күннің шуағына жылынып, сызылта ән салатын (О. Бөкей).

Бұл етістік баяндауышты сөйлемде тұрлаулы мүшелермен қатар бастауышпен кірген анықтауыш, бірінші баяндауышпен кірген толықтауыш, толықтауышпен кірген екінші анықтауыш және екінші (құрама) баяндауышпен кірген пысықтауыш бар. Сөйлемді есім баяндауышты етіп қайта құрайық: Соғыс жылынан кейінгі бейбіт күннің шуағына жылынып, сызылта ән салатын – щаршау дегенді білмейтін қыз-келіншектер.

Есім баяндауышты сөйлемде баяндауышпен кірген күрделі анықтауыш және күрделі бастауыш қана бар. Себебі, екінші сөйлемнің бастауышы етістіктің есімше формасындағы сөз. Бастауыш қимылды білдіретін сөз болғанмен, *кім?* сұрағына жауап беріп, атау тұлғасында тұр. Егер бастауышқа *кім? не?* сұрағын қояр болсақ оған тіркескен алдыңғы сөз *қай? қандай?* сұрағына жауап беріп, анықтауыш қана бола алады. Демек, бастауышпен кіретін тұрлаусыз мүше – анықтауыш. Толықтауыш пен пысықтауыш сөйлемге етістік баяндауышпен кіреді. Автордың (Ш. Мұртазаның) құраған сөйлеміндегі баяндауыш қызметіндегі сөз (*ән салатын*) бастауыш қызметіне ауысқанда, онымен тіркесіп кірген толықтауыш пен пысықтауыш сөздер де қызметін ауыстырып, күрделі бастауыштың құрамына енді.

Сондықтан сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдағанда, алдымен тұрлаулы мүшелерді тауып, одан кейін баяндауышқа қатысты мүшелерді, сосын бастауышқа қатысты мүшелерді табу керек.

Семинар сұрақтары

1. Сөйлем туралы анықтамаларға шолу
2. Сөйлемнің предикативтілік белгісін сипаттау
3. Сөйлемнің модальділігі
4. Сөйлемдегі интонацияның қызметі
5. Логикалық пайымдау мен грамматикалық сөйлем
6. Сөйлем модельдерін ажыратудың негізгі ұстанымдарын анықтап, сөйлем моделі ұғымына түсінік беріңіз.
7. Сөйлем моделіне тән белгілер
8. Сөйлемді құрылымдық жүйелеу мен қатысымдық жүйелеудің айырмашылықтары
9. Сөйлемдегі жақтылық, жақсыздық ұғымдары туралы пікірлер
10. Сөйлем субъектісі ұғымы және ол туралы пікірлер
11. Предикативтік қатынас туралы түсінік

12. Екі негізді сөйлемнің негізгі белгілері
13. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері, олардың неге солай аталатынын түсіндіріңіз
14. Бастауыштың негізгі сипаттары
15. Баяндауыштың негізгі сипаттары
16. Баяндауыштың мағыналық және құрылымдық түрлері
17. Тұрлаусыз сөйлем мүшелеріне ортақ белгілер
18. Анықтауыш пен пысықтауыштың ұқсастығы мен ерекшелігі
19. Толықтауыш пен пысықтауыштың ұқсастығы мен айырмашылығы
21. Анықтауыштың толық сипаттамасы
22. Толықтауыштың толық сипаттамасы
23. Пысықтауыштың толық сипаттамасы

Студент пен оқытушының өздік жұмысы

1. Сөйлемдердің әр түрін алып предикативтік белгілерін дәлелдеу.
2. Сөйлемдердің әр түріне бес мысалдан теріп жазу, оны талдап түсіндіру.
3. Сөйлемдердің құрылымдық сұлбасын кестелеп сызу.
4. Шағын мәтіндегі сөйлемдерді контекстке сүйене отырып тема-рема-лық тізбегін жасау.
5. Төмендегі сөйлемдердің негізгі үлгілерін (модельдерін) анықтаныз.
«Бұл топтың арасында да үш-төрт әйел. Бұл әйелдердің ішінен біреуі ерекше көзге түседі. Бұл – Жәнібек сұлтанның екінші әйелі... Жаған бикем» (І.Есенберлин).
6. Төмендегі сөйлемдерді негізгі үлгілері (модельдері) бойынша төрт түрге жіктеңіз.
«Керуен көп ұзамай жолдан шықты. Құмсақ шағылға іркілді. Түйелерін шағын алаңға айналдыра шөгеріп, ортаға қапшық, қоржын жүктерін түсірді» (С.Елубаев).
- Түрлі модельдегі он сөйлем келтіріп, оны формуламен көрсетіп, дәлелдеңіз.
8. Бастауыш болатын негізгі сөз табы және басқа сөз таптарының бастауыш қызметінде жұмсалып ерекшелігі.
9. Баяндауыш қызметінде жұмсалатын негізгі сөз табы және басқа сөз таптары.
10. Етістік баяндауыш пен есім баяндауышқа ортақ грамматикалық тұлға.
11. Күрделі етістік баяндауыш пен күрделі есім баяндауышты сөйлемдер.
12. Құрама баяндауыш, ондағы көмекші етістіктің қызметі.

13. Үйірлі бастауыш пен баяндауыш.
14. Баяндауыштың бастауышпен жақтық және сандық қиысуы.
15. Бастауыш пен баяндауыштың арасына сызықша қойылу шарттары.
16. Сұрақ қойылмайтын баяндауыштар жайлы түсіндіріңіз.
17. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері және оның себебі.
18. Сөйлемнің кез келген мүшесімен тіркесіп кіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.
19. Сөйлемнің бастауышымен кіретін тұрлаусыз мүше?
20. Баяндауышпен кіретін тұрлаусыз мүшелер?
21. Бастауыштың сөйлемдегі орны.
22. Анықтауыш қызметінде жұмсалатын сөз таптары.
23. Анықтауыш пен айқындауыштың ұқсастығы мен ерекшелігі.
24. Толықтауыштың жасалу жолдары.
25. Детерминант мүше. Детерминант болатын сөйлем мүшелері.

Студенттік өзіндік жұмыс

- 1) Сөйлемдердің субъект-предикаттық қатынасқа қарай жіктелуі
- 2) Сөйлемдердің модальділікке қарай жіктелуі
- 3) Қиысу
- 4) Атаулы сөйлем
- 5) Сөйлемнің коммуникативтік мүшеленуі
- 6) Сөйлемнің құрылымдық тіректері
- 7) Жай сөйлем модельдері
- 8) Құрмалас сөйлем модельдері
- 9) Логикалық пайымдау және сөйлем
- 10) Логикалық субъект пен предикат және грамматикалық бастауыш пен баяндауыш
- 11) Бастауыштық топ пен баяндауыштық топ
- 12) Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі
- 13) Үйірлі мүшелер
- 14) Толықтауыш пен пысықтауыштың синкретизмі
- 15) Пысықтауыштың мағыналық түрлері
- 16) Етістік түрлерінің синтаксистік қызметтері (сөйлем мүшесі болуы)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013.
2. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013.

3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: «Санат», 1994.
4. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы: «Мектеп», 1966.
5. Төлегенов О. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы: «Мектеп», 1968.
6. Қордабаев Т. Тілдің структуралық элементтері. – Алматы, 1975.
7. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Мектеп», 1983;
8. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Қазақ университеті», 2003.
9. Қазақ тілінің грамматикасы. II. Синтаксис. – Алматы: «Ғылым», 1967.
10. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
11. Аманжолов С., Әбілқайев А., Ұйықбаев И. Қазақ тілі грамматикасы. – Алматы, 1968.
12. Балақаев М. Қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис. – Алматы: «Оқу құралдары» баспасы, 1949.
13. Потенция А.А. Из записок по русской грамматике. – Т. I-II. – Москва: «Просвещение», 1968.
14. Шахматов А.А. Синтаксис русского языка. – Ленинград: «Учпедгиз», 1941.
15. Пауль Г. Принципы истории языка. – Москва, «Иностранная литература», 1960.
16. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. – Алматы: «Мектеп», 1981.
17. Аблақов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі меңгеріле байланысқан сөз тіркестері. – Алматы, 1971.
18. Серғалиев М.С. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: «Мектеп», 1981.
19. Золотова Г.А. Очерк функционального синтаксиса русского языка. – Москва: «Наука», 1973.
20. Булыгина Т.В. Пражская лингвистическая школа. // Основные направления структурализма. – Москва, 1964.
21. Атаян Э.Р. Понятие элементарной синтаксической структуры. – Ереван, 1964.
22. Абдуллаев К.М. Теоретические проблемы синтаксиса азербайджанского языка: Дисс. ... д-ра филол.наук. – Баку, 1984.
23. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: «Мектеп», 1972.

24. Ярцева В.Н. Проблемы формы и содержания синтаксических единств в трактовке дескриптивистов и «менталистов» // Вопросы теории языка в современной зарубежной лингвистике. – Москва: «Иностранная литература», 1961.

25. Фортунатов Ф.Ф. Избранные труды. Т. I, II. – Москва, 1956-1957.

26. Петерсон М.Н. Лекции по современному русскому литературному языку. – Москва, 1941.

27. Әміров Р.С. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1983.

28. Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. – Москва, 1976.

29. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1992.

30. Бабайцева В.В. Система членов предложения в современном русском языке. – Москва, 1989.

31. Лекант П.А. Синтаксис простого предложения в современном русском языке. – Москва, 1986. – 175 с.

32. Сайрамбаев Т. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. – Алматы, 1991.

33. Галкина-Федорук Е.М. Современный русский язык. Синтаксис. – Москва, 1957.

34. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы, 2012.

35. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.

2.4 Жай сөйлемнің құрылымдық түрлері

2.4.1 Қазақ сөйлемдерінің жіктелуі

Сөйлем – адамдардың сөйлесуі, пікір алысуы үшін ең қажетті тілдік бірлік екенінде дау жоқ. Ол мәтіннен кейінгі және сол мәтінді, жалпы сөйлеу әрекетін құраушы басты тұлға болып есептеледі. Кез келген тілдік бірліктер тәрізді сөйлемнің де өзіне тән пайда болу, даму (өзгеру), құралу, қолданылу т.б. сипаттағы ғасырлар бойында қалыптасқан жүйесі, қағидалары мен заңдылықтары бар және олар да даму, өзгеру үстінде болып отырады. Бұл өзгерістер үнемі сөйлеу (жазу) жағдаяты үстінде сөйлемдердің алуан түрлеріне тән белгілі бір ортақ тілдік белгілер мен ерекшеліктері бар топтарының және сол топқа енетін сөйлемдерге тән ортақ үлгі-құрылымның пайда болуына алып келеді. Бұл үлгі-құрылым сөйлемнің грамматикалық-тұлғалық (сыртқы) құрылымы мен мазмұндық-семантикалық (ішкі немесе логикалық) құрылымын қатар ескеруге негізделеді. Нақтырақ айтқанда, сөйлем ойдың тілдік көрінісі ретінде қарастырылады.

Қазақ тіл білімі тарихында сөйлемдерді жіктеу мәселесі (XIX ғасырдың соңындағы түркітанушылардың еңбектерін еске алмағанда) А.Байтұрсынов ілімінен бастау алады. Ғалым сөйлемді әуелі карама-қарсы үш топқа топтастырып алады да, оны іштей былайша жіктейді:

1) **жалпы түрлері**, олар: а) болымды сөйлем – болымсыз сөйлем, ә) толымды сөйлем – толымсыз сөйлем, б) жалаң сөйлем – жайылма сөйлем;

2) **айтылуынша айырылатын түрлері** деп оны төртке бөледі: а) сұраулы сөйлем, ә) лепті сөйлем, б) тілекті сөйлем (мұны іштей тағы – бұйрықты, өтініш, үгіт, жай тілек деп бөледі), в) жай сөйлем;

3) **құрылуынша айырылатын түрлері**, олар: а) іргелес сөйлемдер, ә) құрмалас сөйлемдер (бұлар іштей сыйысулы және кыйысулы құрмалас деп бөлініп, соңғысы салалас және сабақтас құрмаластар деп бөлінеді) [1, 296-310 бб.].

Сөйлемдерді жіктеудің бір көрінісі С.Аманжоловта бар. Ол сөйлемді **тұлға жағынан**: 1) жай, құрмалас; 2) жалаң, жайылма деп бөліп алады да, соңғының өзін 1) толымды, толымсыз, 2) жақты, жақсыз деп тағы екіге бөледі. Ғалым орыс тілінде сөйлемдерді «жалаң» және «жайылма» деп бөлу бар екенін айта келіп, «олардың орнына толымды, толымсыз деп те атаған орынды болар еді» деген пікірін де қоса кетеді. Солай дей отырып, жалаң және жайылма сөйлемдерге анықтама береді және оларды **мағына жағынан** 1) хабарлы, 2) сұраулы, 3) лепті және 4) атаулы деп бөледі [2, 162-163 бб.]. А.Байтұрсынов жіктеуіне қарағанда бұл жіктелістің ғылыми жағынан болсын, жүйелілігі жағынан болсын біршама жетілгендігі айқын. Осы жетістік кейінгі М.Балақаевтың ізденісінде нақтыланып, осы күнгі грамматикалардағы сөйлемдер жіктелісіне алып келді.

М.Балақаев 1954 жылы шыққан алғашқы академиялық «Қазіргі қазақ тілі» грамматикасының «Жай сөйлем» тарауын жазған [3, 498-505 бб.] және 1959 жылы ҚазССР ҒА Тіл білімі институтының тапсырмасы бойынша «Қазіргі қазақ тілі синтаксисін» орыс тілінде жарыққа шығарды [4]. Осы кітаптың негізінде Т.Қордабаевпен бірлесіп жазған жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған алғашқы оқулық дүниеге келді [5]. Бұл оқулық өткен ғасырдың соңғы жартысы көлемінде бірнеше рет қайта басылды. Осы кітаптардың бәрінде де ғалым сөйлем түрлерін **құрылысына қарай** – жай және құрмалас, **құрамындағы мүшелерінің сипатына қарай** – болымды және болымсыз, жалаң және жайылма, жақты және жақсыз, толымды және толымсыз, атаулы деп ажыратады да, **айтылу мақсаты мен интонациялық ерекшеліктеріне қарай** – хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті деп жіктейді. Осы бөлініс қазірге дейін сақталып келеді [6, 440-458 бб.].

А.Байтұрсыновтан басталатын, кейін басқа да қазақ тілшілерінің еңбектерінде жалғасын тапқан сөйлемдерді жіктеудің осы үрдісінің не-

гізінде сол тұстағы және кейінгі орыс, шетел тілшілерінің (В.Гумбольдт, Фердинанд де Соссюр, Ф.Фортунатов, А.А.Шахматов, А.Мещанинов, А.Пешковский т.б.), түркітанушы ғалымдардың (П.М.Мелиоранский, Н.А.Баскаков, Э.В.Севортян, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов т.б.) сөйлемді **грамматикалық және мағыналық ерекшеліктерін** ескере отырып топтастыру идеясы жатқан болатын. Осыған байланысты қазақтың дәстүрлі грамматикаларында да сөйлемді жіктеуде осы екі меже (сыртқы грамматикалық құрылымы және мағыналық немесе айтылу мақсаты) басшылыққа алынды және алынып та келеді.

Әйтсе де, өткен ғасырдың орта тұсынан бастап орыс тіл білімінде сөйлемнің грамматикалық құрылымға негізделген түрлерінен басқа да ерекше құрылымдық типтерінің бар екендігі жөніндегі тілдік фактілерге негізделген идеялардың дүниеге келуі (В.В.Виноградов, Н.Ю.Шведова, Т.П.Ломтев, В.Г.Адмони, И.П.Распопов, Н.Хомский т.б.) түркітанушыларға, оның ішінде қазақ ғалымдарына да әсер етпей қойған жоқ. Мәселен, қазақ сөйлемдері ішінде де бір негізді (бір құрамды) деп есептелетін және грамматикалық жағынан мүшелеуге келмейтін, бірақ логикалық жағынан сөйлемдік мағынада қолданылатын сөздер мен сөздер тобы бар екендігіне көз жеткізген кейбір қазақ тілшілері болды (К.Аханов, О.Төлегенов, Ғ.Мадина, М.Балақаев). Солардың ішінде О.Төлегенов осы мәселеге тереңірек үңіліп, төмендегідей принциптерді басшылыққа ала отырып, сөйлемді жаңаша жіктейді:

«1) Баяндаудың жалпы модальдік мағынада (шындыққа қатысты) берілу сипатына қарай сөйлемдер екі топқа бөлінеді: *болымды сөйлемдер, болымсыз сөйлемдер*;

2) Сөйлемдер нақтылы сөйлеу процесінде баяндаудың берілу мақсаты жағынан үш топқа жіктеледі: *хабарлы сөйлемдер, сұраулы сөйлемдер, бұйрықты сөйлемдер*;

3) Сөйлемдер эмоциялық мағынасына қарай екі топқа бөлінеді: *үстемелі лепті сөйлемдер, арнаулы лепті сөйлемдер*;

4) Сөйлемдердің жалпы құрылымына байланысты жіктелу ерекшелігі: Бір немесе бірнеше предикативтік қатынас негізінде құралып жұмсалыуына қарай екі салаға бөлінеді: *жай сөйлемдер және құрмалас сөйлемдер*.

Қалыпты синтаксистік құрылымды емес сөйлем түрлері барын ескерсек, жалпы жай сөйлемді *мүшеленетін сөйлемдер және мүшеленбейтін сөйлемдер* деп ажыратуға болады.

Мүшеленетін жай сөйлемдер бастауыш пен баяндауыш арқылы не тек баяндауыш арқылы қалыптасу құрылымына қарай: *екі бас мүшелі сөйлемдер, бір бас мүшелі (баяндауышты) сөйлемдер* болып бөлінеді.

Бірінші топтың өзі бас мүшелердің лексика-грамматикалық өзгешелігіне байланысты жеке-жеке типтер болып бөлінеді.

Екінші топқа жататындар кимылдың субъектіге қатысы жағынан, субъект мәнінің ерекшелігі жағынан үш топқа жіктеледі: *белгісіз жақты сөйлемдер, жанана жақты (жақсыз) сөйлемдер, жалтылама жақты сөйлемдер.*

Нақтылы бір сөйлеу жағдайында, контексте жай сөйлем типтері *толымсыз* да болып жұмсала береді.

Мүшеленбейтін сөйлемдерді лексика-грамматикалық жасалу ерекшеліктері жағынан үш топқа бөлуге болады: *есімдерден құралған (атаулы) сөйлемдер, арнаулы модальдік сөздерден құралған сөйлемдер, одағайлардан құралған сөйлемдер»* [7, 3-44 бб.].

Қазақ тіл білімінің кейінгі дамуында соңғы жіктелісті жақтаған және оны жетілдіру бағытында ізденістер жүргізген ғалымдар да болды (Р.Әмір, Ж.Сәдуақасұлы, Б.Шалабай т.б.).

Сонымен, сөйлемді құрылымдық жағынан алдымен мүшелену мүмкіндігіне қарай: 1) *мүшеленетін* және 2) *мүшеленбейтін сөйлемдер* деп жіктеуге бөлінеді.

Мүшеленетін сөйлемдер:

1. Бас мүшелердің қатысына қарай: *бір негізді және екі негізді;*
2. Бір негізді сөйлемдер логика-грамматикалық құрылымы жағынан: *белгілі жақты, белгісіз жақты, жанана жақты, жалтылама жақты;*
3. Бір негізді және екі негізді сөйлемдер:
 - а) тұрлаусыз мүшелердің қатысына қарай: *жалаң және жайылма;*
 - ә) баяндау мүшесі жасалатын сөз табына қарай: *етістікті және есімді;*
 - б) жалпы модальдік сипатына қарай: *болымды және болымсыз;*
 - в) ойға қатысты мүшелердің толықтығына қарай: *толымды және толымсыз* сөйлемдер болып ажыратылады;
4. Екі негізді сөйлемдер грамматикалық жақтың қатысына қарай: *жақты және жақсыз –* деп жіктеледі.
5. Мүшеленбейтін сөйлемдерге: *атаулы сөйлемдер, вокатив сөйлемдер, модаль сөздер мен одағайлардан жасалған сөйлемдер* жатады.

2.4.2 Бір негізді сөйлемдер

Тіл білімінде сөйлемдерді топтастырудың бір принципі ретінде оның сөйлемдік қаңқасын құрауға негіз болатын бас мүшелердің өзара қатынасы (предикативтілік) ескеріледі. Осыған байланысты ғылымда көп уақытқа дейін сөйлем атаулының барлығы дерлік екі бас мүшелі (бастауыш пен баяндауыштың немесе субъекті мен предикаттың қатынасына құрылған) болуға тиіс деген идея басым болып келді. Алайда сөйлемді үздіксіз әрі жан-жақты зерттеу нәтижесі оның құрылымдық ыңғайда белгілі бір стандартқа сыймайтынын, адамдардың дүние танымы мен қа-

рым-қатынасының ұлғайып, соған сай сөйлем мағынасының күрделенуіне байланысты оның құрылымы да алуан түрлі болып өзгеріп отыратын сан қырлы құбылыс екенін көрсетті. Жай сөйлемнің құрылымдық типтері «...алдымен предикативтіліктің (баяндау мазмұнының) мынадай екі жүйеде берілу сипатына негізделеді: сөйлемдер бірде сөздердің тұлғасы мен жұмсалыу орны жағынан ерекшеленіп, яғни сөйлем мүшесі қызметінде қолданылуына қарай қалыптасса, бірде сөздердің басқа сөйлемдермен тікелей қатынасқа түсіп не сөйлеу жағдаятына қатысты болып, сөйлем қызметінде қолданылуына қарай қалыптасып отырады» [8, 46-49 бб.]. Сөйлемнің осындай жолмен қалыптасқан ерекше типінің бірі – оның «**бір бас мүшелі**» (бір негізді, бір құрамды) болып құрылуы болатын.

Орыс тіл білімінде **бір негізді сөйлемдер** («бір негізді, екі негізді» – Р.Әмірдің термині) болатындығы жөніндегі идеяны алғаш рет А.А.Шахматов ұсынғаны белгілі. Ол сөйлемдердің бір бас мүшелі де, екі бас мүшелі де, атаулы да болатынын ескерте отырып, бір бас мүшелі сөйлемдердің мәнін грамматикалық тұрғыдан қарағанда, «субъекті мен предикат мәнінің сөйлемнің бір бас мүшесі арқылы көрінуі» деп түсіндіреді [9, 50-80 бб.]. Бұл идеяны жақтаушылар (Ю.М.Костинский, Г.А.Золотова т.б.) бір негізді (бір бас мүшелі) сөйлемге орыс тіліндегі жақсыз етістіктер арқылы берілетін сөйлемдерді ғана жатқызады. Сөйлемнің «бір негізділігі» жөніндегі идея бұдан бұрын тіл біліміне белгілі «бастауышы түсірілген, бірақ баяндауышы жіктік жалғауы арқылы берілген сөйлемдердің бәрін екі негізді деп есептеу» жөніндегі идеяға (Е.Ф.Будде) қайшы келді. Сөйтіп, осы екі бағыт сөйлемнің құрылымдық түрлерін айқындауда ғалымдардың екі топқа бөлінуіне себеп болды. Дегенмен, А.Шахматовтың сөйлемді «екі бас мүшелі» және «бір бас мүшелі» деп бөлу идеясын ғалымдардың басым көпшілігі қолдады және әрі қарай дамытты (В.Г.Адмони, Н.Н.Арват, В.В.Богданов, Н.Ю.Шведова, И.П.Распопов, Г.А.Золотова т.б.).

Түркітанушылардың да көбі алғашқы кезде тек «сөйлемнің бәрі екі бас мүшелі болуға тиіс» деген идеяны көбірек қолдағанымен (Н.А.Баскаков, И.Д.Джакубов, З.И.Будагова т.б.), түптеп келгенде, сөйлемнің бір бас мүшелі де бола алатынын мойындауға мәжбүр болды. Олардың біразы кейін жеке тілдердегі бір негізді сөйлемдер жайында өз еңбектерінде көрсетіп, бірсыпырасы арнайы диссертациялар да қорғады (А.Н.Кононов – түрік тілінде, М.З.Закиев – татар тілінде, А.Ч.Кунаа – тува тілінде, У.Б.Алиев – қарашай-балқар тілінде, И.Расулов – өзбек тілінде, Б.Тойшыбекова – қырғыз тілінде, Б.Сарыев – түрікмен тілінде т.б.).

Қазақ тіл білімі ғылымында сөйлемнің тек баяндауыш арқылы жасалған түрлерінің болуы «жақсыз» сөйлем тұрғысынан қарастырылғаны болмаса, бір негізділік тұрғысынан арнайы қарастырылған емес. Қазақ

тілінде бұрын екі негізді сөйлемнің толымсыз түрі ретінде қарастырылып жүрген – *Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам...* (Ғ.Мүсірепов). – *Кетіңдерші, өтінемін!* (Д.Исабеков) т.б. тәрізді сөйлемдерді бүгінде тек баяндауыш арқылы ғана құрылған сөйлем ретінде қарау қажеттігі күмән тудырмайды. Дәлірек айтқанда, мұндай сөйлемдер бір негізді деп есептелуге тиіс. Егер бұларды екі негізді сөйлемнің толымсыз түрі ретінде танып, бастауышты қоюға болады деп есептесек, онда сөйлем мағыналық ренкінен айырылып қалар еді, бастауыштың қосылуы (*Мен зытып келем, мен зытып келем*) сөйлем семантикасын айқындап, дәлдеп тұрған интонацияны бәсеңдетіп, автор білдіруге тиіс болған экспрессивті-эмоционалдық семантиканы солғындатар еді. Бұл – сөйлемнің тұлғалық құрылымы мен мағыналық құрылымының сәйкес келмеуінен туындайтын құбылыс. Нақтырақ айтқанда, бастауыштық (субъектілік) мағына баяндауыш (предикат) құрамындағы жақтық тұлға (1-жак) арқылы берілген. Сонда жақтық тұлға екі қызметті де атқарып тұр. Бұл ерекшелік бір негізді сөйлемдерді екі негізді сөйлемдерден айыратын негізгі өлшем (критерий) болып табылады. Әрине, осындай сөйлемді бастауышы түсірілген *Кеше елден келдім; Астанаға қашан жүресіз?* тәрізді екі негізді бастауышсыз толымсыз сөйлемдерден айыра білу қажет (Бұл сөйлемдерге бастауышты қойғаннан сөйлем семантикасына келер зиян жоқ).

Сонымен, бір негізді сөйлемнің басты ерекшелігі – ондағы предикативтік қатынастың бір ғана бас мүше арқылы берілуі болып табылады. Әрине, бір негізді сөйлем жасауда предикативтік қатынас сөйлемнің модальдік және интонациялық белгілерімен үнемі бірлікте қызмет атқарады.

Жоғарыдағы талдаулар мен тұжырымдар негізінде бір негізді сөйлемге мынадай анықтама беруге болады: **бір негізді сөйлем деп, предикативтік мәні семантикалық тұрғыдан бір ғана бас мүше бойында болатын, грамматикалық құрылымы екінші бас мүшемен толықтыруды қажет етпейтін жай сөйлем түрін айтамыз.**

Бір негізді сөйлемдер бас мүшенің қай сөз табынан жасалуына қарай есімді және етістікті деп бөлінеді. Ал **етістікті** бір негізді сөйлемдер семантика-грамматикалық жағынан төртке бөлінеді: белгілі жақты, белгісіз жақты, жанама жақты, жалпылама жақты.

Белгілі жақты бір негізді сөйлемдердің жасалуы:

1) бас мүше (баяндауыш / предикат) 1, 2-жак бұйрық, қалау, шартты, кейде контекст ыңғайында ашық райлардың жекеше және көпше тұлғасы арқылы жасалады: – *Не айтам? Ойланайын... Қабырғаммен кеңесейін* (Е.Домбаев). – *Балам-ай, келші, басын көтерейік...* (Ғ.Мүсірепов). – *Кетсем, кетемін, батырсам, батырайын қарамды!* (Д.Исабеков). – *Кетіңіз-*

ші, өтінемін!.. Сау болыңыз!.. (Д.Исабеков). – Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр... Сәлем бер (М.Әуезов). – Телгара! Айналайын, Телгара! Соқталдай азамат боп кетіңсің-ау! (М.Әуезов). – Жаным-ау! Адам баласысың ғой... Айтып өлтірсеңші!.. (М.Әуезов) т.б.

2) бас мүше есімшеге, **-ушы** тұлғалы кимыл атауына, толық мағыналы сөздерге көмекшілердің тіркесуі арқылы жасалады: – Жаман сасық ұрыңды тапқан екенсің!.. (М.Әуезов). – Ауыздарыңнан шығарушы болмаңдар!.. (С.Мұқанов). – Тоқтат, қаңғырған нәлет, бүлдірдің деген соң бүлдірдің! (А.Тоқмағамбетов). – Бір қимылды істеуін істедің, бірақ енді сақ бол! (Д.Исабеков) т.б.

3) бас мүше тұрақты тіркестердің өзі не солардың катысуы арқылы жасалады: ...Ел аузына қақпақ болып көрші!.. (М.Әуезов). – Ақылдассаң, әліптің артын бағайық... (Е.Домбаев). – Саған бүгін осы үйден қара су татырсам ба!.. (Ә.Нұрпейісов). – Жанқияр молдаға ұшықтатып, демсалдырмадық па?.. (О.Бөкеев) т.б.

4) бас мүше әртүрлі модальдік мәндерді білдіретін құрылымдардан жасалады: – ...Осында қона кетсем қайтеді? (Д.Исабеков) – **өтініш**. – Бұл сөздің аузыма қалай түскенін білсем неғылдейсіз! (Д.Исабеков) – **ақталу**. – Пәлі, ерсініп жүрген көкжалдарыңа болайын! (Ғ.Мүсірепов) – **менсінбеу** т.б.

Бұл сөйлемдердің мынадай ортақ ерекшеліктері бар: 1-ден, бәрі де сөйлеу жағдаяты кезіндегі (диалог) пікірге құрылған; 2-ден, бәрі де бастауышсыз, тек баяндауыш арқылы құрылған; 3-ден, бәрі де 1,2-жақтық мағынаға негізделген; 4-ден, бәрі де белгілі бір көтеріңкі интонациялық мағынадағы экспрессивтік-эмоционалдық мәнге ие. Осының бәрін жиыңғайдағы экспрессивтік-эмоционалдық мәнге ие. Осының бәрін жинақтай келіп, **нақты іс-әрекет иелерінің (субъектілерінің) мәні предикаттық бас мүшедегі 1,2-жақтық тұлғалардың мағынасы арқылы белгілі болатын және грамматикалық бастауыштың сөзбен берілуін жалпы семантикасы қажет етпейтін, экспрессивтік-эмоционалдық интонацияға не сөйлем түрін белгілі жақты бір негізді (бір бас мүшелі) сөйлем дейміз.**

Өткен ғасырдың 50-жылдарындағы кей ғалымдардың еңбектерінде сөйлемнің орыс тілінде бар **«белгісіз жақты»** және **«жалпылама жақты»** деген түрлері аталып, олардың қазақ тіліндегі ерекшеліктерін анықтауға назар аударылған (Ғ.Ластаева-Мадина, М.Балақаев). Алайда, бүгінгі ғылым дамуы тұрғысынан қарағанда, ол мақсаттар толық шешімін таппаған: «сөйлемнің бұл екі түрін бірдей, айырмашылық тек мағынасында» деген тұжырыммен шектелген. Соңғы кездегі зерттеулер (Ж.Сәдуақасұлы) мұндай сөйлемдердің қазақ тілінде де бар екенін және өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылатынын көрсетті. Шынында, олардың сыртқы құрылымында ұқсастықтары болғанымен, мағыналарында айырмашылық бар. Бұл айырмашылық жалпылама жақты сөйлемде бас

мүшедегі жіктік жалғауларының жалпылануынан (абстракциялануынан) көрінеді. Мысалы: *Жер үстінде адам баласы болудан қасиетті не бар дейсің (Ғ.Мүсірепов). Бүгін сағы сынды деп, жақыныңды басынба (Қаз дауысты Қазыбек). Келбеті келгеннен кеңес сұра (Мақал) т.б.* Сонымен, бір негізді жалпылама жақты сөйлем деп бас мүшесі (предикаттық мүше) белгілі бір жақтық тұлғада (көбінесе – 2-жақта, кейде 1 және 3-жақта да) тұрғанымен, сөйлем семантикасы іс-әрекеттің үш жақтың кез келгеніне қатысы бола алатындай мағынаны білдіретін сөйлемді айтамыз.

Жалпылама жақты бір негізді сөйлемнің бас мүшесі мынадай жолдармен жасалады:

1) бас мүшесі дара және күрделі етістіктердің 2-жақтық ашық райлы тұлғада келуі арқылы: *...Ол кезде партия-сартыңды кім білген, атын күнде естіп отырсаң да, затына түсінбейсің (Ғ.Мүсірепов). ...Бірақ қай жақтағы бір боқмұрынның алдында білмеймін деп қалай кішірейе қоярсың (С.Асылбеков).*

2) бас мүшесі түйдекті және тұрақты тіркестер мен есімдерге «де», «бол» көмекшілерінің тіркесуі арқылы: *...Күйіп бара жатсаң қалай сыпайы боларсың (Д. Исабеков). ...Бұл не деген опасы жоқ өлім десеңізші (О.Бөкеев). ...Топ ішінен жалғыз сені жасау алар деймісің (Д.Исабеков).*

3) бас мүшесі 2-жақтық бұйрық райлы етістіктің дара, күрделі түрлерінен: *...Бүгін сағы сынды деп, жақыныңды басынба (Қаз дауысты Қазыбек). Айтпас жерде тіліңді тарт (Мақал). – О, шіркін балалықты қойсайшы (Д.Исабеков). Ал осыдан кейін мықты болсаң тырыспай көр! (С.Асылбеков).*

4) бас мүшесі қалау райының 2-жағынан: *...Осы бір таза ауаны кеудеңді толтыра жұта бергің келеді (Ә.Сәрсенбаев). Біздің ауылда жетінші кластан әрі қарай жоқ, «ілім» қусаң, Арысқа баруың керек (Д.Исабеков).*

5) бас мүшесі 1-жақтық тұлғада келген мақал-мәтелдер мен афоризмдер: *Қысыла-қысыла қыз болдым (Мақал). Ауру емес, жын емес, мінезді қайтіп жазамыз (Мақал). Онға келдім – ойнадым, қызығына тоймадым. Жиырмаға келдім – бойладым, онда да балалықты қоймадым... (Жетес би).*

6) мақал-мәтелдер мен афоризмдер 3-жақтық тұлғада да жалпылық мағына білдіреді: *Көре-көре көсем болады (боламын, боларсың), сөйлей-сөйлей шешен болады (боламын, боларсың) т.б.* Мұндай үш жақта да колданылу мүмкіндігі бар бір негізді сөйлем түрі **жалпылама жақты**

Ал осы тұлғада келген кей мақал-мәтелдерді үш жақта да қолдануға болмайды, олар **белгісіз жақты** бір негізді сөйлемге жатады. Мысалы: *Елде болса, ерінге тиеді, ауылда болса, ауызға тиеді. Әкесі өлгенді де естірмеді т.б.*

Қазақ тілінде осы сияқты бас мүшесі 3-жактық тұлғада келіп белгісіз жактық мағынада қолданылатын, яғни жакты білдіретін арнайы сөздің сөйлем семантикасы үшін мәні болмайтын, тек орындалған істі ғана баяндау максаты болған сөйлемдер біршама кездеседі. Ондай сөйлемдерге жоғарыда аталған мақал-мәтелдерден басқа *Жиылыста Омбы мен Қызылжарды большевик билеп алғанын хабарлады (Ғ.Мүсірепов), Бүгінгі шыққан ауылымызды «Ерекең ауылы» дейді* деген тәрізді сөйлемдер жатады. Сонымен, бас мүшесі 3-жактық тұлғада берілгенімен, іс-әрекеттің орындалу-орындалмауы белгісіз жак арқылы жүзеге асатыны сөйлем семантикасы арқылы айқындалатын, белгілі болатын, тек әрекеттің орындалуы туралы ғана баяндалатын сөйлем түрін бір негізді белгісіз жакты сөйлем дейміз.

Осындай сөйлемдердің өзіндік жасалу жолдары бар. Оны мына мысалдардан аңғаруға болады. 1) *Жерді қазақтың қара тоқпағымен өлшейді (С.Мұқанов). Анамен алыспайды да, атыспайды да (Ғ.Мүсірепов).* 2) – *Қош ағайын! Дәм, ырзық бұйырса, амандық, шаттықпен қайта көрісуге жазсын!.. (М.Әуезов).* 3) – *Бұл итті неге мұнша әлтештеген!.. (Ғ.Мүсірепов).*

4) – *Ойбай-ау, тонап кетті зой, тонап! (Д.Исабеков).* 5) *Сақалы жоқ еркекті әйел демей ме? (А.Тоқмағамбетов).* 6) *Әскер тәртібі қатты болады дейді (Ғ.Мүсірепов) т.б.*

Өткен ғасырдың орта тұсынан бастап қазақ тілі грамматикаларына «жаксыз» аталатын сөйлем түрі ендірілді. Бұл сөйлем түрі жөніндегі алғашқы пікір М.Балақаевтың еңбегінен басталады да, Ғ.Мадинаның еңбегінде зерттеу нысанына айналады. Бұдан кейін де талай ғалымдар (А.Әбілқаев, Н.Сауранбаев, О.Күлкенова, М.Серғалиев, М.Қараев т.б.) бұл жөнінде пікірлерін білдірді, оқулықтарға ендірді. Қай ғалымның еңбегінде болса да, оған берілген анықтамалар сарындас, ұқсас болып келеді және сөйлемнің бір негізді құрылымдығы жөнінде ешқайсысында әңгіме айтылмайды. Онда «бастауышы жоқ, оның орны жоқталмайтын, айтылған іс-әрекет баяндауыш арқылы үш жакқа бірдей ортақ ұғымда жұмсалатын сөйлемдер» деген М.Балақаевтың пікірі негізге алынады. Кейінгі зерттеулер мұндай сөйлемдердің жағы (субъектісі) грамматикалық тұрғыда болмағанымен, логикалық ыңғайда айқындалатынын көрсетті. Сөйтіп, *Маған үйге соға кету керек; Көңілді осылай жұбатуда тура келеді; Сөйлеуге рұқсат етілмейді* деген тәрізді сөйлемдерді «*жанама жакты*» деген жалпы атаумен атап, оны іштей «белгілі жанама жакты», «белгісіз жанама жакты» деген түрлерге бөліп қарауға болады. Мұның алғашқысында субъекті мәніндегі лексикалық сөз ілік және барыс септігінде түрленіп тұрлаусыз мүше қызметінде келсе, соңғысында субъектіні айқындайтын сөз берілмейді де, субъекті мәні сөйлемнің тұтас мазмұнынан аңғарылады.

Сонымен, жанама жақты бір негізді сөйлем деп субъектінің мәні сөйлем құрылымындағы ілік және барыс септікті сөздер арқылы айқын берілетін не ондай сөздердің жасырын тұрғандығы мазмұнына белгілі болатын, іс-әрекеттің орындалуына субъектінің қатысы бас мүшені тұлғасынан емес, сөйлем семантикасынан жанамалай байқалатын сөйлем түрін айтамыз.

Жанама жақты сөйлемнің предикаттық бас мүшесі әр уақытта күрделі құрылымда болады да, түрлі жолдармен жасалады. Әсіресе, модаль сөздер мен көмекші сөздердің орны айрықша. Олардың жасалу жолын екі топқа бөліп көрсетілген төмендегі мысалдардан аңғаруға болады.

а) Белгілі жанама жақты сөйлемдер:

– ...Маған үйге соға кету керек (Д.Исабеков). ...Бір заманда арымды аяқ асты етіп кеткен адамға аяушылық көрсетіп, енді құшағымды жая қарсы алу ма? (Д.Исабеков). ...Сорлы басым-ай, одан да Құлахметті сүйіп керек еді зой менің (Д.Исабеков). ...Көрдіңіз бе, қараңғы түнде жалғыз қайтуға тура келді (І.Есенберлин). Әрине, мұндай жағдайда маған мұнда оқытушы болып қалуға мүмкін емес еді (С.Көбеев). – Қу шұнақ шалдың кімді қорлағаны? (Ә.Нұрпейісов). – Осымен бәрінің біткені ме? (Д.Исабеков) т.б.

ә) Белгісіз жанама жақты сөйлемдер:

...Өмірдегі барлық шындыққа көзді ашып батыл қарау керек (Д.Исабеков), Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айтуға мүмкін емес (Абай). – ...Мынау елдің, қажырлы елдің, дәл бұл ісін аяқсыз тастап болмайды (М.Әуезов). ...Бұл екеуінің қайсысын таңдаған дұрыс? (Д.Исабеков), – Бір сөздің басын ауырта беріп не керек? (Ғ.Мүсірепов). Бізде пысықтарға көп көңіл бөлінеді (С.Досанов). ...Жас ақынның жалған әуендеріне тезірек қатаң тыйым салынуы керек (С.Досанов) т.б. [10, 21-36 бб.].

2.4.3 Екі негізді сөйлемдер

Тіл-тілдің қайсысында болмасын сөйлем бастауыш-баяндауыштық (предикативтік) құрылымға негізделеді деген ұғым қалыптасқан және кейінгі де барлық грамматикаларда орын алып келеді. Бұл қазақ тілі-
ды», «екі бас мүшелі» т.б. терминдермен аталып жүр. Осы еңбекте (мысалы, бір негізді) сөйлем түрінің сөйлемнің басқа түрлеріне сөйлем арқылы берілетін хабардың ең жиі қолданылатыны белгілі. Өйткені ралы, олардың әрекеті, кимыл-қозғалысы, сапасы т.б. қасиет, белгілері туралы мәлімет беруді мақсат етеді. Яғни, тілдің сан түрлі құбылыс-

тары тілімізде екі негізді жай сөйлемді құрушы тұрлаулы мүшелер – бастауыш пен баяндауыш арқылы, солардың предикативтік қатынасы арқылы білдіріледі.

Сөйлемнің ең кіші құрылымдық қаңқасы (структурасы) бас мүшелердің (тұрлаулы мүшелердің) қатынасына негізделеді дегенімізбен, сөйлемнің грамматикалық құрылымында да, мағыналық құрылымында да тұрлаусыз мүшелердің де өзіндік орындары бар және осындай құрылымдағы сөйлемдер таза бас мүшелерден құрылған сөйлемдерден әлдеқайда жиі қолданылады. Тұрлаусыз мүшелер А.Байтұрсыновтан бері анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш деп аталады. Сол кезден бері предикативтік бас мүшелердің, ең болмағанда, бірінің қатысуынсыз, грамматикалық тұрғыдан болсын, логикалық тұрғыдан болсын, сөйлем құралмайды деп есептеліп келеді. Сөйлем мүшелерінің тұрлаулы-тұрлаусыз мүшелер деп бөлінуі олардың қызметтерімен тығыз байланысты. Тұрлаулы мүшелер жай сөйлемді құрушы негізгі мүшелер болғандықтан, қазірге дейінгі грамматикаларда сөйлемді жіктеуде осы екі бас мүше негізге алынады. Мәселен, «сөйлем болу үшін осы екі мүшенің кем дегенде біреуі болуы қажет», әсіресе, «баяндауышсыз сөйлем болмайды» т.б. деген тәрізді тұжырымдар осыған байланысты шыққан. Кейінгі кездегі зерттеулер сөйлемді бір негізді және екі негізді деп ажыратуда да осы идеяны басшылыққа алады. Әрине, мұнда сөйлемнің семантикалық құрылымы басты назарда болады.

Сөйлемнің теориялық мәселелері және бір негізді сөйлем мен екі негізді сөйлемнің грамматикалық құрылымында кейбір ұқсастықтардың бар екендігі жөнінде жоғарыда айтылғандықтан, бұл тұста екі негізді сөйлемдердің өзіндік ерекшеліктері жөнінде ғана қарастырылады.

Екі негізді аталатын сөйлем хабар мазмұнының нақты субъектісі мен предикаты арасындағы қатынасқа құрылған сөйлем болып табылады. Нақтырақ айтқанда, **грамматикалық бастауышы да, баяндауышы да айқын лексикалық сөз арқылы берілген немесе бастауышсыз айтылғанымен, оны сөйлемге енгізгенде мағынасына әсер етпейтіндей сөйлемді екі негізді сөйлем дейміз.**

Анықтамадағы «бастауышсыз» дегенді «бастауышы түсірілген, толымсыз сөйлем» деп ұққан орынды және мұндай толымсыздық мәтін ішінде ғана болады. Сөйлем толымдылығы мен толымсыздығы жөнінде арнайы тарауда айтылатындықтан, бұл тұста бірсыпыра мысалдармен шектелуге тура келеді. Мысалы: *Жарқын жүзе білмейтін. Бірақ шешінді. Таяздау жерге барып жуына бастады... «Қазақ жерінің ең ұлы өзеніне шомылып жатқаным гажап-ау», – деп ойлады ішінен. Басын көтеріп Сабыр жаққа қараған. Ол өзеннің арғы жағалауына шығып, енді қайта жүзіп келеді екен... (Қ.Жұмаділов).*

Екі негізді жай сөйлемнің бастауышы 1,2-жақта жіктеу есімдіктерінен (*мен, сен, біз, сіз, біздер, сендер, сіздер*) жасалады да. 3-жақта негізінен жалқы және жалпы зат есімдерден, заттанған кез келген сөз табынан жасала береді. Бұл сөздер стильдік қажеттілікке қарай «ол» есімдігімен алмастырылады. Сондай-ақ, басқа сөз таптары да субстантивтеніп келіп бастауыш қызметін атқарады. Ал баяндауыш қызметін негізінен етістік сөз табы атқарады дегенімізбен, басқа сөз таптары да қолданыс ыңғайына қарай баяндауыштық қызмет атқара береді.

Мәтін ішінде, әдетте, бастауышты бір-ақ рет атап, қалған жағдайда бастауышты түсіріп, толымсыз сөйлемдер ыңғайында құруға болады. Мұндайда баяндауыштағы жіктік жалғауы бастауыштың мағынасын айқындайды. Алайда, кей сөйлемдердің бастауышты түсіріп айтуға мүлдем көнбейтіні де болады. Олардың өзіндік жасалу себептері мен жолдары бар. Бұл: 1-ден, субъектіні айқындап, шүбәсіз етіп көрсету мақсатында болады. Мысалы: ...*Мен* үндемедім. *Поезд* қозғала берді (Д.Исабеков). *Сол күні кешке «Үш жүз» комитетінің жиылысы* болды. *Мен де бардым* (Ғ.Мүсірепов). Мұндай сөйлемдер кез келген баяндау мақсатындағы мәтін ішінде кездесе береді;

2-ден, бастауыштың актуализациялануымен яғни іс-әрекет несін басқа субъектілер ішінен даралап, іс-әрекетті тек сол субъекті ғана атқаруға тиіс екеніне тыңдаушы назарын аудару мақсаты көзделеді. Мұндай сөйлемдер көбіне сөйлеу жағдаятына байланысты, диалог кезінде қолданылады. Мысалы: – *Қарыздары мен* болармын, *Бәке!* Әл-шаманың келгенінше қойным мен мойнымда өсірермін! (М.Әуезов). – *Барсаңызшы, сіз* мұсылмансыз. *Сол мешітке сіз де барып, жұма намазында сіз де сөйлесеңізші!..* (М.Әуезов).

3-ден, сөйлеу жағдаятында және мәтіндік ыңғайда бір сөйлем ішінде немесе көршілес жай сөйлемдерде 1,2 және 3-жақтық іс-әрекеттердің салыстырыла, қарсы қойыла айтылуы кезінде бастауыштардың ең болмағанда біреуі айқын көрінеді: – *Сен* білгенді *мен* білмеймін. *Сен* көргеннің бәрін *мен* көруге тиісті емеспін. Бұл – өмір заңы (Д.Исабеков).

– *Біз* киргиз даласына таңдап отырып әкімдер сайлаймыз. *Сіз* оның бәрін жаман дейсіз, жауыз адамдар дейсіз... (М.Әуезов).

4-ден, сыңарларының баяндауыштары әртүрлі жаққа қатысты болып келетін құрмаластарда бастауыштардың кем дегенде біреуі нақты сөзбен аталып беріледі. Мұндай құбылыс құрмаластардың қарсылықты, салыстырмалы, шартты, түсіндірмелі түрлерінде кездеседі: ...*Олардың шынын білсеңіз, мен* ғана емес, *өзіңіз* де жауыз демек түгіл, көбін жазалар едіңіз (М.Әуезов). – *Мен* мемлекеттік жоспардың көзімен қарап айтып тұрсам, *ол* қолын сілтейді! (Ғ.Мүсірепов).

2.4.4 Жақты және жақсыз сөйлемдер

Грамматикада етістік сөз табына қатысты «жақ категориясы» деп аталатын категория бар екені белгілі. Жақ категориясы – қимыл иесінің айтушыға қатынасын білдіретін етістіктің (баяндауыш қызметін атқаратын есімдердің) сөз түрлендіруші грамматикалық категориясы. Жақ категориясы жіктеу есімдіктері ұғымымен байланысты. Сол себепті жіктеу есімдіктері негізінен адаммен, яғни сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде кісі ұғымдарымен байланысты қолданылады. Жақ категориясы «сөйлемде субъекті мен предикат байланысын» айқындап тұратын (Н.А.Баскаков) категория қатарына жатады. Осы қызметімен синтаксистік те категория ретінде ол қимыл иесінің айтушыға қарым қатынасын әртүрлі деңгейде білдіреді [11, 121-123 бб.].

Ғылымда жақ категориясының тілдік бірлік ретіндегі қызметіне байланысты «жақтылық-жақсыздық» деп аталатын ұғым (категория) қалыптасқан. Бұны тілшілер сөйлемдегі субъектінің болмыстағы объектіге қатынасы арқылы көрінетін семантикалық-синтаксистік категория деп есептейді. Өйткені мәтін ішінде, сөйлесім жағдайында сөйлемнің грамматикалық жақсыз да болып құрылуы жиі кездеседі. Міне, осыдан келіп, сөйлемді «жақты сөйлем», «жақсыз сөйлем» деп бөліп қарастыру қажеттігі туған. Бұл, бір жағынан тілде бар құбылыс болса, екінші жағынан, философияның «карама-қарсылық» заңына сай келетін құбылыс.

Сөйлемді «жақтылық-жақсыздық» тұрғысынан қарастыруда ғалымдар түрлі бағытты ұстанады. Бірі – сөйлемнің грамматикалық құрылымын басты бағыт ретінде түсінсе, екіншілері оның мағыналық құрылымын басты мәселе ретінде қарастырады. Ал қайсыбір ғалымдар сөйлемнің бұл екі құрылымын тең ұстай отырып, оның коммуникативтік қызметін ескеру қажет деп есептейді. Шындығында, сөйлем қай тұрғыда қарастырылса да дұрыс, өзіндік уәжі бар, өйткені осы ерекшеліктердің бәрі сөйлемдердің бойынан табылады. Мұндағы ортақ сүйенер басты белгі – сөйлемнің предикативтік-модальдік құрылымы. Бірақ мұны әр бағыттағылар әртүрлі түсіндіреді.

Түркітануда, оның ішінде қазақ тіл білімінде де өткен ғасырда (тіпті қазіргі кезге дейін) сөйлемді формалды-грамматикалық құрылым ретінде қарастыру басым бағыт болды. Оған себеп, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресейде негізін Москва университетінің профессоры Ф.Ф.Фортунатов салған «формалдық тіл білімі» деген бағыттың кең етек жаюы еді. Бұл бағыт сол тұста тіл білімінде аты әйгілі болған ғалымдарды (А.Шахматов, А.Пешковский т.б.) топтастырған ғылыми мектеп болып қалыптасты.

Сөйлемді грамматикалық құрылым тұрғысынан қарауды жақтайтын осы концепция бойынша, сөз таптары мен сөйлем мүшесі арасына не-

месе олардың формалары арасына теңдік белгісі қойылды да, соның нәтижесі синтаксистік категорияларды морфологиялық категориялармен бірдей деп қарауға алып келді. Айналып келгенде, сол тұстағы өздерін сөйлемді «логика-грамматикалық» тұрғыда зерттеушілер деп есептейтін ғалымдар «сөйлемнің грамматикалық құрылымы мен семантикалық құрылымы бір-біріне сай келеді» деген тұжырымды ұстана отырып, алдыңғы қатарға сөйлемнің грамматикалық құрылымын (форманы) шығарып, оның семантикалық құрылымын (мағына) екінші қатарға ығыстырды. Бұл идея кезінде Ресейде орын алған, кейін Кеңес өкіметінің басты идеологиясына айналған материалистік идеяға сай бола кетті. Сол кезден бастап осы идея барлық грамматикаларда басшылыққа алынды, соның ішінде сөйлемнің «жақты» және «жаксыз» түрлері де бар. Осы үдерістен түркітанушылар да, қазақ ғалымдары да тыс қалған жоқ.

Жақты сөйлем грамматикалық бастауыш пен баяндауыштың жақтық, сандық қиысуына негізделеді. С.Аманжолов: «Грамматикалық бастауыш баяндауыш мүшемен жақтық, көптік жағынан қиысады. Сөйлемнің баяндауышына қарап, бастауыштың қай жақта екенін айтқызбай-ақ білеміз. Өйткені бастауыштың көлеңкесі, сәулесі – баяндауыш», – дей отырып, жақты сөйлемнің жасалуын бастауыш пен баяндауыштың бойындағы грамматикалық жақтық форманың сәйкес келуімен байланыстырады [2, 172 б.].

«Грамматикалық бастауышы бар не бастауышы ерекше айтылмай, оның қай сөз екенін баяндауышпен ұластыра атау септеуінің сұрақтарын қою арқылы білуге болатын сөйлемді жақты сөйлем дейміз». Бұл анықтаманың иесі – алғашқы қазақ грамматикасының «Жай сөйлем түрлері» бөлімін жазған М.Балақаев. Мұнда да сөйлемнің жақты болуы бастауыш пен баяндауыштың қатынасына байланысты екені айқын [3, 498 б.]. М.Балақаевтың кейінгі еңбектерінің бәрінде де осы анықтама қайталанатын.

Р.Әмір: «Жақтық мағына, жақтық форма бастауыштың лексикалық болмысынан, баяндауыштың жақтық формасынан көрінеді. Жақтық мағынаға, формаға ие конструкция жақты сөйлем ретінде танылады», – дейді. Мұнда да сол бастауыш пен баяндауыш арасындағы форма мен мағынаның сәйкес келуі негіз етілген [12, 94 б.].

Осы анықтамалар негізінде жақты сөйлемдер төмендегідей құрылымда болып келеді:

1) бастауышы 1,2,3-жақтық атау тұлғадағы нақты лексикалық мағыналы сөздер (жіктеу есімдіктері, зат есімдер, заттанған кез келген сөз таптары), баяндауышы 1, 2, 3-жақтық тұлғалы етістіктер, есімдер (3-жақта нөлдік тұлғада болады) болып келеді:

Мен еріксіз бұл күнде жұрт әбден мойындаған шындықты еске алдым. Біз жапырағы төгілген үлкен алма ағаштың саясындағы орындыққа жайғастық. – Сен жайыңа тұр, – деп Жанбаев тыйып тастады.

Сен, өзің ше, өзің не бітіресің?.. Екеуі алденеге күлісіп, әңгімелесіп келеді (Қ.Жұмаділов).

2) бастауышы айқын сөзбен берілмеген, бірақ оны баяндауыш бойындағы жақ тұлғасы арқылы немесе мәтін ішіндегі басқа сөйлемдер бойындағы сөздер арқылы тауып алуға болады (мұндай сөйлемдерді бастауышсыз толымсыз сөйлемдер деп те атайды):

...Жігіт далаға шықты да, қасқа дөненіне мініп, жүріп кетті. Енді ол ашуланған жоқ. Кешегідей шапқан да жоқ. Өзін кіналап, ұрысқан да жоқ...

– Түн ұзақ қой, сен ұйықтай бер, – деді келіншек.

Жігіт үндемеді.

– Ерте кетіп ең, көп ұзамапсың ғой, – деді келіншек... (Ә.Тарази).

Сонымен, **жақты сөйлемдер деп айқын бастауыш пен баяндауыштың қатынасына құрылған сөйлемдердің толымды (бастауышты) және толымсыз (бастауышсыз) түрін айтуға болады.**

Бұрынғы грамматикалардың қай-қайсысында да «бастауышы жоқ, оны баяндауыш арқылы табуға да болмайтын, тек баяндауыш арқылы құрылған» **жақсыз сөйлемдерге** көбірек назар аударылған (қараңыз: *жанама жақты бір негізді сөйлем*). Мұндай сөйлемдерге берілген анықтамалардың мағынасы да осы төңіректес. Жасалу жолдары да бір-біріне ұқсас, бірін-бірі толықтырып отырады және мұнда да баяндауыштың құрамы негіз етіледі. Дегенмен, сөйлемнің грамматикалық құрылымын оның семантикалық (мағыналық) құрылымымен бірлікте қарайтын ғалымдар мүшеленетін сөйлемдер қатарына жататын екі негізді сөйлемдердің грамматикалық жағынан да, семантикалық жағынан да жақты болатынын, ал бір негізді сөйлемдердің грамматикалық құрылымы тұрғысынан «жақсыз» болғанымен, логикалық жағынан «жақты» болатынын айтады. Бұған негіз болған өткен ғасырдың орта тұсында-ақ айтылған М.Балақаевтың сөзі еді. Ол: «Бастауышы ерекше айтылмаған сөйлемдердің енді бір қатарын, жоғарғыдай толымсыз сөйлемдерден айыру үшін, мектеп грамматикаларында «жақсыз» сөйлем деп атап жүрміз. Олардың үш жақтың біріне тән белгілі грамматикалық бастауышы болмайды. ...қазақ тілінде дәл орыс тіліндегідей жақсыз сөйлем де, ондай сөйлем жасайтын... етістіктер де жоқ. Дұрысында: біздің жақсыз сөйлем деп жүргеніміздің баяндауыштарының белгілі жағы болады. ...қазақ тіліндегі жақсыз сөйлемдер деп жүргеніміз – бастауышы белгісіз сөйлемдер», – дей келіп, ғалым: «Бастауышы белгісіз, оның орны жоқталмайтын, бастауыштық мағынасы үш жаққа бірдей ортақ сөйлемдерді жақсыз сөйлем дейміз», – деген анықтама берген болатын [3, 499-500 бб.]. Ал кейінгі Т.Сайрамбаевпен бірге жазылған еңбегінде «бастауышы белгісіз» деген тіркес «бастауышы жоқ, оның орны жоқталмайтын» деген тіркестермен ауыстырылады да, «белгісіз жақты және жалпылама жақты» деген тарау-

ша қосылады [13, 222-225 бб.]. Бұл пікірді кезінде Ғ.Мадина да қолдаған еді [14].

Сонымен, қазіргі ғылымда бұрынғы грамматикалық құрылым тұрғысынан аталған «жақсыз сөйлем» ұғымы «бір негізді сөйлем» ұғымымен ауыстырылып, соңғысы логикалық тұрғыдан «белгілі жақты», «белгісіз жақты», «жалпылама жақты», «жанама жақты» деген атаулармен аталып жіктеледі. Сондай-ақ, осы еңбекте бұрын жақты сөйлем қатарында есептелетін «қоңырау соғылды», «шөп шабылды» т.б. тәрізді сөйлемдер нағыз «жақсыз» (субъектісі жоқ) сөйлем ретінде аталады. Бұлардың әрқайсысының жалғыз бас мүшесі деп есептелетін баяндауыштарының жасалу жолдары осы еңбектің «Бір негізді және екі негізді сөйлемдер» деп аталған бөлімшесінде анық көрсетілген.

2.4.5. Жалаң және жайылма сөйлемдер

Сөйлемді зерттеудің қай бағыты да оны құрайтын тілдік бірліктердің табиғатын тануға негізделеді. Сондай тілдік бірліктердің ішінде сөздің орны айрықша. Сөздер сөйлем құрамына енгенде өзара және басқа да тілдік тұлғалар арқылы лексика-семантикалық және грамматикалық жағынан сәйкестеніп тіркес құрады да, сөйлем мүшелеріне айналады. Осы сөйлем мүшелері іштей тұрлаулы және тұрлаусыз болып бөлініп, тұрлаулы мүшелер сөйлем құраудың ұйтқысы, предикативтіліктің негізі ретінде қарастырылады. Сөйлемнің құрылымдық жағынан **жалаң** және **жайылма** болып бөліну мәселесі сөйлем мүшелерінің өзара қатысымен анықталады.

Негізін орыс тіл білімінен алатын, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап түркітанушылар қолданған сөйлемнің «жалаң» және «жайылма» болуы туралы айтылған ой-пікірлерді қазақ тіл білімінің негізін салушылардың (А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев т.б.) барлығы да қолдады, өздерінің зерттеу еңбектеріне арқау етті. Сөйтіп, қазақ тіл білімінде де сөйлемді «жалаң» және «жайылма» деп жіктеу сөйлемнің предикативтілік құрылымына, ондағы синтаксистік мүшелердің арасындағы қатынасқа негізделетіндігі тұрақтанды.

Қазақ тіл білімінде жалаң сөйлем мен жайылма сөйлемдерге алғашқы анықтаманы А.Байтұрсыновтың «Тіл – құралынан» табамыз. Онда: «Тұрлаулы мүшелері ғана бар сөйлем жалаң деп аталады... Тұрлаулы мүшелерінен басқа тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлем жайылма болады», – делінген [1, 297 б.]. Жалаң сөйлемге берілген анықтама, кейінгі көзқарастар тұрғысынан қарағанда, 1-ден, жалаң сөйлемге дәл келе қоймайтын сияктанады. Өйткені жайылма сөйлемдердің де тұрлаулы мүшелері болатыны белгілі. Сондықтан да ғалымның ойын «тек тұрлаулы мүшелерден тұратын» деген мағынада түсіну қажет сияқты. Өйткені, автор-

дың бұл ойы тұрлаулы мүшелердің қызметін баяндаған кезіндегі мына анықтамасында айқын берілген: «Бастауышы мен баяндауышы бар, екі мүшелі ғана сөйлем жалаң сөйлем деп аталады» [1, 276 б.]. 2-ден, алынған мысалдарға қарап, баяндауыш мүше тек етістік сөз табы болуы міндетті емес екенін байқаймыз. Яғни ғалым өзі тұсындағы кей орыс ғалымдарының «баяндауыш тек етістік сөз табы болуға тиіс» дегенге саятын пікірлерінен аулақтаған тәрізді.

Жайылма сөйлем анықтамасынан және ғалым келтірілген мысалдардан байқайтынымыз: 1-ден, мұнда да сөйлемдік құрылымға бастауыш-баяндауыштық қатынас алынады және оған кем дегенде бір тұрлаусыз мүше қосылса ғана ол жайылмаланады, 2-ден, тұрлаулы мүшелер де, тұрлаусыз мүшелер де дара сөзден де, сөз тіркестерінен де жасала береді, 3-ден, сөйлем мүшелері орын ауыстырып та қолданылады, әсіресе өлең сөздерде сөйлем мүшелерінің орын тәртіптері сақталмайды. Яғни ғалым сөйлемнің құрылымдық жағынан жалаң және жайылма болу ерекшеліктерін анықтауда қазақ тіл білімінде алғаш жол салды.

Бұдан кейін қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі Қ.Жұбанов 1936 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» атты орта мектептің 5-класына арналған оқулығында: «Негізгі мүшелері ғана (бастауышы мен баяндауышы ғана) бар да, айқындауыш мүшелері (бұл еңбекте ғалым А.Байтұрсынов қолданған тұрлаусыз мүшенің үш түрін қосып «айқындауыш мүшелер» деп атайды – Ж.С.) жоқ сөйлемді жалаң сөйлем дейміз...

Айқындауыш мүшелері де бар болса, сөйлем жайылма болады...» – деген анықтамалар берген [15, 145 б.]. Ғалым 1937 жылы «Ауыл мұғалімі» газетінде басылған «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан» атты мақаласында да осы анықтаманың мазмұнын сақтай отырып қайталаған [15, 198 б.].

С.Аманжоловтың еңбегінде сол кезге дейінгі сөйлемдерді жіктеу «таза формалды бөлу» дей отырып, жалаң және жайылма сөйлем жөнінде айтылып келген пікірлерге өз көзқарасын былайша білдіреді: «...Жалаң сөйлем ойды мейлінше үнемі толық бере алмайды, біз оған толық қанағаттана қоймаймыз. Кейбір пікірге, анықтамаға байланысты айтылған ойды жалаң сөйлем қанағаттандыра алады. Жалаң сөйлем қазіргі ұғымда екі сөзден құралады (бастауыш, баяндауыш)... Егер бастауыш баяндауыштың үстіне басқа сөйлем мүшесі қосылса, жайылма сөйлем болып кетеді...» [2, 162 б.].

Ғалым бұдан әрі сөйлемнің жалаң және жайылма болып бөлінісі жөніндегі өзіне дейінгі және сол тұстағы тұжырымдардың формалдық құрылымға негізделіп айтылғанын ескертеді.

Сөйлемнің жалаң және жайылма түрлері 1954 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінде» де қарастырылған. Онда жалаң сөйлемге:

«Бастауыш пен баяндауыштан (не оның бірінен) құралған сөйлемді жалаң сөйлем дейміз», ал жайылма сөйлемге: «Бастауыш, баяндауыштан басқа тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлемді жайылма сөйлем деп атаймыз», – деген анықтамалар берілген [3, 410-411 бб.]. Бұл анықтамалардың өзіне дейінгі анықтамалардан пәлендей өзгешелігі байқалмайды. М.Балақаевтың 1959 жылы орыс тілінде жарыққа шыққан еңбегінде: «Предложения по своей структуре делятся на простые и сложные, по характеру составных частей – на распространенные и нераспространенные, личные и безличные, полные и неполные», – дейді де, бұдан кейін ешбір жерде жалаң және жайылма түрлері арнайы сөз етілмейді [4, 417 б.]. Бірақ сөйлемнің бас мүшелердің предикативтік қатынасына құрылатыны және олардың тұрлаусыз мүшелер арқылы жайылмаланатыны жөнінде пікірі бар. Ол пікірлерге қарағанда, ғалымның ойынша, жалаң сөйлем деген арнайы сөйлем түрі емес, кез келген құрылымдағы сөйлемнің ең кіші қарапайым синтаксистік құрылым үлгісі. Ондай сөйлемді кез келген уақытта тұрлаусыз мүшелерді қатыстыру арқылы жайылмаландыруға болады.

1991 жылдан бері қарайғы шыққан қандай да бір еңбектерде «жалаң сөйлемнің бастауыш пен баяндауыштан немесе соның бірінен», ал «жайылма сөйлемнің бас мүшелер қатарына кем дегенде бір тұрлаусыз мүшенің енуінен» болатыны арқау етіледі. Мысалы, 2002 жылы шыққан «Қазақ грамматикасында» жалаң және жайылма сөйлемдер жөнінде былай делінген (бөлімді Р.Әмір жазған):

«...Жай сөйлем осы сөйлемнің негізі болып табылатын тек қана тұрлаулы мүшелерден құралса, ондай жай сөйлемдер жалаң сөйлем деп аталады.

Жалаң негізді сөйлемдер екі құрамды болып келеді. Оның құрамында бастауыштың да, баяндауыштың да құрамын кеңейтуші мүшелері болмайды...

Жайылма сөйлем жалаң сөйлемді құраушы тұрлаулы мүшелерге қатынаскан тұрлаусыз мүшелері бар жай сөйлемнен жасалады. Тұрлаулы мүшелердің бірінде ең кемі бір тұрлаусыз мүше тіркесе, онда ондай жай сөйлемдер жайылма сөйлем болып саналады» [16, 664 б.].

Сонымен, қазақ тіліндегі жалаң және жайылма сөйлемдер жөнінде осы күнге дейінгі жазылған еңбектер мен онда айтылған ой-пікірлерді, берілген анықтамаларды сарапқа салғанда, мынадай қорытынды жасауға тура келеді: *жалаң сөйлем тек қана тұрлаулы мүшелердің тіркесінен (немесе біреуінен) жасалатын болса, жайылма сөйлем осы екеуіне кемінде бір тұрлаусыз мүше тіркесу арқылы жасалады, яғни кез келген жалаң сөйлемді жайылма сөйлем етуге болады.* Бұл сөйлемнің таза формалды-грамматикалық сипатын ескеру тұрғысынан жасалған тұжырым екені анық. Расында, мәтін ішінде стильдік максатта толымсыз

құрылымда қолданылған кей сөйлемдер сырттай карағанда тек тұрлаулы мүшелерден құралуы әбден мүмкін. Мұндай синтаксистік құрылымдағы жалаң сөйлемдер мағыналық жағынан толыққанды жалаң сөйлемдермен ұқсас болып келеді. Егер кез келген сөйлем мәтіннің бөлшегі ретінде қатынас құралы қызметін атқаратынын ескерсек, қазіргі кезде жалаң сөйлемнің осы екі түрінің функционалдық-коммуникативтік ерекшеліктерін ескере отырып, бір-бірінен ажырата қарау керек тәрізді.

Мәселен, таза жалаң сөйлем, мәтіннің ішінде болсын, одан тыс тұрсын, құрамына тұрлаусыз мүшелерді қоспай-ақ, айтылар ойдың мазмұндық-семантикалық құрылымын сақтай алатын болуға тиіс. Олай болмаған жағдайда мәтін ішіндегі кез келген жайылма сөйлемнің толымсыз түрін жалаң сөйлемдермен шатастыру әбден мүмкін. Мысалы, *Жарқын жүзе білмейтін. Бірақ (ол) шешінді... Ол бір уыс суды іліп алып, аузын шайқады...* (Қ.Жұмаділов) деген сөйлемдердің алғашқы екеуі тұрлаулы мүшелерден құралған, олар қандай да бір тұрлаусыз мүшені ендіруді қажет етпейді. Бұл бастауыш пен баяндауыш мүшелердің мағыналық жағынан тығыз байланысымен айқындалады (мысалы, алғашқы сөйлемге «суда» сөзін енгізуге болатын сияқты көрінгенімен, олай етудің қажеті жоқ, өйткені жүзу әрекеті суда болатыны өзінен-өзі айқын). Ал соңғы құрмалас сөйлем сыңарларының екеуі де құрамында тұрлаусыз мүшелер болуына байланысты жайылма болып есептеледі. Бұларды құрап тұрған бас мүшелерді («ол іліп алып» және «(ол) шайқады») кейінгі орыс ғалымдары жайылма сөйлемнің «кіші құрылымдық үлгісі» (минимальная структура) деп есептейді. Бұрынғы ғалымдар жалаң сөйлем құрылымы жағынан осы кіші құрылымдық үлгіге сәйкес келетін болғандықтан да, оны барлық уақытта жайылмаландыруға болады деп есептейді. Шындығында бұл екі нәрсе бір емес екенін мынадай құрылымдағы сөйлемдер арқылы одан әрі дәлелдей түсуге болады: *Айттым, бітті. Кестім, үзілді!.. Тараңдар!.. (Ғ.Мүсірепов). Жаса, жайна! Жадыра! Жаңар, далам! (И.Оразбаев). Кетіңізші, өтінемін!.. Сау болыңыз. (Д.Исабеков). – Амансыңдар ма, айналайындар?! (С.Асылбеков). – Отыр да, сөйле!.. (М.Жұмабаев) т.б.* Келтірілген жалаң бір негізді сөйлемдердің қай-қайсысы да қандай да бір тұрлаусыз мүшемен толықтыруды қажет етпейді, олай етуге болмайды да. Себебі, олай етер болсақ, сөйлем өзінің мағыналық, мазмұндық мәнінен де, құрылымдық түр-сипатынан да айырылар еді. Бұл, әрине, жазушының өзі мақсат еткен хабарды тыңдаушыға (оқырманға) қалайда дәл әрі нақты жеткізу үшін қолданған амалы.

Ал жайылма сөйлем болса, әуелі жалаң сөйлем құрылып, содан соң ғана оған тұрлаусыз мүшелер тіркесу арқылы жасалмайды. Ол берілетін хабардың мазмұнын құрайтын мида автоматты түрде пайда болған логикалық ұғымдардың жүйесі ретіндегі сөйлеудің (немесе жазудың) лексикалық мағыналы сөздер мен олардың грамматикалық тұлғалары ыңғайын-

да құралған, жалаң сөйлемге карағанда сандық (мүшелер саны) жағынан да, сапалық (мазмұн-мағынасы) жағынан да біршама күрделі, логика-грамматикалық предикативтілікке негізделген тілдік көрінісі болып табылады. Сондықтан жайылма сөйлемдердің қайсысы да тұрлаусыз мүшелерін алып тастап, жалаң сөйлем етуге көне бермейді және олай етуге болмайды да. Мысалы: *Ысқақты Қызылжардағы қазақ жұмыскерлері бермеді (С.Сейфуллин)*. Осы сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелерді (*Ысқақты, Қызылжардағы*) шығарып тастасақ, «*қазақ жұмыскерлері бермеді*» деген бастауыш пен баяндауыштың тіркесінен ешнәрсені ұғуға болмайды. Сондықтан мұны сөйлем деуге де, яғни жалаң сөйлем деп айдар тағуға да болмас еді. Оны тек сөйлемнің кіші құрылымдық үлгісі деп түсіну қажет. Осы себептерден де жалаң сөйлем мен сөйлемнің кіші құрылымдық үлгісі (минимальная структура) сәйкес келуі де, сәйкес келе бермеуі де мүмкін. Осыған байланысты кез келген жағдайда жалаң сөйлемді жайылмаландыруға немесе керісінше жасауға мүмкін болмайды. Себебі ол баяншының хабарды беру мүмкіншілігіне, оның таным деңгейіне байланысты құрылады. Сондықтан, сөйлем қандай құрылымда берілсе (жалаң немесе жайылма), сол құрылымда қабылдану қажет.

Сонымен, қазіргі *жалаң* аталып жүрген сөйлемдер мәтін ішінде екі түрлі мағыналық құрылымымен ерекшеленеді: 1) толымсыз мағыналық құрылым (мағынасы синтаксистік ыңғайда мәтін ішіндегі басқа сөздермен толықтыруға болатындай түрі) және 2) толымды мағыналық құрылым (мағынасы басқа сөзбен толықтыруды қажет етпейтін түрі).

Шындығында, осы соңғысы ғана тұлғалық жағынан болсын, мағыналық жағынан болсын, жалаң сөйлем болуға лайықты.

Жалаң сөйлемдер көбінесе екі бас мүшелі құрылымда мынадай сөз таптарынан жасалады:

- зат есім ↔ етістік (дара және күрделі): *Күн батып, қас қарайып барады. Күн батып кетті. Мақпал елең етті. – Балаңыз табылды, жеңе-ше. Сатушы жаңылысқан болар т.б.*
- зат есім (дара, күрделі) ↔ сын есім (дара, күрделі): *Аспан да, жер де сұп-сұрғылт. Түн жып-жылы. Аспан әлемі астаң-кестең. Үй іші ала көлеңке. Барлығы аман-есен. Мен бе – тасжүрек? т.б.*
- зат есім ↔ зат есім (дара, күрделі, кей септік жалғаулы): *Суңғат – факультет деканы. Ауыл ұйқыда. Түз несібесі – тәңірден т.б.*
- есімдік ↔ зат есім: *Мен – Маратпын ғой... Мынау – көпшілік.; Бұл – ақиқат т.б.*
- есімше (дара, күрделі) ↔ зат есім, (дара, күрделі): *Өмір деген қызық қой. Анау көлбеу жатқан – Арганаты т.б.*
- зат есім ↔ есімдік: *Бригадир қайда? Бұл – кім? т.б.*
- зат есім ↔ модаль сөздер: *Беталысың дұрыс, Қозыбай. – Қарсылық жоқ т.б.*

Ал бір бас мүшелі құрылымдағы жалаң сөйлемдер: 1) есім сөздерге көмекшілердің тіркесуі арқылы, 2) категориялық, тұлғалық түрленістерге түскен етістік сөз табынан жасалады. Мысалы:

1) – *Ә-ә, інішек, сіз екенсіз зой...*

Есіктің қоңырауы сыңғырлап қоя берді. Почтальон екен.

2) – *Тұрсайшы, мың болғыр... Бол, қой өріп барады.*

– *Өлтіресің бе?... Көзіңе қарасайшы.*

– *Тоқта! Ақырын! – деп қалды Сабыр.*

– *Не істеуші ем? Жұмыс істеймін, Үйленемін... т.б.*

Жалаң сөйлемдер негізінен мәтін ішінде жеке сөйлемдер ретінде де, құрмаластар мен күрделенген сөйлемдердің сыңарлары ретінде де қолданыла береді.

Жоғарыда көрсетілгендей, *жайылма сөйлем* болуы үшін сөйлем құрамында оның предикативтік негізін (сөйлемнің кіші құрылымын) құрайтын бас мүшелерден басқа кем дегенде бір тұрлаусыз мүше болуға тиіс. Бұл – жайылма сөйлемге беріліп жүрген дәстүрлі анықтама. Алайда, тіл біліміндегі соңғы жаңалықтар сөйлемді жайылмаландыруға қатысатын тұрлаусыз мүшелердің әрқайсысының сөйлемнің құрылымы мен мағынасына қатысы әртүрлі болатынын және, сондай-ақ, сөйлем мүшелерімен бірге сөйлем мүшелері бола алмайтын, сөйлемнің синтаксистік құрылымына ене алмайтын сөздер мен тіркестердің (оқшау сөздер мен сөз тіркестері, сөйлемдер, модаль сөздер) де сөйлемнің мазмұндық құрылымын кеңейтуге, жайылмаландыруға қатыса алатынын көрсетіп отыр. Бұл сөйлемді қатынас құралы тұрғысынан әртүрлі қырынан (коммуникативтік, логика-грамматикалық, семантикалық) өзара байланыстыра зерттеулердің нәтижесі деп есептеу қажет. Қалай болғанда да, сөйлем құрылысы (структуралық құрылымы) жағынан болсын, мағыналық құрылымы (логикалық немесе семантикалық) жағынан болсын, «тек сөйлем мүшелерінің қатынасынан тұрады» деп есептелетін ауқымнан әлдеқашан шығып кетті. Бұл, бір жағынан, тілдің де дамып отыратын құбылыс екенімен байланысты болса, екінші жағынан, қоғам дамуына, оның талаптарына сай ғылымның да үнемі дамып келе жатқандығымен байланысты.

Сөйлемнің жайылмалану процесі – өте күрделі құбылыс. Бұл күрделілік, әсіресе сөйлемді (сөйлеуді) ойдың көрінісі ретінде талдағанда анық байқалады. Өйткені, адамның ойлау процесі оның танымдық ерекшелігімен тығыз байланысты болғандықтан, сөйлем хабар берушінің осы танымдық-психологиялық сапасына сай құрылады. Соған сай тілдік бірліктер таңдалады. Сондықтан бірдей мазмұндағы хабарды әр адам әртүрлі сөйлемдік құрылымда жеткізуі мүмкін. Осыған сай бір сөйлем жинақы, ықшам, бірақ мазмұнды дәл жеткізетіндей болып құрылса, екінші бір сөйлем шұбалаңқы, созылыңқы, көп сөзді болып құрылады.

Осы ерекшеліктерге орай адамдардың қатысымдық сапасы да (коммуникабельность) бағаланады. Қалай болғанда да баяншының (Ф.Оразбаеваның термині) мақсаты анық, ол – өз ойын тыңдаушыға толық, айқын, дәл жеткізу.

Қазіргі кезде зерттеушілердің еңбектерін саралап талдау сөйлемді жайылмаландырудың төмендегідей тәсілдері бар екенін байкатады:

- 1) тұрлаусыз мүшелер арқылы жайылмалану;
- 2) окшау сөздер мен айқындауыш мүшелер арқылы жайылмалану.

Тұрлаусыз мүшелер арқылы жайылмаланудың өзі екі түрде көрінеді: 1) сөйлемнің кіші құрылымы болып табылатын бас мүшелермен немесе өзара сөз тіркесімділік ыңғайда тікелей құрылымдық та, мағыналық та байланысқа түсу арқылы сөйлемнің синтаксистік құрылымы мен жалпы мағыналық құрылымын бірдей жайылмаландыратын «әмбебап» тұрлаусыз мүшелер арқылы жайылмалану;

2) сөйлемнің бас мүшелерімен немесе өзара әлсіз тіркесімдік қатынаста, яғни «еркін» байланыста болып, сөйлемді жалпы мағыналық-мазмұндық тұрғыда ғана жайылмаландыруға қатысатын «детерминант» тұрлаусыз мүшелер арқылы.

Өткен ғасырдың орта тұсынан орыс тіл білімінде сөйлем мүшелерін дәстүрлі тұрғыда «тұрлаулы» және «тұрлаусыз» мүше ретінде бір-біріне карама-қарсы екі топқа жіктеп мүшелеудің кейбір түсініксіз, осал тұстары бар деген ойлар пайда болды. Орыс ғалымдардың өзі құрамы ше, сөйлемді жайылмаландыруға қатысатын мүшелердің өзіндей пікірінше, сөйлемді жағынан түрлі-түрлі болып келеді: кейбір тұрлаусыз мен құрылысы жағынан түрлі-түрлі болып келеді: кейбір тұрлаусыз мүшелердің қызметі тұрлаулы мүшелерден кем түспей, кей жағдайда ны үшін олардың қажеттілігі айқын аңғарылып тұрса, олардың қызметі бір сөйлем мүшелерімен байланысы бәсең болып, олардың қызметі бір жақты, яғни нақты бір сөйлем мүшесіне тәуелді болмай, сөйлем мағынасын кеңейту қызметін ғана атқарады (Ф.Б.Буслаев, А.В.Попов, Д.Н.Овсянко-Куликовский, А.М.Пешковский, И.И.Мещанинов, В.В.Виноградов т.б.).

«Детерминант» терминін 1964 жылы орыс ғалымы Н.Ю.Шведова «Детерминирующий объект и детерминирующее обстоятельство как самостоятельные распространители предложения» деген мақаласында алғаш рет қолданды. Міне, осы кезеңнен бастап лингвистикалық сөздіктерде, академиялық орыс грамматикасында осы терминге анықтамалар беріліп, зерттеу нысанына айнала бастады. (Бұл жөнінде мына әдебиеттерді қарау керек: «Русская грамматика». Гл. ред. Н.Ю.Шведова, II т. – М., 1982. С.149; «Лингвистический энциклопедический словарь». Гл. ред. В.Н.Ярцева. – М., 1990. С. 131 т.б.).

Соңғы кездерге дейін түркі тілдерінде сөйлемді жайылмаландырушы детерминанттық мүшелер арнайы зерттеу нысаны болған емес.

Тек, белгілі татар ғалымы М.З.Закиевтің авторлығымен 1995 жылы шыққан «Татарская грамматика. Синтаксис.» еңбегінде ғалым жоғарыдағы орыс ғалымдарының дерминанттар жөніндегі пікірлеріне талдау жасай келіп, семантикалық тұрғыдан алғанда, детерминант сөйлемнің темасы бола отырып, предикативтік топтан тұратын қалған бөлігіне (ремаға) немесе өзінің предикативтік тобындағы мүшелерге қатысты болады. Ал синтаксистік құрылым тұрғысынан татар тілінде детерминант қалайда белгілі бір сөйлем мүшесіне грамматикалық құралдардың көмегі арқылы бағынышты болады. Осындай ой қорытындысы нәтижесінде М.З.Закиев детерминантқа мынадай анықтама береді: „Детерминант – это дополнение или обстоятельство, выражающее тему, поэтому семантически относящееся к оставшейся предикативной части предложения в целом, но синтаксически связанное с каким-нибудь отдельным его членом” [17, 342 б.].

Ғалымның бұл анықтамасы қазақ тілі үшін де қолдануға тұрарлық. Детерминант – қазақ тіл білімінде арнайы зерттелуін күтіп тұрған мәселе. Дегенмен, осы құбылысты жоғарыдағы анықтаманы басшылыққа алып түсіндіруге болады. Мысалы, «Сол күннен бастап ол Кутузов дегеннің кім екенін білмекке құштар болды» сөйлемі синтаксистік құрылымы жағынан мынадай мүшелерден тұрады: пысықтауыш (*сол күннен бастап*), бастауыш (*ол*), толықтауыш (*Кутузов дегеннің кім екенін білмекке*) құштар болды. Ал коммуникативтік құрылымы жағынан тема – *сол күннен бастап ол*, рема – *Кутузов дегеннің кім екенін білмекке құштар болды*. Сөйлемнің осы екі бөлігінде екі тұрлаусыз мүше – пысықтауыш және жанама толықтауыш бар. М.З.Закиевтің анықтамасы бойынша, осы тема құрамындағы пысықтауыш (*сол күннен бастап*) – детерминант мүше. Енді, дәл осы мүшенің детерминант екенін қалай білуге болады? Ол үшін орыс ғалымдарының хабардың негізгі өзегін құрайтын предикативтік қатынасқа негізделген кіші құрылымдық үлгісін басшылыққа алу туралы тұжырымдарын да ескеру қажет. Сонда осы сөйлем білдіретін хабар мазмұны (семантикасы) субъектінің белгілі бір объекті жөнінде мәлімет білуге құштарлығын (сезім әрекетін) білдіру болса, бұл «Ол Кутузов дегеннің кім екенін білуге құштар болды» сөйлемі арқылы беріліп тұр. Бұл сөйлемді қай құрылымдық жағынан алсақ та, жетімсіз сөйлем деуге келмейді. Сонда «*сол күннен бастап*» деген пысықтауышсыз-ақ сөйлем хабар білдіру, қатынас құралы болу қызметін толығымен атқарып тұр. Оған сөйлемнің толықтауыш арқылы жайылмалануы да өз септігін тигізген. Ал сөйлеу барысында баяншы хабарын мезгіл жағынан толықтыра, нақтылай түсу мақсатын көздеп, негізгі сөйлемді пысықтауыш мүшемен қосалқы түрде жайылмаландырады. Міне, осы қосылған мүше детерминант мүше болады. Сонда бұл мүшені сөйлемге енгізбей қойса да, сөйлемнің мазмұндық құрылымына пәлендей нұқсан келе қой-

майтыны аңғарылады. Детерминант мүшені әдеттегі мүшелерден айыра қарауда осы ерекшелік ескеріледі.

Тұрлаусыз мүшелер ішінен сөйлемнің формалдық (грамматикалық) құрылымын жайылмаландыруда, сол арқылы оның жалпы семантикасын (мағынасын) кеңейтуде, алдыңғы орында **толықтауыш** тұрады. Бұл сөйлем мүшесі туралы ой-пікірлер А.Байтұрсынов [1, 279 б.] анықтама-сынан бастап қазірге дейінгі барлық грамматикаларда бір-бірінен алшак кете қоймайды (Салыстырып қарау қажет).

Сөйлемді жайылмаландыруда толықтауыштардың ішінде, әсіресе **тура толықтауыштың** орны айрықша деп есептеледі. Себебі, тура толықтауыш өз жетегіндегі айтылатын сөзге мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да бүтіндей тәуелді болады. Мәселен, сөйлем баяндауышы сабақты етістіктен жасалса, ол міндетті түрде табыс септігіндегі сөзді меңгереді не өзінің алдында сондай сөздің болуын қажет етеді: *Әкімбек басын шайқады. Шал шамды жарқ еткізді. Бөкен ердің тістеді.*

Бұл заңдылық тек етістіктің предикаттық қызмет атқаруы кезінде, яғни сөйлемнің рема бөлігінде ғана емес, олардың басқа сөйлемнің тема бөлігіне ауысып қолданылу кезінде де сақталынады. Мысалы: *«Сені шақырған Тоқан. Тірлікті тіреп тұрған үміт көрінеді. Бізді тәрбиелеген кітап. Хатты жазған апасы екен»*. Бұл жерде ескеретін бір жай – сөздердің сөйлем мүшелік қызметі ғана емес, олардың мағыналық жағынан өзара сәйкестеніп тіркесуі де тіркесімділік сипаттың пайда болуында басты рөл атқарып тұр деуге болады. Сөйлесім жағдаятында хабардың адам ойында қалыптасқан мазмұнын әр баяншының әртүрлі беруі де сол хабардың тілдік мақсатына сай болады. Бұл тілде өзектендіру (актуализация) үдерісімен тығыз байланысты деп есептеледі (Қазақ тіліндегі актуализация мәселесі туралы Р.Әмір, Ш.Бектаевалардың еңбектерін қарау қажет).

Табыс жалғаулы толықтауыштар есімдерге меңгерілу арқылы да сөйлемнің құрылымдық-мағыналық жайылмалануына себепші болады. Мұндай жағдайда табыс септігіндегі сөз есімдерге көмекші етістіктер тіркескен құрама баяндауыштармен байланыста болады. Мысалы: *Бір кемпір бір кемпірді әже дейді (Мақал). Сақалы жоқ еркекті әйел демей ме? (Ғ.Мүсірепов)*.

Сөйлемді жайылмаландыруда **жанама толықтауыштардың** да өзіндік орны бар. Бұл жөнінде А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Балақаев, Р.Әмір, Қ.Шәукенов, С.Исаев, А.Аблаков, Т.Сайрамбаев, Г.Есжанова т.б. тілші ғалымдардың еңбектері мен Г.Қ.Бакубаеваның „Қазіргі қазақ тіліндегі жанама толықтауыштар” атты кандидаттық диссертациясынан біршама толық мәліметтер алуға болады.

Жанама толықтауыштардың сөйлемнің синтаксистік құрылымы мен мағыналық құрылымындағы орны олардың предикативтік мүшемен байланысы арқылы айқындалады. Ал тілдік материалдар бұлардың да тура

толықтауыш тәрізді предикативтік мүшемен байланысы екі түрлі болатынын көрсетеді. Жанама толықтауыш қызметіндегі сөз, бірде сөйлесім кезіндегі хабардың негізгі мағынасы үшін және оны білдіретін рема қызметіндегі баяндауыш мүше үшін аса маңызды болып, олардың мазмұнын нақтылай, кеңейте түсу мақсатында грамматикалық жағынан жанамалай байланысса, енді бірде детерминациялық қызмет атқарады.

Алғашқы жағдайда жанама толықтауышты түсіріп айтқанда, мазмұнға елеулі нұқсан келеді. Оны **барыс жалғаулы** жанама толықтауыштың жайылмаландырушылық қызметі арқылы дәлелдеуге болады. Мысалы, *Мұқа атына мінді (Т.Нұрмағамбетов)*. Осы сөйлемдегі *атына* жанама толықтауышын түсіріп айтудың еш мүмкіншілігі жоқ (*Мұқа мінді*). Өйткені, біріншіден, міну әрекетінің объектіге (атқа) қатыстылығы – әрбір қазақ санасында өмірлік қалыптасқан құбылыс. Екіншіден, бұл, грамматикалық жағынан да тілімізде септік жалғауларының ауысып қолданылу заңдылығы ретінде бұрыннан дәлелденген (*Атты мінді – Атқа мінді*).

Сөйлем ішіндегі әрбір мүше сол сөйлемнің мазмұнына қызмет ету жолында белгілі бір орынға ие болады. Грамматикалық тұрғыдан қарастырылғанда, толықтауыштың орны өзі жайылмаландыратын мүшенің (сөздің) алдында болады да, мазмұндағы маңыздылығына қарай сөйлемнің әр позициясына жылжып отырады. Жайылма сөйлемнің тек толықтауыш мүшемен жайылмаланған түрлерінде олардың (толықтауыштардың) орналасу тәртібі өзектену (актуализация) принципіне байланысты болады. Яғни толықтауыштың орны дәл сол ойды, пікірді білдіруде қаншалықты маңыздылығына байланысты айқындалады. Мәселен, барыс септікті жанама толықтауыштар, жоғарыда аталғандай, барлық уақытта сөйлем білдіретін хабар мазмұны үшін аса маңызды бола бермейтіні де болады.

Мысалы, *Әсияны көндіру / Әміржанға қиын болған жоқ (С.Мұқанов)* сөйлемінде хабардың предикативтік негізін құрайтын „*Әсияны көндіру қиын болған жоқ*” деген бастауыш пен баяндауыштың қатынасы осы құрылымда хабардың мазмұнын толық беріп тұр. Мұнда барыс септіктегі „*Әміржанға*” сөзі тек Әсияны көндіру әрекетін жүзеге асырушы субъектіні нақтылай түсу үшін ғана сөйлемге еніп тұрғаны айқын. Алайда, осы сөздің сөйлемнің рема бөлігінде болып, өзіне екпін түсіру арқылы тыңдаушы назарын аудартуы, оның сөйлем мазмұны үшін маңыздылығын арттыра түседі, сөйтіп оны баяндауыш мүшеге тәуелді етеді. Сөйтіп, жанама толықтауыш «әмбебап» мүшеге айналады. Ал осы сөздің орнын ауыстырып, сөйлемнің тема бөлігіне шығарсақ, жанама толықтауыш сөйлемнің айқын детерминанттық мүшесіне айналады. *Әміржанға / Әсияны көндіру қиын болған жоқ*.

Жалпы, басқа септіктердегі (жатыс, шығыс, көмектес) жанама толықтауыштар да осындай ерекшеліктерімен байқалады. Олардың сөйлем құрылымы мен мазмұнын жайылмаландырудағы қызметін көрсететін

сөйлемдер тілімізде жеткілікті. Мысалы: *Әміршіде үн жоқ. Даусында да діріл жоқ (Б.Нұржескеев). ...Ондай өмір тәртібін Абай ілімдерінен таба аламыз (Д.Омаров). Ауылдың ыстық екенін Андрейден естіген (О.Бөкеев). Салалы саусақтарымен стол үстінде марш ойнатып кеткенін Жәкенов өзі де байқамай қалды (Ә.Трази).*

Анықтауыштар зат есім немесе субстантивтенген басқа да сөз таптарынан болған мүшелермен атрибутивтік қатынаста болады да, өзі анықтайтын сөздермен интонациялық жағынан ыңғайласып, бір ритмикалық топ құрайды [16, 655 б.]. Мағыналық жағынан сапалық және меншікті болып бөлінетін анықтауыштар анықталушы сөзбен тиісінше қабыса және матаса байланысып, сөйлемнің структуралық (сыртқы) құрылымын кеңейтумен бірге семантикалық (мазмұндық) құрылымын кеңейтуге де белгілі дәрежеде атсалысады. Бұлар да: 1) нақты сөйлем мүшелік қызмет атқарумен бірге, 2) детерминанттық қызмет те атқарады.

Мысалы: 1) *Бәріне кінәлі жазағы шал (Д.Әбілев). Жас бұзау қалжысырай бастады (Т.Нұрмағамбетов). Жаппардың күндегісі осы (Ә.Кекілбаев). Мен Ортабедегі құмырашымын зой (Ә.Кекілбаев).*

2) *...Ондай қоңторғай жұртпен ештеңе бітіре алмайсың (Ә.Кекілбаев). Үшеуі ұсақ-түйек дүниелерді машинаға сала бастады (Қ.Жұмаділов). Үлкен орынға отырған сенің алдыңа мен әлі бір рет барғаным жоқ (Қ.Жұмаділов). Меңіру далада жалғыз келеді (Ә.Трази).* Алғашқы сөйлемдер тобындағы анықтауыштар сөйлемнің сыртқы және ішкі құрылымдарында аса маңызды рөл атқарса, екінші топтағы анықтауыштар сөйлемнің жалпы семантикасын нақтылай түсу үшін ғана қызмет атқарады. Бұларды сөйлем құрамынан шығарғанның аса залалы жоқ.

Пысықтауыштың сөйлемді жайылмаландыру ерекшеліктері де, негізінен толықтауыш пен анықтауыш мүшелер тәрізді болып келеді. Әйтсе де, оның басты ерекшелігі детерминанттық қызметте жиі қолданылуы болып табылады. Нақтырақ айтқанда, олардың сөйлемде берілетін хабарды мағыналық-мазмұндық жағынан жайылмаландыруға көбірек бейім келетіні. Мұның өзі – берілетін хабардың мағынасы баяншының еркіне сай субъективтік көзқараспен толықтырылады деген сөз.

Пысықтауыштар етістік баяндауыштарға тікелей қатысты болып, солармен грамматикалық та, мағыналық та қатынаста болады. Бұлай тіркесу хабардың ерекшелігіне қарай әртүрлі ыңғайда болады. Мысалы, басқа тұрлаусыз мүшелермен қабаттаспай, сөйлемнің предикативтік құрылымына тек бір немесе бірнеше пысықтауыш мүше қатысады және олар бірде сөйлемнің тема бөлігінде болса, бірде рема бөлігінде, ал кейде екеуі бірдей рема бөлігінде бола береді. Пысықтауыштың бұл қасиеті, әрине, баяншының танымдық ерекшелігі белгілеген хабардың мазмұнына байланысты болады. Мысалы: 1. *Мұнара уәделі уақытта*

бітті. 2. Үшеуі де үнсіз отырып қалды. 3. Біз хал-жағдайыңызды білгелі келдік. Осы үш сөйлемнің ішінде бір-бірден пысықтауыш мүше бар. Алғашқы сөйлемдегі пысықтауыш (*уәделі уақытта*) мезгілдік мағынаны, келесі сөйлемдегі пысықтауыш (*үнсіз*) сын-қимыл мағынаны, үшінші сөйлемдегі пысықтауыш (*хал-жағдайыңызды білгелі*) себептік мағынаны білдіреді.

Құрылымдық жағынан алғанда сөйлемнің барлығы да бастауыш пен баяндауыштың қатынасынан тұратын, пысықтауыш мүшесіз де сөйлемдік дәрежедегі сөйлемдер (*Мұнара бітті. Үшеуі отырып қалды. Біз келдік.*). Алайда, пысықтауыш мүшелердің қай-қайсысы да хабардың мағыналық құрылымы үшін аса қажет екендігі байқалады. Бұл қажеттілік, негізінен, баяндауыштың мағынасынан туындайды. Мысалы, *біту* етістігі қандай да бір атқарылған іс-әрекетке қатысты айтылады, соның аяқталғанын білдіреді. Сөйлеуші немесе баяншы алдына мұнараның жай ғана біткенін, яғни, іс-әрекеттің орындалғанын ғана емес, оның *келісілген уақыт* ішінде біткенін жеткізу мақсатын қойған. Сондықтан, сөйлем ішіндегі пысықтауыш әлсіз де болса баяндауышпен грамматикалық жағынан байланысқа түсіп, біріншіден, сөйлемнің рема бөлігінің құрылымын кеңейтуге (*уәделі уақытта бітті*), екіншіден, сол арқылы сөйлемнің мағыналық жағынан жайылмалануына септігін тигізіп тұр. Хабарды қабылдаушы да осы арқылы толық мәлімет алады. Егер сөйлем бастауыш пен баяндауыштың қатынасына ғана құрылған болса, қабылдаушыда *қашан?* деген сұрақтың туындауы әбден мүмкін болар еді де, баяншы оған жауап беруге тура келер еді, сөйтіп тағы бір сөйлем құрастырылар еді. Баяншы осыны ескере отырып, қабылдаушыда күмән, сұрақ туғызарлық жағдай туындамас үшін сөйлем құрамына мезгілдік мағынадағы сөзді енгізуді дұрыс деп табады. Сондай-ақ, екінші және үшінші сөйлемдерді де осылай түсіндіруге болады. Бұл үш сөйлемдегі пысықтауыштардың рема құрамында болып, баяндауышпен тығыз байланыста болуы әрі екпінді қабылдауы олардың әмбебап мүшелер қызметінде болуына жағдай жасаған.

Әдетте, орыс ғалымдары детерминант қызметіндегі мүшелер, соның ішінде, әсіресе пысықтауыштан болған мүшелер хабардың темасы болатын орынды иеленеді деп есептейді. Қазақ тілінде де мұндай сөйлемдер кездеседі, бірақ осы позициядағы пысықтауыштың барлық уақытта детерминант мүше болуы міндетті бола бермейді. Оны «*Дастархан басында жалғыз өзі қалыпты (Ә.Тарази).*» деген сөйлемнен көруге болады. Себебі, бұл жердегі мекен пысықтауыш баяндауышқа тікелей қатысты болып тұр. Оның есесіне, «*Машина өгіз аяқмен ілбін қана келе жатыр (Қ.Жұмаділов)*», деген сөйлемдегі «*өгіз аяқмен*» пысықтауышының – детерминант мүше екендігіне дау жоқ. Оның себебі – сөйлемде екі пысықтауыш қатар келген кезде оның баяндауыштан алшақ тұрған біреуі

онымен әлсіз байланыста болады да, детерминант қызметін атқаруға бейім тұрады.

Сонымен, сөйлем құрылымындағы пысықтауыш мүшелер де басқа тұрлаусыз мүшелер тәрізді сөйлемді мағыналық жағынан болсын, синтаксистік құрылымы жағынан болсын жайылмаландыруға белсене қатысады. Мұнда олар сөйлемнің коммуникативтік ерекшеліктеріне сай және соған байланысты баяншының сөйлесім мазмұнына салар салмағы негізінде түрлі позицияда келіп, детерминант немесе әмбебап мүшелер қызметінде жұмсалады.

Жоғарыда үш тұрлаусыз мүше жекелей алынып, олардың сөйлемді жайылмаландырудағы қызметтері анықталды. Алайда, сөйлем барлық уақытта тек осындай қарапайым құрылымда бола бермейді. Сөйлесім кезіндегі берілетін хабардың барынша толық әрі түсінікті болуы үшін сөйлем құрылысына тұрлаусыз мүшелер молырақ араласады. Хабардың тема және рема бөліктерінде тұрлаусыз мүшелердің көбірек және жүйелі қатысуы берілетін сөйлемнің синтаксистік те, мағыналық та құрылымдарын кеңейте әрі күрделендіре түседі. Сөйлемнің күрделене түсуі, бір жағынан баяншының танымдық деңгейімен және соған сай өз ойын жеткізе білуі үшін тілдік бірліктерді қалай пайдалана алуымен байланысты болса, екінші жағынан, баяншы осы сөйлемді қабылдаушының да танымдық деңгейін есепке алуы тиіс. Сондықтан да тұрлаусыз мүшелердің сөйлем құрылымына қатысы мен құрамы да алуан түрлі болады.

Сөйлем құрылымын жайылмаландыруда окшау сөздер мен айқындауыш мүшелердің де маңызды екендігі жөнінде ғалымдар ортақ пікірде. Мұндай сөздердің сөйлемнің грамматикалық құрылымынан окшау бола тұрып, оның семантикалық құрылымына тигізер әсері туралы қазақ грамматикаларында үнемі көрсетілумен келеді. Осы тұрғыдан келгенде мұндай тілдік бірліктердің детерминанттық қызметі айрықша екені өзінен-өзі түсінікті.

2.4.6 Болымды және болымсыз сөйлемдер

Сөйлемді болымды және болымсыз түрге ажырату қазақ тіл білімі тарихындағы грамматикалардың бәрінде орын алып келеді (қараңыз – қосымша әдебиеттер: [18, 296 б.], [12, 164 б.], [8, 16-18 бб.], [19, 26-29 бб.]).

Бұл мәселе бойынша арнайы зерттеу жұмысын жүргізген О.Төлегенов орыс ғалымдары (А.М.Пешковский, А.Н.Гвоздев, А.Б.Шапиро, Г.А.Золотова, А.Г.Руднев т.б.) мен түркітанушылардың (А.П.Дыренкова, А.Н.Конов, А.Г.Гулямов, М.З.Закиев, Х.Исмагуллаев т.б.) еңбектеріне талдау жасай отырып, «сөйлемнің болымды және болымсыз болып құрылуы баяндаудың (сөйлем предикативтілігінің) модальділікпен тығыз байланысы арқылы жүзеге асады» деген тұжырым жасайды. Зерттеушінің ойынша:

«Сөйлем модальділігі, біріншіден, жалпы шындыққа деген объективтік айтушы көзқарасына негізделеді. Себебі сөйлемдегі баяндау, яғни предикативтілік, жалпы шындыққа әрдайым айтушы тарапынан қатысты болады және ақиқат, ақиқат емес іс-сапа ретінде не ерік-талап ретінде беріледі. Айтушының жалпы шындық туралы тікелей білдіретін қатынасын логикалық не модальдік қатынас деу, соған орай, сөйлемді болымды, болымсыз мәнде деу осымен байланысты» [18, 23 б.]. Бұл тұжырым сол тұстағы кей орыс ғалымдарының «сөйлемнің болымды, болымсыз түрлерін модальділіктің көрінісі» деп түсіндірген идеясын басшылыққа алудан туындаған.

Қазақ ғалымдарының, түркітанушылардың, тіпті үнді-еуропа тілін зерттеушілердің көбі бұл бөліністі дербес грамматикалық-семантикалық дәрежедегі бөлініс деп түсіндіреді. Осы бағыттағы көзқарас Р.Әмірдің еңбегінде кездеседі. Ол сөйлемдердің мағынасына, формасына қарап өзара болымды, болымсыз болып сараланатыны және бұлай бөлініс пікір білдірудің формасы болатындығын ескерте келіп: «Болымды, болымсыз сөйлемдер өзара грамматикалық ерекшеліктері арқылы ажырайды. Болымсыз сөйлем болымды сөйлемнің формаларының негізінде жасалады. Болымдылық, болымсыздық форма баяндауыштардың тұлғасы арқылы көрінеді...», – деген ойға келеді [12, 87-88 бб.].

Ал белгілі ғалым Б.Шалабай О.Төлегеновтің ізімен: «Сөйлемдер баяндаудың ақиқат, ақиқат емес модальдік мағыналарда бекітіліп берілуіне қарай «болымды сөйлем», «болымсыз сөйлем» түрінде қалыптасады», – деп түйіндейді [8, 35 б.].

Болымды сөйлемнің де, болымсыз сөйлемнің де басты құралу жолы көбіне баяндауыш қызметіндегі сөздердің лексика-семантикалық ерекшелігіне және оларға грамматикалық тұлғалардың ұштаса тіркесуіне байланысты болады да, қалыптасу амалы жағынан бір-біріне ұқсас болады. Бірақ баяндау барысында олар экспрессивтік, эмоциялық-модальдік мағыналармен үстемеленіп айтылатындықтан, логикалық болымдылық-болымсыздық пен грамматикалық болымдылық-болымсыздық тепе-тең бола бермейді.

Грамматикалық болымсыз сөйлемдер болымды сөйлемдердің баяндауыштарына арнаулы болымсыздық мән тудыратын тұлғалар арқылы түрлі тәсіл-жолдармен жасалады.

1. Лексика-грамматикалық тәсіл арқылы жасалады.

1) а) «жок» модальдік сөзінің баяндауыш не оның негізгі компоненті қызметін атқаруы арқылы: ...*Ал Бисараның қуанышында шек жоқ* (Қ.Жұмаділов). *Мирас бұлардың екі тобында да жоқ* (Ә.Тарази);

ә) «жок» сөзі мүшеленбейтін сөйлем қызметінде жұмсалады: – *Сен өзің Аймауытовты білесің бе? Оқыдың ба?* – деп сұрады. – **Жоқ!..** (Қ.Мырза Әли).

2) Бұйрық мәнді болымсыз мағыналы етістіктер (*таста, құрт, жетер, қой, болды т.б.*) арқылы жасалған бір негізді болымсыз сөйлемдер: – **Таста! Құрт анау қолжазбаңды...** (Ә.Тарази). **Болды, жетті, тарт әрі басалқаңды!** (Ғ.Мұстафин).

3) Баяндауышы болымсыз мағыналы тұрақты тіркестер мен болымсыз мағыналы мақал-мәтелдер: *Ол кезде Есен комбайнда еді. Үйге келуге мұршасы болмайтын* (Н.Ораз). *Екі жолдасы үннен қалды* (М.Әуезов). **Шағала келмей, жаз болмас** (Мақал).

4) Бірсыпыра ғалымдар баяндауышы -сыз, -сіз тұлғалы туынды сын есім болып келетін сөйлемдерді де болымсыз сөйлем қатарына жатқызады (М.Балақаев, О.Төлегенов): *Сырт пен бауыр аралығы етсіз* (М.Әуезов). *Олардың директорлары кім екені белгісіз еді* (С.Мұқанов).

Р.Әмір -сыз жұрнағын сөз тудырушы деп есептейді де, мұндай сөйлемдерді болымды сөйлем қатарына жатқызады [12, 93 б.].

II. **Морфологиялық тәсіл** арқылы жасалады. Бұл тәсіл етістіктің болымдылық және болымсыздық категориясымен тығыз байланысты. Етістіктің болымды түрі нөлдік тұлға арқылы, болымсыз түрі -ма, -ме жұрнағы арқылы жасалады. Бұл категория етістіктің барлық түріне ортақ [19, 267-268 бб.]. Сонымен:

1) Сөйлемнің баяндауышындағы не оның құрамының бір сыңарындағы (егер күрделі етістік болса) болымды етістіктің түбіріне (түбір етіс тұлғалы болса, етіс жұрнағынан кейін) -ма (-ме, -ба, -бе, -па, -пе) болымсыздық косымшасы жалғанады да, басқа грамматикалық тұлғалар содан кейін жалғанады. Мысалы:

Жұрттың бәріне Ләйлінің солай қарайтынын Мираc білмейтін. Сөзбейтін. Кормейтін (Ә.Тарази). **Талғат жігіттің үстіне төніп тұрып: – Ойланба да! Жауап берме де! Саған бұл сұрақты бергізбесін! Менің саған тілегім сол! – деді** (Ә.Тарази). Бұл ерекшелік етістік бас мүшелі бір негізді сөйлемдерге де тән: **Кейбір ұсақ нәрселерді айтпаса да болар** (М.Әуезов). **Әбіштің бұл сөзді мақұлдағысы келмейді** (М.Әуезов).

2) негізгі сөзі есім болып келетін құрама баяндауыштарда -ма жұрнағы көмекші етістіктерге жалғанса, құрама негізде жасалған тұрақты тіркесті баяндауыштарда ол соңғы етістік сөзге жалғанады: **Райхан бұларға көз салмайды** (М.Әуезов). **Анау екеуінің де кейіні оңша көңілді көрінбейді** (С.Сейфуллин).

III. **Синтаксистік тәсіл** арқылы жасалған болымсыз сөйлемдердің баяндауышы лексикалық мәнді негізгі сөздерге «емес» және «жок» болымсыз мәнді көмекші сөздердің тіркесуі арқылы жасалады:

1) «емес» көмекшісі (ауыз әдебиеттерінде «емен» болып та қолданылады) есімше тұлғалы негізгі сөздерге және атау, жатыс, шығыс септік жалғаулы негізгі сөздерге тіркесу арқылы, сондай-ақ, тұрақты тіркес құрамында келу арқылы болымсыз сөйлем баяндауышын жасауға каты-

сады: *Әріректе ғана шұбап бара жатқан кіреші керуені көзіне ілінер емес (Ғ.Мүсірепов). Сырдың екі жағасы жалаңаш дала болса, оны бақшаға айналдырып алу еркі өзгеде емес... (С.Мұқанов). Жұманның жалғыз отырып қалуы қайсарлықтан емес (Ғ.Мүсірепов).*

2) «емес» көмекшісі мүмкін, қажет, тиіс тәрізді модаль мәнді сөздерге, сын есімдерге тіркесіп бір негізді жанама жақты сөйлем жасауға қатысады: *Әрине, мұндай жағдайда маған мұнда оқытушы болып қалуға мүмкін емес еді (С.Көбеев). Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айтуға мүмкін емес (Абай). ...Науқасы да бұрынғыдан жақсы емес (Қ.Жұмаділов).*

3) «жоқ» модаль мәнді көмекшінің *-ған, -ген* тұлғалы есімшелерге, кісі аттарынан не жіктеу есімдіктерінен болған баяндауыштарға тіркесуі және тұрақты тіркестен жасалған баяндауыштар құрамында келуі арқылы болымсыз сөйлемдер жасалады: *Ас үстінде артық сөз болған жоқ (Ә.Тарази). Шалдың әлі де жағы семген жоқ (Қ.Жұмаділов). Басында көш адамдарына көз салған – олар жоқ еді (М.Әуезов).*

4) «жоқ» сөзінің бір негізді жанама жақты сөйлем баяндауыштарының құрамындағы *керек, қажет, жай, шама, жөн, тұр, рет* тәрізді компонентіне тіркесуі арқылы осы сөйлемнің болымсыз түрі жасалады: *Енді ұйықтаудың жөні жоқ (Ә.Тарази). Бектайдың қозғалар түрі жоқ (М.Иманжанов). Шалдың шаршағаны сонша, орнынан тұруға шамасы жоқ (Қ.Жұмаділов).*

IV. Сөйлесім барысында форма мен мазмұнның сәйкес келе бермейтіні ғылымда дәлелденген. Мұндайда интонацияның әсерінен болатын экспрессивтік-эмоционалдық құбылыстардың әсерінен болымды сөйлемдердің өзі болымсыздық мағынада да айтыла береді. Мұндай сөйлемдердің жасалуының бірнеше жолы бар:

1) баяндауыштар *-ма, -ме* сұраулық шылауы тіркескен болымды сөздер немесе диалогты риторикалық сұраулы сөйлемдерде *не, кім, қайда, қайдан* тәрізді сұрау есімдіктерінің қатысуы арқылы болымсыз сөйлемдер жасалады: *Бәрінен бұрын мынау тағдырдың тырнағынан арашалап алу оның қолынан келер ме? (Н.Ораз). – Ойбай, бізде не қауқар бар? (М.Әуезов). – Ал енді сен тынық, біраздан соң хабарласармын, – деді. – Тынығу қайда? (С.Мұқанов).*

2) Мұндай болымсыздық мән бас мүше құрамы *керек, қажет* модаль сөздері мен кейбір есім сөздерге сұрау есімдіктер мен сұраулық шылаудың тіркесуі арқылы жасалған жанама жақты бір негізді сөйлемдерде де болады: *– Саған ел билеудің керегі қанша? (М.Әуезов). – Онда бұл қипақтаудың не орны бар? (Ғ.Мүсірепов).*

3) Болымсыздық мән айрықша интонациямен айтылған лепті, бұйрықты сөйлемдерде де болады. Интонация ерекшелігіне қарай бұл сөйлемдер бір негізді де, екі негізді де бола береді: *– Соқ дүрені! Өзіне де соқ*

бұл иттің! – деп ақырып жіберді. Сол кезде Құнанбайдың қақ қасынан қатты ашулы айғай шықты. – **Боқты соғарсың!** – деп, саңқ еткен Байсал еді (М.Әуезов). – Барып жатшы, өзің ауырып отырсың ғой, – дейді жолдасын мүсіркеген екінші келіншек. – **Мыналар сені тыныш жатқызар!**.. (Ә.Сәрсенбаев). – ...**Жақ аишы, қане!** Балаңмен қосып өзіңді жауып қояйын! (Ғ.Мұстафин).

Болымсыз жай сөйлемдер колданыс аясында түрлі-түрлі экспрессивтік-эмоционалдық, модальдік мәнде колданыла береді. Мұндай колданыс сөйлеушінің болымсыздық мағына жасайтын тұлғаларды басқа да тілдік тұлғалармен катынастыра, байланыстыра отырып, хабар мазмұнын өз сезім-танымына сай түрлі реңкте беруге тырысуынан туындайды. Бұл жолда сөз авторына кей сөздерді өзектендіру үшін сөйлем мүшелерінің орнын ауыстыру (актуализация құбылысы), кейбір экспрессивтік мәнді сөздерді (мысалы, болымсыздық есімдіктерін, *түгел, былай тұрсын, былай қойғанда, орнына, болмаса, де, емес* т.б.) кірістіру, бірыңғай мүшелерді, тұрақты сөз тіркестерін колдану, интонация т.б. амалдар көмекке келеді.

V. Ендігі бір ескеретін нәрсе – тілімізде, жоғарыда аталғандай, болымсыз сөйлемдердің болымды тұлғалар арқылы берілетіні тәрізді, болымды сөйлемдердің болымсыз сөйлемдерге тән тұлғалар арқылы берілуі де бар. Бұл ерекшеліктер көбіне болымсыз мәнді лексикалық сөздердің баяндауыш қызметімен және ол сөздерді сөйлеушінің қандай максатта, қандай модальдік сипатта колдануымен тығыз байланысты болады. Болымсыздық тұлғалар арқылы болымды сөйлемдердің жасалуы төмендегідей болып келеді:

1) баяндауыштары *-ма (-ме, -ба, -бе, -па, -пе)* қосымшасының болымсыз мағыналы дара етістіктерге, күрделі етістіктердің негізгі сөзіне, құрама етістіктердің көмекші етістіктеріне жалғануы арқылы жасалған сөйлемдер болымды болады. Бұл сөйлемдер құрылымы жағынан бір негізді де, екі негізді де бола береді. Мысалы: – ...**Жойқын жұрт ерінбейді де, жалықпайды да** (Ғ.Мүсірепов). **Аудан көшіп келгенде, «Көктерек» ауылы да әңгімесіз болмайды...** (Б.Майлин). **Бұлай да мұңды баланы жәбірлемес болар** (Ә.Сәрсенбаев). **Бүркіттің мына хатынан кейін өлгім келмейді** (С.Мұқанов).

2) осындай болымды сөйлемдер «емес (емен)», «жок» сөздерінің болымсыз мәнді сөздерге тіркесуі арқылы да жасалады: **Сауран жұрт алдында, аудан алдында беделсіз емес.** (Ә.Тарази) **Құрымбай Құлташтан көзін алар емес** (Б.Майлин). **Мен аш та, жалаңаш та емес едім...** (Б.Момышұлы). ...**Мен баласыз қатын емеспін** (М.Әуезов).

3) болымсыздық мән жасайтын тұлғалардың баяндауыш құрамындағы негізгі және көмекші сөздерде қайталанып келуі арқылы да, кейде болымсыз лексикалық мәнді есімдерге және болымсыз есімшелерге

«жок» сөзінің тіркесуі арқылы да болымды сөйлемдер жасалады және бұл ерекшеліктер бір негізді сөйлемдерге де тән. Мұны төмендегі мысалдардан байқауға болады: – *Мағыританы ойламасыңа болмас, Әбіш (М.Әуезов). Әйгерімге де осындай желеу алған сыпсың сөздер жетпейді емес (М.Әуезов). Кеңесті жерде кемдік жоқ (Мақал). Біз алмайтын қамал жоқ (С.Мұқанов).*

4) Кейбір болымсыз тұлғалар арқылы жасалған риторикалық сұрау және хабар мағыналы лепті сөйлемдер де сөйлеу жағдаятында болымдылық мәнде қолданылады. Мұнда интонацияның рөлі айрықша болады. Мысалы:

– *Сол арадан қоныс аударам дейтін едіңіздер, онда неғып жүрсіздер?*

– *Каналдың бітуін күтіп жүрген жоқпыз ба? (С.Мұқанов).*

– *Замандастың тілін кім алмайды... Мен оны алтыбақан басына ертіп бардым (Б.Майлин).*

– *Маса жоқ, шыбын аз, су мынау. Дені сау мал қалай оңалмасын! (Ғ.Мұстафин)*

– *Не бердің, қарағым-ау, ...ақы алған біз бар ма едік?*

– *Ие, алған жоқсың, қысы-жазы ас ішіп, күн көріп отырғаның кім?.. (М.Әуезов).*

– *Бара бер өзің, бармаймын! – деді де, Таймас атына мініп алды...*

– *Боқты бармасың! – деді де, Қазанғап атының басын бері бұрды (Ғ.Мұстафин).*

2.4.7 Етістікті және есімді сөйлемдер

Сөйлем құрылымы жөніндегі көзқарастар мен пікірлердің қай-қайсысында да оның негізіне бас мүшелердің алынатыны, соның ішінде, әсіресе баяндауыштың рөлі айрықша екендігі айтылады. Баяндауыш қызметінде көбіне етістік сөз табының жұмсалатыны жөніндегі ойлар басым. Алайда, есім сөздердің де баяндауыш қызметінде жұмсалу мүмкіндігінің мол екендігі зерттеушілердің үнемі назарында болып келді. Осыған байланысты тілшілер арасында бастауыш пен баяндауыштың предикативтік қатынасына негізделіп құрылған сөйлемдерді, бастауыштың бар-жоқтығына қарамастан, баяндауыштың басым қолданылуын ескере отырып, «**етістікті сөйлемдер**» (етістік баяндауышты) және «**есімді сөйлемдер**» (есім баяндауышты) деп ажырата қарау бар. «Есімді сөйлемге» орыс тілі сөздігінде мынадай анықтама берілген: «**Номинативное предложение** – односоставное предложение, главный член которого, обозначающий наличие, существование предмета или явления в настоящем или вне времени, выражен именем существительным, личным местоимением, субстантивированной частью речи, имеющими форму именительного падежа, а так же количественно-именным сочетанием,

господствующее слово в котором стоит в именительном падеже» [1, 151 б.]. Ал қазақ тіліндегі сөздікте «Есімді сөйлемге» берілген анықтама да осыған жақын: «Есімді сөйлем (орыс. *Номинативное предложение*) – 1) номинативті сөйлем (баяндауышы атау септігінен жасалған бір құрамды сөйлем (атаулы сөйлем); 2) баяндауышы зат есімнен болған сөйлем; 3) бас мүшесі есім не есімді тіркестен жасалған бірқұрамды сөйлем» [2, 114 б.].

Сөйлемді «етістікті» және «есімді» деп бөлу А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі сөйлем жіктелісінде кездеспейді. Алайда, ол баяндауыш мүшенің қандай сөз таптарынан жасалатынын көрсету арқылы сөйлемдердің құрылымындағы оның ролі мен сөйлемнің «етістікті» және «есімді» болып бөліну мүмкіндігі бар екендігі жөнінде кейінгілерге жол көрсетті. Ғалымның айтуы бойынша, баяндауыш болатындар: 1) әуелі етістік сөз табы («етістіктің есімше және көсемше түрі де баяндауыш болады» деп бөліп көрсетеді); 2) сын есім, 3) зат есім, 4) сан есім, 5) есімдік, 6) етістікпен қосыла одағай және басқа сөздер, 7) бүтін сөйлем [3, 270-273 бб.].

Бұдан кейінгі еңбектердегі сөйлем жіктелістерінде де бұларды арнайы бөліп қарау көпке дейін кездеспейді, көбіне сөйлемнің бас мүшелерінің етістіктен не есімнен жасалуы сөз болады. Мысалы, М.Балақаевта «...қазақ тілі сөйлемдері баяндауыштарының дені – етістікті баяндауыштар... Есім баяндауышты сөйлемдер Еуропа тілдерінде көмекші етістік (связка) арқылы жасалады... Қазақ тілінде есім сөздердің қайсысы болса да баяндауыш қызметінде жұмсала береді» деген тәрізді тіркестер кездеседі [4, 114 б.; 121 б.]. Бұл тұжырымның сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктерін басшылыққа алудың нәтижесі екені анық.

Бұл мәселеге арнайы көңіл бөліп, сөйлемдерді «номинативті және етістікті» деп бөліп қараған Р.Әмір болды [5, 62 б.]. Автор бұлай жіктеуде бастауышты негізге алады (төменде толығырақ). Қалай болғанда да, сөйлемді баяндауыш мүшеге тікелей қатысты тілдік бірлік ретінде «етістікті» және «есімді» деп атап көрсетудің ғалымдарда кездесетіні бар. Өйткені тілімізде сөйлемнің бұл екі құрылымдық түрі де бірінен-бірі кем қолданылмайды. Оған мына шағын мәтінді құрайтын сөйлем түрлері мысал бола алады:

...Вагондағылардың халі қалай екен, көріп келейін деп, Ләйлі бір барып еді, у-шу, билеп жатыр екен. Орталарында, жұртқа команда беріп, Мирас жүр. Соны көрді де, қайта тайып тұрды. Өз вагонына келіп, Сауранға көмектесіп біраз отырды да, жоғарғы сөреге шығып, жатып қалды. Көңілі жасай. Саураны қасында. Мына келе жатқандар сыйлы адамдар. Аудан басшылары. Сауранды олар да сыйлайды. Ана вагондағылардың күні өздеріне. Шетінен Мирас сияқты. Мирас – қандай нахал. Әйелінің соры шығар. Өзінен басқаны ойламайтын жан. Соны

жұрт неге сыйлайды екен? Қызық (Ә.Тарази). Осы мәтіндегі қарамен терілген баяндауышы бар сөйлемдер – етістікті сөйлемдер болады да, асты сызылғандары есімді сөйлемдер болады.

Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің негізін құрайтын «казық» мүше ретінде есептеледі. Дегенмен, хабардың екі негізді құрылымда берілуімен бірге, стильдік және белгілі бір жағдаятта қолданылу ерекшеліктеріне қарай грамматикалық бастауышсыз да (логикалық субъектілі – бір негізді), атаулы да болып қолданылатыны бар. Мұндайда сөйлемнің сөйлемдік қасиеті оның баяндауыш мүшесінен не атаулы сөйлемнің өз бойынан айқындалады.

Етістікті сөйлемдер баяндауышы етістіктің дара және күрделі болып келіп грамматикалық категориялармен түрленуі арқылы жасалады. Мұнда етістік түбірінің лексикалық мағыналарымен бірге етіс, рай, шақ, жақ категорияларының өзіндік қызметтері бар. Мәселен, ең алдымен, кез келген сөйлемге предикативтілік пен модальділік және интонациялық белгілер тән десек, осылардың бәрі аталған категориялар арқылы жүзеге асады және осылардың түрліше қолданыстары сөйлемдердің логика-грамматикалық құрылымдарын да түрлендіріп отырады. Мысалы: 1) *Ол менімен сөйлеспейді. Ол менімен сөйлесіп тұрады. Ол менімен сөйлесер.* 2) *Оның менімен сөйлескісі жоқ. Оның менімен сөйлесуі керек. Оған менімен сөйлесу қажет.* Алдыңғы үш сөйлем грамматикалық бас мүшелердің қатынасына құрылған екі негізді сөйлем болса, соңғы үш сөйлем тек баяндауышқа құрылған бір негізді сөйлем.

Етістікті баяндауыштың тағы бір ерекшелігі – өзектендірілуге тиіс мүшені (сөзді) өзінің маңына жақын тартады немесе өз орнын береді. Бұл жағдай сөйлем семантикасына, оның құрылымына да белгілі дәрежеде әсер етеді: *Қырық төртінші жылы жеті жасында бірінші класқа барыпты. / Қырық төртінші жылы бірінші класқа жеті жасында барыпты. / Бірінші класқа жеті жасында қырық төртінші жылы барыпты. / Жеті жасында бірінші класқа барғаны – қырық төртінші жыл.*

Сөйлесім барысында (контексте) етістіктердің жеке тұрып та сөйлем құрауы жиі кездеседі: – *Кетем, ана! Болды, кетем!* – деп салды. *Кемпір алғаш түсінбей қалып:*

– *Кеткені несі? Тәйт әрі, сандалма! Кір үйге!* – деп еді, келіні, түсі бұзылып кеткен:

– *Жібер, жібер, кетем!* – деп салды (Ә.Тарази).

Етістіктің ерекше категориялары (С.Исаев) деп есептелетін есімше, көсемше, кимыл атауы категорияларының баяндауышқа қатысы түбір етістіктерге қарағанда басқашалау. Есімше мен көсемше жасайтын жұрнақтар баяндауыш құрамында сөйлемнің шактық мәнін анықтауға қызмет атқарып, шак жұрнағы деп есептеледі: *Еркін қала-*

да оқыған. Асқар бұрын Алматыда тұрыпты. Есімшелер таза күйінде не сөйлемнің есімдерше түрленетін мүшесі қызметін, не күрделі баяндауыштың негізгі компонентінің қызметін атқарады: Келгендер кідірмей төрге озды. Ол досымен сөйлескен болатын. Сол сияқты көсемше жасайтын жұрнақтар да баяндауыш құрамында шақтық мағынаны білдірсе, таза көсемшелік күйде сабақтас құрмалас сөйлем бағыныңқысының баяндауышы қызметінде, пысықтауыш мүше қызметінде қолданылады не күрделі баяндауыштың негізгі компоненті қызметін атқарып аналитикалық формант құрайды.. Мысалы: ...Келіншек бір кезде жылауын қойып, басын көтеріп отырды. ...Ішегін тартып, жас балаша өксіп-өксіп жылайды. ...Әнеүкүні баласын сабап тастапты (Ә.Тарази).

Есімді сөйлемдерге жоғарыда берілген анықтама бойынша баяндауышы есім сөздер болып келетін сөйлемдермен бірге атаулы сөйлемдер де жатқызылады: ...Байдың ай мен күндей қызы болады. Аты – Ләйлі. Байдың жылқышысы болады. Аты – Сауран. Адал, қайратты ер жігіт. Ләйліге гашық.. (Ә.Тарази). Тау іші. Иен жайлау. Ұиқан құс, жүгірген аңнан өзге тіршілік белгісі білінбейді... (Қ.Жұмаділов).

Есім баяндауыштар да етістіктер тәрізді бастауышпен предикативтік қатынас құрауы тиіс. Мұнда басты рөлді жіктік жалғауы атқарады. Өйткені жіктік жалғауы – әрі морфологиялық, әрі синтаксистік тұлға.

1. Баяндауышы атау тұлғалы зат есімнен болған сөйлемдер міндетті түрде екі негізді болады және бастауышы зат есім немесе заттық мағынадағы басқа сөз таптары болады. Баяндауышы 1,2-жақта жіктеліп келеді де, 3-жақта жіктік жалғауы нөлдік тұлғада деп есептеледі. Мұндай сөйлемдердің баяндауыш позициясының өзектендіргіштік қасиеті басым болады да, бастауыштың заттық және сапалық қасиеттерін айқындап көрсетеді. Баяндауыш дара да, күрделі де құрылымда болады және бастауыш пен баяндауыштың орындарын ауыстыру арқылы бастауышты өзектендіруге мүмкіндік туады. Мысалы: Анау қолбеу жатқан – Арғанаты. Мынау – Көкшілік, Нұра... Қарт қатар жарысқан қос өзенге қарап тұрып: Қарғыба – Базарым, Қалың ел – Назарым, – деді күбірлеп... (Қ.Жұмаділов). ...Мейманхана – казарма емес... (Ә.Тарази). Қарсы алған жігіт – газет қызметкері екен (Ә.Тарази).

Осындай сөйлемдердің баяндауыштары көлемдік септіктерде де (барыс, жатыс, шығыс) қолданыла береді: Мал аласы – сыртында, адам аласы – ішінде (Мақал). ...Ана вагондағылардың күндері өздеріне... (Ә.Тарази). Басқа пәле – тілден (Мақал).

Есім баяндауышты сөйлемдер зат есімнің меншіктілік мағынасын білдіретін -нікі, -дікі жұрнақтары арқылы жасалған баяндауыштармен де қолданылады: Ендігі сөз Мақпалдікі... (Қ.Жұмаділов). – Қуып жеттің! Еңбек сенікі! (Ә.Тарази). Заман осылардікі... (Б.Майлин).

2. Баяндауыштары сапалық есімдерден (сын есім, сан есім) болады: *Қара партаның беті теңбіл-теңбіл... Сегізінші класс кең... Ләйліге үміткер де сол екеуі... (Ә.Тарази). Өмір деген қызық қой... Тегі ғылымның да адамға берер ләззаты көп-ау деймін... – Аты да тәтті екен. Таныстырасың ғой? (Қ.Жұмаділов). Білгенің – бір тоғыз, білмегенің – тоқсан тоғыз (Мақал).*

3. Баяндауыштары есімдіктерден болған сөйлемдер: – *Билетті қайтеміз? – дедім бір кезде спектакль есіме түсіп. Асылхан ғой мынау... (Қ.Жұмаділов). Жидебайдағы қыстаудың ең үлкені – осы (М.Әуезов). – Бұл кім өзі? (Ғ.Мұстафин).*

Тілшілер ішінде жоғарыдағы пікірге қарсы бастауышы зат есім баяндауышы етістік болып құрылған сөйлемдерді номинативті (есімді сөйлем) сөйлем деп, ал баяндауышы зат есім болып келетін сөйлемдерді оның өзектендірілген түрі деп есептейтін ғалымдар бар. Мәселен, белгілі ғалым Р.Әмір бұл жайында танымал түркітанушы Э.В.Севортянның пікіріне сүйене отырып: «Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, сөйлемдердің басты, негізгі типі болып номинативті, яғни бастауышы зат есімнен болған сөйлемдер есептеледі», – деген тұжырым жасайды. Ғалымның ойынша, «номинативті сөйлемдерді әр уақыт трансформацияға түсіріп етістік бастауышты сөйлемге айналдыруға болады. ...бастауышы зат есімді сөйлем түп, негізгі түр болса, бастауышы есімше сөйлемдер – ойдың бір құрамын – субъектіні, объектіні актуализациялайтын тип. (Мұны кешегі аңызға жел кептірді. Мұны кептірген – кешегі аңызға жел. Аңызға желдің мұны кептіргені кеше.) « [5, 63 б.].

Әрине, автордың бұл пікірі сөйлемнің қалыптасуы мен оның коммуникативтік қызметін ескеруден пайда болған. Өйткені ғылымда қазіргі сөйлемдердің негізі атаулы сөйлемнен бастау алады деген пікірлер бар. Келе-келе атаулы сөйлем (атауыш сөздер) хабардың тақырыбына (темасына) айналады да, сөйлемнің келесі бөлігі осы тақырып туралы хабардың мазмұнын білдіретін баяндау бөлігі (рема) пайда болады. Сөйлемнің осы баяндауыш позициясы сөйлемнің қажетті бөлігін өзектендіретін орын болып қалыптасады. Сөйтіп, қазіргі сөйлемдеріміздегі есім сөздердің баяндауыш қызметін атқаруы сөйлеу талабына, хабаршының хабар мазмұнына салар салмағына байланысты өзектендіру нәтижесінде бастапқы етістік баяндауышты сөйлемдердің түрлі трансформацияға түсуінен қалыптасқан.

Есімді бір негізді сөйлемдер қатарына атаулы сөйлемдерді, есім баяндауышты сөйлемдерді және вокативті сөйлемдерді жатқызуға болады деп есептейді Г.Қ.Темірбекова. Зерттеуші бір құрамды есімді сөйлемдерге «Арнайы хабарлау мақсатында қолданылатын және осының негізінде предикативтілік пен модальділікті білдіретін синтаксистік мағына беретін, құрылымдық негізін атау тұлғасындағы немесе зат-

танған форма құрайтын сөйлемді айтамыз», – деген анықтама береді [6, 11 б.].

Атаулы сөйлем қазақ тілінде біршама қарастырылған (М.Балақаев, Р.Әмір т.б.). Олардың ерекшеліктері мен қызметін мына мысалдардан байқауға болады: *Ой. Тұңғиық ой... Неге бұлай?.. (З.Қабдолов). Тег-тегіс жазық дала. Мұхиттай көгілдір, мұхиттай тұңғиық аспан. Оқшау-оқшау қалқыған жардай-жардай ақшыл бұлт; мұхитта жүзген айсберг сияқты (Ә.Тарази). Тау іші. Иен жайлау. Ұшқан құс, жүгірген аңнан өзге тіршілік белгісі білінбейді (Қ.Жұмаділов).*

Есім баяндауышты бір негізді сөйлемдер контекстің стильдік ыңғайына сай бастауышы түсірілген, оны қоюды қажет етпейтін сөйлемдер болғандықтан, құрылысы жағынан атаулы сөйлемдерге ұқсас болып келеді. Ұқсастығы – екеуі де контекске қатысты болады, айырмашылығы – атаулы сөйлемдер біртұтас зат, болмыстың сөйлеу кезіндегі барлығын білдірсе, есім баяндауышты сөйлемдер зат, болмыстың сөйлеу кезіндегі барлығымен бірге сапалық белгісін де білдіреді. Мысалы: – *Ойтырым-ай, Тайманбысың?! – деген (З.Қабдолов). Сол күні кешке құдайдың күні ағыл-тегіл құйсын кеп... Екі күн жсауды. Апта жсауды. Ақ жсауынның өзі. ...Түсінде ол өмірдегідей жсадырап, жарқылдап жсүрмейді. Ұяң. Мұңлы... (Ә.Тарази).*

Вокатив сөйлемдер қазақ тілінде арнайы зерттеу нысаны болмаған, өйткені ол қазақ тілшілері еңбектерінде қаратпа сөздердің, бұйрықты, лепті сөйлемдердің қарамағында қарастырылып келген. Соңғы кездері ғалымдар семантикалық тұрғыдан кейбір экспрессивтік мәнді қаратпа, бұйрықты сөздердің сөйлемдік дәрежеде болатынын ескеріп, оларды вокатив сөйлемдер ретінде қарастырып жүр. Мысалы: – *Абай!.. – Абайжан!.. – Қарағым!.. – Қоңыр қозым!.. – Абайжан!.. – деп дабырлай сөйлеп, ерекше шат боп қарсы алды (М.Әуезов). – Бұлан, Бұланым! Бауырым! Серігім!.. – деп, Алшағыр жылап отыр (Ғ.Мүсірепов). – Мырқал!.. Әй, Мырқал!.. (Ә.Әбішев).*

Сонымен, сөйлемдерді «есімді» және «етістікті» деп бөлудегі алғашқы дәстүрлі бағытты (есім баяндауышты, етістік баяндауышты) сөйлемнің таза грамматикалық құрылысын ескеруден деп, соңғы бағытты сөйлемнің логика-грамматикалық (коммуникативтік) қызметін ескеруден туған жаңа бағыт деп түсінген орынды.

Семинар сұрақтары

Қазақ сөйлемдерінің жіктелуі: тарихы, көзқарастар мен пікірлер

1. *Өткен ғасырдың 50-ші жылдарына дейінгі кезеңдегі қазақ тіл білімінде сөйлемдерді топтастыру мен жіктеу мәселелері.*
2. *Өткен ғасырдың 90-шы жылдарына дейінгі кезеңде сөйлемдерді жіктеуде болған өзгерістер мен ой-пікірлер.*

3. Сөйлемдерді жіктеудегі жаңа көзқарастар.

Бір негізді сөйлемдер

1. «Бір негізді сөйлемдер» идеясы және ол жөніндегі көзқарастар мен зерттеулер.

2. Бір негізді сөйлемдердің қазақ тіл біліміндегі зерттелуі, анықтамасы, ерекшеліктері.

Бір негізді сөйлем түрлері мен типтері

1. Белгілі жақты және жалпылама жақты сөйлемдер: белгілері, анықтамасы, жасалу жолдары.

2. Белгісіз жақты және жанама жақты сөйлемдер: белгілері, анықтамасы, жасалу жолдары.

Екі негізді сөйлемдер

1. Екі негізді және бір негізді сөйлемдердің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары.

2. Екі негізді сөйлемдердің жасалу жолдары мен тәсілдері.

Жақты және жақсыз сөйлемдер

1. Жалпы тіл біліміндегі «жақтылық» және «жақсыздық» проблемасы: көзқарастар мен пікірлер.

2. Қазақ тіл біліміндегі жақты және жақсыз сөйлемдер: грамматикаларға салыстырмалы шолу.

Жалаң және жайылма сөйлемдер

1. Сөйлемдердің «жалаң» және «жайылма» болып жіктелу негіздері.

2. Қазақ ғалымдары жалаң және жайылма сөйлемдер жайында.

3. Жай сөйлемнің жайылмалануындағы тұрлаусыз мүшелердің рөлі.

4. «Детерминанттар» – қандай мүше?

5. Оқшау сөздердің жайылмаландырушылық қызметі.

Болымды және болымсыз сөйлемдер

1. Тіл ғылымындағы сөйлемнің «болымдылығы» мен «болымсыздығы» жайындағы көзқарастар мен ой-пікірлер.

2. Болымды және болымсыз сөйлемдердің жасалу жолдары.

Етістікті және есімді сөйлемдер

1. Сөйлемді «етістікті» және «есімді» деп жіктеу жайындағы пікірлер.

2. Етістікті және есімді сөйлемдердің жасалу жолдары.

Оқытушы өткізетін өздік жұмыс

1. Орыс және түркі ғалымдарының сөйлемді жіктеу мәселесі жайындағы көзқарастары (салыстырмалы шолу).
2. Қазақ тіл білімінің негізін салушылар сөйлемдерді жіктеу мәселесі жайында (А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Балакаев сияқты авторлардың еңбектеріне салыстырмалы талдау жасау).
3. Сөйлемдерді жіктеу жөніндегі жаңа көзқарастар мен пікірлер (К.Аханов, О.Төлегенов, Ж.Сәдуақасұлы, Б.Шалабай т.б. ғалымдардың еңбектеріне шолу).
4. 1954 және 1967 жылдары шыққан академиялық грамматикалардағы сөйлемдер жіктелісіне өзіндік пікір.
5. Ғ.Мадинаның «жақсыз сөйлем» жайындағы еңбектеріне көзқарас.
6. Р.Әмір мен Ж.Әмірованың «Жай сөйлем синтаксисі» кітабындағы жай сөйлем түрлеріне (2003) талдау.
7. Б.Шалабайдың «Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис.» (А., 2012) оқу құралындағы жай сөйлем түрлері жайында.
8. Қазақ тіл біліміндегі сөйлемнің «толымдылығы» мен «толымсыздығы» жайындағы көзқарастар.
9. Сөйлемдерді «бір негізді» (бір құрамды) және «екі негізді» (қос құрамды) деп бөлудің бастау көзі және оның қазақ тіл біліміндегі көрінісі.
10. Тіл біліміндегі сөйлемді жайылмаландырушы «детерминант» мүшелер жайындағы пікірлерге шолу.

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Мәтін ішінен бір негізді және екі негізді сөйлемдерді тауып ерекшеліктеріне сипаттама беріңіз.
2. Көркем әдебиеттен бір негізді сөйлемдер теріп (5-10 сөйлем), толымсыз сөйлемнен ерекшелігін түсіндіріңіз.
3. Берілген мәтіннен бір және екі негізді сөйлемдерді тауып, құрылымдық-мағыналық ерекшеліктеріне сипаттама беріңіз.
4. Көркем әдебиеттен жақты және жақсыз сөйлемдер тауып (5-10 сөйлем) ерекшеліктерін дәлелдеңіз.
5. Ішінде «жалаң» сөйлемі бар мәтін құрастырыңыз, мәтіндегі басқа сөйлемдермен байланысын түсіндіріңіз.
6. Сөйлемнің толықтауыш арқылы жайылмалануына мысалдар теріп (5-10), құрылымдық өзгерістің сөйлем семантикасына әсерін түсіндіріңіз.

7. Анықтауыш пен пысықтауыштың жайылмаландырушылық қызметіне мәтін құрастырып, семантикалық ерекшеліктеріне сипаттама жасаңыз.

8. Тұрлаусыз мүшелердің «детерминанттық» қызметіне мысалдар келтіріңіз.

9. Көркем әдебиеттен болымсыз сөйлемдердің жасалу тәсілдеріне мысалдар теріп түсіндіріңіз (әрқайсысына 5 сөйлемнен).

10. Көркем әдебиеттен ішінде етістікті және есімді сөйлемдер кездесетін мәтін тауып, сөйлемдердің жасалу жолдары мен өзара мағыналық байланысын түсіндіріңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992
2. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы, 1994
3. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954. 498-505 бб.
4. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2008.
5. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис (оқулық). – Алматы, 1961 (1983).
6. Оразбаева Ф.Ш. т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы, 2005
7. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы, 1967
8. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы, 2012
9. Шахматов А.А. Синтаксис русского языка. – Лен-д, 1941
10. Сәдуақасұлы Ж., Сәдуақасова Г. Жай сөйлемнің құрылымдық түрлері. – Қызылорда, 2004
11. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005
12. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 2003
13. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1997
14. Мадина Ғ. Қазіргі қазақ тіліндегі жақсыз сөйлемдер. – Алматы, 1959.
15. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999
16. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002
17. Закиев М.З. Татарская грамматика. Синтаксис. – Казань, 1995
18. Төлегенов О. Жалпы модальді мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы, 1968
19. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007

20. Розенталь Д.Э., Теленькова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. – М., 1985
21. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. Оқулық. – Алматы, 1997
22. Темірбекова Г.К. Қазіргі қазақ тіліндегі бір құрамды есімді сөйлемдер мен сөз-сөйлемдер. ҚДА. – Алматы, 2003

Қосымша әдебиеттер:

1. Садуақасов Ж. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер. – Алматы, 1996
2. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002
3. Қазақ тілінің грамматикасы. II том. Синтаксис. – Алматы, 1967. – 136 б.
4. Баскаков Н.А. Структура простого предложения в тюркских языках. – Фрунзе: «Труды института языка и литературы АН Кирг.ССР», вып. 4, 1956
5. Мещанинов И.И. Соотношение логических и грамматических категорий. – Москва: «Язык и мышление», 1967
6. Бабайцева В.В. Односоставные предложения в современном русском языке. – Москва, 1968
7. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы, 1968
8. Садуақасұлы Ж., Садуақасова Г. Жай сөйлемнің құрылымдық түрлері. – Қызылорда, 2004
9. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы, 2012
10. Қазақ тілі грамматикасы. II, Синтаксис. – Алматы, 1967
11. Русская грамматика (Гл. ред. Н.Ю.Шведова), II т. – М., 1982
12. Лингвистический энциклопедический словарь. (Гл. ред. В.Н.Ярцева). – М., 1990
13. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005
14. Шведова Н.Ю. Детерминирующий объект и детерминирующее обстоятельство как самостоятельные распространители предложения // – Вопросы языкознания, №6, 1964
15. Севортян Э.В. О некоторых вопросах структуры предложения в тюркских языках. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. III, синтаксис. – М., 1961
16. Адмони В.Г. Типология предложения. Исследования по общей теории грамматики. – М., 1969

2.5 Күрделенген сөйлемдер

Дәстүрлі грамматикада күрделенген сөйлемдерге айқындауышты, қыстырмалы, қыстырындылы сөйлемдерді, көсемше, есімше, қаратпа оралымдары бар, бірыңғай мүшелері бар сөйлемдерді жатқызады [1]. Күрделенген сөйлемдерді қазақ тіл ғылымының айналысына енгізген профессор Қ.Есенов сабақтастың бағыныңқы сыңарынан сөйлемді күрделендіріп тұрған бөлікті ұқсастыра әрі ажырата тану үшін «тәуелді конструкция» деген ұғымды қолдануды дұрыс көреді [2]. Сонда, күрделенген сөйлем дегеніміз – түрлі құралымдармен күрделеніп тұратын сөйлемдер, мұның жай сөйлем заңдылықтарынан айрықша бөліп алар заңдылықтары байқалмайды, жай сөйлем синтаксисіндегі жайылма сөйлемге қатысты айтылатын қағидалар мұндай сөйлемдерге де қолданыла береді.

Бұл еңбекте күрделенген сөйлем жалпы синтаксистік теория бойынша жартылай предикативтілікке негізделіп әрі контекст мәнділіктеріне сүйеніп ұсынылады, ал күрделенген сөйлем туралы дәстүрлі қағидаларды тақырып соңында берілетін еңбектерден оқуды ұсынамыз.

Жоғарыда көрсетілгендей, күрделенген сөйлемді жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің арасындағы ауыспалы деңгей деп қарастыратын болсақ (яғни, жай сөйлемнің күрделеніп құрмаласқа қарай ойысып бара жатыр деп қарасақ), оның күрделеніп тұрған бөлігінің предикативтелу шамасын ескеруіміз қажет болады. Бұл шама – жартылай шама. Мысалы, «Асқар келгенде, мен үйде жоқ едім» деген сөйлемде екі предикативтілік бар, осының бірінші сыңарының бастауышын контекстегі басқа сөйлемге жылжытып жіберіп *Келгенде, мен үйде жоқ едім*, десек, бірінші тәуелді конструкцияның предикативтелуі жартыкештеніп шыға келеді.

Күрделенген сөйлемнің синтаксистік мағынасы қосымша предикативтілікте, яғни толық предикативті сөйлем жартылай предикативтелген құралым арқылы қосымша предикативтілікті қосып алып күрделенеді. Қосымша предикативтілік, мұны арнайы зерттеген мамандардың көрсетуінше, предикативтілікпен сәйкесетін, бірақ сөйлем құрай алмайтын синтаксистік мағына. Орыс тілі синтаксисінде [3, 4 б.] күрделенген сөйлемдегі қосымша предикативтілік екі түрде болады: тура және жанама. Тура қосымша предикативтілік жартылай және етістікті болып, жанама қосымша предикативтілік бүркеме және ашық болып бөлінеді [3, 15 б.]. Синтаксистік жағынан мүшеленетіндігі, қатысым әрекетінде затқа телінетін белгі ретіндегі мағынасы болатыны, содан келіп модальдік-шақтық жосық болатыны жартылай предикативтілікті толық предикативтілікпен біріктіреді. Жартылай предика-

тивті бөлік сөйлемге тұрлаусыз мүше хұқында енгізілген баяндауыш сияқты. А.Ф.Прияткина көрсеткендей, етістіктің ықпалымен болатын қосымша предикативтіліктің жартылай предикативтіліктен айырмашылығы аз, айырмашылығы сол – мұнда субъектінің белгісі (предикат) етістікпен беріледі. Бүркеме предикативтілікте субъект-предикаттық қатынас айқын көрінбейді. Ал ашық предикативтілікте бұл қатынас қайталау арқылы жанама көрініс тауып, күрделенген сөйлемді құрмаласпен шектестіреді [3, 21-27 бб.].

Көрініп тұрғандай, субъект-предикаттық қатынастың межелеуіштік сипаты сабақтас құрмаластың бағыныңқы сыңарынан ғана емес, күрделенген сөйлемдегі тәуелді бөліктен де талап етіледі, тек екеуіндегі талапта өзгешелік бар. Ол өзгешелікті айқындайтын – контекст (Бағыныңқы немесе тәуелді сыңарды анықтауда контексті қолдану әзірше синтаксис теориясына енген жоқ. – Ж.Ж.).

Түсіндіріп көрейік. Кейбір күрделенген сөйлемдердегі тәуелді конструкцияның субъектісі сол сөйлем ішінен табылмайды, бірақ оны контекст аясынан я контекст ықпалымен анықтаймыз, ол сөйлеу жағдаятына орай я көмес тұрады, я мәтіндегі басқа сөйлемде көрінеу қатысып тұрады. Осындай құралымдағы предикативтену толық емес, жартылай я қосымша болып табылады. Сондықтан күрделенген сөйлемдегі жартылай (қосымша) предикативтілікке мынадай өзгертулер енгізген жөн: жартылай предикативтілік жағдайында тәуелді құрылымның есімше, көсемше арқылы беріліп тұрған қимыл-әрекеттің я күй-калыптың иесі (субъектісі) сол сөйлемнің өз ішінен табылмайды, жағдаяттан білініп тұрады немесе мәтіндегі басқа тұста қатысып тұрады. Ал мұндай тәуелді конструкцияның субъектісі сөйлем ішінде болса, онда тәуелді оралым субъектінің белгісінің белгісі болып келеді я болмаса субъектінің бірыңғай я эрыңғай предикаты болады. Мұндайда күрделену емес «жайылмалық» алға тартылады. Мәселен, дәстүр бойынша, *Есікті ашып жіберіп Сайдалы малды шығара бастады. Тамақ ішіп жайланған соң Сайдалы әңгіме бастады* деген сөйлемдер күрделенген болып саналады. Көрініп тұрғандай бұл сөйлемдердегі тәуелді құралымдар (*Есікті ашып жіберіп; Тамақ ішіп жайланған соң*) Сайдалы субъектісінің предикатынан гөрі, шығара бастады, бастады баяндауыштарының пысықтауыштары (яғни, субъектінің белгісінің белгісі).

Егер бір субъектінің әр белгісін бір предикат деп білсек, онда бір жай сөйлемнің ішіне бірнеше сөйлемді тықпалаған болып шығамыз. Ойлау үрдісі қашанда ықшамдылыққа талпынады. Олай болса, **қосымша (жартылай) предикативтілігі бар күрделенген сөйлем деп тәуелді бөлігінің субъектісі сол сөйлемде болмағанмен, контекстен, жағдаят-**

тан табылатын сөйлемді айтамыз. Ал дәл осы сөйлемде оның предикативтілігі толық емес жартыкеш болып табылады, негізгі (базалық) бөлікке қосымша мазмұн беріп тұрады.

Жартылай предикативті сыңардың сөйлемдегі негізгі бөлікпен байланысы мен мағыналық қатынасы сабақтас құрмалас сыңарларының арасындағы байланыс пен қатынасқа ұқсасып тұрады (Бәлкім, күрделенген сөйлемді жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің арасындағы өтпелі деңгейге жатқызуға да осы сипат себеп болар).

Қазақ тілі синтаксисінде бір кездері сабақтас құрмаластың бағыныңқысының бастауышы болуы міндетті ме деген мәселе қойылып, бастауышы қатысып тұруы міндетті деген тоқтамға келген болатын. Сонда субъектісі я грамматикалық бастауышы контекстегі басқа сөйлемдерде тұратын, ал баяндауышы есімше, көсемше, әредік қимыл есімдерінен не шылаулы тіркестерден жасалған бағыныңқы құралымдарға қандай тұрғы беруге болады деген сұрақ туады. Мұндай құралымдар сыртқы құрылыстары, баяндауыштарының пішіні жағынан, басыңқы бөлікпен мағыналық қатынасы жағынан сабақтастың бағыныңқы сыңарына да, күрделенген сөйлемнің оралымына да ұқсап жатады. Сабақтастың бағыныңқысына жатқызу үшін құрамында бастауыштың болуы қажет, сондықтан мұндай құралымды сабақтас құрмаласқа жатқызу қиын. Оған тағы бір себеп – предикативтілік толық емес. Демек, мұндай құралымдар жартылай предикативті болып есептеліп, күрделенген сөйлем деп танылғаны ұтымды. Мұндай құралымның айқын танылуына контекст ықпал етеді. Тіпті, контекстің жетпей тұрғаны, оралымның бастауышы жетпей тұрғаны сол сөйлемнің өз бойынан да байқалып тұрады. Дәлел үшін *Содан бері үздіксіз жылау үстінде жиі-жиі талып кетіп, қасындағы Бөке, Діқанбай сияқты үлкендер су бүркіп зорға тірілтіп алып отырған-ды* (Қ.Жұмаділов) деген сөйлемді алайық. Бұл сөйлемнің *Содан бері үздіксіз жылау үстінде жиі-жиі талып кетіп* бөлігінің субъектісі «үлкендер» емес, оның субъектісі бұл сөйлемде жоқ, қимыл-әрекет басқа субъектіні талап етіп тұр. Демек, контекске жүгінуге тура келеді. Мәтінде осы сөйлемнің алдында *Байғұс әйел кеше кеште Демежан қазасын естіген сәтте-ақ қара шашын жайып жіберіп, әлі нұры таймаған алқызыл сұлу жүзін тырнағымен осып қан жоса еткен* деген сөйлем тұр. Тұтастырып оқып көрейік:

Байғұс әйел кеше кеште Демежан қазасын естіген сәтте-ақ қара шашын жайып жіберіп, әлі нұры таймаған алқызыл сұлу жүзін тырнағымен осып қан жоса еткен. Содан бері үздіксіз жылау үстінде жиі-жиі талып кетіп, қасындағы Бөке, Діқанбай сияқты үлкендер су бүркіп зорға тірілтіп алып отырған-ды (Қ.Жұмаділов). Қоюлатып көрсеткен

бөліктердің арасында субъект-предикаттық қатынас бар екенін байқау қиын емес.

Мұндай жартылай предикативтенген тәуелді конструкциялардың тірек сөйлеммен мағыналық қарым-қатынастары сабақтас құрмалас компоненттерінің арасындағы қатынастарға және сабақтастың бағыныңқысының баяндауышының пішіміне үйлес болып келеді.

Мезгілдік қатынастағы күрделенген сөйлемдерге мысалдар (контексттегі субъект мен предикатты қоюлатып көрсетеміз):

Шынында, ол бұл жолы үлкен артистік іспен шығып еді. Күздігүні алысқа аттануға ерініп, көрші отырған Қанайдан үш жылқыны әкеп сойып алғанда, осы Сәрсекелер қуып жүріп Абайдың алдына болмастан алып келген (М.Ә.).

Бұлар алдымен өздеріне арналған үйге түсіп қымызға қанып алған соң жол серіктерін сонда қалдырады да, **Демезжан мен Әріп, Балкашин мен Ли-Шансың – төртеуі** қажызға сәлем беру үшін ауылдың төріндегі үлкен ақ ордаға қарай бет алды. Үй сыртына **жақындай бергенде**, алдарынан ер-әйелі аралас қызылды-жасылды киінген тағы бір топ жастар шықты (Қ.Жұмаділов).

Зәки шарға бойлы, қаршығадай гана шымыр жігіт екен. **Оның** кіп-кішкентай кеудесіне соншалық зор дауыстың қалай сыйып тұрғаны таң қаларлық еді. Кейде бір қымызға бөртіп алған тұстарда гармонды құлашын кере **құйқылжытқанда**, қос тілді қара гармонның қарталары үзіліп, екі басы екі қолында кететін шығар деп ойлайсың (Қ.Жұмаділов).

1-мысалдағы 2-сөйлемнің *Күздігүні алысқа аттануға ерініп, көрші отырған Қанайдан үш жылқыны әкеп сойып алғанда* деген бөлігі, 2-мысалдың 2-сөйлемінің *Үй сыртына жақындай бергенде* деген бөлігі баяндауышы жатыс септігіндегі есімшеден болған мезгіл бағыныңқы сөйлемге ұқсап тұр, айырмасы толық емес, жартылай предикативтенгендігінде, өйткені 1-мысалдың контекстік бастауышы 1-сөйлемдегі *ол* есімдігі, осыған орай, 2-мысалдағы *Үй сыртына жақындай бергенде* деген тәуелді конструкцияның бастауыштары **Демезжан мен Әріп, Балкашин мен Ли-Шансың – төртеуі** екенін байқауға болады. Күрделенген сөйлем бөліктері мезгілдік қатынасқа құрылған. 3-мысалдың айырмашылығы сонда, мұнда субъект (бастауыш) **Зәки** тұрған сөйлеммен күрделенген сөйлемнің бағыныңқы бөлігі *Кейде бір қымызға бөртіп алған тұстарда гармонды құлашын кере құйқылжытқанда* арасына сөйлем салып алшақ тұр.

Келесі мысалда тәуелді конструкция **-гелі** жұрнақты көсемшеден жасалған, күрделенген сөйлем бөліктерінің арасында мезгілдік қатынас бар: **Ораз – әңгімеші адам. Оның айтуынша, әкесі Қаша да аңшы екен.**

Ес білгелі, әкесінің қасына еріп аңшылықты оның аң аулау туралы нелер тамаша әңгімелері болады (С.Мұқанов).

Тұтас мәтіндерде предикаттық қызметтегі бағыныңқы конструкцияны субъектіден орын жағынан тіпті алшақтатып келесі абзацқа көшіріп жіберу де кездеседі. Мысалы (асты сызылғандар – субъект-предикаттық қатынастағы бірліктер):

1. Демемжан бұл арада Шихалдаймен тәжікелесіп отырғысы келмеді. Қағазды өзіне қайтарып берді де:

– Бұл мәселені әлі анықтау керек. Балкім бұл жоғарғы ұлықтан келген пәрмен емес, халдайлардың ойлап тауып жүрген қитұрқысы ма, кім білсін. Алдымен Ши-амбының алдынан өтпей тұрып, салық жинап шабылатын жайымыз жоқ, - деп орнынан тұрды да жүре берді.

Көшеге шыққанда, бетін әлдене шалып кеткендей болды (Қ.Жұмаділов).

2. Жолаушылар тұс ауа Боздақтың кең жазығына ілінген соң-ақ, әр тұста жайылып жатқан ақтылы қой, алалы жылқы, суат бойлап қонған шоғыр-шоғыр ауылдар ұшыраса бастады. Әр ауылдың тұсынан өткен сайын, үлкен-кішілі түгел сыртқа шығып, бұл өңірде бұрынды-соңды болмаған қоңыраулы күймеге таңырқай қарап, біразға дейін көздерімен ұзатып салады.

Керімбайдың өз ауылы жылдағы қонысында, Шилібастаудың түбіндегі кең қолатта, отыр екен. Кезеңге шыға келгенде, бір ұя қаздың жүмыртқасындай дөңгелене қонған ақ ауыл Демемжанның көзіне оттай басылды (Қ.Жұмаділов).

Кейде басқа сөйлемде пысықтауыш тәрізденіп тұрған күрделенген сөйлемнің бағыныңқы бөлігінің субъектісі алдыңғы контексте атау септігінен басқа пішінде тұрады. Бірақ орамды сөйлеу үстінде оны айтушы да, қабылдаушы да ой ағымымен бағыныңқының бастауышының орнына қояды. Мысалы:

Бұл кезде Күдеріні қоршаған жастар ортасында Бибі жүр еді. Аттанарда, жас жігіттің шылбырын өзі ұстап, күміс ер-тоқымды күрең жорғаны көлденең тарта берді (Қ.Жұмаділов).

Бұл мысалда 2-күрделенген сөйлемдегі «Аттанарда» сөзінің субъектісі «Күдері» 1-сөйлемде тура толықтауыш қызметінде тұр. Және келесі сөйлемге субъект ретінде қатысып құрылымдық арақатыстыққа ықпал жасап, дербес сөйлемдердің тығыз байланысын қамтамасыз етіп тұр. Келесі мысалдар да осы сипатта, тек бұндағы тәуелді конструкция өткен шақтық есімшеге *-ша*, *-ше* жұрнағының жалғануы арқылы жалған:

1. Бұған бөлінген екі адамның бірі – бұрынырақ мотоциклмен киік қуып жүріп орға құлап, қолы білегінен өзіне қарай орақ тәрізді имиіп біткен Дәрікүл деген жігіт ағасы да, екіншісі – әскерден келгеннен бері политехникалық институтқа екі жыл қатарынан тапсырғанмен түсе алмай жүрген балаң жігіт Сейітбек.

2. Ауылдан қозы көш жердегі бейіт басына жетіп, жұмысқа кірісемін дегенше, күн қызып-ақ кеткен, оңтүстік батыстан аптап лықси соғып тұр (М.Қаназов).

3. Аналар (Сілтеу есімдігі екендігін ескертеміз – Ж.Ж.) келді де Бекболға тап берді. Орнынан тұрғаниша, ес жигызбастан кеп міне түсіп қара сұр банды сары пышақты жарқ еткізді (М.Әуезов).

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмаластың баяндауышының есімшеге септеулік шылау тіркесуі арқылы жасалу жолы контекст ықпалымен жартылай предикативтенген күрделенген сөйлем жағдайында да кездесіп отырады. Мысалы (субъект-предикаттық қатынас көрсеткіштерінің асты сызылды):

1. Бекболаттың қуанғаны сонша, Ақбілекті орыс алып кеткенін де, масқара болғанын да ұмытып кетті. Ақбілек дәл бір боранда адасып кетіп не жауында орманда қалып, жоғалып табылғандай көрінді. Қуанған сайын, Ақбілек таза, Ақбілек періштесіндей көрінді (Ж.Аймауытов).

2. Жолаушылар түс ауа Боздақтың кең жазығына ілінген соң-ақ, әр тұста жасайылып жатқан ақтылы қой, алалы жылқы, суат байлап қонған шоғыр-шоғыр ауылдар ұшыраса бастады. Әр ауылдың тұсынан өткен сайын, үлкен-кішілі түгел сыртқа шығып, бұл өңірде бұрынды-соңды болмаған қоңыраулы күймеге таңырқай қарап, біразға дейін көздерімен ұзатып салады (Қ.Жұмаділов).

Контекстік мезгіл бағыныңқылы бөлігі бар күрделенген сөйлемнің тәуелді оралымдарының сирек кездесетін түрі – кимыл есімнен жасалатын түрі (Ескерте кету артықтық етпейді: кейінгі зерттеулердің нәтижесінде қазір бұл пішін көсемшеге телінеді). Бір мысал: *Омарды ауылға жеткізген* Садық еді. *Аттан* түсірісімен, қарындасы боздап қоя берді (С.Түгелбаев).

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмаластың баяндауыштық тұлғаларының (-ған тұлғалы есімше – шығыс септік, -ған, -соң, -а, -е, -й, -ып, -іп тұлғалы көсемше) қай-қайсысы болсын контекстік жағдайда кездесіп отырады. Яғни, субъектісі контекстегі басқа сөйлемде болады да, күрделенген сөйлемнің жартылай предикативтенген тәуелді бөлігіне айналады. Мысалдар (Субъект-предикат көрсеткіштердің астын сызып көрсетеміз):

1. **Оспан** – осы маңдағы үш-төрт болысқа келген сайлаушы. Өзі шала оқыған мұғалім болса да, Қасымның айтуынша, «өнерімен жетілген» деп саналады. Ұлықты ұқсата білген, сый-сыяпатты тәуір көретін **жігіт болғандықтан**, Қасым аужайын байқап, әдейі қасына ертіп қонақ ретінде алып келген (М.Әуезов).

2. **Ол** 1858 жылы Москвада Кадет корпусын бітірген соң, сонда он шақты жылдай губернатор кеңсесінде істеді. Осы қызметте ерекше іскерлігімен **қозге түскендіктен**, оны жеттісінші жылдары Батыс Сібірге төтенше тапсырмалар орындайтын чиновник етіп жіберген (Қ.Жұмаділов).

Бұл екі үзіндінің бір-бірінен айырмашылығы сол: 1-мысалда субъект тұрған сөйлем мен бағыныңқы предикат тұрған сөйлем алшақ тұрса, 2-мысалда ондай сөйлемдер іргелес тұр.

Жамал – сағынып көрген баланың алды болған соң, **ата-анасы** қолдан келгенше әлпештеп өсіріп, жасы тоғызға жетті.

Жамалды еркек балаша киіндіріп жүрген соң, білмеген кісі қыз деп ойламаушы еді (М.Дулатұлы).

Бұл үзіндідегі 2-күрделенген сөйлемнің бағыныңқы бөлігі (тәуелді конструкциясы) **-ған** жұрнақты есімшеге соң септеулігі тіркесу арқылы жасалып тұр, контекстік бастауышы 1-сөйлемдегі «ата-анасы».

Күрделенген сөйлемнің көсемше арқылы жасалған тәуелді бөлігі мен тірек бөлігінің себептік қатынасқа құрылуына мысалдар (контекстік бастауыш пен баяндауыштың асты сызылды):

-Бұл тірлікте мұны **көре алмайтындар**, іштарлық етіп басындағы бағын **қызғанатындар** көп еді. Енді ақтық зауал шағында да мұның да қайтпас қайсар өлімін **көріп**, іштері күйсін (Қ.Жұмаділов).

-**Әкем**, тегі, дене қуаты мол адамға ұқсайды. Оны жұрт жұмыс атқаруымен өлшейді: «екі кісі көтеретін бөренені жалғыз өзі иығына салып әкете беруші еді», жүздікті «бір жарым есе орындаушы еді», «өзі кісіге тимейтін, тигенді оңдырмайтын еді» ... деседі. Сондықтан да адал атанып, жалданғанына жағымды болды. Жұмысқа, тегі, жалықпайтын кісі болу керек, өлерінен бірер жыл бұрын аяғынан **мүгедек болып қап**, пішенді тізерлеп жылжып шапқаны әлі есімде (С.Мұқанов).

-Бірақ қанша шұқшия қарағанмен ол жарқыраған көп оттардан өзге ештеңеге де көзі жетпеді. Әр жерден қылаң еткен көп терезелі биік үйлерді бірінен бірін **ажырата алмай**, көзі жасаурай берді (С.Мұратбеков).

-Бір күні **Қарабай** қызметтес **жігіттермен** бірге жұмыстан соң арақ ішті. Сөзден сөз шығып, **қыза келе**, әңгіме тақырыбы бір миллион теңгеге ауысты (Қ.Шамақайұлы).

Бұл мысалдардың төртеуінде де күрделенген сөйлемнің тәуелді бөлігі мен тірек бөлігі көсемшемен байланысып тұр, айырмашылығы – 1, 3, 4-мысалдарда субъект пен предикат іргелес тұрса, 2-мысалда арасына бірнеше сөйлем салып тұр. Алайда *деп* көмекші етістігінің ықпалымен жасалатын себеп мағынасындағы тәуелді конструкцияның нақты лексикалық бастауышы, субъектісі (грамматикалық бастауышы ғана емес) контекстегі басқа дербес сөйлемде тұратын жайт кездесіп отырады. Мысалы:

Асуда тұрған мергендер мылтықтарынан оқ жсаудырып қия бастырмайды... Ал бұларды қалдырып кетуге, жселкемізден түре соға ма деп, тағы қорқамыз (Қ.Жұмаділов).

Себеп бағыныңқылы қатынасқа құрылған күрделенген сөйлемнің *деп* көмекші етістігі арқылы байланысатын жайтына біз көп тоқталмаймыз, өйткені бұндайда негізгі етістік белгілі бір жақта тұрып, бастауышпен қиысады. Демек, баяндауышы арқылы бастауышты таба аламыз. Ал компонентті бағыныңқы етіп тұратын – форма ғана, көсемшенің тиянақсыздығы. Сондықтан арнайы бастауыш іздеудің қажеті жоқ.

Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмаластың бағыныңқы сөйлемінің баяндауышы шартты райдан жасалған жағдайда, сол баяндауыштың өзі бастауыштың жағынан белгі беріп, субъектіні анықтап тұрады, сондықтан *Келсе, бәріміз қарсы аламыз* деген сияқты сөйлемді күрделенген сөйлемге жатқыза алмаймыз. Ал басқа тұлғадағы баяндауышы бар сөйлемді сабақтастың бағыныңқы сөйлемі деп тану үшін арнайы субъект я бастауыш қажет болады. Ондай бастауыш я субъект бұл сөйлемге қатыспай тұрады, көршілес сөйлемде болады. Демек, мұндай бағыныңқы конструкция жартылай предикативтеніп тұр деген сөз, ол құрмаластың компоненті емес, күрделенген сөйлемнің компоненті. Мысалы:

Мектеп алаңындағы жол жиегіне гүл егіп қойған екен. Көктеп өспейінше (өспей – Ж.Ж.) ортаңғы есікті ашуға болмайды (С.Түгелбаев).

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмаластың бағыныңқы сөйлемінің қиыспайтын баяндауышты түрлері көсемшеден болатыны белгілі. Осы бағыныңқының субъектісі сол сөйлемде болмай, контекстегі басқа сөйлемде тұрса, мұндай сөйлем сабақтас құрмалас межесіне жетпей, жартылай предикативтеніп күрделенген сөйлем болып шығады. Мысалы:

Екеуінің әкесі – бір, шешесі – бір. Екеуін бөле-жарар ештеңе жоқ. Тұған бауыр бола отырып, мұндай жүзі қарсы адамдарды көрген жоқпын (С.Түгелбаев).

Қарсылықты бағыныңқы тек *-ып, -ін, -п* жұрнақты көсемшемен ғана емес, оның баяндауышы есімшенің көмектес септігіндегі тұлғасымен

де, тиянақсыз көсемшемен де жасала беретіні белгілі, осы қатынасқа құрылған күрделенген сөйлемнен де осыны көруге болады. Оған көз жету үшін жоғарыдағы бағыныңқының орнына мына нұсқаларды қойып көрсеңіз, қарсылықты мағынаның өзгермегенін байқайсыз: «*туған бауыр бола тұра*», «*туған бауыр болғанмен*».

Тірек бөлігі мен тәуелді бөлігі қарсылықты қатынасқа құрылған күрделенген сөйлемге бір мысал:

***Назгүлдің** алдын ала есептен тұрмысқа шығу арқылы өзіне жағдай жасауы – эгоизмнің салдары. Ең алдымен баланың әкесіз өсетіндігін **ойламай**, баспана мен тұрмысын ойлауы о бастағы ата-ана тәрбиесінің мардымсыздығынан («Заман-Қазақстан»).*

Бұл мысалдағы 2-сөйлемнің контекстік қарсылықты бағыныңқы бөлігінің болымсыз тиянақсыз көсемшеден жасалуы сабақтас құрмалас сөйлемге байланысты әдебиеттердің бірінде де кездеспейді. Алайда, мұны қарсылықтыға жатқызуымызға себеп лексикалық бірліктің грамматикалық жолмен антоним болуы (ойламау-ойлау), екіншіден, тағы бір дәйек бар: «Қарсылықты бағыныңқы сөйлемдердің мағыналық арақатынастары, негізінде, бір-біріне қайшы мәндес болғанмен, олардағы оқиға, әрекеттің орындалу, орындалмау нәтижесі әр сапада болып отырады. Кейбір қарсылықты бағыныңқы сөйлемдердің екі компонентінде де оқиға, болмыстың орындалғаны көрсетілсе, енді біреулерінде, керісінше, орындалмағаны көрсетіледі. Енді бір сөйлемдердің бағыныңқысында қимыл процесінің болғандығы байқалса, басыңқысында сол қимыл өрісі, әрекет теріске шығарылады; ал қайсыбірлерінде аралық мағына қатынасы керісінше болады: бағыныңқы сөйлемдегі оқиға, болмыс орындалмайды да, басыңқыдағы оқиға, іс жүзеге асырылады» [5, 204 б.]. Академиялық грамматикада: «Құрамында **түгіл, былай тұрсын** тәрізді сөздері бар сөйлемдер де мағыналық жақтан қарсылықты бағыныңқыға ұқсайды. Алайда құрылысы жағынан мұндай сөйлемдер жай сөйлемдердің қатарына қосылады. Өйткені, бұлар бағыныңқының өзіне тән белгілеріне жауап бере алмайды», - деп жазады да: «*Жарқын сияқтылар келеке етпек түгіл, мұның алдында жымдай болып жүрер еді* (Иманжанов)» деген мысал келтіреді [5, 203 б.]. Шынында, келтірген мысалға қарасак, бастауыш біреу ғана, сондықтан «келеке етпек түгіл» деген қарсылықты оралым қызметін атқарып тұр. Алайда, біз жиналған тілдік фактілерді сараптау үстінде контекст жағдайында осы тәсілмен күрделенген сөйлемнің бағыныңқы бөлігінің де жасалатынын байқап қалдық.

***Мен** кеше ағаларыммен келдім. Сенің құрылысыңа **қайрат қылмақ түгіл**, қол қалам ұстауға да жарамай қалды (С.Әубәкір).*

Бұл мысалдың екінші сөйлеміндегі **қайрат қылмақ түгіл** бірінші сөйлемдегі «мен» бастауышымен субъект-предикаттық катынаста тұр. Ал екінші сөйлемнің екінші сыңары «қол ... жарамай қалды» өз алдына басыңқы сөйлем бола алады.

Демек, түбегейлеп іздеп көрсе, «**түгіл, былай тұрсын**» көмекші сөздері қатысып тұрған бағыныңқы бөлігі (тәуелді конструкциясы, оралымы) бар күрделенген сөйлемдер табылады деп ойлаймыз.

Максат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің деп көмекші етістігі мен үшін септеулік шылауы арқылы аналитикалық жолмен жасалатыны белгілі, бұл контекст аясында да кездесіп отырады. Көлемді көп алмау үшін төмендегі күрделенген сөйлемнің бағыныңқы оралымын «... сезіп қалмас үшін» деген нұсқамен алмастырса болды, мағынаның өзгермейтінін байқауға болады:

Әкесі – сондай сергек, сақ адам. Біздің келгенімізді сезіп қалмасын деп, киімімізді ауыстырып киіп алдық (С.Түгелбаев).

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқысының баяндауышы **-ып, -ін, -п, -а, -е, -(ма) й** формантты көсемше мен өткен шақ есімшеге **-дай** жұрнағының жалғануы арқылы жасалатыны белгілі. Соңғы тәсілдің контекстік бағыныңқы оралымда да (күрделенген сөйлемдегі) болу мүмкіндігі бары түйсікпен сезіледі, бірақ бір қызығы, біз жинаған мол тілдік материалдың ішінде қимыл-сын бағыныңқы оралымның көсемше арқылы жасалу жайттары ғана кездесті. Мысалдар:

Әуелі ірі-ірі **тамшылар** батылсыз тамды. Жерге тигенде майда **бұршақ сияктанып**, бос топырақ шұрқ-шұрқ тесік болды (Ж.Шағатай).

Бұл – құлағына сенер-сенбесін білмей, екеуіне кезек жалтақтай қараған. Мұндай ой кәперіне де келмеуші еді, тұла бойы мұздап қоя берді. Қайсысына не айтарға **сөз таппай**, үні де шықпай, тығыла түседі (М.Қаназов).

Қолға суды **Жаңыл** құйды. Мені көрген соң абдырап құманды жөндеп **ұстай алмай**, әбден берекесі кетті (Т.Алшынбаев).

Сонымен, күрделенген сөйлемнің құрылуына контекст ықпал етеді екен, оның бағыныңқы оралымының (тәуелді конструкциясының, бөлігінің) бастауышы сол сөйлемде тұрмағандықтан, жартылай предикативтеніп тұрғанын контекстен байқауға болады.

Семинар сұрақтары

1. Қазақ грамматикасында күрделенген сөйлем туралы қалыптасқан анықтаманы пайымдау.

2. Қазақ грамматикасында күрделенген сөйлемнің қалыптасқан түрлеріне жеке-жеке сипаттама беріңіз (мысалдар келтіріңіз).

3. *Предикативтілік санатына түсіндірме беріңіз*

4. *Жартылай (қосымша) предикативтілікке сипаттама беріңіз (мысалдар келтіріңіз).*

5. *Күрделенген сөйлем оралымдарының жасалуын, мағыналық қатынастарын сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарларының жасалуымен, мағыналық қатынасымен салыстыра отырып түсіндіріңіз.*

Оқытушы өткізетін өздік жұмыс

1. Мәтіндерден айқындауышты сөйлемдерге, қыстырмалы сөйлемдерге, қыстырынды құралымға, көсемше оралымды сөйлемдерге, есімше оралымды сөйлемдерге, қаратпа оралымды сөйлемдерге 2-3 мысалдан теріп алып, синтаксистік талдау жасау.

2. Субъектісі сол сөйлемде емес, контекстегі басқа сөйлем құрамында тұрған сөйлемдерге мағыналық топтарына қарай мысалдар жинау. Оларды трансформалап сабақтастың бағыныңқы компонентіне айналдырып, контексте болған өзгерістерді түсіндіру

Өздік жұмыс тақырыптары

1. *Айқындауышты сөйлемдер*
2. *Қыстырмалы сөйлемдер*
3. *Қыстырынды құралым*
4. *Көсемше оралымды сөйлемдер*
5. *Есімше оралымды сөйлемдер*
6. *Қаратпа оралымды сөйлемдер*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002
2. Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. – Алматы: «Ғылым», 1974
3. Прияткина А.Ф. Русский язык. Синтаксис осложненного предложения. – Москва, «Высшая школа», 1990
4. Бабайцева В.В. Русский язык. Синтаксис и пунктуация. – Москва: «Просвещение», 1979
5. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы: «Мектеп», 1966
6. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис: оқу құралы. – Алматы, «Қазақ университеті», 2012

7. Жакупов Ж.А. Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі (контекст проблемасы) : филол. ғыл. д-ры... дисс. – Алматы, 1999

8. Жақыпов Ж.А. Қосымша (жартылай) предикативтілік туралы // Қазақ тіл біліміндегі функционалдық бағыт. Филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.М.Есеновтің туғанына 75 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: «Тіл білімі институты», 2006

3 ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР

3.1 Құрмалас сөйлемдердің зерттелуі

Генетикалық негізі мен табиғи даму тұрпаты жағынан аса күрделі синтаксистік санатқа жататын құрмалас сөйлемдерді зерттеп, зерделеу тілтанушылар үшін оңай болмағандығы рас. Оның айқын дәлелі өткен ғасырдан бастау алатын сан салалы зерттеулер мен күні бүгінге дейін жарық көріп жатқан еңбектердің барлығында да сөйлемнің осы түріне қатысты күрмеуі қиын мәселелер мен табиғаты тылсымдау бір проблеманың шығып тұратындығында.

Қазақ тіл білімінде бұл мәселеге алғаш көңіл аударған А.Байтұрсынұлы «Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты еңбегінде құрмалас сөйлемге қатысты түсінік береді [1, 280-291 бб.]. Құрмаластарды сыйыса құрмаласу және қиыса құрмаласу деп бөліп қарастырады. Автордың сыйыса құрмаласу деп берген сөйлемдері (Қарабай мен Сарыбай аңға шықты) қазіргі замандағы тілдік таным тұрғысынан талдағанда бірыңғай мүшелі жай сөйлем деп танылғанымен, аталған сөйлемнің оны құрмалас сөйлеммен барабар ететіндей әлдебір тілдік заңдылықтың негізінде қалыптасқандығын жоққа шығара алмаймыз (салыстырыңыз: Қарабай да аңға шықты, Сарыбай да аңға шықты). Қиысқан құрмаластарды салалас, сабақтас деп жіктеп, салаластарды мағынасына қарай жайылыңқы (Үлкен бастар, кіші қостар), қайырылыңқы (Мен бардым, сен үйде болмадың), айырыңқылы (Не сен тұрасың, не мен тұрамын), сұйылыңқы (Сабыр түбі – сары алтын: сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа) және қойылыңқы (Не өгіз өлер, не арба сынар, екiнiң бiрi болар) деп бөлсе, сабақтастарды бастауыш бағыныңқылы, анықтауыш бағыныңқылы, толықтауыш бағыныңқылы, мезгіл пысықтауышының бағыныңқысы, мекен пысықтауышының бағыныңқысы, сын пысықтауышының бағыныңқысы, себеп пысықтауышының бағыныңқысы, мақсат пысықтауышының бағыныңқысы, шартты бағыныңқы, ереуіл бағыныңқы деп бөледі.

Құрмалас сөйлемді «күрделі сөйлем» деп атаған Қ.Жұбанов оны салалас және сабақтас деп жіктеп қарастырады [2, 231 б.]. 1936 жылы орта мектептің 5-7-сыныптарына арналған «Қазақ тілінің программасында» құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары мен амал-тәсілдері көрсетіліп, мағыналық түрлеріне тоқталған. Құрмаласты жасайтын амал-тәсілдер салаласта алғашқы сөйлем баяндауышы құрамындағы *еді* көмекші етістігі, шартты рай тұлғасы, көсемшенің *-п* тұлғасы, *да, және, сосын* дәнекерлері, *сол себепті, сондықтан, сөйтіп, бірақ, сөйтсе де, я, әйтпесе, не*

болмаса, үйткені, неге десең т.б. жалғаулықтары, осы, сол, бұл есімдіктері; сабақтаста, негізінен, құрамында катыстық сөздері бар шартты рай тұлғалы етістіктер көрсетіледі.

Салалас құрмаластарды өз ішінде: ыңғайлас, ереуіл, талғама, себеп-салдар шарт жағдай деп бөледі де, сабақтастарды анықтауыш бағыныңқылы, толықтауыш бағыныңқылы, пысықтауыш бағыныңқылы деп саралайды [2, 359 б.].

Құрмалас сөйлемді зерттеуді алғаш рет практикалық мақсатта емес, ғылыми тұрғыдан қарастырған С.Аманжолов құрмалас сөйлемдерді салалас, сабақтас, аралас және тиянақсыз сабақтас деп төрт түрге бөліп қараса [3, 359 б.], құрмалас сөйлемдерді арнайы зерттеген Н.Сауранбаев бұл мәселеде бірнеше пікір ұсынды: алғашқы топтастыруда құрмаластарды салалас және сабақтас деп жіктесе [4, 46 б.], кейінірек салалас құрмалас, сабақтас құрмалас және іргелес құрмалас деп топтайды [4, 34-106 бб.], ал соңғы топтастыруда құрмаластарды 4-ке бөледі: салалас, сабақтас, аралас, үйірлі мүшелі сабақтастар [4, 520 б.].

С.Жиенбаев құрмаластың тек салалас және сабақтас деген 2 түрі бар екенін, ал аралас құрмаластың “өз алдына бір бөлек заңдары жоқ” екенін айтады [5, 33 б.].

Аталған топтастырулардың қолданыстағы топтастырулардан елеулі айырмашылықтары болғанымен, бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда назар аударатын тұстары да жоқ емес.

Профессор Н.Сауранбаевтың “Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі” атты очеркінде берілген іргелес құрмаластар – тілімізден берік орын алып, әбден қалыптасып кеткен жалғаулықсыз салалас сөйлемдер. Мұндай сөйлемдерді салаластың бір тармағы есебінде қарамай, жалпы құрмалас сөйлемнің бір түрі ретінде түсіндірген. Ондағы дәлелі – “іргелес құрмаласта салаластың да, сабақтастың да белгісі бар. Салаласқа тән белгісі – ондағы жай сөйлемдердің грамматикалық жағынан бір-бірімен тең дәрежеде құрмаласатындығы және сөйлемнің баяндауышы тиянақты қалыпты болатындығы. Ал іргелестерді сабақтастармен жақындастыратын белгі – іргелестегі жай сөйлемдер ішкі мағына жағынан бірін-бірі сипаттап, бір-біріне тәуелді болып байланысады” [4, 27-28 бб.].

Сонымен бірге бағыныңқы компоненттің табиғатын сөйлем мүшелерінің атқаратын қызметімен теңестіре қараған ғалым: “Бағыныңқылар басыңқы сөйлемдегі бір жай мүшенің қызметін атқарады, я соның орнына жүреді”, – дей келіп, сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін төмендегіше жіктейді:

1. анықтауыш бағыныңқылы;
2. толықтауыш бағыныңқылы;
3. пысықтауыш бағыныңқылы – мұның өзі ішінара мезгіл, себеп-амал, мақсат пысықтауыш бағыныңқылар болып ажыратылған.

4. шарт бағыныңқылы;
5. қарсы бағыныңқылы;
- 6 салыстырма бағыныңқылы сабақтас.

Үйірлі мүшесі бар сөйлемдерді ғалым екі жақты түсіндіреді: егер есімшелі сөйлемдердің өзіне қатысты бастауышы болмаса, ондайларды есімше анықтауыш үйірлі мүшелі жай сөйлем дейді де (*Емтихандарын уақытында өткізген студенттер демалысқа кетті*), егер бастауышы болса, мұндайларды анықтауыш бағыныңқы деп түсіндіреді (*Асан кітапханадан алып оқыған қызық кітап бүгін маған тиді*).

М.Томановтың пікірінше, “өзара тең дәрежеде байланысқан сөйлемдер тобын салалас құрмалас дейміз” деген анықтаманың өзі дұрыс емес. Оған дәлел ретінде *Іші пысып жүрген кезде жолықтым ба немесе білген кеңестерін білдіргісі келмеді ме, Жәкең үлкен әңгімелер қозғады* сөйлемінің жоғарыдағы анықтама бойынша салалас құрмалас бола алмайтынын айтып, салаластардың “тұрақты принцип негізінде анықталмай жүргендігін” көрсетеді [6, 45 б.]. Өзара тең байланысқан, бірақ интонация арқылы ұласқан сөйлемдерді салалас деп танитын болсақ, оған баяндауыш құрамында сұраулық шылауы бар немесе көсемше тұлғалы (-ып, -іп, -п) сөйлемдерді жатқызуға болмайтынын, өйткені мұндай сөйлемдердің құрамындағы алғашқы сөйлем соңғы сөйлемге бағынышты болатындығын айтады.

Сөйтіп қазақ тіл білімінде салалас, сабақтас құрмаластарды анықтауда екі түрлі ұстанымды негізге алу жөнінде пікірталас өрбіді:

1. компоненттердің мағыналық қатынасы;
2. компонент баяндауыштарының тұлғалық белгісі.

Алғашқы ұстанымды негізге алғандар (С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, Ғ.Бегалиев, Қ.Жұбанов) көсемшенің *-ып, -іп, -п* тұлғасымен келген сөйлемдерді салалас құрмалас сөйлемдер қатарына жатқызды. Н.Сауранбаев “іргелес сабақтас”, С.Аманжолов “үлестес сабақтас” деп атаған мұндай сөйлемдерді Қ.Есенов “ерекше құбылыстағы сөйлемдер” деп атайды да, тұлғалық тиянақсыздықты басты ұстаным ретінде ұстап, мұндай сөйлемдердің қазіргі қазақ тілінде сабақтастардың қатарында қарастырылатынын айтады.

Профессор М.Балақаев қазақ тіліндегі сабақтас сөйлемдердің дені пысықтауыш ынғайында келетінін айтып, оларды алты топқа жіктейді: шартты, қарсылықты, мезгіл, амал, себеп-салдар және мақсат бағыныңқылы сөйлемдер. Сонымен қатар қарсылықты бағыныңқы сөйлемнің жалаң шартты рай тұлғасы арқылы да жасалатынын көрсетеді. Мысалы: *Төлеубекті мұғалімдердің көбі жек көрсе, Жанат тіпті жақсы көреді. Қасқа құнанды үйдің қасынан алысырақ жерге айдап салсам, ол көп ұзамай есік алдына қайта келеді.*

Профессор А.Ысқақовтың “Құрмалас сөйлем мәселелері” атты мақаласында көңіл аударатын жай – сабақтас пен салалас құрмаластарды өзара ажыратуда негізгі ұстаным етіп екі жай сөйлемді байланыстырушы баяндауыш сөзінің грамматикалық тұлғасын басшылыққа алады. Осыдан келіп, *Омар кітап оқып, Жамал хат жазып отыр* тәріздес сөйлемдерді кейбіреулердің салалас деп ұғынуына қарсы мұндайларды сабақтас құрмалас деп дұрыс түсіндіреді. Мұндағы дәлелі - бағыныңқы сөйлем баяндауышының тиянақсыз тұлғада тұруы [7].

Құрмалас сөйлем синтаксисіне қатысты маңызды кадам 1956 жылы Алматы қаласында өткен түркі тілдеріндегі етістік түрі мен сабақтас сөйлем проблемаларына қатысты өткен үйлестіру (координациялық) кеңесінде жасалды. Сол кеңесте профессор Н.Сауранбаев жасаған “сабақтас құрмалас сөйлемді өзара байланыстыратын амалдар” деген баяндама негізінде пікірталас (С.Аманжолов, М.Балақаев, Г.Байтоғаева, Т.Қордабаев) өрбіді. 1958 жылы “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналының № 5 санында жарық көрген Т.Қордабаевтың “Сабақтас құрмалас сөйлемнің өзіндік белгілері” атты мақаласынан соң, осы журнал бетінде 1958-1959 жылдары ғылыми айтыс (М.Балақаев, Т.Ерғалиев, О.Төлегенов, А.Әбілқаев, М.Томанов, Ж.Болатов, Қ.Есенов) өз жалғасын тапты. Ғылыми талқылау негізінде құрмалас сөйлем синтаксисіне қатысты бірқатар мәселелер өз шешімін тапты. Әсіресе, сөйлемнің салалас, сабақтас байланысын анықтауда мағыналық емес, тұлғалық белгінің негізге алынуы, құрмалас сөйлемді тануда бастауыш/ ортақ бастауыш, предикаттық қатынас/ субъект-предикаттық қатынастың қайсысы негізге алынуы туралы мәселелер көтерілді.

Қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем синтаксисі мәселесінің зерттелуін Қ.Есенов үш кезеңге бөліп қарайды:

– алғашқы кезеңге 1920-1940 жылдар аралығында жазылған А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов, С.Жиенбаев, Х.Басымов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаевтардың еңбектерін;

– екінші кезеңге 1940-1950 жылдары шыққан С.Аманжолов, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов, Ғ.Бегалиевтердің еңбектерін;

– ал үшінші кезеңге 1950 жылдан кейінгі Т.Қордабаев, О.Төлегенов, А.Әбілқаев, Қ.Есенов, Х.Арғыновтардың зерттеулерін жатқызады [8, 117 б.]. Бұған қоса осы тұста жарық көрген Р.Әміров, Қ.Мамытбеков [9], Ұ.Сәлиевалардың [10] зерттеулері де құрмалас сөйлем синтаксисін дамытуға зор үлес қосқанын атап кеткен орынды. Сондай-ақ аталған үш кезеңге қосымша төртінші кезеңді қосудың да артықтығы жоқ деп есептейміз. Өйткені Қ.Есенов көрсеткен үшінші кезеңде қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлем синтаксисі ілімінде теориялық мәні зор тың тұжырымдар жасалып, зерттеулер жүргізілді, бұрын күңгірттеу көрінген

көптеген мәселелердің басы ашылды, осы сала бойынша озық идеялы аға буын ғалымдар легі қалыптасып, олар аталған ілімді жалғастырушы жас ғалымдар легін қалыптастырды. Олардың қатарында профессорлар Т.Қордабаев, Қ.Есенов, Р.Әмір, М.Серғалиев, Т.Сайрамбаев, Б.Шалабай және т.б. ғалымдар бар.

Ал төртінші кезең, тоқсаныншы жылдардың аяғы мен бүгінгі күнге дейінгі кезең, тек құрмалас сөйлем мәселелері ғана емес, жалпы қазақ тіл білімі, оның ішінде грамматика, синтаксис ғылымында жаңа кезең болып есептеледі. Осы кезеңде құрмалас сөйлемге тікелей немесе жанама қатысы бар отыздан астам ғылыми диссертациялар қорғалды. Бұл кезеңде бұрын зерттеушілер назарынан тыс қалып келген құрмалас сөйлемнің интонациялық ерекшеліктері, аралас құрмаластар мен көп компонентті салаластардың құрылымдық, мағыналық сипаттары, компоненттерді байланыстырушы тұлғалардың құрмалас сөйлемнің мағыналық қатарын түзудегі ерекшеліктері т.б. мәселелерімен бірге, оны жаңа арнада функционалдық грамматика, коммуникативті синтаксистің бірлігі ретінде қарау; мәтіннен тыс, оқшау жеке-жеке қарастырылатын сөйлем емес, өзіне дейінгі, өзінен кейінгі сөйлемдермен мағыналық байланыстағы бүтіннің бөлшегі ретінде қарау, тілде даяр қалпында қолданылатын, тілдік емес ортамен байланысы жоқ оқшау санат емес, тілден тыс факторлардың да ықпалы тиетін, сөйлеу процесі кезінде қалыптасатын бірлік екендігі, жұмсалым ретіне қарай бір тұлғадағы құрылымдардың әр алуан мағынаға ие болуы немесе әртүрлі тілдік тәсілдер арқылы мәндес сөйлемдер парадигмасын түзуге болатындығы күн тәртібіне қойылуда.

Осы кезеңнің үлесіне тиетін М.Базарбаев, Б.Шалабай, Ж.Жақыпов, З.Ерназарова, Б.Сағындықұлы, К.Садирова, Б.Қапалбеков, С.Қазыбаев, С.Айтжанова, А.Фазылжанова, Б.Елікбаев, Ә.Елшібаева және т.б. зерттеушілердің еңбектері аталған мәселеге жан-жақты қарауға ықпал етері сөзсіз. Өткен ғасырдың соңғы он жылынан бері ғылымдағы өзекті жаңалықтар мен көп жылдық тәжірибелер негізінде кейбірі қайта өңделіп, жаңа сипатта жазылған Т.Қордабаевтың «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі» (Алматы: «Санат», 1995), Қ.Есеновтің «Құрмалас сөйлем синтаксисі» (Алматы: «Білім», 1995), «Қазақ грамматикасы» Астана, 2002 («Құрмалас сөйлем» бөлімін жазғандар: Р.Әмір, Б.Шалабай, Б.Қапалбеков, Б.Сағындықұлы), М.Серғалиевтің «Синтаксистік зерттеулер» (Алматы: «Сөздік-словарь», 2004), Т.Сайрамбаев пен Б.Сағындықұлының «Құрмалас сөйлемдер жүйесі» (Алматы: «Қазақ университеті», 2007), Р.Әмір мен Ж.Әмірованың «Құрмалас сөйлемдер қазақ тілінің грамматикалық, функционалдық жүйесінде» (Алматы: «Қазақ университеті», 2007), Т.Ермекованың «Құрмалас сөйлемдер жүйесі» (монография, Алматы, 2008), «Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемі»

(Астана: «Фолиант», 2011) т.б. еңбектер қазақ тіліндегі құрмалас сөйлем синтаксисіне қатысты өзекті мәселелерге арналады. Десе де зерттеулерде құрмалас сөйлемдердің мағыналық-құрылымдық топтарына, әсіресе оны байланыстырушы формаларға, көмекші тәсілдерге басым назар аударылады да, құрмалас сөйлемдердің компоненттер сипатының жалпы сол тілдік бірлікке тигізетін ықпалы, синтаксис пен семантика арақатынасы мәселесінің бірқатар сұрақтары әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

3.2 Құрмалас сөйлемнің калыптасып, даму жолдары

Күрделі ой мен күрделі пікірді білдіру үшін қызмет ететін құрмалас сөйлемдер құбылыс десек те, көне жазба ескерткіштер тілі аталған тіл бірлігінің сан ғасырлық және басқа да ой білдіруде қолданылатын түрлі құрылымдар қазіргі заман көркем әдебиетінде, ғылыми және саяси шығармаларда жиі кездеседі. Десе де қандай тілдік бірлік болмасын, оның өзіндік калыптасу, даму тарихы болады. Құрмалас сөйлемдер жай сөйлемдердің негізінде калыптасқан кейінгі тарихы бар екенін жоққа шығармайды.

Әрине, тілдегі ой білдірудің бұндай күрделі түрі бірден калыптасқан жоқ. Ұдайы даму процесінде адам санасы ойлаудағы объективті шындықтың әртүрлі қатынастарын нақтылайтыны және реттей түсетіні белгілі. Сол себепті қатар тұрған сөйлемнің біреуі негізгі ойды білдірсе, екіншісі оны толықтырушы болып қалады. Жаңа мәнді қатынаста тұрған сөйлемдер бір-бірімен үйлесудің жаңа жолын, ойды білдірудің жаңа түрін іздейді. Сөйтіп, объективті өмірдің күрделі көрінісі ойлау процесін де күрделендіреді, ал ол күрделі ойды жеткізу қажеттілігі калыптасқан тілдік құралдың негізінде сөйлемдердің үйлесуінің жаңа тәсілінің дамуына түрткі болатыны сөзсіз.

Түркі тілдері үшін дамудың барлық кезеңдерінде жай сөйлемдердің бір-бірімен тіркесуі нәтижесінде пайда болған синтаксистік құрылымдар тән болғандығын көне түркі жазба ескерткіштерінің тілдік фактілері нақтылай түседі. Мысалы:

Қағанның сабын алматын,
Иер-сайу бардығ,
Көп анта алқынтығ, арылтығ,
Анта калмыш йер-сайу көп
Туру-өлу йорыйур ертіг,
Теңрі йарлықадуқын үчін,
Өзім құтым бар үчін,
Қаған олуртым (Күлтегін. Бірінші жыр.)

(Аудармасы: Қағаныңның тілін алмадың, Жер-жерге бардың, Онда көп алқындың, арылдың, Сонда калғандар жер-жерге қаңғып Өлімші

босқын боп еді, Тәңірі жарылқағандықтан, Өзімнің құтым бар болғандықтан, Қаған отырдым, Қаған болып) [11, 16 б.]. Жалпытүркілік тарихи ескерткіштер мен кейбір тілдерге ғана тән деп есептелетін тарихи ескерткіштер материалдарында жай сөйлемдер жиі кездеседі десек те, салаласа, сабақтаса байланысқан құрмалас сөйлемдердің де аз еместігін жоғарыдағы мысал да дәлелдей түссе керек.

Қазіргі әдеби тіліміздің барлық жанрында қолданылатын құрмалас сөйлемнің қалыптасып дамуы бір күннің жемісі емес. Бұл жөнінде Т.Қордабаев: “Көрнекті ғалымдардың айтуына қарағанда, тіл дамуының көнерек заманында сөйлем құрамындағы сөздерді, сол сияқты жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын қазіргі дәнекерлер, тәсілдер болмаған. Ол уақыттағы сөздер, сөйлемдер арасында қазіргі тіліміздей бірі екіншісіне меңгеріліп, жетектеліп бірі екіншісін меңгертіп, жетектеп, өзіне тәуелді етіп тұру сияқты байланысу тәсілдерінің анағұрлым берік түрлері болмаған. Сөздер, сөйлемдер байланысындағы бұл тәсіл олардың тұрған орындарына мағына желілерінің жақындықтарына қарай бір-бірімен қабыса, іргелесе байланысу тәсілі болған. Сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің бір-бірімен арақатынасы тығыз, берік болмағандықтан, оларда дербестік, бір-біріне тәуелсіздік күшті болған,” – дейді [12, 127 б.]. Тіл дамуының көне заманында сөздердің де, сөйлемдердің де арасында дербестіктің, бытыраңқылықтың басым болғандығын үнді-еуропа тілі синтаксисін зерттеген ғалымдар да көрсеткен.

Үнді-еуропа тілдерін салыстырмалы түрде зерттеуге арналған еңбегінде А.Мейе сөйлемдер бір-бірімен ешқандай дәнекерсіз, бірінен соң бірі қатар қойылғанын айтады [13]. Құрмалас сөйлемдердің пайда болу жолдары туралы теорияны А.А.Потебняның кейбір зерттеулеріне сүйене отырып А.Рифтин ұсынған болатын.

Көне заманда сөздер мен сөйлемдер байланысының нашар болғандығын А.Рифтин де “Аккад тіліндегі құрмалас сөйлем дамуының екі жолы туралы” деген мақаласында айтқан [14, 66 б.]. Бұл теорияға сәйкес құрмалас сөйлемдердің дамуы төменде көрсетілген екі жолмен жүрді:

1. Салаласа байланысқан екі жай сөйлем кейіннен сабақтас құрмалас сөйлемге айналады;

2. Жай сөйлемнің етістікті оралымдары бағыныңқы сөйлемдерге айналып, сабақтас құрмалас сөйлем құрайды.

Осы мақаласында А.Рифтин тетелес тұрған екі жай сөйлемнің салаласу негізінде бір-біріне қосылуы, бірігуі құрмалас сөйлем дамуының бірінші жолы дегенді айтады. Құрмалас сөйлемнің мұндай түрі – яғни компоненттері бір-бірімен ешқандай қосымша дәнекерсіз, тек мағына жақындықтарына қарай іргелес, қабыса айтылулары арқылы байланыстын түрі – **паратаксис** деп аталады. Тарихи дамудың барлық кезеңдерін-

де түркі тілдеріне жай сөйлемдердің тізбектелген жүйесі тән, сондай-ақ олар бір-бірімен қабыса байланысқан.

Түркі тіліндегі сөйлемнің тарихи дамуындағы ең алғашқы кезең жай сөйлемнің басыңқылығымен ерекшеленді. Оқиғалар барысын қарапайым грамматикалық формалар арқылы білдіретін сөйлемдер тізбегі ежелгі түркі жазба ескерткіштерінің ішінде Моңғолия мен Қырғызстан ескерткіштеріне тән. Сонымен қатар, ол түркі тілдеріндегі (фольклор және тағы басқа жанрларда) жалғаулық типтегі құрмалас сөйлемдермен қатар кездеседі.

Құрмалас сөйлемнің бастапқы көне түрі болып табылатын паратаксистен кейінірек келе жай сөйлемдердің бір-бірімен түрлі дәнекерлер арқылы құрмаласатын **гипотаксис** деп аталатын түрі пайда болған. Тіл дамуында, алдымен, сөздерді, жеке сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын дәнекерлер пайда болмайды, керісінше, алдымен, сол дәнекерлерді керек ететін мұқтаждық пайда болып, соның қажет етуінен барып әртүрлі жалғаушы дәнекерлер пайда болатындығы айтылып жүр.

Екінші көзқарас тілші ғалымдар арасында бірауыздан қолдау тапты деуге болмайды. Кейіннен Г.С.Кнабе бұл теорияны жоққа шығарады. Ол үндіеуропалық тілдерде етістікті оралымдардың бағыныңқы сөйлемге айналуының кездеспейтіндігін ескертеді, бірақ гипотаксистің паратаксистегі негізінде өрбігендігі туралы салыстырмалы синтаксис пен жекелеген тілдердің тарихи синтаксисін зерттеушілер толық мойындайтынын айтады [15]. Осылайша, А.Рифтин ұсынған дамудың екінші жолын үндіеуропа тілдерінің материалдары нақтылай алмады. Дегенмен, көптеген түркітанушылар А.Рифтин көзқарасын қолдады.

Сөйтіп әрқайсысы өз дербестіктерін толық сақтап, компоненттері бір-бірімен нашар байланысатын құрмалас сөйлемнің бастапқы көне түрінің орнына компоненттері бір-бірімен тығыз байланыстағы жаңа түрі пайда болады. Құрмаластың ең бастапқы түрі болып табылатын паратаксистен оның негізінде туған гипотаксистің бір-бірінен өзгешелігі тек байланыстырушы дәнекерлерде ғана емес, сонымен бірге олардың әрбір жеке компоненттерінің ішкі құрылысындағы жаңалықтарында.

Құрмалас сөйлемнің бастапқы түрі болып саналатын көне заманғы салалас құрмалас сөйлемді қазіргі тіліміздегі салалас құрмалас сөйлеммен тең дәрежеде қарауға болмайды. Ол кездегі сөйлеммен салыстырғанда тілдің құрылысы күрделеніп, жаңалану үдерісінен өткеніне көз жеткізуге болады.

Бұдан шығатын қорытынды: құрмалас сөйлемнің алғашқы түрі бір-бірімен мағыналық жағынан да, грамматикалық жағынан да нашар байланысқан жеке, дербес жай сөйлемдердің өзара салаластық негізде байланыса айтылуынан пайда болған да, кейінірек келе сол салалас-

тың негізінде компоненттері әртүрлі дәнекерлер арқылы байланысқан жалғаулықты салаластар мен бір-біріне бағына байланысатын сабақтас сөйлемдер қалыптасқан. Десе де көне жазба ескерткіштер тілінде жалғаулықты салаластар мен сабақтастар болмаған деп ой түюге болмайды.

Мысалы, көне түркі жазба ескерткіштерінде жалғаулықтар арқылы байланысқан салалас құрмаластарды да, түрлі дәнекерлер арқылы байланысқан сабақтас сөйлемдерді де кездестіруге болады. Кейіннен құрмалас сөйлемнің жаңа түрлері пайда бола бастады.

Көптеген түркологтар құрмалас сөйлемнің пайда болуы туралы мәселелерді қарастыра келе, А.Рифтиннің көзқарасын ұстанады.

Әрине, А.Рифтин теориясында да кемшіліктер жоқ емес. Біріншіден, бұл теория бағыныңқы құрмалас сөйлемдердің тікелей жай сөйлемдерден құралу мүмкіндігін жоққа шығарады. А.З.Абдуллаев, Н.З.Гаджиева және тағы басқа да ғалымдар бұл жолдың бар екендігі ғана емес, сонымен қатар оның көнеден келе жатқанын дәлелдейді. Бұл пікірді көптеген түркологтар қуаттайды.

Екіншіден, салаласа байланысқан құрмалас сөйлемдердің бәрі бағыныңқы құрмалас сөйлем бола алмайды. Бұл процеске олардың ішіндегі кейбіреулері ғана ұшырайды.

Түркі тілдеріндегі құрмаластардың қалыптасып, даму эволюциясын Э.В.Севортян «жай сөйлемнен салалас құрмалас арқылы сабақтас құрмаласқа» бағыты негізінде дамығандығын [16, 28 б.], ал сабақтас құрмаластардың пайда болуы деген мәселеде оның дамуының басты екі жолы деп төмендегі сөйлем типтерін көрсетеді:

- 1) екі жай сөйлемнің өзара каузативті, мезгілдік, анықтауыштық байланысқа түсуі нәтижесінде қалыптасқан сөйлемдер;
- 2) жай сөйлемнің жекелеген мүшелерінің дамуы нәтижесінде күрделенуі, сөйтіп көсемше оралымды пысықтауышты жай сөйлемдерде бастауыштың пайда болуы нәтижесінде қалыптасқан сөйлемдер [17, 126 б.]. Әзірбайжан тіліндегі бағыныңқы құрмалас сөйлемнің пайда болу мәселесін қарастырған М.Ш.Ширалиев те жоғарыда көрсетілген екі жолды атап айтады.

Олардың екіншісі туралы айта келе, ол құрмалас сөйлем есімше, көсемше немесе масдармен берілген және функционалды бағыныңқы сөйлемге бара-бар жай сөйлемнің бір мүшесінің грамматикалық дамуы нәтижесінде пайда болады дейді, етістік тіркестердің бағыныңқы сөйлемге айналу жолдарын түсіндіреді.

Әзірбайжан тілінде бағыныңқы құрмалас сөйлемдерге арнайы зерттеу жүргізген А.З.Абдуллаев, бір жағынан, М.Ш.Ширалиевпен келіспейді, себебі ол М.Ш.Ширалиев А.Рифтин идеяларының әсерінде деп есептейді [18]. Екінші жағынан, А.З.Абдуллаев бағыныңқылы құрмалас сөйлемнің

пайда болуы жай сөйлемнің “шектен шығуы” деп есептеп, бұл жолмен, әдетте, тіркестер бағыныңқы сөйлемге ауысатындығын көрсетеді.

Н.З.Гаджиева, керісінше, бағыныңқы сөйлемдердің етістікті тіркестерден дамитындығын жоққа шығарады [19].

Сөйтіп, түркі тілдерінде құрмалас сөйлемдердің пайда болуының төмендегідей жолдарын көрсетуге болады:

бағына байланысу негізінде жай сөйлемдердің тікелей бірігуі;

жай сөйлемдердің құрамындағы етістік тіркестердің бағыныңқы құрмалас сөйлемге ауысуы (синтаксистік деривация);

бір субъектілі жай сөйлемдердің дубль-бастауышты құрмалас сөйлемге ауысуы;

кейбір салалас құрмалас сөйлемдердің сабақтас құрмалас сөйлемдерге ауысуы.

Бұл жерде бағына байланысу терминін тек тұлғалық бағыну деп қабылдамауымыз керек. Жай сөйлемдердің предикат бөлігінің тұлғасы тиянақты болғанымен, олар мағыналық және интонациялық жағынан бағына байланысуы мүмкін. Мысалы:

Хан кетісімен, жұрт та тым-тырақай тарай бастады (І.Есенберлин).

Осы жолмен жүре бер, алдыңнан бұлақ кездесер (Ы.Алтынсарин).

Алғашқы құрмалас сөйлемнің бірінші компоненті екінші компонентпен әрі тұлғалық, әрі мағыналық, әрі интонациялық сипаты жағынан тәуелді. Ал келесі мысалдағы құрмалас сөйлемнің бірінші компоненті екінші компонентпен тұлғалық жағынан салаласа байланысқанымен, мағыналық және интонациялық жағынан тәуелді. Сонда жоғарыда көрсетілген бірінші жол салаластарға да, сабақтастарға да ортақ тәсіл боп есептеледі. Көптеген түркітанушылар аталған мәселені тек сабақтастарға қатысты түсіндіріп келді.

Құрмалас сөйлемнің қалыптасуында деривация мен трансформация құбылыстарының да ықпалы айтылады. Екі құбылыс арқылы да туынды сөйлемдер жасалынады. Мәселен, сөйлемнің түпнегізін сақтап күрделенуі бар да, түпнегізден алшақтап кететін күрделенуі бар. Бір ғалымдар жалпы күрделенуді деривация деп қараса, бір ғалымдар сөйлемнің түпнегізі сақталса деривация, ал сақталмаса трансформация құбылысы деп таниды. Сөйлемнің түпнегізі дегенде тұлғалық негізі ме, жоқ әлде мағыналық құрамы сақталу керек пе деген мәселенің төңірегінде де ғалымдар әлі біріді пікірге келген жоқ деуге болады.

Деривация және трансформация құбылыстары арқылы туынды сөйлемдер жасалынады. Бірақ туынды сөйлемдердің барлығы бірдей деривация құбылысына жатқызыла бермейді. Қазіргі синтаксистікке қатысты еңбектерде күрделену кезінде бастапқы түпнегізін сақтаған сөйлемдерді деривация құбылысы деп тану қалыптасқан [20, 9 б.]. Әсіресе көсемше,

есімше тұлғалы мүшелердің деривациялануы нәтижесінде сабақтас құрмаластардың пайда болатындығы жөнінде пайымдаулар көптеген тілдерде, соның ішінде қазақ тілінде де қолдау тапты деуге толық негіз бар.

Жай сөйлемдердің дубль-бастауыштар арқылы сабақтас құрмаластарға ауысуы мәселесін қазақ тіл білімінде Т.Жукеев («Қазақ тіліндегі пысықтауыш мүшеге қатысты синкретикалық құбылыстар» (2005)) көтерген болатын. Зерттеушінің аталған мәселеге қатысты жасаған тұжырымдары дәйекті, алғашқы компонентте айтылған бастауыштың кейінгі компонентте анафоралық тұрғыда қайталануы, дәлірек айтсақ, бір субъектінің екіге жарылуы нәтижесінде пайда болған мұндай сөйлемдер бүгінгі тілтанымдағы құрмаластарға тән деп саналатын барлық өлшемдерге сай келеді. Алайда аталған жол тек сабақтастарға ғана тән емес. *Мысалы: Атасы ешқандай мектепте оқымағанмен, қара таниды, төте жазумен жазылған кітаптарды өзі оқи береді (Д.Ербекеев). Гүлжан кеше көрші жігітпен келісіп кеткен, бүгін екеуі заттарды бірінші қабаттағы кемпірдің үйіне тасыды (Л.Имашева).*

Сондықтан жай сөйлемдердің дубль-бастауыштар арқылы құрмаласқа айналуы мәселесін тек сабақтастар аясында қарамай, жалпы құрмаластардың қалыптасуындағы бір жол деп қарастырған жөн.

Жоғарыда берілген құрмаластардың қалыптасып дамуына қатысты жіктелістің бірінші және төртінші бөлімдері ұқсас болғанымен, екеуі бір нәрсе емес. Тілімізде салаластың формалық өзгеріске түсіп сабақтасқа айналған түрлері де, екі дербес ойды білдіретін жай сөйлемдердің бағына байланысуы негізінде қалыптасқан сөйлемдер де жоқ емес. *Мысалы: Ұлжан аулына келіп жеткенше, барлық үйлер тігіліп болды (М.Әуезов). Әулие көмек берер деп, Басына халық түнетті (Д.Қанатбаев)* сияқты сөйлемдердің салаласа байланысқан «архетипін» қалпына келтіру қиын. Сондықтан сабақтастарды салаласа байланысудың эволюциялық түрі деп қана қарастыру бір жақты пікір болып саналады.

Бүгінгі әдеби тіліміздің барлық жанрында кеңінен қолданылатын құрмалас сөйлемдердің даму үрдісін санаулы формуламен өрнектеуге келмейді. Ғылым дамуындағы серпілістер, қоғамдағы интеграциялық үдерістер мен ақпараттар ағымының толассыздығы тілде, сөйлеу жүйесінде өзін қалдырып отыратындығы хақ.

Құрмалас сөйлем төңірегіндегі (жалпы бүкіл синтаксис айналасындағы) айтыстар, негізінде, шындыққа негізделген материалды дәлелдейтін деректің аздығынан жиі пайда болатынын ескеру қажет. Осы тұрғыда құрмалас сөйлемнің салаласа, сабақтаса байланысуына түрткі болған нәрсе не және осы жіктелістің астарында таза тілдік ұстаным жатыр ма деген заңды сұрақ туады. Дәл осы сұрақтың жауабы ретінде академик Н.Сауранбаевтың 1948 жылы жазылған еңбегінде айтқан тұжырымын өзгеріссіз ұсынған жөн болар еді: Жай сөйлемдердің бірде

тең дәрежеде салалас болып, бірде бір-біріне бағынып сабақтасып құрмаласуының ең негізгі себебі – адамның айналадағы табиғи, қоғамдық өмірдегі оқиғалардың, құбылыстардың арасындағы байланысты аңдауы (восприятие). Салаласып құрмаласқан жай сөйлемдердің арасындағы ішкі байланыс – құбылыстардың, оқиғалардың арасындағы байланысты айқын, дәл ажырату емес, ассоциация, аналогия, апперцепция принциптерімен жинақталып, ұласуға негізделген. Құбылыстардың арасындағы байланысты дәл, айқын ажыратып айтсақ, олар сабақтаса құрмаласар еді. Салаласып байланысқан жай сөйлемдер сабақтасып байланысқанда, яғни бір сөйлем екінші сөйлемге бағынғанда, сол өзі бағынған сөйлемдегі оқиғаның себебін, мезгілін т.б. анық білдіреді, я белгілі мүшенің сапасын білдіреді. Сөздердің арасындағы бағыну, бағындыру қатынастары олардың арасындағы табиғи байланыстарды, қатынастарды айтушының айқын ажыратып аңғаруынан болады. Жай сөйлемдер салаласып құрмаласқан түрінде олардың арасындағы қатынастар және байланыстың түрі айқын ажыратылмай, жалпыланып айтқан болар еді. Сөйлемдердің сабақтасып құрмаласуының психологиялық негізі – талдау (анализ). Ал сөйлемнің салаласып құрмаласуының психологиялық негізі – жинақтау (синтез) [4, 35 б.]. Тілдік құбылыстардың сырын адам психологиясымен байланысты зерделеу – бүгінгі күннің де талап етіп отырған басты мәселелерінің бірі.

3.3 Құрмалас сөйлемдерді зерттеудің көп қырлылығы

Синтаксистік бірліктерді зерттеуде мәселеге бір ғана қырынан келудің жеткіліксіздігін қазақ тіліндегі функционалды синтаксис мәселесін жүйелі түрде алғаш зерттеген ғалым Ж.Жакупов: «...қазақ тіл білімінде синтаксистік құрылыс құрылымдық аспектіден ғана тексеріліп жүр. Синтаксистік құрылыстың кешенді құбылыс екенін мойындасақ, оны әр қырынан зерттеу – ғылым міндеті. Ондай аспектілер туралы постулаттық деңгейде де мақалалар жоқ. Сондықтан функционалдық аспектіге келу үшін басқа аспектілерді мазмұндамай, айналып өте алмаймыз», – дейді [21, 4 б.]. Әрине, құрылымдық грамматика үстемдік алған қазақ тіл білімінің өткен ғасыры бүгінгі күн үшін өлшеусіз мұра қалдырды десек те, синтаксистің аса күрделі саласы құрмалас сөйлем синтаксисіне қатысты ғалымдарымыз бағасы түспес, мазмұны құнды сүбелі зерттеулер қалдырды десек те, аталған синтаксистік бірліктің құрылымдық аспектіден де қарастыратын тұстарының, басы ашылып, нүктесі қойылмаған мәселелерінің де бар екендігін мойындауымыз керек. Басқаны айтпағанның өзінде, құрмалас сөйлемдердің құрамы мен құрылымдық-мағыналық түрлерін топтастыруда ұстаным жағынан да, сандық көрсеткіші жағынан

да бірізділіктің болмауы – соның дәлелі. Біздің ойымызша, аталған мәселені бір жақты, бір ғана аспектіде талдау оның тілдік табиғатын жан-жақты танытуда өз нәтижесін бере алмайды. Сондықтан осынау күрделі мәселені шешу үшін оған жан-жақты аспектіде келу артық болмайтындығын атап өткен жөн.

Алдымен құрмалас сөйлемді, әсіресе, оның компоненттерін **құрылымдық аспектіде** талдау мәселесі құрмалас сөйлемдерді топтастыру мәселесімен, оның компоненттерінің баяндауыштық тұлғасына сипаттама жасаумен шектелген болса, қазіргі заман, оның үстіне грамматикадағы жаңа ағымдар аталған күрделі құрылым мен оның компоненттерінің құрылымдық сызбасы, сөйлем үлгісі қандай болуы керек деген мәселе шетел және отандық тілтанушылар көзқарастарымен сабақтастыра карауды, қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдерді басқа қырынан да жүйелеуді талап етеді.

Ал **функционалды аспект** дегенде қандай мәселе басты назарда болуы керек десек, алдымен, аталған саланың, функционалды грамматиканың қазақ тіл білімінде тек соңғы жылдары қолға алына бастағанын атап өтуіміз қажет. Жалпы функционалды грамматика терминінің (лат. *functio* – орындалу) мәні – элементарлық тіл бірліктерінің функцияларын зерттейтін грамматикадағы бағыт [22, 416 б.]. Америкалық дескрептивті лингвистика мектебінің өкілдері функция сөзін «құрылымдағы позиция (позиция в конструкции)» деп қарастырады. Тіл білімінде «функция» және «мағына» терминдерін бір мәнде түсінетіндер бар. «Грамматикалық функция» ұғымын «грамматикалық мағына» терминімен тең дәрежеде қарастырғандарды В.У. Дресслер сынға алады: «...понятие функции в этом виде, в каком оно употребляется у А.В.Бондарко, является избыточным, так как оно слишком мало отличается от понятия значения», – дейді [23, 8 б.]. Әрине, функция және мағына ұғымдарының арасында байланыс бар, бірақ оған ешқашан теңдік белгісін қоюға болмайды. Функция (жұмсалым, қызмет) әртүрлі тілдік құралдар арқылы жүзеге асуы және бір құралдың өзі әртүрлі функция атқара алуы мүмкін. Аталған екі тәсіл де айтушы мен тыңдаушының ойлау-сөйлеу қызметінің үлгісін жасайды: айтушы үшін – мағынадан ойды білдірудің сыртқы құралдарына қарай, ал тыңдаушы үшін – құралдардан оның мағынасына қарай бағытталады. Қазіргі тілтанымда ғалымдар төмендегідей тілдік функцияларды көрсетеді:

- коммуникативті;
- когнитивті немесе танымдық;
- эмоционалды;
- эмотивті-волюнтативті немесе әсер ету функциясы;
- әлеуметтік [24].

Ойды жарыққа шығарудың құралы ретінде сөйлемдер аталған функциялардың қай-қайсысын да атқара алады. Құрмалас сөйлемнің семантикалық құрылымын лингвистикалық нысана деп тануда ғалымдардың бұл мәселеге әртүрлі аспектіде келуі бұл тілдік құбылысты түсінудегі пікір қайшылықтарын шешуге мүмкіндік бермейді. Алайда нысананың жалпылығы мен синтаксистік тұжырымдамалар дамуындағы деңгейлердің жалпылығы әртүрлі жолмен шешімге келген ғалымдардың көзқарастарын біріктіретіндігі айқын.

Бұл мәселені жалпы тіл білімі мен түркі тіл білімінде қарастырғандар: А.А.Потебня, А.Мейе, А.Рифтин, Г.С.Кнабе, Э.В.Севортян, А.З.Абдуллаев, Н.З.Гаджиева, Ф.Корш, В.В.Виноградов, К.Г.Солнцев, Я.Солганик, А.М.Петровский, Н.С.Поспелов, И.Ф.Вардуль, В.Г.Адмони, Т.И.Сильман, И.И.Мещанинов, Н.К.Дмитриев, М.Ш.Ширалиев, К.Сартбаев, М.Закриев, Х.Тагизаде, А.В.Бондарко, Г.А.Золотова және т.б. берілген тақырыпты зерттеу мен қарастыру тек шетел ғалымдарының еңбектерінде ғана емес, қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде де негізгі нысанға айналғанын жоғарыда айттық.

Отандық тілтанушылар құрылымдық және функционалдық аспектіден басқа, синтаксис логикалық, семантикалық және коммуникативтік аспектіде қарастырылып жүргендігін айтады [25, 362 б.]. **Логикалық аспект** бойынша зерттеу тілдік тұлғалар мен ойлаудың арақатынасын қарастырады. Мұнда сөйлем ойлау мен байымдауды беру үшін қолданылатын тілдің синтаксистік бірлігі ретінде танылады. Жалпы құрмалас сөйлемдердің қалыптасуы адамның танымдық ой-әрекетінің күрделенуіне байланысты. Логикалық ойлау, анализ бен синтез – құрмалас сөйлемнің ерекшеліктері. Бұл бағытты ұстанушылар сөйлем синонимиясына, сөйлем мәнін ашуда субъектінің маңызына айрықша мән береді [26]. **Коммуникативті синтаксис** синтаксистік бірліктерді коммуникация процесіндегі қызметі тұрғысынан зерттейді. Осы аспектінің аясында сөйлемнің актуалды мүшеленуі туралы теория дүниеге келді.

Синтаксистік бірліктерді, әсіресе, құрмалас сөйлемдерді **психоллингвистикалық аспектте** зерттеудің де мәні зор. Сөйлеу әрекеті теориясына, когнитивті лингвистикаға сүйенетін психоллингвистика бір мағынаны беруде түрлі тілдік амалдарды қолданудың прагматикалық әсер-ықпалын зерттейді. Мысалы, бір ғана мезгілдік мән беру үшін сөйлеуде түрлі тілдік тұлғаларды қолдану тілдік тұлғаның әртүрлі психологиялық күйіне, сөйлеу әрекетінің ішкі құрылымына, сөйлеушінің тілді меңгеру дәрежесі мен функционалды-стистикалық факторға байланысты болатыны айтылып жүр [27]. **Семантикалық аспект** бойынша зерттеуде синтаксистік бірліктердің мазмұндық жағына мән беріледі [28]. Семантикалық синтаксис синтаксистік бірліктердегі тілдік семантиканың компоненттері мен олардың арасындағы қатынасты зерттейді.

Сөйлем семантикасын зерттеуге деген қызығушылық сөйлем құрылысын, оның жіктелуін тілден тыс мазмұн мен тілдік форманың арақатынасы жағдайында көрсетті.

Синтаксис семантикасына, оның құрылысының мазмұнына деген қызығушылықтың артуы дәстүрлі синтаксиспен қатар дамитын синтаксистік оқытудың жаңа саласын немесе жаңа бағытын – “семантикалық синтаксисті” өмірге әкелді. Бірақ синтаксистік материалмен жұмыс жасау барысында коммуникативті емес тілдің жоқтығы сияқты, семантикалық емес синтаксистің болмайтынына көз жеткіздік. Коммуникативті-семантикалық белгілер бірінен-соң бірі қолданылмаса да, грамматикалық оқулардың бөлінбейтін құрамдас бөлігі болып табылады. Чех орыстанушысы М.Кубиктің “синтаксистік қатынастардың семантикалық жақтарын сипаттау тіл мамандары үшін жаңа дүние емес” екендігін әділ көрсеткендігін айта келіп, Г.Золотова лингвистикалық теория дамуының қазіргі деңгейі ғана синтаксистік семантиканы жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік беретіндігін айтады [29, 15 б.].

Көптеген ғалымдардың жұмыстары соңғы кезде синтаксистегі семантиканың негізгі рөлін айтып қана қоймай, сөйлемнің семантикалық құрылысына назар аударып, синтаксистік семантиканың жіктеліп шығуына ықпал етуде.

Қазақ тіліндегі синтаксистік құрылымдарды семантикалық талдау қажеттілігі кездейсоқ дүние емес. Бұл мәселе арнайы сөз болмағанымен, ғалымдардың еңбектерінде синтаксистік бірліктердің семантикалық сипаты назардан тыс қалған емес.

Аталған бағыттар бір-бірінен ерекшеліктері бола отырып, бір арнаға тоғысатын кездері де болады. Тіл біліміндегі мұндай сарынның негізінде тіл бірліктерін әр қырынан қарастыратын құрылымдық-семантикалық және функционалды-семантикалық ілімдер дүниеге келді.

Қазіргі кезде сөйлемді зерттеудің үш түрлі бағыты бар:

1. құрылымдық-семантикалық бағыт;
2. функционалды-семантикалық бағыт;
3. коммуникативтік-прагматикалық бағыт.

Құрылымдық-семантикалық бағыттың ерекшелігі – синтаксистік бірліктерді жан-жақты, дәлірек айтсақ, әрі құрылымдық, әрі семантикалық аспектіде қарастырады. Сөйлемді тұлғалық (грамматикалық) құрылымы тұрғысынан зерттеуді көздейтін бұл бағыт сөйлем компоненттерінің синтаксистік құрылымын, екі компоненттің байланысу амалы мен олардың арасында түзілетін семантика-грамматикалық байланыстары негізінде қарастырады. Бұл бағыт қазақ тіл білімінде доминант бағыт ретінде өткен ғасырдан күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Синтаксистік мәнімен байланыста қарастырылады. Соның синтаксистік бірліктердің мәні оның лексика-грамматикалық семантикасы ретінде,

олардың байланысы компоненттер арасында пайда болатын қатынасқа негізделеді.

Ал **функционалды-семантикалық бағыт**, жоғарыда айтылғандай, мағынадан формаға, функциядан оны атқарушы құралдарға бағыты бойынша сипатталады. Құрмалас сөйлемдерді мағыналық-мазмұндық (семантикалық) сипаты мен соның негізінде туындайтын компоненттердің функционалдық қатынасы тұрғысынан зерттеу ісі қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдың 20-50 жылдары қолға алынғанымен, құрылымдық бағыт үстемдік құрған кезде қолданыстан шығып қалды. Бірақ тоқсаныншы жылдардан бастап функционалды грамматиканың кешенді зерттеу нысанына айналуына байланысты бұл бағыттың өзектілігі арта түсті.

Ал **коммуникативтік-прагматикалық бағыт** – қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттардың бірі. Жалпы сөйлем атаулыны, мәтінді, құрмалас сөйлемді мұндай аспектіде зерттеу – бұл бірліктерді даяр тұрған статикалық қалыптан шығарып, оны динамикалық сипаттағы айтушы / жазушы мен тыңдаушы / оқушы арасында түзілетін үдеріс ретінде қарастырады. Нақты сөйлеу жағдаяты, белгілі бір коммуникативтік актінің жүзеге асуына ықпал етуші факторларды ескеру арқылы сөйлем табиғатын тану неғұрлым нақты талдау жасауға мүмкіндік береді.

Синтаксистік санаттарды зерттеуде бір ғана ілімге сүйенгеннен гөрі аталған бағыттар бойынша қарастыру сол синтаксистік бірліктің табиғатын неғұрлым толық тануға ықпал етері сөзсіз.

3.4 Құрмалас сөйлем компоненттерінің байланысу тәсілдері

Құрмалас сөйлем жай сөйлемдердің тіркесе салуы емес, бір-бірімен мағыналық әрі құрылымдық тығыз байланыстағы біріне-бірі тәуелді күрделі мағыналық бір бүтін болып саналады.

Құрмалас сөйлемге қатысты жарық көрген еңбектердің көпшілігінде аталған күрделі бірліктің компоненттерінің байланысу тәсілі ретінде баяндауыш формасы, шылаулар, интонация мен орын тәртібі тәсілдері көрсетіледі. Соңғы шыққан «Қазақ грамматикасында» құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыратын амал-тәсілдер үш топқа топтастырылады: 1) мағына жақындығы; 2) арнайы грамматикалық тәсілдер (есімше, көсемше, шартты рай, септік жалғаулары, кейбір жұрнақтар және көмекші сөздер (шылаулар) тобы), 3) интонация мен орын тәртібі [30, 688-689 бб.].

Тұтастыққа негізделген, бірақ өз ішінде құрылымдық бірліктерден тұратын өзге синтаксистік бірліктер мен құрылымдар туралы, атап айтсақ, мәтін [31], сөйлем байланысы туралы [32] зерттеу еңбектерде төмендегідей байланыс формалары көрсетіліп жүр:

1. байланыстырушы элементтер (шылаулар, есімдіктер);
2. қайталау (лексикалық);
3. ықшамдау;
4. ассоциативті синонимдік байланыстар;
5. ассоциативті антонимдік байланыстар;
6. грамматикалық тәсілдер (баяндауыш формасы) [33].

Жоғарыдағы пікірлерге сүйене отырып, біз қазақ тіліндегі құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыру тәсілдерін жүйелеп, бір ізге түсіру мақсатында төмендегідей байланыс тәсілдерін бөліп көрсетуді жөн көрдік:

а) лексика-семантикалық тәсілдер. Аталған тәсіл құрмалас сөйлем компоненттерінің мағына тұтастығына ықпал етуші амалдар жиынтығын құрайды. Оған мағыналық тұтастық, есімдік, үстеулер (қатыстық сөздер, анафоралық, катафоралық элементтер), лексикалық қайталау, ықшамдау, ассоциативті синонимдік байланыстар, ассоциативті антонимдік байланыстар, сөйлем мүшелерінің алмасуы жатады;

ә) аналитикалық-синтетикалық тәсілдер. Бұл тәсіл – құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстырудағы қосалқы тәсіл. Оған құрмалас сөйлем компоненттерінің шылаулар, орын тәртібі мен интонация тәсілдері арқылы байланысы жатады;

б) грамматикалық (синтетикалық) тәсілдер. Құрылымдық грамматика үстемдік құрған өткен ғасырда доминанттық сапаға ие болған бұл тәсіл – формалды тәсіл. Шын мәнінде бұл тәсіл құрмалас сөйлемнің құрылымдық тұтастығын айқындайтын формаларға негізделеді. Оған құрмалас компоненттерінің баяндауыш формасы арқылы құрмаласуы жатады.

Құрмалас сөйлем компоненттерінің лексика-семантикалық тәсілдер арқылы байланысуы. Құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстырудағы лексика-семантикалық тәсілдердің рөлі ғалымдар назарынан тыс қалып келгендігі жасырын емес. Әдетте, зерттеулер мен оқулықтарда байланыстырушы тәсіл ретінде компоненттердің баяндауыш формасына ерекше назар аударылады да, қалған тәсілдер жол-жөнекей айтылғаны болмаса, арнайы сөз болған емес.

Аталған тәсілге назар аударған ғалымдардың бірі – С.М.Исаев. “Жай сөйлемдердің жалғаулықсыз салаласуындағы сөйлем мүшелерінің атқаратын қызметі туралы” [34, 25-35 бб.], “Некоторые особенности употребления послелога “үшін” в языке казахской периодической печати” [35, 60-70 бб.] т.б. мақалаларында құрмаластарды таптастыруда компонент баяндауыштарының атқаратын рөлі туралы айта келіп: “Біздің байқауымызша, компоненттердің мағыналық жағынан үндесіп келуі екі түрлі болады: біріншісі - компоненттердің барлығында ортақ ойдың, мағынаның болуы да, екіншісі – компоненттердің өзара бір-бірімен мағыналық қарым-қатынасы”, – дей келіп, құрмалас сөйлем компоненттеріндегі ортақ

мағынаға сай сөйлем мүшелерінің алмасу мәнбірлеріне (факторларына) назар аударса, енді бір еңбектерінде кеңес дәуіріндегі мерзімді баспасөз тіліндегі құрмалас сөйлемдерге, төңкерістен бұрынғы және ауыз әдебиеті үлгілеріндегі осындай құрылымды сөйлемдермен салыстырылып, қазақ тілі синтаксис жүйесіне орыс тілінің тигізген ықпалы сараланады.

Бір мағына не сөз (өйткені мағына сөз арқылы түсініледі) құрмалас сөйлемнің құрамына енген жай сөйлемдерге ортақ болып, ол компоненттерді жақындастыра, жымдастыра түседі. Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір мағынаға, ойға ортақтаса отырып, жалпы мағыналық, интонациялық жағынан да тұтасып, бір бүтін құрайды. Оны мына мысалдан аңғаруға болады: *Тарихтың субъектісі – ерікті халық, сол себепті де оның жүзі ауыр* (А.Айталы). Бұл құрмаластың компоненттері арасында екі түрлі мағыналық қатынас бар: бірі – бірінші және екінші компоненттердің бір-бірімен мағыналық қатынасы (бұл жерде себеп-салдар мәнді). Осыдан келіп салаластың мағыналық түрлері шығады. Екіншісі – осы компоненттердің екеуіне де ортақ мағына. Осы мысалда *халық* деген сөз және оның мағынасы екі компонентке де ортақ (салыстырыңыз: *Тарихтың субъектісі – ерікті халық, сол себепті де оның (халықтың) жүзі ауыр*). Егер ондай ортақ мағына болмаса, бұл екі компонент күрделі бір ойды білдірмей, байланысы жоқ екі түрлі ойды аңғартады еді.

Ортақ ойдың жай сөйлемдердің салаласуында қатысы барын тіл мамандары бірлі-жарым аңғартады. Мысалы, А.Ысқаков *“Жасымда зылым бар деп ескермедім, Пайдасын біле тұра тексермедім”* деген сөйлемнің ұғымын алғашқы жай сөйлемдегі *“зылым”* деген сөзбен байланыстырмаса, ненің пайдасын біле тұра тексермегені анық болмайды, – дейді [7, 16 б.]. Профессор Н.Т.Сауранбаев *“Жаздыгүні томпаған бір төбелер бар еді, енді олар қарға батып кетіпті де, төбелер томпып жататын”* деген мысалдағы үш жай сөйлем мағына жағынан да, сыртқы форма қазығы – *төбе* дей келіп, *“Патша сайламаққа арыстан жарамайды екен, себебі ол барлық жәндікке зиян келтіреді, сондықтан маймылды патша сайлайық”*, – деген мысал туралы: *“Шынында бұлар сыртқы тұлға жағынан ешбір байланысып тұрған жоқ”*, – деп тұжырымдайды. Бірінші, екінші сөйлемдерге ортақ сөз (мағына) *арыстан*, бірінші, үшінші сөйлемдерге ортақ сөз *патша сайлау* екенін айтпасқа болмайды. Ортақ ой (мағына) әр компонентте қайталанып келгенмен, олардың сөйлемдегі қызметі әртүрлі болатындығын көрсетеді.

Компоненттерді байланыстыруда есімдік сөз табының, әсіресе, есімдік-үстеу жұбының рөлі зор. Грамматикада қатыстық сөздер, мәтінтануда корреляттар деп аталатын бұл жұптың құрмалас компоненттерін байланыстырудағы орны ерекше. Компоненттер құрамындағы *кім-сол, қайда-сонда, қанша-сонша, қандай-сондай, неғұрлым-соғұрлым* және т.б. жұбының алғашқы сыңары бағыныңқы сөйлем құрамына келгенде, олар-

дың баяндауышы шартты рай формасында тұрады да, екінші сыңары басыңқы сөйлемде қолданылады. Сөйтіп, қатыстық сөздердің параллельді қызмет етуі нәтижесінде құрмалас компоненттері арасындағы байланыс күшейе түседі. Белгілі бір есімдігі бар тәуелді компонент өзіне сәйкес қолданылған есімдігі бар негізгі компонентке сілтейді. Мысалы, бағыныңқы сөйлемдегі *кімді* сұраулы есімдігінің қолданылуы өзінен кейін басыңқы сөйлемде *сол* деген сілтеу есімдігін қажет етеді:

Кімді айтсаң, сол келеді.

Татар синтаксисшісі М.З.Закнев осындай сөйлемдердің құрылысын қарастыра отырып, бұл байланыс тәсілін айқындауыштық қатынас деп атайды [36, 125-132 бб.]. Лингвистикалық әдебиеттерде есімдіктің сөйлемнің қай мүшесінің орнына жүретініне байланысты бағыныңқы сөйлемдерді жіктеу үлгісі де бар.

Кейде құрмалас құрамында қос қатыстық есімдіктің біреуі ғана қолданылады. Және ол есімдік бағыныңқы сөйлемдегі баяндауыш құрамында кездеседі де, оның қызметін анықтайды: ол бағыныңқы бөлімді аяқтайды және басыңқы сөйлеммен байланыстырушы негізгі тәсіл болып табылады.

Бұндай сөйлемдерде бірінші (бағыныңқы) компоненттің мазмұны екінші (басыңқы) компонентте ашылады, яғни құрмалас компоненттері түсіндірмелілік қатынаста байланысады.

Тек бір ғана тілегім сол – толып дами берсеңші, биікке баса берсеңші (М.Әуезов).

Сенің жөнің бөлек дегенім сол – сен сонау жиналған бас буынның қайнаған ортасыңдасың (М.Әуезов).

Қазіргі әдеби қазақ тілінде мұндай құрылымдар барлық функционалды стильдерде қолданылады. Олардың нормалануы туралы сипаттама және ғылыми грамматикаларда айтылып жүр. Мұндай сөйлемдерді сала-лас деп те, сабақтас деп те танытындар бар.

Берілген синтаксистік құрылымдар әдеби қазақ тілінде кең қолданыс тапқан. Оларды ұйымдастыруда есімдікті-үстеу сөздердің рөлі зор. Олар есімшеде етістіктің қасиеттері сақталуын пайдаланып, сол сөйлемдер құрамына енгенде бастауыш қызметін атқарады. Есімше бастауышы бар сөйлемдер құрамына мезгіл және себеп мәнді “*осы*”, “*сол*”, “*мынау*” есімдіктерінің ену мүмкіндігін Р.С.Әміров көрсеткен болатын [37].

Қазіргі әдеби қазақ тілінде бұл құрмалас сөйлемнің түрі өте жиі қолданылады.

Компоненттерінің бірінде келген *қандай*, *қанша*, *қалай* есімдіктері екінші компонентте *сондай*, *солай*, *сонша* үстеулерінің бірінің тұруын талап етеді. *Қандай-сондай*, *қанша-сонша*, *қалай-солай* жұптары арқылы салыстырмалы мәндегі құрмаластар түзіледі. Ал бірінші компонент баяндауышы қызметіндегі жалпылау есімдігі түсіндірмелі мәндегі құрмаластың түзілуіне ықпал етеді. Мұны тіл білімінде құрмалас компоненттерін

байланыстыратын **катафоралық элемент** деп те атайды. *Айғай-шудан ұққаным мынау: дүкенге ұры түсіпті* (С.Сарғасқаев). Ал, керісінше, бірінші компонентте айтылған сөздің екінші компонентте есімдік, үстеу сөзбен ауыстырылуы **анафоралық элемент** ретінде танылады. *Мысалы: Әбірақ атай мені теңізге алып шығуға келіскенде, әкемнің оған қуанғанын көрсең* (М.Айымбетов).

Жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып, олардың мағыналарын құрап, күрделі мағынаға жол ашатын формалардың бірі – *антоним, синоним* сөздер. Антоним, синоним сөздер морфологиялық тұлғасы жағынан әр түрлі болып келетіні сияқты синтаксистік қызметі жағынан да алуан түрлі. Олар сөз табының қай-қайсынан да жасала береді және септік жалғауларында тұрып, не басқа сөз таптарының санаттарында түрленіп, сөйлемнің бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш мүшелерінің қызметін жеке-жеке атқара алады. Көбіне мұндай сөздер екі сөйлемде де сөйлемдердің бір-ақ мүшесі болады.

Антонимдер салаластың да, сабақтастың да құрамында келуі арқылы құрмалас сөйлемді құраушы компоненттердің арасындағы мағыналық қатынасты айқындауға ықпал етеді. Құрамында антоним сөздері бар сөйлемдер көбінесе мақал-мәтел, афоризм, қанатты сөздерде жиі ұшырасады. Мысалы:

Жақсыдан шарапат, жаманнан кесанат. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. Тоқ бала аш баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды. Қараның қаны шыққанша, сарының жаны шығады.

Ассоциативті антоним, ассоциативті синоним тіркестерінің мәнін төмендегідей негізде ұғынуымыз керек. Контекстен, сөйлемнен тыс алғанда бір-бірімен антоним, синоним болмайтын жекеленген сөздер сөйлем компоненттерінде өзге сөздермен тіркесіп, сөйлем құрайды да, тұтас бір компонент екінші компонентпен логикалық тұрғыда антонимдік, не синонимдік қатар түзейді. Мысалы жоғарыдағы сөйлемдегі *тою, тоңу* етістіктері – контекстен, сөйлемнен тыс алғанда бір-бірімен антоним бола алмайды. Мұндай сөздердің контекст құрамында антонимдік не синонимдік қатар түзуі – жалпы сөйлем семантикасына тәуелді құбылыс.

Шын хакім, сөзің асыл, баға жетпес,

Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес (М.Жұмабаев).

...әрбір жалқау кісі – қорқақ, қайратсыз тартады, әрбір қайратсыз – қорқақ, мақтанғыш келеді (Абай).

Қарауыз бөлтіріктің аңшылық құмары қозып, бүкіл денесі серіппедей ширықты (И.Ермекбаев).

Жоғарыда берілген құрмаластарды байланыстыруда ассоциативті синонимдердің мәні зор. Құрмаластардың құрамында синоним сөздер де қолданылады. Қазақ тіл білімінде сөйлем синонимиясы, синтаксистік синонимдер туралы мәселелер аз көтеріліп жүрген жоқ [38]. Бірақ сөйлем

синонимиясы мәселесі жай сөйлеммен немесе құрмалас сөйлемнің салалас, сабақтас түрлерінің арасында синонимдік қатар түзуі тұрғысынан қарастырылады. Осы жерде құрмалас сөйлем компоненттерінің арасындағы құрылымдық синонимия мәселесінің зерттеушілер назарынан тыс қалғандығы жасырын емес. Стильдік мақсат басым тұрғанымен, мұндай сөйлемдердің семантикалық ерекшелігі айқын байқалады. Әдетте, компоненттер құрамында етістік синонимдер (*нану-сену, қуану-шаттану, білу-анықтау*), персондық зат есім синонимдер (*дос-жолдас-құрбы-бауыр*) т.т.с. жекелеген синонимдермен бірге, семантикасы жағынан үндес, мазмұндас сөйлемдер қолданылады. Мысалы:

*Сүйемін туған жерімнің
Топырағын, тасын да.
Сүйемін туған елімнің
Кәрісін де, жасын да* (М.Мақатаев).

Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер. Қарағайға қарап тал өсер, қатарына қарап бала өсер (Мақалдар).

Синтаксистік параллелизм құбылысына синонимия құбылысы жат емес. Құрамында антоним мәнді сөздері бар сықылды бұл сөйлемнің компоненттері бір-біріне ешқандай қайшылыққа құрылмаған, керісінше ассоциативтік синонимдік байланыс бар.

Жай сөйлемдерді байланыстыруда – сөйлем мүшелерінің алмасуының да маңызы бар екендігіне С.М.Исаев назар аударады: «Бір компонентте белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрған сөз келесі компонентте сөйлемнің басқа мүшесі қызметінде жұмсалады. Сөйтіп, ол екі (я одан да көп) жай сөйлемдердің мағыналарын ұштастырып, байланыстырып тұрады. Мұндай конструкциялы жалғаулықсыз салаластардың алғашқы компонентіндегі сөздің орнына келесі компонентте соның мағынасын беретін есімдік сөз қолданылады немесе айтылмай да қалады, бірақ оның бар екені сол жай сөйлемнің мағынасынан айқын сезіліп тұрады», – дей келіп, оны тілдік фактілермен нақтылап көрсетеді [34, 66 б.]. Бұл құбылысты ықшамдау құбылысымен де түсіндіруге болады. Алғашқы компонентте айтылған сөйлем мүшесі екінші компонентте қайталанбайды, оның орнын үнемдеу заңдылығына сәйкес есімдік ауыстырады немесе сөйлем құрамынан мүлдем сусып түсіп қалады.

Бастауыш пен баяндауыштың алмасуын С.М.Исаев былайша түсіндіреді: “Ең қиыны – тұңғиық, әке, түбіне қашан жеткізер? Екі жылда жасатып шығарғаны “Иоани” дейтін жалғыз пароход екен, онысы екі жүз алтыс-ақ шақырым жер – Тюмень мен Тобылдың арасына дәл бір ай он сегіз сағат жүріп әрең жетіпті де, тоқтапты”. Бұл мысалдарда алғашқы компоненттердегі баяндауыштар: *тұңғиық, пароход екен* келесі компоненттерде бастауыш қызметінде жұмсалған [34, 67 б.]. Алғашқы салаластың екінші компонентінде ол сөз айтылмаған-

мен, мағынасы бар, екінші сөйлемде ол мағына, *онысы* деген есімдік арқылы берілген.

Осы сияқты тұрлаулы мүшелер мен тұрлаусыз мүшелер де алмаса алады. *Тіл ана тілімен дарымаса, оны меңгеру қиын* (Т.Ахтанов). *Егер орыс тілінде шығатын газеттің тілшісі мемлекеттік тілді білмесе, ол оның өзінің проблемасы* (Г.Нұрпейісова). *Ағылшындар тұсында мыс қорытатын Спасский заводы Қарағандыдан 35 километр, Козлов соған барып қайтты* (Ғ.Мұстафин). Бұл мысалдарда алдыңғы компоненттердің *тіл, тілшісі, Спасский заводы* деген бастауыштары келесі компоненттерде тура толықтауыш – *оны*, меншікті анықтауыш – *оның*, мекен пысықтауыш – *соған* деген мүшелермен алмасады.

Жай сөйлемдер құрамындағы тұрлаусыз мүшелердің бір түрі тұрлаулы мүше қызметіндегі сөздің келесі сөйлемде екінші тұрлаусыз мүше болып құбылуы да, ол жай сөйлемдерді мағыналық жағынан жақындастыра алады. Мұндай конструкциялы сөйлемдерде тұрлаусыз мүшелердің түрлері ғана бір-бірімен алмасып қоймай, кейде сол түрлердің жеке-жеке топтары да бір-бірімен алмасады (мысалы, бірінші компонентте жанама толықтауыш қызметіндегі сөз келесі компоненттің тура нысаны болуы мүмкін т.б.). *Жуықта қазақ теледидарының тілшілері біраз қазақты тоқтатып, әрқайсысы олармен сұхбат жүргізді* (О.Бөкеев).

Құрмалас сөйлемдерде жоғарыда сөз болған құрмаласу тәсілдерінің бірнешеуі бірден де жүреді. Ол заңды да, өйткені салаласу, не сабақтасу амалдарының өзі бір-бірімен байланысты, бірі екіншісінен туып отырады. *Мысалы: Жақсының жүрген жері – базар, жаманның жүрген жері – азар. Жақсы жүрген жерін мақтап жүреді, жаман жүрген жерін даптап жүреді.* Осындай мысалдарды жоғарыда көрсетілген құрмаласу тәсілдерінің біреуіне ғана жатқыза қою қиын.

Сондықтан да жоғарыда көрсетіліп, топ-топқа бөлінген жай сөйлемдерді құрмаластыру амал-тәсілдерінің жеке-жеке түрлері бұзылмайтын, бір-бірімен араласпайтын форма емес, қайта бұл тәсілдер бір-бірімен ұштасып, бірін-бірі толықтырып отырады.

Құрмалас сөйлем компоненттерінің аналитикалық-синтетикалық тәсіл арқылы байланысуы

1 Жай сөйлемдердің шылаулар арқылы құрмаласуы.

Жай сөйлемдегі бір-бірімен құрмаластыруда септігін тигізетін құралдың бір тобы – шылаулар. Жай сөйлемдерді салаластыруда жалғаулық шылаулар, сабақтастыра құрмаластыруда септеулік шылаулар маңызды қызмет атқарады.

а) Бір кездегі лексикалық мағынасы бар (есімдіктер мен көмекші есімдер) сөздердің негізінде пайда болған жалғаулықтар жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып тек дәнекерлік қызмет атқарып қана қоймайды,

сонымен бірге құрмаласып тұрған жай сөйлемдердің мағыналық қатынастарын айқындай түседі. Жалғаулықтардың құрмалас сөйлемдерді байланыстырудағы функционалдық ерекшеліктерін, шығу тарихы мен морфологиялық құрылымын, мағыналық ерекшеліктерін айқындауға байыпты талдау жасаған ғалым Р.Әмірдің «Қазақ тіліндегі жалғаулықтар» атты еңбегінде тіліміздегі жалғаулық шылауларға қатысты күңгірт мәселелердің біразының басы ашылады [37]. Жалпы тіліміздегі жалғаулықтар өз ішінде төмендегідей мағыналық топтарға бөлінеді:

а) себептік қатынасты білдіретін *сондықтан, себебі, сол себепті, өйткені, неге десең* жалғаулықтары;

ә) ыңғайластық қатынасты білдіретін *және, да, де, та, те, әрі* жалғаулықтары;

б) қарсылықты қатынасты білдіретін *бірақ, сонда да, сөйтсе де, алайда әйтсе де, ал, дегенмен* жалғаулықтары;

в) кезектестік қатынасты білдіретін *бірде, біресе, кейде* жалғаулықтары;

г) талғаулық, бірдейлестік қатынасты білдіретін *не, немесе, болмаса, әлде, я, яки* жалғаулықтары.

Осы жалғаулықтардың құрамынан оның тарихи іздерінің, дәлірек айтсақ, кейбіреулерінің құрамынан есімдіктердің айқын байқалатыны көрінеді:

– себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар – сондықтан (сол+дықтан), өйткені (олай еткені) т.с.с;

– ыңғайластық мағынаны білдіретін жалғаулық (әр+і);

– қарсылықтық мағынаны білдіретін жалғаулықтар: бірақ (бір+ақ), әйтсе де (олай етсе де), сөйтсе де (солай етсе де), әйтпесе (олай етпесе) т.с.с.

талғаулықты мағынаны білдіретін жалғаулықтар: біресе (бір+есе), бірде (бір+де), кейде (кей+де), яки (иә+кей), т.с.с. [39, 80 б.].

Салаласа құрмаласқан сөйлемдердің көпшілігінде жалғаулықтар сөйлемді құрмаластырушы негізгі тұлға болмайды, онсыз да бар байланысты күшейте түсетін көмекші тұлға боп саналады. Сондықтан жалғаулықты салаластарды жалғаулықсыз айтуға да болады. Мысалы: *Теңіз тынышталды, бірақ ешнәрсе көрінбейді. Малымыз жұтауы мүмкін емес, себебі бұл жерде су да, шөп те көп өседі.*

Солай бола тұра салаластар құрамындағы жалғаулықтардың барлығы әрдайым көмекші тұлға боп саналмайды. Кейбір құрмаластардың құрамынан жалғаулықтарды алып тастағанда, компоненттер арасындағы мағыналық қатынасқа нұқсан келетін жайттары да бар.

Жай сөйлемді құрмаластыруда септеуліктердің рөлі күшті. Септеуліктер бағыныңқы компонент баяндаушы болып тұрған тиянақсыз етістікке көмекші болып, оны басыңқы компонентпен құрмаластырады.

Кейін, бері шылаулары өткен шактық есімшенің шығыс жалғауын меңгеріп, бағыныңқы сөйлемнің басыңқы сөйлемдегі ойға мезгілдік қатынасын білдіреді.

Сайын, соң шылаулары есімше тұлғалы сөзге тіркесіп, бірде себептік, бірде мезгілдік мәнде қолданылады.

Үшін шылауы тұйық етістіктен болған бағыныңқы сөйлемді басыңқы сөйлеммен байланыстырып, басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің мақсатын білдіреді.

Септеулік шылаулардың жай сөйлемді құрмаластырудағы рөлінің күштілігі сонша – оны құрмалас құрамынан алып тастауға болмайды. Өйткені септеуліктер жай сөйлемді байланыстыру, сол арқылы құрмалас сөйлем жасау қызметін түгел өзіне алады. Бұл жалпы септеуліктердің жалғаулықтарға қарағанда дәнекерлік рөлінің күшті екендігін көрсетеді.

Тіл-тілдегі шылау сөздердің санының артуына байланысты құрмалас сөйлемнің (әсіресе, салалас құрмалас) компоненттері арасындағы мағыналық қатынастарды білдіру үшін қызмет ететін тілдік тәсілдерді зерттеу өз жалғасын таппақ.

Егер бұрын құрмалас сөйлем компоненттерінің арасындағы байланыс көрсеткіштері тек қана шылаулар (әсіресе, салаластарда) не есімше, көсемше, шартты рай тұлғалары (сабақтастарда) болса, қазір байланыс тәсілдерінің тізіміне байланысты лексикалық көрсеткіштері, лексикалық нақтылаушылар, шылаудың аналогтары кіреді. Соңғы жылдар ішінде байланыс тәсілдері санының артуы, біріншіден, құрмалас сөйлемнің құрылымдық-семантикалық тұрғыда өзгеріске ұшырап, ой жеткізудің амал-тәсілдерінің көбеюімен түсіндіріледі.

Құрмалас сөйлем компоненттері арасындағы мағыналық қатынастар сипаты әр алуан. Ал оны білдіретін шылаулар қатары да аз емес:

- ыңғайластық қатынасты білдіретін шылаулар: *да, де, та, те, әрі (ал)*;
- қарсылықты қатынасты білдіретін шылаулар: *бірақ, десе де, әйтсе де, әйткенмен, сонда да*;
- себеп-салдарлық қатынасты білдіретін шылаулар: *сондықтан, сол себепті, өйткені, себебі*;
- шарттылық қатынасты білдіретін шылаулар: *әйтпесе, болмаса*;
- салыстырмалы қатынасты білдіретін шылаулар: *да, де, ал*;
- талғаулықты қатынасты білдіретін шылаулар: *не, мейлі, немесе, я, яки, я болмаса, әлде, құй*;
- кезектестік қатынасты білдіретін шылаулар: *бірде, біресе, кейде*;
- мақсаттық қатынасты білдіретін шылаулар: *үшін*;
- мезгілдік қатынасты білдіретін шылаулар: *бері, кейін, соң, бұрын*;
- шектеулік қатынасты білдіретін шылаулар: *тек, тек қана, т.т.*

Дегенмен құрмалас сөйлемді зерттеу нәтижесінде сөйлемнің белгілі бір мағыналық тобын ажыратуға негіз болатындай шылаулардың мұндай мағыналық қатынастарды қамтамасыз ету мүмкіндігі шектеулі екендігін аңғаруға болады. Осыған сәйкес құрмалас сөйлемнің кейбір түрлерінің семантикасын қарастырайық, олардағы шылаулық тәсілдер әдеттегідей емес мағыналарды білдіру үшін қызмет етеді.

Ыңғайластық қатынасты білдіретін *да, де, та, те* шылаулары бірде ыңғайластық, бірде салыстырмалы, бірде қарсылықты мәнді компоненттерді байланыстырады. Аталған шылаудың себептік қатынастағы жай сөйлемдерді байланыстыратыны жөнінде де айтылады [37, 14 б.].

Мысалы:

1) *Жаугершілікте ата-анасы басқа жаққа ауып кетті де, бала менің қолымда қалды* (Қ.Жұмаділов).

2) *Аспанмен тірескен қақпа сала алсаң да, Елдің аузына қақпақ қоя алмайсың* (Қ.Мырза Әли).

Білген адам тауып айтады да, білмеген адам қауып айтады (Мақал).

Келтірілген сөйлемдер *да, де, та, те* шылаулары арқылы бірде ыңғайластық, бірде салыстырмалы, бірде қарсылықты мәнді компоненттер байланысқан.

Шектеулік мағыналық қатынастарды білдіретін *тек, тек қана* сияқты арнайы шылаулы сөйлемдерге назар аударайық.

Расында да *тек, тек қана* шылаулары қатысатын сөйлемдердегі компоненттер арасындағы мағыналық қатынасты шектеулік деп айтуға болмайды:

Айнала зуылдаған ызы-қию жанталас сәл саябырсыған сықылды, тек анда-санда алыстан атыс үні естіліп қалады.

Біздің ойымызша, берілген сөйлемнің семантикасына шектеулік емес, градациялық мағына берілген. Бұндай типтегі сөйлемдердің бірінші бөлігі шапшаң, белсенді құбылысты, қимылдың аяқталу үдерісін білдіреді, ал екінші бөлімде онша шапшаң емес, шынайы қимыл, іс-әрекет сипатталады. Келтірілген мысалда бірінші бөлімдегі қимыл градациялық көрсеткіште екінші бөлімдегі қимылдан жоғары тұр.

Бұл топтағы сөйлемдерінің семантикалық құрылымы бірінші бөлімдегі құрылымды жокқа шығаратын ой ретінде алдын-ала анықтайды. Төмендегі мысалдарды қараңыз: *Жігіт ештеңе демеді, тек көздері ғана көп жайтты ұқтырғандай болды. Қараңғыда мен оның бетін көрмедім, тек тарсылдаған вагондар арасынан оның сүйкімді даусы естілді. Мен оған алаңдап тұрған жоқпын, тек кішкене қорқынышты.*

Сөйлемнің белгілі бір құрылымында, әсіресе, екінші предикат ашық райда тұрған кезде *тек, тек қана* шылаулары шарт мәнін білдіргенде сөйлемнің бірінші компонентінде де, екінші компонентінде де тұруы мүмкін:

Мен өз өмірімді қияр едім, тек ол қайғырмаса болды. Досыңмын деп көп айтушы ең, ал достығыңды дәлелде (О.Бодықов). Айтқаныңыз болады, тек бұл ыңғайсыз жағдайдан шығарып берсеңіз болды. Бұл сөйлемдерден субъектінің өз мақсатына жету үшін қандай да болсын тәсілді пайдалануға дайын екені көрініп тұр. Талдап отырған сөйлемдердің грамматикалық және семантикалық жақтарының ассиметриясын қарастырған кезде мынадай жағдай көңіл аудартады: барлық сөйлемдерде нақты бір ой вербалды айқындалмаған. Жалпы алғанда тілдік ақиқат үшін пресуппозицияны құрайтын эксплицитті айқындалмаған жағдайлар тән, яғни: *Досыңмын деп айтады екен, сондықтан оны дәлелдеу қажет және т.б.*

Сонымен, қазақ әдеби тілінің синтаксистік жүйесінде толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш бағыныңқылы компоненттері бар құрмалас сөйлемдерге мазмұны жағынан да, құрылымы жағынан да сәйкес келетін құрмалас сөйлемдер түрі жиі кездеседі. Қазіргі әдеби қазақ тілінің күрделі жүйесі сабақтас құрмалас, салалас құрмалас сөйлемдер мен көп құрамды құрылымдарға бай болып келеді. Олардың бір топқа бірігуі құрамындағы компоненттердің морфологиялық құрамы, синтаксистік қатынасы және құрылымдық ұйымдасуы жағынан әртүрлі болғанымен, ішкі байланысына қатысты бір ойды білдіру қасиеттері ортақ болуымен сипатталады.

Жай сөйлемді құрмаластырудағы интонацияның рөлі. Бір кездері синтаксиске ғана телініп келген интонациялық құбылыстар соңғы жылдардағы зерттеулерде әуен, қарқын, ұзақтылық, пауза сияқты просодикалық компоненттерден құралатын, мағына ажыратқыш бірліктері – интонемалары бар кешенді құбылыс ретінде қарастырылып жүр (З.Базарбаева, А.Фазылжанова). З.Базарбаева ұсынған интонацияны зерттеудің глобалдық әдісін қолдана отырып, зерттеу жүргізген А.Фазылжанова құрмалас сөйлемдегі интонация тиянақты, тиянақсыз, қыстырма сегмент – үш интонома арқылы көрінетінін айтады. Құрмалас сөйлем компоненттері бүтіннің бір бөлшегі болғандықтан, алғашқы сыңары тиянақсыз интономамен беріліп, соңғысымен салыстырғанда кең тоналды диапазонда айтылады. Интонацияның бұл түрінің құрмаластағы қызметі сол – ол құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемнің басын біріктіріп, оларды бір бүтін етіп отырады. Тиянақты интонация сөйлемнің ең соңында болады да, ойдың аяқталғандығын білдіреді.

Интонациялық кідіріс сөйлемді мағыналық топтарға (баяндауыштық не тема-ремалық) бөліп тұрса, құрмалас сөйлемде ол предикативтік компоненттердің аражігін ажыратып тұрады.

Тиянақсыз интонация құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттер арасында келеді де, әр құрмаластың қандай компонентке бөлінетінін білдіреді. Интонацияның бұл түрі өзінің тиянақсыздығы арқылы сөйлемнің әлі аяқталмағанын, ой жалғасы барлығын білдіреді, сол арқылы жай сөйлемді бір-бірімен құрмаластырады. Баяндауыш тұлғалары тиянақты

тұлғада келетін салаластардың да, тиянақсыз тұлғадағы сабақтастардың да алғашқы компонентінің кең, соңғыларының тар диапазонмен берілуі — оның өзінен соңғы компонентке тәуелділігінің белгісі. Құрмалас сөйлем компоненттері арасында болатын тиянақсыз интонацияның тиянақсыздық шамасы бірдей болмайды. Оның әртүрлі болуы компонент баяндаушының формасына және оның шылау сөздерге тіркесу не тіркеспеуіне байланысты. Себебі интонация сөйлем үшін қандай қажетті элемент болып саналғанымен, ол түгелдей сөйлем мағынасына, сөйлем құрылысына тәуелді болады. Дегенмен тиянақсыз интонация өзінің әркелкі сипатына карамастан, жай сөйлемді бір-бірімен ұштастырады және құрмалас сөйлем компонентінің аражігін көрсетеді. Сөйлем мағыналық түрлерге бай, олардың интонациялық көріністері алуан түрлі болғанымен, абстракт айтылу бірліктері — интонемалардың саны шектеулі болатындығы дәлелденген. Интонацияны арнайы зерттеген ғалымдар оның орыс тілінде жеті [40, 16 б.], қазақ тілінде сегіз инвариант түрі болатындығын көрсетіп жүр [41, 131 б.].

Тіл білімінде сөйлем үшін релеванттық тұлғалық белгілер ретінде етістік тұлғасы мен интонацияны танушылар бар. Интонация, әдетте, байланысқа түскен сөйлемдерді бөлу құралы ретінде пайдаланылады, ал етістіктің жеке тұлғасы да, интонация да құрмалас сөйлемдердің бірден-бір белгісі бола алмайды. Ал болмыста барлығы да басқаша. Біріншіден, сөйлем тек етістік баяндауыш арқылы ғана жасалмайды. Жай сөйлемнің де, құрмалас құрамындағы компоненттер баяндауыштары да етістіктен ғана емес, есім сөздерден, үстеу, модаль сөздерден жасалатыны белгілі.

Екіншіден, етістіктің жеке тұлғасын сөйлемдердің басты тұлғалық белгісі ретінде танып, интонацияның рөлін көмескілейтін болсақ, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің аражігін ажыратпаған болар едік. Жай сөйлемде интонация байланыстырушылыққа карағанда бөлуші фактор ретінде қызмет етеді. Осылайша А.М.Пешковский интонацияның басты типтерін ескере отырып (аяқталған, хабарлы, сұраулы, лепті), “дербес интонациялық аяқталған сөйлемдер” (терминологияда дәл қазір байланыспаған сөйлемдер деп атап жүрміз) мен “күрделі синтаксистік тұтастық құрамына енген сөйлемдер” (яғни байланысқан сөйлемдер) арасындағы терең шекараны анықтауға тырысты. Бұл жөнінде ол былай дейді: Күрделілердің құрамына енген сөйлемдер, әрине, басты үш интонациямен (хабарлы, сұраулы, лепті) айтылады, күрделілер дәл сол тектес айтылады. Бұл мұндай дербес интонациялық аяқталған сөйлемдердің біртұтас құрмалас сөйлемдермен толық интонациялық сәйкестігін қалыптастырады да, біртұтас күрделілердің құрамындағы сөйлемдермен интонациялық сәйкестігінің болмауын айқындайды [42].

Сол себепті бұл жерде байланысқан-байланыспаған сөйлемдер деп аталып жүрген сөйлеу компоненттерінің интонациялық ерекшеліктерін есепке алу біршама қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сөйлемнің екі типі де түрлі лингвистикалық бірліктерге жатады. Сөйтіп құрмалас құрамындағы интонация, бір жағынан, компоненттер жігін бір-бірінен ажыратып көрсетуші, екінші жағынан, компоненттерді бір-бірімен байланыстырушы тәсіл ретінде танылады.

Компоненттер арасындағы интонация, интонациялық пауза мағыналық қатынасты ажыратушы басты тұлға болмағанымен, келесі компоненттің мағыналық сипатын анықтайтындай ескерту сигналы қызметін атқаратындығын көптеген ғалымдар көрсетіп жүр. Сонда құрмалас сөйлемнің интонациялық ерекшелігі деп төмендегідей тұжырым жасауға болады: құрмалас сөйлемдер коммуникативтік бірлік ретінде интонациялық жағынан тиянақталған құрылым. Сөйлеуші мақсатына сай ол хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлем интонациясымен айтылады. Құрмалас сөйлемнің алғашқы компоненті тиянақсыз интонамамен беріліп, соңғысымен салыстырғанда кең тоналды диапазонда айтылады. Соған сәйкес алдыңғы компонент тиянақсыз сипатта болып, ал келесі компонент дербес жай сөйлемдерге тән интонациялық сипатқа ие болады. Құрмалас сөйлемнің интонациялық ерекшелігі деген мәселеде бір сөйлемде бірнеше интонациялық ерекшеліктің шоғырлануын көрсетуге болады (айталық: бірінші компонентте – хабарлау, екіншісінде – сұрау интонациясы немесе керісінше, т.т.).

Құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасу тәртібі. Жай сөйлем құрамындағы сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі болатыны сияқты, құрмалас сөйлем компонентінің орналасуында да белгілі қалыптасқан тұрақты заңдылық болады. Егер бұл заңдылық бұзылса, жай сөйлемдердің бір-бірімен байланысы, сөйлемнің құрмаластық қасиеті жойылуымен қатар, оның ұғымы ауырлап, сөйлемдік қасиеті кемиді. Құрмалас сөйлем компоненттерінің орын тәртібін өзгерту нәтижесінде олардың арасындағы мағыналық қатынастың бұзылып, құрмаластық сипаттан айырылатыны жөніндегі пікір бұрыннан қалыптасқан [43, 169 б.]. Бұл пікірді салалас, сабақтас құрмаластар компоненттерінің орын тәртібі жөнінде саралай айтқан Б.Сағындықұлының тұжырымы нақтылай түседі: Салалас сөйлем түрлерінің жеке сыңарлары тиянақты тұлғада келіп, алдыңғысы соңғысына бағынушы сыңар ретінде телінсе, сабақтас сөйлемнің алдыңғы компоненті тиянақсыз тұлғада бағыныңқылық сипатты атқарады да, соңғы сыңары тиянақты тұлғада келіп, басыңқылық мәнге ие болады. Мұның өзі аталмыш сөйлем түрлеріндегі жай сөйлемдерді құрмаластырудың елеулі тәсілі болып саналады. Сыңарларының орын тәртібін ауыстыруы жай сөйлемдердің бір-бірімен байланысын

жою ғана емес, кей кездерде мұндай сөйлем сөйлем болудан да айырылады [44, 68 б.]. Автордың осы еңбегінде айтқан «сыңарлардың орнын бұзбау» дегенді мағынаға нұқсан келтірмеу деп түсінген жөн деген пікірі де орынды. Олай болатын себебі құрмалас сөйлемдер деп аталатын күрделі бірліктің құрылымдық, мағыналық сипаты әр алуан. Оның бірінде компоненттердің орнын ауыстырғаннан байланыс мүлде жойылып кетсе, енді бірінде оған нұқсан келмейді.

Қазақ тілінің синтаксистік құрылымында құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасуы төмендегідей заңдылықтарға негізделеді:

а) Препозиция. Тиянақсыз компонент бұрын, тиянақты компоненттері кейін айтылып, ойды тиянақтап, аяқтап тұрады.

ә) Постпозиция. Поэзиялық шығармаларда тиянақты, тиянақсыз компоненттердің орын тәртібі өзгеріп, алмасып келуі де тіліміздегі қалыптасқан заңдылық болып табылады.

б) Интерпозиция. Сабақтас құрмалас сөйлемнің тиянақсыз компоненттері кейде тиянақты компоненттің ішінде келеді. Бірақ бұл – тілдегі сирек кездесетін құбылыс. *Қалаға ол, күн төбеге көтерілген соң, жетті.* Мұндай құрылымда айтылудан сөйлемнің тек интонациялық жағына аздап өзгеріс енгенмен, оның компоненттерінің байланысы мен мағынасындағы негізгі мән сақталып қалады.

Функционалды синтаксисте орын тәртібінің атқаратын рөлін В.Е.Шевякова ағылшын тілі материалдары негізінде жүргізген эксперимент нәтижесі арқылы көрсетеді: «Функционалды синтаксисте орын тәртібінің атқаратын рөлін В.Е.Шевякова қалыпты орын тәртібіне негізделген сұраулы сөйлем мен инверсияға негізделген сөйлемнің интонациясында әуендік интервалдардың бірдей болатындығын ағылшын тілі материалдары негізінде жүргізген эксперимент нәтижесі бойынша дәлелдейді. Бұдан төмендегідей қорытынды шығарады: бірдей интонация жағдайында әртүрлі орын тәртібіне негізделген құрылымның өзіндік функциясы болады, бір жағдайда нақты жауап алу мүмкіндігінің болмауы, яғни сұраушы үшін «Иә» және «Жоқ» жауабын күту мүмкіндігі бірдей болса, екінші жағдайда сұраулық мәннің біршама төмендеуі, яғни нақты жауаптың күтілуі («Иә» жауабы – болымды сұраулық форма үшін, «Жоқ» жауабы сұраулық болымсыз форма үшін). Автор бұл тұжырымдардың контекст (мәнмәтін) пен жағдаятты талдау қорытындылары арқылы нақтыланғандығын айтады» [45, 94 б.].

Ағылшын тілі материалы негізінде келтірілген бұл жайт құрылымы өзге тілдер үшін де жат емес екендігі айтылып жүр. Төмендегі сөйлемге назар аударалық: *Мырзабек менің оқуымды тастап кетуіме қарсы болды* (Ә.Нұршайықов). *Менің оқуымды тастап кетуіме Мырзабек қарсы болды.*

Айтылу интонациясы да, сөйлемдегі сөздердің грамматикалық формаларында да айырмашылық жоқ, сөйлем арқылы берілген жалпы ой да бірдей. Айырмашылық – сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі мен айтушының ішкі интенциясында, соған сәйкес сөйлемнің семантикасында. Алғашқы сөйлемде автордың айтпағы – оқуды тастап кетуге қарсы болғандығы туралы болса, екінші сөйлемдегі негізгі мән – осы әрекетке тікелей *Мырзабектің қарсы болуы*. Сөйлемді коммуникативті аспектіде қараумен байланысты айқындалатын бұл мәселе құрмалас сөйлемдерге де қатысты.

Кедей үй Түркістанға көшіп келгесін де, жоқшылық бейне көлеңкедей ұласып қыр соңынан қалмады (Д.Досжанов). Тұншығып өлмесін деп, төбеден ауа жіберуге мына бұрғыларды әкелдім (Ғ.Мұстафин).

Сөйлемде берілген жалпы ойды сақтай отырып, компоненттердің орнын ауыстырып көрейік:

Жоқшылық бейне көлеңкедей ұласып қыр соңынан қалмаған соң (қалмай қойды), кедей үй Түркістанға көшіп келді // Жоқшылық бейне көлеңкедей ұласып қыр соңынан қалмай қойды (қойып), кедей үй Түркістанға көшіп келді. Төбеден ауа жіберуге мына бұрғыларды әкелдім, әйтпесе тұншығып өлуіміз мүмкін // Төбеден ауа жіберуге мына бұрғыларды әкелгендіктен, тұншығып өле қоймаспыз.

Баяндауыш формасын өзгерту арқылы пайда болған сөйлемдердің компоненттері арасындағы қатынас бастапқы сөйлемдегіден өзгеше. Бастапқы сөйлемдердегі мезгіл және мақсат мәнді құрмаластар кейінгі сөйлемдерде себеп, шарт мәнді құрмаластарға ауысады.

Сондықтан құрмалас сөйлем компоненттерінің орын тәртібі конситуацияны, сөйлеушінің тілдік қатынас кезіндегі белгілі бір күйін айқындауға мүмкіндік береді, соған сәйкес компоненттер арасындағы қатынас пен сөйлем семантикасында болатын өзгерістерге өз ықпалын тигізеді деп қорытынды жасауға болады.

Ғалым Р.Әмір құрмалас сөйлем жүйесінде актуализациялау компоненттерді орналастыру тәртібінен көрінетіндігін, сөйтіп құрмалас сөйлемнің компоненттері үш түрлі орын тәртібі бойынша орналасатынын көрсетеді:

- 1) базистік орын тәртібі;
- 2) кірігу тәртібі;
- 3) инверсия тәртібі [46, 13 б.].

Ғалымның мақала көлемінде айтылған осы пікірі үлкен ойға жетелейді. Расында да сөйлеуші сөйлемді айту барысында сөйлем мүшелерін, компоненттерді белгілі бір тәртіппен орналастырады. Бұл – кездейсоқ, адам санасынан тыс болатын құбылыс емес. Сондықтан сөйлем жүйесіндегі орын тәртібі мәселесі белгілі бір коммуникативтік талаптан,

айтушының ой жеткізу мақсатынан туындаған құбылыс деп санауымыз керек. Айталық:

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасы жатыр екен (Ы.Алтынсарин).

Автордың сөйлем компоненттерін осылай құрудағы басты мақсаты – алдымен, әкелі-балалы екеудің жаяу келе жатқанын баяндау, содан кейін тыңдаушы назарын жаңа оқиғаға аудару – жолда ескі тағаның жатуы. Бұдан әрі оқиға осы ескі тағаға байланысты өрбиді. Ал егер айтушы үшін маңыздырағы – әкелі-балалы екеудің жаяу келе жатқанда көруі болса, сөйлем компоненттері басқаша орын тәртібіне ие болады: *Жолда қалған аттың бір ескі тағасы жатыр екен, оны бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатқанда көреді.*

Осылайша компоненттердің де, сөйлем мүшелерінің де орнын ауыстыру арқылы айтушы мақсатына сәйкес сөйлем мәнін құбылтып айтуға болады. Сондықтан профессор Р.Әмірдің пікірін қолдай отырып, құрмалас сөйлемдегі компоненттердің орын тәртібін базистік, кіріккен және инверсияланған деп бөлеміз. Ең бастысы – бұлардың қай-қайсысы да коммуникативтік талапқа сай туындайтындығы.

Құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасуында белгілі бір тәртіптің болуының өзіндік бір себептері бар. Өйткені құрмалас сөйлем компоненттерінің баяндауыш формасы, интонациясы және мағыналық қарым-қатынастары жағынан өзара тең емес және сөйлем аяқталған ойды білдіретіндіктен, тиянақты компонент сөйлем соңында тұруы шарт. Бұл жағдайлар құрмалас сөйлем компоненттерінің орын тәртібінің тұрақтылығын және жай сөйлемді құрмаластыруда шешуші рөл атқаратынын көрсетеді.

Құрмалас компоненттерін байланыстырудың грамматикалық, синтетикалық тәсілі. 1) Баяндауыш формасы. Компоненттердің баяндауыш формасы арқылы байланысуы – құрмалас сөйлем жасаудағы ең өнімді тәсіл боп саналады, себебі көп жағдайда бағыну тек баяндауыш формасы арқылы жүзеге асады да, басқа тәсілдерді мүлдем қажет етпейді. Бұл пікірді С.Тәжібаеваның қазақ тілінде бағыныңқының баяндауышының морфологиялық белгілеріне бүкіл сөйлем мазмұны байланысты болатындығы жөніндегі тұжырымы [47, 135 б.] мен инфинитті формалар көрсеткіштерінің басыңқы және бағыныңқы қимылдың арасындағы негізгі әртүрлі мағыналық қатынасты білдіретіндігі туралы айтқан М.Төлеуптің ойы нақтылай түседі [48, 110 б.]. Құрмаластың бұндай байланыс түріне қатысты есімдіктері мен бағыныңқы тұлғаларының компоненттерді байланыстыру функциясы әлсіз тілдерде көп кездесетіндігі туралы пікірлер бар. Қазақ тілінде бағыныңқы компоненттердің етістік баяндауыштары келесі компонентпен есімше, көсемше, шартты рай тұлғалары арқылы байланысады.

Жай сөйлемдердің бір-бірімен баяндауыш формасының тиянақсыздығына қарай құрмаласуы – қазақ тілінде құрмалас сөйлем жасаудың ең өнімді тәсілі. Құрмаластың ішінде сабақтас құрмаластар тек осы тәсіл арқылы жасалады деуге болады. Бағыныңқы компонент баяндауышы төмендегі формада тұрады:

а) көсемше;

ә) есімше;

б) шартты рай және басқа етістік формалары.

а) *Жай сөйлемдердің көсемше арқылы құрмаласуы.* Әрі кимылдың өзін, әрі кимылдың амалын білдіретін етістіктің ерекше түрі болып саналатын көсемше сөйлемде екі түрлі синтаксистік қызмет атқарады:

1) пысықтауыш; 2) баяндауыш.

Көсемшелердің құрмалас сөйлем жасаудағы рөлі оның бағыныңқының баяндауышы қызметін атқаруынан көрінеді. Көсемше – етістіктің тиянақсыз түрі. Бұлар құрмаластың өзі баяндауыш болып келген бөлшегінің екінші компонентке бағындыра байланыстырады да, ол бөлшектердің бірлікте, тұтастықта болуын қамтамасыз етеді. Сөйтіп көсемшелер әрі дәнекерлік қызмет атқарады.

Көсемшелердің ішінде сабақтас құрмаластың бағыныңқы компонентінің баяндауышы қызметінде жиі қолданылатыны және өзі баяндауыш болып келген компонентті тиянақты компонентпен әртүрлі мағыналық қатынаста құрмаластыратын *-ын, -ін, -н* жұрнақты түрі. Өткен шақтық көсемшенің дәнекерлігі арқылы жасалатын сабақтас құрмалас сөйлемдердің бірсыпыраларында тиянақсыз компонент тиянақты компонентке тек тұлғалық жағынан өз дербестігін сақтап басыңқы сөйлемнің ешбір мүшесіне меңгерілмей, онымен жарыса, салаласа айтылады.

Жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыруда *-а, -е, -й* жұрнақты көсемшенің де өзіндік рөлі бар. Бұл тұлғадағы көсемшелерде тиянақсыздық сипат басым болғандықтан, бағыныңқының мұндай тұлғалы баяндауышы әрі мағыналық, әрі тұлғалық жағынан тиянақсыз болады.

Аталған формалардан басқа жай сөйлемді бір-бірімен құрмаластыруда *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* жұрнақты көсемше қолданылады. Жай сөйлем құрамында мезгіл не мақсат пысықтауыш қызметінде жұмсалатын бұл тұлға құрмалас сөйлем бағыныңқысы баяндауышы ретінде тек соңғы кезде (өте сирек) қолданылады.

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы ретінде көсемшелер де жұмсалыады, әрі есімшеге қарағанда, қосымша элементтерді қажет етпейді. Құрмалас сөйлемдегі көсемшенің қызметтері туралы айта келе, И.И. Мещанинов “Сөйлемдегі негізгі компоненттің баяндауышындағы қосымша элементтерінің біреуінің анықталған құрылымын білдіретін көсемше құрмалас сөйлемнің жеке бір бөлігінің құрастырушысы ретінде көріне

алады. Сөйлемнің бөліп қарастырып отырған бөлігіндегі көсемше бұл жерде де дербес, аяқталған мазмұн алмайды, тек негізгі сөйлемдегі баяндауыштың қызметін нақтылайды», – дейді де, *Асан оқуды бітіріп, әкесі қуанды* сөйлеміндегі баяндауыштың көсемше тұлғасында тұрғанын және сөйлем мазмұны бағыныңқы әрекетті баяндап тұрғанын көрсетеді [49, 323 б.].

Б.Қапалбеков «Көсемше бағыныңқылардың дамып қалыптасуы мен мағыналық түрлері» атты диссертациясында есімшелердің табиғатынан тиянақты, жіктелу парадигмасында III жақ жалғауын керек етпейтіндіктен, бағыныңқының баяндауышы болу үшін әртүрлі қосымшаларды үстеп немесе септеулік шылауларды ертіп тиянақсызданатынын, көсемшелер сияқты жеке тұрып ешуақытта бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы бола алмайтынын көрсетеді [50].

Көсемше формасы арқылы жасалатын құрмаластарға тіліміздегі кимыл-сын бағыныңқылар, себеп, қарсылықты, шартты, мезгіл, мақсат бағыныңқылар мен мезгілдес және салыстырмалы сабақтастар жатады.

Сабақтас құрмаластардың құрылуындағы көсемшенің қатысуы палеоазиаттық тілдерде де байқалады. Көсемше формасы арқылы жасалған бағыныңқы құрмалас сөйлемдердің құрамдас компоненттері біріктіруші қатынаста болуы мүмкін. Бұл ауызекі тілдегі көсемшенің -п формасы жазбаша тілге қарағанда кеңірек тараған және әртүрлілігімен байланысты айқындалатындығын ғалым Р.Әмір былайша көрсетеді: Көсемшелік -п аффиксінің көмегімен құрылған біріктірушілік қатынас екі сөйлемге қатысады, олардың біреуі қаламайтын кимылды білдірсе (сөйлемнің бұл бөлігінің баяндауышы көсемше формасында құрылған), екіншісі сөйлеушінің бағасын, реакциясын қамтиды: *Баланың сөзін сөз деп, о несі-ай маған* (Қ.Мұхамеджанов). *Сөзі де, өзі де шөжіп, қарадай берекесі кетіп, не қара басып отыр өзін* (З.Жәкенов). *Ақыл айтып, ел бол деудің орнына желіктіріп, көрдің бе істеп жүргенін* (Қ.Мұхамеджанов). *Қып-қызыл жігіт басыңмен босанған әйеліңді төңіректеп, ұят емес пе* (С.Мұқанов). *Осынша малды жеп, жеті атаң аштан өлген неме ме едің* (С. Мұқанов) [39].

Наразылықты білдіретін жай сөйлемдер көсемше формасындағы баяндауыш арқылы жасалады. Белгілі бір жағдайда (басқа біреудің сөзін сөзбе-сөз жеткізгенде) -ып, - іп, -п тұлғаларына бітетін баяндауыш – көсемшелі сөйлемдер өз қолданысында даралыққа ие болды. Мысалы: *“Не болса соны ермек етіп”, – деп әкем ренжіді.*

Көсемше формасы арқылы құрмаласқан сөйлемдерде инверсия да орын алады. Қалыпты орын тәртібінен ауысқан мұндай сөйлемдерді ғалым Р.Әмір сөйлеуде көсемше формалы компоненттердің біршама дербестік сипатқа ауысуымен түсіндіреді: *Не деген адам едіңіз, баланың жасаялығына отырып* (Б.Майлин). *Не керек еді, жөні кеп тұрған істі*

осынша шиеленістіріп (С.Иванов). Бұл қай басынғандық, бассыз үйдің иті есірік деп (Б.Майлин).

Компоненттерді байланыстыруда көсемшенің *-а, -е, -й, -ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі* формалары қатысады. Аталған формалардың қайсысы сабақтастың қандай мағыналық түрін жасауға қатысатындығы туралы зерттеулер мен тілдік мәнбірлер көрсеткеніндей, аталған формалардың ішінде *-ып, -іп, -п* формасының жұмсалудың жиілігінің жоғары екендігін атап өтуіміз керек.

Сонымен, көсемше формасы бағыныңқы компонентті басыңқымен байланыстыруда ең жиі жұмсалатын форма болуымен ерекшеленеді. Аталған ерекшелік сабақтаса байланысатын құрмаластардың мағыналық түрлерінің 90 пайызы көсемше формаларының қатысуымен жасалатындығымен түсіндіріледі.

Функционалды грамматикаға қатысты зерттеулерде формалардың функциясы, жұмсалымы мәселесін синтагмалық (тізбектік) және парадигмалық (тармақтық) қатынаста қарау өзекті мәселеге айналып отыр. Тіл білімінде оның төмендегідей түрлері көрсетіледі:

- а) фонетикалық парадигма;
- ә) лексикалық парадигма;
- б) сөзжасамдық парадигма;
- в) морфологиялық парадигма;
- г) синтаксистік парадигма.

Синтаксистік парадигма морфологиялық парадигма негізінде пайда болады. Парадигмалық қатынас деңгейаралық және деңгейішілік сипатта болуы да мүмкін. Аталған қатынастар тілдік қолданыста, мәтін ыңғайында әрдайым бірдей бола бермейді. Осы тұрғыдан келгенде, жоғарыда аталған көсемше формаларының бағыныңқы баяндауышын түзуі парадигмалық сипатта болса, формалардың белгілі бір мағыналық қатынасты түзуі синтагмалық сипаты болып саналады.

Сабақтас құрмалас түзетін көсемше формаларының деңгейішілік парадигмасы:

- 1) *-а, -е, -й;*
- 2) *-ып, -іп, -п;*
- 3) *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі.*

Ал сабақтас құрмалас түзетін формалардың деңгейаралық парадигмасы төмендегідей:

- 1) *-а, -е, -й;*
- 2) *-ып, -іп, -п;*
- 3) *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі;*
- 4) *-ған, -ген, -қан, -кен;*
- 5) *-ысымен, -ісімен;*
- 6) *-майынша, -мейінше;*

- 7) соң, дейін, шейін;
- 8) кезде, шақта;
- 9) қандай-сондай, қанша-сонша және т.б.

Аталған формалар түзетін синтагмалық қатынастар:

- 1) мезгіл бағыныңқылы;
- 2) себеп бағыныңқылы;
- 3) амал (қимыл-сын) бағыныңқылы;
- 4) қарсылықты бағыныңқылы;
- 5) мақсат және т.б.

Жай сөйлемнің есімше арқылы құрмаласуы. Көсемшелер сияқты есімшелер де бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы функциясында қолданылады. Бірақ есімшелер мен көсемшелердің жай сөйлемді құрмаластыру жолы бірдей емес. Бағыныңқы сөйлем баяндауышы құрамындағы көсемше ешқандай қосымша тәсілсіз, формасыз жай сөйлемді құрмаластыру функциясын атқара алатын болса, есімшелерде ондай қасиет жоқ.

Есімшелер жай сөйлемді құрмаластыру үшін әртүрлі тұлғалық құбылыстарға ұшырап, тиянақсыз формада айтылады. Мұндай тиянақсыздық қасиет беріп, есімше формалы сөзді басыңқы компонентке бағындыра байланыстыратын – оларға жалғанатын түрлі қосымшалар және шылаулар.

Жай сөйлемді бір-бірімен құрмаластыру функциясында есімшелердің барлық түрлері де қолданылады, бірақ құрмалас сөйлем жасауда есімше түрлерінің атқаратын қызметі, формалық құбылыстары біркелкі емес. Мұндай қызметте ең жиі қолданылатыны – *-ған, -ген, -қан, -кен* формалы есімшелер. Аталған тұлғалы есімшелер бағыныңқы компонент баяндауышы функциясында мынадай формаларда және мағыналық қатынастарда қолданылады:

Жатыс септік жалғаулы:

а) мезгіл: *Жанат ішкі үйге кіріп кеткенде, Асқар мен Ержан тыста қалды* (С.Мұқанов).

ә) шарт: *Егер 10 минут кешіккенде, атқа да мініп үлгермейді екенбіз* (Х.Есенжанов).

Көмектес септікті а) қарсылықты: *Ұлберген кедей болғанмен, киім-кешектерін таза ұстайтын еді* (С.Мұқанов.)

-ша, -ше жұрнақты формада а) мезгіл: *Жасақшылар жеткенше, үй иесі дайын отырды* (С.Мұқанов.)

б) салыстыру мәні: *Көп істеп шала бітіргенше, аз істеп бабына келтір* (Мақал).

Сонымен бірге бағыныңқы баяндауышы түбір тұлғалы не шығыс, барыс, жалғаулы есімшеге *соң, кейін, дейін, бері, гөрі*, шылаулары тіркесу арқылы, сондай-ақ *шақта, кезде, сәтте, күні, сағатта т.б.* мезгілдік мәндегі сөздердің *-дық+ -тан, -дік+ -тен* қосымшаларының тіркесуі

арқылы да әртүрлі мағыналық қатынастағы сабақтас құрмалас сөйлемдер жасалады.

Есімшенің қалған формасының бағыныңқы баяндауышы қызметінде жұмсалуды тілде өте сирек кездеседі.

Қазақ тілінде сабақтас құрмаластардың құрылымдық ұйымдасуына және синтаксистік қатынастың түзілуіне есімшенің барлық түрі қатысқанымен, бұл қызметті көбінесе әртүрлі көмекші сөздермен бірге келетін немесе қажетті жалғаулар қосылған бағыныңқы сөйлемнің баяндауышын құрайтын *-ған, -ген, -қан, -кен* есімше формасы атқарады. Бұл көмекші элементтерсіз есімшеден құралған баяндауыш пен грамматикалық бастауыш арасындағы қатынас атрибутталған байланыстың шегінен шықпайды.

Түркітануда септік жалғаулы есімшелердің функционалды дәрежесі туралы әртүрлі көзқарастар бар. Кейбір ғалымдар бағыныңқы сөйлем баяндауышы қызметін барлық септіктегі есімше атқара алады десе, ал басқа біреулерінің ойынша, мұндай рөлді есімшелердің кейбір септік формасы ғана атқара алады дейді, ал үшінші бір топ сабақтастарға есімшелі және көсемшелі оралымды сөйлемдерді жатқызбайды.

Есімшелер барыс, жатыс, шығыс, көмектес сияқты көлемдік септіктер тұлғасында келіп қана бағыныңқының баяндауышы қызметін атқара алады. Өйткені осы тұлғадағы есімшелер ғана етістік сөз табының қасиетін, шақтық қызметін, предикативтілігін, басқа мүшелерді меңгеру қабілетін сақтайды. Ал грамматикалық септіктерде ондай қасиет жоқ.

Біз К.К.Сартбаев пен М.Б.Балақаевтың баяндауыш қызметін тек кеңістіктік қатынасты білдіретін септіктегі есімшелермен байланыстыратын тұжырымына қосыламыз. Бұл септік формаларындағы есімше-баяндауыштар басқа сөздермен қатынасқа түсіп, кимыл динамикасын жеткізеді, оның үстіне мұндай септік көрсеткішіндегі есімше өте жиі қолданылады.

Мысалы: *Ол келгенде, мен үйде жоқ едім. Жақсы жауап бергендіктен, мұғалім оған бес деген баға қойды. Қыстың басы тақау болғанмен, қар әлі түсе қойған жоқ* (М.Әуезов).

Бағыныңқы сөйлемдегі баяндауыш ретінде есім сөзге есімше тұлғалы екен көмекшісінің немесе *-ысымен, -ісімен* жұрнақтары арқылы жалғанған есімше де қолданылады.

Мысалы: *Машина дауысы естілісімен, үйдегілер сыртқа атып шықты.*

-ғанда есімшелі форма арқылы жасалған сабақтас құрмалас сөйлемдер

1) *-ғанда* есімшелі форма басыңқы сөйлеммен мезгілдік қатынасқа түсетін бағыныңқы сөйлемді құру үшін қызмет етеді. Бұл қызмет кеңінен

тараған, ол жазба тілде де, ауызекі тілде де көрінеді. Дегенмен, ауызекі тілге *-ғанда* есімшесінің өзіндік бір қолдануы тән. Қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлемді қарастырайық: *Ыбыш Махамбетшенің оң қолы болғанда, бұл – сол қолы* (Ғ.Мұстафин). *Өзім ит болғанда, нәсілім адам ғой, ішіме сыймай барады* (Ғ.Мұстафин).

Бұл бағыныңқы құрмалас сөйлемдерде мезгілдік қатынас (бір уақыт, белгілі бір уақыт кескіндерінің сәйкес келуі) жоғалмайды, бірақ сонымен қабат заттар сапасының, оқиға болуының өзгешеліктері анықталады. Қарама-қарсы сөйлемнің лексикалық құрамынан, қарама-қарсы мағынада сөздердің қолданылуынан көрінбей қалады.

2) Ауызекі тілге тән *-ғанда* есімшелі формасын қолдану басқа бір шартты бағыныңқы құрмалас сөйлемнің болуымен ескеріледі: *Кемпірім ашулы, оны жібергенімде, сендерді түгел түтіп жейтін еді* (Қ.Мұхамеджанов).

-ғанда есімше формасы арқылы жасалған құрмалас сөйлемдердегі шарттық қатынас компоненттердегі баяндауыш формаларының қатыстылығынан пайда болады. Басыңқы сөйлем баяндауышы келер шак етістігінен тұрады, нәтижесінде қимыл, құбылыс бағыныңқы сөйлемге біткен қимылдың жүзеге асуына шартты тәуелді болып қалады.

3) Ауызекі тілде *-ғанда* құрылымды жобасы экспрессивті ой білдіру үшін қызмет етеді. Мысалы: *Осы күні жөнделмегенде, қашан жөнделемін* (Б.Майлин). *Қызды әке билемегенде, кім билеуші еді* (М.Әуезов). *Мені сіз жақтамағанда, кім жақтайды* (Қ.Мұхамеджанов). *Ер ағаңның қасына, қарағым! Сен болмағанда, Төлеужан ағам бола ма болыс!* (М.Әуезов). *Әкесіне жыламағанда, қайда жылаймын дейді екен* (С.Мұқанов).

Экспрессивтік *-ғанда* баяндауышы соңғы компоненттегі істі, құбылысты алдыңғы компоненттегі ойға қарама-қарсы қою жолымен жүзеге асырады. Нәтижесінде құрмалас сөйлем риторикалық дәлелдеу сипатына ие болады.

Риторикалық дәлелдеудің бұндай тәсіліне, әдетте, тыңдаушыны сендіру үшін немесе оны бір істі жасауға шақырғанда жүгінеміз.

4) Экспрессивтілік мән беру мақсатында *-ғанда* арқылы байланысқан сөйлемдерде негізгі мағыналық жүкті көтеріп тұрған етістік қайталана жұмсалуы мүмкін. Мысалы:

– *Уақытты өткізу қиын екен мына жерде, - дедім мен.*

– *Уақыт өткенде осы жерде өтсін* (Ж.Еділбаев). *Састырғанда сен састырдың ғой бізді* (Ж.Еділбаев). *Алғанда осы алсын* (ауызша жазбадан).

Жоғарыда келтірілген мысалдардан көргендей, қайталану *-ғандаға* аяқталатын бағыныңқы құрмалас сөйлемнің үлгісімен құралған және қимылдың экспрессивті нақтылануы үшін қызмет етеді. Бұл тәсіл, әсіресе, полемикалық сөйлеуде қолданылады. Ол сөйлеудің полемикалық формасын ұйымдастыру үшін қызмет етеді.

Бұл қайталаудың басқалардан айырмашылығы бейнелеуіш сөзбен бір синтаксистік бірлікке бірікпейді. Ол сөйлемнің жеке мүшесі ретінде емес, құрастырушы элементі ретінде өзінің сөйлемдегі дербестігін сақтайды.

5) Экспрессивті сөйлем-реплика *-ғанда* есімшесі мен *атама, сұрама, қой* аффект сөздер арқылы құралады:

– *Тамаша екен.*

– *Тамаша болғанда, сұрама деймін* (Қ.Мұхамеджанов).

– *Дүйім жұрттың алдында абырой болғанда, атама* (Қ.Мұхамеджанов).

6) *-ғанда* формалы құрмалас сөйлемге құрылымы жағынан қайталауы бар құрылым жақын. Бұл қайталау да *-ғанда* бағыныңқы сөйлем сияқты құрылады. Бұл форма да алдыңғы сөйлемнің баяндауышын немесе репликаны қайталайды:

Құдай мені шатастырды, шатастырғанда жаман шатастырды (Ғ.Мұстафин).

Байланыстыру қызметіндегі қайталаудың синтаксистік қызметі екі аспектіде айқындалады:

1. Ой білдірудің жеке түйіндерін байланыстырады: *Зылиха бүгін көңілсіз, көңілсіз болғанда жайшылықтағыдай емес, өзгеше* (Б.Майлин). Ол диалогтағы репликалар арасында байланыс орнатады:

1) *Иә, білем, Бейсенбай – большевик.*

2) *Ол большевик болғанда мықты большевик болатын* (І.Жансүгіров)

2. Қайталау арқылы байланысқан сөйлемдер алдыңғы сөйлемдегі немесе репликадағы ойды нақтылайды, түсіндіреді. Мысалы: *Аламын, алғанда шырылдатып отырып тартып аламын* (І.Есенберлин).

Уа, жолдас, мен өзім кедеймін, кедей болғанда батырақпын (Б.Майлин)

Бірақ мен одан оқымадым. Оқымағанда маған оқу жақпай қойған жоқ, бұл ауылдан менің кеткім келді де тұрды (С.Мұқанов).

Ғалым Р.Әмір көрсеткен есімшенің бұл ерекшелігі есімше формасының сөйлем мен сөйлемді байланыстыруда айрықша сапаға көтерілетінін көрсетіп тұр.

Сабақтас құрмалас түзетін есімше формаларының деңгейшілік парадигмасы:

1) *-ған, -ген, -қан, -кен;*

2) *-ғанда, -генде, -қанда, -кенде;*

3) *-ғанша, -генше, -қанша, -кенше;*

4) *-ғанмен, -генмен, -қанмен, -кенмен;*

5) *-ысымен, -ісімен;*

6) *-дықтан, -діктен.*

Есімшелердің компоненттерді байланыстыруы нәтижесінде пайда болатын құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлері көсемшелі сөйлем-

дерге карағанда аз. Олар: мезгіл, себеп, қарсылықты, ыңғайлас сабақтас-тар.

2) **Шылаулар.** Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы ретінде есімше тек септік формалы түрінде ғана емес, сонымен қатар *сайын, шақта, кезде* және шылауы тіркескен күйде де болады.

Мысалы: *Түнде қар жауған соң, бұйығып қалған аңдар әзір бой сергіте қойған жоқ* (Ә.Кекілбаев). *Шайдың дастарханы жиылып болған кезде, ет асылған-ды* (М.Әуезов).

Дейін, шейін, қарамастан деген шылаулар барыс септігіндегі есімшені бағыныңқы сөйлем баяндауышының құрамына енгізеді. Мысалы: *Осыдан үш-төрт күн өтекенге шейін Абай үйде болды* (М.Әуезов). *Жаудың өте қатты қарсы көрсеткеніне қарамастан, жігіттер алға басуда еді* (М.Ғабдуллин).

Қазақ тілінде құрмалас құрамындағы шылаулар екі түрлі қызмет атқарады: есімшелермен қатар олар компоненттерді бір ортақ бүтінге қосатын негізгі тәсіл ретінде тәуелді компонент болып табылады. Әр тілде сабақтаса байланысқан құрылымды компоненттердің байланысын талдау олардың құрылымдық-типологиялық ерекшеліктерімен байланысты.

Сөздердің арасындағы синтаксистік қатынас айқындалатын аморфтық тілдерде жалғаулық сөздердің мәні зор. Мысалы, ханзу (қытай) тілінде құрмалас сөйлемдер саны жүз жетпістен асатын (барлық жалғаулық сөздердің 80%-ы) жалғаулық шылаулар арқылы құрылады екен. Басқа тілдерде, мысалы, кавказ тілдерінде қатыстық есімдіктер мен жалғаулық шылаулар мүлдем жоқ.

Бірақ туыстас тілдердің арасында да, соның ішінде түркі тілдерінің арасында жалғаулық тәсілінің өнімділігі әртүрлі. Айталық, *ки* жалғаулығы оғыз тобының тілдерінде, мысалы әзірбайжан тілінде қолданылғанмен, өзге түркі тілдерінде, соның ішінде қазіргі қазақ тілінде қолданылмайды.

Түркі тілдерін зерттеушілер құрмалас құрамында демеуліктермен қатар көсемшелік *diye* формасы жеке сөйлемдерді байланыстырушы ретінде маңызды рөл атқаратындығын, сонымен қатар оның алғашқы мәнін жоғалтып алғандығын, *diye* көсемшесі *de-tek* етістігінің негізі екендігін, синтаксистік қызметі екі дербес сөйлемдерді құрмалас сөйлемге біріктірген жалғаулық сөзге айналғандығын көрсетеді.

Мысалы: *Әңгіме тағы да Нинаға көшіп кете ме екен деп, бәріміз де Петяға ұнатпай бір қарап қойдық* (Ғ.Мүсірепов).

б) *Жай сөйлемдердің шартты рай арқылы құрмаласуы*

Тіл тарихын зерттеушілер шартты рай тұлғасы компоненттерді құрмаластыру қызметінде ерте кезден қолданылатынын және ол кезде шарт, мезгіл мәндерін қатар бергендігін айтады. Көне жазбалардағы *-сар, -сер*

тұлғасының ықшамдалуы нәтижесінде пайда болған қазіргі тұлғаның басты ерекшелігі сол – ол, негізінен, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметінде жіктік жалғауда тұрып, бастауышымен қиыса байланысуында. Әдетте, жіктік жалғауы өзі жалғанған сөзге тиянақтылық беретін форма деп танылғанымен, шартты рай тұлғасына жалғанғанда бұл қасиеті сақталмайды, сондықтан бағыныңқы жай сөйлемді басыңқы жай сөйлеммен құрмаластыру функциясын атқара береді. Түркі және қазақ тілін зерттеушілер (Ғ.А.Абдурахманов, Қ.Есенов) шартты рай тұлғасының біртіндеп өз тиянақтылығын жойып, тиянақсыз, тәуелсіз қалыпқа өтіп келе жатқанын айтады. Бағыныңқы жай сөйлем құрамындағы шартты райдың өзге етістік тұлғасынан ерекшелігі – оның жақтық формада айтылып, өз бастауышымен қиысуында. Сондықтан да болу керек, кейбір тілшілер құрмаластың осы тұлға арқылы байланысқан түрін салаластардың қатарында қарастырды.

7 Сабақтас құрмаластардың құрылымындағы бағынуды білдіретін ең тиімді тәсіл етістіктің шартты рай формасы болып табылады. Шартты рай арқылы құрмаласқан сабақтастарға шартты, қарсылықты, мезгіл бағыныңқылы сабақтастар мен салыстырмалы, түсіндірмелі сабақтастар жатқызылып жүр.

Тілімізде шартты рай формасы арқылы жасалатын сырт құрылымы жағынан құрмаластарға ұқсас тілдік бірліктер бар. Олар – қыстырмалар мен тұрақты тіркестер. Мысалы:

- *Жұр, Әбіл, тым құрыса, мені бригадаға апарып таста* (М.Айымбетов). *Нем кетіпті, айтса айтар, айтпаса қояр* (С.Мұқанов).

Келтірілген екі сөйлем сырт құрылысы жағынан шартты райлы құрмаласқа ұқсағанымен, алғашқы сөйлем – қыстырмалы сөйлем де, екіншісі – тұрақты тіркесті сөйлем. Мұндайда құрмалас баяндауышы құрамындағы шартты рай финитті тұлға ретінде танылады, дәлірек айтсақ, өзі жалғанған сөзге шарттылық мән беріп, қос компонент «шарт-нәтиже» ыңғайында құрылады.

Шартты рай формасы шартты, қарсылықты, салыстырмалы, мезгіл, түсіндірмелі, ыңғайлас мәнді құрмаластарды байланыстыру функциясында жұмсалады.

Шарт мәнді құрмалас: *Сен әлі жассың. Алдымен баллада жазып көр. Егер ұнаса, маған кел, – деп жауап берді Моцарт* (О.Бодыков).

Қарсылықты мәнді құрмалас: *Басқалар өзін көрсеткісі келсе, бұл көбінесе үндемейтін* (С.Сарғасқаев).

Салыстырмалы мәнді құрмалас: *Балапандарының тұмсығы тік болса, үлкендерінің тұмсығы имек келеді* («Парасат»).

Мезгіл мәнді құрмалас: *Көздері жәудіреп, беттері қызарған күйде лезде трамвайға енсе, алдында толық денелі орыс кондуктор тұр* («Ана тілі»).

Түсіндірмелі мәнді құрмалас: *Істеген ісіне ой жіберіп қараса, ол адалдықтан аттамаған* («Қазақ әдебиеті»).

Ыңғайлас мәнді құрмалас: *Анасы жұмысқа кіріссе, екі ортаға бұл жүгіруге жарап қалған* (О.Бодықов).

Құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыру амал-тәсілдері мұнымен бітпек емес. Тіл үнемі даму үстіндегі қоғамдық құбылыс болғандықтан, уақыт талабына сай сөйлем құрылымында, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыруда айтарлықтай өзгерістер болып тұратынын ғалымдар жоққа шығармайды.

3.5 Құрмалас сөйлемнің түрлері

3.5.1 Құрмалас сөйлемді топтастыруда қолданылатын ұстанымдар

Адам танымының кеңеюіне байланысты ойлау санаттары да, ойлаудың тікелей жемісі боп саналатын тіл де күрделену үрдісінен өтеді. Бұл сөйлем құрылысының күрделенуіне, мазмұны мен мағыналық қатынасының тереңдеуіне әкелетіні сөзсіз. Сөйлем құрылысының кеңейіп, мазмұнының күрделенуі тілдің абстрактілі таным процесінде, сондай-ақ оперативтік есінің кеңею мүмкіншілігіне де әсер ететіндігін ғалымдар көрсетіп жүр. Осындай үдерістер нәтижесінде қалыптасқан полипредикативті құрылымдардың негізі – жай сөйлемдер. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі құрмалас сөйлемдердің көпшілігі ауыз әдебиетінде де, ауызекі сөйлеу тілінде де қолданылып жүрген дәстүрлі құрылымдар ретінде танылады. Сонымен қатар ауызекі сөйлеу тіліне тән құрылымдардың өзгеруі негізінде пайда болған құрмалас сөйлемдердің ерекше типтері де қалыптасқаны байқалып отыр. Құрмалас сөйлемдердің көп жылдық зерттелу тарихына қарамастан (С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Қ.Есенов, Р.Әмір, Ұ.Сәлиева, О.Төлегенов, Қ.Мамытбеков және т.б.), тіл білімінің қазіргі даму жағдайында сөйлем құрылысы мен семантикасының арақатынасы, компоненттер сипаты мен оның құрмалас сөйлем сипатына тигізетін әсері синтаксистегі ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Сонымен қатар өткен ғасырдың соңғы ширегі мен жаңа ғасырда тіл ғылымы соны серпіліспен дамып, жаңа салалармен толығып, тың тұжырымдар, ағымдар мен бағыттар қалыптаса бастағанын атап өткен жөн. Солардың бастылары синтаксис ғылымындағы семантикалық синтаксис, коммуникативтік синтаксис, мәтін синтаксисі, функционалды синтаксис салаларына қатысты зерттеу еңбектері аталған ғылым саласын жан-жақты сипаттап, синтаксистің дәстүрлі грамматикада күңгірттеу көрінетін тұстарын айқындай түсетіндігі сөзсіз. Сонымен қатар жаңаның барлығы да алға шығып, прогрессивті сипатын сақтап

қалған емес. Ғылымда тек озық және прогрессивті идеялар ғана қалып, қалғандары уақыт өте ерте ме, кеш пе ұмытылып жатады [51, 3 б.]. Сондықтан да құрмалас сөйлемдерді топтастыруда қазақ тіл ғылымының бай тәжірибесі мен жаңа бағыттардағы үстем идеяларды синтездеу қажет. Алдымен қазақ тіл білімінде жиі қолданылатын ұстанымдарды саралайық:

1) **Құрылымдық ұстаным.** Құрмалас сөйлемді компоненттердің баяндауыш тұлғасына қарай салалас, сабақтас, аралас деп бөлу дәстүрі құрылымдық ұстанымға негізделеді. Шындығына келгенде бұл – морфологиялық ұстаным. Құрмалас сөйлемдерді топтастыру тікелей компоненттер баяндауышының морфологиялық құрылысына негізделеді. Ал құрылымдық ұстанымның нағыз үлгісі құрмалас сөйлемдерді компонент санына қарай жіктеу боп саналады.

2) **Семантика-грамматикалық ұстаным.** Өткен ғасырда доминант сипатқа ие болған бұл ұстанымның шынайы атауы – семантика-морфологиялық ұстаным. Алдымен морфологиялық ұстаным бойынша салалас, сабақтас құрмаластарға жіктеледі де, одан әрі салаластар жеке, сабақтастар жеке мағыналық қатынас ыңғайында ыңғайлас, қарсылықты, себеп-салдар, талғаулы, кезектес, шартты т.т. болып өз ішінде жіктеледі. Бұл ұстаным – қазақ тіл білімінің қалыптасуының алғашқы кезеңінен бастап күні бүгінге дейін қолданылып жүрген ұстаным.

3) **Функционалды ұстаным.** Қазақ тіл білімінің құрмалас сөйлемі тарихында А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев классификацияларында қолданылған, бірақ өткен ғасырдың 50 жылдарының аяғында «сөйлем мүшелерінің атауымен бірдей» деген желеумен қолданыстан шыққан, бірақ функционалды грамматиканың бой көтеруімен байланысты соңғы жылдары академик М.Серғалиев, профессорлар Р.Әмір, Т.Ермековалардың еңбектерінде қайта қолданысқа еніп келеді. Бұл топтастыруға негіз болатын – компоненттер арасындағы функционалды қатынас.

Аталған бұл үш ұстанымнан басқа да құрмалас сөйлемдерді жіктеудің түрлері бар. Салалас құрмалас сөйлемдер байланысу формасына қарай жалғаулықты, жалғаулықсыз (іргелес) болып бөлінеді де, сабақтастарды байланысу формасына қарай септеулікті, септеуліксіз сабақтастар деп жіктеуге болады. Салаластарды топтастыруда қолданылған жалғаулықты, жалғаулықсыз байланыс тәсілінің сабақтастардағы аналогиясы неліктен ескерусіз қалғандығы түсініксіз. Сондықтан құрмаластарды байланысу тәсіліне қарай синтетикалық, аналитика-синтетикалық және аналитикалық құрмаластар деп жіктеу де артық болмас еді.

Құрмалас сөйлемдерді баяндауышының қай сөз табынан жасалуына қарай есімді құрмалас сөйлемдер, етістікті құрмалас сөйлемдер деп бөлеміз. Аталған топтастырудың қай-қайсысы болмасын, қазақ тіл білімінде бірі жеткілікті, бірі аз мөлшерде болса да талданып жүр.

Құрмалас сөйлемді топтастыруда төмендегідей ұстанымдар басылыққа алынуы тиіс деп санаймыз:

1 Құрылымдық ұстаным. Құрмалас сөйлемді топтастыруда негізге алынатын басты ұстаным. Өйткені құрмалас сөйлемнің грамматикалық табиғаты тікелей құрылымға тәуелді. Бұл тұста белгілі ғалым Б.Шалабайдың пікірі құрылымдық ұстанымға негізделеді: «Құрмалас сөйлемнің құрылымдық типтерін анықтау жеңіл болу үшін алдымен, құрмаластарды компоненттердің санына қарай: жай құрмалас сөйлем, күрделі құрмалас сөйлем деп бөлген тиімді болады. Екі компоненттен құралған құрмаластарды жай құрмалас десек, үш не одан да артық компоненттерден құралғандарын күрделі құрмалас сөйлем қатарына жатқызамыз», – деп, одан әрі жай құрмалас сөйлемдерді салалас, сабақтас, ал күрделі құрмаластарды (үш немесе одан да көп предикативтік орталықтан құралған құрмаластарды) көп компонентті құрмаластар деп жіктейді.

2 Функционалды ұстаным. Кез келген синтаксистік бірлік синтаксистік қызмет нәтижесінде түзілетін синтаксистік қатынасқа негізделеді. Синтаксемалардың синтаксистік қатынасы негізінде түзілетін сөз тіркесінің компоненттерінің арасындағы синтаксистік қатынас түрлері анықталған: атрибутивтік, нысандық (объектілік), адвербиалдық қатынас. Ал сөйлемде – субъект-предикаттық қатынас.

Синтаксистік бірліктің түзілуінің негізгі шарты – синтаксистік қатынастың болуы. Жай сөйлем деңгейіндегі сөйлем мүшелері синтаксистік қатынас негізінде айқындалатыны шындық. Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш – сөйлемдегі компоненттердің бір-бірімен синтаксистік қатынасы негізінде қалыптасқан сөйлем мүшелері. Ал мұндай кез келген синтаксистік бірлікті құрайтын сыңарлардың арасында болатын қатынас құрмалас сөйлем компоненттері арасында жоқ па? Біздіңше, бар және оның бар екендігінің дәлелдемесі – кезінде А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаевтар жазған құрмалас сөйлемдер жіктемесі. Өткен ғасырдың елуінші жылдарының аяғында «сөйлем мүшелерінің атауымен бірдей» деген желеумен шығарылып қалған бұл жіктелім тіл бірліктерінің қызметіне негізделген. Сондықтан аталған ұстаным бойынша құрмалас сөйлемдерді екіге бөліп қарастырамыз:

1. Теңдік қатынастағы құрмаластар.
2. Айқындауыштық қатынастағы құрмаластар.
 - а) Атрибутивтік қатынастағы құрмаластар
 - ә) Нысандық қатынастағы құрмаластар
 - б) Адвербиалдық қатынастағы құрмаластар.
 - в) Субъект-предикаттық қатынастағы құрмаластар.

3 Функционалды-семантикалық ұстаным. Бұл ұстаным дәстүрлі грамматикадағы семантика-грамматикалық ұстаным мен функционалды

ұстанымның синтезіне сүйенеді. Дәстүрлі грамматикада қолданылған семантика-грамматикалық ұстаным бойынша салалас, сабақтас құрмаластардың мағыналық түрлерін біріктіріп, бір функционалды грамматиканың «мағынадан формаға» қағидасына сәйкес, құрмалас сөйлемдердің салалас, сабақтас түрлері белгілі бір семантикалық өріс аясында қарастырылады. Әрине, семантикалық өріс синтаксистік деңгейлердің (сөз тіркесі, сөйлем, мәтін) барлығын қамти алады. Бірақ біз өзіміз нысан етіп алған нысанымызға қарай құрмалас сөйлем компоненттері арасындағы семантикалық қатынастар аясында шоғырландыруды жөн деп таптық. Синтаксис ғылымындағы жаңа көзқарастар мен соны бағыттар жалпы құрмаластарды баяндауыштарының тұлғалық ерекшеліктеріне қарай емес, қос компоненттің арасында түзілетін мағыналық қатынасты негізге алып топтастыруды теріске шығармайды. Құрмаластарды салалас, сабақтас деп жіктеудің олқылығын бір кездері В.А.Богородицкийдің айтқан төмендегі пікірі нақтылай түседі: “Обычное деление всех предложений на сложносочиненные и сложноподчиненные страдает некоторой искусственностью, особенно когда стараются живое разнообразие языка уложить эти две произвольно, наперед указанные и слишком категорически ограниченные рубрики” [52, 229 б.].

Қазақ тіл біліміндегі грамматикалық санаттарды функционалды грамматика аясында жүйелеуде қарымды еңбегі бар, белгілі тіл маманы Б.Қапалбековтің: «Болашақта қазіргі қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі басқа қырынан, мағынадан оны жасаушы тұлғаларға қарай жүретін тәсілмен қарастырылатын болса, онда қарсы мәндегі сабақтас, салалас сөйлемдер бір деңгейге топтастырылатын болады», – деген тұжырымына [53, 720 б.] сәйкес, құрмаластың салаласа, сабақтаса байланысқан түрлері бір деңгейде қарастырылады.

Сөйлемнің семантикалық компоненттері жай сөйлемге де, құрмалас сөйлемге де ортақ. Құрмалас сөйлемдерде ішкі семантикалық қатынастармен бірге компонентаралық семантикалық қатынас та болады. Сөйлем іштей бірнеше мағыналық топқа жіктелетін негізгі семантикалық компоненттерден (субъект, предикат, нысан, атрибут, конкретизатор (нақтылауыш)) тұрады. Ал компоненттер арасында түзілетін семантикалық қатынасты екіге бөліп қараймыз: функционалдық және семантика-грамматикалық қатынастар. Аталған қатынастардың екеуінің түзілуіне де семантиканың ықпалы бар. Бірақ екеуіне әсер етуші қосымша факторлардың ықпалын ажыратып көрсету үшін дифференция ретінде осы ұстанымдар негізге алынды. Функционалдық ұстаным, бір жағынан, компоненттер арасындағы семантикалық қатынасқа негізделсе, екіншіден, осы компоненттердің бір-бірімен функционалдық қатынасына сүйенеді. Ал семантика-грамматикалық қатынастардың түзілуіне, сөз жоқ, семантика доминанттық роль атқарады, бірақ ол қатынасты тудырушы

тілдік көрсеткіштер де басты назарда болады. Сондықтан компоненттер арасындағы функционалдық қатынастардың нәтижесінде пайда болған құрмаластарды: теңдік қатынастағы құрмаластар, айқындауыштық қатынастағы құрмаластар (субъект-предикаттық қатынастағы құрмаластар, атрибутивтік қатынастағы құрмаластар, нысандық қатынастағы құрмаластар, адвербиалдық қатынастағы құрмаластар) деп жіктейміз де, семантика-грамматикалық қатынастардың нәтижесінде пайда болған құрмаластарды дәстүрлі грамматикада көрсетіліп жүргендегідей топтарға бөліп қарастырдық. Әрине бұл топтастырудың да өзіндік ерекшеліктері жоқ емес.

Алдымен, салалас, сабақтас деп бөліп қарастырылатын құрмаластар мағына ортақтығына қарай топтастырылды.

Екіншіден, тек қана салаласа (ыңғайлас, түсіндірмелі, талғаулы, кезектес) не сабақтаса (мақсат) байланысады деп көрсетілетін құрмаластарға байланыстың екі түрінің де ортақ болатындығын тілдік мәнбірлер нақтылап отыр.

Үшіншіден, компоненттер арасындағы семантика-грамматикалық қатынасты айқындауда грамматикалық тұлғаның шешуші роль атқармайтындығы, оған қосымша коммуникативтік талап, контекст пен конситуацияның атқаратын ролі де айқындалып отыр. Сол сияқты құрмаластың бір мағыналық тобы мен екіншісінің арасындағы функционалдық арақатынасы мәселесі де зерттей түсуді қажет етеді.

3.5.2 Құрмалас сөйлемнің құрылымдық түрлері

Құрмалас сөйлемдерді құрылымдық ұстаным негізінде топтастыруға қатысты: екі құрамды, көп құрамды // жай құрмалас, күрделі құрмалас сөйлем деп бөлу дәстүрі бар.

Қазіргі таңдағы тіл біліміндегі соны бағыттардың бірі – тілді жүйеленген, күрделі құбылыс ретінде қарастыру. Мәселеге осылай келудің дұрыстығын кезінде К.Аханов айтқан еді: «... тілді жүйелік қасиеті бар құбылыс, барлық элементтері бір-бірімен байланысты, өзара бағынышты (тәуелді) біртұтас (бір бүтін) құбылыс деп қарау тілдің табиғатын, бүтін мен оны құрастырушы бөлшектердің арақатынасын, атап айтқанда, бүтіннің оны құрастырушы бөлшектерге (тілдік элементтерге) тәуелділігін, керісінше, бөлшектердің бүтінге (тілдің бүтіндей жүйесіне) тәуелділігін айқындауға мүмкіндік береді. Тілдің жүйесін тілдік жеке құбылыстардың (тілдік элементтердің, бірліктердің) өзара байланысы тұрғысынан, бүтіннің өз ішіндегі жеке құбылыстарды бағындыруы, билеуі тұрғысынан зерттеу айрықша мәнге ие болады» [54, 68 б.].

Мәселеге осы тұрғыдан келу диалектика заңдарымен де үндеседі. Бүтін мен бөлшектің арасындағы қатынас қағидасы тілтанушылар наза-

рынан да тыс қалған емес. Кезінде А.Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» оқулығында осы қатынасты төмендегідей жүйемен берген болатын:

Сөйлеу мен сөйлем

Сөйлем мен сөз

Сөз бен буындар

Буын мен дыбыс [1, 176-178 бб.].

«Бүтін мен оның бөлшегі» түрінде берілген бұл тақырыптар негізінде тіл бірліктерінің байланысы ғана көрсетілмеген, бүтінді құрауға негіз болған бөлшек немесе компонент дегеніміз не деген сұрақтың жауабы да тұр.

Біз өз кезегімізде «компонент» деген ұғымның мәнін ашуға тырысайық. Тіл білімінде осымен мәндес «бөлшек», «сыңар», «бірлік» деген ұғымдар да бар. Бірақ оның бір де бірі компонент ұғымының мағынасын дәл бере алмайды.

Бөлшек – бүтіннің бөлігі, өзіне тән нақтыланған қызметі, белгілері жоқ болғандықтан, тіл білімінде терминдік дәрежеге көтерілмеген. Компонент өз ішінде бірнеше бөлшектен де құралуы мүмкін.

Сыңар – екінің бірі. Ал компонент саны тек екеу емес, бірнеше болуы да мүмкін.

Бірлік ұғымының аясы кең. Ол, бір жағынан, бір бүтіннің бөлшегі бола отырып, екінші жағынан, бірнеше компоненттен құралуы да мүмкін.

Мәні жағынан компонент ұғымына ең жақыны – «құрам» лексемасы. Қазіргі бір негізді, екі негізді жай сөйлем түрлері бір кездері «бір құрамды», «екі құрамды» деп аталғанын жақсы білеміз. Бірақ «бір құрам», «екі құрам» атауларының жай сөйлемнің бұл түрлерінің табиғатын аша алмайтынын дәлелдеген ғалымдардың пікірінен соң, сөйлем атауы өзгертіліп, «бір негізді», «екі негізді» сөйлем түрінде ғылыми айналымға енгені белгілі. Сол сияқты құрмалас сөйлем құрамындағы компонент ұғымын да «құрам» сөзі дәл бере алмайды. «Құрам» сөзінің «Түсіндірме сөздіктегі» мәні - *бір бүтін нәрсенің барлық бөлшектері, жиынтығы*. Дәлірек айтсақ, құрам сөзінің мәні бөлшектерден құралған бүтін дегенге саяды, сондықтан тіліміздегі құрмалас сөйлемдерді екі құрамды құрмаластар, көп құрамды құрмаластар деген атауын қалдырған жөн сияқты көрінгенімен, оның құрамындағы сыңарларын құрам деп атауға тағы келмейді, өйткені «құрам» сөзінің семантикасында жиынтық мәні (бөлшектердің жиынтығы) басым. Оның үстіне «құрмалас сөйлемнің бірінші құрамы», «құрмалас сөйлемнің екінші құрамы», «құрмалас сөйлемнің үшінші құрамы» т.т. атауларға тілдік дағды қалыптаспаған. Ал «компонент» сөзінің «Түсіндірме сөздіктегі» мәні - *бір нәрсенің құрамды бөлшегі*. Бұдан байқағанымыздай, құрам лексемасына жиынтық, ал компонент лексемасына бөлшек мәні тән. Сондықтан құрмалас сөйлемдерді құрауға негіз болатын сөйлемдерді компонент (мысалы: бірінші компонент,

екінші компонент т.т.), ал құрмалас сөйлемдерді, жоғарыда айтылғандай, құрамындағы компонент санына қарай екі құрамды құрмаластар, көп құрамды құрмаластар деп бөлінеді.

Синтаксистік бірліктердің қай-қайсысы да оның құрамындағы элементтерге немесе оның құрылуы мен қалыптасуына негіз болатын компоненттерге тәуелді.

Алдымен, компонент дегеніміз не деген сұрақтың жауабын іздеуіміз керек. Сөйлемнің құрамындағы кез келген сөз оның компоненті болып санала ма? Әдетте компонент күрделі бірлікті құрастырушы сыңар, элемент ретінде ұғынылады. Бірақ күрделі тілдік бірлік құрамындағы кез келген сөз оның компоненті болып саналмайды.

Әртүрлі тілдік бірлікте оны құраушы компонентті ажыратудың өзіндік ұстанымы бар. Мысалы:

- сөз тіркесі деп аталатын синтаксистік бірліктің компоненті - тек қана толық мағыналы сөздер, ал лексикалық мағынасы жоқ не солғындаған сөздер жеке тұрып сөз тіркесінің компоненті бола алмайды;

- сөйлемнің (жай) компоненті – сөйлем мүшелері, мұнда да сөйлем ішіндегі кез келген сөз сөйлем мүшесі ретінде танылмайды, сөйлем мүшесі болу үшін белгілі бір сұрауға жауап беретін толық мағыналы сөз болумен бірге сөйлемдегі өзге сөздермен грамматикалық байланысқа түсуі қажет. Осы секілді құрмалас сөйлем компоненттерінің де өзіндік ерекшеліктері айқындалуы тиіс.

Сөз тіркесі мен жай сөйлем құрамындағы кез келген сөздің оны компоненті болу дәрежесіне көтеріле алмайтыны секілді қазіргі тілдік танымда құрмалас сөйлем компоненті деп аталып жүрген сыңарлардың (немесе жай сөйлемдердің) бәрі бірдей компонент бола алмайды [55, 248 б.]. Біз бұған жай сөйлемнің компоненті ретінде сөйлемнің окшау бөліктерін де қосамыз. Өйткені окшау сөздер грамматикалық жағынан сөйлемнің өзге мүшелерімен байланысқа түспегенімен, семантикалық байланыста болады.

Расында да сөйлем құрамындағы кез келген сөзді компонент деп тану күмән туғызады. *Мысалы: Менің ойымша, біз өзің айтқан жерге келіп қалған сияқтымыз* деген сөйлем құрамында тоғыз сөз бар. Бірақ оның барлығы сөйлем мүшесі емес. Сөйлемде бес сөз тіркесімі (біреуі – сөйлем, қалғандары – сөз тіркесі) бар:

Менің ойымша

біз келіп қалған сияқтымыз

өзің айтқан

айтқан жер

...жерге келіп қалған сияқтымыз

Ал сөйлем мүшесі төртеу, бірақ жоғарыдағы тіркесімдермен сәйкес келмейді:

біз – бастауыш

келіп қалған сияқтымыз – баяндауыш

өзің айтқан – анықтауыш

жерге – пысықтауыш.

Бұл жоғарыда айтылған әр синтаксистік бірліктің өзіне тән компоненті болады деген тұжырымды нақтылай түседі. Ендігі айқындайтын мәселе мынау:

(1) Егер сөйлемде қанша сөз болса, оның барлығы компонент болады деген қағидаға сүйенсек, жоғарыдағы сөйлемде тоғыз түрлі компонент болар еді.

(2) Егер сөйлем компоненті сөз тіркестері деген тұжырымды басшылыққа алсақ, біз келтірген сөйлемде бес компонент болады.

(3) Ал егер сөйлем мүшелері – сөйлемнің негізгі компоненті деген қағидаға сүйенсек, сөйлемде төрт компонент бар.

Алғашқы қағиданың жаңсақ екендігі бәрімізге түсінікті. Өйткені толық лексикалық мағынасы жоқ сөздің компонент бола алмайтыны анық. Екінші қағида шындыққа жақынырақ, бірақ бұл да дәл емес. Сөйлем құрамындағы сөздердің тіркесу өнімділігі әртүрлі. Бір сөздер бағындыру қабілетінің күштілігі арқасында өзіне бірнеше сөзді бағындыруы мүмкін немесе керісінше кейбір сөздер бір ғана сөзді бағындырады. Біздің мысалымыздағы *келіп қалған сияқтымыз* бірлігі екі бірдей сөзді бағындырып тұр. Ал *айтқан* сөзі бірде сөзді өзіне бағындырса, екіншісінде өзі келесі сөзге бағынып тұр. Бұл, сөз жоқ, компонент ұғымын айқындауда ұғымды күрделендіріп жібереді. Үшінші қағида бойынша сөйлемде төрт компонент бар. Бірақ оқшау сөз сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайтындықтан, сөйлем компоненті емес деген пікір де біржақты. Келесі қағида ақиқат деп айтуға негіз бар. Өйткені сөйлемді оның мүшелену деңгейі арқылы ажыратамыз. Сонда синтаксистік бірлік компоненті дегеніміз құрылым бойындағы кез келген сөз не оның тіркесі емес, аталған құрылымды құрауға негіз болатын басты бөлшектер.

Сөйлемнің грамматикалық компонентіне тән белгілер:
лексикалық мағынаны, соның нәтижесінде грамматикалық мәнді білдіруі;

грамматикалық байланысқа түсіретін формасының (нөлдік болуы да мүмкін) болуы;

синтаксистік қатынасқа түсу қабілеті.

Бұл аталғандар дәстүрлі грамматика тұрғысынан талданды және мұны сөйлемнің грамматикалық компоненттері деп қана түсінуіміз керек. Ал сөйлем тек грамматиканың ғана нысаны емес, оның семантикаға да, коммуникацияға да қатысы бар. Сондықтан семантика мен грамматика бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар десек те, олардың санаттары мен ұғымдарын бір-бірінен ажырата қолдануымыз қажет.

Дәстүрлі грамматика ұстанымдарына сүйенсек, сөйлем мүшелері – сөйлемнің грамматикалық компоненттері. Олар: бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш. Құрылымдық грамматиканың зерттеу нысанына сәйкес, сөйлем мүшелері біраз зерттелді, олардың түрлері айқындалып, тұрақталды. Десе де қолданыс үстінде грамматикалық форма өзінің негізгі грамматикалық мәнінде емес, сөйлеу жағдаятымен байланысты екінші бір мағынаны білдіруі мүмкін екендігін ғалым З.Ерназарова төмендегідей мысал арқылы дәйектейді: «Мысалы, автобус ішінде: *«Жол ақысын төлейміз. Дайындаламыз!»* деген сөйлемдердегі көсемше формалары ауыспалы келер шақты емес, бұйыру мәнін сыпайы жеткізуге қызмет етіп тұр. Жак санатының I жақта (біз) көпше түрде берілуі және оның автобус ішінде айтылуы тыңдаушыларды әрекетке итереді. Ауыспалы келер шақтың бұйыру мәнін жеткізуі сөйлеу жағдаятымен байланысты ақпараттарға тәуелді болып тұр» [56, 52 б.]. Бұдан байқағанымыздай, сөйлемнің грамматикалық компоненттерінің де өзіндік ерекшеліктері болады. Әсіресе жұмсалым барысында санаттық жағдаят пен жағдаяттық ақпарат сөйлемнің грамматикалық компоненттерінің көрінісіне ықпал етеді. Мысалы: *Базар іші. Ерсілі-қарсылы жүрген адамдар. Шағын арбасын жетектеген жігіт айғайлап келеді: – Көже! Салқын көже!*

Жігіт – сатушы. Ол салқын көжені алуды ұсынып тұр. Сөйлемде «алыңыз!» деген етістіктен жасалған баяндауыш компонент жоқ. Базардағылардың жағдаяттық ақпараттан хабардар болуына байланысты аталған компонент қатыспаса да, ой түсінікті.

Ал құрмалас сөйлемге қатысты оның компоненттерін ғалымдар әртүрлі талдап түсіндіреді. Ғалымдардың бір тобы оны құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлем (Н.Сауранбаев, Г.А.Абдурахманов, А.Нажимов т.б.) десе, екіншілері предикативтік бірліктерді біріктіретін құрылым (Г.Ф.Калашникова, Г.Садирова), үшіншілері форманттың күрделі бөліктің құрылыс материалы (Г.П.Уханов, М.В.Симулик, О.Төлегенов) деп түсіндіреді. Біздің ойымызша, талас тудырмайтын айқын мәселе құрмаластағы компоненттердің күрделі бөліктің құрылыс материалы екендігі, ал оның құрылыс материалы, сөз жоқ, жай сөйлемдер. Жай сөйлемнен кіші тілдік құрылымның ешқайсысы да құрмалас сөйлемге дербес компонент бола алмайды. Бірақ құрмаласқа енген әрбір жай сөйлемдерді өзара мағыналық қатынастары бар сөйлемдер деп ұғыну керек. Өйткені күрделі ойды білдіру үшін тіркесетін сөйлемдер өзара мағыналық бірлікте болғанда ғана тіркесе алады. Мұның өзі басты фактор болуға тиіс. Әдеттегі жай сөйлемдерге қарағанда негізгі бір айырмашылығы – осы [57, 233 б.]. Расында да құрмалас сыңарларын жеке сөйлемдер ретінде емес, оны синтаксистік бір бүтін етіп тұратын тілдік тәсілдер тұрғысынан қарастырған жөн. Бұдан компоненттерді саралай қарауға болмай-

ды деген пікір тумаса керек. Өйткені сөйлемнің логикалық жүйесі, синтаксистік мағынасы, коммуникативтік мақсаты – бәрі-бәрі оны құрайтын элементтерге тікелей қатысты. Бұл жөнінде М.Балакаев: «Құрмалас сөйлем мағыналық және тұлғалық жақтарынан алғанда жалпы алғанда тұтас бір бүтін болғанымен, ол жеке сөйлемдерден құралады. Алайда сол жеке сөйлемдер құрмаластың карамағында мағыналық және интонациялық тиянақсыз қалыпқа түседі. Әдеттегі жай сөйлемдерге карағанда негізгі бір айырмашылығы – осы [12, 219 б.].

Құрмалас сөйлемге қатысты түпкілікті маңызы бар мәселенің бірі – компонент және жай сөйлем ұғымдарының арақатынасы. Құрмалас сөйлемнің құрылымдық бірлігі ретінде жай сөйлемдерді танығанымызбен, кез келген жай сөйлем компонент дәрежесіне көтеріле ала ма? Егер осы мәселе айқындалса, ортақ субъектілі құрылымдар мәселесі де шешілер еді.


Ал құрмаластардың компоненті өзара субъект-предикаттық қатынасқа негізделген жай сөйлемдер (предикативті бірліктер) болуы тиіс. Ал мұндай қатынасқа жетпеген немесе ортақ субъектілі жай сөйлемдердің байланысы құрмалас сөйлем деп аталатын күрделі тілдік бірлікті өздігінен құрай алмайды. **Құрмалас сөйлем компоненті – кез келген жай сөйлем емес, әрқайсысы субъект-предикаттық қатынасқа негізделген, өзара мағыналық-интонациялық тұтастықта қолданылатын жай сөйлемдер.**

Осы тұста профессор Ж.Жақыповтың «Біз субъект-предикаттық қатынасты сол окшау алынған сөйлемнен, сөйлемнің аясынан ғана емес, контекст, шумақ, мәтін сияқты супрасинтаксистік көлемнен де, жағдаяттан да іздейміз», - деген пікірін қуаттай отырып [58, 11 б.], жасырын субъектілі немесе субъектісі конситуация арқылы айқындалатын, бірақ дербес алғанда бір негізді болып саналатын сөйлемдерді де құрмалас сөйлемнің компоненті деп санаймыз. Ал ортақ субъектілі күрделенген сөйлем құрмаластың бір компоненті болумен ғана шектеледі, мұндай құрылымды құрмалас деп тану үшін өзара субъект-предикаттық қатынасқа негізделген кемінде тағы бір компонент қажет болады.

Сонымен, құрмалас сөйлемнің құрылымдық түрлерін мына кестеден көруге болады:

1-сурет. Құрмалас сөйлемнің түрлері





3.5.3 Екі құрамды құрмаластар: түрлері және түйткілді мәселелер

Жалпы құрмалас сөйлемнің компоненті деп қандай сөйлемді тану керек? Ортақ бастауышты сөйлемдерді құрмалас сөйлем деп танимыз ба? Әлде мұндай ұстанымды құрмалас түрлеріне саралай қолданған жөн бе? Бұл сұрақтар – қазіргі құрмалас сөйлемдер синтаксисіндегі ең өзекті мәселелердің бірі. Аталған проблеманы шешу үшін қазақ тіл білімінде талай пікірталастар өрбіді.

Қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлемге байланысты ең айқын, шешімін тапқан мәселе – тұтас сөйлем құрамындағы компоненттердің салаласа және сабақтаса байланысуы. Алғашқы компонент баяндауыш формасының тиянақты, тиянақсыздығына қатысты бұл мәселе толық шешімін тапқанымен, қандай сөйлемді құрмалас сөйлем деп танимыз, оралымды сөйлемдерден айырмашылығы қандай деген мәселелер әлі де айқындауды қажет етеді. Бұл, әсіресе, сабақтас құрмалас сөйлемдерге қатысты. Өйткені құрмалас сөйлемдегі айқындалмаған мәселелердің көпшілігі оның сабақтас түрімен байланысты келеді. Сабақтас сөйлемнің құрмаласуы оның бағыныңқы компоненті арқылы қалыптасады. Түркітанушы ғалымдар арасында бағыныңқы сөйлемдерді ажыратуда пікір алшақтықтары орын алып келеді. Аталған мәселе алғаш рет 1956 жылы түркітанушылардың Алматы қаласында өткен жиынында арнайы талқыланып, кейін 1958-1959 жылдары «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында жалғасын тапты. Ғалымдардың бірінші тобы бағыныңқы сөйлемді айқындауда бастауыш меже бола алмайды дейді де, олар сөйлемнің сабақтас екенін ажыратуда бастауышты негізгі тірек қылмай, баяндауышқа арқа сүйейді. Сондықтан олар сөйлем компоненттерінен айырым бастауыштарды талап етпей, баяндауыш мүшенің болуын басшылыққа алады. Мұндай ілімді жақтаушылардың қатарына Н.П.Дыренкова, А.Н.Баскаков, Т.А.Бертагаев, А.З.Абдуллаев, С.А.Аманжолов, М.Б.Балақаев т.б. жатқызуға болады. Олар бағыныңқы сөйлемнің критеріін айқындауда баяндауыш мүшені ең басты меже ретінде ұсынып, бастауыштың әр компонентте болуын міндетті етпей, ортақтаса айтылуын көрсетеді. Ғалымдардың екінші бір тобы бастауышты бағыныңқы сөйлем түрлерінде саралай қолдануды ұсынады (Г.Сагибатталов, А.М.Пешковский, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, Ғ.Бегалиев т.б.). Олар бағыныңқы сөйлемнің

бір түрлерінде бастауыштың болуын шарт деп қараса, енді бірінде оны міндетті деп санамайды. Бағыныңқы сөйлемдегі бастауышты саралай қарау ортақ бастауыш ілімімен байланысып жатады, яғни бағыныңқының кейбір түрлерінде ортақ бастауыштың болуын теріске шығармайды. Айталық, С.Жиенбаев ортақ бастауышты құрмаласқа шартты бағыныңқыны, Ғ.Бегалиев шартты, қарсылықты бағыныңқыларды, Н.Т.Сауранбаев шартты, қарсылықты және мақсат бағыныңқыларға тұрлаулы мүшелердің қажет екендігін көрсете отырып, кейде бастауыштың сөйлем компоненттеріне ортақ болып келетіндігін де айтады.

Ғалымдардың үшінші тобы бағыныңқылардың барлық түрінде бастауыштың міндетті болуын жақтайды. Профессорлар Г.Абдурахманов, М.З.Закиев, Т.Қордабаев, Қ.Есеновтер қолдаған бұл көзқарас бойынша құрмалас сөйлемнің әр компонентінде бастауыш-баяндауыштық қатынастың болуы шарт. Тіпті жіктік жалғауында қиыса айтылған шартты бағыныңқының өзінің де басыңқы компоненттен бөлек бастауышы болуын талап етеді. Егер сөйлемде қимыл иесі ортақ болса, ондай сөйлемді жай сөйлем құрамында қарау керек екендігін көрсетеді. Қазақ тілінде мұндай сөйлемдерді Қ.Есенов жай сөйлемнің күрделенген түрі деп атайды.

Бұл жайт қазақ тілі бағыныңқыларын саралауда “предикаттық қатынас” болсын деген тұжырымның бір жақты екендігін көрсетеді, сондықтан бағыныңқы сөйлем субъект-предикаттық қатынасқа негізделуі керек. Сабактас құрмалас сөйлемді айқындауда бұл басты меже болып саналады.

Ғалым Қ.Есенов пен оның шәкірттері зерттеген есімше оралымды, көсемше оралымды күрделенген сөйлемдердің ғылыми айналымға енгенін біле тұра, осындай құрылымды сөйлемдерді әлі де құрмалас сөйлем деп тануымыз оқушы тұрмақ, ғалымдарды да шатастыруда. Сондықтан құрмалас сөйлемді тануда субъект-предикаттық қатынастың болуын міндетті деген ұстаным осындай олқылықтардан арылуға септігін тигізеді.

Егер құрмалас сөйлемді кемінде екі жай сөйлемнің салаласа не сабактаса байланысуы деген қағидаға сүйенсек, құрмалас құрамындағы атаулы сөйлемдер де, бөлшектелген сөйлемдер де, осы секілді күрделенген сөйлемдер мен телінбе компонентті құрылымдар да сол талапқа жауап береді. Егер күрделенген сөйлемдерді бір компонентінде субъект-предикаттық қатынасы бар, екіншісі жартылай предикаттық қатынасқа құрылғандықтан, құрмалас сөйлемдер аясында қарастыруға келмейтін тілдік құрылым деп танитын болсақ, жоғарыда аталған сөйлемдерді сол деңгейде қарастырған жөн. Өйткені құрмалас сөйлемге тән деп саналатын «әр компоненттің субъект-предикаттық» қатынасының болмауы бұл мәселеге байыппен қарауды талап етеді.

Қазақ тіл білімінде күрделенген сөйлем мәселесі де біршама зерттелді. Профессор Қ.Есенов бір бастауышка телінген сөйлемдерді күрделенген сөйлемдер деп таниды. Мысалы: *Ақсүйектің ақсүйегі саналған перғауындар, негізінен, елдің ішкі және сыртқы саясатына араласып, биліктің екі тізгінін, бір шылбырын қолдан шығармаған. Мұнда перғауындар – екі сөйлемде айтылған ойға ортақ субъект әрі бастауыш.*

Ал жақтық тұлғадағы, соған сәйкес субъект-предикаттық қатынасқа негізделген, бір негізді құрылымдардың барлығы құрмалас сөйлемнің компоненті бола алады. Мысалы:

Ә, бәлем, қытығыңа тидім-ау деймін, қызараңдауын! (С.Сарғасқаев).

Келе алмасаң, амал не, аулымызға қарай қайқая береміз! Ұяты өзіңе келіп жүрсе, өкпелемессің! (Ғ.Мүсірепов).

Осыған орай, екі компонентті құрмалас сөйлем мен оны құраушы компоненттердің қатынасын төмендегідей формуламен беруге болады:

а) $S + P / S + P$: *Нәтижесінде, XIV-XV ғасырларда қазіргі Қазақстан аумағында тұрақтап қалған қазақ халқы қалыптасып, мұнда хандық билік нысанындағы феодалдық мемлекет орнықты (ҚР мемлекеті мен құқығының негіздері).*

ә) $S_0 + P / S + P$: *Осы бір кішкене тірлікте араласып тұрдық, Бәкең үйімізде талай болған-ды (Т.Төреханов). S_0 - біз*

б) $S + P / S_0 + P$: *Бала-шағаңыз аман-есен келіп, көзайым болдыңыз ба? (М. Қожахметова). S_0 - сіз*

в) $S_0 + P / S_0 + P$: *Шаршадым білем, (S_0 – мен)*

Жантая кеткім келеді (М.Мақатаев). (S_0 - менің)

Мұндағы S – субъект, P – предикат, S_0 – нольдік субъект, яғни лексикалық тәсілмен берілмеген субъект. Бұл субъект контексте өзге сөйлемнің құрамында тұруы да мүмкін. Сондай-ақ бір субъектілі дубль-бастауышты сөйлемдер де құрмалас сөйлем ретінде танылады.

Ал төмендегі формуламен берілген сөйлемдер құрмалас сөйлем бола алмайды:

а) $[S + P] + P$: *Пайда болған мемлекеттер шығыстың деспоттық үлгісімен құрылды және өзінің қол астындағы азаматтарына айтарлықтай билік жүргізе алатын (ҚР мемлекеті мен құқығының негіздері).*

ә) $S + [S / S_0 + P]$: *Шалқып-толқыған әлди-әлем, әлди-жер, сонда бүткіл аң-құс, жануар жасыл баққа жиналып сырласады (М.Қожахметова).*

б) $[S / S_0 + P] + S$: *Қағынан жеріді деп қарғама, ата қоныс, қара қыстау! (Қ.Жұмаділов).*

в) $X + [S / S_0 + P]$: *Неге екені белгісіз, сол күні терістіктен қатты жел соқты (Д.Досжан).*

г) $[S/S_0 + P] + X$: *Өзіңді көріп, жастығымды сағындым, толқыны дөңбекшіген Сырдария... (О.Бодықов).*

Мұндағы тік жақша субъект-предикаттық қатынастағы компонентті бейнелейді. А тобына ортақ субъектілі құрылымдар, Ә, Б тобына субъектілік ыңғайдағы жай сөйлемдер мен субъект-предикаттық қатынастағы жай сөйлем тіркесімі жатады. В, Г топтарындағы Х айнымалысы негізгі сөйлемге қатысы бар, бірақ құрмалас сөйлемнің жеке компоненті ретінде танылмайтын құрылымдар. Бұл іспеттес құрылымдарды ғалым Р.Әмір телінбе компонентті құрмаластар деп таниды.

Екі компонентті құрмаластардың компоненттері өзара салаласа не сабақтаса байланысады.

Салалас құрмаластардың баяндауыш формалары тиянақты тұлғада тұрады. Дәлірек айтсақ, тұлғалық тиянақтылығы айқын сөйлемдер. Бірақ бір бүтіннің құрамындағы бөлшек болғандықтан, мағыналық тиянақтылық бола бермейді, бірінші компонент пен екінші компонент арасында екі компоненттің байланысын айғақтайтын элементтер болады. *Мысалы: Ағайын – ащы, мал – тұщы. Ағасы ақылдының ауылы азбайды, Жеңгесі шебердің жеңі тозбайды. Бақытжан үйде жоқ еді, ал менің қастарына барып тұра қалуға ынтыққанымды айтпаңыз (З.Ахметова).*

Салалас құрмалас компоненттерін байланыстыруда лексика-семантикалық тәсілдердің (мағыналық тұтастық, есімдік, үстеулер (қатыстық сөздер, анафоралық, катафоралық элементтер), лексикалық қайталау, ықшамдау, ассоциативті синонимдік байланыстар, ассоциативті антонимдік байланыстар), сондай-ақ аналитикалық-синтетикалық тәсілдердің ішінде орын тәртібі мен интонация, шылаулардың ролі зор. Ал грамматикалық (синтетикалық) тәсіл, негізінен, сабақтас құрмаласқа тән боп саналады.

Ал **сабақтас құрмалас** сөйлемдердің бағыныңқысының баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, басыңқы сыңармен байланысады. Салалас пен сабақтастың арасындағы айырмашылық – олардың компоненттерінің құрмаласу тәсілінде, мағыналық байланыстарында, интонациялық құбылыстарында, компоненттердің негізгі екі мүшесінің бір-бірімен синтаксистік қатынастарында, әсіресе компоненттердің баяндауыш формасында.

Сабақтас сөйлемнің құрмаласуы оның бағыныңқы компоненті арқылы қалыптасады. Түркітанушы ғалымдар арасында бағыныңқы сөйлемдерді ажыратуда пікір алшақтықтары орын алып келеді. Ғалымдардың бірінші тобы бағыныңқы сөйлемді айқындауда бастауыш меже бола алмайды дейді де, олар сөйлемнің сабақтас екенін ажыратуда бастауышты негізгі тірек қылмай, баяндауышқа арқа сүйейді. Сондықтан олар сөйлем компоненттерінен айырым бастауыштарды талап етпей, баяндауыш мүшенің болуын басшылыққа алады. Мұндай ілімді жақтаушылардың қатарына Н.П.Дыренкова, А.Н.Баскаков, Т.А.Бертагаев, А.З.Абдуллаев,

С.А.Аманжолов, М.Б.Балақаев т.б. жатқызуға болады. Олар бағыныңқы сөйлемнің критерийін айқындауда баяндауыш мүшені ең басты меже ретінде ұсынып, бастауыштың әр компонентте болуын міндетті етпей, ортақтаса айтылуын көрсетеді. Ғалымдардың келесі тобы бастауышты бағыныңқы сөйлем түрлерінде саралай қолдануды ұсынады (Г.Сағибаталов, А.М.Пешковский, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, Ғ.Бегалиев т.б.). Олар бағыныңқы сөйлемнің бір түрлерінде бастауыштың болуын шарт деп қараса, енді бірінде оны міндетті деп санамайды. Бағыныңқы сөйлемдегі бастауышты саралай қарау – ортақ бастауыш ілімімен байланысып жатады, яғни бағыныңқының кейбір түрлерінде ортақ бастауыштың болуын теріске шығармайды. Айталық, С.Жиенбаев ортақ бастауышты құрмаласқа шартты бағыныңқыны, Ғ.Бегалиев шартты, қарсылықты бағыныңқылы, Н.Т.Сауранбаев шартты, қарсылықты және мақсат бағыныңқыларды сөйлемдегі тұрлаулы мүшелердің қажет екендігін көрсете отырып, кейде бастауыштың сөйлем компонентінде ортақ болып келетіндігін де айтады.

Ғалымдардың үшінші тобы бағыныңқының барлық түрінде бастауыштың қажеттігін көрсетеді. Мұндай көзқарасты М.З.Закиев, Т.Қордабаев, Қ.Есеновтер қолдайды. Олар құрмалас сөйлемнің әр компоненттерінде бастауыш-баяндауыштық қатынастың болуын жақтайды. Тіпті жіктік жалғауында қиыса айтылған шартты бағыныңқының өзінің де басыңқы компоненттен бөлек бастауыш болуын талап етеді. Егер сөйлемде қимыл иесі ортақ болса, ондай сөйлемді жай сөйлем құрамында қарау керек екендігін көрсетеді. Қазақ тілінде мұндай сөйлемдерді Қ.Есенов жай сөйлемнің күрделенген түрі деп атайды.

Бұл жайт қазақ тілі бағыныңқыларын саралауда “предикаттық қатынас болсын деген тұжырымның бір жақты екендігін көрсетеді, сондықтан бағыныңқы сөйлем” субъект-предикаттық қатынасқа негізделуі керек. Сабактас құрмалас сөйлемді айқындауда бұл басты меже болып саналады.

Сонымен, сабактас құрмаластың бағыныңқы компонентін айқындауда мынадай белгілер негізге алынады:

– компоненттің белгілі шамада сөйлемдік мағына дербестігі болады, яғни бұл компонент;

– тұлғалық жағынан тиянақсыз болғанымен, толық сөйлемдік мағынаға ие болады;

– баяндауыш формасы есімше, көсемше, шартты рай тұлғаларымен бірге шылаулардың тіркесуі арқылы жасалып, шартты рай тұлғалы баяндауыштан басқасы өз бастауыштарымен жақтаспайды;

– бағыныңқы компонент дербес бастауышты болады;

– бағыныңқы компонентке тән интонация тиянақталмаған интонация.

Сабактас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің баяндауышы төмендегі формада тұрады:

а) көсемше

ә) есімше

б) шартты рай және басқа етістік, есім формалары.

Жай сөйлемдерді құрмаластыру амал-тәсілдерінің аталған түрлері автономды, жеке тұрып қана белгілі функция атқаратын форма емес, қайта бұл тәсілдер бір-бірімен ұштасып, бірін-бірі толықтырып отырады, нәтижесінде бір-бірімен әрі семантикалық, әрі тұлғалық жағынан үйлесе байланысқан құрмаластар қалыптасады. Тіліміздегі құрмалас сөйлемдер аталған тәсіл түрлерінің бірі не бірнешеуі арқылы байланысады.

Құрмалас сөйлемнің салалас түрі мен сабақтас түрлерінің арасында мынандай өзгешеліктер бар:

– салалас құрмалас сөйлем компоненттерінің баяндауыштары тұлғалық жағынан тиянақты формада айтылады да, сабақтас құрмалас сөйлем компоненттерінің алдыңғылары тиянақсыз формада айтылып, тек соңғысы ғана тиянақты формада болады;

– салалас құрмаластың баяндауыштары тең дәрежеде, теңдік катынаста тұрып, салаласа байланысса, сабақтас құрмаласта бағыныңқы компонент баяндауышы басыңқы компонент баяндауышына бағына байланысады;

– салалас құрмаластың жай сөйлемнен кейін болатын интонациялық кідірісі едәуір тиянақты болады да, сабақтас құрмалас сөйлем компоненттері арасындағы интонация тиянақсыз, елеусіз, көбінесе ұласпалы болып келеді;

– салалас құрмалас компоненттерінің баяндауыштары өз бастауыштарымен қиыса байланысса, сабақтас құрмалас сөйлем компоненттерінің баяндауыштары өз баяндауыштарымен үнемі қиыса бермейді;

– салалас құрмалас сөйлем компоненттерін бір-бірімен құрмаластыру үшін жалғаулық шылаулар қолданылады, ал сабақтас құрмалас сөйлем компоненттерін құрмаластыруда септеулік шылаулар қолданылады;

– салалас құрмалас сөйлемнің бірінші компоненті екінші компонентке тұлғалық жағынан тәуелсіз болып келсе, сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компоненттерінің көпшілігі өзі бағынып тұрған компонентке тұлғалық жағынан бағынышты болып келеді. Ал салалас, сабақтас құрмаластардағы мағыналық тәуелділік немесе тәуелсіздік компоненттер арасындағы синтаксистік қатынастар негізінде анықталып, функционалдық-семантикалық топтардың түзілуіне ықпал етеді.

3.5.4 Көп компонентті құрмаластар

Құрамындағы компоненттер саны екіден көп болатын көп компонентті құрмалас сөйлемдердің екі компонентті құрмаластардан басты

айырмашылығы – құрамындағы компоненттердің санында. Үш немесе одан да көп компоненттерден құралып, ол компоненттер бір-бірімен өзара салаласа не сабақтаса немесе осы екі байланыс түрінің араласа келуі арқылы байланысады. Осыған орай оның үш түрі бар:

- 1) Көп компонентті салаластар;
- 2) Көп бағыныңқылы сабақтастар;
- 3) Аралас құрмаластар.

Көп компонентті салаластар. Өзара салаласа байланысатын үш немесе одан да көп компоненттердің бір сөйлемге ұйысуы нәтижесінде қалыптасқан көп компонентті салалас құрмаластардың екі компонентті құрмаластардан басты ерекшелігі – компонент санында болса, көп компонентті өзге құрмаластардан айырмашылығы – құрамындағы компоненттерінің бір-бірімен тек қана салаласа байланысуында. Бір салалас сөйлем құрамында да үш одан да көп жай сөйлемдер келе алады. Мұндай көп компонентті салалас сөйлемдерді компоненттерінің бір-бірімен мағыналық қатынастарына қарай атау мүмкін емес. Өйткені ондағы компоненттердің бір-бірімен мағыналық қатынастары әртүрлі болып келеді. *Мысалы: Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың (Абай). Молдакесі, кенже балам еді, өзі өте қорқақ, тым ұра бермессіз.*

Мысалдың бірінші сөйлемінде алдыңғы екі компонент өзара салыстырмалы қатынаста айтылса, соңғы үшінші компонент ол екеуіне қайшы мағынада айтылған. Екінші сөйлемде алдыңғы екі компонент бір-бірімен ыңғайластық қатынаста айтылса, соңғы, үшінші компонент ол екеуіне себептік қатынаста тұр.

Көп компонентті салалас сөйлем компоненттері бір-бірімен жалғаулықтар арқылы да байланыса береді.

Мысалы: 1. Қатыннан келген жалғыз алашаны қыстыгүні ашыққанда сатпай сақтап едім, соған жарты пұт тары алып сеуіп едім, енді мынау бәрі налогқа кетейін деп отыр (Б.Майлин). Оның дөңгелек көзі көпірден қақпастан қалада қалатын әдеті бар еді, бұл жолы ол тесіле қараған жоқ, Әбдрахманның тұла бойы, жүзін шарлап қарады (Х.Е.).

2. Қарын ашады, бірақ қосқа баруға қорқамын, оны маңайлап қасқырлар жүрген сияқты (С.Мұқанов). Ақырын ғана есікті ішке қарай итеріп еді, болмашы саңылау көрінді, бірақ кілтті ме, әлде іштен сұқпа салған ба, байқап болар емес (Х.Е.).

Келтірілген мысалдың бірінші тобындағы сөйлемдер компоненттері бір-бірімен жалғаулықсыз іргелесе құрмаласқан. Екінші топтағы сөйлемдердің алдыңғысында бірінші компонент екінші компонентпен жалғаулық арқылы, екіншісі үшінші компонентпен жалғаулықсыз құрмаласса, соңғы сөйлемде, оның керісінше, бірінші мен екінші жалғаулықсыз, екінші мен үшінші жалғаулық арқылы құрмаласқан. Сөйтіп, бұл сөйлемдер

компоненттердің бір-бірімен байланысы әрі жалғаулықсыз, әрі жалғаулықты түрде араласып келген.

Сонымен, көп компонентті салалас сөйлем, компоненттерінің бір-бірімен байланысу тәсілі жағынан, жалғаулықсыз болып та, жалғаулықты болып да, әрі жалғаулықты, әрі жалғаулықсыз аралас болып та айтыла береді.

Көп компонентті салалас сөйлем компоненттері жоғарыда келтірілген мысалдардағыдай әрдайым әрқайсысы әртүрлі мағыналық қатынастарды білдіріп қана қоймайды, олар біртектес, бірыңғай мағыналық қатынасқа да негізделеді. Сондай-ақ қазақ тіл білімінде көп бағыныңқылы сабақтасқа ғана тән деп көрсетіліп жүрген жарыспалы, сатылай байланыстар құрамаластың көп құрамды түрлерінің барлығына тән. Көп компонентті салаластардың компоненттері, әсіресе жарыспалы байланысқа негізделеді.

Мысалы: Кілем, көрпе төсеулі, күмістеткен сары ала тегене сапырулы, керектінің бәрі бар, артық ешнәрсе жоқ (Ғ.Мүсірепов).

Мұндағы компоненттер өзара байланысты, бір уақыттың, бір мезгілдің ішіндегі жарыспалы (параллель) өтіп жатқан көріністі, оқиғаны, жай-күйді суреттейді:

(2-сурет)

1-компонент,
2-компонент,
3-компонент,
соңғы компонент.

Көп компонентті салаластың бірінші компоненті жалпылық мағынада айтылып, кейінгілері мәнін саралап ашып тұратын түсіндірмелі сөйлем түрінде де көп кездеседі:

(3-сурет)

1-компонент:	2-компонент, соңғы компонент.
--------------	-------------------------------

Мысалы: Өз басыңа арыстан мен түлкінің мінезін қалыптастыр: арыстан – айбатты, түлкі – айлакер (Ш.Айтматов). Елдің іші сапырылысып жатқан әскер: біресе қызыл келеді, біресе ақтың әскері келеді (Б.Майлин).

Мұндай сөйлем құрамындағы компоненттердің алғашқысы – жалпылама мәндегі түсіндірілуші компонент те, кейінгі компоненттер – оның мәнін жеке-жеке ашатын түсіндіргіш компоненттер. Түсіндіргіш компоненттің құрамында қанша сөйлем болса да, олар тұтасымен алғашқы компонентпен байланысқа түседі.

Сондай-ақ осыған кері орын тәртіпті, дәлірек айтсақ, саралап түсіндіретін мәндегі компоненттер алдымен келіп, соңында жалпылауыш немесе жинақтаушы мәндегі компонент тиянақтайтын жайттар да болады:

(4-сурет)

1-компонент, 2-компонент, 3-компонент,	соңғы компонент.
--	------------------

Біздің үйіміз ауласына дейін сытырулы, таза, ыдыс-аяғы, құрал-жабдығы тәртіптен орын-орнында тұрады, шашылып жатқан дүние болмайды, бұл – «тентек» кемпір Дәмештен қалған дәстүр (Н.Ермеков).

Тілдік деректер көрсеткендей, көп компонентті салалас құрамындағы компоненттер бірыңғай қатынаста да, әрыңғай қатынаста да келеді. Осыған орай көп компонентті салаластарды бірыңғай қатынастағы көп компонентті салаластар, әрыңғай қатынастағы көп компонентті салаластар деп бөлу дәстүрі бар.

Көп бағыныңқылы сабақтас құрмаластар. Құрамында екі және одан да көп бағыныңқысы (тиянақсыз тұлғалы баяндауышы бар компонент) және басыңқы компоненттен (тиянақты тұлғалы баяндауышы бар компонент) тұратын көп компонентті құрмаластың түрі.

Көп бағыныңқылы сабақтас құрмаластардың құрамындағы бағыныңқы компоненттерінің әрқайсысы басыңқы компонентпен мағыналық, тұлғалық жағынан үйлесе байланысса, **жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтас** түзіледі де, ал қатар тұрған бағыныңқы компоненттердің өзара байланысуы нәтижесінде бір компоненті ғана басыңқы компонентпен мағыналық, тұлғалық жағынан үйлесе байланысса, **сатылы көп бағыныңқылы сабақтас** құрмалас сөйлем болады.

Елінің ерендігін танытып, салтының өнегелі қасиетін паш ететін хабар апарса, достың мерейі тасып, дұшпаны жерге басылады (З.Ахметова). ...Қызыл Жебеге қонған Рысқұлдың сирек жылжитын қаһарлы қара сұр өңінен нұр төгіліп, көздері шоқ шашып, әруақ қуып арқасы қозған бақсыдай айбыны асқақтап шыға келді (Ш.Мұртаза).

*Елінің ерендігін танытып, салтының өнегелі қасиетін паш ететін хабар апарса,
достың мерейі тасып,*

} дұшпаны жерге басылады.

Қызыл Жебеге қонған Рысқұлдың
сирек жылжитын қаһарлы қара сұр
өңінен нұр төгіліп,
Көздері шоқ шашып,

әруақ қуып арқасы қозған
бақсыдай айбыны асқақтап
шыға келді.

Байқағанымыздай, жарыспалы көп бағыныңқыда әр бағыныңқы компонент пен басыңқы компоненттің арасында мағыналық қатынас түзуде бірыңғайлық (екінші мысалда: амал бағыныңқы, амал бағыныңқы) та, арыңғайлық та (бірінші мысалда: себеп бағыныңқы, салыстырмалы) қатынас орын алуы мүмкін. Осыған орай, жарыспалы көп бағыныңқыларды бірыңғай жарыспалы және арыңғай жарыспалы көп бағыныңқы деп бөлу дәстүрі де бар.

Сатылы көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің қатар тұрған компоненттері бір-бірімен мағыналық қатынаста тұратындықтан, басыңқы компонентпен тікелей байланыса алмайды. Тек соңғы бағыныңқы компонент қана басыңқы компонентпен мағыналық қатынасқа түсе алады.

Мысалы: Ұсақ балалардың көпшілігі жеке-жеке тайға мініп, бірен-сарандары екі-екіден мінгесіп алып Абайларға ілесе шыққанда, жұрттың бәрінің артында қалған Оспан болды (М.Ә.).

Сатылы көп бағыныңқылы сабақтастардың құрамындағы әр бағыныңқы сөйлем басыңқымен тікелей байланыса алмайды, бірінші бағыныңқы екіншімен, екінші үшіншімен т.т. байланысып барып, басыңқы сыңармен байланысады. Сондықтан да осылайша сатылай байланысуда ең соңғы бағыныңқы компонент бірден-бір шешуші рөл атқарады. Сабақтас құрмаласта бағыныңқы сөйлемдердің өз басыңқысынан бұрын орналасуы – түркі тілдеріндегі сабақтас құрмалас табиғатына тән құбылыс. Алайда пікір алысу барысында коммуниканттың ой жеткізудегі стратегиясы мен мақсатына байланысты кейде бағыныңқы сөйлемдердің орын тәртібі алмасып қолданатын жағдайлары да кездеседі.

Аралас құрмаластар. Компоненттері салаласа да, сабақтаса да байланысатын көп құрамды құрмаластың түрі аралас құрмаластар деп аталады. Ұзақ жылдар бойы қазақ тіл білімінде құрмаластың үшінші түрі ретінде танылған аралас құрмаластарды көп құрамды құрмаластың көп компонентті салалас, көп бағыныңқылы сабақтас секілді бір түрі ретінде қарау туралы көзқарастар өткен ғасырдың алғашқы жартысында-ақ айтыла бастады. Мұндай пікірталастарда құрмаластың аталған түрінің бар екендігі жоққа шығарылмайды, тек аралас құрмаластың құрамындағы компоненттер байланыстың салалас пен сабақтастан өзге айрықша түрі арқылы емес, осы екі байланыстың араласып келетіндігімен түсіндіріледі. Жасалу жолы жағынан келгенде, аралас құрмалас сөйлем құр-

маластың ерекше түрі болып саналмайды. Өйткені мұнда оның өзіне тән арнайы амал-тәсілдері болмайды, тек бұрыннан белгілі салаласа және сабақтаса байланысу амалдарының қабаттаса келуі арқылы жасалады. Құрамында кем дегенде үш жай сөйлем болады.

Ерекшелігі:

1) құрамындағы компоненттер санының екіден көп болуы, оның бұл белгісі – көп құрамды құрмаластардың бәріне тән ортақ белгі;

2) компоненттерінің салаласа да, сабақтаса да байланысуы, бұл – тек аралас құрмаласқа тән ерекшелік;

3) компоненттер құрамында күрделі мағынаны білдіру үшін қажетті ортақ анафоралық, катафоралық элементтердің, ассоциативтік антоним, синонимдердің болуы. Бұл – құрмалас сөйлем атаулыға ортақ ерекшелік.

Төрт жыл бойы үздік оқыған алғыр шәкіртіне риза болған ұстаздары оған мүмкіндік жасайды, сөйтіп Әлихан жиырма жасында Дала генерал губернатор кеңсесінің ұсыныс хаты мен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, Ресейдің астанасы Санкт Петербургке барған ол Орман шаруашылығы институтына түседі («Тарихи тұлғалар» кітабынан).

Халқымыздың атам заманнан өмір сүріп келе жатқан жерлері қандай көлемді болса, оған қатысты атаулардың да көп болатыны бәрімізге белгілі, соған байланысты жырдағы кездесетін атаулар сөз болғанда, біз жырдың таралу аймағын да көз алдымызға елестетеміз («Ел» аталығынан).

Үш компоненттен құралған алғашқы аралас құрмалас сөйлемнің құрамындағы бағыныңқылар салалас – сабақтас – басыңқы компонент ыңғайында құрылса, төрт компоненттен тұратын екінші аралас құрамындағы бағыныңқылар сабақтас – салалас – сабақтас – басыңқы компонент ыңғайында құрылған.

Сондай-ақ тек көп бағыныңқылы сабақтастарға тән деп саналатын жарыспалы, сатылы байланыстар аралас құрмаластарға да тән. Айталық жоғарыда келтірілген алғашқы сөйлемге жарыспалы байланыс тән де, екінші аралас құрмаласқа сатылы байланыс тән.

Төрт жыл бойы үздік оқыған алғыр шәкіртіне риза болған ұстаздары оған мүмкіндік жасайды, сөйтіп Әлихан жиырма жасында Дала генерал губернатор кеңсесінің ұсыныс хаты мен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып,

Ресейдің астанасы Санкт-Петербургке барған ол Орман шаруашылығы институтына түседі.

Халқымыздың атам заманнан өмір сүріп келе жатқан жерлері қандай көлемді болса, оған қатысты атаулардың да көп болатыны бәрімізге белгілі, соған байланысты жырдағы кездесетін атаулар сөз болғанда, біз жырдың таралу аймағын да көз алдымызға елестетеміз.

Алғашқы сөйлемдегі бірінші салаласа байланысқан компонент пен басыңқының арасында себеп-салдарлық катынас орнаса, екінші сабақтаса байланысқан компонент пен басыңқының компоненттің арасында амал бағыныңқылық катынас орнайды.

Ал екінші мысалдағы аралас құрмаластың алғашқы компоненті мен екінші компонентінің арасында салыстырмалы, екінші компонент пен үшінші компоненттің арасында ыңғайластық, үшінші мен төртінші компоненттің арасында мезгілдік катынас түзілген.

Көп компонентті құрмаластардың қай түрі болмасын, мағыналық, құрылымдық және интонациялық тұтастыққа ие, көп өлшемді құрылым мен көп қабатты семантикалық катынасқа негізделген синтаксистік бірлік. Әсіресе соңғы белгілері – оның екі құрамды құрмаластардан басты ерекшелігі.

3.5.5 Құрмалас сөйлемнің функционалдық түрлері

Құрмалас сөйлем теориясы тарихында оны жіктеудің сан қырлы түрі ұсынылды. Тұлғалық ұстанымға негізделген есімше арқылы, көсемше арқылы, шартты рай арқылы құрмаласқан құрмаластар; құрылымдық ұстанымға негізделген ашық құрылымды, тұйық құрылымды құрмаластар; байланысу тәсіліне қарай жалғаулықты, жалғаулықсыз құрмаластар т.т. Әрине, мұның бәрі құрмалас сөйлем табиғатын тани түсуге септігі тиетін топтастырулар. Бірақ оның қайсысын басты түрі деп тануымыз керек деген мәселеде, біздіңше, күрделі құрылымды түзуде компоненттер арасында түзілетін синтаксистік катынас алдыңғы орынға шығуы қажет. Құрмалас сөйлемнің мәні оны құрастырушы компоненттердің мәнімен бірдей болмайтындығын Г.Р.Абдалиева былай түсіндіреді: «Объективно существующие грамматические свойства сложного предложения (с одной стороны, оно состоит из частей, построенных по определенной формуле простого предложения и обладающих предикативностью, а с другой – обладает смысловой цельностью коммуникативной единицы, имеет значение, не сводимое к сумме значений частей) позволяют по-разному толковать природу данной синтаксической единицы» [59, 11-12 бб.]. Расында да құрмалас сөйлем оны құрастырушы жай сөйлемдер білдіретін мағынаның суммарлы қосындысы емес, керісінше алдымен осы компоненттердің арасында түзілетін синтаксистік катынас негізінде мәні айқындалатын күрделі құрылым. Ал кез келген синтаксистік бірліктің түзілуіне ықпал етуші синтаксистік

катынас сөз тіркесінің түрлерін ажыратуда (атрибутивтік катынастағы, адвербиалдық катынастағы, нысандық катынастағы т.т. сөз тіркестері), жай сөйлем аясында сөйлем мүшелерінің қызметін айқындауға, ал құрмалас сөйлем аясында оның функционалдық түрлерін ажыратуға ықпал етеді. XX ғасыр басында қолданыста болып (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев), бірақ кейіннен қолданыстан шығып қалған бұл жіктелім функционалды ұстаным алға шыққан қазіргі кезде лайықты орнын алуы керек.

Құрмалас сөйлемдер компоненттері арасындағы катынасты екіге бөліп қарастырған дұрыс. Жалпы тіл білімінде синтаксистік байланыстарды әмбебап-логикалық және нақты тілдік бірліктер негізінде қарастырады да, оның алғашқысына предикативтік, салаласа және сабақтаса байланысуды жатқызады. Байланысушы екі компонент арасында сөйлемде айтылған ой мен оны білдіруші тілдік тәсілдердің қызметі мен мәнінің нәтижесінде пайда болатын катынастарды функционалдық және семантика-грамматикалық катынастар деп бөліп алып қарастырылады. Қос компонент арасындағы функционалдық катынастардың нәтижесінде пайда болған құрмаластарды:

– айқындауыштық катынастағы құрмаластар (субъект-предикаттық катынастағы құрмаластар, атрибутивтік катынастағы құрмаластар, нысандық катынастағы құрмаластар, адвербиалдық катынастағы құрмаластар);

– теңдік катынастағы құрмаластар деп жіктейміз. Бір кездері қазақ тіл білімінде Н.Сауранбаев таптастыруына негіз болған (А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбанов пікірлерімен үндес) бұл бөліністің қолданыстан шығып калуының басты себебі құрмаластың түрлерін саралауда негізге алынатын ұстанымдардың сараланбауынан деп білеміз. Академик Н.Сауранбаев сабақтастарды жіктеуде бұл ұстанымды қолданудың тиімділігін былайша түсіндіреді: “Сабақтас құрмаластағы бағыныңқы сөйлемдердің қызметі бірдей болмауымен байланысты сабақтас сөйлемдер мағына жағынан бір өңкей болмайды, әрқилы болады. Сондықтан сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрмаласу тәсіліне қарай ажырату мүмкін емес, өйткені жай сөйлемдерді құрмаластыратын формалардың мәні түрлі-түрлі. Мысалы, шартты рай формасы арқылы құрмаласқан сабақтастағы бағыныңқы әрқашан шартты білдірмейді, мезгілді де, қайшылықты да білдіреді. Осы себептен сабақтастарды түр-түрге жіктеудің бірден-бір дұрыс жолы – ондағы бағыныңқыларды **қызметіне** қарай жіктеу болады. Бағыныңқы сөйлемдер басыңқыдағы тұтас ойды айқындайды (анықтайды, толықтайды, пысықтайды), я болмаса сол басыңқыдағы бір тұрлаусыз мүшенің қызметін атқарады да, соның орнына жүреді” [4, 76 б.].

Кезінде М.Балақаев бұл сөйлемдердің дені пысықтауыштық ыңғайда болатынын көрсетсе [12], Қ.Есенов бағыныңқы компоненттерді сөйлем

мүшелері ыңғайында топтастырудың, мағыналық ұстанымға негіздей саралаудың тиімсіз жақтарын атап өтіп, сабақтастарды алдымен, қатыстық, адвербиалды және ыңғайлас (соңғы еңбегінде үлестес деп атаған) деп үш топқа жіктеп, әрқайсысының мағыналық топтарын ажыратқан [8]. Бұл жерде құрмаластарды топтастыруда біз ұсынып отырған саралау жалпы қазақ тіл білімі үшін тосын тұжырым емес екендігіне баса назар аударғымыз келеді. Әр жылдары айтылғанмен, негізгі оқулықтар мен грамматикаларға бұл топтастырудың енбей калуы «сөйлем мүшелерімен тавтологиядан қашу», «бір ғана ұстанымды негізге алу» үрдісінен туса керек. Синтаксистік бірлік атаулыға ортақ синтаксистік қатынастан құрмалас сөйлемге келгенде бас тарту – ақиқатты мойындамау. Ал сөйлем табиғатын жан-жақты ашу үшін оны бір ғана қырынан алып қарастыру, әрине, жеткіліксіз. Құрмаластарды жоғарыдағыдай топтастыруға функционалдық ұстаным негіз болса, *семантика-грамматикалық ұстаным* нәтижесінде оларды:

- ыңғайлас мәнді құрмаластар;
- шарт мәнді құрмаластар;
- қарсы мәнді құрмаластар;
- салыстырма мәнді құрмаластар;
- мезгіл мәнді құрмаластар;
- себеп мәнді құрмаластар;
- амал мәнді құрмаластар;
- мақсат мәнді құрмаластар;
- түсіндірмелі қатынастағы құрмаластар;

– кезектестік және талғау мәнді құрмаластар деп топтастыруға болады. Бұл жерде функционалды грамматиканың “мазмұннан тұлғаға” принципі басшылыққа алынды.

Айқындауыштық қатынастағы құрмалас сөйлемдер. Құрмалас сөйлем өзінің құрамындағы компоненттері арасында орнайтын белгілі бір функционалдық (жұмсалымдық), грамматикалық, семантикалық қатынасқа негізделген күрделі синтаксистік бірлік ретінде танылады. Қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлемді топтастыруға қатысты пікірлерді жинақтай келе, компоненттер арасындағы қатынасты жұмсалымдық-грамматикалық сипатына қарай айқындауыштық (субъект-предикаттық, атрибутивтік, нысандық, адвербиалдық) және теңдік қатынастағы құрмаластар деп сараладық.

Айқындауыштық қатынастағы құрмалас сөйлем компоненттері арақатынасының ерекшеліктері қазақ тілінде құрмалас сөйлемдердің аталған типін бөліп шығаруға себеп болып отыр. Айқындайтын компонент пен айқындалатын компоненттің немесе берілген типті құрмалас сөйлем компоненттерінің жеке мүшелерінің арақатынасына қарай оларды екіге бөлуге болады: екінші компонент бірінші компонентті толығымен ай-

қындайтын сөйлемдер және екінші компонент бірінші компоненттің бір ғана мүшесін айқындайтын сөйлемдер.

Айқындауыштық қатынастағы құрмалас сөйлемдердің басты ерекшелігі қос компоненттің бірінде айтылған ойдың мәні екінші компонент арқылы айқындалып тұрады, соның нәтижесінде бірі екіншісінің субъектісі не предикаты, атрибуты, нысаны тәрізді жұмсалымдық сапаға ие болады. Осыған орай, айқындауыштық қатынастағы құрмалас сөйлемдерді өз ішінде төмендегіше топтастырамыз:

- а) субъект-предикаттық қатынастағы құрмаластар;
- ә) атрибутивтік қатынастағы құрмаластар;
- б) нысандық қатынастағы құрмаластар.

Субъект-предикаттық қатынастағы құрмалас сөйлемдер. Субъект-предикаттық қатынас – сөйлемді ұйымдастырушы негізгі синтаксистік амал, ой білдірудің, мазмұнның және тема-ремалық мүшеленудің ұйытқысы. Құрмалас сөйлемдер компоненттері арасында мұндай қатынастың көрініс табуын қазақ тіл білімі үшін тосын жаңалық деп тануға болмайды. Кезінде А.Байтұрсынұлы бастауыш бағыныңқылы, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев баяндауыш бағыныңқылы деп таныған құрмалас сөйлемдер бүгінгі тіліміз үшін де жат құбылыс емес. Аталған құрылымның түркі тілдері грамматикаларына (мысалы, өзбек, ұйғыр тілі синтаксисіне арналған зерттеулерде) бастауыш бағыныңқы, баяндауыш бағыныңқы деген атаумен енгендігі белгілі [62]. Аталған қатынастағы сөйлемдер өзіндік құрылымдарға ие.

1) Мұндай сөйлемдердің субъектісі не предикаты сұрау есімдіктерінен жасалады:

Кім сүйіспеншілікпен жұмыс істесе, сол кез келген жұмысқа поэзия ендіреді (Н.Г. Чернышевский). *Кім тер төксе, сол алады.*

- *Шіркін, Жетісудың табиғаты қандай, тау да, өзен-көл де, көк те, шөп те көп* (“Парасат”).

Мұнда алғашқы компонент бастауышы не баяндауышы сұрау есімдіктерінен жасалып, екінші компонентте сұралған мүшенің жауабы баяндалады.

Ауызекі тілде экспрессивті компонентті *не көп* күрделі құрылымы кең тараған. Бұндай компоненттің сөйлем құрамына енуі әдеттегіден тыс көрініс болғанымен, ол ойды эмоционалды білдіруде қолданылады. *Мысалы: Не көп, тор жайған аңшы көп* (Ә.Тәжібаев). *Осы күні ауылда не көп, жігіт көп* (С.Мұқанов). Екінші компонентте алғашқы компонентте сұралған, ізделген субъектінің жауабы беріліп тұр.

2) Алғашқы компоненттің баяндауышы *мыналар, мынау, мынадай, сол сияқты* жалпылауыш мәндегі сөздерден, сілтеу есімдіктерінен жасалған түсіндірмелі мәнді сөйлемдер болса, келесі компонент оның мәнін ашып, предикаты секілді қатынаста тұрады.

Мұстафаның оларға қолданған шаралары **мыналар**: байталдың төрт сирағы төрт жылқы, бір жылқы – барлығы бес жылқы (С.Мұқанов). Саған ашып айтарым сол: (не?) мен осында қаламын (Ә.Әбішев). Саған қояр шартым **мынадай**: шаршадым деп айтпайсың.

Құрмалас сөйлем компоненттері арасында бастауыштық қатынастың болатындығын академик М.Серғалиев нысандық қатынастағы құрмаластардың болатындығын дәлелдеу мақсатында келтірген салыстыруында дәйектейді: “Сабақтас құрмалас сөйлемнің табиғатынан, яғни оның басыңқы сыңарының бастауышы одан әрі нақтылану, дәлелдену мақсатында бағыныңқыдағы сұрау есімдігімен жарыса айтылатыны бар. Мұндайда бастауыштық қатынастың ыңғайы көзге түседі. Мысалы:

Кім сөзге алдырмаса, дауда сол жеңеді (С.М.). Бағаналы даугері дұрыс айтып отыр ғой, жорықты кім бастаса, жосыққа сол жауапты ғой (С.Б.).

Ал бұлардың жай сөйлемге айналу мәселесіне келетін болсақ, ілгерідегі сөйлемдердің алмасу принциптеріне өте ұқсайды, бірақ мұнда құрмаластың екі сыңарындағы бастауыштар бірігіп, бір бастауыштың қызметін атқарады. Ол бастауыштар дара ма, күрделі ме, үйірлі мүше ме – ол жағы құрмалас сөйлемдегі сөздердің тобына байланысты: *Сөзге алдырмаған дауда жеңеді; жорықты кім бастаған жосыққа жауапты ғой* [61, 218 б.]. Ғалымның синтаксистік синонимиканы ажыратуға арналған бұл салыстыруын жалпы құрмалас компоненттерінің арасындағы синтаксистік қатынастарды ажыратуда қолданған теріс болмас еді.

3) Предикаттық қатынастағы құрмалас сөйлемдердің алғашқы компонентінің баяндауышы көбінесе сындық, сапалық мәнде (есім баяндауышты) болады да, оның мәні келесі компоненттерде ашыла түседі.

Мысалы:

Әйелдер қызық: олар мықты жігіттің бойынан осалдық, осал жігіттің бойынан мықтылық іздейді. Шындық та у, бірақ ол өлтірмейді, емдейді (Қ.Мырза Әли). Оның бұтақтарының жиілігі сондай: бір ай нөсер жауса да, түбіне тамбайды (О.Бөкеев). Сақал-мұрты бар демесең, түптеп келгенде, осы Омардың өзі де жетім (Ғ.Мүсірепов). Алғаның жаман болса, көңілің жарым. Түрі жуас көрінгенімен, мінезі жаман. Мінезі жайсыз болса да, өзі сөзге тоқтағыш.

Келтірілген сөйлемдерде алғашқы компонентте айтылған ойдың келесі компонент мағынасын айқындап, саралап тұр. Бірінші сөйлемде *Әйелдер қызық* тіркесімінің мәні айқындалса, келесі сөйлемде *у сияқты*, үшінші сөйлемде *жиілігі сондай* тіркесімдерінің предикаты іспеттес грамматикалық қатынас бар. Өзара субъект-предикаттық қатынастағы мұндай сөйлемдердің компоненттері түсіндірмелі, қарсы, шарт мәнді семантика-грамматикалық қатынастарға негізделген.

Есім баяндауышты (әсіресе, сын есім баяндауышты) сөйлемдерді атрибутивті қатынастағы сөйлем деп танитындар да бар. Біздіңше, мұндай жағдайда синтаксистік бірліктің (баяндауыштың, анықтауыштың) басты грамматикалық белгісі ескерілуі тиіс. Баяндауыштың предикативтілігі мен анықтауыштың есім сөздердің сыны, белгісі ретінде жұмсалуды басты назарда болуы тиіс. Төмендегі мысалдарды салыстырып көрейік:

1. *Әйелдер қызық: олар мықты жігіттің бойынан осалдық, осал жігіттің бойынан мықтылық іздейді* (Қ.Мырза Әли).

2. *Мынадай қызық болған: мектепке алғаш түскен жылдарында Тайман дүниеде мұғалім апайынан мықты адам жоқ деп ойлайтын* (З.Қабдолов).

Алғашқы сөйлемнің екінші компоненті *қызық* баяндауышының мәнін ашып, *Әйелдер қандай?* деген сөйлемнің жауабы ретінде предикат сипатында жұмсалса, екінші сөйлемнің екінші компоненті *мынадай* анықтауышының мәнін ашып, *Қандай қызық болған?* деген сұрақтың жауабы ретінде атрибутивтік қатынаста жұмсалып тұр.

4) Құрмалас сөйлем компоненттері арасындағы синтаксистік қатынастарды анықтауда тек қана жекелеген сөйлем мүшелері емес, синтагмалар, компоненттер арасындағы қатынас негізге алынады.

Тіл білімінде, логикада субъект-предикаттық қатынасты бастауыш-баяндауыштық, тема-ремалық, белгілі мен жаңа арасындағы қатынас ретінде талдап түсіндіреді. Мұндай бөлініске негіз болатын ұстанымдар туралы Р.Г.Сибатагов: “Несмотря на существенные различия между принципами, лежащими в основе членений, общим являлось то, что все членения производились в рамках синтагматики. Обязательным условием для таких членений всегда считалось наличие сочетания двух главных, относительно самостоятельных, противопоставленных друг другу, словесно выраженных частей,” – дейді [62, 33 б.].

Екінші компонент бірінші компонентте айтылған қимыл-процесті дамыта түседі не жоққа шығарады. Сөйтіп екінші компонент алғашқы компоненттегі ойдың предикаты секілді қатынаста тұрады:

а) *Егер сіз келісім берсеңіз, (мен қайтер едім?) мен адал жар болуға серт берер едім* (К.Сегізбаев).

ә) *Осынша әзірлігі бола тұра, (ол қайтті?) ол тойын жасамай кетті* (С.Мұқанов).

б) *Ханнан қырық туганша, (кім тусайшы?) қарадан бір-ақ тусайшы* (Махамбет).

в) *Кебін киген келмейді, (кім келеді?) кебенек киген келеді* (Мақал).

Компоненттер арасындағы семантика-грамматикалық қатынастар әр алуан: 1-сөйлем шартты бағыныңқылы, 2,3-сөйлемдер – қарсылықты

бағыныңқылы, 4-сөйлем – салыстырмалы салаластар. Мұндай сөйлемдердің құрылымы:

1) белгілі субъект + белгілі предикат – белгілі субъект + белгісіз предикатқа меңзейді (1-2-сөйлемдер). Алғашқы компоненттен екінші компонентте айтылар ойдың жартысы белгілі, қандай да бір іске, қимылға меңзеп тұр, бірақ нақты қимылдың өзі тек екінші компонентте айқындалады;

2) белгілі субъект + белгілі предикат – белгісіз субъект + белгілі предикатқа меңзейді (3-4-сөйлемдер). Мұнда да бірінші компоненттен екінші компонентте айтылар ойдың жартысы белгілі, қандай да бір субъект ізделіп тұр, ал ол субъект екінші компонентте айқындалады.

Атрибутивтік қатынастағы құрмалас сөйлемдер. Құрмалас сөйлемдер компоненттерінің бірінші компоненті оқиға, құбылысты жалпылау мәнінде хабарлайды да, кейінгі компоненттер оны айқындап, нақтылап, суреттеп хабарлайды, соның нәтижесінде компоненттер арасында атрибутивтік қатынас түзіледі.

Синтаксистік қатынастардың ішінде атрибутивтік қатынастағы тіркестердің алғашқы сыңары екінші сыңардағы заттың анықтауышы ыңғайында келеді. Атрибутивтік қатынастың мұндай сипаты құрмалас сөйлем компоненттерінен де көрініс табады. Зат атауы мен оның белгісінің арасындағы байланыстан туындайтын бұл қатынас түрі құрмалас сөйлем компоненттері арасында өзіндік ерекшелікке ие.

1) Компоненттер құрамында *қандай (I) – сондай (II)* есімдіктер жұбы қолданылады немесе I компоненттегі *қандай* есімдігімен атрибутивтік қатынастағы есім сөздердің мәні екінші компонентте ашылады: *Өзі қандай көрікті болса, сөзі де сондай келісті. Оның досы Гафу қандай ақын болса, Ізтай содан кем болмаған* (Қ.Мұханбетқалиұлы).

2) Алғашқы компонент құрамындағы зат есімнің не есім мәнді сөздің сыны ретінде *мынадай, сондай* сөздері қолданылады да, келесі компонентте сол сөздердің мәні ашылады: *Жаны сондай сұлу еді, қасына барып ерсі сөз айта алмайсың. Мынадай жағдай болады: сіз туган өлкеңізді көп кезесіз* (З.Қабдолов).

3) Атрибутивтік қатынастағы құрмалас сөйлемнің алғашқы компонентінің баяндауышы үнемі есім не есім мәнді өзге сөздерден жасалады деп пікір түюге болмайды. Тілдік мәнбірлер атрибутивтік қатынастағы құрмаластардың алғашқы компонентінің баяндауышы етістіктен, құрама баяндауыштардан жасалатынын да нақтылайды.

Мысалы:

Сондай оқиға біздің басымызда да болды, жап-жас екі қыз бас-аяғы он минуттың ішінде біраз қаражатымызды олжалап үлгерді (газеттен). Аз уақыт ішінде біраз өзгешеліктер болған: бір-бірімен таласа көп

қабатты үйлер бой көтерген (газеттен). Асқар түс көріпті: түсінде әкесі биік жардан құлап түсіпті (З.Шашкин).

1) Алғашқы компонент құрамындағы заттық мәндегі бастауыштың анықтауышы ретінде мәні келесі компонентте ашылатын сын, мөлшер мәніндегі сөздер қолданылады:

Қазақ халқының шақырмасаң да баратын, қусаң да кетпейтін екі жиналысы бар: біреуі - сайлау, әсіресе болыс сайлауы (С.Шаймерденов). Ғажап оқиға болды: бір жарым айдай ән айтпаған Әміре шырқап еді, бәріміз жылап жібердік (М.Иманжанов). Өмірдің өз заңы бар екен, қуаныш пен қайғы үнемі алмасып жатады (Н.Фабдуллин).

Түркі тілдерін зерттеуші ғалымдар шылаулардың компоненттер арасындағы мағыналық қатынасқа тигізетін ықпалын дәлелдей келіп, шылаусыз байланыста олардың байланысуының төмендегідей тәсілдерін көрсетеді:

– құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарындағы баяндауыштың лексикалық мәні;

– құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарындағы баяндауыштың морфологиялық құрамы;

– интонация;

– жанама-сұраулық конструкция [63, 515 б.].

Аталған тұжырым тілдік мәнбірлер негізінде түркітанушылар тарапынан қолдау тапты, оны қазақ тілінің материалдары да дәлелдей түседі. Алайда құрмаластың кейбір түрлері, мысалы атрибутивтік қатынастағы құрмаластарда компоненттер арасындағы мағыналық, функционалдық қатынасты айқындауда бір сыңардың лексикалық не морфологиялық құрамын басшылыққа алу жеткіліксіз екендігі байқалады.

Атрибутивтік қатынастағы құрмаластарды анықтаудың өзіндік белгісі бар. Әдетте адвербиалдық қатынастағы құрмаластарды, әсіресе, бағыныңқылы құрмаластарды ажыратуда басыңқы сыңардан сұрақ қойып, қос сыңардың арасындағы грамматикалық қатынасты ажыратамыз. Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, атрибутивтік қатынас салалас құрылымдарда да, сабақтас құрылымдарда да орын алады. Біздіңше, компоненттер арасындағы грамматикалық қатынасты ажыратуда бір сыңарды басшылыққа алу дұрыс қорытынды жасауға мүмкіндік бере бермейді. Жоғарыдағы сөйлемдерді атрибутивтік қатынастағы сөйлем деп тануға негіз болған – екінші компоненттің мәні. Осы жерде атрибутивтік қатынастағы құрылымдардың тағы бір ерекшелігі шығады.

Аз уақыт ішінде біраз өзгешеліктер болған – Қандай өзгешеліктер болған? (түсіндірмелі).

Сондай оқиға біздің басымызда да болды – Қандай оқиға? (ыңғайлас). Асқар түс көріпті – Қандай түс көріпті? (түсіндірмелі).

Ғажап оқиға болды – Қандай оқиға? (түсіндірмелі)

Қазақ халқының шақырмасаң да баратын, құсаң да кетпейтін екі жиналысы бар – Қандай жиналыс? (түсіндірмелі).

Өмірдің өз заңы бар екен – Қандай заң? (ыңғайлас).

Егер осы сөйлемдердің екінші компонентін басқаша құрсак, сөз жоқ, компоненттер арасындағы грамматикалық байланыс та өзгереді.

Аз уақыт ішінде біраз өзгешеліктер болған, бір-бірімізбен таласа айтып жатырмыз (ыңғайлас). Сондай оқиға біздің басымызда да болды, алайда тез ұмытып қалыппыз (қарсылықты). Асқар түс көріпті, онысын бәріміз естіп алғанбыз (ыңғайлас).

Қазақ халқының шақырмасаң да баратын, құсаң да кетпейтін екі жиналысы бар, оған баруға міндеттісің (ыңғайлас). Ғажап оқиға болды, кейіпкерінің біреуі менмін (ыңғайлас). Өмірдің өз заңы бар екен, өйткені жүре келе көріп келеміз (себеп).

Бұдан шығатын қорытынды: компоненттер арасындағы грамматикалық қатынасты айқындауда екінші компоненттің құрылымының айтарлықтай үлесі бар. Етістік не құрама баяндауышты алғашқы компоненттің субъект не нысаны екінші компонентте сын-сапа тұрғысынан айқындалады.

Нысандық қатынастағы құрмалас сөйлемдер. Нысандық қатынастағы құрмалас сөйлемдердің ішінде салалас түрі казак тіл білімінде айтылып жүр. Профессор Р.Әмір салалас құрмаластың аталған түрінің құрылысына назар аударады. Бұларда құрмалас сөйлемнің екінші бөлігі алғашқысында нысан болып табылатын қатынастың қимылын, әрекетін білдіреді. Ғалым нысанды білдіретін компонент постпозициялық күйде болатындығына назар аударады.

Мысалы: *Бастарын көтеріп алғанда көрді: оң жақтан шалдың қойы құлап келеді екен (А.Нұрманов). Әсет енді гана байқады: сонау бұрышта тығылып қана Бәзікен отыр екен (С.Мұратбеков). Әлгінде ет қызулықпен сезбенгі: үскіріктің ащы зәрі күшейіп, кеіпкілікке қарай сары шұнақ аяздың құтырына түскен түрі бар (С.Мұратбеков).*

Бірінші сөйлемде қабылдау, сөйлеуді білдіретін (*есітті, көрді, айтты* және тағы басқа) сабақты етістіктер қолданылады. Сабақты етістіктерден жасалған баяндауыштардың мазмұны құрмалас сөйлемнің екінші бөлігінің нысандық қатынасына негіз болады. Бұл компоненттердің шылаусыз байланыстарын айқындайды.

Постпозициялық нысандық құрамдас бөлігі бар салалас құрмалас сөйлем компоненттерді кері орналастыру үлгісіндегі салалас құрмалас сөйлемнің стильдік нұсқасы болып табылады. Бұл жерде заңды сұрақ туындайды: компоненттер орнын ауыстырудың сыңарлар арасындағы грамматикалық және семантикалық қатынастарға тигізер ықпалы қандай? Салыстырыңыз:

Мысалы: (1а) *Басын көтеріп көрді: оң жақтан шалдың қойы құлап келеді екен.*

(1ә) Оң жақтан шалдың қойы құлап келеді екен, оны басын көтеріп алғанда көрді.

(2а) Әсет енді ғана байқады: сонау бұрышта тығылып қана Бәзікен отыр екен.

(2ә) Сонау бұрышта тығылып қана Бәзікен отыр екен, оны Әсет енді ғана байқады.

(3а) Әлгінде ет қызулықпен сезбепті: үскіріктің ащы зәрі күшейіп, кешкілікке қарай сары шұнақ аяздың құтырына түскен түрі бар.

(3ә) Үскіріктің ащы зәрі күшейіп, кешкілікке қарай сары шұнақ аяздың құтырына түскен түрі бар, оны әлгінде ет қызулықпен сезбепті.

1, 2, 3-сөйлемнің (а) нұсқалары нысандық қатынастағы жалғаулықсыз түсіндірмелі салалас сөйлем болса, ал осы сөйлемдердің (ә) нұсқасында сол нысандық қатынас сақталып қалған, бұл жағдайда да алғашқы компонент «- Нені басын көтеріп алғанда көрді? Нені Әсет енді ғана байқады? Нені ет қызулықпен сезбепті?» деген сұрақтардың жауабы болып тұр. Сондықтан мұндай сөйлемдерді препозициялық нысандық құрмалас сөйлемдер деп тануға негіз бар. Бірақ мағыналық қатынаста өзгеріс болады, (ә) нұсқасында түсіндірмелік мәннен гөрі мезгілдік, ыңғайластық мән басым сипат алады.

Постпозициялық нысандық құрамдас бөлігі бар салалас құрмалас сөйлем айрықша көрсету, бөліп айту үшін және кейде жалпы сөйлемнің экспрессивті болып шығуы үшін қолданылады.

Соңғы жағдайда алдыңғы сөйлемнің баяндауышы ерекше дауыс ырғағымен айтылады. *Есітемін: ол сөзден тайыпты. Байқаймын: жол шет қалған сияқты.*

Нысандық қатынастағы құрмалас сөйлемдердің тағы бір жолы – бір компонентінің сұраулы сөйлем формасында келуі. Мысалы:

Көрер едің, Шаламын ба, отпын ба? Білер едің, Ақынмын ба, жоқпын ба?... (М.Мақатаев). Балалық өтті, білдің бе? Жігіттікке келдің бе? Жігіттік өтті, көрдің бе? Кәрілікке көндің бе? (Абай).

Ең бастысы, түсіндірмелі және нысандық қатынастағы сөйлемдерді бөлуде екі түрлі ұстаным негіз болатындығын ескерген жөн: бірі (нысандық қатынас) компоненттер арасындағы грамматикалық қатынастың нәтижесі болса, екіншісі (түсіндірмелі құрылымдар) семантикалық ұстанымға негізделеді. Сонда түсіндірмелі мәндегі сөйлемдер нысандық қатынастағы сөйлемдердің бір түрі ғана.

Академик М.Серғалиев нысандық қатынастың тек салаластар емес, сабақтастарға да тән екендігін нақты мысалдармен дәлелдей келіп, компоненттер арасында жанама нысандық қатынастың да көрініс табатынын ескертеді: «Объектілік қатынастың әрқашан тура болып келмей, кейде

жанама объектілік қатынас болатыны да бар. Сөйлемдердің ішіндегі объектілік қатынастар туралы да осыны айтуға болар еді, яғни құрмаластың құрамындағы бөліктердің арасында жанама объектілік қатынастардың болатынын жоққа шығару ретсіз» [61, 218 б.].

Ғалым одан әрі аталған құрылымдардың нысандық қатынастағы сөйлем екендігінің дәлелі ретінде сабақтастардың салалас және жай сөйлеммен келетін синонимін ұсынады:

Мені табанына салып, қолына не түссе, сонымен жосылтып сабап, соққыға жықты (С.О.); Шынында тіршілік дүниесі неге үйренсе, соған дағдыланады ғой (З.Қ.).

Салалас сөйлемдер:

...Қолына не түсті, сонымен жосылтып сабап...; Шынында тіршілік дүниесі неге үйренген еді, соған дағдыланады ғой.

Жай сөйлемдер:

...қолына түскенімен жосылтып сабап...; Шынында тіршілік дүниесі үйренгеніне дағдыланады ғой» [61, 218 б.].

Мысалға келтірілген сөйлемдер парадигмасы тура және жанама нысандық қатынастың құрмалас сөйлем компоненттеріне де жат еместігін нақтылайды.

Адвербиалдық (пысықтауыштық) қатынастағы құрмалас сөйлемдер. Қазақ тіл білімінде адвербиалдық қатынастағы құрмаластардың бар екендігі бұрыннан айтылып жүр. Ғалым Қ.Есенов құрмаластарды функционалды принцип негізінде сөйлем мүшелері ыңғайында топтастыру А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев еңбектерінен орын алғанын айта келіп, қазақ тіліндегі бағыныңқы сөйлемдердің дені өз басыңқыларымен қарым-қатынасына орай пысықтауыштық ыңғайда жұмсалатынын көрсеткен еді [8, 72-73 бб.].

Адвербиалдық қатынасқа құрылатын, негізінен, сабақтас құрмаластар.

Бағыныңқылы сөйлемдер ішінде пысықтауыш бағыныңқылар жай сөйлем ішіндегі етістік пысықтауыштың күрделенуі, кеңеюі арқылы пайда болған деген болжамдар да бар. Пысықтауыштардың бағыныңқыға ауысуы олардың сөйлем басында қолданылып, басқа мүшелер арқылы күрделенуі нәтижесінде пайда болғандығын синтаксистік деривация процесі арқылы түсіндіретін зерттеу жұмыстары бар. Олардың ішінен Б.Қапалбековтің „Көсемше бағыныңқылардың дамып калыптасуы мен мағыналық түрлері» (2000) және Т.Жукеевтің «Қазақ тіліндегі пысықтауыш мүшеге қатысты синкретикалық құбылыстар» (2005) жұмыстарын айрықша атап өтуге болады.

Айтылған пікірдің шындыққа жанасымдылығын сабақтас құрмаластың жай сөйлемнің бір мүшесінен өрбу механизмін деривациялық үдеріс арқылы көз жеткізуге болады:

Келгендер шығып кетті.

Келгендер бұл үйден шығып кетті.

Келгендер бұл үйден тез шығып кетті.

Келгендер бұл үйге кіргенмен, тез шығып кетті.

Келгендер бұл үйге кіргенмен, бәрі де ұзақ отырмай тез шығып кетті.

Бірақ бұл адвербиалдық қатынастағы құрмаластардың қалыптасуының бірден-бір жолы деп тұжырым жасауға болмайды. Тілдік мәнбірлер кейбір салалас құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы құрмалас сөйлемдерге ауысуы нәтижесінде де адвербиалдық қатынастағы сөйлемдердің пайда болатынын жоққа шығармайды. Мысалы:

Биылғы күз тым жауынды болып, шаруалар шөптерін де мезгілінде жиып ала алмады. Қыстың ызғары өтпеу үшін, қоңыз інді терең қазады (С.Мұқанов). Бай долданып өз сақалын өзі бытырлатып жұлғанда, тұла бойым тік тұрды (Ғ.Мұстафин). Айбарша аттанар кезде, Қаратай тысқа шығып кеткен-ді (М.Әуезов).

Келтірілген сөйлемдердің қалыпты салаластардан шыққанына көз жеткізу қиын емес. *Биылғы күз тым жауынды болды, шаруалар шөптерін де мезгілінде жиып ала алмады. Қоңыз інді терең қазады, өйткені қыстың ызғары өтпейді (С.Мұқанов). Бай долданып өз сақалын өзі бытырлатып жұлды, менің тұла бойым тік тұрды (Ғ.Мұстафин). Айбарша аттанатын уақыт болды, сол кезде Қаратай тысқа шығып кеткен-ді (М.Әуезов).*

Қазақ тіл білімінде құрмаластарды жіктеуде пысықтауыш бағыныңқылардың бар екендігі бұрын да, қазір де мойындалған, бірақ аталған қатынасты тек сабақтастарға ғана телу мәселесі ойлануды қажет етеді. Жоғарыдағы салаластардың да адвербиалдық қатынасқа құрылғандығына дау жоқ. Алғашқы компонент пен соңғы компоненттің арасында сабақтастардағыдай қатынас бар:

Неліктен шаруалар шөптерін де мезгілінде жиып ала алмады?

Не себепті қоңыз інді терең қазады?

Қай кезде (қашан?) менің тұла бойым тік тұрды?

Қай кезде Қаратай тысқа шығып кеткен-ді?

Сондықтан адвербиалдық қатынастағы құрылымдар тек сабақтастарға ғана емес, салаластарға да тән деп қорытынды жасауға болады. Адвербиалдық қатынастың негізінде құрмаластың төмендегідей мағыналық түрлері жасалады:

1) Мезгіл мәнді құрмаластар: *Көзімді ашып алдыңғы жаққа қарасам, екі адам қарауытып тұр екен (Ғ.Мүсірепов). Кәлен суық қабақ астынан шаншыла қарап еді (қашан?), осы кезге дейін безектеп болмай отырған Жамал жым болды (Ә.Нұрпейісов). Біресе бұлбұл нақышты, көп ырғақты «Жиырма бесті» созады (қашан?), бірде назды қоңыр, кең тынысты «Жанбота» шығады (М.Әуезов). Хамит сол жақтағы бір терек-*

тердің қып-қызыл жанырақтарына телміріп келе жатыр еді (қашан?), аты қымсынып қалды (С.Сейфуллин).

2) Себеп мәнді құрмаластар: *Сүйегі пысық жылқы еді (неліктен?), сондықтан қамшы салдырған жоқ (С.Мұқанов). Әңгімемен көмір көбірек салынып кетсе керек (неліктен?), тозған арба таяқ тастам жер шыға шоңқайып қалды (Ғ.Мұстафин). Үлкенді ұлықтап өскен елміз зой (неліктен?), ақсақалмен сөз таластырып жатпадым. Ол бір топ үлкендермен ел аралап, жолаушылап кеткен еді, Ұлжанның Дулатты жібермегені сол (М.Әуезов).*

3) Амал мәнді құрмаластар: *Басымызға әңгір таяқ ойнатып, қыр соңымызға түсетіндей, Сергазыға не жазып едік (Б.Тілегенов). Жоқ-ау мүлде, келін түсіріп, құдағилы болған жалғыз сендей-ақ, әбігерімізді алдың (Қ.Мұхамеджанов).*

4) Мақсат мәнді құрмаластар: *Оспан жұмыс басына бармақшы болып, Әйгерім мен Ерболды үйден ерте шығады (М.Әуезов). Шынымен жаны ашитын-ашымайтыны көрінер, тап қазір ток соққандай гүр етіп құлайын (Қ.Токмырзаұлы).*

Теңдік қатынастағы құрмалас сөйлемдер. Теңдік қатынастағы құрмалас сөйлемдерде, алдымен, компоненттердің мағыналық жақтан теңдігі ескеріледі. Қалыптасқан түсінік бойынша, теңдік қатынасқа тек компоненттердің баяндауыштық тұлғасы назарға алынып келді. Мағыналық теңдік дегенде, екі компоненттің бір-біріне мағыналық тәуелсіздігі ескерілгені жөн. Әдетте шылаулар құрмалас сөйлемнің мағыналық түрін айқындаушы негізгі фактор болса, жалғаулықсыз салаластардың кейбір түрінде оны ажырату оңай емес. Тілімізде тек тұлғалық жағынан бағыныштылығы болмаса, мағыналық жағынан өз дербестігін сақтаған сөйлемдер жеткілікті. Мұны кезінде Қ.Жұбанов, С.Жиенбаев, Қ.Есеновтер көрсеткен болатын. Мағыналық тиянақтылығына орай кезінде кейбір ғалымдар мұндай сөйлемдерді салалас деп таныған болса, енді біреулері мағыналық жағынан салалас, тұлғалық жағынан сабақтас деп таниды.

Профессор Н.Сауранбаев жалғаулықсыз салаластарды «іргелес құрмалас» деп атап, оны салалас құрмаластың қатарынан шығарып, салаластар мен сабақтастардың арасындағы санат деп қарайды: «Сүйтіп, іргелес құрмаласта салаластың да, сабақтастың да белгісі бар. Салаласқа тән белгісі – ондағы жай сөйлемдердің грамматикалық жағынан бір-бірімен тең дәрежеде құрмаласатындығы және баяндауыштың тиянақты қалыпта болатындығы. Бұл екі қасиет іргелес құрмаластарды салалас құрмаласпен жақындастырады. Ал іргелестерді сабақтастармен жақындастыратын белгі – іргелестегі жай сөйлемдер ішкі мағына жағынан бірін-бірі сипаттап, бір-біріне тәуелді болып байланысады... Ал іргелестегі жай сөйлемдер ішкі мағына жағынан сабақтасып бай-

ланысады да, сыртқы байланысу формасы жағынан салалас болып келеді» [4, 36 б.]. Бұл пікірді әзірбайжан тілінің маманы Н.З.Гаджиева да қолдайды: «В бессоюзном сложном предложении общего присоединительного характера семантика взаимоотношений его частей выходит за рамки сочинения и подчинения» [65, 6 б.]. Бұл пікірге қазақ тілінде Ә.Хасеновтің пікірі қарсы келеді: «Қазақ тілі оқулықтарында жалғаулықты салаластар да, жалғаулықсыз салаластар да мағыналарына қарай топтастырылып, мәселен, қарсылықты, себеп-салдар, қарсылықты, жалғаулықты т.б. болып бөлінеді, яғни, алдымен, жалғаулықты түрлері өтіледі де, одан соң жалғаулықсыз түрлері қайталанылады. Ал мағынасы жағынан олардың арасында айырмашылық жоқ: салаластың жалғаулықты түрі қанша болса, жалғаулықсыз түрі сонша» [66]. Бұл пікірді Ж.А.Жақыпов та қуаттайды: «Қазақ тілінде жалғаулық арқылы салалас құрмалас сөйлемді құрайтын сыңарлар ғана байланысады, оның өзінде жалғаулықтар сөйлемдер арасындағы мағыналық қарым-қатынасты анықтауда ерекше қызмет атқармайды. Қазақ тілі синтаксистік құрылысының бір ерекшелігі сол, салалас құрмаласты құрастырушы сыңарлардың жалғаулықты, жалғаулықсыз болуы көбіне мағына өзгертпейді» [67, 80-82 бб.].

Осы пікірлерге сүйене отырып, біз де салаластарды іргелес, жалғаулықты деп бөлу ісін компоненттерді байланыстырушы тәсілдердің үлесіне қалдырып, құрмалас сөйлемдерді компоненттер арасындағы функционалдық, семантика-грамматикалық қатынастарға қарай топтастыруды жөн көрдік. Бірінші орынға мағына шығарылғандықтан, алдымен, құрмаластар компоненттер арасындағы семантикалық-грамматикалық қатынастарына қарай топтастырылады да, байланыс тәсілі, байланысу формасы екінші кезекте қарастырылады.

Бірде іргелес салалас, бірде жалғаулықсыз салалас, бірде үлестес сабақтас деп берілетін сөйлемдердің біз айтқалы отырған теңдік қатынастағы құрмаластарға қатысы болғанымен, біркатар ерекшеліктері де бар. Алдымен, теңдік қатынастағы сөйлемдерге баяндауыш тұлғасының, байланыстырушы тұлғалардың қатысы жоқ. Бұл жердегі теңдік қатынас – мағыналық теңдік тұрасында болмақ. Құрмаластың бұл түрінде компоненттер бір-бірімен атрибутивтік, нысандық, адвербиалдық қатынасқа түспейді, керісінше, әр компонент мағыналық дербестігін сақтап, әр компонентте дербес ой айтылады. Көбінесе айтылған ой бір-бірімен қанаттас, мезгілдес, кезектес, қатар орындалып жатады.

Мысалы: *Ұлбике бәйбішелік түрмен қымыз сапырып, Берен еркектерден бөлегірек сонымен қатар отыр еді* (Б.Майлин). *Олардың бірі етіктерін киіп, бірі етіктерін шұлғауланып жатқан* (С.Жүнісов). *Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. Не Кемтірбай молданың тұмары қабыл болды, не Шарипаның бала көтеретін кезі келді* (Б.Майлин).

Жәутіктің ойы біресе бұлттан шыққан қырандай жарқ етіп бой тас-тайды, біресе ол құйылып алдына келеді (Х.Ерғалиев).

Келтірілген сөйлемдерден байқағанымыздай, мағыналық жақтан теңдік қатынаста құрылған мұндай сөйлемдер бір-бірімен салаласа да, сабақтаса да, шылаулар арқылы да, шылаусыз да байланыса береді.

Әдетте бір-бірімен синонимдес қолданылатын «мағыналық дербестік», «мағыналық тәуелсіздік» ұғымдарын құрмалас сөйлемге қатысты байқап қолданған жөн. Өйткені бір бүтіннің құрамындағы екі компонентте белгілі бір дәрежеде дербестік болуы мүмкін, бірақ толық мәндегі тәуелсіздік болмайды. Қалай болғанда да, бүтіннің бөлшегі ретінде олар бір-біріне құрылымдық жағынан тәуелді позицияда тұрады.

Тіліміздегі теңдік қатынастағы құрмаластардың құрылымдық ерекшеліктері, негізінен, төмендегідей:

– Антитеза немесе аналогия ретінде алынған екі түрлі субъектінің іс-әрекет, жай-күйі салыстырыла беріледі: *Жақсының сөзі майдай, жаманның сөзі найзадай (Қашаған Күржіманұлы). Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер (Мақал).*

– Компоненттерінде екі түрлі ойдың салыстырыла берілуі (синтаксистік параллелизм). *Ерлік – елдің қасиеті болса, жүректілік – жігіттіктің қасиеті (Б.Момышұлы).*

– Қайталаулар: *Жақсы сөзді ел жаттар, ел жаттар сөзде салмақ бар (Мақал). Айсыз түндей надан жаман, Ақылсыз болса, балаң жаман (Досбол би).*

– Ортақ сөздің немесе лексикалық корреляттардың болуы: *Жәутіктің ойы біресе бұлттан шыққан қырандай жарқ етіп бой тасалайды, біресе ол құйылып алдына келеді (Х.Ерғалиев). Тұз – астың төресі, онсыз ет те, нан да дәмсіз («Парасат»).*

Кейде бұл амал-тәсілдер бір сөйлемде қабаттаса да қолданылады:

Шын жақсыда тарлық жоқ, Әділ сөзде зорлық жоқ. Бұл сөйлемде салыстыру да, синоним де, қайталау да кездеседі. Жалпы теңдік қатынастағы құрмаластар мазмұны жағынан бір-бірімен тең түсетін екі синтаксистік параллельден түзіледі. Синтаксистік параллелизм құбылысында әрі мазмұндық, әрі құрылымдық ұқсастық болатындығы жөнінде Р. Сыздыкова Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылымына қатысты былайша түсіндіреді:

«Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,

Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша. Бұл екі тармақты бір-бірінен синтаксистік жағынан тығыз іліктестіріп тұрған – олардың параллельдігі, ал параллелизмді жасап тұрған бұл сөйлемдердің ішкі мазмұн ұқсастығымен қатар, сыртқы құрылымы: екеуінде де бастауыш бір сөзден (*кейбіреу*), баяндауыштары бір тұлғадан (*-ар* жұрнақты есімше), пысықтауыштары да бірдей тұлғадан жасалғандығы» [68, 310 б.].

Тіліміздегі теңдік қатынастағы құрмаластардың ұйымдасу тәсілдері мен жасалу жолдары әр алуан. Оны зерттеп, зерделеу келешектің ісі деп ойлаймыз.

3.5.6 Құрмалас сөйлемнің функционалды-семантикалық түрлері

Соңғы жылдары тілді тұтас жүйе ретінде қарау, жеке тілдік элементтерден гөрі ірі санаттарды қарау үрдіске айналды. Бұл, шындығында да, тіл деп аталатын тұтас жүйені бөлшектеп, контекстен сөйлемді, сөйлемнен тіркесті, тіркестен жеке сөзді бөліп қараудың ойдағыдай нәтиже бермейтіндігінен туындаған қадам. Бұл мәселе құрмалас сөйлемдер синтаксисіне де қатысты. Біз бұл еңбекте қазақ тіл білімінде құрылымдық грамматиканың ықпалымен салалас, сабақтас деп аталатын байланыс аясында бөлек-бөлек қарастырылып келген сөйлемдерді алдымен мағына ортақтығына қарай топтап, содан кейін ортақ мағына негізінде сол мағынаны беретін тілдік тұлғаларға тоқталуды қажет деп таптық. Өйткені «...тілдердің негізгі қасиеттері, өзіне тән ерекшеліктері тек қана бір тұтастық жүйеде ғана айқын көрінеді» [69, 49 б.].

Ыңғайлас мәнді құрмалас сөйлемдер. Қазақ тіл білімінде алдымен, жиылыңқы (А.Байтұрсынов), кейіннен ыңғайлас (Қ.Жұбанов, С.Жиенбаев) деген атпен мәлім болған ыңғайлас салалас деп аталатын құрмаластың түрін соңғы кезде жарық көрген еңбектерде мезгілдес салаластар деп атап жүр. Аталған сөйлемдер өзара ұқсастығы болғанымен, ішінара семантикалық айырмашылықтары бар сөйлемдер. Ыңғайлас сөйлемдерде тектес, ыңғайлас іс-әрекет, оқиға, жай-күй баяндалса, мезгіл мәнді құрмаластарда белгілі бір уақыт шеңберінде өтіп жатқан оқиға баяндалады. Мысалы:

Бұл – қытшақ мүсіншілерінің қолынан шыққан бұйымдар, олар ылғи да аңның бейнесін құйған (Д.Досжанов).

Шай ішілді, тамақ жесілді (Н.Алдабергенов).

Алғашқы сөйлемде мезгілдік мәннен гөрі, бір-бірімен сабақтас ой желісі баяндалады, ал екінші сөйлем бір мезгілде орындалған екі түрлі әрекетті білдіріп тұр. Осы мәселеге назар аударғандардың бірі – Қ.Шәукенұлы. Ол мезгілдес деп беріліп жүрген сөйлемдерді ыңғайлас деп атайды да: «Абзалы, ыңғайлас салалас болу үшін басым бағыт – етістік баяндауыштар білдіретін істің, амалдың жалғастығы емес, біртектестігі ғой деймін. Мысалы, *Үріккен қойдай шоғырын жазбай шапқан үш солдат бөлек кетті де, қара көк аттың үстіндегі Абылаев пен қасқа айғырлы Бақы бір бөлек кетті (Х.Есенжанов)* сияқты сөйлемдерде мезгілдестік емес, ыңғайластық айқын. Бұл арада ыңғайлас салалас сөйлемнің жасалуында оның компоненттері баяндауыштарының шағы, жағы жағынан біртектес лексико-семантикалық байланыстылығы қажет», – деген қоры-

тынды жасайды [70, 163 б.]. Расында да мезгіл мәнді құрмаластар мен ыңғайлас мәнді құрмаластардың өзіндік семантикалық ерекшеліктері бар. Мезгіл мәнді құрмаластарда белгілі бір уақыт кеңістігіне тәуелді оқиғалар баяндалса, ыңғайлас құрмаластарда бірінші кезекке компоненттерде баяндалатын іс-оқиғалардың тектестігі, ыңғайластығы шығарылады. Қазіргі грамматикаларда үлестес сабақтас деп аталып жүрген құрмаластың да табиғаты ыңғайлас салаласка жақын. Айырмашылығы – байланысу формасында. Кезінде «ыңғайлас сабақтас» деп аталған бұл сөйлемдердің терминдік атауының өзгеруіне, біріншіден, ыңғайлас және мезгілдес салаластардың топтастырылуы, соның нәтижесінде бұл топтағы сөйлемдердің семантикалық айырмашылығының артуы, екіншіден, кезінде С.Аманжолов ұсынған «үлестес» атауының да осы сөйлемнің табиғатына жақын келуіне байланысты болса керек. Сондықтан ыңғайлас салаластар мен үлестес сабақтастарды топтастырып, байланысу формасы жағынан болмаса, семантика-грамматикалық табиғаты бірдей мұндай сөйлемдерді ыңғайлас мәнді құрмаластар ретінде карауды негізсіз деп есептемейміз.

Функционалдық аспект негізінде теңдік қатынастағы құрмаласка жататын бұл құрылымның компоненттері, жоғарыда айтылғандай, салаласа да, сабақтаса да байланысады. Мұндай сөйлемдерде мағыналық ыңғайластықты білдіру үшін «ыңғайлас» терминінің мәнін ашатындай, әр компонентте сөйлем мүшелерінің біртектестігі, жұптаса, үйлесе қолданылуы орын алады:

1) Синтаксистік параллелизм арқылы жасалады, дәлірек айтсақ, компоненттері бірдей құрылымда келеді. Мысалы: *Табыс та бар, мақсат та мол* («Қазақ әдебиеті»). *Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық.*

2) Компонент бастауышы бір сөздің қайталануы не бір-біріне жұп, сыңар құрайтын сөздердің әр компонентте келуі арқылы жасалады. Мысалы: *Көмейде бір ғана қақпақ бар, оның өзі әрқалай ашылады* (Қ.Мырза Әли). *Жігіттер көкпарға жиналса, қыздар көңіл көтермекке ыңғайланды. Олардың бірі етіктерін киіп, бірі етіктерін шұлғауланып жатқан* (С.Жүнісов).

3) Екі компоненттегі баяндауыш бір сөздің қайталануы арқылы, не аналогия, антитеза арқылы жасалған сөзден, не бірдей етіс, шақ тұлғасында келеді.

Мысалы: *Жер астында жел де жоқ, тілін соза қызара жылтыраған май шамнан басқа жарық та жоқ* (Ғ.Мүсірепов). *Ыдыс-аяқ та жаңа, көрпе-жастық та су жаңа. Аттар желіге байланып, қонақтар үйге кіргізілді* («Парасат»).

4) Тұрлаулы мүшемен қатар тұрлаусыз мүшелер де бір тұлғада ыңғайлас келуі мүмкін.

Сен малыңды алға тартасың, бұлар ағайындығын айтады («Ел аузынан»). Өзім ауылда балаларға қараймын, әйел қалада базарда сауда жасайды («Қазақ әдебиеті»).

5) Компоненттердегі ой, оқиға желісінің ыңғайластығы. Мысалы: *Дүниежүзіне тарыдай шашылған күрдтердің басынан кешкен қайғы-қасіреті аз емес, көптеген елдерде олардың кемсітушілікке, езгіге, шетқақпайға ұшырағаны белгілі («Қазақ әдебиеті»). Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын (Мақал). Балалы үй базар гоі, солардың қызығын көріп отырмыз («Парасат»). Музыка да, ыргақ та жүрек шымырлатып, шынайы өнер салтанат құрды («Қазақ әдебиеті»).*

6) Компоненттерінде есімдіктер жұбының келуі арқылы. Мысалы:

Қай ауылда қыз көп, серіні содан ізде (Қ.Мырза Әли). Қай жерің ауырса, жаның сол жерде. Ашу қайда болса, ақылың сонда барсын.

Ыңғайлас сабақтастардың баяндауыштары көсемшенің *-ып, -іп, -п* жұрнақтары, шартты райдың *-са, -се* жұрнақтары арқылы жасалса, салаластарды формалық ерекшелігіне карап ажырату қиын, десе де олардың басым көпшілігі есім баяндауыштарға негізделеді. Мұндай сөйлемдерде жоғарыда аталған құрылымдық ерекшеліктердің біреуі келуі де немесе бірнешеуі қатар қолданылуы да мүмкін.

Мезгіл мәнді құрмалас сөйлемдер. Тіл ғылымында таксис терминімен танымал мезгілдік қатынастар – бір мезгілде не әр мезгілде орындалатын іс-әрекеттерді, үзілісті негізгі және жанама қимыл арақатынасы тұрғысында сипаттайтын тілдік санат. Мезгіл мәнін білдіретін құрмалас құрылымдар дәстүрлі грамматикада салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер аясында мезгілдес (ыңғайлас) салалас, мезгіл бағыныңқылы сабақтас, мезгілдес сабақтас деген атаулармен беріліп, жеке-жеке қарастырылып жүр.

Дәстүрлі грамматикада құрмаластың салаласа, сабақтаса байланысқан түрлерінің бір-бірінен айырмашылығы ретінде сабақтас компоненттерінің бағыныңқы, басыңқы болып, бір-біріне бағына байланысатыны, соның нәтижесінде басыңқы сыңардан бағыныңқыға сұрақ қою арқылы оның мағыналық түрін ажыратуға болатыны туралы қалыптасқан түсінік бар. Бұл дұрыс та, бірақ осы құбылыс тек сабақтастарға ғана тән бе? Тілдік мәні бірлер салаласа байланысқан компоненттер арасында да осындай тәуелділік болатынын нақтылайды. Мысалы:

Күн де батты, жол айрығына біздер де жеттік (Қашан жеттік?).

Ауыз сөзіне сеніңкіремей отыр едім, бір газетті алып келді (Қашан алып келді?).

Шоқан босағада тұрған Мұсаға иек қағып еді, ол жалт бұрылып ата жөнелді (Қашан ата жөнелді?).

Аталған жайт құрмаластарды салалас, сабақтас деп бөлу тек тұлғалық ерекшелікке назар аударудан туындағанын, ал құрмалас деп аталатын

бүтін бірліктің компоненттері арасында мейлі ол салаласа байланысса да, сабақтаса байланысса да, мағыналық тәуелділіктің (теңдік қатынастағы құрмаластардан басқасында) болатындығын дәлелдей түссе керек.

Тілімізде мезгілдік мән берудің бірнеше амал-тәсілдері бар.

Аналитикалық тәсіл: мезгіл үстеулері мен мезгіл мәнді сөздер арқылы мезгілдік мәннің берілуі.

(1) *Ертеде* қылышынан қан тамған зұлым патша болыпты, жазықсыз халық оның зорлығынан мезі болыпты. (2) *Ертеңіне* Әсет жүргелі жатқанда, ақ бәйбіше жылқыдан бір жақсы ат алғызып сыйға тартады. (3) – Еліме *он жылға дейін* тыныштық бер, мен рахаттанып мал өсіріп мамыражай бір өмір сүріп көрейін («Ел аузынан»). (4) *Үш күн* мінгесіп шапқан соң, Ақауыз ат қажыды (Ж.Аймауытов). Мезгіл үстеулері мен мезгіл мәнді сөздердің қатысы арқылы жасалған құрмалас сөйлемдердегі функционалдық, семантика-грамматикалық қатынасқа назар аударайық: 1-сөйлем теңдік қатынастағы, мезгілдес салалас; 2-сөйлем – адвербиалдық қатынастағы, мезгіл бағыныңқылы сабақтас; 3-сөйлем – теңдік қатынастағы, шартты салалас; 4-сөйлем – адвербиалдық қатынастағы, себеп бағыныңқылы сабақтас. Мысалдардан байқағанымыздай, 1,2-сөйлемдерде ғана мезгілдік мән бар, бірақ бұл сөйлемдердегі мезгілдік мәннің қалыптасуына мезгіл мәнді үстеудің ықпалынан гөрі, компоненттердің баяндауыштық формасының рөлі зор.

Мезгілдес салаластарды жасауда мезгіл мәнді сөздердің қатысы туралы пікірінде Қ.Есенов олардың үш түрлі қолданысына мән береді:

1) мезгіл мәнді сөздер алғашқы компонентте жұмсалып, оқиғаның орындалуын да бірінші орынға шығарады: Қарсы тұрған Гүлшат пен Ерен жаққа *ең алдымен* Мәулен бастап өтіп еді, жұрт түгелімен солай ойысты (С.Шаймерденов).

2) енді бірде мезгілдестік мәндегі сөздер екінші компонентте жұмсалып, осындағы оқиғаның орындалуын да кейінірек екінші қатарға қалдырды: Матвей Степанович далаға шығып кеткен еді, *осының артынан* салдыр-сұлдыр дауыс тағы да естіле қалды (Ә.Сәрсенбаев).

3) мезгіл мәнді сөздер екі компонентте де өзара үйлесіп қолданыла береді: *Алдымен* жігіт кетті, *соңынан* қыз кетті [8, 25 б.].

Келтірілген қолданыстардың қайсысында мезгіл мәнді сөздердің осы қатынасты тудыруға қаншалықты ықпал ететіндігін ажырату үшін құрмаластар құрамынан мезгіл мәнді сөздерді алып тастау арқылы көз жеткізуге болады. Алғашқы екі сөйлемдегі мезгіл мәнді сөзді компонент құрамынан алып тастағаннан сөйлемнің семантикасына нұқсан келмейді, бұл сөздер онсыз да бар мезгілдік қатынасты күшейте түсу қызметін атқарады. Ал соңғы жағдайда компоненттер құрамынан мезгіл мәнді сөздерді алып тастаудан сөйлем мағынасына едәуір нұқсан келеді. Егер осындағы

мезгіл мәнді сөздердің орнын бағыттық, не мекендік, не мақсат т.т. мәнді сөздермен ауыстырсақ, сөйлемдегі мезгілдік мән солғындайды: *Ауылға жігіт кетті, қалаға қыз кетті – Аламын деп жігіт кетті, алғызбаймын деп қыз кетті.*

Сонымен бірге мезгіл мәнді сөздер (*уақытта, кезде, шақта, күнде және т.б.*) бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы құрамында болған кезде, екі компонент арасында мезгілдік қатынас түзілуіне ықпал етеді: *Әңгіме жалтақ елдің жсайына көшкен кезде, Абай шешіле түсті* (М.Әуезов).

Бұдан шығатын қорытынды: мезгіл мәнді сөздер қос компонентте де қолданылған жағдайда компоненттер арасында мезгілдік қатынастың түзілуіне ықпал етеді. Ал мұндай сөздердің қос компоненттің бірінің құрамында орын алуы онсыз да бар мезгілдік қатынасты күшейте түсуге ықпал етеді.

Мезгіл мәнді құрмалас сөйлемдерді жасауда екі компонентке ортақ сөздің болуы, сөйлем мүшелерінің ауысуы сияқты факторлар да әсер етеді: *Жастар бөлек әңгімелесіп отыр екен, мен де соларға қосылдым* (Б.Майлин). *Ол неше түрлі қызық әңгімелерді айтады, мен (оны) аузымның суы құрып тыңдаймын* (С.Мұқанов).

Компоненттерде ортақ сөздің болуының өзі оқиғаның бір уақыт шеңберінде өтіп жатқандығын білдіреді. Егер компоненттердегі ортақ сөздердің бірін басқа сөзбен ауыстырсақ, мезгілдестік мәннен гөрі салыстырмалы не қарсы мән басым сипатқа ие болады: *Жастар бөлек әңгімелесіп отыр екен, (ал, бірақ) мен ақсақалдарға қосылдым. Ол неше түрлі қызық әңгімелерді айтады, (ал, бірақ) мен музыка ғана тыңдаймын.*

ә) аналитикалық-синтетикалық тәсілдер арқылы мезгілдік мәннің берілуі (шылаулар, орын тәртібі мен интонация тәсілдері). Аталған тәсіл аясында қарастырылатын шылаулардың рөлі ерекше. Олар құрмаластың бір компонентін екіншісімен байланыстырып қана қоймай, олардың арасындағы мағыналық қатынасты айқындай түседі. Салаластарды байланыстыратын жалғаулықтар да, сабақтастарды байланыстыратын септеуліктер де компоненттерді құрмаластырудың өзге тәсілдерімен бірге аталған функцияны атқара алады.

да, де, та, те жалғаулығы арқылы құрмаласқан салаластар мезгілдік жағынан бірінен кейін бірі болып жатқан немесе қатар болған іс-әрекет, жай-күй, көріністерді білдіреді. *Залдағы жарық сөндірілді де, пердесі баяу сырғып сахна ашылды* (З.Қабдолов). *Жер астында жел де жоқ, тілін соза қызара жалтыраған май шамнан басқа жарық та жоқ* (Ғ.Мүсірепов). Аталған жалғаулық құрмаластардың бір компонентінде қолданылуы да, екі компонентте қайталана қолданылуы да мүмкін. Қайталана қолданылғанда бұл жалғаулық өзі тіркескен сөзге ой екпінін түсіру міндетін де атқарады.

Және, әрі жалғаулықты салаластардың тілімізде қолданылу жиілігі да/де, та/те жалғаулығына карағанда сирегірек. Мезгілдестерді байланыстыратын жалғаулық деп танығанымызбен, дәл осы жалғаулықтар арқылы құрмаластарда мезгіл мәнінен гөрі ыңғайластық сипат басым болады. *Және* жалғаулығы қос компонент арасында бір-ақ рет қолданылса, *әрі* жалғаулығы қайталанып та, қайталанбай да қолданылады.

Сіздің қолыңыз босай қоймас және босағанмен бұл жұмыс сізге ауыр тиер (Ә.Әбішев). *Қадірдің киімі жұқа, әрі денсаулығы мықты емес* (С.Мұқанов).

Септеулік шылаулардың құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыруда жалғаулықтармен салыстырғанда рөлінің басым екендігі бұрын да айтылып жүр. Құрмаластардың ішінде жасалу жолы күрделі, дәлірек айтсақ, осындай мәндік қатынасты тудырушы формаларының саны жағынан ең көбі – мезгіл мәнді құрмаластар. Бағыныңқының есімше формалы баяндауышына *соң, сайын* шылауының, барыс септік жалғаулы есімшеге *дейін, шейін*, шығыс септікті есімшеге *кейін, соң, бері, былай*, осы септіктегі тұйық етістік формасына *бұрын* шылауларының тіркесуі арқылы мезгіл бағыныңқылар жасалады: *Онан біраз жер өткен соң, ише сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай ише сатып алды* (Ы.Алтынсарин). *Ырысбек қашан үлкейтіп болғанға шейін, көкем мен апамның суретін алғанымды Нәзира әпкем білмесе екен деймін* (С.Мұқанов). *Аспан мен жер жапсары ақшыл бояуға малынып күн көзі көкжиектен ажырағаннан кейін, тоғай іші қайта жанданды. Шыңыраудың құбыр-өңеші түбіне тақаған сайын, шағылға шағылысқан екінді шақтың жарығы құбыр-өңешке молынан құйылды* (Д.Досжан).

Құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыруда интонацияның да өзіндік рөлі бар. Бұл тәсілдің әсіресе жалғаулықсыз салаластарды байланыстырудағы рөлі туралы З.Базарбаева: «Екі компоненттің арасын байланыстыратын жалғаулықтар олардың мағыналық қатынасын көрсетеді. Ал жалғаулықсыз іргелес салаластардың мағыналық қатынастарын көрсетуде барлық күш олардың интонациялық тәсілдеріне түседі. Мұндайда интонацияның компоненті болып саналатын қарқын, интенсивтілік, ұзақтылық, әуен сияқтылар қозғалысқа түсіп, әртүрлі қызмет атқарады және А.М.Пешковскийдің өтем заңы (закон компенсации) деген пікірін, яғни жалғаулықтар арқылы жеткізілмейтін мағынаны интонация арқылы жеткізуге болады деген ойын мақұлдайды. Тек қана пауза синтаксистік көмекші тәсілдермен бірігіп интонацияның маңызын үстемелейді», – дейді [42, 130 б.]. Бұдан байқағанымыздай, салаластың жалғаулықты, жалғаулықсыз түрлерінің, септеулікті, септеуліксіз сабақтастардың бір-бірінен интонациялық ерекшеліктері болады.

Жалғаулықсыз мезгілдес салаластың интонациясына мысал:

Аңызда айтылған қырық қорым анау, шошақ басында жартылай
кұлаған көне мазар шошаяды (Д.Досжанов).

Қазақ тіліндегі іргелесе байланысқан мезгілдес салалас сөйлемдер компоненттерін байланыстыруда интонация басты қызмет атқарады десек те, оған қосымша синтетикалық тәсілдің де ролін көрсете аламыз:

1) алдыңғы компонент (I) көсемше формалы негізгі етістік+отыр еді/ еді – кейінгі компонент (II) баяндауышы жедел өткен шақ формасында;

2) I компонент жедел өткен шақ+ болды, шартты райлы етістік + болғаны;

3) I компонент жедел өткен шақ+ақ;

4) I компонент тұйық етістікті бастауыш + мұң еді баяндауышы;

5) II компонент *сол-ақ екен, сөйткенше болмады* деген анафористік сөздердің қатысы арқылы.

Синтетикалық (грамматикалық) тәсіл: қос компоненттің баяндауыш формасы арқылы құрмаласуы. Әдетте, құрмаластардың баяндауыш формасы арқылы құрмаласуы дегенде, сабақтастардың есімше, көсемше, шартты рай тұлғалары арқылы құрмаласуы сөз болады да, салаластардың баяндауыш формасы назардан тыс қалады. Салалас сөйлем компоненттері баяндауыштары да арнайы тұлғада тұрып, белгілі бір қатынастағы құрмалас сөйлемдер жасайды. Мұндай компоненттерді құрмаластырушы басты тұлға – жіктік жалғаулары (ашық не жасырын формадағы), сонымен бірге онымен препозицияда тұрған қосымшалардың да өзіндік функциясы бар. Мұндайда жіктік жалғауы салаластырушы тұлға болып саналады да, оның алдындағы тұлғалар белгілі бір мағыналық қатынастың түзілуіне жанама болса да, әсер етеді. Мезгіл мәнді қатынастарды беруге қатысатын грамматикалық санаттар: шақ және септік санаты. Осы тәсілдер арқылы мезгіл пысықтауыштар, мезгілдес салаластар, мезгіл бағыныңқылы сабақтастар мен мезгілдес сабақтастар жасалады. Мезгіл бағыныңқылы сабақтастардың компоненттері арасын байланыстыруда есімше, көсемше формалары қатысады. Ал мезгілдес салаластарда қос компонентте баяндалатын жай-күй бір ғана шақ формасында не басқа тұлғалы бірдей формада тұрады, ал егер екі компонент екі түрлі шақ формасында тұрған болса, компоненттерде ортақ сөздің болуы шарт. Мысалы: *Ал енді, бала шаба жөнелді, мен де артынан ілестім* (С.Мұқанов). *Малдас құрып отырған Абылай қолындағы қылқобызды тастай салды, тұла бойын айтып болмас үрей кернеп тұр* (Д.Досжан). *Холдың екі қолын артына қайырып біреулер ұстап әкеле жатыр, біреулер темір тәшке дайындап тұр* (Ғ.Мұстафин). Құр-

малас сөйлем компоненттерін байланыстыруда жатыс, шығыс, көмектес септік жалғаулары қатысады, бірақ септеуліктердің көмегінсіз жеке тұрып, компоненттерді байланыстыру қызметі тек жатыс септіктеріне тән: *Қызым – үйде, қылығы – түзде* (Мақал). *Қаңтарулы ат қасында, қамшы мен шылбыр белінде* (Ғ.Мүсірепов). *Аттылар жалт-жалт қарасқанда, жақын жерде дөңгелене отырған көп адамның жиыны көрінді* (М.Әуезов).

Мезгіл мәнді құрмаластарды жасауда жатыс септік формасының актив қатысатынын аңғаруға болады. Бұл форма арқылы салаластар да, сабактастар да байланыса алады. Жатыс септіктің есімше формасына (-ған, -ген) жалғанып мезгілдік мән беруі – ең өнімді тәсілдің бірі: *Бір кезде Бөлтірік бес молданы бастап үйге кіргізгенде, бәрі таңданып балаға қарайды* («Ел аузынан»). *Жанына мылтық батқанда, анасы қызын тастай беріп, алыса кетті* (Ж.Аймауытов).

Жатыс септік жалғауы есімшенің -ар, -ер, -р формасымен тіркесіп келіп те мезгілдік мән береді: *Бір күні түс кезінде бұлар ауылдан аттанарда, көлдің жел жағынан шаңдатып шауып келе жатқан бір орыс, бір қазақ көрінді* (М.Дулатов). Бұл қазақ тілінде сирек қолданылатын тәсіл болғанымен, Қ.Есенов оның өзбек, қырғыз тілдерінде жатыс септігінсіз, болымды-болымсыз қосар формада актив қолданылатынын көрсетеді [22, 90 б.]. Есімше формасына -ша, -ше жұрнағы жалғану арқылы жалған мезгіл мәнді құрмаластардың алғашқы компонентінде баяндалған іс-әрекет орындалғанша, келесі компонентте сонымен қатар орындалып жатқан іс-оқиға баяндалады: *Бапан ойланып жасауап бергенше, топ ішінен бір жасөспірім бала ортаға шығады* («Ел аузынан»). *Әйел етті қазанға салғанша, үйге бірталай жұрт жиналып қалды* (С.Мұқанов).

Мезгіл мәнді құрмаластың синтетикалық тәсіліне көсемше, шартты рай арқылы жасалған құрмаластар да жатады. Қазақ тіл білімінде көсемше формасының құрмаластарды байланыстыру функциясы, оның грамматикалық мәні мен мезгіл бағыныңқылы сабактастарды жасаудағы рөлі біршама зерттелгендіктен, оны қайталауды жөн көрмедік. Мезгіл мәнді құрмаластар компоненттерін байланыстыруда көсемшелердің барлық формасы (-а, -е; -ма, -ме + -й; -ып, -іп, -п; -ғалы, -гелі, -қалы, -келі; -ысымен, -ісімен) қатысады: *Шал сөзін аяқтамай жатып, сау етіп төрт-бес жігіт кіріп келді. Шай жиыла бере, Абай жастыққа құлай түсті. Жалғыз баласы Иса өлгелі, Қодар әбден тұнжырап кеткен еді. Қонақтар үйге кіріп отырысымен, Абай Әбіштің жүзіне үңілді. Ұлықтар жүріп кетісімен, Оразбай, Жиреншелер қатарласа ұмтылып, Абайлардың сыртынан ентелеп қарап тұрды* (М.Әуезов).

Амал, себеп бағыныңқылар жасауда актив қолданылатын -ып, -іп формасы мезгіл мәнді құрмалас жасағанда, негізгі қимылды білдіретін етістікке емес, оған тіркескен нақ осы шақты білдіретін қалып етістігі-

не жалғанады. Алайда кейбір еңбектерде бұл тұлғаның негізгі етістікке жалғанып, мезгіл мәнін білдіруі туралы да айтылып жүр. Бірақ ондай жағдайда сол компонентте мезгіл мәнін берудің өзге де амал-тәсілдері қолданылады: *Бір уақытта шолпы сылдыры естіліп*, Тоғжанның әсем бойы көрінді (М.Әуезов).

Шартты рай формасы арқылы да мезгіл бағыныңқылар жасалады: *Шоқан келсе, ойын-сауық басталып кетіпті* (С.Мұқанов). *Абай атасының үйіне кіріп келсе, шанишардың алты-жеті қарты жиендерін әрі сыйлау, әрі сынау мақсатымен оны арнайы тосып отыр екен* («Ел аузынан»). Бұл форма арқылы құрмаласқан сөйлемдер бірде шартты, бірде салыстырмалы, бірде мезгілдік, бірде қарсы мән білдіреді. Мезгілдік мәнді айқындауда екінші компоненттің баяндауышының шақтық тұлғасының да қатысы бар:



5-сурет

Алғашқы екі жағдайда мезгіл мәнді, соңғы жағдайда шарт мәнді құрмаластар жасалады. Олай болатын себебі алғашқы жағдайларда қос компонентте орындалатын іс-әрекет мезгіл жағынан бір-бірімен сәйкес келеді, бірінен соң бірі іле-шала болатын оқиға баяндалады, ал соңғы жағдайларда компоненттерде шақтық үйлесім болмағандықтан, алғашқы компонент екінші компоненттің шарты есебінде жұмсалады.

Мезгілдік қатынасқа құрылған салалас құрмаластардың құрылымдық түрлері, әсіресе, ауызекі тілде айқын байқалады. Ауызекі тілдің жазба тілден ерекшелігі – онда оқиғалардың уақыт тізбегіндегі мағынаны білдіретін салалас құрмалас сөйлемнің көптігінде екенін айта келіп Р.Әмір оның төмендегідей жасалу жолдарын көрсетеді:

1) Ауызекі тілге тән мезгіл мағынасындағы салалас құрмалас сөйлемдер шапшаң қимылды білдіреді. Мысалы: *Жарық жақпау керек. Жақтың-ақ, қаптап кетеді* (С.Мұқанов). *Жантайды-ақ, неше күн ізіне түсіп келе жатқан қашқынынан айрылады* (Ғ.Мұстафин).

2) Мезгіл мағынасындағы салалас құрмалас сөйлемдердің келесі бір түрін *алдың болды, алса болды* деген баяндауыштар жасайды. Баяндауыш *өткен шақ етістігі + болды, шарт формасындағы етістік + болды* деген жолмен құралады. Мысалы: *От жақпа. Жақтың болды, шыбын-шіркей қаптап кетеді* (С.Мұратбеков). *Шымырбай жаңа киім алса болды, елтілдеп, со бойда үстіне іліп алады* (Б.Тілегенов).

Байланыстырушы баяндауыш алды болды құрамындағы көмекші етістік болғаны (болған-ы) формасында жүре алады.

Сөзіңе болайын! Қыста балықта қауқар қала ма? Жаңғыз кеңгеге ілінсе болғаны, тырп етпейді (Ә.Нұрпейісов). Алды болды сияқты етістіктік баяндауыштың қолдануы грамматикалық форманың мезгілдік мағынасын өзгертеді.

3) Жай сөйлемдерінің баяндауыштары *осы еді, сол еді* деген сөздерден құралған құрмалас сөйлемдер ерекше құрылымдық-семантикалық түрмен айқындалады. Бұл компонент кимыл уақытын білдіретін *осы* деген баяндауышы бар жай сөйлемнің нұсқасы болып табылады. *Осы еді, сол еді* баяндауыштары бар жай сөйлемдер уақыт қатынастарын білдіретін құрмалас сөйлемнің нұсқасы болады: *Аяғымыздың бортқа іліккені сол еді, машина селкілдеп қозғала берді (Б.Тілегенов). Келгені сол еді, бастық шақырып кетті. Нұрсұлу бір жаққа баруға жиналып жатқаны сол еді, телефон шылдыр ете қалды (Қ.Жұмаділов).*

Субъективті-етістіктік құрылымдағы сөйлемдер құрмалас сөйлем жүйесімен баяндауыш ретінде *мұң екен* деген сөз жүргенде тығыз байланыста болады.

Ебейсіннің үйден шығуы мұң екен, Құдаймен де қарқылдап үйді басына көтере күлді (Ә.Нұрпейісов).

Салалас құрмалас сөйлемдер жүйесінде *сол сол-ақ екен, сол-ақ екен, сөйткенше болмады* деген сентиматикалық тәсілдер арқылы байланысатын сөйлемдер көзге түседі. Мысалы: *Мына жолаушының қарасы көріне бергенде шеткі үйдің бірінен сақ құлақ ақ қаншық шәу етті, сол-ақ екен* әр үйден он-ондаған ит қаптай шығып... аттылы кісіге ұмтылды (Ә.Нұрпейісов).

Аталған сентиманттық тәсілдер арқылы байланысқан салалас құрмалас сөйлемдер кимыл шапшаңдығын білдіреді. Аталған сентиманттық тәсілдерді қолдану әртүрлі формадағы жай сөйлемдерді бір жалпы жүйе құрамына енгізу мүмкіндігін кеңейтеді. Бұндай салалас құрмалас сөйлемнің құрамына басқа құрылымдық-грамматикалық уақыт мағынасындағы түрлерде байқалмайтын риторикалық сұрақтар кіреді. Мысалы: *Жантаев қызуланып... нағанын суырып алмасын ба, сол сол-ақ екен он шақты жігіт Жантаевқа винтовкесін төсеп тұра қалды (Б.Майлин) [39, 146-149 бб.].*

Бұдан байқағанымыздай, ауызекі сөйлеу тілі мезгілдік мән берудің амал-тәсілдері молдығымен ерекшеленеді. Жалпы мезгіл мәнді құрмаластарды жасауда өткен шақ формасының қызметі ерекше. Жоғарыдағы айтылған *ақ* демеулігінің, *болды* көмекші етістігінің баяндауыш құрамында келіп, мезгілдік мән білдіруі өзінің алдындағы өткен шақ формасындағы сөзбен тіркесуіне және осы етістік формасының өзі өткен шақта тұруына тікелей байланысты. Сөзіміз дәлелді болу үшін, жоғарыдағы

сөйлемнің баяндауыш формасына шақ жағынан өзгеріс енгізіп көрейік: *От жақпа. Жағар болсаң, шыбын-шіркей қаттап кетеді.* Немесе өткен шақ формасындағы көмекші етістікті сөйлем құрамынан алып тастайық: *Жаңғыз кеңгеге ілінсе, тырп етпейді.* Компоненттер арасында мезгілдік мән жоқ, шарттық мән басым сипат алып тұр.

Ал *осы еді, сол еді, мұң екен, сол сол-ақ екен, сөйткенше болмады* тіркесімдерінде өзіне қатысты іс-әрекет, жай-күйдің сол мезетте орындалуын білдіру мәні бар. Кейде ықшамдалып та қолданылатын бұл мән компоненттер арасында түзілетін мағыналық қатынасқа да өз әсерін тигізері сөзсіз. Мысалы: *Шайды алдына жаңа қойып, «бісмілдәні» келтіргені сол еді, Мамырбайдың бір малайы жетіп келді* (М.Дулатов). *Қайта келіп, суық көрдей үйіне еніп, көне қобызды сөйлеткені сол – дүм-дүние өзгеріп сала берді* (Д.Досжан).

Сондықтан мезгіл мәнді құрмаластарды жасауда өткен шақ пен осы шақ тұлғаларының және лексикалық корреляттардың басым рөл атқаратындығын айтуымыз керек.

Қарсы мәнді құрмалас сөйлемдер. Қарама-қарсылық немесе «терістеу заңы» – диалектиканың негізгі заңдарының бірі. Қоғамның субъектісі ретінде адам айналасында болып жатқан құбылыстарды тек бақылап қана қоймайды, оған ықпал етеді, тікелей қатысады, қабылдайды. Қоғамдағы құбылыстар мен оқиғалар туралы көрген-түйгенін ой елегінен өткізеді, баяндайды, ол туралы көзқарасын білдіреді, мақұлдайды не терістейді. Адам мен қоғам арасындағы осы байланыстың тілдік бейнесі сөйлемде көрініс табады. Қазақ тіл біліміне бір кездері «ереуіл», «қайшы» салалас деген атпен енген, кейіннен «қарсылықты салалас», «қарсылықты бағыныңқылы сабақтас» деп аталған бұл сөйлемдердің компоненттері бір-біріне қарама-қарсы келетін әрекеттерді, оқиғаларды баяндайды. Бұл жөнінде филология ғылымдарының кандидаты Б.Қапалбеков: «Қарсылықты салалас сөйлем мен қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемді сыңарлары қарсы мағынада келетін құрмаластарды жасаудың әртүрлі тәсілдері деп қарауға болады. Болашақта қазіргі қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі басқа қырынан, мағынадан оны жасаушы тұлғаларға қарай жүретін тәсілмен қарастырылатын болса, онда қарсы мәндегі сабақтас, салалас сөйлемдер бір деңгейге топтастырылатын болады», – деп көрсетеді [71, 720 б.].

Компоненттердегі қарсы мән қалай құрылады:

- 1) бірінші компоненттегі предикатқа екінші компоненттегі предикат қайшы мәнде беріледі;
- 2) бірінші сыңарда баяндалған оқиғаның күтілетін нәтижесі екінші компонентте жоққа шығарылады не қарсы мәнге құрылады;
- 3) екінші сыңарда белгілі бір ой айтылады, бірақ ол мәні жағынан бірінші сыңарда айтылған ойға қарсы мәнде болады.

Сонымен бірге Қ.Есенов «кейбір қарсылықты бағыныңқы сөйлемдерде қайшылас мәнмен қатар салыстырма, шарт оттеноктары да болады», – дей келіп, оның дәлелі ретінде төмендегідей сөйлемдерді ұсынады: *Менің әлі бойым піскенмен, ойым піскен жоқ. Біреуге достық жасасам, қастық боп қайтады өзіме* (Қ.Аманжолов) [72, 160 б.].

Қарсы мәнді құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары:

а) семантика-грамматикалық тәсілдер немесе аналитикалық тәсілдердің ішінде қарсы мәнді құрмаластарды жасауға актив қатысатыны – ассоциативті антонимдік байланыстар, антоним сөздер. Мысалы: *Қызым – үйде, қылығы – түзде. Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа* (Мақалдар). *Адам көп, адамгершілік аз. Адамға ең қиыны – Адам болу, хайуан болу оп-оңай* (Қ.Мырза Әли).

Лексикалық қайталау, сөйлем мүшелерінің алмасуы арқылы да қарсы мәнді құрмаластар жасалады: *Көктің күні батса да, Қоңілдің күні батпасын. Шайдың қызылы кесілгенмен, беттің қызылы қалады. Періште пендені тәрбиелей алмайды, бірақ пенде періштені бұза алады* (Қ.Мырза Әли). Сондай-ақ жоқ, емес сөздері баяндауыш қызметінде жұмсалғанда да, қарсы мәнді құрмаластар жасалады.

ә) аналитикалық-синтетикалық тәсілдер арқылы мезгілдік мәннің берілуі (шылаулар, орын тәртібі мен интонация тәсілдері). Тілімізде қарсылықты мән білдіретін шылаулар ретінде көрсетіліп жүрген жалғаулықтардың қай-қайсысы да құрмаластың аталған түрінің калыптасуына белгілі бір дәрежеде ықпал етеді. Олар: *бірақ, дегенмен, әйтсе де, сөйтсе де, сонда да, дегенмен, алайда, ал*. Қарсылықты мән тудырушы жалғаулықтардың мезгілдес, себептес мәнді жалғаулықтардан сапалық айырмашылықтары бар екендігі Н.Сауранбаев еңбегінде көрсетілген [4, 210 б.]. Қарсы мәнді білдіретін жалғаулық шылауларды бірінің орнына бірін қойып алмастырып айтуға болады: *Ашу қыз-қыз қайнайды, бірақ (алайда, дегенмен) күресерге дәрмен жоқ*.

Қарсы мәнді құрмаластар компоненттерінің орналасуы деген мәселе компоненттердегі болымсыздық мағынаның берілуімен байланысты. Қ.Есенов көрсеткен компоненттердегі қарсы мәнді білдіруде болымды компонент пен болымсыз компоненттің орналасу тәртібін төмендегідей етіп жинақтап беруге болады:

- 1) болымды компонент – болымсыз компонент;
 - 2) болымсыз компонент – болымды компонент;
 - 3) болымды компонент – болымды компонент;
 - 4) болымсыз компонент – болымсыз компонент [8, 35-36 бб.].
- б) грамматикалық (синтетикалық) тәсілдер (құрмалас компоненттерінің баяндауыш формасы):

- 1) шартты рай тұлғасы арқылы (-са, -се);
- 2) шартты рай тұлғасына да, де дәнекері тіркесу арқылы;

- 3) көмектес септікті есімше тұлғасы арқылы;
- 4) барыс септікті есімшеге *қарамастан* сөзінің тіркесуі арқылы;
- 5) көсемше тұлғасы арқылы (-а, -е, -і).

А.Аманжолов сонымен бірге қарсылықты мән беруде салыстырмалы мәні бар, бірақ қарсылықты мәні басым болатын екі тұлғаны көрсетеді:

- 1) – *ғанша*;
- 2) – *мақ түгіл* [73, 47 б.].

Болымсыздық мәні бар *-сыз, -сіз* тұлғалы баяндауыш та қарсы мәнді құрмалас жасауға қатысады.

Қарсы мәнді құрмаластар қарсылықты мағынаның берілуіне қарай реалды қарсылықты және ирреалды қарсылықты сөйлемдер болып бөлінеді.

Реалды қарсылықты бағыныңқыда қарсы мәндегі оқиғаның орындалғаны не орындалатыны баяндалады. Мысалы: *Салт аттылар мен ат шана өтіп кетсе де, Әбдірахман терезеге сүйеніп ұзақ тұрды* (Х.Есенжанов). – *Салт аттылар мен ат шана өтіп кетті, бірақ Әбдірахман терезеге сүйеніп ұзақ тұрды. Ұлы түнде орнынан қанша сыбдырсыз тұрдым десе де, бұл бірге оянады. – Ұлы түнде орнынан барынша сыбдырсыз тұрады, сөйтсе де бұл бірге оянады. Асығыс болса да, қайырылмау ұят. – Асығыс-ақ, дегенмен қайырылмау ұят. Сөзі қиқар болғанмен, жұрт пікірінше, осы ауылдағы жәні түзу шалдың өзі – осы Өрдін. – Сөзі қиқар, әйтсе де, жұрт пікірінше, осы ауылдағы жәні түзу шалдың өзі – осы Өрдін. Мұқыр марқұмға түр-келбеті ұқсағанмен, мінезі тартпаған* (Қ.Токмырзақұлы). – *Мұқыр марқұмға түр-келбеті ұқсайды, бірақ мінезі тартпаған.*

Ирреалды қарсылықты бағыныңқы сөйлемнің бағыныңқы сөйлемінде белгілі бір істі орындау жайында әрекет жасалғанымен, басыңқыда сол әрекеттің орындалуы теріске шығарылады. Мысалы: *Алтын-күміс ақша ұстанған бай болса да, өлікке кебін бермеген сараңдар бұл* (Д.Досжан). – *Алтын-күміс ақша ұстанған бай болған, бірақ өлікке кебін бермеген сараңдар бұл. Тілдің бірден-бір жоқтаушысы қаламгер қауым десек, олардан әзірше айта қоярлықтай қимыл көрінбейді («Қазақ әдебиеті»).* – *Тілдің бірден-бір жоқтаушысы – қаламгер қауым, бірақ олардан әзірше айта қоярлықтай қимыл көрінбейді. Барайын десем, жер шалғай. – Барайын деймін, бірақ жер шалғай.*

Құрмалас сөйлемдер жүйесінде ауызекі тілге тән қарсы қатынасты білдіретін сөйлемдерді Р.Әміров үш құрылымдық түрге бөліп қарастырады:

- 1) Олардың біреуінде препозициялық компонент ретінде бұйрық рай формасындағы баяндауыш-етістіктері бар жай сөйлемдер тұрады. Екінші сөйлемнің баяндауышы келер шақ пен өткен шақ етістігінен тұрады. Мысалы: *Қандай айнымайды-ау деген дос болсын, әуелі бір бәлеге сұң-*

гітіп алып, өзі айырып алған кісі болып, өз досының мойнына есептеп ұпай салады (М.Әуезов). Қанша шұбарламасын, одан кітабы жақсы болмайды. Ауылнай болмақ түгіл, тіпті уез болысын да тыңдамаймын (Б.Майлин). Қанша жалынбасын, мен айтқанын істемедім.

2) Қарсы мағынадағы құрмалас сөйлемдердің екінші түрі сөйлемдердің препозициялық құрамдас бөлігі ретінде біртекті альтернативті мағынадағы баяндауыштың енгізілуімен анықталады, баяндауыш рөлінде *-ар*, *-ер*-ге аяқталатын есімшелер немесе бұйрық формасындағы болымды-болымсыз етістіктер болады: Мысалы: *Жақсы болсын, жаман болсын, өзіңнің ұнатып тигеніңді айтсаңшы* (Б.Майлин). *Келер, келмес, бірақ мен оны шақырамын. Дүйсеке айтсын, айтпасын, малын Сиқымбай ұрлаганын Есімбай жақсы білетін* (Ғ.Мұстафин).

3) Ауызекі тілде *-тын*, *-тін*-ге аяқталатын баяндауыш-есімшелі жай сөйлемдер бір құрамдас бөлік ретінде қарсылықты сөйлемнің ерекше түрін білдіреді.

– *Кімсің сен, маған нұсқау беретін* (Ж.Еділбаев).

– *Оу, мынауыңыз қалай, Әлеке, танысу аяқты атпақ ішпей ме екен.*

Лингвистикалық жұмыстарда *-тын*-ға аяқталатын компонентті салалас құрмалас сөйлемдер арнайы көрсетілмейді. *-тын*-ға аяқталатын компонент құрмалас сөйлемдерді жазғанда пунктуациялық белгі болмайтынынан айқын көрінеді. Құрмалас сөйлемнің көрсетілген құрылымдық-семантикалық құрылысының айқындалмауы белгілі бір өлшемде *-тын* есімшелі жай сөйлемнің предикативті қызметтерінің толық зерттелмеуінен деп түсіндіріледі. Сонымен қатар, лингвистикалық әдебиетте әлі күнге дейін қимылды потенцияда білдіретін *-тын*-ға аяқталатын баяндауыш формасы ескерілмейді. Дәл осы қолданыста *-тын*-ға аяқталатын есімше құрмалас сөйлемнің құрамында қарсылықты сөйлем құрай алады.

Берілген құрылымдық құрмалас сөйлемдердің арасында екінші компонент болып *түк те жоқ*, *еш нәрсе жоқ*, *сайтаны да жоқ* деген сөз тіркестері қолданылады: *Тұйыққа тірелетін түк те жоқ, мұнан қиынын да көргенбіз* (Б.Майлин) [71, 140-143 бб.].

Бұдан байқағанымыздай, қарсы мәнді құрмаластарды жасауда лексикалық, морфологиялық корреляттардың атқарар жүгі ерекше. Әсіресе, бұл жайт ауызекі сөйлеу тілінде ерекше сипатқа ие болады.

Қарсы мәнді құрмалас сөйлемдерді жасаудың ең өнімді тәсілі ретінде аналитикалық (ассоциативті) антонимдер мен синтетикалық тәсілді көрсетуге болады.

Түсіндірмелі мәнді құрмалас сөйлемдер. Бір компонентінде баяндалған оқиғаның мәні келесі сөйлемде айқындалып, түсіндіріліп отыратын түсіндірмелі мәнді құрмаластар салаласа да, сабақтаса да байланысады. Қазақ тілінде үнемі жалғаулықсыз қолданылатын салалас сөйлемге

тек түсіндірмелі салалас қана жатады. Түсіндірмелі салалас алғашында іліктес, анықтамалы болып әртүрлі аталып келді. Құрмалас сөйлемнің мұндай түрінің сабақтаса да байланысатынын және бағыныңқы сөйлемнің өзге түрлеріндей емес, айқындаушы, түсіндіруші қызмет басыңқының үлесіне тиетіндігін айтқан ғалым – Қ.Есенов.

Түсіндірмелі құрмаластардың жасалу жолдары:

1) Алғашқы компонентінің баяндауыштары *сол, сондай, сонша* есімдік, үстеу сөздерінің қатысы арқылы жасалады. Мысалы: *Жиын-тойларда жарқ етіп, бірден көзге түсетіні соншалық, оның қасында бозбала жігіттердің өзі көмескі тартып, көрінбей қалатын* (Қ.Жұмаділов). *Саған ашып айтарым сол: мен осында қаламын* (Ә.Әбішев). *Бар өмірін жапа шеккенді ақтауға арнаған Демосфеннің сұңғылалығы сондай – ол алдына арызбен келген адамның дауыс ырғағына қарап, сотта қаралғалы тұрған істің салмағын өлшеп-пішіп, біліп отыратын болған* (Ш.Айтматов).

2) Алғашқы компонентінің құрамында *мынандай* жалпылауыш сөзі қолданылып, келесі компонент оның мәнін ашып тұрса, кейде ол сөз жасырын тұруы да мүмкін. Мысалы: *Ұлым мынадай өтініш жасады: несіне асығамыз, мәйітті және бір күн түнетейік* (Д.Досжан). *Сізге бір таңға жайып дүние айтайын: екі жарым мың жыл сақталған бал табылды* («Ана тілі»).

3) Алғашқы компонентінің баяндауыштарында түсіндірмелі мәндегі есім, егістік сөздер де қолданылады. Мысалы: *Бұл байғұстың інінен безіп аяқ астында жүргені несі деп ойлаған: жер астынан қатер сезсе, жылан, тасбақа іннен безіп кетеді деуші еді* (Д. Досжан).

4) Анафоралық есімдіктер арқылы жасалады. Мұндайда алғашқы компонент сұраулы сөйлем формасында тұрады да, екінші компонентте сол сұраудан туындаған нұсқау баяндалады. Мысалы: *Кім алманы қуады, сол ойыннан шығады* («Жыл он екі ай»).

Жеңіс қай жақта болса, мен сол жақтамын. Өмір саған қандай қымбат болса, өміріңнің жалғасы бала да сондай қымбат (Үнді нақылы).

5) Алғашқы компоненттің шартты рай формасындағы баяндауышы келесі компонентке нұсқап тұрады, ал екінші компонент бірінші компонентте нұсқалған ойдың жауабы ретінде қолданылса. Мұндайда екінші компонент, негізінен, есім баяндауышты болады. Мысалы: *Қазақ халқына онша дарымай қалған бір кәсіп болса, ол – омарташылық* («Ана тілі»).

Қазіргі тіліміздің даму үрдісі күрделі ойдың компоненттерін ерекше түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдердің бар екендігін айқындайды. Әсіресе ауызекі сөйлеу тілінде түсіндірме мәнді құрмаластың формалық түрі көп.

Мұндай түсіндірмелі құрылымдар тығыз синтагмалық қатынасқа негізделеді. Алғашқы компонент сұраулы сөйлем болса, екінші компо-

нентте оның тыңдаушыға қатысты әрекеті емес, сөйлеуші тарапынан тыңдаушыға нұсқау беріледі. Мысалы: *Адамың келе ме, соны айтсаңшы* (А.Нұрманов). *Не мұқтажсыңыз бар, соны айтыңыз* (А.Нұрманов). Егер алғашқы компонент тілек, жалыныш мәнінде болса, екінші компонент соған итермелеген жағдайды түсіндіреді. Мысалы: *Аясайшы, бейуаз ек қой* (Ж.Аймауытов). – *Келсейші, бөтенситін жат емессің зой* («Қазақ әдебиеті»).

Егер мұндай сөйлемдердің екінші компонентін өзгертсек, сөз жоқ, мағыналық қатынас та өзгереді: *Адамың келе ме, күтейік. Не мұқтажсыңыз бар, көмектесейік. Аясайшы, мен де өзіңдей бейуаз ем зой. Келсейші, шай ішейік.* Өзгерген компоненттер алғашқы компонентпен түсіндірмелі мәнде емес, ыңғайластық мәнде тұр.

Түсіндірмелі мәндегі сөйлемдердің арасындағы функционалдық қатынастардың түзілуіне төмендегі жайттар себеп болады: компоненттердің біріндегі нысан екіншісінде кеңейтіле баяндалады немесе екінші компонент бірінші компоненттегі кез келген сөйлем мүшесін түсіндіреді, толықтырады не анықтай түседі, нәтижесінде компоненттер арасында субъект-предикаттық, нысандық не атрибутивтік қатынас түзіледі:

1) Субъект-предикаттық қатынастағы құрмаластарда сілтеу есімдігінен, өзге де есім сөздерден жасалған бастауыш не баяндауыштың мәні келесі компонентте ашылады. *Байлам мынау: ертең Темірлан жұртын стадионға митингке шақырамыз // Мынау байламымыз: ертең Темірлан жұртын стадионға митингке шақырамыз* (О.Бодықов).

2) Субъект-предикаттық қатынастағы құрмаластарда етістіктен жаналған баяндауыш арқылы субъектіге (не субъектілерге) келесі компонентте нақтылы ұсыныс, ескертпе берілуі мүмкін. Мысалы: *Есіңде болсын, бастық екі айттырғанды ұнатпайды* (С.Сарғасқаев).

3) Нысандық қатынастағы құрмаластарда алғашқы сөйлемдегі субъектінің ойлау, қабылдау не сөйлеу мазмұнын аша түседі. Мұндайда алғашқы сөйлемнің баяндауышы негізінен тура нысанды қажет ететін сабақты етістіктерден жасалады. Мысалы: *Жұрттан естідім, неше сиырды сойыпты* (М.Қожахметова). *Кластағы белсенділерге айт, мені комсомол жиналысына салсын, талқыласын, түзетуге тырыссын* (М.Айымбетов).

4) Атрибутивтік, нысандық қатынастағы түсіндірмелі мәндегі құрмаластардың алғашқы компонентінде атрибутивтік не нысандық мәндегі сілтеу есімдігі жұмсалады: *Лаура, Қуат, мен – үшеуміздің ойлап-ойлап тапқанмыз, әрі сөз байласқан мынадай уәдеміз болды: жаз бойы пионер лагеріне бармай, Молдабаевтың күнделігіне байланысты іздеу, анықтау жұмыстарын өздеріміз жүргіземіз* (М.Айымбетов). *Мынаған мән беру керек: отаншылдық құр ұранға айналмасын* («Ана тілі»).

5) Атрибутивтік қатынастағы түсіндірмелі мәндегі құрмаластарда екінші компонент бірінші компоненттегі бір мүшені, көбінесе, бастауыш пен толықтауышты анықтайды. Мысалы: *Сөзімізде тұрайық: біріміз бәріміз үшін!* (С.Сарғасқаев). *Дүние шіркін қолдың кірі секілді емес пе: жусаң, кетеді.*

Түсіндірмелі мәндегі құрмаластардың тілдік қолданыстағы жұмсалымдық ерекшелігі ретінде мынаны көрсетуге болады: қандай қатынастағы болмасын жалпы түсіндірмелі мән білдірудің орталық өзегінде аналитикалық-синтетикалық тәсіл тұрады, өйткені қандай формада тұрмасын, түсіндірілетін компонент бұрын, түсіндіретін компонент кейін тұрады. Содан кейінгі орынға сілтеу есімдіктері ие болады, ал сөз таптары мен сөйлем мүшелеріне қатысты алғандағы белгілері онымен салыстырғанда шеткері аймақта орын алатыны сөзсіз.

Себеп мәнді құрмалас сөйлемдер. Қоғаммен тығыз байланыстағы адам және оның әрекеті белгілі бір философиялық заңдылықтарға сүйенетіні мәлім. Диалектиканың негізгі санаттарының бірі – себеп-салдарлық. Себеп-салдарлық байланыс объективті әлемдегі өзара байланысты құбылыстардың бірі ғана емес, сонымен бірге құбылыстар арасындағы көпжақты байланыстың негізі болып саналады. Себеп санының қалыптасуын зерттеген О.В.Маслиева құбылыстар байланысын білдірудің тілдік құралдары үнемі даму үстіндегі ойлау қажеттілігінен артта қалып келе жатқандығын айтады [74, 63 б.]. Н.Сауранбаев себеп бағыныңқыларды мезгіл бағыныңқы сөйлемнің негізінде қалыптасқан құрылым десе, А.А.Кузьмина себептік қатынастардың пайда болуын: «Тілде әуелі қатарласа байланысу, мезгілдік ұқсастықтар бекиді. Ал себептік қатынастар грамматикалық жағынан пішімделіп мұнан бұрын қалыптасқан синтаксистік пішіндердің берілу тәсілдерін пайдаланды», – деп түсіндіреді [75, 42 б.]. Бұл мезгіл және себеп мәнді сөйлемдердің бір негізден шыққандығын дәлелдей түседі. Ғалымдардың бұл тұжырымдарын Қ.Есенов былайша өрбітеді: «...тілдің көне дәуірінде ең алдымен мезгіл бағыныңқы сөйлемдер болған да, кейінірек олар себептік мәнді бергенге ұқсайды. Ал содан кейін бара-бара мезгіл бағыныңқылардан себеп бағыныңқы сөйлемдер өз алдына бөлініп шыққан болу керек» [8, 95 б.]. Бір ғана құрмалас сөйлемнің бойында бір мезетте екі түрлі қатынастың орын алатын жағдайлары болатынын С.А.Шувалова да көрсетеді [76, 30 б.].

(1) - *Рас, бастағы жарық сыздап жанға батқанда, өкіндім.*

(2) - *Осылардың бәрін түбірімен көтермей, ұлт ретінде бас көтеру мүмкін емес («Қазақ әдебиеті»).* Алғашқы сөйлемнің бағыныңқы сыңары *Не себепті өкіндім? Қай кезде өкіндім?* деген сұрауларға жауап болып, бір кезде әрі себептік, әрі мезгілдік мәнге ие болып тұрса, бағыныңқы сыңары көсемшенің болымсыз тұлғасы арқылы жасалған екінші сөйлем-

де шарттық та, мезгілдік те, себептік те мән байқалады. Біздің ойымызша, қосымшалардың бір мезгілде бірнеше мән беруі, басқаша айтсақ, полисемиялы қолданыста болуы, бір жағынан, осы тұлға арқылы жасалған құрмаластардың бір негізден шыққандығын көрсетсе, екінші жағынан, сөйлемді контекстен бөліп қараудың салдарынан. Баяндауыштың грамматикалық тұлғасы компоненттер мағынасын ажыратудағы бірден-бір тәсіл емес, әсіресе осындай екіұшты мәселелерді шешуде конситуацияның рөлі зор. Жоғарыдағы сөйлемдерді өзі катысты контекст шеңберінде қарайық:

(1) - Шыныңызды айтыңызшы, Желтоқсан оқиғасына қатысқаныңызға өкінген сәтіңіз болды ма?

- Рас, бастағы жарық сыздап жанға батқанда, өкіндім. Ондай сәттерде «Үлкен дарияны кесіп өтуден, құдіретті адаммен жауласудан және көппен айтысудан қорық» дейтін апамның сөзі еске түсетін.

Сұхбаттасушы екі субъектінің әңгімесінен берілген үзінді (контекст) мен оқиғаға өзек болған немесе сөйлесу кезіндегі жағдаяттан хабардар болғаннан кейін барып, жоғарыдағы сөйлемде мезгілдік мәннің басымдығына көз жеткізуге болады. Бұл мәнді контекст құрамындағы препозициялық, постпозициялық сөйлемдердегі мезгіл мәнді сәт лексемасының қайталана келуі айқындай түседі.

(2) - Өз «мен» өзгелерден асқақ тұратын «рухы» жоғалған халықтың барар жері құрдым. Күңіренген қобыз үні, күмбірлеген домбыра, ерлікке шақырар батырлар жыры, мәңгілік махаббатқа, өмірге шақыратын лиро-эпостық жырларымыз, әлемдегі теңдессіз Айтыс өнеріміз, жүз томға жеткен «бал-шырын» фольклорымыз, міне, біздің рухани тәрбиеміздің түп қазығы. Осылардың бәрін түбірімен көтермей, ұлт ретінде бас көтеру мүмкін емес. Анаған да, мынаған да жалтақтап, бодмысымызға жарассын, жараспасын бойымызға жассыра беру «сырға ер салғандай ерсілік» болмақ.

Алдымен, нысанға алынған сөйлем мен оның алдындағы сөйлемнің мағыналық қатынасын айқындайық. Екі сөйлемді сондықтан жалғаулығы арқылы байланыстыруға да болады: Күңіренген қобыз үні, күмбірлеген домбыра, ерлікке шақырар батырлар жыры, мәңгілік махаббатқа, өмірге шақыратын лиро-эпостық жырларымыз, әлемдегі теңдессіз Айтыс өнеріміз, жүз томға жеткен «бал-шырын» фольклорымыз, міне, біздің рухани тәрбиеміздің түп қазығы. Сондықтан осылардың бәрін түбірімен көтермей, ұлт ретінде бас көтеру мүмкін емес. Өзінің алдындағы сөйлемге катысты алғанда салдарлық қатынаста тұрған бұл компонент өзімен мағыналық, интонациялық тұтастықта айтылған келесі сөйлеммен шарттық қатынаста тұр. Ұлт ретінде бас көтерудің шарты – осылардың бәрін түбірімен көтеру. Контексте белгілі бір хабарды баяндаушы тілдік тұлғаның өкініші, наразылығы баяндалған. Рухани күйзелістің неге апарып соғатынын, яғни салдарын

көрсетеді, сол арқылы тығырықтан шығудың жолын, дәлірек айтсақ, шартын көрсетеді. Контексте баяндалған оқиғаның логикалық желісі осыған әкеп саяды.

Себеп пен салдар – бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Десе де ол үшін арнайы жағдайдың болу керектігін Т.П.Шубина былайша дәйектейді: «Себеп пен салдар белгілі бір шарттылықтар қосылысы болған жағдайда ғана түзіледі. Себеп пен салдарлық мән тек белгілі бір нақты жекеленген жағдайда қолданғанда ғана солай болады; егер біз бұл жекеленген жағдайды бүкіл әлемдік тұтастықпен байланыста қарасақ, бұл пайымдаулар өзара әсерлесетін әмбебап пайымдауларға ұласады, мұнда себеп пен салдардың орны үнемі алмасады, бұл жерде немесе қазір себеп болған жайт басқа жерде немесе сол кезде салдарға айналуы немесе керісінше болуы мүмкін» [77, 72 б.]. Себеп пен салдардың тығыз байланысы оларды білдіретін тілдік амалдардан да көрініс табады. Көптеген тілдерде себеп пен салдарды білдіруде ұқсас шылаулар қолданылатыны айтылып жүр.

Жамалды еркек балаша киіндіріп жүрген соң, білмеген кісі қыз деп ойламаушы еді (М.Дулатов).

Қарасатын не туысы, не ақшасы жоқ адамды кім қорғаушы еді, сот мүшелері кемпірге қарсы заң баптарын өргізіп, бәленбай жылға жер аударғалы, жер-мүлкін тәркілегелі жатады (М.Шаханов). – Сот мүшелері кемпірге қарсы заң баптарын өргізіп, бәленбай жылға жер аударғалы, жер-мүлкін тәркілегелі жатады, өйткені қарасатын не туысы, не ақшасы жоқ адамды кім қорғаушы еді.

Шылаулы себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемнің өзіндік ерекшеліктері айқын, сондықтан тіл білімінде оған қатысты аса бір күрделі мәселе бар деуге болмайды. Ғалым Р.Әмір себеп-салдар салаластың жалғаулықсыз түрінде бір күрделі бүтінге кіретін синтагмалар бір-біріне тіркесіп, дауыс ырғағы арқылы байланысатындығын және грамматикалық байланыс компоненттердің мазмұнын салыстырғанда айқындалатындығын көрсетеді:

Мысалы: Он бес жыл оқыды, өз жөнін өзі білер (Қ.Мұхамеджанов). Сіз депутатсыз, айтпайсыз ба шопандар осындай тауарға мұқтаж деп (А.Нұрманов). Күлән екеуің замандассыңдар, осындай қуанышта бір-біріңе қол ұшын беру керек (Қ.Мұхамеджанов). Аңқаулығым зой, солардың тұзағына ілініп қалғанымды білмейтін (Б.Майлин).

Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемнің шылаусыз байланысы тек ауызекі тілдегі үрдіс арқылы ғана емес, сонымен қатар компоненттердің грамматикалық табиғатымен айқындалады. Дәл осы компоненттердің грамматикалық ерекшеліктері мен олардың әртүрлілігі ауызекі тілде қолданылатын құрмалас сөйлемдердің құрылымдық ерекшеліктерін көрсетеді.

Бақбергеннің мүлде күйін кеткені зой, орнынан ұшып тұрды (Б.Майлин).

Көңілсіз берген батада баян болушы ма еді, Марат екеуміз екі ай бекер арамтер болғанбыз (Ж.Ерманов). Көп ұйықтағандікі ме, басым ауырып тұр (С.Мұратбеков). Түні бойы жол жүріп шаршаған емес пе, демалып жатыр (С.Мұратбеков). Ұлық болсын да, айтқанын істемесін (Қ.Сатыбалдин) [78, 150-153 бб.].

Бір ғана құрмалас сөйлемнің бойында бір мезетте бірнеше екі түрлі қатынастың орын алатын жағдайлары болатынын С.А.Шувалова тілдік материалдар негізінде дәлелдейді [76, 30 б.]. Бұл жайтты казак тіліндегі тілдік айғақтар да дәлелдейді. Мысалы, шартты рай тұлғасы арқылы себептік мәннің де, шарт мәнінің де берілетінін кезінде М.Балақаев та көрсеткен еді [79, 47 б.]. С.Тажобаева себеп мәнді сөйлемдердің мағынасы жағынан шартты, қарсылықты, мақсат мәнді сөйлемдерге жақын келетіндігін нақтылайды [47, 147-149 бб.]. Себеп-салдарлық мағына мезгілдік, мақсаттық, шарттық, амалдық, мөлшерлік мәндермен қабаттасып келе беретіндігін М.Төлеуп көрсеткен болатын [48, 129 б.]. Мұның өзі тілдік құбылыстардың бір-бірімен тығыз байланысын дәлелдей түссе керек.

Шарт мәнді құрмалас сөйлемдер. Өзара шарттастықтың негізі – құбылыстар арасындағы ішкі байланыс. Әлдебір құбылыстың орын алуына немесе орындалуына белгілі бір шарт, жағдай қажет болады. Бұл қатынастың тілдік көрінісі – шарт мәнді сөйлемдер. Мұндай сөйлемдер «құбылыстың жүзеге асырылу шарты – құбылыстың жүзеге асу үдерісі» немесе «шарт-нәтиже» құрылымында келетіндіктен, әдетте, күрделі құрылымда, құрмалас сөйлем аясында қарастырылады. Шарт мәнді құрмаластар деп аталатын бұл сөйлемдердің бір компонентінде екінші компонентте жүзеге асуға тиіс әрекеттің шарты беріледі. Көп жағдайда мерзім жағынан қос компоненттегі оқиға бір мезгілде орындалады не шарт мәнді компонент сәл бұрынырақ орындалған уақыт шегін көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде шартты бағыныңқылар біршама қарастырылғанымен, шартты салаластар мәселесі кезінде Қ.Жұбанов шарт-жағдай салалас деп көрсетсе де, біраз жылдар бойы құрмалас сөйлем синтаксисін зерттеушілер назарынан тыс қалып келді. Салаластың бұл түрі тек соңғы жылдары қарастырыла бастады. Шарт мәнді құрмаластардың бұл екі түрі жөнінде Қ.Есенов: «Құрмалас сөйлемнің салалас түрі мен сабақтас түрі мағыналық жағынан көбінесе бір-бірімен үйлесіп жатады. Екеуінде де мезгіл, себеп, қарсылықты тәріздес түрлері орын алады. Сол тәріздес шарттылық мәніндегі сөйлемдер салалас пен сабақтас құрмаластардан да кездесіп отырады. Бұндағы айырмашылық – байланысу амалында ғана», – дейді [8, 37 б.].

Диалектика санаттары тұрғысынан алсақ, шарт санаты себеп санатымен тығыз байланыста болады. Бұл жөнінде А.П.Комаров себеп және шарт санаттарының қарым-қатынасы диалектикалық сипатта болатындығын, шарттың себеп болу, себептің шарт болу мүмкіндігінің молдығын, себеп дегеннің өзі әрқашан да белгілі бір дәрежедегі шарт екендігін айтады [80, 31 б.].

Себеп және шарт мәнді сөйлемдердің айырмашылығы туралы Т.П.Шубина: «Шартты және себепті сөйлемдердің айырмашылығы сонда, шартты сөйлемдер баламалылықты, екі мүмкіндіктің бірін таңдауды көрсетсе, себепті сөйлемдерде ондай таңдау, баламалылық болмайды», – дейді [77, 75 б.]. Бұған сөйлем компоненттеріндегі шақтық айырмашылықтарды қосуға болар еді. Себеп мәнді сөйлем компоненттерінде шақтық сәйкестік (мысалы: өткен шақ-өткен шақ) болса, шарт мәнді сөйлемдерде көп жағдайда екінші компонент бірінші компоненттен кейін орындалар істі білдіреді, дәлірек айтсақ, келер шақ формасында тұрады. Себеп және шарт мәнді сөйлемдердің байланыстылығын төмендегі кестеден көруге болады (5-кесте).

5-кесте – Себеп және шарт мәнді сөйлемдер

Себеп мәнді сөйлемдер	Шарт мәнді сөйлемдер
1) Шешесі тағы екі-үш бауырсақ беріп еді, басқалары қаспақ тұмсыққа көздерін аларта қарады (Ғ.Мұстафин). 2) Кісі көп екен, канал тез бітер. 3) Жаны жайсаң, жүрегі жомарт демеуші адам кездескендіктен, бұл кітап жазылған күйде шаң басып, архивымда қалмады.	1) Егер шешесі тағы екі-үш бауырсақ берсе, басқалары қаспақ тұмсыққа көздерін аларта қарайды. 2) Кісі көп болса, канал тез бітер (С.Мұқанов). 3) Егер жаны жайсаң, жүрегі жомарт демеуші адам кездеспесе, бұл кітапта жазылған күйде шаң басып, архивымда қалатын еді (Ә.Нұршайықов).

Бұдан байқағанымыздай, себеп мәнді сөйлем компоненттері арасында шақтық сәйкестік бар, ал шарт мәнді құрмалас компоненттері арасында мұндай сәйкестік жоқ.

Ауызекі тілде шарттық қатынастарды білдіретін салалас құрмалас сөйлем түрлері молынан кездесетіндігін профессор Р.Әмірдің еңбектері дәйектей түседі. Ғалым компоненттер арасындағы шартты қатынасты орнату бірінші сөйлемнің баяндауыш формасы арқылы жүзеге асатындығын айта келіп, оның төмендегідей жасалу жолдарын көрсетеді:

- 1) Жедел өткен шақ етістігіне *бар ғой* элементін қосу арқылы;
- 2) *Айтатыны бар, айтары бар* баяндауыш формалары арқылы жасалады;

3) Жедел өткен шақ+ екен

4) өткен шақ етістігі + *ба, бе, ма, ме* (айттым *ба*);

5) бұйрық рай формасындағы етістік баяндауышы (-*сыңшы, / - сінші*) [81, 52-54 бб.].

Төмендегі шарт мәнді сөйлемдердің баяндауыш формалары әртүрлі. Туысыңа қатты сөз айттың бар зой, ертең бетін көруден қаласың.

Демек, тарихи жадының тар шеңберінде қалсақ, ұлт ретінде жақсылыққа жолықпаймыз. Ал оны ұмытсақ, рухани мәңгүртке айналуымыз гажан емес. Міне, осындай ес жигызар, ертеңіңді ойлатар принциптер болмаса, көрген, түйгені көп бұл дала «ауыл академиясы» деп атаңбас та еді зой (Ш.Айтматов).

Сәрсенбай әулиеге құран шығартсам, адам қалтыңа келер ме едің, құлыным (Д.Досжан). Ертең ертелеп өзіме кел, осында кеңседе бір тәуір қызметке қоямын.

Шарт мәнді сөйлемдердегі компоненттер арасындағы мағыналық қатынас төмендегіше көрінеді:

1) шарт – орындалатын нәтиже;

2) шарт – орындалмаған нәтиже (қимыл-әрекет);

3) шарт – орындалу-орындалмауы белгісіз нәтиже (қимыл-әрекет).

Бұл мағыналық қатынас барлық тілдерде де бар. Осыған орай, шарт мәнді сөйлемдерді, оның ішінде шартты бағыныңқыны мағыналық жақтан кейбір зерттеулерде үш түрге (реалды, ирреалды, болжалды) ажыратылса, енді бірде екіге бөліп (реалды, ирреалды) қарастырады. Біздіңше, құрмаластарды таптастыруда кездесетін мұндай ала-құлалық тағы да ұстанымның нақтыланбауынан деп санаймыз. Олай болатын себебі, сөйлемді реалды, ирреалды деп бөлу семантикалық ұстанымға негізделсе, болжау – модальдік санатының көрсеткіші. Сондықтан болжалды (оппозициясы – нақты) сөйлемдер – сөйлемнің модальдік сипатына қарай бөлінетін түрі. Адамзат болжауды оқиғаның жүзеге асу-аспауына қарай жасайды. Сондықтан тіліміздегі болжалды сөйлемдерді ішкі семантикалық ерекшелігіне қарай реалды болжалды, ирреалды болжалды сөйлемдер деп бөлген дұрыс деп санаймыз.

Реалды шарт мәнді сөйлемдерде хабарланған оқиғаның мазмұнынан іс-әрекеттің орындалғаны не орындалатыны белгілі болып тұрады. Шартқа негізделген оқиғаға нәтиженің болмысы қайшы келмейді. Мысалы: *Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей (Абай). Әйелің жақсы болса, қонағың мен үйіңнің тұрағы. – Жиен, біздің ауылға жүр, ат-шаның дайын («Ел аузынан»).*

Ирреалды шарт бағыныңқыда шартқа негізделген оқиғаның нәтижесі іс жүзінде жүзеге аспайды. Мысалы: *Шыныңды айтқаныңда, жазаң да жеңілдеген болар еді.*

Шарт бағыныңқының бұл түрлері өзге де түркі тілдерінде кездеседі.

Мысалы: алтай тілінде: *Билген болзом, тийбес едим* (С.Сурзаков) '*Билген болсам, тимес едім - Если бы (я) знал, не трогал бы*'. Өзбек тілінде: *Нима қилсинки, ёнида қора чақа йуқ* (Ойбек Навоий) - '*Что ему делать, если у него нет денег*'.

Болжалды шарт мәнді сөйлемде шарттың көрінісі реалды беріледі де, оның орындалу не орындалмау нәтижесі ықтимал, болжал түрінде беріледі. Мысалы: *Бар да, соларға қосыл, батырдың ұрпағына олардың жүректері дауаламайтын шығар* – ирреалды болжалды шарт мәнді сөйлем.

Салыстырма мәндегі құрмаластар. Қазақ тіл білімінде «сын пысықтауыш бағыныңқылы» (А.Байтұрсынұлы), «шақтас бағыныңқы» (Қ.Жұбанов), «ұқсасты сабақтас» (С.Аманжолов) деген терминдермен танылып келген салыстырмалы мәнді құрмаластың сабақтаса байланысқан түрі бұрыннан белгілі болса, оның салаласа байланысқан түрлерінің оқулықтар мен зерттеулерде көрсетіле бастауы Т.Қордабаев есімімен байланысты. Байланыс түрінің әртүрлілігі болмаса, мағына ортақ: қос компонентте айтылған ой бірімен-бірі салыстырыла беріледі.

Салыстыру – объективті шындықты адамның дүниетанымы мен көзқарасы тұрғысынан бейнелеу амалдарының бірі. Оның тілдегі рөлі туралы В.М.Огольцев былай деп жазады: «Салыстыру танымның маңызды тәсілдерінің бірі болып саналады. Талдау да, жинақтау да, дерексіздікпен жалпылау да салыстырусыз болуы мүмкін емес. Сол сияқты салыстыру тілдің лексикалық, сөзжасам, фразеология, сөз тіркесі мен сөйлем деңгейлері сияқты сан түрлі және көптеген қабаттарынан өтеді. Және ол әрдайым олардың семантикасы мен грамматикалық мәнінің немесе бейнелеуіштік функцияларының негізінен орын алады» [82, 16 б.]. Көптеген зерттеулерде компаративтілік өрісі, көбінесе, сын есім, оның шырай саны тұрғысынан зерттеледі. Ал бұл құбылыстың сөйлем синтаксисіне, оның ішінде құрмалас сөйлемге де қатысы бар.

Жалпы тілімізде салыстырудың екі түрі бар: біріншісі – екі заттың сапасының салыстырылуы (Бетегеден биік, жусаннан аласа және т.б.); екіншісі – зат сапасын белгілі бір қалыптасқан сапа дәрежесімен салыстыру (көкшіл, жастау және т.б.). Ғалымдар оның алғашқысын нақты компаративтер деп, ал екіншісін интенсивтер деп атайды. Олардың өзіндік құрылымы болады. Нақты компаративтер 4, ал интенсивтер 3 компоненттен тұрады:

А – салыстыру заты;

В – салыстыру образы;

С – салыстыру негізі;

п – салыстыру көрсеткіші [83, 34 б.].

Мысалы: *Ажарың ашық екен атқан таңдай,*

Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай («Гауһартас»).

Бұл жерде:

А – ажарың, көзің;

В – атқан таң, жакқан шам;

С – ашық екен, нұрлы екен;

m – -дай.

Интенсивтерде салыстыру образы болмайды.

Мысалы: *Батыр болар жігіттің доңдеу келер мұрыны,*

Арғымақ болар тұлпардың жебедей болар тұлымы (Макал-мәтелдер).

Бұл жерде:

А – мұрын, тұлым;

С – дөң, жебе;

m – -деу, -дей.

3. Ахметжанова компаративтілік өрісін төмендегідей микроөрістерге бөледі. Компаративтерді: нақты компаративтер, интенсивтер деп бөледі де, нақты компаративтерді: бөлу, ұқсату; интенсивтерді: сапа, әрекет интенсивтері деп бөледі [84]. Бұл бөлініс бір компонент ішіндегі компаративтерге қатысты алғанда дұрыс, дау туғызбайды, бірақ құрмалас сөйлемдегі салыстыру мәнінің өзіндік ерекшеліктері бар.

1) Салыстырмалы мәндегі құрмаластарда бір-біріне антитеза немесе аналогия ретінде алынған екі түрлі субъектінің қасиеті, іс-әрекеті, жай-күйі суреттеледі. Мысалы:

Жақсы адамның мінезі жібек орамал кеткенше,

Жаман адамның мінезі басы жерге жеткенше (Макал).

Құлаққа жағар дәмді сөз бар да, құлақты сарсытар, татымсыз сөз бар (М.Иманжанов).

2) Салыстыру заты ортақ болуы мүмкін. Жоғарыда келтірілген сөйлемдерде салыстыру заты ортақ (мінез, сөз).

3) Сондай-ақ салыстыру заты ретінде екі басқа зат алынуы мүмкін:

а) Бөлекбастың жүрісі қандай паң болса, сөзі сондай паң (Ә.Әбішев).

А – салыстыру заты (жүрісі, сөзі);

В – салыстыру образы (қандай, сондай);

С – салыстыру негізі (паң).

ә) Қарағайға қарап тал өсер, қатарына қарап бала өсер (Макал).

А – салыстыру заты (тал, бала);

В – салыстыру образы (қарағай, қатары);

С – салыстыру негізі (өсу).

Мұндайда екі заттың салыстыру көрсеткіші арнайы морфологиялық тұлғасыз берілуі де мүмкін, бірақ оның орнын семантикалық тәсіл толықтырады.

Қазақ тіліндегі салыстырмалы сабақтастарды зерттеген З.Жұмәділова оның төмендегідей тәсілдер арқылы жасалатынын көрсетеді:

1) Корелляттық жұптасуымен қатынасқа түсетін салыстырмалы сабақтас;

2) Кореллятсыз есім баяндауыш пен «болса» көмекші сөзінің қолданылуы;

3) Етістік баяндауыштардың шартты рай тұлғасы арқылы беріледі;

4) Тиянақсыз баяндауыштың есімше негізді көсемшенің -ғандай форманты арқылы жасалады;

5) Бағыныңқы компоненттегі тиянақсыз баяндауыш көсемшенің -п тұлғасы арқылы беріледі;

6) Байланысушы компоненттер шылаулардың дәнекерлігі арқылы сабақтаса байланысады;

7) Тиянақсыз баяндауыш етістік немесе есім сөздермен келіп, оған *ұқсас, сияқты, тәрізді* көмекші сөздері тіркеседі [85, 21 б.].

Салыстырма мәндегі құрмаластарды жасаушы тәсілдер:

а) семантика-грамматикалық тәсілдер қатарына есімдік-үстеу (қанша-сонша, қандай-сондай, қалай-солай) жұптары (корелляттары), лексикалық қайталау, ассоциативті синонимдік байланыс, ассоциативті антонимдік байланыс сияқты тәсілдерді жатқызуға болады. Мысалы: *Шешесі қандай болса, қызы да сондай («Парасат»)*. *Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер (мақал)*. *Хақтың жолы – айна, Тақтың жолы – тайғақ (Қ.Мырза Әли)*.

Осы тәсілге салыстырмалы мән туғызушы *сияқты, тәрізді, ұқсайды, бірдей* сөздерін де қосуға болады: Біреуге қарыздар болмасаң, соның өзі байлықпен бірдей.

ә) аналитикалық-синтетикалық тәсілдердің қатарында *да, де, та, те, ал* шылауларының қызметін айтамыз. Бұл жердегі *да, де* шылауы мезгіл мәнді құрмаластардағыдан басқаша. Егер мезгіл мәнді құрмаластарда компоненттерде айтылған ой бір-біріне мезгіл жағынан қатысты болса, салыстырмалы мәнді құрмаластарда қос компоненттегі *Почта-телеграф жөнелтілімдері Қазақстан Республикасының шегінде мемлекеттік тілде жөнелтіледі де, республикадан тыс жерлерге белгіленген халықаралық ережелерге сәйкес жөнелтіледі. Мен қайта берейін, ал сен ақырын күт («Ана тілі»)*.

б) грамматикалық (синтетикалық) тәсілдері *-са, -се* шартты рай формасы мен *-дай, -дей* салыстырмалы мәндегі қосымшалардың препозициясы қатысы арқылы жүзеге асады. *Кең бөлменің ауасы жетпегендей, оның демі тарылып кетті (С.Мұқанов)*. *Аяны құрсаулаған мылқаулық болса, бұны құрсаулаған да соған тепе-тең әлдене, дәрменсіздік, жалқаулық па, әйтеуір қауіпті дерт (М.Қожахметова)*.

Салыстырмалы мәндегі құрмаласты жасаудың орталық аймағында семантика-грамматикалық, одан кейін аналитикалық-синтетикалық тәсілдер, ал шеткері аймақтан грамматикалық (синтетикалық) тәсілдер орын алады.

Мақсат мәнді құрмаластар. Мақсат дегеніміз сол сөйлеу әрекеті кезінде әлі орындалмаған, бірақ әрекетті тудырушы нәтиже болса, сол әрекетті тудырушы, «күтілетін» нәтиже себеп болып саналады. Белгілі бір мақсатқа жетуді қажетсіну әрекетке итермелейтін себеп болып саналады. Бұл жөнінде А.П.Комаров: «Мақсат өткеннен қазіргі мен болашаққа қайырылған және саналы түрде көзделген әрекеттің шарты болатын себеп», – дейді [80, 23 б.]. Тіл дамуының ертерек кезеңінде түркі тілдерінде де, үндіеуропа тілдерінде де себеп және мақсат бір-бірінен ажыратылмай қолданылғандығын дәйектейтін тілдік материалдар бар. Түркітанушылар түрік, қазақ, қырғыз, өзбек, башқұрт, алтай тілдерінде үч түбірінен тарайтын септеуліктің күні бүгінге дейін әрі мақсат, әрі себеп мәнін білдіретіндігін айтады.

Осылайша, себеп пен мақсаттың өзара тығыз байланысы тілден көрініс табады. Сонда мақсат дегеніміз алдын ала ойластырылған, әрекеттің күтілетін нәтижесі бола отырып, ол бір жағынан, осы әрекеттің себебі, яғни мақсатты әрекеттің себебі болып саналады.

Мысалы:

1 *Әйгілі Көтібар батырдың да аулын жетік біліп, Көтібардың қапыда қаза болуына қайғысын білдіргісі келіп, жоқтау өлең шығарады («Ел аузынан»).* 2 *Түсінде болса да екеуі сөйлессінші, бірге болсыншы деп, мен Халиманы оятпадым (Ә.Нұршайықов).*

Сегіз серінің шешендігіне катысты алынған бірінші сөйлемде ақынның неліктен және не мақсатпен жоқтау өлең шығарғандығы туралы мәселе қатар өріліп тұр. Ал екінші сөйлемнің бағыныңқы сыңары «Не мақсатпен оятпадым? Не себепті оятпадым?» деген сұрақтың жауабы болып, себеп және мақсат ұғымдарының тығыз байланысын көрсетіп тұр.

Дәстүрлі грамматикада туындап отырған қиындықтардың бірі – бірдей тұлға арқылы жасалған құрмаластардың қай топқа жататындығын ажырату. Осы жерде сөйлем синтаксисі мен мәтін синтаксисінің байланысы келіп шығады. Мұндайда мәтіннен жекелеген сөйлемдерді бөліп алып, құрылымдық грамматика дәстүрі бойынша, окшаулай талдау дұрыс нәтиже бере бермейді.

Төмендегі мәтінге назар аударайық:

Қазақта келін түсірудің қалыптасқан дәстүрі болады. Келін түсіретін ауылдың қыз-келіншектер мен жастары қыз бен күйеудің, оларды шығарып салуға келе жатқан қыздың туыстарының алдынан шығып, ауылға жетпей қарсы алады. Қыз бен күйеу аттан түсіп, олармен танысып, ауылға жаяу келіп, тосып тұрған жасы үлкен адамдарға, ақ самайлы аналарға иіліп сәлем жасайды. Ақсақалдар «Құс құтты болсын, құт-береке ала келсін, үбірлі-шүбірлі болсын» дейтін сияқты баталарын береді. Үйге немесе жекелеп тіккен отауына кірген келінді шымылдықтың қалқасындағы төсекке отырғызып, жақын жеңгесі

келінге ағайын-туыстарының, жақын-жарандарының аты-жөнін айтып таныстырады.

Қазақта жаңадан түскен келін өзінен кіші қайындары мен қайыңсіңлілерін еркелетіп, сыйлап, құрметтегенін білдірмек болып, оларға ат қою рәсімі жасалады. Жас келінді былай қойғанда, жасы келген әйелдер де күйеуінің атын тура атамаған («Парасат»).

Мәтіндегі қарамен терілген сөйлемдер – көсемшенің *-ып, -іп* формасы арқылы құрмаласқан бағыныңқы сөйлемдер. Алғашқы сөйлемді контекстен бөліп алсақ, жоғарыда талдаған сөйлемдегідей *Жеңгесі қалай таныстырады?*, *Жеңгесі қашан таныстырады?* деген сұрақтың екеуін де қоюға болады. Бірақ мәтіндегі оқиғалар сабақтастығы, бірінен кейін бірі мезгілдес, үйлесе орындалып жатқан қимыл процестерінің легі келесі сөйлемге де ықпал етеді. Сөйтіп абзацтағы сөйлемдер бір мезгілде орындалатын не орындалып жатқан әрекеттерді бейнелеп, сөйлемде мезгілдік мән доминанттық сипатқа ие болады. Оған осы сөйлемдегі *отырғызып* баяндауышын түрлендіру арқылы да көз жеткізуге болады:

- 1)...төсекке отырғызып, жеңгесі ...таныстырады.
- 2)...төсекке отырғызған соң, жеңгесі ...таныстырады.
- 3)...төсекке отырғызғаннан кейін, жеңгесі ...таныстырады.
- 4)...төсекке отырғызады да, жеңгесі ...таныстырады.

Ал мәтіндегі қарамен терілген екінші сөйлемде мезгілдік мәннен гөрі мақсаттық мән басым жатқанын аңғару қиын емес. Бағыныңқы сөйлем *Ат қою рәсімі не мақсатпен болады?* деген мақсат бағыныңқының жауабы болып тұр.

Қазақ тіл білімінде мақсат бағыныңқы сөйлем жасаудың санаулы түрі ғана көрсетіліп жүр. Негізгісі – тұйық етістік пен үшін шылауының тіркесуі арқылы жасалуы. Мысалы: *Алыптың кеудесі биік болуы үшін, халықтың кеудесі биік болуы керек* (Қ.Мырза Әли).

Екіншісі - көсемше тұлғасы (*де, бол* көмекші етістіктеріне тіркескен *-ып, -іп, -п* формасы). *Әулие көмек берер деп, басына халық түнепті* (Д.Қанатбаев). Әсіресе бұл форма мақсатты келер шақ формасында тұрып, мақсат бағыныңқы сөйлем жасайды. Қазіргі қалыптасқан түсінік бойынша, мақсат мәнді сөйлемдер тек қана сабақтаса байланысады. Төмендегі сөйлемдерге назар аударайық:

Саған екінші өмір сыйлаған ағаны көрсет, Қазақстанға барып қайтайық («Егемен Қазақстан»). *Өзіңді өзгеге сыйлата біл, ол үшін, алдымен, өзіңді өзің сыйла* («Парасат»). *Азат басың болсын құл, Қолдан келмес іске ұмтыл* (Абай). *Ол күнге де жетерміз, аман болайық* («Ана тілі»). *Өскелең ұрпақ саналы азамат болып ержетуі керек, ол үшін оқулық сапасын арттыру мәселесін ойластырғанымыз жөн*.

Компоненттер баяндауыштары тиянақты, өзара салаласа байланысқан. Ал мағыналық қатынас – мақсат мәнді. Жоғарыдағы сөйлем-

дердің алғашқы компоненттері Қазақстанға не үшін бару қажеттігі, не үшін адам өз-өзін сыйлау керектігі, не үшін аман болу қажеттігі жөнінде айтылып тұр, дәлірек айтсақ, бірінші компонентте екінші компонентте айтылған ойдың мақсаты баяндалып тұр. Компоненттер арасына *ол үшін* шылаулы тіркесін қойып айтуға болады.

Жалпы мақсат мәнді құрмаластардың жасалу жолы шартты сала-ластарға көбірек ұқсайды. Бұл мақсат және шарт ұғымдарының бір-бірімен сабақтастығынан туындаса керек. Қандай да бір мақсатқа жетудің белгілі бір шарттары болатыны белгілі (6-кесте).

6-кесте – Мақсат және шарт мәнді құрмаластар

Мақсат-шарт	Шарт-нәтиже
1	2
1) Егер де ақылыңыз дұрыс жұмыс істесін десеңіз, өзіңіздің денеңізді бақылап отырыңыз (Р.Декарт).	1) Өзіңіздің денеңізді бақылап отырсаңыз, ақылыңыз дұрыс жұмыс істейді.
2) Ақыл-ой қимылдауы үшін, дене қозғалыста болуы қажет.	2) Дене қозғалыста болуы қажет, сонда ақыл-ой да қимылдай бастайды (Ж.Руссо).
3) Тоғыз жауға алдырмас үшін, сегіз досың болуы керек.	3) Сегіз досың болса, тоғыз жауға алдырмайсың (Қ.Мырза Әли).
4) Сананды ашу үшін, тамақты тарта же.	4) Тамақты тарта жесең, сананды ашар (Ф.Бэкон).
5) Қазіргі уақытта мәдениетті, сауатты адам деп саналу үшін, өзінің ана тілін, өзінің әдебиетін сыйлауы, бағалауы керек.	5) Кімде-кім қазіргі уақытта өзінің ана тілін, өзінің әдебиетін сыйла-маса, бағаламаса, оны мәдениетті, сауатты адам деп санауға болмайды (М.Әуезов).

Бұдан шығатын қорытынды: мақсат-шарт-нәтиже ұғымдарының ара-сында диалектикалық байланыс бар. Бірінші бағандағы сөйлемдердің мәніне назар аударайық: Мақсат не? Мақсат – (1) ақылды дұрыс жұмыс істету, (2) ақыл-ойды қимылдату, (3) тоғыз жауға алдырмау, (4) сананы ашу, (5) мәдениетті, сауатты адам деп саналу. Осы мақсатқа жету үшін қандай шарт қажет? Шарт – (1) денені бақылап отыру, (2) дененің қозғалыста болуы, (3) – сегіз достың болуы, (4) – тамақты тарта жеу, (5) - өзінің ана тілін, өзінің әдебиетін сыйлау, бағалау керектігі. Ал егер осы сөйлемдер компоненттерінің орнын ауыстырсақ, дәлірек айтсақ, шарт мәнді компонентті алға шығарсақ, мақсатымыз орындалған не күтілетін нәтижеге айналады.

Тіл білімінде мақсаттық және себептік қатынастардың байланысы жөнінде де айтылып жүр. Аталған қатынастардың байланысын Т. Жукев былай түсіндіреді: «Синтаксистік қатынастардың ішінде синкреттене, астаса келетін қатынастардың бірі – мақсаттық және себептік қатынастар. Біз бұл тұста психологиялық негіз бар деп есептейміз. Психологиядағы іс-әрекет теориясы бойынша, жалаң түрткі себеппен (мотив) ғана болғанда, іс-әрекет әлі соқыр болады. Сондықтан іс-әрекет орындалуы үшін оның мақсаты болу керек. Демек, түрткі себеп бар жерде мақсат, мақсат бар жерде түрткі себеп болуы қажет. Міне, осыдан келіп мақсат бағыныңқылы сөйлем мен себеп бағыныңқылы сөйлем синкреттенеді. Мысалы:

*Ұйықтасын деп бөбегім,
Домбыраның қос ішегін
Жамбыл бабаң қағады (Жамбыл).*

Бұл сөйлемнің бағыныңқы сөйлеміне екі түрлі сұрау қоюға болады: не себепті, не мақсатпен Жамбыл бабаң домбыраның қос ішегін қағады» [86, 21 б.] Бұл оларға қойылатын сұрақтардың мән-дес, жасалу жолдарының ұқсас болуынан да көрінеді.

Амал мәнді құрмаластар. Күрделі ой білдіруде қолданылатын тілдік тәсілдер өзінің көпқырлылығымен ерекшеленеді. Субъект және оның әрекеті, жай-күйі, әлде бір әрекет, оқиғаны жүзеге асыруда қолданылатын амал-тәсілдері сөйлем жүйесінде тілдік бірліктер арқылы көрініс табады. Осы тұрғыдан келгенде, субъектінің қимыл, процесі қалай, қайтіп жүзеге асыруы мәселесі тілде амал, сын мәніндегі сөздер, осы мәнді тудырушы формалар арқылы беріледі. Жай сөйлем синтаксисінде амал пысықтауыштар, құрмалас сөйлем синтаксисінде амал (қимыл-сын, сын-қимыл) бағыныңқылар деп аталатын грамматикалық ұғымның табиғатын танудың да өзіндік ерекшеліктері бар. Терминдегі ала-құлалықтың өзі осы грамматикалық ұғымның білдіретін семантикалық мәнінен туындайды. Дәлірек айтсақ, амал пысықтауыштар да, амал бағыныңқылар да, алдымен, қимыл процесімен тығыз байланысты болады. Егер аталған қызметтегі сөз не грамматикалық форма есім мәнді сөзбен тіркесе, ол мұндай мәннен айырылып, көбіне анықтауыш қызметін атқарады, мұның өзі аталған грамматикалық бірліктердің қатыстық грамматикалық мағынасының күштілігімен түсіндіріледі. Екіншіден, қимылдың қалай орындалғанын сындық тұрғыдан да, үдеріс тұрғысынан да бейнелей алуы – бұл грамматикалық тұлғаның өзіндік ерекшеліктерінің бірі болып саналады.

Аталған сөйлем туралы академик М.Серғалиев: «Қазіргі қазақ әдеби тілінде сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы бөлігінің басыңқы бөліктің амалын, тәсілін, қимыл-сынын білдіретін кездері де кездеседі. Бұларды әдетте амал бағыныңқылы сабақтастар деп атайтыны белгілі.

Бір қызығы – дәл осылай аталған салаластар кездеспейді. Тіпті амал бағыныңқылы сабақтасты салаласқа айналдырғанның өзінде, соңғыларының өзгешелеу мағынаға ауысып кететінін байқау қиындыққа соқпайды», – дейді [61, 209 б.]. Десе де аталған құрмаластың тек сабақтаса байланысатыны жөнінде үзілді-кесілді пікір түюге болмайтын сияқты. Бір кездері Т.Қордабаев айтқан бағыныңқысының баяндауышы *-дай, -дей* тұлғалы есімшеден болған «Біреу әдейілеп лак жаққандай, жас жапырақтар күн санап өсіп келеді» тәрізді сөйлемдерді салыстырмалы сабақтасқа жатқызу қажеттігі туралы пікірі ойлануды қажет етеді. Өйткені бағыныңқы сыңар *қалай өсіп келеді?* деген сұрақтың жауабы болып тұр. Егер басыңқы сөйлемнің баяндауышы есім сөзден жасалса, жоғарыдағы сөйлемде есім сөздің сыны сипатталып, салыстырмалы мәнді сөйлем түзілген болар еді: *Біреу әдейілеп лак жаққандай, жас жапырақтар жас-жасыл.*

М.Серғалиев жоғарыдағы еңбегінде *қалай-солай, қандай-сондай* сөздерінің қатысымен жасалатын сабақтастардың бағыныңқы сыңарының құрамынан *қалай, қанша* сөздері қабаттаса қолданылмаса, *сондай, солай* сөздерінің салыстырудан мүлдем басқа мағынада, таза амалдық мағынада қолданылатынын айтады [61, 212 б.].

Расында да мұндай құрылымдар салаласа байланысып, амал мәнін білдіретінін жоққа шығара алмаймыз. Анафоралық есімдіктер арқылы жасалады. Кейде екінші компоненттегі қатыстық сөз де түсіп қалады.

Мысалы: *Бауыры үшін қалай жүгіріп қызмет етсе, маған сондай қызмет қылсын* (О.Бодықов) // *Бауыры үшін жүгіріп қызмет еткен, маған сондай қызмет қылсын* (*Қалай қызмет қылсын?*).

Жастардың әзілі сондай жарасымды, соған лайық отырыс та көңілді өтті.

Қаншалықты мені жақсы көресің, соншалықты мен де сені сүйемін (Н.Асылбек).

Алматының осы бір кезі құдды бір масаты жамылғандай, көргеннің көзін тартады.

Астана адам танымастай өзгерген, екі ай көрмеген адам жаңа қалаға келгендей әсер алады (Н.Жаңабаева).

Амал мәнді салалас құрмаластардың жасалуында алғашқы компоненттің сұраулы сөйлем формасында жұмсалып амалы жиі кездеседі. Мысалы:

«Сыйға – сый, сыраға – бал» дей ме қазақ, мен де солай күттім («Парасат»). *Соншалықты дос болып шыға келді ме, Бәрі бірдей мақтап жатыр, о, тоба!* (Д.Досжан).

«Қазіргі қазақ тілінде бағыныңқы сыңары формалық жағынан да, мағыналық жағынан да тиянақсыз болып келіп, басыңқы сөйлемнің бір мүшесіне меңгеріліп тұратын сабақтас сөйлемдер бар да, бағыныңқылары басыңқыға баяндауыш формасы жағынан ғана тәуелді болып,

мағыналық жағынан дербес тұратын сабақтас сөйлемдер бар екендігі белгілі. Амал бағыныңқылы сабақтастар алғашқы құрылымдағы сөйлемдердің қатарына жатады. Өйткені ондағы бағыныңқы сыңар тұтасымен басыңқы сыңардың бір мүшесіне меңгеріліп, соның бір ғана тұрлаусыз мүшесі қызметінде келеді де, қалыпты сын пысықтауыш сияқты «қалай? қайтіп?» деген сұрауларға жауап береді», – дейді Б.Қапалбеков [87, 709 б.]. Амал бағыныңқылы сөйлемдер синтетикалық тәсілмен де, аналитикалық-синтетикалық тәсіл арқылы да жасалады.

Амал бағыныңқылы сөйлемдер тілімізде жиі кездескенімен, жасалу формасы санаулы ғана. Синтетикалық тәсілмен жасалуына көсемшенің *-п, -іп, -н, -а, -е, -й* формалары арқылы жасалуы жатады.

Мысалы: *Есептің арғы жағы айтылмай, отырғандар күлісіп кетті* (Ғ.Сланов). *Екі көзі қанталап, денесі ашумен булығы қалшылдайды* (Д.Әбілев).

Тіліміздегі етістік сөз табының, оның ішінде көсемшенің қызметі туралы М.Оразов былай дейді: «...Көсемше етістіктің тиянақсыз формасы болғандықтан, сөйлемде тиянақты баяндауыш болу үшін оған көмекші етістік тіркеседі де, екі атауыш сөздің алғашқысын тиянақтау үшін соңғысы көмекші сөзге айналады» [88, 34 б.].

Көсемшенің *-ып, -іп, -п* формасы арқылы сабақтастың өзге де түрлері жасалады. Кейбір еңбектерде көсемшенің аталған тұлғасы арқылы сабақтастың алты түрі (амал, мезгіл, себеп, мақсат, қарсылықты, ыңғайлас) жасалатыны айтылып жүр [87, 704 б.]. Мұның өзі грамматикалық формаға қарап, құрмалас сөйлем мағынасын ажыратудың бір жақты екендігін тағы да дәлелдей түссе керек.

Салыстырып көрелік (7-кесте):

7-кесте – Көсемшенің *-ып, -іп, -п* формасы арқылы қалыптасқан бағыныңқылардың мағыналық түрлері

Көсемшенің <i>-ып, -іп, -п</i> формасы арқылы қалыптасқан бағыныңқылардың мағыналық түрлері	Мысалдар
Амал бағыныңқы	Көңілі тетік тартып, басына түскен уайым-қайғыны өзі де ұмыта бастаған (Қ.Жұмаділов).
Себеп бағыныңқы	Бұл қасірет акынның өмірлік қайғысына айналып, осы қазалы хал ел ішіне аңыз-әңгіме боп тарайды.
Мақсат бағыныңқы	Ауыл сыртына алтыбақан құрмақ болып, жігіттер сонда шақырылады («Ел аузынан»).

Мезгіл бағыныңқы	Осы кезде есік шалқасынан ашылып, үстінде қаудырлақ сулығы бар, шокша сақалды, ұзын қарашал кіріп келді (Қ.Жұмаділов).
Қарсылықты бағыныңқы	Сиыршы атымен қуа түсіп, артынша өзі кері шапты (Ш.Айтматов).
Ыңғайлас сабақтас	Бұл ақшаға ғимарат төбесі бүтінделіп, су жүретін қаңылтыр құбыр орнатылды (Д.Досжан).

Көрсетілген бағыныңқы сөйлемдердің ішінде аталған форма, негізінен, амал бағыныңқылар үшін негізгі тәсіл болып саналады да, қалған бағыныңқыларда сол сөйлемдерді жасаушы өзге басты формалармен қатар қолданылатын форма ретінде қарастырылады. Десе де бұл форма арқылы жасалған құрмаластардың ішінде мезгілдес, ыңғайлас сабақтас-тар мен амал бағыныңқыларды бір-бірінен ажырату оңай емес.

Мысалы: *Жер қақ айырылып, жарық пайда болды* (Д.Досжан). Осы сөйлемдегі компоненттер арасындағы мағыналық қатынасты ажырату үшін басыңқы сыңардан сұрақ қойып көрелік. Бір жағынан алғанда, басыңқы сыңар *қашан жарық пайда болды?* деген мезгіл мәнді құрмалас болатын болса, екінші жағынан, *қалай жарық пайда болды?* деген амал бағыныңқының да жауабы сияқты болып тұр. Мұндайда контекст пен ситуацияның рөлі, сөйлеушінің не жазушының қай мәселеге назар аударып тұрғанын ескерген жөн.

Талғау және кезектес мәнді құрмаластар. Қолданыстағы грамматикаларда үнемі жалғаулықты қолданылатын салалас сөйлемдерге талғаулы және кезектес салаластар жатады. Талғаулы салаластарды А.Байтұрсынов айырыңқы деп атаса, С.Аманжолов бейтарап, ал Қ.Жұбанов талғама салаластар деп атаған. Компоненттерінде айтылған іс-оқиғаның біреуінің орындалу-орындалмауын талғай, болжау жасай көрсетеді. Жалғаулықтары: *не, немесе, әйтпесе, әлде, не болмаса, я, құй, меілі, яки*. Аталған жалғаулықтар құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстырудан гөрі бірыңғай мүшелерді байланыстыруда жиі қолданылады.

Т.Қордабаев талғаулы салаластардың өзіндік ерекшелігі ретінде компоненттердің интонациялық жағынан болмаса, мағына жағынан дербес сөйлемдер екендігін және аталған сөйлемнің тек жалғаулықтар арқылы байланысатынын көрсетеді [89, 69 б.].

Компоненттеріне айтылған ой, іс-әрекеттердің бірінен соң бірі кезектесіп орындалатынын білдіретін салаластың түрі *кезектес салалас* деп аталады. Кезінде С.Жиенбаев талғаулы және кезектес салаластарды, екі жақтылығына орай, оларды бөлмей, бірге қарастырған болатын, кейіннен олардың мағыналық ерекшеліктері сараланды. Кезектес салаластардың жалғаулықтары: *бірде, біресе, кейде*.

Алайда тілдік деректер кезектестердің жалғаулықсыз жасалатынын да дәлелдеп отыр. Бұл жөнінде Т.Сайрамбаев пен Б.Сағындықұлы: «Соңғы уақытта бұл жалғаулықтарсыз-ақ кезектес мәннің болатындығы байқалды. Мұндай мәннің іске асуына есімдіктер қызметінің артуы көмектессе керек: *Кейбіреулері құлаған жерінде қозғалмай жатыр да, кейбіреулер алақ-жұлақ етіп өз атын іздеп жүр*» [90, 61 б.].

Қазақ тіл білімінде тек салаласа байланысады деп танылып келе жатқан құрмаластың аталған түрлері сабақтаса да байланысу арқылы да тура осы мәнді білдіретіні айқын. Кезектестің сабақтаса байланысатын түрі бар екендігін айтқан Қ.Шәукенұлы бұрын айтылмаған сабақтастың болжалды сабақтас деген түрін қосады. Біздіңше, автордың көрсеткен құрылымдық үлгісі негізінде қалыптасқан сөйлемдер тілімізде кездеседі, бірақ тілтанушылар еңбектерінде талғаулы, кезектес салалас сөйлемдерді бірыңғай мүшелі, оралымды жай (күрделенген) сөйлемдермен шатастыру фактілері кездеседі. Мысалы, талғаулы салалас деп көрсетіліп жүрген төмендегі сөйлемдерге назар аударайық:

Сөз бен қылық суық көңілді жылытады немесе жылы көңілді суытады. Тура келесің бе, әлде жолдағы ауылға соқтың ба? Аса бір қысылған, басына ауыр сын түскен кезде әкесі, қалайда, не түсіне кіреді, не көз алдына оқыстан елестеп, осылайша көлбеңдей береді («Қазақ грамматикасынан»). Күндіз олар өзіне жем іздейді, не өзінің басқаға жем болмауын көздейді (Т.Қордабаевтан). Бұнысы жаңа көрген Көкен елінің мынау куәге не сенгенін көрсетеді немесе ел болып сынға салып, шыңға тартқысы келген байлауын танытады. Я асқан данышпан шығар, я дым білмейтін мылқау шығар. Жалғыз қалудан сескенді ме, әлде асықпай әңгімелескісі келді ме, әйтеуір Андрейдің бүгін қасында болуын қалап тұрды (Қ.Шәукенұлынан).

Келтірілген сөйлемдердің барлығында талғау мәні бар, бірақ бұлар құрылысы жағынан құрмалас сөйлем емес, ортақ субъектіге негізделген жай сөйлемдер. Біздің ойымызша, құрмалас сөйлемнің әр компонентінде субъект-предикаттық қатынастың болуы туралы қағида аталған бірлікте де сақталуы тиіс.

Талғау мәнді құрмаластарға қатысты соңғы кезде жарық көрген еңбектерде оның таза талғау мәнімен бірге кейбір құрылымдарда талғау-шарт мәнді *Сен қазір жұмысқа кіріс, әйтпесе мен сені бұл маңайдан қуамын* (Ә.Әбішев) [91, 695 б.], талғау-қарсылықты мәнде *Сен оны өлтір, болмаса өзің өлесің* (А.Бек) [91, 70 б.] жұмсалатыны көрсетіледі. Расында да, тілдік бірліктерде таза талғау мәнімен қоса, авторлар көрсеткендей, талғау-шарт, сондай-ақ талғау-себеп, талғау-мезгіл, талғау-салыстырма мәнді сөйлемдердің болатындығын байқадық. Жалпы талғау ұғымы болжау ұғымымен тығыз байланысты. Болжам жоқ жерде талғау да болмайды. Мұндай құрмаластардың тағы бір ерекшелігі – компонент-

тері салаласа да, сабақтаса да байланысады. Ал оның әртүрлі мағыналық реңктері осы атаудың шеңберіне сияды.

Талғау-себеп: *Поштаға сенбегендігі ме, жоқ әлде мен арқылы беріп жібергісі келді ме, суыrmасынан шыққан аптақ даяр пакет аздан соң менің алдымда жатты* (Ә.Сығай). *Жақсының жанына арашашы болдың ба, әлде жаманның малына қорғаншы болдың ба, екі ауыз сөзді білдім деп хан қасына отыруға нең лайық?* («Ел аузынан»).

Талғау-мезгіл: *Айшаға құда түсіп кеткеннен кейін бе, әлде қыстауға көшер алдында ма, қашан келгені есімде жоқ.*

Талғау-салыстырма:

Аспандағы ай ма екенсің,

Жер бетінде гүл ме екенсің?

Ай мен күн бе екенсің,

Мың бір түн бе екенсің,

Жұлдыз қызсың алқа, моншақ тағынған.

Жайылған қамырды ірілеу етіп тұрайды немесе ұнның қатты сортынан жасалған макарон қолданылады («Парасат»).

Талғау мәнді құрмаластарды байланыстырады деп көрсетіліп жүрген немесе, болмаса жалғаулықтары үнемі осы мәнде қолданыла бермейді. Бұл жөнінде А.П.Поцелуевский: «Отдельные условные формы «болса», «гөрсе», «егса», «болмаса» и т.п., ранее представлявшие собой предикат полного условного предложения, но с течением времени окаменевшие и почти утратившие свое прежнее материальное значение, могут также выполнять функцию союзных слов в значении русских «а», «что касается», «глядь», а... и т.п.», – дейді [92, 80 б.]. Кейіннен өзге де түркітанушылар тарапынан мойындалған бұл пікірді казак тілінің материалдары да дәлелдей түседі. Салыстырыңыз:

Талғау мәнді

Бірге барғанымыз дұрыс-ау, болмаса

өзім бара беремін де (Ә.Нұршайықов).

Өзі кетіп құтылды ма екен, немесе аға-

сының ықпалы болып па? (Б. Майлин)

Шарт мәнді

Уәденді бер, болмаса қыз жоқ саған.

Сен қазір жұмысқа кіріс, немесе мен сені бұл маңайдан қуамын

(Ә.Әбішев).

Компоненттер арасындағы мағыналық қатынасты ажыратуда жалғаулықтар шешуші рөл атқара бермейді. Мұндайда компонент баяндауыштарының формасы білдіретін шақтық мағынаның да үлесі бар. Жоғарыдағыдай жалғаулықтар арқылы байланысқан құрмаластардың алғашқы компонентіндегі іс, оқиға екінші компоненттегіден бұрын орындалып қойған болса, талғау мәнді құрмалас түзіледі де, ал екі компонентте де әлі орындалмаған, әсіресе, бірінші компонент бұйрық рай-

дың II жақ формасы арқылы жасалып, екінші компонент I жақта тұрғанда (дәлірек айтсақ, I жақтағы субъект II жақтағы субъектіге шарт койса) шарт мәнді құрмаластар түзіледі.


Талғау мәнді құрмаластардың ішінде өзіндік ерекшелігі бар құрмаластардың бірі – баяндауышы жоқ сөзі арқылы жасалған құрылымдар. Бұл жөнінде Қ.Есенов: «Сөйтіп, талғаулы салалас сөйлемдерде оқиға, әрекеттердің орындалу барысы жағынан «екінің бірі» ғана болып отырады. Ал осы сөйлем компонент баяндауыштары болымсыздық мәндегі жоқ сөзімен берілсе, бұл заңдылық та болмай қалады, тек талғаулық мән сақталады: *Бұл жерде не шөп жоқ, не қамыс жоқ*», – дейді [8, 42 б.]. Бұл жерде жоғарыда айтылғандай, болжау жоқ, болжау болмағандықтан, талғау мәні де солғын, сөйлеуші нақты нәрсені баяндап тұр: *Көз тоқтатар не бір тау жоқ, не орман жоқ* (Ғ.Ахметов).


Ал егер сөйлеушінің болжауы, долбары қоса білінетін болса, мұндай құрылымдағы сөйлемдер таза талғау мәніне ие болады. Мысалы: *Қашқақтауы тегін емес. Не шын мәнінде уақыты жоқ, не саған қарызын берер шамасы жоқ* («Қазақ әдебиеті»).

Талғау мәнді құрмаластарды жасауда модаль сөздердің де өзіндік рөлі бар. Бұрыннан қалыптасқан қағида бойынша, тек қана жалғаулықтар арқылы байланысады деген құрмаластардың қазіргі кезде жалғаулықсыз да осы мәнді беретіндігі байқалып жүр. Мұндайда жалғаулықтар беретін талғау мәнін модаль сөздер не субъектінің долбар жасауын білдіретін өзге сөздер де ауыстыруы мүмкін.

Мысалы: *Өздерінен бір хабар болып қалар, біз әзір жата тұруымыз да мүмкін* («Қазақ әдебиеті»). *Айтпай қоя тұрыңыз, ойым өзгеріп кетуі де гажап емес* («Парасат»).

Екі сөйлемнің алғашқы компонентінде белгілі бір хабар баяндалған, екінші компонентте осы оқиғаға сабақтас басқа бір әрекетке болжам бар. Талғау мәні қай жерде? Екі сөйлемнің де алғашқы компонентінің бойында белгілі бір дәрежеде шарт бар. Сондықтан бұл компонентті хабар-шарт деп қабылдауға болады, ал екінші компоненттегі нәтиже-болжамның астарында талғау мәні бар:

Хабар болып қалар,  *хабар болса, жатпаймыз;*
хабар болмаса, жатамыз.

Айтпай қоя тұрыңыз,  *айтып қойсаңыз, ойым өзгеріп кетер;*
айтып қоймасаңыз, осы шешімде қалуым да мүмкін.

Құрылымдық грамматикада байқала бермейтін сөйлемнің ішкі семантикасындағы мұндай нәзік тұстарды айқындау – келешектің ісі.

Кезектес мәнді құрмаластардың өзіндік ерекшелігі ретінде талғау мәнді құрмаластар секілді тек қана жалғаулықтар арқылы және салаласа байланысатыны айтылып жүр. Қазақ тіліндегі салалас құрмаластың осындай түрінің бар екендігін айтқан С.Аманжолов болса, мұндай мағыналық қатынас сабақтастарда да кездесетінін Қ.Шәукенұлы көрсетеді. Расында да төмендегі сабақтаса байланысқан сөйлемдерде кезектесе орындалатын іс-әрекет баяндалып тұр: 1. *Азып-тозған ауыл тұрғындары оның бір мезет бағана басына тырмысып тұрғанын көрсе, келесі сәтте ол темір тұяқтарын белбеуіне қыстырған күйі үй жағалап, бүкеңдеп бара жатушы еді* (Қ.Токмырзаұлы). 2. *Бір күні әуелетіп салған ән дауысын естісең, бір күні қара домбыраны қыса ұстап күмбірлеп күй төгетін* (С.Жүнісов).

Алғашқы сөйлемде әдеттегідей кезектестік мән беретін шылау жоқ, бірақ бұл мәнді беру функциясын компоненттердегі *бір мезет, келесі сәтте*, қайталана қолданылған *бір күні* сияқты кезектестікті білдіретін мезгілдік мәндегі тіркестер атқарып тұр. Талғау мәнді құрмаластардан айырмашылығы – онда екі компонентте айтылған ойдың біреуінің ғана орындалатынына болжау жасалса, кезектесте екі компонентте айтылған ой да жүзеге асады, бірақ бірінен соң бірі кезектесе орындалатын оқиға, әрекет баяндалады.

Кезектес салалас

Қазан аспаның астында от кейде жылтылдайды, кейде қызыл жалын лапылдайды (М.Әуезов).

Біресе Хамит Күдірені алып ұрады, біресе Күдіре Хамитті алып ұрады (С.Сейфуллин).

Кейде мен шабыттана өлең оқимын, кейде ол асқақтата ән айтады (О.Бодыков).

Бұл қылмысымды бірде атырап түгел біліп қойғандай болады, бірде айнала меніреу қалып танытады (Ж.Ізбасаров).

Қанша уақыт кейде арман алғатқандай болады, кейде өзі ұмтылады (Ж.Сәкенов).

Кезектес сабақтас

Қазан аспаның астында от кейде жылтылдап, кейде қызыл жалын лапылдайды.

Біресе Хамит Күдірені алып ұрса, біресе Күдіре Хамитті алып ұрады.

Кейде мен шабыттана өлең оқысам, кейде ол асқақтата ән айтады (О.Бодыков).

Бұл қылмысымды бірде атырап түгел біліп қойғандай болса, бірде айнала меніреу қалып танытады (Ж.Ізбасаров).

Қанша уақыт кейде арман алғатқандай болса, кейде өзі ұмтылады (Ж.Сәкенов).

Кезектес мәнді құрмаластар құрамындағы кейде, бірде, біресе жалғаулықтарының басты ерекшелігі - компоненттерді салаластыра да, сабақтастыра да байланыстыратындығы. Бұл қазақ тіл білімінде «жалғаулық шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді тек салаластыра байланыстырады» деген қағиданың біржактылығын көрсетеді. Десе де салаластар құрамындағы жалғаулықтардың компонент байланыстыру қызметі сабақтастармен салыстырғанда күштірек. Бұл бағыныңқы сөйлем құрамындағы формалардың компоненттерді байланыстыруда доминанттық рөл атқаруымен байланысты болса керек. Оның айғағы жоғарыдағы сабақтас мәнді құрмаластар құрамынан жалғаулық шылауларды алып тастағаннан, сөйлем мағынасына ешқандай нұқсан келмейтіндігінде: *Қазан аспаның астында от жылтылдап, қызыл жалын лапылдайды. Хамит Күдірені алып ұрса, Күдіре Хамитті алып ұрады* (С.Сейфуллин).

Соны қытайлар біресе қасқыр менен баладан туды десе, біресе ол ұл қасқыр менен хан қызынан туыпты-мыс (Ш.Құдайбердиев). Сабақтаса байланысқан кезектес мәнді құрмаластар құрамынан жалғаулықты алып тастауға болатындығы жөніндегі тұжырым бұл типтегі сөйлемдерге тән емес. Ол екі компонентке ортақ ойдың, субъектінің не нысанының (*соны-ол ұл*) болуымен байланысты болса керек.

Қорыта келгенде, құрмаластың мағыналық түрлерін түзуде өнімді қызмет атқаратын тәсіл ретінде төмендегілерді көрсетеміз:

- ыңғайлас мәнді құрмаластарда – семантика-грамматикалық немесе аналитикалық тәсіл (сөйлем мүшелерінің үйлесімі);

- мезгіл мәнді құрмаластарда – грамматикалық немесе синтетикалық тәсіл, шақтық үйлесім;

қарсы мәнді құрмалас сөйлемдерде - аналитикалық (ассоциативті антонимдер) мен синтетикалық тәсілдер;

түсіндірме мәнді құрмаластарда аналитикалық-синтетикалық (орын тәртібі), содан соң семантика-грамматикалық тәсілдер (есімдіктер);

себеп мәнді құрмаластарда аналитикалық-синтетикалық (шылаулар) тәсіл;

шарт, мақсат және амал мәнді құрмаластарда грамматикалық не синтетикалық тәсіл;

талғау және кезектес мәнді құрмаластарда аналитикалық-синтетикалық (шылаулар) тәсіл;

салыстырмалы мәндегі құрмаласты жасаудың орталық аймағында семантика-грамматикалық, одан кейін аналитикалық-синтетикалық тәсілдер, ал шеткері аймақтан грамматикалық (синтетикалық) тәсілдер орын алады.

Семинар сұрақтары

- 1) Құрмалас сөйлемдердің зерттелу кезеңдеріне сипаттама беру.
- 2) Құрмалас сөйлемдердің қалыптасып, даму жолдары: паратаксис пен гипотаксис.
- 3) Құрмалас сөйлемдерді зерттеу аспектілері.
- 4) Құрмалас сөйлем компоненттерінің байланысу тәсілдері: салалас және сабақтаса байланысқан құрмаластар.
- 5) Есімше, көсемше, шартты рай формалары арқылы құрмаласқан сөйлемдердің семантика-грамматикалық ерекшеліктері.
- 6) Құрмалас сөйлемдерді топтастыруға негіз болған ұстанымдар.
- 7) Құрмалас сөйлемнің құрылымдық түрлері: қос және көп компонентті құрмаластар.

Оқытушы өткізетін өздік жұмыс

- 1) Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемге қатысты пікір айтқан ғалымдар мен олардың пікірлеріне концептуалды кесте жасап, толтырыңыз.
- 2) Көне түркі ескерткіштеріндегі жазба мәтіндерден құрмалас сөйлемдерді теріп жазып, компоненттердің байланысу амалына назар аударыңыз.
- 3) Мәтіндерден құрмалас сөйлемдерді теріп жазып, құрмаластардың архетипіне болжам жасаңыздар. Қайсысы екі сөйлемнің түрлі дәнекерлер арқылы байланысуынан (гипотаксис), қайсысы салаласа байланысқан сөйлемдерден (паратаксис), қайсысы синтаксистік деривация негізінде қалыптасқандығын анықтаңыз.
- 4) Құрмалас құрамындағы сөйлемдерді байланыстырушы семантика-грамматикалық және синтетикалық тәсілдерді көрсетіңіз, сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.
- 5) Көркем әдебиеттен айқындауыштық, адвербиалдық және теңдік қатынастағы құрмаластарға 10 мысал теріп жазыңыздар.
- 6) Ыңғайлас және мезгіл мәнді құрмалас сөйлемдер тауып, Т-кестеге түсіріңіздер.
- 7) Субъект-предикаттық, объектілік, атрибутивтік қатынастағы түсіндірме мәнді құрмаластардың әрқайсысына 3 мысалдан жазыңыз, талдаңыз.
- 8) Контекстен тыс алғанда шарттық, мезгілдік, себептік т.т. мән білдіретін бірнеше құрмалас сөйлемді тауып, оған контекст аясында қайта талдау жасаңыз.
- 9) Ассоциативті антонимдер мен синонимдер арқылы жасалған салыстырма мәнді құрмаластардан салыстыру заты (А), салыстыру образы (В), салыстыру негізі (С), салыстыру көрсеткішін (m) табыңыздар.

- 10) Есімше формалары арқылы құрмаласқан сөйлемдердің парадигмалық қатарын жасаңыз.
- 11) Көсемше формалары арқылы құрмаласқан сөйлемдердің парадигмалық қатарын жасаңыз.
- 12) Шартты рай арқылы құрмаласқан сөйлемдердің парадигмалық қатарын жасаңыз.

Өздік жұмыс тақырыптары

- 1 Құрмалас сөйлемге қатысты алғашқы зерттеулерге шолу жасаңыз.
- 2 Н.Сауранбаевтың құрмалас сөйлем синтаксисіне қатысты пікірлері және оның кейінгі зерттеушілер еңбектерімен арақатынасы.
- 3 Құрмалас сөйлем синтаксисінің зерттелуіне кезеңдік сипаттама беріңіз.
- 4 Құрмалас сөйлемнің қалыптасып дамуы туралы көзқарастар.
- 5 Құрмалас сөйлемді зерттеу аспектілері мен бағыттары.
- 6 Ғалымдардың құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыратын тәсілдерді топтастыруына салыстырмалы талдау (А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов Н.Сауранбаев, Т.Қордабаев, Қ.Есенов, М.Серғалиев, Р.Әмір, Б.Шалабай топтастырулары)
- 7 Құрмалас сөйлемді топтастырудағы функционалды ұстанымның маңызы.
- 8 Себеп, мақсат мәнді сөйлемдердің және шарт мәнді сөйлемдермен ұқсастықтары мен айырмашылықтары.
- 9 Талғаулы және кезектес мәнді құрмаластардың функционалды-грамматикалық ерекшеліктері.
- 10 Құрмаластың функционалды-грамматикалық топтарының арасындағы сабақтастық пен өзгешелік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 446 б.
- 2 Жубанов К. Исследование по казахскому языку. – Алматы: «Наука», 1996. – 362 с.
- 3 Аманжолов С. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: «Қазмембас», 1940. – 141 б.
- 4 Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі // Академик Н.Сауранбаевтың еңбектері: 3 томдық. – Алматы: Кенже пресс, 2000. – 2 т. – 5-119-бб.
- 5 Жиенбаев С. Синтаксис мәселелері. – Алматы: «Қазмембас», 1941. – 43 б.
- 6 Томанов М. Құрмалас сөйлемдер туралы бірер сөз // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1959, № 3, 44-48-бб.

7 Ыскаков А. Құрмалас сөйлем мәселелері // Халық мұғалімі. – 1940, № 23, 7-12-бб.

8 Есенов Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Білім», 1995. – 133 б.

9 Мамытбеков К. Сложносочиненные предложения в современном казахском языке: Автореф. дисс. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1974. – 28 с.

10 Салиева У. Бессоюзные сложные предложения в современном казахском языке: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1974. – 28 с.

11 Нүсіпова О.Н. Көне түркі жазба мұралар тарихы. – Алматы, 2004. – 175 б.

12 Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі казак тілі. Синтаксис. – Алматы: «Ана тілі», 1983. – 410 б.

13 Мейе А. Введение в сравнительное изучение индоевропейских языков. – Москва-Ленинград, 1938. – 375 с.

14 Рифтин А.П. О двух путях развития сложного предложения в академическом языке // Советское языкознание. – 1937. – № 3. – С. 63-72.

15 Кнабе Г.С. Еще раз о двух путях развития сложного предложения // Вопросы языкознания. – 1955. – № 1. – С. 108-117.

16 Севортян Э.В. К семасиологическим вопросам сложного предложения в тюркских языках // Советская тюркология. – 1971. – № 4. – С. 24-29.

17 Севортян Э.В. О сложноподчиненном предложении в тюркских языках // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Синтаксис: В 3-х ч. – Москва: Изд. АН СССР, 1961. – Ч. 3. – С. 122-135.

18 Абдуллаев А.З. Пути возникновения сложноподчиненных предложений в тюркских языках // Советская тюркология. – 1970. – № 4. – С. 3-9.

19 Гаджиева Н.З. Основные пути развития синтаксической структуры тюркских языков. – Москва: «Наука», 1973. – 403 с.

20 Қойшыбаев М. Есімше бағыныңқы құрылымдардың деривациялану жолдары: Филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2006. – 30 б.

21 Жакупов Ж. Қазақ тілі функционалдық синтаксисі (контекст проблемасы): Филол. ғыл. д-ры дисс. – Алматы, 1999. – 225 б.

22 Тіл білімі сөздігі / Жалпы ред. басқ. Э.Сүлейменова. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 541 б.

23 Дресслер В.У. Против неоднозначности термина «функция» в «функциональных грамматиках» // Вопросы языкознания. – 1990. – № 2. – С. 57-64.

24 Баяндина С.Ж. Функции языка в контексте современного языкознания. – Алматы, 2004. – 248 с.

25 Жаналина Л.К., Амирова Ж.Г., Бадагулова Г.М. и др. Современный русский язык. – Алматы: «Ғылым», 2003. – 555 с.

26 Панфилов В.З. Грамматика и логика. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1963. – 80 с.

27 Леонтьев А.А. Основы теории речевой деятельности. – Москва: «Наука», 1974. – 368 с.

28 Артюнова Н.Д. Предложение и его смысл. – Москва: «Наука», 1976. – 185 с.

29 Золотова Г.А. Коммуникативные аспекты русского синтаксиса. – Москва: «Наука», 1982. – 327 с.

30 Қазақ грамматикасы / Жауапты ред. Е. Жанпейісов. – Астана: Астана полиграфиясы, 2002. – 760-769 бб.

31 Берзон В.Е., Зубов А.В. О семантической классификации параметров связного текста // Романское и германское языкознание. Вопросы экспериментальной фонетики и прикладной лингвистики: Сб. ст. – Минск: Изд-во МГПИИЯ, 1977. – С. 185-197.

32 Бородаченко О.А. Межфразовые связи в различных стилях письменного языка // В кн.: Математическая лингвистика. – Киев: КГУ, 1973. – Вып.1. – С. 15-25.

33 Жубанов А.К. Основные принципы формализации содержания казахского текста. – Алматы, 2002. – 163-164 бб.

34 Исаев С. Жай сөйлемдердің жалғаулықсыз салаласуындағы сөйлем мүшелерінің атқаратын қызметі туралы // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылым сериясы. – 1964. – №1. – 64-71-бб.

35 Исаев С. Некоторые особенности употребления послелого «үшін» в языке казахской периодической печати // Қазақ тілі жайында ойлар / Құрастырған: Ж.Н. Сүлейменова. – Алматы: «Ана тілі», 1997. – 52-63-бб.

36 Закиев М. Синтаксический строй татарского языка. – Казань: Изд-во Казанского университета, 1963. – 220 с.

37 Әміров Р. Қазақ тіліндегі жалғаулықтар. – Алматы: «Қазмемоку-педбас», 1959. – 69 б.

38 Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: «Мектеп», 1981. – 199 б.

39 Әмір Р. Жалғаулықтар: құрамы, дамуы, қызметі // Қазақ лингвистикасы және лингводидактика мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 5-73 бб.

40 Базарбаева З.М. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. – Алматы: «Ғылым», 1996. – 225 б.

41 Фазылжанова А. Қазақ тіліндегі қосқұрамды құрмалас сөйлем интонациясы. – Алматы: «Ғылым», 2000. – 126 б.

42 Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. – Москва: «Учпедгиз», 1956. – 511 с.

43 Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис / Жауапты шығарушы Н. Ысқақова: I, II бөлім. – Алматы: «Ғылым», 1967. – II бөлім. – 233 б.

- 44 Сағындықұлы Б. Құрмалас (аралас) сөйлемдердің теориялық негіздері. – Павлодар: «ЭКО», 2002. – 198 б.
- 45 Шевякова В.Е. Проблемы функциональной грамматики // Некоторые аспекты функционального синтаксиса. – Москва: «Наука», 1982, с. 28-41.
- 46 Әмір Р. Екінші дәрежедегі коммуникативтік талаптардың құрмалас сөйлемдер жүйесіндегі көрінуі // Жұбанов тағылымы: Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтөбе, 2002, 11-15-бб.
- 47 Тажибаева С. Способы выражения причинно-следственных отношений в казахском языке: Дис. канд. филол. наук. – Новосибирск, 1990. – 168 с.
- 48 Төлеуп М. Қазіргі қазақ тіліндегі себеп-салдардың функционалдық аспектісі: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2002. – 203 б.
- 49 Мещанинов И.И. Члены предложения и части речи. – Москва: «Наука», 1978. – 387 с.
- 50 Қапалбеков Б. Көсемше бағыныңқылардың дамып қалыптасуы мен мағыналық түрлері: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2000. – 149 б.
- 51 Будагов Р.А. Борьба идей и направлений в языкознании нашего времени. – Москва: «Наука», 1978. – 365 с.
- 52 Богородицкий В.А. Очерки по языковедению и русскому языку. – Москва: Учпедгиз, 1939. – 263 с.
- 53 Қапалбеков Б. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер // Қазақ грамматикасы / Жауапты ред. Е.Жанпейісов. – Астана: «Астана» полиграфиясы, 2002. – 783 б.
- 54 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 496 б.
- 55 Ермекова Т.Н. Құрмалас сөйлемдер жүйесі. – Алматы: «Жәния-Пресс», 2008. – 290 б.
- 56 Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 198 б.
- 57 Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Санат», 2003. – 240 б.
- 58 Жакыпов Ж. Қосымша (жартылай) предикативтілік туралы // Қазақ тіл біліміндегі функционалдық бағыт. – Алматы, 2006, 10-13-бб.
- 59 Абдалиева Г.Р. Структурная характеристика сложноподчиненных предложений в стихотворной речи. – Нукус: «Билим», 1989. – 84 с.
- 60 Ғүломов А.Ғ., Асқарова М.А. Хозирги замон ўзбек тили. – Тошкент: Изд. АН УзССР, 1961. – 182 б. Абдурахманов Г. Кўшма гап синтаксиси асослари. – Тошкент: Изд. АН УзССР, 1958. – 165 б. Хозирги ўзбек адабий тили. – Тошкент: Изд. АН УзССР, 1966. – 212 б. Ҳазирки заман уйғур тили. – Алматы: «Наука», 1966. – 186 б.

61 Серғалиев М. Сөйлемдердің синонимикасы // Синтаксистік зерттеулер. – Алматы: «Сөздік-словарь», 2004, 152-225-бб.

62 Сibaгатов Р.Г. Теория предикативности. – Саратов: Изд-во Саратовского университета, 1984. – 207 с.

63 Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1956. – 569 с.

64 Есенов Қ. Сабақтас құрмалас сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Ғылым», 1982. – 140 б.

65 Гаджиева Н.З. Бессоюзные сложные предложения в современном азербайджанском языке // Исследование по синтаксису тюркских языков. – Москва: «Просвещение», 1962, с. 3-24.

66 Хасенов Ә. Салалас құрмалас сөйлемдер және олардың тыныс белгілері жөнінде // Халық мұғалімі. – 1954. – № 1. – 16-22-бб.

67 Жакыпов Ж.А. Аударматануды аңдату. – Астана: Астана полиграфиясы, 2004. – 191 б.

68 Сыздықова Р. Абай және казактың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: «Арыс», 2004. – 613 б.

69 Рысалды Қ.Т. Функционалды грамматика және контенсивті типология // Тілтаным. – 2004. – № 4. – 47-51 бб.

70 Шәукенұлы Қ. Синтаксис. – Алматы: «Арыс», 2004. – 248 б.

71 Қапалбеков Б. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер // Қазак грамматикасы / Жауапты ред. Е.Жанпейісов. – Астана: «Астана» полиграфиясы, 2002. – 783 б.

72 Есенов Қ. Қазіргі казак тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер. – Алматы, 1969. – 191 б.

73 Аманжолов А. Опыт классификации уступительных конструкций в современном казахском языке // Известия АН КазССР. Серия общественная. – 1973. – № 6. – С. 14-29.

74 Маслиева О.В. Становление категории причинности на материале истории языка. – Москва: «Наука», 1980. – 220 с.

75 Кузьмина А.А. Санат причинности и практика. – Москва: «Просвещение», 1964. – 214 с.

76 Шувалова С.А. Смысловые отношения в сложном предложении и способы их выражения. – Москва: «Прогресс», 1990. – 159 с.

77 Шубина Т.П. Семантика обусловленности в сложноподчиненном предложении // Синтаксическая и лексическая семантика. – Новосибирск: «Наука», 1986. – С. 41-60.

78 Амиров Р.С. Особенности устной разговорной речи в организации сложносочиненных предложений // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. – 1971. – №1. – С. 72-73.


79 Балақаев М. Сабақтас сөйлемдердің кейбір ерекшеліктері // Қазак тілі мен әдебиеті. – 1959. – № 2. – 40-45-бб.

- 80 Комаров А.П. О лингвистическом статусе каузальной связи. – Алма-Ата: «Наука», 1970. – 134 с.
- 81 Әмір Р., Әмірова Ж. Құрмалас сөйлемдер қазақ тілінің грамматикалық, функционалдық жүйесінде. – Алматы: «Қазақ университеті», 2009. – 121 б.
- 82 Огольцев В.М. Устойчивые сравнения в системе русской фразеологии. – М., 2010. – 192 с.
- 83 Коныров Т.К. Структурно-семантическая природа сравнения в казахском языке. – Алматы: Изд-во АН СССР, 1985. – 152 с.
- 84 Ахметжанова З.К. Функционально-семантические поля русского и казахского языков. – Алматы, 1989. – 107 с.
- 85 Жұмәділова З. Қазіргі қазақ тіліндегі салыстырмалы сабақтас құрмалас сөйлемдер: Филол. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 1999. – 24 б.
- 86 Жүкеев Т.Б. Қазақ тіліндегі пысықтауыш мүшеге катысты синкретикалық құбылыстар: филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Астана, 2005.
- 87 Қапалбеков Б. Амал бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер // Қазақ грамматикасы / Жауапты ред. Е.Жанпейісов. – Астана: «Астана» полиграфиясы, 2002. – 709-710-бб.
- 88 Оразов М. Атауыш сөздерден көмекшілерге // Қазақстан мектебі. – 1991, № 12. – 31-35-бб.
- 89 Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер. – Алматы: «Санат», 1992. – 175 б.
- 90 Сайрамбаев Т., Сағындықұлы Б. Құрмалас сөйлемдер жүйесі. – Алматы: «Қазақ университеті», 2007. – 120 б.
- 91 Қазақ грамматикасы / Жауапты ред. Е.Жанпейісов. – Астана: «Астана» полиграфиясы, 2002
- 92 Поцелуевский А.П. Основы синтаксиса туркменского литературного языка. – Ашхабад: «Наука», 1943. – 375 с.

81.2(5Қаз)-2я'13
К.22

монография-оқулық

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИНТАКСИСТІК ПАРАДИГМАЛАР



4 СУПЕРСИНТАКСИСТІК ПАРАДИГМАЛАР

4.1 Күрделі синтаксистік тұтастық

Суперсинтаксистік парадигмалар деген ұғым қалыптан, әдепкіден тыс, жоғары синтаксистік көрсеткіштер деген мағынада қолданылады. Осы тұрғыдан келгенде, бұл тұста дәстүрлі сөйлем санатынан жоғарғы синтаксистік бірліктер нысанға алынады, яғни қазір «күрделі синтаксистік тұтастық» деп атап жүрген бірлік, мәтін қарастырылады.

Күрделі синтаксистік тұтастық – төменгі бірліктердің, яғни, грамматикалық дербес сөйлемдердің бірлігі және жоғары бірлік, мәтінді, құрайтын сыңар ретінде қарастырылады.

Қазіргі тіл білімінде сөйлемнен үлкен, мәтіннен кіші синтаксистік бірлікті белгілейтін аталымдар көп, санамалап шықсақ (қазақ тіл білімінде мұны атауда орыс терминдерін калькалап аудару ғана бар болғандықтан, кейбірін орыс тілінде береміз): мәтін, микромәтін, прозаическая строфа, дискурс, сверхфразовое единство, сложное синтаксическое целое, сложное синтаксическое единство т.б. Советтен кейінгі кеңістіктегі тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастық (сложное синтаксическое целое) термині қалыптасқан. Күрделі синтаксистік тұтастық терминіндегі бір сәйкессіздік сонда, кәдімгі жай сөйлемнің өзі күрделі бола алады және тұтастық сипатқа ие болады. Сондықтан бұл еңбекте біз «шумақ» терминін қолданамыз.

«Шумақ» терминінің уәждемесі. «Шумақ» термині филологияда поэзияға ғана тиесілі болып жүргені, мұның аксиомаға айналып кеткені белгілі. Біздің «шумақ» терминінің аясын кеңіткіміз келеді.

Қазақ филологиясында термин ретінде «шумақ» алғаш рет А.Байтұрсынұлының қаламына ілікті. Ол шумақтың мынадай постулаттық анықтамасын берді: «Өлең кестесі айшық деп аталады. ... Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады» [1, 381 б., 382 б.]. Осы дәйексөздегі «тақта» деген термин «Әдебиет танытқыштың» «Қара сөз» бөлімінде тағы қолданылады: «Әуезе көбінесе үш тақтаға бөлінеді: 1) мәлімдеу, 2) мазмұндау, 3) қорыту. Демек, «тақта», яғни, шумақтың қара сөзге де тиесілі екенін аңғартады [1, 397 б.].

Академик З.Ахметов шумаққа кеңінен түсініктеме береді. Оқиық: «Шумақ – өлең-жырларда, дастан-поэмаларда өлең тармақтарының белгілі ретпен топтасуы. **Бір жол, бір жеке тармақтан өлең ырғағы айқын аңғарылмайды.** Ол үшін кем дегенде ырғақтық өрнегі ұқсас екі тармақ алынуы керек. Сондықтан өлең-жырларда бір шумақ екі жолдан,

яғни екі тармақтан басталады. **Мағынасы жағынан, ішкі құрылысы жағынан** жекелеген өлеңнің екі жолы - шумактың ең қарапайым, ықшамды түрі. Бұл шумак мақал-мәтел, нақыл сөздерде әсіресе мол қолданылады. Көлемді өлең-жырларда ең көп кездесетін шумак төрттармақты. Сонымен қатар поэзияда алты, сегіз тармақты шумактар қолданыла береді. Абайдың «Сегізаяғы» - көлемі әртүрлі сегіз тармақтан құралған шумакты өзінше қиюластырып, шебер қолданудың тамаша үлгісі. Қазақ поэзиясында қолданылатын шумак түрлерін қостармақ, төрттармақ, бес-тармақ, алтытармақ, сегізтармақ деп атауға болады.

Шумак өлеңнің өлшемділігін арттырады. Топтасқан тармақтар бірінің ырғағын бірі қайталап, күшейте түседі. Шумакта біркелкі тармақтар топтасса да (он бір буынды өлең), әртүрлі ұзынды-қысқалы тармақтар топтасса да (Абайдың «Сегізаяғы»), сәйкес тармақтар бір-бірімен ырғағы жағынан бірдей немесе өте жақын келеді. Сонымен бірге шумак өлеңдегі дауыс толқынының (интонация) өзгеруі, сөйлемдердің синтаксистік құрылысы жағынан да тиянақты болып келеді. Әр шумак сайын ұйқас өрнегі тағы бір қайталанып отырады.

Шумакты әдебиет зерттеушілері көбінесе өлең жолдарының (тармақтарының) әр түрлі ретпен топтасуы, ұйқастардың кезектесіп алмасу тәртібі жағынан қарастырып келеді. Мұның өзі шумактың әртүрлі өрнек-үлгілерін ажыратып, айқындап сипаттауға себін тигізеді» [2, 386 б.]. Осы анықтамадағы біз қоюлатып көрсеткен тұстарға мән беріңіз, өйткені бұл пікірлерді кейінгі баяндауларымызда тірек ететін боламыз.

Академик З.Ахметов кейінгі жарияланған «Поэзия шыңы – даналық» атты еңбегінде де шумактың біз іздеген синтаксистік-семантикалық жақтарына мән береді. «Шумактың тұтастық-бірлігін күшейтіп, жекеленіп бөлінуіне себін тигізетіндер – айтылатын ойдың белгілі дәрежеде тиянақталуы, сөйлемдер синтаксистік құрылысы жағынан алғанда толық аяқталып, дауыс толқынының (интонацияның) тынуы. ... әр шумак біткенде айтылатын бір түйін ой не аяқталып, не белгілі дәрежеде тиянақталып отырады.

Сөйлемнің синтаксистік құрылысы, дауыс толқынының (интонация) өзгеріп, түрленуі жағынан алғанда да, қатар келген бірнеше тармақ жалғастық, жақындық (айталық, синтаксистік параллелизм, не болмаса сөйлемнің интонациялық сипатындағы біркелкілік) ұшырасуы ықтимал. Бірақ бұлар да әр тармақтың қалайда белгілі дәрежеде дербестігі болатынын жоққа шығара алмайды», - деп жазады ол [3, 159 б.].

«Шумактың ой, мағына жағынан бөлектеніп, оқшауланып тұруын дұрыс түсіну керек. Бұл алдыңғы шумактағы ойдың арасында жалғастық, жақындық болмайды деген мағынаны білдірмейді. Ондай жалғастық, әрине, бола береді. Кейде бір шумак пен екінші шумак мағына-ой

жағынан тығыз байланысты болып келуі де ықтимал. Ой тізбегі қалай да шексіз, шетсіз созыла бермейді. Түйін-түйін болып, үзіліп, аяқталып, жаңадан басталып, жалғасып отырады» [3, 159 б.].

Орыс әдебиеті бойынша анықтамалық әдебиеттерде де шумақтың синтаксистік бүтін екені айтылады: «Как правило, объединенные рифмой стихи в строфу и представляют ритмическое и **синтаксическое целое**. Термин «строфа» возник в древнегреческой трагедии и означал **часть текста** (коюлатқан біз. – Ж.Ж.)» [4, 178-179 бб.].

Бұл анықтамада бізге шумақтың синтаксистік бүтін екендігі туралы сипатымен қоса мәтіннің бөлігі екендігі туралы сипаты пікірімізге азық болуы үшін аса қажет. («Строфа» деген термин көне гректер трагедияны казіргі біздің көруіміздегідей емес, шеру түрінде өткізіп отырған екен, оқиғаның бір бөлігі тиянақталған соң, шеру бағытын бұрады екен. Демек, оның алғашқы шығуының өзінде тұтастықтың, бүтіннің тиянақталған бөлігі іспеттес мән болған).

Сонымен қатар З.Ахметов мұнан бұрынғы бір жазғанында: «Кейінгі кездерде шумақ құрылысы жан-жақты – мағыналық, интонациялық, синтаксистік, ырғақ құрылысы жағынан зерттеле бастады», - дегенді айтады [5, 696-697 бб.]. Анықтамалық әдебиеттер болғандықтан ба, әлде ғалым нұсқау жасауды ғана мақсат тұтты ма, мағыналық, интонациялық, синтаксистік жағынан қалай зерттеліп жатқанын таркатып көрсетпейді.

Енді шумақ туралы айтылған сипаттарды мәтін тілтануында көбінесе күрделі синтаксистік тұтастық деп аталып жүрген бірлікпен салыстырып көрейік.

Өлең синтаксисін Абай поэзиясының негізінде тамаша зерттеген көрнекті ғалым Р.Ғ.Сыздықтың монографиясында шумақ пен күрделі синтаксистік тұтастықтың сәйкесуі мен сәйкеспейтін тұстары карастырылған.

Ғалым Абай өлеңдерінің мысалында «... мағыналық тұтастығы, ... субъект ортақтығы ... арқылы шумақ синтаксистік тұтастық құрайтынын айтады [6, 46 б.].

Ал «Абзацтарға бөлінбейтін астрофикалық өлеңдегі тармақтар байланысында, біздіңше, екі түрлі құбылыс байқалады. Мысалы, тармақ саны шағын, әрі бір ұйқаспен берілген, бір идеяға бағышталған өлең көбінесе бір күрделі синтаксистік тұтастық болады». Сонымен қатар «... астрофикалық өлеңнің ішінде сыртқы белгілер (ұйқас, модальдық реңк, субъект бірліктері) арқылы абзацтарға бөлінбейтін, көбінесе бір ұйқасқа құрылған едәуір мол тармақтан тұратындары бірнеше синтаксистік шоғырға топталады. [6, 49 б.].

Қалай десек те, ғалым абзац және күрделі синтаксистік тұтастық санын шумақпен межелейтініне көз жеткізуге болады.

Жоғарыда дәйексөз етіп алынған пікірлердің ішінде айрықшалаған ұғымдарға қайта оралайық. Біріншісі – А.Байтұрсынұлы айтқан «такта». Бұл такта сюжеттік (әуезе) прозада да бар екен, олай болса, созбай түйіп айтсақ, прозада да (мейлі ол ғылыми, мейлі көсемсөздік, мейлі ресми, мейлі көркем болсын) шумақ бар екеніне оңай көз жеткізуге болады.

Профессор Т.Р.Қордабаевтың грамматикамызда күрделі синтаксистік тұтастық деп аталып жүрген санатты ғылыми айналымға алғашқы енгізушілердің бірі екені белгілі. Сол алғашқы талпынысында бұған термин таңдауда «мұны сөйлемдер шумағы» десе артық болмайтынын айтады [7, 191-198 бб.]. Күрделі синтаксистік тұтастықты зерттеушілердің пікірлері бір тоқтамға келді демесек те, оның негізгі белгілері айқындалып қалды [8]. Оларға мынадай сипаттарды жатқызуға болады:

1. кемі екі дербес сөйлемнен (мейлі ол жай сөйлем болсын, мейлі ол құрмалас сөйлем болсын) тұратын бірлік, дербес сөйлемдер бір-бірімен белгілі бір тәсілдермен байланысып тұрады;

2. ол сөйлемдердің белгілі ойға (тақырыпшаға) казықталуы;

3. ойдың тиянақталуы;

4. интонациялық (просодикалық) тиянақтылық, интонацияның тынуы;

5. тұтас мәтіннің сөйлемнен үлкен бөлігі. Сондықтан да мәтін аясында бұлардың арасында белгілі бір байланыс, жалғастық болады.

6. функционалдық сипатына қарай үш типке бөлінеді: сипаттама (суреттеме), баяндау (әңгімелеу), дәлелдеме (ойталқы термин профессор Б.Шалабайдікі).

Енді әдебиеттанушылардың **шумаққа** тән етіп көрсеткен белгілерімен, тілтанушылардың **күрделі синтаксистік тұтастықтан** көрген белгілерін салыстырып кестемен көрсетейік (сонда екеуінің үйлестігі көрнекілене түседі):

8-кесте

күрделі синтаксистік тұтастық	Шумақ
күрделі синтаксистік тұтастық сипаты	«Как правило, объединенные рифмой стихи в строфу и представляют ритмическое и синтаксическое целое (Л.И.Тимофеев).
компоненті - грамматикалық жағынан аяқталған дербес сөйлем	Шумақтың тұтастық-бірлігін күшейтіп, жекеленіп бөлінуіне себін тигізетіндер – айтылатын ойдың белгілі дәрежеде тиянақталуы, сөйлемдер синтаксистік құрылысы жағынан алғанда толық аяқталып, дауыс толқынының (интонацияның) тынуы (З.Ахметов).

кемі екі дербес сөйлемнен (мейлі ол жай сөйлем болсын, мейлі ол құрмалас сөйлем болсын) тұратын бірлік	Мағынасы жағынан, ішкі құрылысы жағынан жекелеген өлеңнің екі жолы - шумақтың ең карапайым, ықшамды түрі (З.Ахметов).
күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы дербес сөйлемдер бір-бірімен белгілі бір тәсілдермен байланысып тұрады	Сөйлемнің синтаксистік құрылысы, дауыс толқынының (интонация) өзгеріп, түрленуі жағынан алғанда да, қатар келген бірнеше тармақ жалғастық, жақындық (айталық, синтаксистік параллелизм, не болмаса сөйлемнің интонациялық сипатындағы біркелкілік) ұшырасуы ықтимал. Бірақ бұлар да әр тармақтың қалайда белгілі дәрежеде дербестігі болатынын жоққа шығара алмайды (З.Ахметов).
сөйлемдердің белгілі ойға (тақырыпшаға) казықталуы	Ой тізбегі қалай да шексіз, шетсіз созыла бермейді. Түйін-түйін болып, үзіліп, аяқталып, жаңадан басталып, жалғасып отырады; әр шумақ біткенде айтылатын бір түйін ой (тақырыпшамен салыстырыңыз – Ж.Ж.) не аяқталып, не белгілі дәрежеде тиянақталып отырады (З.Ахметов).
ойдың тиянақталуы	Шумақтың тұтастық-бірлігін күшейтіп, жекеленіп бөлінуіне себін тигізетіндер – айтылатын ойдың белгілі дәрежеде тиянақталуы; әр шумақ біткенде айтылатын бір түйін ой не аяқталып, не белгілі дәрежеде тиянақталып отырады (З.Ахметов).
интонациялық (просодикалық) тиянақтылық, интонацияның тынуы	Шумақтың тұтастық-бірлігін күшейтіп, жекеленіп бөлінуіне себін тигізетіндер – ... дауыс толқынының (интонацияның) тынуы (З.Ахметов).
тұтас мәтіннің сөйлемнен үлкен бөлігі. Сондықтан да мәтін аясында бұлардың арасында белгілі бір байланыс, жалғастық болады.	Шумақтың ой, мағына жағынан бөлектеніп, окшауланып тұруын дұрыс түсіну керек. Бұл алдыңғы шумақтағы ойдың арасында жалғастық, жақындық болмайды деген мағынаны білдірмейді. Ондай жалғастық, әрине, бола береді. Кейде бір шумақ пен екінші шумақ мағына-ой жағынан тығыз байланысты болып келуі

	де ықтимал. Ой тізбегі қалай да шексіз, шетсіз созыла бермейді. Түйін-түйін болып, үзіліп, аяқталып, жаңадан басталып, жалғасып отырады (З.Ахметов).
функционалдық сипатына қарай үш типке бөлінеді: сипаттама (суреттеме), баяндау (әңгімелеу), дәлелдеме (ойталқы).	«Әуезе көбінесе үш тактаға бөлінеді: 1) мәлімдеу, 2) мазмұндау, 3) қорыту. Демек, «такта», яғни, шумақтың қара сөзге де тиесілі екенін аңғартады (А.Байтұрсынұлы).

Көбінесе күрделі синтаксистік тұтастық деп аталып жүрген бұл бірлікке қатысты пайдаланылып жүрген терминдер баршылық. Атап айтқанда: синтаксистік күрделі бірлік, микротекст, сверхфразовое единство, сложное составное единство, сложное целое, период, абзац, текст, прозаическая строфа (Г.Я.Солганик). Қазақ тіл білімі орыс тілі оқулықтарында қолданылып жүрген «сложное синтаксическое целое» аталымын калькалап аударып алды. Шын мәнінде, «күрделі синтаксистік тұтастық» деген тіркестің берер мағынасы бұл санатты дәл сипаттай алмайды. Өйткені сөйлемнің, тіпті жай сөйлемнің, өзі күрделі бола алады, ол да синтаксиске тән, оның да тұтастық сипаты бар, ендеше «сөйлемді» де күрделі синтаксистік тұтастыққа жатқыза аламыз.

Қорыта келгенде айтарымыз – «шумақ» терминін әмбебап етіп (тіл мен әдебиетке, поэзиялық мәтін мен прозалық мәтінге ортақ етіп) қолдануға әбден болады. Оны өлең мәтініне ғана емес, жалпы мәтіннің бөлігі, сөйлем мен мәтіннің арасындағы иерархиялық буын ретін қабылдау қажет. Әрине, өлең синтаксисінің өзіндік ерекшелігін (тіпті, сөзбен сөзді байланыстырудағы, сөздердің орын тәртібі мен ырғағындағы, ұйқасы мен өлшеміндегі ерекшеліктерді) елемеуден аулақпыз. Ол арнайы жолдармен түсіндіріліп, пайымдалуы қажет.

Шумақтың анықтамасы. *Шумақ деп мәтін құрамында бір тақырыпшаға шоғырланған, грамматикалық жағынан аяқталған (бас әріптен нүктеге дейін), бір-бірімен белгілі бір тәсілдер арқылы байланысып тұратын дербес сөйлемдердің тиянақты ойды білдіретін бірлігін айтамыз.*

Зерттелу тарихына қысқаша шолу. Шумақ ХХ ғасырдың соңғы шеніне дейін арнаулы зерттеулердің нысаны болмады десек те, арнаулы аталымы болмаса да, сөйлемнен (жай және құрмалас) үлкен синтаксистік бірлік жөнінде пікірлер болды. Мәселен, ХХ ғасыр басындағы Ахмет Байтұрсынұлының синтаксисінде бұл бірлік сөйлемнің ерекше түрі ретінде беріледі. Ғалым оны «іргелес сөйлемдер» деп атайды және құрмаластан бөлек алып қарайды. Тілдік айғақтарды талдап, оған берген сипаттамасына қарағанда, автордың құрмалас сөйлем сыңарларының

арасындағы байланысты емес, дербес сөйлемдердің, яғни, шумақ компоненттерінің арасындағы байланыстарды ескергенін байқау қиын емес: мұнда «сөйлемдер біріне-бірі тек ой іргесімен ғана жанасқаны болмаса, бастарын қосып тұрған басқа ешнәрсе жоқ. Сондықтан бұлардың аралары да біріне-бірі қосылмай, ашық-ашық үзіліп айтылады. Жазғанда араларына үлкен тыныс белгісі (.) қойылады» [9, 207 б.]. Кейін осы заңдылықтың шумақты құрмалас сөйлемнен ажыратып тұратын негізгі заңдылық болып табылғанын ескерсек, ғұлама ғалымның бұл пікірінің 50 жыл бұрын озық тұрғанына таңданбасқа болмайды.

Қ.Жұбановтың «сөзді» анықтауға деген ыңғайы сөйлемнен үлкен бірліктің бар екенін нұсқайды: «Сөз бөлшектерінің **кітап, әңгіме** сияқты ірілері бол, **әріп, дыбыс** сияқты ұсақтары бол, қай-қайсы да бітулі киімдей, айналасы көмкерілген бір бүтін нәрсе» [10, 28 б.] .

Академик Н.Т.Сауранбаев В.В.Радловтың казактардың шешендігіне таңданатынын мысал ете отырып, «сөйлеуде ырғақтық-мелодиялық құралдарды қолдану оған ұзақ периодтардың құрамындағы сөйлемдерге ойға тұтастық сипат беретінін» [11, 204 б.] Қаз дауысты Қазыбектің Қонтайшыға айтқан толғауын мысалға келтіреді. Ал толғаудың дербес сөйлемдердің байланысынан тұратыны белгілі, демек, Н.Т.Сауранбаев та сөйлемнен үлкен синтаксистік бірлікті нысанаға алған.

Қазақ тіл білімінде сөйлемнен үлкен бірліктерді зерттеуді бірінші рет профессор Т.Р.Қордабаев мәселе етіп қойды. Поэзиялық шығармалардың синтаксистік құрылысын талдай келе ғалым дербес сөйлемдерден тұратын бірліктердің кейбір синтаксистік заңдылықтарына тоқталады, атап айтқанда: синтаксистік күрделі бірліктің компоненттері құрмалас сөйлемнің компоненттеріне қарағанда едәуір дербес болатынын, шумақтың бастапқы сөйлемінің, дербес сөйлемдерге ортақ субъектінің орны айрықша болатынын, дербес сөйлемдер сабақтаса, салаласа байланысатынын көрсетеді [7, 191-198 бб.]. Кейін ғалым «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер» оқулығына «Күрделі синтаксистік бірлік» атты тармақ енгізді.

Поэзиялық шығармалардағы күрделі синтаксистік тұтастықтардың ерекшеліктерін Абай поэзиясының негізінде Р.Сыздық арнайы нысан етіп зерттеді [6].

Кейін шумақтың негізгі постулаттық қағидалары Б.Шалабаевтың еңбектерінде жүйелі көрініс тапты (Б.Шалабай күрделі синтаксистік тұтастық аталымын қолданады. – Ж.Ж.). Автор құрылымы жағынан аяқталған дербес сөйлемдердің арасындағы ізбе-із (термин Б.Шалабайдікі), параллель және аралас байланыстарды, шумақты құрастырушы сыңарларды сипаттайды. Ғалым шумақтың стильдік қызметіне мән бере отырып, оны тұйықталған бірлік деп тану сыңайын байқатады [12; 13, 172-178 бб.].

Шумақтың жалпы синтаксистік сипаты С.Мұстафина, Ж.А.Жакуповтың кандидаттық диссертацияларына нысан болды.

Бергінде Б.Шалабай көркем мәтіндегі шумақтың функционалдық типтерін нысанға алып іргелі зерттеулер жасады [14]. Ғалымның ізімен шәкірттері де осы бағытта әртүрлі деңгейдегі зерттеулер берді [15].

Кейін жоғары оқу орындарына мәтін синтаксисінің, мәтін лингвистикасының енуіне орай оқу басылымдары жарық көрген («Қазақ грамматикасындағы» (Астана, 2002) арнайы тарау, Г.Смағұлованың, Г.Айтжанованың т.б. еңбектері).

Мәтіннің абзацтық мүшеленуі, семантика-интонациялық мүшеленуі диссертациялық зерттеулерге нысан болды [16].

Қазақ тіліндегі шумақтарды орыс тілімен салғастырып зерттеуді кезінде орыстың белгілі тілтанушысы И.А.Фигуровскийдің мәселе етіп қойғанын ескерте кету артық болмайды [17].

Шумақ күрделі синтаксистік тұтастық деген атпен соңғы шыққан «Қазақ грамматикасына» енгізілді. Бұл – шумақтың қазақ тіл білімінде сөйлем сияқты өзіндік бөлекше бірлік ретінде жосық тапқанын көрсетеді.

Шумақты өзіндік бір синтаксистік деңгейдегі бірлік ретінде тану үшін оны бұған ұқсас я шендес басқа бірліктермен салғастырып барып ажыратқан жөн. Осы тұрғыдан келгенде біз оны алдымен құрмалас сөйлеммен, абзацпен, мәтінмен, контекспен салғастыруға тиіс боламыз.

Шумақ және құрмалас сөйлем. Шумақ пен сөйлемнің арақатысы жөнінде ғалымдардың пікірлері қайшылыққа толы. Бір тілтанушылар бұлардың бірін ғана - я сөйлемді ғана, я шумақты (мәтінді) ғана таниды. Келесі бір тілтанушылар сөйлемді синтаксистің негізгі бірлігі екенін мойындамайды да былай деп мәлімдейді: «Біздің уақытта тілдің жоғарғы және анағұрлым дербес бірлігі сөйлем емес, мәтін екендігін мойындау жалпыға ортақ болуға айналды. Осыдан мәтін синтаксисімен, яғни фразадан жоғары бірліктермен айналысу қажеттігі келіп шығады» немесе «Біз тілді пайдаланғанда қолданатын негізгі бірлігіміз – сөз я болмаса сөйлем емес, мәтін» [18, 9-10 бб.]. Сонымен қатар шумақты зерттеушілердің еңбектерінен шумақ пен сөйлемнің айырым белгілері болатыны туралы пікірлер де кездесіп қалады. Мәселен, татар синтаксисшісі М.З.Закиев: «... орамды сөзден күрделі синтаксистік тұтастықты (шумақты – Ж.Ж.) ажыратып алуда әдістемелік мақсат қана болады: ол сөйлеудің бірлігі бола алмайды, оның үстіне сөйлемге қарсы қойыла алмайды», - деп жазды [19, 237 б.].

Шумақ пен құрмалас сөйлемнің қатысына келгенде таласты мәселелер тіпті көп. Бұл мынадай жайттармен байланысты: кейбір ғалымдар құрмалас сөйлемді дербес бірлік ретінде тани отырып оның жекелеген сипаттарын мойындамайды. Мәселен, А.Н.Йофик құрмалас сөйлем сыңарларының арасындағы байланыстарды талдай келе салалас құрмалас сөйлем синтаксистік емес, пунктуациялық бірлік деген түйінге келеді

[20, 119 б.]. Н.С.Поспелов құрмалас сөйлемді құрастырушы сыңарларды сөйлем ретінде танымайды [21, 48 б.], солай болса да А.М.Пешковский құрмалас компонентіне сөйлемдік мәртебе беруден бас тартпағанмен, «сложное предложение» терминін теріске шығарады, өйткені, оның айтуынша, бұл термин бірнеше сөйлемді бір «сөйлем» деп атап, сол арқылы шатасу туғызады [22, 455 б.].

Шумаққа күмәнмен қарайтын мамандар шумақ пен құрмалас сөйлемнің арасында айырмашылық жоқ деген пікірді ұстанады, өйткені бұлардың екеуі де сөйлемдердің грамматикалық бірлігінен тұрады деп есептеп, оларды ажыратпай қарастырады. Осыдан болар, тіпті кейбір мамандар дәстүрлі құрмалас сөйлемді күрделі синтаксистік тұтастық (шумақ) деп тануды ұсынады, өйткені, олардың пікірінше, бұлардың екеуі де полипредикативті бірліктер болып саналады [23, 43 б.].

Сонымен қатар осы мамандардың құрмалас сөйлем мен шумақты бір-бірінен өзгеше, бөлекше бірліктер деп түсіндіретіні де бар. М.З.Закриев, мысалы, құрмалас сөйлем компоненттері іргелес тұрып байланысса, шумақ бөліктері іргелес те, алшақ та тұрып байланыса беретінін растайды. Оған қоса, шумақ құрамындағы дербес сөйлемдердің байланысу амалдары құрмаласты құрайтын жай сөйлемдердің байланысына ұқсас, елеулі айырмашылық шумақ сыңарлары синтетикалық тәсілдермен ешқашан байланыспайтындығында деп көрсетеді [19, 237 б.].

Орыс тіліндегі құрмалас сөйлем синтаксисі оқулығының авторлары С.Е.Крючков пен Л.Ю.Максимов шумақ пен құрмалас сөйлемнің айырмашылығы сонда, шумақ компоненттері «неғұрлым дербес болады, соған орай олардың арасындағы байланыстың тығыздығы әлсіз болып келеді де» олар негізінен мәні жағынан ғана бірлеседі деп көрсетеді [24, 150 б.].

Әуелі А.Байтұрсынұлы [9, 207 б.], онан жарты ғасырдан астам уақыттан соң С.Е.Крючков пен Л.Ю.Максимов айтқан осы пікірді сарабал пікір деп санаған жөн.

Ал шумақ пен құрмалас сөйлемнің арақатысын, яғни ұқсастығы мен айырмашылығын, айқындау үшін алдымен сипатталмақ тілдің құрылымдық ерекшелігін ескеру қажет болады. Қазақ тілінде құрмалас сөйлемді салалас және сабақтас деп жіктеу, орыс я басқа үндіеуропа тілдеріндегідей жалғаулықтардың мағынасына емес, құрастырушы сыңарлардың (құрмалас құрамындағы сөйлемдердің) баяндауыштарының (әдетте, алдыңғы тұрғанының) пішініне сүйенетіндігі белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тілінде шумақ пен сабақтас құрмалас сөйлемді салғастыруға келмейді, сондықтан салалас құрмалас сөйлем мен шумақтың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар нысанаға алынғаны жөн. Өйткені салалас құрмалас құрамындағы жай сөйлем түрлес сыңарлардың да, шумақ құрамындағы дербес сөйлемдердің де (жай я құрмалас) баяндауыштарының пішіні тиянақты болады.

Шумақ пен салалас құрмалас сөйлемнің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тілдік айғақтармен дәлелдеуге көшейік.

Алдымен шумақ пен жалғаулықсыз салалас құрмаласты салыстырайық:

№1. Бір ауыздан «бермеймінді» айту қажет /1/. Сол – елге белгі /2/. Сол бірді бірге қосады /3/. Құрастырады /4/. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарады /5/.

Соны шала-пұла ұғынған сайын әрбір жиылушы жас-кәрінің бәрі де бойына айдын, қайрат жиып, ызалы, намысты, кіжінулі сияқты еді /6/. (М.Әуезов).

Бұл үзіндідегі жеке пішімделген сөйлемдердің арасындағы байланыстар жалғаулықсыз салалас құрмалас сыңарларының арасындағы байланыстарға ұқсайды: 1-ші және 2-ші сөйлемдер – себеп-салдарлық қатынаста, ал 2-ші, 3-ші, 4-ші, 5-ші сөйлемдер мезгілдестік (ыңғайластық) қатынаста тұр. Бұл калып салалас құрмалас сөйлемнің заңдылықтарына келіп тұрғандай. Енді алғашқы бес сөйлемді біріктіріп тәжірибе жасап көрейік: Бір ауыздан «бермеймінді» айту қажет, сол – елге белгі, сол бірді бірге қосады, құрастырады, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарады.

Байқалып тұрғандай, бұл өзгерістер сөйлемдердің экспрессивтік, коммуникативтік мәнін де өзгертіп жібереді; сондай-ақ автордың көркем ойы мен коммуникативтік мақсаты да бұрмаланып кетеді; бұл өзгертілген түрде «сол» есімдігін анафоралық тұрғыдан қайталау артық болып көрінеді; демек, стиль өзгереді, қараңыз: Бір ауыздан «бермеймінді» айту қажет, сол - елге белгі, бірді-бірге қосады, құрастырады, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарады; 4-ші, 5-ші сөйлемдер сөйлемдік тұрғысынан айрылып бірыңғай баяндауыштарға айналады, біз оларды мұндай күйде тұрғанда бағанағы грамматикалық тұрғыдан аяқталған дербес сөйлем күйіндегісінен басқаша қабылдаймыз; соған қоса, интонация өзгерген (бұлар сөйлемге тән тиянақты интонациядан айрылған), ал интонацияның сөйлемнің басты үш белгісінің бірі екені белгілі; интонация өзгерсе, айтылыстың просодикалық сипаты өзгереді. Ал 6-шы сөйлемді сырт пішімі салалас құрмаластың сыңарына келіп тұрғанмен, алдыңғы сөйлемдермен біріктіре алмаймыз: ол алдыңғы сөйлемдердің бәрімен бірдей байланыста тұрып, сол сөйлемдердегі ойларды қорытып тұр. Осы тұрғыдан келгенде, Л.М.Лосеваның: «күрделі синтаксистік тұтастықтағы сөйлемдердің арасындағы байланыс, бұл – бәрінен бұрын тілдің (сөйлеудің) бөлшектерінің емес, тұтас коммуникативтік бірліктерінің арасындағы байланыс», - дегеніне сенуге болады [25, 7 б.].

Мұнан шығатын қорытынды сол, сөйлемді дербес бірлік ретінде (шумақ компоненті ретінде) қолданудың немесе құрмалас сөйлем компоненті ретінде қолданудың негізінде автордың коммуникативтік мүдде-мақсаты

жатады. Сол бір ақпарат әр түрде ұсынудың аркасында әр басқа болып қабылданады.

Енді сыңарлары жалғаулық арқылы байланысатын салалас құрмалас пен шумақты салыстыру мәселесіне көшейік.

Қазақ тілі синтаксисінде жалғаулықты салалас пен жалғаулықсыз салаластың мағыналық айырмашылықтары сараланбайтыны белгілі. Шумақ пен жалғаулықты салаласты салыстырғанда жалғаулықтардың қолданысындағы сипаттарға мән беруге тура келеді: жалғаулық дербес сөйлем құрамында тұр ма әлде құрмаластың компонентінің құрамында тұр ма? Егер жалғаулық салалас құрмаластың құрамындағы сөйлемнің емес, дербес сөйлемнің құрамында тұрса, онда ол екі сөйлемді байланыстырушы қызметті атқарып қана қоймайды, өзінің грамматикалық мағынасын күшейтіп, қабылдаушының зейінін сол мағынаға аудартады. Мәселен, қарсылықты шылау – қарсылықты мағынаны, себеп-салдарлық жалғаулық өзіне тән мағынаны айрықшалап, бөлектеп тұрады, ал салалас құрмаластың құрамында бұлардың екі сыңарды құрылымдық-мағыналық тұрғыдан байланыстырушы қызметіне мән беріледі. Осы тұрғыдан келгенде бұлар кейде демеулікке ұқсап тұрады, бұлардың бір сөз табы шылауға жатқызылуында осындай мән бар сияқты. Кей жалғаулықтардың түп төркіні демеуліктерге барып тірелетіні туралы тарихи-этимологиялық талдаулар да мұны растай түсетіндей [26, 218-332 бб.].

Құрамында жалғаулық қолданылған дербес сөйлем сол контекстегі басқа сөйлемдерге қарағанда ерекше интонацияда болады. Сонымен қатар дербес сөйлемдегі жалғаулық пен құрмалас сөйлем құрамындағы жалғаулықтардың арасында тон биіктігі, дауыс қаттылығы, ұзақтығы жағынан елеулі айырмашылықтар болады [27, 50-55 бб.; 28, 67-73 бб.]. Бәлкім, көптеген жазарманның дербес сөйлем құрамындағы жалғаулықтарды тыныс белгісімен оңашалап жазатыны да осыдан болар. Салалас құрмаласқа қарағанда дербес сөйлемдегі жалғаулықтың өзектенетінін тілдік айғақтармен дәлелдеп көрейік. *Бүгін үйден таңертең шығып еді, сондықтан қарны ашып тұрғаны рас.* деген салалас құрмаластың сыңарларын салдарлық мағынадағы жалғаулық байланыстырып тұр. Мұны сөйлем мүшелеріне қарай талдасак, «сондықтан» жалғаулығы мүшелік қызмет атқара алмас еді, - шылаудың толық емес, көмекші мағынадағы сөз ретінде сөйлем мүшесі бола алмайтыны – қалыптасқан қағида. Ал мұны екі дербес сөйлем етіп қолдансак (*Бүгін үйден таңертең шығып еді. Сондықтан қарны ашып тұрғаны рас.*), мәселе басқаша болып шығар еді. Бұл контексте «сондықтан» сөзінің есімдік мәні жанданып шыға келеді: «сондықтан» сөзі алдыңғы сөйлемнің семантикасын бойына тартып алады да «*Бүгін үйден таңертең ерте шыққандықтан*» деген сөйлемнің орнына жүреді, сөйтіп толық мағыналы сөз ретінде себеп пысықтауыш қызметін атқарып шыға келеді. Қазақ синтаксисшісі

О.Күлкенованың себеп пысықтауыштың жасалу жолдарының бірі ретінде «сондықтан» сөзін көрсетуі бекер емес [29, 148 б.].

Салалас құрмалас сөйлемде жалғаулық іргелес тұрған сөйлемдерге қатысты болады, ал шумақта жалғаулық дербес сөйлемдердің тобына қатысты да қолданылады. Мысалы, мына шумақта:

№2. *Шалдиннің орнына келген застава бастығы Иван Головтың істеріне құлағы қанық. Асырып айтуға әуес қазақтың аузында ол туралы алып-қашты әңгіме көп. Дақпырттың да сұсы бола ма, осы бейтаныстың есімін естісе, абыржытыны рас. Соңынан түскен Голов отрядымен бетпе-бет келіп шайқаса кетуден тайсақтап тайқып шыға беретіні сондықтан* (Мұқаев). Жалғаулықтың орны мен қызметі өзгеше.

Құрмалас сөйлем мен шумақты ажырататын тағы бір жайт – шумақта ой тиянақты болады, ал құрмалас сөйлем қаншалықты күрделілігіне қарамастан синсемантикалы болып келуі, мағына-мазмұнының ашылуы контекстегі басқа сөйлемге я сөйлемдерге тәуелді болуы жиі кездеседі. Мысалы, мына бір көпқұрамды әрі көлемді салалас құрмаластар осындай сипатта:

Оның дөңгелек көзі кірпігін қақпастан қадала қалатын әдеті бар еді, бұл жолы ол тесіле қараған жоқ, Әбдірахманның тұла бойын, жүзін шарлап қарады. Белан бұлардың солдат екенін бірден білді және өзін көріп қалды деп ұқты, өйткені солдаттардан өзге жеті түнде атқа мініп жүретін жанның реті жоқ, көрші деревнядан келе қоярлық адамның түрі шамалы (Х.Есенжанов). Мұндағы 1-сөйлем тиянақталу үшін «ол» дегеннің кім екенін, 2-сөйлемдегі «бұларды» әлі де анықтау керек, әрине, ол үшін контекст керек. Ал шумақ құрамында тиянақсыз сөйлем тиянақталу қажет болады.

Екеуінің айырмашылығын көрсететін тағы бір жайт – бұлар мәтін құрамында иерархиялық қатарда тұрады, шумақ үлкен, ал сөйлем төменгі сатыда болады. Басқаша айтқанда, жай сөйлем де, құрмалас сөйлем де шумақты құрастыратын тең хақылы сыңарлар болып саналады.

Шумақ пен мәтін. Орамды сөйлеу ағынында ой кішіден көлемдіге, қарапайымнан күрделіге қарай, яғни сөйлемнен шумаққа, шумақтан мәтінге қарай жүреді. Алайда сөйлеуде бұлардың теңесіп келетін жайттары да болады, сондықтан шумақты мәтінмен салыстырып таныған жөн.

Тіл білімінде «мәтін» термині шектеусіз қолданылады: ол – бір сөзден тұратын айтылыстан бастап роман, монография т.с. сияқты тым көлемді сөздік шығармаларға дейін қамтып белгілей береді [18, 12 б.].

Мәтін ұғымының ауқымы өте кең. Тілдік қабаттар байланыса өрбіп мәтінге тұтасқанда, бұл тұтастық басқа өрістерге, деңгейлерге шығады. Сондықтан да мәтін әмбебап бірлік ретінде ғылымның түрлі салаларында (философия, логика, мәдениеттану, әлеуметтану, психология, әдебиеттану, криминалистика, акпараттану т.б.) қаралады. Соған орай мәтіннің

анықтамасы да сан алуан болып келеді. Тіл білімі, оның ішінде синтаксис саласының орайына келетін бір-екі анықтаманы келтіре кетейік:

«Сөйлемдердің уақыт пен кеңістікте тұтастық түзетіндей болып ұйысқан кез келген ізбе-ізділігі мәтін болып саналады» [30, 162 б.]. Анағұрлым ауқымды, түгендеулі анықтама И.Р.Гальперинге тиесілі: «Мәтін – сөз шығару үдерісінің аяқталған сипатқа ие, жазба құжат түрінде нысанда, осы құжат типіне сай әдеби өңделген туындысы, тақырып атынан және лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстың түрлі типтері арқылы біріккен бірқатар ерекше бірліктерден (фразадан жоғары бірліктерден) тұратын, белгілі бір мақсаттылығы мен прагматикалық бағдары бар туынды» [31, 18 б.]. (Бұл анықтамадан байқалатын бір ғана олқылық – мәтінді жазбаша айғақ ретінде тануы.) Анықтамалардан көрініп тұрғандай, шумақ пен сөйлем мәтінді құрайтын неғұрлым кіші бөлшектер екен. Бұл қағиданы әдістанулық тіректер де дәлелдей түседі.

Философиялық ілімдердің үйретуі бойынша, бүтін мен бөлшек бір мезгілде танылады. Бөлшекті қарастырып танитын болсақ, оның синтезі арқылы бүтінді көреміз, оның бөлшек екеніне осы бүтін аясында ғана көзіміз жетеді. Ал бүтін деген осы бөлшектердің байланысынан тұрады, ол байланыс иерархиялы болуы мүмкін. Осы әдістанулық танымды тілтануға салсақ, мәтінді – бүтін деп, бөлшекті – шумақ деп қарастыруға тиіс боламыз. Сонда, сөйлемдерді біріктіріп тұрған шумақ сонымен қатар өзінен жоғары тұрған бірлік мәтіннің бөлшегі болып шығады.

Мәтіннің, шумақтың, сөйлемнің изоморфтығы (құрамдарының тепе-тең болуы) сөйлеу үдерісінде кездесіп отырады. Мәселен, газеттерде бір сөйлемнен ғана тұратын хабарлама мәтіндер берілетіні тәжірибеден белгілі. Бір ғана шумақтан тұратын мәтіндер де аз емес, бұған мысал ретінде қысқа хабарлар, этюдтер, факлия жанрындағы мәтіндерді келтіруге болады. Мысалы:

Қазақ құлшылығы құдайға лайық болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды біз де қылып, жығылып, тұрып жүрсем болғаны дейді. Саудагер несиеcін жсия келгенде, «тапқаным, осы, бітті», - деп, - «алсаң ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба?» дейтұғыны болушы еді зой. Дәл құдайтағаланы сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, денін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды. «Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын», - дейді. «Оқымадың демесе болады тағы, тілімнің келмегенін қайтушы еді», - дейді. Оның тілі өзге жұрттан бөлекше жаратылып па? (Абай. 16-сөз).

Бұл аяқталған мәтін келесі сөйлемдері алдыңғы сөйлемдердің мәнісін ашатындай етіп құрылған, айтылыс бір тақырыпты ашуға ұйыстырылған, яғни, барлық сөйлем бір тақырыптық бірлік түзеді, оның үстіне сөйлемдердің бәрі бір субъектінің («қазақ») маңына шоғырланған. Алдыңғы

сөйлемдердегі параллельділік соңғы сөйлемде бұзылады да бірлік тұйықталады. Сонымен шумақ аяқталады. Мұндайда шумақ пен мәтіннің шекаралары үйлесе теңеседі.

Мәтін көбінесе екі я одан да көп шумақтан тұрады.² Мысалы:

Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші - сол нәрсені естігенде я көргенде гибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұзу керек, үшінші - сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек.³// Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер (Абай, 31-сөз).

Бұл мәтінде екі тақырыпша бар: біріншісі – естігенді ұмытпау шарттары, екіншісі – ой кеселдері туралы. Осылайша мәтін екі шумақпен берілген. Алайда бұл екі шумақ «ой» сөзінің түйісте қайталануы арқылы байланысып тұр. Мұны шумақтағы сөйлемдердің емес, мәтіндегі шумақтардың байланысы деп қараған жөн. Мәтін мен шумақтың арасындағы ұқсастық пен айырмашылық та осындайдан байқалады.

Шумақтың шекаралары тұтас мәтіндегі тақырыпшалардың (микротакырыптардың) ауысуы арқылы, яғни мазмұн жосығы бойынша белгіленеді, ал мәтін тақырыбы тақырыпшалар иерархиясынан тұрады. Шумақ тақырыптары өзара байланысып, бірлесіп мәтіннің мәністік тұтастығын түзеді, сөйтіп бұл екі синтаксистік бірліктің арасында «субординациялық қатынас» (Ф.Энгельс «Табиғат диалектикасы») орнайды. Сонымен қатар, мәтін құрылымдық-семантикалық жағынан аяқталған болып саналса, шумақта тиянақтылық қана болады. Мәтінде болмыстың алуан түрлі жақтары туралы сөз болуы әбден ықтимал, ал шумақта сол болмыстың жекелеген бір жағы, бір сипаты ғана қамтыла алады. Шумақ бір тақырыпты, мәтін көп тақырыпты болып келеді (Бұл жерде мәтіндегі тақырып тұтастығын теріске шығарып отырған жоқпыз, ол тұтастық шумақ тақырыптарының байланысынан түзілетінін айтып отырмыз. – Ж.Ж.). Сондықтан болар, үндіеуропа тіл білімінде шумақты «микротекст», мәтінді «макротекст» деп атаушылық бар.

О.И.Москальскаяның пікірінше, шумақ, бәрінен бұрын, синтаксистік ұғым, осының себебінен ол грамматикалық заңдылықтарға бағынады. Мәтін грамматикалық белгілері бола тұра грамматика шегінен шығып

2 Г.Я. Солганик екі я одан да көп шумақтың тұтас мәтінге дейінгі бірлігін «фрагмент» (үзінді) деп атайды /Солганик Г.Я. Синтаксическая стилистика. – Москва: Высшая школа, 1973. - Б.187-198/

3 «//» белгісі – шумақтар арасындағы шекара.

кетеді, сондықтан мәтінді талдауға тіл білімінен басқа ғылымдардың салалары да қатысады [18, 14-15 бб.].

Мәтін – сөйлеу үдерісіндегі соңғы, аяқталған саты, ал шумақ мәтінге барар аяқталмаған саты. Міне, осы себептен де шумақтың шекараларын межелеу қиынға түседі. Сондықтан шумақты межелеу үшін, талдау үшін тұтас мәтіннің мазмұны мен құрылымын есепке алып отыру қажет болады. Сондай-ақ мәтінді талдау шумақты ескермей толық бола алмайды. Осылайша шумақты межелеу мен мәтінді талдаудың бір үлгісін орыс тілтанушысы Л.М.Лосева көрсетті [32, 61-67 бб.].

Сөйтіп, шумақ пен мәтін сөйлеуде ой ұласымын бейнелеуге арналған өзара байланысты, әр деңгейдегі бірліктер болып саналады.

Кез келген тілдік бірлікті талдап тану үшін оны контекстен айқындап бөліп алу керек болады. Сол сияқты шумақты сипаттау үшін де оны тұтас мәтіннен шекаралап бөліп алу қажет. Осыған орай, шумақ пен абзацты салыстыруға тура келеді, себебі шумақты абзацпен теңестіре қарау сияқты пішіншіл ыңғайлар кездеседі, соған қоса мәтінтүзімде «жаңа ойды азатты жолдан бастау қажет» дейтін қағида да бар.

Шумақ пен абзац (шумақты межелеу). Шумақтың ерекше пішімделген, өзіндік меже шектері бар бірлік екеніне күмән келтіретіндер аз емес. Оның себебі ретінде шумақты мәтіннен еркін түрде, негіздемесіз бөліп алу екені айтылады. Сыншылардың айтуынша, шумақ синтаксисінің ең бір әлсіз тұсы осы. Сондықтан шумақты мәтін ұласымынан бөлектеп алу маңызды әрекет болып саналады. Бұл үшін оған тірек болатын қандай да бір негіздеме табу қажет.

Мәтін тілтануы бойынша жазылған еңбектерде шумақ шекарасын анықтауға арнап түрлі межелеуіштер ұсынылды. Мәселен, интонациялық белгілер бойынша (Л.А.Булаховский [33, 533-539 бб.]), фразеаралық байланыстардың әлсіреуіне қарай (Лосева Л.М. [30]), айтылыстың модальдік біркелкілігіне қарай (Солганик Г.Я. [34, 131 б.]), сөйлеудің белгілі бір типіне тиесілігіне қарай (Зарубина Н.Д. [35, 103-112 бб.]), тақырыптың ашылуына, семантикалық белгілерге қарай (Фигуровский И.А. [36, 30-33 бб.]; Москальская О.И. [18, 41 б.]; Ставский В.И. [37] т.б.), компоненттердің лексика-морфологиялық белгілеріне қарай (Маслов Б.А. [38]; Амирова Ж.Г. [39]), байланыс құралдарының бірінің ықпалының шектелуіне қарай (Боевец И.А. [40]) т.с.с. көрсеткіштерге қарай мәтіннен бөлектеп алу ұсынылады. Шумақты абзацпен теңестіре қарау жиі кездеседі [22; 33; 41; 42; 43].

Түркі тіл білімінде шумақты мәтін ішінен бөлектеп алу туралы мәселе өткір қойыла қойған жоқ, дегенмен талпыныстар бар. Мәселен, М.З. Закиев: «орамды сөйлеуден күрделі синтаксистік тұтастықты бөліп алуда тек әдістемелік мақсат қана болады», - дейді де, шумақтың шекарасын жайылыңқы етіп көрсетеді: «Күрделі синтаксистік тұтастық абзацтың

бөлігі, бүтін абзац, тұтас тарау, кейде, тіпті, тұтас шығарма, тұтас мақала, баяндама, шешеннің сөзі т.с.с. бола алады» [19, 237 б.]. Шумақтың шекарасының белгісі ретінде паузаны және Л.М.Лосеваның «еркін сөйлем» дегенін ескергенмен, осындай тұрғыны өзбек тілінің маманы А.Мамажанов та ұстанады [44, 53 б.]. Алайда шумақты межелеуді арнайы мақсатта етпейді.

Түркітануда шумақты шекаралауға екі мәрте талпыныс жасаған ғалым – әзірбайжан тілінің маманы К.М.Абдуллаев. Бірінші қадамда түркі сөйлемі мүшелерінің орын тәртібінің қатандығына сүйеніп: «күрделі синтаксистік тұтастық құрылымы параллелизммен өріледі, параллелизм оның «синтаксистік қаңқасын» құрайды. Сөйтіп, сөйлемдердегі белгілі бір қатысты элементтердің ортақ көрсеткіштері сол сөйлемдер тобын бір мәністік үзіндіден келесісіне дейін қостап отырады», - деген болатын [45, 12 б.]. Мұны қолдауға болар еді, бірақ шумақ құрамындағы сөйлемдер әрқашан параллелизмге құрыла бермейтін – шындық. Автор дербес сөйлемдердің ізбе-із байланысын ескермеген, өйткені, өзінің айтуынша, бұл байланыс шумақтың шекараларын анықтау үшін сенімді критерий бола алмайды [45, 12 б.]. Сондықтан К.М.Абдуллаевтың пікірі өміршең болмады.

Кейін К.М.Абдуллаев шумақты шекаралауға басқа негіздеме ұсынды. Оның пікірінше, сөйлемдер сияқты (түркі тілдерінің сөйлемдерін айтып отыр. – Ж.Ж.) «мәтін де рамалы құрылымға ие, онда соңғы аяқтайтын кезең бастапқы кезеңнің өзінше бір қайталамасы болады» [23, 330 б.]. Бұл негіздемеге сүйенсек, мәтін әрдайым стандартты түрде берілуі қажет, ал олай бола беруі мүмкін емес, екіншіден, бұлай болса, жазарманың стилі, прагматикасы ескерілмей қалады, үшіншіден, бұл критерий бойынша іс жүзінде шумақты бөліп алу қиын.

Осындай себептерден келіп, шумақты шекаралау үшін ұтымды негіз абзац пен шумақтың арақатынасынан табылады деген ой туады. Шындығында да, шумақтың абзацпен теңестірілуі, сөйлемдегі бас әріп пен нүкте сияқты, азатты жолдың мәтінде шумақтың өзіндік бір тыныс белгісі ретінде қабылданатыны кездейсоқ жайт емес.

Абзацтардың арасында ойдың аз ба, көп пе, әлдебір үзілісі, секірісі бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Осыған орай мәтінді зерттеуші Т.М.Сильманның абзацта «айрықшалау мәні, кең мағынасында алғанда модальдік деуге болатын мән болады. Оқу барысында жаңа абзацқа көшерде біз автордан: «Мынау маңызды! Мұнда әлдебір жаңа нәрсе бар! Аялда, демінді алып ал, күш жинап ал!» деген ескертуін алғандай боламыз. Ал азатты жол, яғни мұндай ескерту болмаса, біз бұл «жаңа нәрсені» байқамай да қалуымыз мүмкін» деген пайымында пайда көп деуге болады [46, 111 б.].

Осы тұрғыдан келгенде, К.М.Абдуллаевтың абзац пен шумақтың арақатысы туралы пікірі орынды болып саналады. Зерттеуші абзац пен

шумақтың байланысын пішін мен мазмұнның арақатысы ретінде қарайды. Мазмұн абзац пішінінде бейнеленеді, ал егер бір абзацқа екі я одан да көп шумақ енсе немесе керісінше, бір шумақ екі я одан да көп абзацқа бөлінсе, бұл мазмұнды қате кодтау, тілдік таңбаны мәтінде дұрыс пайдаланбау ретінде қабылдануға тиіс. Мәселенің осындай шешімі, К.М.Абдуллаев пікірінше, абзац пен шумақтың дәрежелері мен функцияларын айқындаудың кілті [23, 239 б.].

Бұл пікірмен келісуге болады, өйткені мәтіндегі бір тақырыптан келесі тақырыпқа, «жаңа ойға» көшу азатты жол арқылы іске асырылатыны бізге мектеп дидактикасынан белгілі. Оның үстіне бұл – тіл ұстартуда, мәтін түзуде қалыптасқан дәстүр.

Осылай бола тұра, ескерер бір жайт бар. Абзацты хабар, ақпарат берудің экспрессивтік-коммуникативтік мақсаты үшін пайдаланады. Жазарман ойдың тиянақталған-тиянақталмағандығына карамастан бір немесе бірнеше сөйлемді бөлек абзацқа салуы мүмкін, мұндағы мақсаты – оқырманның ерекше назарын аудару, абзацпен бөлінген сөйлемге я сөйлемдерге айрықша мән бергізу. Басқаша айтқанда, абзац эмфаза құралының қызметін атқарады.

Осы тұста ескерте кету қажет, кей жағдайда казак мәтіндерінде шумақ айқын бөлініп тұрады, атап айтқанда, портреттік, пейзаждық, дәлелдемелік мәндегі шумақтар айқын көрініп тұрады. Сондай-ақ дербес сөйлемдері параллельділікке ғана құрылған шумақтарды ажырату қиын емес, - параллельділік бұзылып тұйықталған тұс шумақ шекаралық белгі болып саналады; кейбір қыстырма сөздердің, атап айтқанда, қорытындылық мағына беретін қыстырмалардың (*қысқасы, қорыта келгенде, сөйтіп, демек т.с.с.*) келуі ойдың тиянақталып, жаңа ойдың басталғанын тұспалдап тұрады.

Абзац пен шумақтың сәйкес келуі, бұл - тыныс белгісін дәл қолдану (сөйлемдегі бас әріп пен нүкте сияқты) деп есептеген жөн. Мәселе, казак мәтіндерінде абзац пен шумақтың сәйкес келмейтін жайттары көп кездеседі. Сондықтан шумақты мәтіннен ажыратып алу, абзац пен шумақтың арақатысын білу үшін бұл екеуінің сәйкеспейтін айғақтарын талдаған жөн.

№5. Ұлықтар да сірескендей қыбыр етпей, ел пішініне қадалып тұрды. Шошыған, сасқан жүздерді көрген сайын, албастысын арттырып, пысымен баспақ болғандай болып тұр.

Бар ұлық-төре келген қалпында өздерін үршітіп, түктерін сыртына теуіп, шірене дем алып сызданады. Қарсы тұрған екі топ бір-біріне кірпік қақпай қадалып, арбасқандай аңдысып, бірін-бірі бағып тұр.

Осы хал мен тым-тырыстың ішінде екі минуттай уақыт өтті. Болыстардың көбі соңғы кездегі сайлауларда іске иірақ, тіл білетіндеу жастардан сайланып еді.

Көбі жиырма бес, отыз бес арасындағы жас-сымақ адамдар болатын. Көбінің ел ортасында соншалық зор салмақ беделі, абырой, атақ айдыны да жоқ. Үлкен істі елдің жасы үлкен қариясы, атақты, салмақты үлкендері, қарталы жуандары арқылы болмаса, өз беттерімен бұзып, жарып істеп кете алмайтын. Болыс ішіне келген үлкен міндеттің барлығын солардың нұсқауымен істеуші еді. Көбінің болыс болып, дәреже алуына да солар себеп болған.

Ұлық жарлық жариялағанда: «Пәленше екем не дер еді, қалай қарайды ... онсыз мен не айтамын» деген сияқты ойлар көбінің бойын басқандай болды. Тым-тырыс созылуға айналған соң, осы ойды көбірек ойланған бірен-сарандар жан-жағына жалтақтап, басқалар не дер екен дегендей болып, көзбенен әркімді алдына салғысы келді (М.Әуезов).

Бұл үзінді бес абзацтан тұрады. Екінші және үшінші абзацтардың эмфаза мақсатында қойылғаны айқын байқалады. Осы абзацтардағы сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық жағынан ұйысуын байқап көрейік: екінші абзац алдыңғы бірінші абзацпен «Осы хал» есімдігі бар тіркесі арқылы байланысып, бұл абзацтағы сөйлем бірінші абзац мазмұнын бойына жинақтап тұр; ал осы абзацтағы «көбі» сөз формасының қайталануы үшінші абзацпен кейінгі абзацты байланыстырып тұр. Бұл контексте үшінші абзацтағы сөйлемдерді алдыңғы абзацпен біріктіре алмаймыз, сол сияқты екінші абзацтың кейінгі абзацтан тақырыптық жөні бөлек екені байқалып тұр. Ал бесінші абзацқа келсек, оның мазмұны алдыңғы абзацтардағы мазмұнды түйіндеп тұрғанын, бірінші және екінші абзацтардағы «тым-тырыс хал» мен үшінші және төртінші абзацтардағы «болыстар» тақырыбын мәтіннің осы кезеңінде қорытып тұрғанын байқауға болады. Бұл бесінші абзацтың екінші сөйлемінің басқы бөлігі «Тым-тырыс созылуға... бірінші, екінші абзацтармен алшак түрде байланысып тұр, бірақ біз бұл сөйлемді бастапқы екі абзацпен еркін түрде байланыстыра алмаймыз, өйткені бұл сөйлем алынып отырған үзіндіге тұтастай байланысты. Шумақ сыртындағы байланысты Г.Я.Солганик көрсеткен «фрагмент» аясында қарастырған жөн. Сөйтіп компоненттерінің мағыналық-құрылымдық байланыстарына қарай бұл үзіндіні екі шумаққа бөлеміз: бірінші және екінші абзацтар – бір шумақ, екінші және үшінші абзацтар бір шумақ құрады.

Сипаты басқашалау тағы бір мысал:

№ 6. Қысқа тоны қаудырап, суыққа тоңып жаурап, жақ жүні үрпін, ашаң жүзді келген бір әйел сиырдың қорасын тазалап жүр. Жұмысқа мойындамағандығы, жұмысты көңілденіп істемегендігі ісінен де көрініп тұр. Бірден бітіріп тастайтын жұмысты күн оздырайын деген кісідей, үнемдеп істеп жүр. Кішкене жүргеннен кейін күрегіне сүйеніп дем алады. Әлденелерді есіне түсіреді. Өткендегі мен қазіргі күнді са-

лыстыра бастаса, өзінен өзі мүжіліп, ыстық жас көзден тимей-тимей кетеді.

Бұл Зылиха еді. Сарымсақтың Зылихасы! Сарымсақ сасып, Ұла мен Бақыт жылап үйді басына көтерген түні Зылиха Сарымсақтың қойнынан шығып, көрмеген, білмеген біреудің соңынан ерген. Неге ерді, не мұңы бар, жылатып тастап кеткендей Сарымсақтың не жазығы бар? Бұл Зылиханың әлі күнге шешпеген жұмбағы... (Б.Майлин).

Алдыңғы мысалға қарағанда, бұл үзіндіде абзацқа бірнеше сөйлем енгізілген. Екінші абзацтың бірінші сөйлемі алдыңғы абзацпен «бұл» есімдігі арқылы байланысып, сол алдыңғы абзацты тиянақтап тұр, яғни, алдыңғы абзацқа қосылып бір шумақ болып тұр. Бұл сөйлемді (Бұл Зылиха еді) келесі абзацқа жылжытып жіберуде, оның үстіне қосымша леп белгісін қоюда жазушының осы сөйлемдегі «жаңа хабарға» оқырман назарын айрықша аудару мүддесі жатыр. Екінші абзацтың басқа сөйлемдері бірінші сөйлемнен бөлініп азатты жолдан неге жазылмаған деген сұрақ тууы мүмкін. Мұны екінші абзацтағы бірінші сөйлемнің келесі абзацтағы сөйлемдермен де байланысып тұрғанымен түсіндіруге болады, екі абзацта да субъект біреу (Зылиха). Бұл тұста бізге көзге көлемі көрініп тұратын абзац көмекке келеді: біз екі абзацтағы айтылыстардың модальділігі әртүрлі екенін оңай байқаймыз: бірінші абзацтағы айтылыстар осы шақтағы құбылыстарды, екінші абзацтағы айтылыстар өткен шақтағы құбылыстарды баяндап тұр, сонымен қатар тақырыпшаның өзгергені де көрініп тұр: бірінші абзацта субъектінің сырт әрекеті, екінші абзацта ішкі көңіл-күйді баяндауға ауысады. Сондықтан екінші абзацтың бірінші сөйлемінен баскасы бөлек шумаққа біріктіріледі, ал бірінші сөйлемі екі шумақ арасындағы «өткел» қызметін атқарады, мұндай байланысты шумақ ішіндегі емес, шумақтар арасындағы байланысқа жатқызған жөн.

Біз қарастырған мысалдар абзац пен шумақтың арақатысындағы ерекшеліктерді түгендеп бере алмайды. Сондықтан абзац пен шумақтың сәйкес келмеуіне қатысты мүмкін болатын жайттарды сызба арқылы көрсетуге болады⁴:

- а) _____

- ә) _____

- б) _____

4 Ескерту. Сызбадағы шартты белгілер: үзіктері бар және жоқ тұтас сызық – абзац; үзікті сызық – басқа абзацтың сөйлемдерімен байланысып басқа шумаққа енетін бір я бірнеше сөйлем.

в)

6-сурет

Тағы бір мысал:

№ 17. Даланың көп жетіліп, айнала ұзатылатын қыздай жасанып тұр. Қараған, тобылғы тегіс бүрленген: бетеге мен қияқ тұсардан келіп, сәл жел тұрса шайы шымылдықтай сусыл қағады. Ауадан күн нұрына қаныққан көк шөптің иісі бұрқырайды. // Қанағат кеудесін көріктей керіп, терең тыныс тартты. Мана үй ішінде бір түрлі қапаланып, тұншыққандай болып еді, далаға шыққалы сарайы ашылып, бойы жеңілденіп қалды. Қолтығынан демеп жүрген інісі Нұрғазыдан әдейі шетке қағылып, өз бетімен таяққа сүйеніп ары-бері жүрді (Қ.Жұмаділов).

Бұл абзацтан екі шумақ бөліп шығаруға болады (шекарасы «//» белгісімен таңбаланған). Бұл бір абзацты екі шумаққа бөлуге мынадай негіз бар: егер бір абзацқа екі шумақ енгізілсе, нақты аумақтан (абзац көлемінен) такырыпшалардың бір емес екені байқалып тұрады. Мына мысалда бірінші шумақта табиғат суреті берілсе, екінші шумақта кейіпкердің нақты әрекеті баяндалып тұр. Такырыптың өзгеруі баяндау жосығының, сөйлемдер құрылымының өзгеруінен де байқалады: бірінші шумақта ауыспалы осы шақтағы, екінші шумақта жедел өткен шақта сипатталып тұр.

Сөйтіп, шумакты мәтіннен ажыратып бөлектеу үшін абзац пен шумакты теңестіре қарауға келмейді, алайда шумактың шекараларын металдаушының көз аясында нақты шекті көлем тұратындықтан, шумакты бөлектеп алуды жеңілдетеді. Екіншіден, шумакты шекаралар алдында абзацтың эмфазалық құрал ретінде қалай қолданылып тұрғанын (жана ойды белгілеу үшін бе әлде белгілі бір ақпарға айрықша назар аударту үшін бе) анықтау, осы абзац мәтіндегі бір шағын такырыпты тиянақтап тұрған-тұрмағанын анықтап алу қажет. Бұл үшін абзацтың бастапқы және соңғы сөйлемдерін олардың көршілес сөйлемдермен семантикалық және құрылымдық қатынастарын ескере отырып жоғарғы және төменгі абзацтарға ойша «жылжытып» көру керек. Егер бұл сөйлем я сөйлемдер ойша апарып қойылған абзацпен такырыптық, мағыналық-құрылымдық жағынан кірігіп тұратын болса, онда олар сол абзацқа қосылып бір шумак құрамына кіреді, керісінше болса, сол өзі тұрған абзацта қалып сонымен шумактас болады.

Осы бір нақты амал нысанды әрі қолайлы болып көрінеді. Сонда мәтін бойындағы құрылымдық және мағына-мазмұндық сипаттар ескеріледі. Әрі бұл амалда әмбебаптық сипат бар.

Абзац пен шумақты бір-бірінен ажырататын басты қағида сол, шумақ – объективті факторға, абзац субъективті факторға жатады.

4.2 Мәтін құрамындағы дербес сөйлемдердің синтаксистік байланысы

Андату. Шумақты құрайтын дербес сөйлемдердің байланысы туралы пікірлер тіл білімінде бір арнаға түсе қойған жоқ. Бірқатар тілтанушылар жеке пішімделген дербес сөйлемдердің байланысын сөйлем мүшелерінің байланысымен ұқсастырады [47, 10-29 бб.; 48, 3-8 бб.], келесі бір тобы құрмалас сөйлемнің сыңарларының байланысымен сәйкес деп санайды [17, 7-9-б., 237 б.; 19, 7 б.; 25, 5 б.], үшінші бірі жай я құрмалас сөйлемге тән байланыстарды шумақ компоненттеріне жуытпайды, дербес сөйлемдердің байланысуын жоғары деңгейдегі айрықша суперсинтаксистік байланыстарға жатқызады [34, 49-59 бб.].

Токтамды бір заңдылық бар, ол синтаксистік байланыстың салаластық (паратаксис) және сабақтастық (гипотаксис) деген екі типі болады. Бұл байланыстар жай сөйлем мен құрмалас шегінде әбден қалыптасты.

Шумақ құрамындағы дербес сөйлемдердің байланыстарын да осы екі типке телуге болады, тек бұларды сөйлемнен жоғары деңгейдегі салалас және сабақтас байланыстар деп қараған жөн. Сонда дербес сөйлемдердің тізбекті (ізбе-із) байланысын сабақтас типіне, параллель байланысын салалас типіне жатқызамыз.

Сонымен қатар шумақ құрамындағы дербес сөйлемдердің байланысындағы тағы бір ерекшелік – орындарына қарай іргелес тұрып та, алшақ тұрып та, бағыттарына қарай ілгерінді де, кейінді де болып байланыстындығы, ал жай және құрмалас сөйлемдердің сыңарлары іргелес тұрып байланысатыны белгілі. Мысал келтірейік:

№ 29. *Кабинет терезесінің кемерінде даусын қыраттап қарлығыаш сайрап отыр екен (1). Қағазға үңіліп қалған Рысқұлов әуелі байқаған жоқ (2). Тек қым-қуыт қызу істің арасында миының бір қатпарынан жарқ етіп әкең елес беріп қалғандай, әкесінің қатқылдау қоңыр үні естіліп қалғандай сезілген де, кенет селк етіп, терезе жаққа қараған (3). Қараса, сыртқа қарай ашылған форточкада қарлығыаш отыр екен (4) (Ш.Мұртазаев).*

Бұл шумақта 1-нші және 2-нші сөйлемдер іргелес тұрып қарлығыаш сөзінің екінші сөйлемде қарлығыашты тура толықтаушының жасырын қайталанып тұруы арқылы байланысып тұр. 4-сөйлемнің 1-сөйлеммен байланысы 4-сөйлемде 1-сөйлемнің «қарлығыаш отыр екен» деген бөлігі қайталануы арқылы алшақ түрде жүзеге асқан, ал бұл 4-сөйлем 3-сөйлеммен түйістегі қараған – қараса сөз пішіндерінің қайталануы арқылы іргелес тұрып байланысқан. 2-сөйлем мен 3-сөйлем іргелес

байланыста: 3-сөйлемдегі «*әкесінің*» деген сөз формасы 2-сөйлемдегі «*Рысқұлов*» бастауышына тиесілі, 3-сөйлемде «*Рысқұлов*» ілік септігінде жасырын тұр; 3-сөйлем 1-сөйлеммен алшак түрде «*терезе*» сөзінің қайталануы арқылы байланысып тұр. Бұл шумақтағы 2-сөйлемнің байланыс бағыты кейінді (Рысқұлов нені байқаған жоқ деген сұрауға жауапты 1-сөйлемнен табасыз), сол сияқты 3-нші, 4-нші сөйлемдердің мағынасының ашылуы алдыңғы 2-сөйлемге тәуелді. Ілгерінді байланысқа мына мысал көрсеткіш бола алады:

Бұл оқиға былай болған еді. Қай жақтан екенін кім білсін, қыс ортасы ауган соң, колхоз қоймасына шана-шана тұқымдық бидай келіп түсіріле бастады. /.../. Әкем екеуіміз бір қап алтын берсең де таптырмайтын бір пұт бидайды алып қуана-қуана үйге келдік (С.Шаймерденов).

Бұл мысалдардан шығар қорытынды сол, шумақ сыңарларының байланысы кешенді болып келеді: іргелес, алшак; ілгерінді, кейінді; бір ғана құралмен, бірнеше құралмен байланысады. Мәселен, осының алдында келтірген шумақтағы байланысу жолдарын былай сұлбалауға болады⁵:

1-ші («*қарлығыаш*») - 2-ші (көмескі түрдегі нысан «*қарлығыаш*») - 4-ші («*қарлығыаш*»).

2-ші (*Рысқұлов*) - 3-ші («*әкесінің*») - 3-ші (көмескі субъект «*Рысқұлов*») - 4-ші (көмескі субъект «*Рысқұлов*»).

1-ші («*терезесінің*») - 3-ші («*терезе жаққа*»).

1-ші («*терезесінің кемерінде*») - 4-ші («*форточкада*»).

Шумақ құрамындағы дербес сөйлемдердің байланысу түрлеріне көшейік.

Дербес сөйлемдердің тізбектеле байланысуы. Адам сөйлеуде қоғамдағы, табиғаттағы белгілі бір зат немесе құбылыс туралы әсерін, күрделі ойын жеткізу үшін сол затқа я құбылысқа сүйенеді. Сөйлеуде заттың я құбылыстың әртүрлі сипаттарын беру үшін, ойын жалғастыру үшін сол заттың я құбылыстың тілдік таңбасын тірек етеді, сол ұғымды сөйлеудің әр кезеңінде қайталап отыруға тура келеді. Міне, осылайша сөйлеудің, ойлаудың қозғалысы жүзеге асады.

Тіл білімінде сөйлеудің қозғалыс-барысы сөйлемді синтаксистік мүшелу емес, актуалды (коммуникативтік) мүшелу жолымен айқындалады. Оның үстіне, актуалды мүшелу сөйлемдердің байланысы, контекст арқылы ғана жүзеге асады.

Г.Я.Солганик дербес сөйлемдердің мәтіндегі синтаксистік байланысы олардың мүшелерінің «*бастауыш-толықтауыш*», «*бастауыш-бастауыш*», «*бастауыш-анықтауыш*», «*бастауыш-пысықтауыш*», «*анықтауыш-бастауыш*», «*анықтауыш-анықтауыш*», «*анықтауыш-толықтауыш*»,

⁵ Бұл жерде бір мезгілде байланысып тұрған сөйлемдердің реттік саны, ал жақшада байланыстырушы әр алуан құралдар көрсетілген.

«анықтауыш-пысықтауыш», «толықтауыш-бастауыш», «толықтауыш-анықтауыш», «толықтауыш-толықтауыш», «толықтауыш-пысықтауыш», «пысықтауыш-бастауыш», «пысықтауыш-анықтауыш», «пысықтауыш-толықтауыш», «пысықтауыш-пысықтауыш», «баяндауыш-бастауыш», «баяндауыш-анықтауыш», «баяндауыш-толықтауыш», «баяндауыш-пысықтауыш», «баяндауыш-баяндауыш» т.с.с. схемалық үлгілерде ұдайы арақатынаста болу арқылы жүзеге асатынын дұрыс көрсетеді [34, 92-93 бб.]. Сөйлеудегі бұл құбылыс мәтін құрамындағы немесе шумақ (абзац) құрамындағы дербес сөйлемдердің ішкі бір арақатынасы болатынын, Ахмет Байтұрсыновша айтсақ, «мағыналық іліктестік» болатынын көрсетеді. Бұл байланыстың контекст ықпалымен болатын тәсілдері бар. Ондай тәсілдерге мәтіндегі ой жалғастығын үзбей тұрған әр сөйлемдегі белгілі бір сөзді келесі бір сөйлемде сондай лексикалық тұлғада, мағынада қайталау не оны синонимдермен, есімдіктермен ауыстыру жатады.

Әдетте, бір сөзді қайталай беру сөйлеуді рабайсыздандырып жіберетіндей көрінеді. Ал ол қайталауда белгілі бір коммуникативтік мақсат болса, қажетті құбылыс болып табылады. Тілді орамды етеді. Мәтіндегі көршілес сөйлемдердің құрамындағы бір сөз формасының қайталануы сол тұста контекстік ая жасайды. Бұндайда қайталанған сөз сол бір тұлғада немесе грамматикалық өзгерістермен келуі мүмкін. Мысалдар келтірейік:

Қонақ үйде, дөңгелек үстел үстінде, қызғылт, күңгірт сәулесі бар тас шам жанып тұр. Оқтың-оқтың іргеден соққан жел лебімен әлсіз шам кейде ұйтқып, кейде шалқи түсіп, кейде дапылдап, жалтылдай жанады (М.Әуезов).

Бұл екі сөйлемді түйістіріп тұрған – «шам» сөзінің қайталануы. Егер бірінші сөйлемде бұл сөз болмаса ол сөйлем контекстік қызмет атқармас еді. Екі сөйлемді «бастауыш-бастауыш» арақатынастығы байланыстырып тұр.

Үлкендер қорыққан Есембай да, тіпті ұрылар да Абайға сондайлық жат, суық болып көріне алмады. Ұры десе, осы елдің өздеріндей қазақтары (М.Әуезов).

Бұл мысалдың алдыңғы мысалдан өзгешелігі қайталанып тұрған мүшелер бірдей қызмет атқарып тұрғанмен, морфологиялық тұрғыдан екі тұлға да – бірі жекеше тұлға, бірі көпше тұлғада тұр.

Контекстің бас жағындағы бір сөйлем ойды жалғастыру үшін және келесі сөйлемдегі орамдылық үшін өзіндегі бір сөз формасының келесі сөйлемде септік жалғауында болуын талап етеді. Мысалы:

Игіліктің түйе жүн шекпеніне оралған өлікті екі-үш жігіт көтеріп үйге қарай алып кетті. Өлік Игіліктің шекпенін жамылып, Игіліктің пәуескесінен түскені де үлкен аңыз зой (Ғ.Мүсірепов).

Бұл екі сөйлем «тура толықтауыш – меншікті анықтауыш» үлгісіндегі мағыналық қатынаста. Ой жалғастығы (контекст) осы арқылы қамтамасыз етіліп тұр.

Мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Алайда бір түйгеніміз сол, көршілес сөйлемдердің кез келген мүшесі бір-біріне сүйеніп қайталады да, осы арқылы контекстік ая пайда болады. Бұл аясыз, сөйлеу – мақсатына жете алмайды.

Дербес сөйлемдердің байланысы сөйлемнің дара мүшелері ғана емес, күрделі мүшелері, сөйлемде әртүрлі мүшелік қызмет атқарып тұрған сөз тіркестерінің қайталануы жолымен де жүзеге асады. Мысалы:

Ақмола уезінің барлық қазақ елін оңтүстікке және солтүстікке бөліп, екі жағынан екі санақ комиссиясы шықты. Оңтүстікке шыққан санақ комиссиясының бастығы Томск университетінің сол жылы ғана бітірген Асылбек Сейітұлы болды (С.Сейфуллин).

Көріп тұрғанымыздай, бұл екі сөйлемді байланыстырып, ойды қозғалысқа келтіріп тұрған жайт – «санақ комиссиясы» деген сөз тіркесінің қайталануы. Келесі мысал осы айтқандарымызды айқын дәлелдей түседі (контекстік байланысты орнатушы еркін сөз тіркестерінің асты сызылды).

Алматыдан саяхатқа шыққан пионерлер тобын Кенен аулына қарай шығарып салдым да, әлгі бір ойға оралдым. Ол – «Кенен, Мәтібұлақ» деген сөздер еді. Өйткені Кенен деген сөзді сонау бір кішкене күннен естіп өскен құлақ Мәтібұлақ деген сөзге де сондай үйреніп кеткен (С.Бакбергенов).

Сөз тіркестерінің қайталануы жолымен дербес сөйлемдердің байланысуы контекстік түйіннің үлкейіп, контекстік аяның кеңуін көрсетеді. Ал кейде алдыңғы бір сөйлемдегі контекстік ая тарылып, контекстік түйін жіңішкеру арқылы синтаксистік байланыс жасалады. Мысалы, келесі келтірілетін үзіндіде негізгі сөз «қалып қояды» да, көмекші сөз коммуникативтік қызметке кіріседі.

Болыстардың көбі соңғы сайлауларда іске ширақ, тіл білетіндеу жастардан сайланып еді.

Көбі жиырма бес, отыз бес арасындағы жас-сымақ адамдар болатын. Көбінің ел ортасында соншалық зор салмақ беделі, абырой-атақ, айдыны да жоқ. Үлкен істі елдің жасы үлкен қариясы, атақты, салмақты үлкендері, қарталы жуандары арқылы болмаса, өз беттерімен бұзып, жарып істеп кете алмайтын... Көбінің болыс болып, дәреже алуына да солар себеп болған (М.Әуезов).

Дербес сөйлемдердің байланысуында контекстік ая жасайтын, контекстік түйін түзін түзетін бір тарам – синонимдер мен есімдіктер. Есімдіктер сөйлемнің контекске тәуелділігін көрсететін өнімді құрал болғандықтан, айрықша тоқталуға тура келеді.

Есімдік – морфология саласында ғана оқытылып, зерттеліп жүрген сөз табы. Оның синтаксистік қызметі жайында қалыптасқан тоқтам мынадай: «Синтаксистік жағынан есімдіктер, әр түрінің ерекшеліктеріне қарай, демек, қай сөз табының орнына жүретініне қарай бастауыш та, толықтауыш та, анықтауыш та, баяндауыш та болып қызмет атқара береді. Дегенмен, мағыналық ерекшеліктеріне қарай, әрбір есімдік белгілі бір синтаксистік қызметтерге бейім болып отырады. Мысалы, субстантивтік есімдіктер, негізінде, анықтауыш болып қызмет атқаруға бейім тұрады да сөйлемнің өзге мүшелерінің қызметін тек субстантивтенген жағдайда ғана атқара алады» [49, 210 б.]. Байқап отырғанымыздай, есімдіктің синтаксистік қызметін оның сөйлемнің қандай мүшесінің қызметін атқаратынын анықтаумен ғана шектеледі екенбіз. Бұл – жаңалық емес, өйткені есімдіктер есімдердің орнына жүретін сөздер болғандықтан, сөйлемнің қандай да болмасын мүшесі бола береді.

Құрмалас сөйлемді зерттеушілер сөйлемдердің құрмаласуындағы есімдіктердің қызметіне айрықша мән бере қоймайды. Бірақ тиісті есімдіктердің құрмалас сөйлемдегі қызметін жол-жөнекей көрсетіп кетуге мәжбүр болады. Есімдіктердің сөйлемдерді құрмаластырудағы қызметі мол. Солардың кейбіріне тоқталып кетейік. Ең алдымен айтарымыз – есімдіктер салалас құрмалас сөйлем сыңарларын байланыстырады. Ал татар синтаксисшісі М.З.Закиев пен қазақ синтаксисшісі Н.Х.Демесінованың түркі тілдерінде жалғаулықты сабақтас құрмалас сөйлем болғандығы, сабақтастырушы есімдік болатындығы туралы дәлелдері [50, 23-31-бб., 23-31 бб.; 51, 160-168 бб.] орыс тілін зерттеушілердің әсері деп санаймыз. Өйткені түркі тілдерінде құрмаластың салалас не сабақтас болуы сыңарлардың баяндауыштарының пішініне байланысты екені әлдеқашан даусыз дәлелденген.

Жай сөйлемдерді құрмаластыруда сілтеу есімдіктерінің қызметі айрықша. Бұл есімдіктер жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыра отырып, сол сөйлемдердің, яғни, құрмалас сөйлем сыңарларының арасында түсіндірмелі мағыналық қатынас жасайды. Басқаша айтқанда, сол, сонша, соншалық, сондай, соншама, осы т.с.с. сөздер келесі сыңардағы айтылатын құбылысқа, ойға сілтейді де, осы сөздердің мән-мазмұны сол келесі сөйлемде анықталады. Мысалы: *Менің сендерге берген парам сол: дәл сол Құнанбай баласы да өзіміздей адам баласы екенін таныттым* (М.Әуезов). Бұл сөйлемдегі 2-сыңар 1-сыңардың сол баяндауышының мәнін қамтып тұр.

Есімдік құрмаластың екінші не одан кейінгі сөйлемдерінде алдыңғы сөйлемдердегі бір сөздің орнына жүріп сол сөйлемдерді құрмаластырады. Мысалы: *Құлбай үйінде жаңадан мектеп ашылатын болыпты және оған жаңадан мұғалім келіпті* (З.Ақышев).

Сабактас құрмалас сөйлемді құрастырушы сыңарлардың арасындағы мағыналық байланысты (құрылымдық байланысты емес) есімдіктер жүзеге асырып тұратын жайттар көп кездеседі, мұндай жағдайда басыңқы сөйлемнің құрамындағы есімдік бағыныңқы сөйлемде айтылған ойды сол өзі тұрған сөйлемге апарып енгізеді. Мысалы: *Мен өз өмірімнің қабырға кіргенше ұмытылмас шағын айтсам, ол – сүюден кешкен зарым еді. Майбасар сәлемі бір келсе, соған ілесе Жігітектің бұл жауабы және келді* (М.Әуезов).

Сабактас құрмалас сөйлем сыңарларының бір-бірімен салыстырмалық қатынаста келіп байланысуы есімдіктерге қатысты. Мұндайда байланыстырушы есімдіктер жұптасып отырады, ондай жұптардың қатарына мыналарды жатқызуға болады: *қандай - сондай; қалай - солай; қанша - сонша; нені – соны* т.с.с. Мысалдар:

Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілесің (мақал);

Ажары қандай болса, ақылы да сондай (Б.Майлин);

Күнтудың болыс болып шығуы Құнанбай балаларына қаншалық ойда жоқ сұмдық болса, ояздың өзіне де соншалық жат көрінген (М.Әуезов).

Есімдіктерді тіл жүйесіндегі алатын орны – орынбасарлық қызмет. Есімдіктердің синтаксистік құрылыстан алатын орнын да оның осы қызметінен іздеген жөн. Енді осы қызметін контекст ықпалында карап көрейік.

Адам өз ойын әрқашан бір сөйлеммен ғана жеткізе алмайды. Сондықтан мәтін кеңшілігін пайдаланады, ал мәтін, негізінен, бірнеше айтылыс-сөйлемдерден тұрады, ол сөйлемдер бір-бірімен құрылымдық-мағыналық іліктестікте болмаса, тілдесім әрекеті мақсатына жете алмайды. Осы тұста сөйлемді дәстүрлі синтаксистік мүшелену емес, коммуникативтік (актуалды) мүшелену көмекке келеді.

Сөйлемнің коммуникативтік мүшеленуі құрылымның нақты қарым-қатынасқа қызмет етуін көрсетеді, сондықтан да сөйлемді контекстен, мәтіннен бөлек алып қарау әрқашан тиімді бола бермейді. Өйткені кез келген сөйлем мәтіннің құрамдас бөлігі болады да, сол сөйлемдер тұтас мәтінді құрау үшін бір-бірімен байланысты болып тұрады. Міне, осындай бір байланыстың белсенді құралы есімдік болады.

Бір маңызды айғақ – сөйлем арқылы айтылатын ойдың тиянақтылық дәрежесінің контекске тәуелділігі. Осы тұрғыдан келгенде, құрамында есімдігі бар сөйлем мағына-мазмұн жағынан қаншалықты тиянақты екенін көрсету – міндет. Мәселен, «*Оның пайымдауынша, радио дегенің – алыстан әуе арқылы жететін сөз, үн.*» деген сөйлемді алсақ, тиянақсыздықты бірден байқауға болады. Өйткені «пайымдап отырған» кім екенін біле алмаймыз. Демек, контекске жүгінеміз де, мәтіндегі осы сөйлеммен байланысып тұрған сөйлемді бірге оқу арқылы ойды тиянақтаймыз: «*Бо-*

рандының Едігесі радио арқылы басқару дегенді түсіне алмайды. Оның пайымдауынша, радио дегенің – алыстан әуе арқылы жететін сөз, үн.». Ал бұл екі сөйлемдегі ой жалғастығы бірінші сөйлемдегі «Борандының Едігесі» деген сөзді екінші сөйлемде ілік септігінде «ол» есімдігі ауыстыруы арқылы жүзеге асып тұр.

Есімдіктердің мағыналық түрлерінің сөйлемге қатысуы арқылы сол сөйлемді тиянақсыз етіп, басқа сөйлемдермен байланыстыратынын дәлелдейік.

Сілтеу есімдіктерінің сөйлемдегі ойды тиянақсыз, контекске тәуелді етуінің және аяқталған сөйлемдерді байланыстыруының өзіндік ерекшелігі бар. Бұлар анафоралық та (өзінің алдындағы), эпифоралық та (өзінен кейінгі) бағытты нұсқай алады. Анафоралық бағытқа мысал:

Труба түбіндегі жапырық тас үй – мехцех. Бұл – әншейін келешегіне қарай қойылған ат, әйтпесе нобайы түзу бір механизм жоқ. Темір дөңгелектер, шестерняның сынығы, тот жеген кішкентай вагонеткалар, винттер, бірен-саран локомобильдер тағы осылар сияқты ескі-құсқылардан өзге іліп алар ештеңе табылмайды. Ағылшын заманынан қалған мұралардың сиқы осы (Ғ.Мұстафин).

Бұл шумақтың 1-сөйлемі мен 2-сөйлемін байланыстырып тұрған 1-сөйлемдегі *мехцех* сөзінің 2-сөйлемде *бұл* есімдігімен қайталануы. Ал соңғы сөйлемдегі *осы* есімдігі алдыңғы сөйлемдердегі бейнеленген көріністің орын басары болып тұр.

«*Мынау, мынадай, былай*» сияқты есімдіктер өздерінен кейінгі мазмұнға, құбылысқа сілтейді, бұл сөйлем кейінгі сөйлемдерсіз/сөйлемсіз тиянақтала алмайды. Мысалы:

Бұл оқиға былай болған еді. Қай жақтан екенін кім білсін, қыс ортасы ауган соң, колхоз қоймасына бидай келіп түсіріле бастады. (Бірнеше сөйлем алынып тасталды. – Ж.А.) *Әкем екеуміз бір қап алтын берсең де, таптырмайтын бір пұт бидайды алып қуана-қуана үйге келдік* (С.Шаймерденов).

Сілтеу есімдіктерінің аяқталған сөйлемдерді мазмұны жағынан байланыстырудағы тағы бір өзгешелігі бір сөзге де, бірнеше сөйлем арқылы берілетін тұтас бір оқиғаға да қатысты бола алатындығында. Мәселен, Ғ.Мұстафин шығармасынан келтірген үзіндідегі *бұл* есімдігі бір ғана зат атауын ауыстырып тұрса, *осы* есімдігі бірліктегі тұтас көріністі қорытып тұр; ал С.Шаймерденов шығармасының үзіндісіндегі *былай* эпифоралық есімдігі соңынан болатынын оқиғаға түгелдей сілтеп тұр.

Жалпылауыш есімдіктің синтаксистік байланыстағы қызметін сөйлемнің бірыңғай мүшелерін жинақтап тұруымен ғана шектеп жүрміз. Орамды сөйлеуді бақыласақ, олардың тұтас коммуникативтік бірліктерді де байланыстыратынын көреміз. Мысалы:

Мен оң қапталда тұрғанмын, қолымды бесатарыма салам дегенше есім ауып құлап бара жатқанымды білем...

Бір уақытта көзімді ашсам, басым жарылса керек, бетіме, мойныма қан құйылыпты. Әйтеуір, тілеуің бергір біреу басымның жарылған жерін қол орамалмен таңып кетіпті. Денем зіл қара тас, көтертпейді. Қолымды қозғайын десем, артыма қайыра байланған. Бойымдағы қару-жарақтың ешқайсысы жоқ, сыпырып алса керек. Жатқан жерім сыз емес, көк шалғынның іші екен, соған шүкір дедім.

Аздап есім жинала бастады. Әуелі атымды іздедім. Жануар жиырма қадамдай жерде ертоқымымен жайылып жүр... Кенет құлағым зарлы үн келді. Сонда ғана етектегі ауылға қарадым. Бағанағы Шалабай айтқан сөздер есіме түсті. Бәрі соның бұйрығымен орындалса керек (Б.Тоғысбаев).

Бұл үзіндіде кейіпкердің өзі баяндап отырған жайттар соңғы сөйлемде бәрі есімдігімен жинақталып тұр. Соңғы сөйлем мазмұны алдындағы сөйлемсіз тиянақталмас еді.

Өздік есімдігі тәуелдік тұлғада қолданылатынынан болар, алдыңғы контекстегі сөйлем құрамындағы зат я құбылыс атауын өзіне «тартып» тұрады. Мысалы:

Қырын қарап отырған әкесінің үлкен кесек пішіні Абайға жартылай ғана көрінеді. Түсі суық. Жалғыз өзі ұзақ сөйлеп отыр (М.Әуезов).

Сұраулық есімдік қатысқан сөйлем мағыналық жағынан тиянақсыз болады, себебі сұраудан адам ойы міндетті түрде жауап іздейді. Сондықтан мұндай сөйлем сұраудың жауабы табылатын я табылмайтын сөйлеммен тікелей қатысты болады. Бұл диалогта көп кездеседі, монологтік баяндауда да болады. Мысалы:

Жуан кім, көп кім, бақ масы есер кім? Ешбірін де ол білмейтін (М.Әуезов).

Адам ойы белгісіздіктен белгіліге ұмтылатыны – даусыз құбылыс. Бұл құбылыс тілдік қарым-қатынас үстінде де бой көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, белгісіздік есімдіктер қатысқан сөйлем де тиянақсыз болып келеді. Мәселен, «Омардың есіне бірдеңе түсіп кетті» десек, Омардың есіне нақты не түскенін білу керек болады, оны контекстен іздейміз, табамыз, онсыз коммуникативтік мақсатқа жетпейміз. Оның үстіне, кейбір белгісіздік есімдіктері тәуелдік формада жұмсалып, алдыңғы я кейінгі сөйлемдегі бір ұғымдармен байланыста болады да, сол сөйлемсіз бұл сөйлем тиянақталмайды. Мысалы:

Қартқожаның ойына әлденелер келді. Қазақтың қан жылап жатқаны мынау. Құзғындардың, «жақсылардың», «адамдардың» түрі анау. Мыңдаған, миллиондаған азамат ажалға кетіп бара жатады. Жүздеген жсауыздар масайрап тамақтан басқа қамы жоқ, елді еміп жатады. Олардың жсауыз баласы үшін біз жанымызды құрбан қыламыз. Не

өтесісі, не жақсылығы үшін? Әділет, теңдік, адамшылық қайда? Олар бос сөз бе? Оларды кім шығарды? Осының бәрін істеп отырған адам ба? Құдай ма? Егер құдай болса... деген ойға тіреледі де, Қартқожа күтір болдым ба деп тәубе келтіреді (Ж.Аймауытов).

Бұл үзіндінің І-сөйлеміндегі «әлденелерді» білу үшін соңғы сөйлемдерді оқу керек болады, демек бұл сөйлемдер өзара байланысты болып тұр.

Сонымен, талдаулар көрсеткендей, есімдіктердің синтаксистік қызметі сөйлем (жай және құрмалас) шеңберімен шектелмейді екен, оның синтаксистік әрекеті шумақ, тіпті, мәтін көлемін қамтиды екен. Олардың мұндай әрекетіне орынбасарлық қызметі тірек болады.

Синонимдерді тіл білімінде, әдетте, лексикология саласында қарастырады да, оның контекстегі қызметіне назар аударыла қоймайды. Сондықтан синонимдердің аяқталған дербес сөйлемдерді байланыстырудағы, синтаксистік бірліктердің коммуникативтік-функционалдық қызметіндегі алатын орнын көрсетіп беру – синтаксисті зерттеушінің бір міндеті.

Қазақ тіл білімінде синонимдік құбылыстарға қатысты екі монографиялық еңбек белгілі. Бірі – Ә.Болғанбаевтікі, екіншісі – М.Серғалиевтікі. Ә.Болғанбаевтың еңбегі лексикалық синонимдерге арналса, М.Серғалиевтің еңбегінде синтаксистік синонимдер қарастырылады. Бұл ғалымдар синонимдердің синтаксистік қызметін талдауды арнайы мақсат етпесе де, олардың еңбектерінде орамды тілдің синтаксистік компоненттері арасындағы байланыстарды зерттеуде ескеретін жайттар бар.

Мәселен, Ә.Болғанбаевтың синонимдер алдыңғы сөйлемдегі бір сөзді келесі бір сөйлемде басы артық қайталамау үшін қолданылатыны туралы, синонимдік құбылыстардағы парафраза мен эвфемизмдердің орны туралы пікірлеріне жан бітіруге болады [52, 72-76 бб.; 88-89 бб.; 228 б.].

М.Серғалиев монографиясының «Синтаксистік синонимдердің оларға ұқсас тілдік құбылыстармен арақатынасына» арналған тарауында синонимдерді жүйелі және контекстік деп екіге бөледі. Автордың пікірінше, «жүйелік синонимдер де, контекстік синонимдер де – синтаксистік синонимдердің түрлері. Айырмашылығы бірінің белгілі бір сөйлемнің құрамынан тыс алып қарағанда, біршама синонимдік қасиетін сақтай алатындығында да, екіншісінің, оған керісінше, белгілі бір сөйлем ыңғайынан тыс жерде синоним бола алмайтындығында» [53, 34 б.]. М.С.Серғалиевтің мына бір жазғанына синонимдердің синтаксистік байланысқа, яғни коммуникативтік қызметке кіретіндігінің нышанын байқауға болады. (Дәйектеменің автордың келтірген мысалымен бірге келтіруге тура келеді):

«... Өнім тағдыры көп ретте сушыға байланысты. Сондықтан да сушылыққа тәжірибесі мол, өз ісін ұқыпты атқаратын адамдар қойылуға тиіс. Олар агрономиядан да, техникадан да мол хабарлары болуы керек. Бұларды білмейінше, жаңбырлатқыш агрегаттар мен басқа да құралдарды тиімді пайдаланып, суару ісін агротехникалық талапқа сай жүргізе алмайды» (Социалистік Қазақстан, 1997, 20 мамыр).

Осындағы ой бір сөйлемнен екінші сөйлемге, екіншіден үшіншіге көшіп, жалғасып жатқанда, қай сөздердің бірінің орынна бірі жұмсалып тұрғаны айқын аңғарылады: сушыға байланысты болғандықтан – сондықтан; адамдар – олар; агрономиядан, техникадан – бұларды.

Контекстен тыс алып қарасаңыз, бұл сөздердің өзара орын алмастыратын реті жоқ сияқты көрінеді, мағыналары мүлдем басқа-басқа. Солай болса да контекстегі ойдың сабақтасуы оларды осылайша бірінің орнына екіншісінің жүруіне «мәжбүр» етіп тұр [53, 29-30 бб.].

Автордың «контекстегі ойдың сабақталуы» дегенінен біз сол ойды білдіретін сөйлемдердің сабақталуын, демек, синтаксистік байланыстың бір көрінісін көреміз. Соған тоқталайық.

Мәтін лингвистикасында мәтінді құрастырушы сыңар болып саналатын грамматикалық жағынан аяқталған сөйлемдердің байланысының жоғарыда аты аталған Г.Я.Солганик ұсынған екі түрін, тізбекті және жарыспалы байланыстарды, орынды деп тауып жүр [34]. Бұлардың синонимнің синтаксистік қызметіне тікелей қатыстысы – тізбекті (сабақты) байланыс.

Лексикалық қайталау, есімдікпен қайталау, синониммен қайталау арқылы дербес сөйлемдердің байланысында синтаксистік мән бірдей болады, айырмасы – стильдік-мағыналық жағында. Лексикалық қайталау, негізінен ғылыми, ресми, ауызекі сөйлеу стильдерінде жиі қолданылса, есімдікті қайталау қай стильге болсын бейтарап, синонимдік қайталау, негізінен, публицистикалық стиль мен көркем әдебиет стиліне тән.

Дербес сөйлемдердің контекстік байланысу құралы ретінде жүйелі синонимдер де, контекстік синонимдер де жұмсала береді. Мысалдар:

1) Көріс күннің кешіне Қазақ Ордасының басты елшілері патша дастарханынан дәм татты. Қонақасы Ас Сарайда берілген еді. Мол тағам, көңілді отырыс үстінде бөтен әңгіме болған жоқ (М.Мағауин).

2) Жиналысты Щербаков Жұманияға аштырды. Бұндай үлкен жиынның алдына шыққаны осы еді Мейрамның (Ғ.Мұстафин).

3) Ауылға жақындап, енді бір үйге түсе берейін дегенде, бір келіншек үйден шыға беріп аттың шылбырын ұстаған бойы әнді шырқай жөнелді. Әлгі әйел бетті де, тілді де адам екен (С.Бакбергенов).

4) Ол «Күн екіншіні» қайта-қайта оқып, әрбір сөйлемін аударып әлдебір нәрсеге дайындалып жатты. Бірнеше күн өткеннен кейін өзінің

учаскесіндегі комсомолдарын жинап алып романды көпшілік түрде оқи бастады (С.Ерубаев).

5) Ли́за келді. Академик құшақтап қызын сүйді (С.Ерубаев).

Келтірілген мысалдарға ортақ нәрсе – фразеаралық байланыстың синонимдік қайталау тәсілінің қолданылуы, яғни алдыңғы сөйлемдердегі белгілі бір сөз келесі бір сөйлемдерде лексикалық жүйелі синонимдермен: дәм – қонақасы – тағам (1-мысал); жиналыс – жиын (2-мысал); келіншек – әйел (3-мысал) немесе контекстік синонимдермен: «Күн екінші» - роман (4-мысал); Ли́за – қызы (5-мысал) алмастырылады. Осындай контекстік ықпалдың арқасында сөйлемдер арасындағы ой сабақтасып, жүйелі болып тұрады.

Синтаксистік күрделі бірлікті құрастырушы дербес сөйлемдер бір-бірімен фразеологиялық, сондай-ақ лексико-фразеологиялық синонимдер арқылы да байланысады. Мысалы:

1) Кейде ұғымсыз сөзден іші тысып, әкесінің пішін тұлғасына қарап қадалып қалады.

Тегінде, ертекіі, өлеңші не болса әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күннен бергі әдеті еді (М.Әуезов).

Бұл үзіндідегі «қадалып қарау» және «тесіле қарау» синонимдес тұрақты тіркестері екі сөйлемнің байланысын қамтамасыз ете отырып, сөйлеудегі ойдың бір сарындылығынан, орынсыз қайталануынан «құтқарады».

Көркем мәтіндерде образды бейнелеу, кейіпкердің мінез сипатын аша түсу мақсатымен метонимия, синекдохалар қолданылатыны белгілі. Бұлар бір-бірімен байланысты сөйлемдер арасында контекстік синоним қызметін атқарады, бұндай қолданыста стильдік мақсат болады. Мысалы:

Болыстар көптің қабағын сезген сайын өз-өзінен бұққандай, қысылғандай еді. Ақжелке алдындағы төменшіктеген жалтақ көз тағы да бөрік астынан ұрланып, маңайынан бір шығыс іздегендей сүзіліп, қозғалақтап отыр еді (М.Әуезов).

Бұл мысалда екі сөйлемдегі ойды жалғастырып тұрған бірінші сөйлемдегі «болыстар» мен оның екінші сөйлемдегі контекстік синонимі «жалтақ көз». «Жалтақ көз» тіркесі алдыңғы сөйлемдегі «болыстар» сөзімен метонимиялық мағыналық қатынаста.

Дербес сөйлемдердің тізбекті түрде байланысуындағы бір жол – парафразалау. Басқаша айтқанда, алдыңғы сөйлемдердегі бір ұғым келесі сөйлемде суреттеліп, бейнеленіп, сипатталып қайталанылады да, ой жалғастығын қамтамасыз етеді. Мысалы:

1) Ұзақ қайғыны өмірінің мәңгілік шер-күйі қылып сақтап Қарагөз әлі күнге келеді...

Бүгінгі көшті бастан келе жатқан қаралы сұлудың жайы осы (М.Әуезов).

2) Мейрам келгелі көбінесе завод өмірін зерттеумен, танысумен болса, кейінгі жұмада қызу жиын, қауырт жұмыстарға араласты. Поселкелік совет, комсомол, профсоюз ұйымдарын құру, толып жатқан журналалыстар өткізу, пікір талқыларына түсу шын өмірге жаңа араласқан жастың тойпаңын жазып, бірсыпыра ашып тастады (Ғ.Мұстафин).

3) Бір күні үйінің қасына тағы бір көк сақалы бар Можан жетіп келді. Баяғыда асықты бірге ойнап, молданың алдын бір көрген қалқан құлақ сығырық неменің қай келгенін терген жататын еді, қол қусырып қонақ етті (Ә.Кекілбаев).

4) Елден аттанып бара жатқан Ақанды түнделетіп жеткен Тас-танның көзі шалып қалып, соңына түскен. Құлагер болмағанда кім екенін бай аңдап қалатын еді. Бір абыройы жүйрік аттың арқасында жігіт құтылып кетті (С.Жүнісов).

Бұл бірліктерде дербес сөйлемдердің құрылымдық байланысы «бастауыш – меншіктік анықтауыш» (1-мысалда «Қарагөз – қаралы сұлудың», 2-мысалда «Мейрам - өмірге жаңа араласқан жастың», 3-мысалда «Можан – қалқан құлақ сығыр неменің»), «бастауыш – пысықтауыш» (4-мысалда «Құлагер – жүйрік аттың арқасында») түрлеріндегі синтаксистік, контекстік арақатыстық арқылы жүзеге асып, әр сөйлемде берілген ой бір-бірімен жалғасып тұр.

Еркін тіркестердің жүйелі синоним болып келуінің дербес сөйлемдерді байланыстыруы да аз кездеспейді. Бұндайда құрылымдық арақатынастық күрделене түседі, яғни сабақталған сөйлемдердің бір ғана мүшесі емес, бір мезгілде ең кемі екі мүшесі қатысып тұрады. Мысалдар:

– Арада екі жыл өткеннен кейін, қозы бағып жүрген тоғыз жасар Рахметті Долбы бай өлгенше сабады. Ашуға шыдай алмай жас бала түнде үйден шығып, далаға қаңғырып кеткен (С.Ерубәев).

– Ұзақ Ақбейіттегі жиыннан қайтып Таңбалы тастағы өз аулына таман келгенде, маңындағы көпшілік жан-жаққа, ауыл-ауылына бытырап тарап кетіп, қасында селдір ғана топ қалып еді. Осы аз кісінің ішінде өзінің бірге туған ағасы Тұнғатар қажы келе жатқан (М.Әуезов).

Бұл мысалдардағы асты сызылған сөз тіркестері синонимдік қатынастарын белгілі бір дәрежеде контекстен тыс тұрып та сақтай алатындықтарын байқауға болады. Салыстырыңыз: тоғыз жасар Рахмет – жас бала; селдір ғана топ – аз кісі.

Қорыта келгенде, тілдік фактілерді талдау дербес сөйлемдердің байланысына қатысты мынадай ойларға әкеледі:

1) аяқталған дербес сөйлемдердің тізбекті синонимдік байланысы өзінің синтаксистік мәні жағынан лексикалық және есімдікті кайталауға ұқсас, басқаша айтқанда, тізбекті синонимдік байланыс жағдайында да

аталмыш қайталау жағдайларымен құрылымдық арақатынастық үлгісі бірдей болып келеді;

2) дербес сөйлемдер лексикалық, лексико-фразеологиялық синонимдер көмегімен де, еркін тіркестер синонимдігі көмегімен де жалғаса алады;

- дербес сөйлемдердің тізбекті синонимді байланысының ерекшелігі сонда, бұл жағдайда синтаксистік-мағыналық байланыс құралының қызметін аткарып қана қоймайды, сонымен бірге ойды байыта, көркемдей бейнелеп жалғастырушы стильдік мақсатта да қолданылады.

Ықшамдау құбылысының дербес сөйлемдерді тізбекті түрде байланыстыруы. Шумақ құрамындағы дербес сөйлемдердің байланысының екі түрлі көрінісі болады: көрінеу (эксплицитті) және көмес (имплицитті) байланыстар. Осының алдында көрінеу байланыстар сипатталды. Ал көмес байланыстардың құралдары сөйлем құрамында көрінбейді, бірақ контекстен белгілі болып тұрады.

Орамды сөйлеуде адам сөзге тар орын, ойға кең орын беруге талпынады. Осы мақсатпен ықшамдау тәсілі (эллипсис) қолданылады. Түсіп қалған бастауыш, мәселен, баяндауыштың пішінінің ықпалымен табылады. Сондай-ақ түсіп қалған мүшені тәуелдік жалғау көмегімен айқындалады. Бұндай пішіндер синсемантика көрсеткіштері болып та саналады.

Қазақ тілінің орамды мәтінінде алдыңғы бір сөйлемдерде заттың я әрекеттің «иесі» беріліп, соңғы бір сөйлемдерде зат пен әрекеттің өзі ғана айтылатын шумақтар жиі кездеседі. Мұндайда әлгі зат пен әрекеттің атауы тәуелді пішінде тұрады. Мысалы:

№ 59. Ұры десе, осы елдің өздеріндегі қазақтары. Көп болса, киімдері, ер-тұрманы ғана жаман; қолдарында сойылдары ғана бар. Ондай ұрылар жайында Абайдың естіген әңгімелері соншалық көп. Кейде, тіпті, сарытоқтым ұры болған - ел ішіндегі үлкендердің өз аузынан естіген әңгімелері де ұмытылмайтын. Қайта, бір кездесіп, дәл жауға шапқан пішіндерін көрсем деген, іште жүрген ынтықтығы да болатын (Әуезов).

Бұл шумақтың кейінгі сөйлемдеріндегі «*киімдері*»; «*ер-тұрманы*», «*қолдарында сойылдары*» бірінші сөйлемдегі «*ұры*» сөзіне тиесілі. Ал соңғы сөйлеміндегі «*ынтықтығы*» үшінші сөйлемдегі «*Абай*» сөзіне тәуелді. Міне, осындай жолмен бұл сөйлемдер бір-бірімен байланысып тұр.

Сөз ықшамдылығы үшін қазақ тілінде жинақтау сан есімі қолданылады. Шумақтағы дербес сөйлемдерді байланыстырғанда бұл сан есім кейінгі бір сөйлемде тұрады да, жинақталып саналатын зат я құбылыстар бұл сөйлемге қатыспай алдыңғы сөйлемде я сөйлемдерде орналасады. Мысалы:

№ 60. *Күн төмен түскенде болыс пен тілмаш келді. Екеуі де ат соғып, күнге күйіңкіреп келген екен. Аттарынан түсіп, үйдің жанында тысқа шығып тұрған бізбен амандасты (С.Сейфуллин).*

Бұл мысалда «болыс» пен «тілмаш» сөздері келесі сөйлемде «екеуі» сын есімімен ауыстырылып тұр, екі сөйлем арасындағы құрылымдық арақатыс: «бастауыш – бастауыш».

Осының алдында көрсетілген өздік және жалпылауыш есімдіктердің шумақтағы қызметі де осыған ұқсас.

Қазақ тілінде дербес сөйлемдері бір ғана субъектіге катысты шумақтар жиі қолданылады:

Омбының учительская семинариясын бітіріп, 1916 жылы май айында Ақмола уезіне келдім. Күзге қарсы Ақмола уезінде Нұра өзенінің бойындағы Бұғылы елінде жаңа ашылмақ ауылдық школға бала оқытуға тағайындалдым. Оқу басталуына екі-үш айдай бос уақыт болған соң, сол жылы жалпы Россияда болған ауыл шаруашылығының санақ қызметіне кірдім (С.Сейфуллин).

Мына шумақтың ерекшелігі ортақ субъектінің үшінші жақпен берілуінде:

Есіктен ұзын бойлы, арықтау, көзілдірікті адам енді. Щербаковпен қол ұстасып, Мейрамға басын иді. Содан кейін оң жақтағы столға барып, алдына бір папкені жайды да, көп цифрға қадала отырды (Ғ.Мұстафин).

Дербес сөйлемдер арасындағы байланыстың құралы ашық қатыспаса да, ой жалғастығы үзілмеуі – қазақ орамды мәтініндегі ықшамдаудың өнімді тәсілінің бірі. Мұндайда ықшамдалған құрал контекстен сезіледі. Байланыстың бұл тәсілінде де сөйлемаралық құрылымдық қатыстылық көрінеу тізбекті байланыстағыдай болады. Төменде келтірілген мысалда толықтауыш «түсіп қалған», актуалды мүшелеу заңдылығы бойынша бұл бірінші сөйлемдегі «Мейрам» сөзінің қайталамасы болуға тиіс:

№ 63. *Мейрам атына мінді...*

Жүгіртіп биік белге шыға келгенде, бұзылған бекеттің дәл үстінен шықты. Ойда отырған көп ауыл бұрынғысында да көбейіп көрінді (Ғ.Мұстафин).

Қазақ шумағында мұндайда тура толықтауыштың көместенуі жиі кездеседі. Көмес тура толықтауыш іргелес те, алшақ та тұрған сөйлемдерді байланыстыра алады. Мысалы:

№ 65. *Сатып Нәсіп үйінің соғым соятын семсер пышағын қонышына тығып ала келген екен. Төсектен тұра сап қайрақ сұрап алып, жалақтама қайрады. (Д.Әбілев).*

Мұнда 2-сөйлемде «пышақты» деген тура толықтауыш көмес катысып тұр.

Мына мысалдың ерекшелігі тура толықтауыш байланыстырып тұрған сөйлемдер алшақ орналасқан:

№ 66. *Күн ұзын жсел қаққан қонақтар, мал союға көнбесе де, сусындап шығуға қарсы болмады.*

Қоңыр үйге келіп ат басын тіреді. Мейрамның нағашы апасы Шекер шығып қарсы алды (Ғ.Мұстафин).

Демек, сөйлемді мәтінде толымсыз етіп қолдануда ықшамдаумен қоса дербес сөйлемдерді байланыстыру максаты да болады екен.

Дербес сөйлемдердің жарыса байланысуы. Параллелизм сөйлеуде үш деңгейде көрінеді: бірі сөйлем шегінде (бірыңғай мүшелердің байланысы, салалас құрмаластың құрамындағы сөйлемдер арасында); бірі шумақ шегінде, бірі мәтіннің үлкен бөліктерінің (тарау, бөлім, үзінді, абзацтардың) арасында. Бұл жерде сөз дербес сөйлемдердің арасындағы теңдес, жарыспалы байланыс турасында. Сондықтан орыс тіл білімінде параллель байланыс деп жүрген ұғымды қазақша шартты түрде болсын жарыспалы байланыс деген жөн. Бұл – салалас байланыстың шумақ деңгейіндегі көрінісі.

Салалас жарыспалылыққа түзілген шумақта соңғы сөйлемдер құрылымы жағынан алдыңғы сөйлемдерге ыңғайланып, бірдейленіп тұрады. Бұлайша байланысқан дербес сөйлемдердің арасында салғастырмалық, салыстырмалық, карама-қарсылық, санамалаулық, ыңғайластық, мезгілдестік сияқты қатынастар орнайды.

Тек қана жарыспалылыққа құрылған шумақтар қазақ тілінде сирек кездеседі. Шумақ сөйлемдері көбінесе әрі тізбектеле, әрі қатарласа байланысып тұрады, яғни, шумақ байланыстың салалас та, сабақтас та түрлері араласып өріледі. Шумақ құрамында іргелес тұрған сөйлемдер де, алшақ тұрған сөйлемдер де жарыса байланыса береді. Мысалдар талдайық:

1 *Болыстардың көбі соңғы кездегі сайлауларда іске ширақ, тіл білетіндеу жастардан сайланып еді.*

Көбі жиырма бес, отыз бес арасындағы жассымақ адамдар болатын. Көбінің ел ортасында соншалық зор салмақ беделі абырой-атақ, айдыны да жоқ. Үлкен істі елдің жасы үлкен қариясы, атақты, салмақты үлкендері, қарталы жуандары арқылы болмаса, өз беттерімен бұзып, жарып істеп кете алмайтын /.../. Көбінің болыс болып, дәреже алуына да солар себеп болған (М.Әуезов).

Бұл бірлікте екінші, үшінші сөйлемдердің бесінші сөйлеммен байланысы алшақ жарыспалы, параллельділік «көбінің» сөз формасының анафоралық тұрғыда қайталануы арқылы түзілген. Шумақтағы басқа сөйлемдердің байланысы тізбекті байланысқа тән.

2. *Арт жақтағы, одан кейінгі тараптастардың бәрі де тым-тырақай, олай да бұлай шапқыласып жүр. Арбадан ұшып түскен жалаң бас*

адамдар есінен айрылғандай, жан-жаққа қашып бара жатыр. Жалғыз Кенжегара есінен айырылматты (Ғ.Мүсірепов).

Шумақта бірінші және екінші сөйлемдер іргелес тұрып параллель байланысқан, үшінші сөйлем құрылымы басқаша болғандықтан жарыспалы қатарластықты тұйықтап тұр.

Шумақ тек «таза» параллельділікке ғана құрылса, ашық калар еді, сондықтан мәтінде оны тұйықтайтын құрылымы басқаша сөйлем болады. Жарыспалы қатарластық шумақтың бастапқы я соңғы сөйлемдерінің ықпалымен түйінделеді. Егер жарыспалы сыңарларға құрылған шумақта тұйықтаушы сөйлем бас шенінде болса, соңғы параллель сөйлемдерде осы сөйлемнің мағына-мазмұны ашылады. Мысалы:

3 Қос ішінде үш адам бар. Үй иесі - жасы қырықтар шамасында, дөңгелек сақал, шарқы ғана кісі. Табаны ағаш, үсті сірі шәрке жасап отыр. Әйелі - жиырмадан асқан бүйрек бет қара келіншек. Ескі қаптан байпақ тігіп отыр. Еңбектеген еркек бала. Өзімен-өзі болып жүр (Ғ.Мұстафин).

Мына мысалда тұйықтаушы сөйлем аяққы шенде келіп, алдыңғы сөйлемдерді түйіндейді:

4 Солайша, екі жаққа бірдей көзді жібермесе, пристав Ақжелке бола ма? Қол жететін орайлы жер келгенде айналаны бірдей қарама-са, бір ай ішінде үш жүз қой, елу қара жинала ма? Екі жақты қатар қармау үшін жаралмаса, оң қол, сол қол не үшік керек? Екі жақты адам екі жақты қылық қылмаса, толық адам ба? Бұның бәрін қазақ даласына талайдан кәрі жүріп, зәрі сіңген Ақжелке жат сабағындай жақсы біледі (М.Әуезов).

Жарыспалы қатарлас құрылыммен түзілген шумақ екі жағынан да (басынан да, аяғынан да) тұйықталуы мүмкін:

5 Ақмола уезінің барлық қазақ елін оңтүстікке және солтүстікке бөліп, екі жағынан екі санақ комиссиясы шықты. Оңтүстікке шыққан санақ комиссиясының бастығы Томск университетін сол жылы ғана бітірген Асылбек Сейітұлы болды. Солтүстікке баратын санақ комиссиясының бастығы мен болдым. Аралап есебін алатын еліміз - он екі болыс ел (С.Сейфуллин).

Шумақ құрамындағы дербес сөйлемдердің параллель (салалас, жарыспалы, қатарлас) байланысы сыңарлардың құрылымдық тепе-теңдігі, жақтық-шақтық біркелкілігі және анафора мен эпифора арқылы жүзеге асады.

Құрылымдық тепе-теңдік тәсілі. Сыңарлардың құрылымдық тепе-теңдігі сөйлемдердегі сөйлем мүшелерінің орын тәртібі мен саны, жалалу жолдары бірдей, кейде шамалас болуынан көрінеді.

Жұрттың куїлдесіп жиналуы да күннен-күнге өршіп көбеюде. Елдің қонаңдап үрейленуі де күннен-күнге күшеюде. Орыс поселкелеріне

жақындау отырған кейбір елдердің үркіп, алыстағы ел ішіне қарай көшуі де көбейді. *Жұрт күңірене бастады* (С.Сейфуллин).

Бұл бірлікте алғашқы екі сөйлемнің құрылымы бірдей, сөздердің орын тәртібі біркелкі, саны шамалас, сөйлем мүшелерінің грамматикалық пішіндері де бірдей (ауытқу бірінші сөйлемдегі «*өрішіп*» пысықтауышында ғана). Сыңарлар арасында мезгілділік қатынас бар. Үшінші және төртінші сөйлемдер құрылым өзгешелігімен жарыспалықты тұйықтап тұр (бірінші, екінші сөйлемдердегі осы шақтық үдеріс кейінгі сөйлемдерде жедел өткен шақтық баяндауға ауысады).

Дербес сөйлемдердің жарыса қатарласуы олардың лексикалық құрамына тәуелді бола бермейді. Алайда сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің орын тәртібі мен грамматикалық пішіндерінің біркелкі болуы міндетті. Мысалы:

Айдаладағы көл тіршілігі де қызық қой. Кейде түн ортасында қамыс ішінен неше сырлы үн естіледі. Көл күрсінеді, көл жылайды, көл сыбырайды, көл күледі. Күн бата ұйқыға кететін құстар кей түндері тым-тырыс бұйықса, кейбір түндері мазасызданып шығады (С.Жүнісов).

Бұл үзіндідегі бастапқы сөйлемнен басқасы лексикалық толығының әр түрлілігіне карамастан тұрлаулы мүшелерінің бірдейлестігінің (бастауыштары зат есімнен, баяндауыштары ауыспалы осы шақпен беріліп тұр: *үн естіледі, көл күрсінеді, көл күледі, құстар мазасызданып шығады*) ықпалымен санамаланып мезгілділік қатынаста тұр.

Шумақ сыңарларының жақтық-шақтық біркелкілігі тәсілі. Бұл тәсіл – қазақ синтаксистік шумағын түзудің өнімді тәсілі. Сол бір уақытта бар болып тұрған заттар, болып тұрған құбылыстарды бейнелегенде, баяндағанда жиі қолданылады.

Қазақ сөйлеуінде жарыспалылыққа құрылған шумақтарға сыңарлардың шақтық мағынасындағы реңдердің бірдей болуы тән. Мұндайда параллельділік сыңарлардың құрылымдық тепе-теңдігімен күшейе түседі. Бұған осының алдында келтірген мына мысал айқын дәлел болады:

Қос ішінде үш адам бар. Үй иесі - жасы қырықтар шамасында, дөңгелек сақал, шарқы ғана кісі. Табаны ағаш, үсті сірі шәрке жасап отыр. Әйелі - жиырмадан асқан бүйрек бет қара келіншек. Ескі қаптан байпақ тігіп отыр. Еңбектеген еркек бала. Өзімен-өзі болып жүр (Ғ.Мұстафин).

Сонымен қатар мәтінде шумақтың параллельділікке ұйысымы сыңарлардың баяндауыштарының реңктері әртүрлі, бірақ шақтық көрсеткіштері бірдей болса да сақтала береді. Мысалы:

Біз бытықы-шытықы темір жолдардың үстімен кеттік. Мұншама көп жол болар ма! ... Және өрмекшінің ауындай айқыш-үйқыш кезіккен жолдар... Олардың бойын өрлей, ерсілі-қарсылы поездар да жүріп жатыр, қиқуын сала, паравоздар да жүйткіп жүр. Әлдеқайда, аласа-

лы-биікті бағаналардың басында, қызылды-жасылды, ақты-сарғылтты дегендей әлденеше шамдар жанып-сөніп тұр. Әр жерде қиқулаған паравоздардың тұтасқан даусы құлақты тұндырады... Әлденелерді істеп, әр жерде әбігер боп жүрген адамдар... (С.Мұқанов).

Бұл бірлікте 4-ші, 5-ші, 6-шы сыңарлар жарыспалы байланыста. 4-ші, 5-ші сыңарлардың баяндауыштары нақ осы шакпен (*жүріп жатыр, жүйткіп жүр; жанып-сөніп тұр*), ал 6-сыңардың баяндауышы ауыспалы осы шакпен (*құлақты тұндырады*) берілген.

Шумақтағы дербес сөйлемдердің баяндауыштарының шактық мағыналары біркелкі болмауы да мүмкін, бірақ контекст ықпалымен олар бір шактық мағына арнасына түседі. Мысалы:

Ойда көгалды қуалай қонған қараша ауылдар отыр. Біреулер жаңа келіп жүгін түсіріп, біреулер шаңырақтарын көтеріп жатыр. Ерте уақытта жан-жақтан келетін тоғыз торап жолды шөп басқан. (...) Дода сақал кірекеш күрегіне сүйене тыныстап тұрғанда, бәріне көз жіберіп тұрады (Ғ.Мұстафин).

Бұл шумақта алғашқы үш сөйлем жарыспалы байланыста. 1-ші, 2-ші сыңарлардың баяндауыштары нақ осы шакта, ал 3-шісінікі өткен шак есімшемен берілген. Сөйте тұра сөйлемдерде баяндалатын құбылыстар ақпаратты беруші мен алушының көз алдында бір уақытта өтіп жатқаны контекстен көрініп тұр.

Анафора мен эпифора шумақ сыңарларының жарыспалы байланысының тәсілі ретінде. Шумақтағы әрбір дербес сөйлемнің бастапқы шенінде немесе аяқ шенінде бірдей сөз пішіндерінің қайталақтанып отыруы сыңарлардың семантикалық-құрылымдық өлшемдері біртіндеп жалғаса келе теңесуге, бірдейлесуге ықпал етеді.

Сөйлемнің қай мүшесі болсын шумақ құрамында анафорамен колданыла алады. Анафоралық бастауыштарға мысал:

№77. *Ол* Долбы жазығында туған. *Ол* көш үстінде туып, жерге шөпке шырылдап түсе қалған еді. *Оның* арқасы бірінші рет көрпеге емес, даладағы жерге тиген еді. *Ол* ешуақытта да Бетховеннің атын, Рембрандтың атағын есітпеген еді ... (С.Ерубәев).

Қазақ тілінде сөйлем мүшелерінің орын тәртібі қатаң болғандықтан, баяндауыштар сөйлемнің аякқы шенінде келіп отыруы – заңдылық, сондықтан олар айрықша бір мақсатпен колданылатын инверсиялық жағдайда болмаса, поэзияда болмаса, қалыпты нормада анафора айшығымен келуге икемсіз.

Ал тұрлаусыз мүшелердің шумактың дербес сөйлемдері катарында анафоралық тұрғыда тұра береді: Анафоралық пысықтауышқа мысал:

Уа, халайық! Ұлы істің ұлы күні - мен сіздердің бәр-бәріңізді шақырып, қонақ етіп, ат шаптырып алты алашты дүрліктіріп той жасасам да артық емес, әттең, қол қысқа.

Уа, халайық! Ұлы істің ұлы күнінде бәр-бәріңізді құшағымға қысып, көктемгі мерекелеріңізбен - жаңа жылдарыңызбен құттықтасам да артық емес еді - әттең, құшақ жетпейді.

Уа, халайық! Ұлы істің ұлы күнінде мен бір жас қызға гашиқ болуым һәм оны мәңгі-бақи аялап өтуім де артық емес еді, - әттең, рұқсат жоқ...

Уа, халайық! Менің қолымнан бір-ақ нәрсе келіп тұр, риза бол - Ұлы істің ұлы күні құтты болсын... (О.Бөкеев).

Бұл шумақта анафоралық параллельділік «Уа, халайық» қаратпа сөзімен де күшейіп тұр.

Анафоралық толықтауышқа («өмірде») мысал:

Біз бақытты едік.

Өмірде жоқшылық, тарығушылық бар дейтін, бірақ оны біз көрмеген едік.

Өмірде еріксіздік, езушілік бар дейтін, біз оны да көрмеген едік.

Біздің өмір бақытты өмір еді (С.Ерубәев).

Бұл мысалдарда анафоралық лексикалық параллельділік құрылымдық параллельділікпен қатарласып тұрғанын көруге болады, сондықтан мұндай жарыспалылықты лексикалық-құрылымдық параллельділік деп атауға болады.

Мына бір үзіндіні қарастырайық:

Болыстардың көбі соңғы кездегі сайлауларда іске ширақ, тіл білетіндеу жастардан сайланып еді.

Көбі жиырма бес, отыз бес арасындағы жассымақ, адамдар болатын. Көбінің ел ортасында соншалық зор салмақ беделі, абырой, атақ-айдыны да жоқ... (М.Әуезов).

Бұл шумақта сөйлемдердің белгілі бір мүшесі қайталанып қана тұрған жоқ, ол мүшелер әртүрлі грамматикалық формада, әртүрлі синтаксистік қызметте тұр, оның үстіне анафорамен қайталанып тұрған – бірінші сөйлемдегі негізгі сөз «болыстардың» сөзінің көмекші сөзі «көбі». Лексикалық және морфологиялық-синтаксистік құралдардың бірыңғайлығы сөйлеу ағынын жарыспалы қатар арнаға түсіреді. Мұндай параллельділікті грамматикалық-лексикалық параллельділік деп атауға болады.

Қазақ тілі шумақтарында баяндауыштар эпифоралық тұрғыда көп қайталаынады. Алайда қарастырып отырғанымыз стильдік айшықтар екенін ескеріп, оны норма талабымен қарасақ, эпифораның, негізінен, шешендік сөздерде, поэзияда қолданылатынын атап айту қажет. Ал прозалық шумақта эпифоралық байланыс сирек кездеседі, оның үстіне мұндайда параллельділік басқа құралдармен қабаттасып отырады. Мысалы:

(...) Қайта, бір жұбансаң, олардың осы міндетті ауырсынбай келгеніне жұбанасың. Сонсоң – міндеттер. Жөндеп сәлемдесу міндеті,

тіпті сәлемдеспеу міндеті. Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ бейқам жігіт болып көріну міндеті. Сүбесі сере көп мәстектің ойын-шыны аралас атқан оқтарын жұтып жіберу міндеті. Сонсоң түн, қандала, қайтадан пластинка – «Қосбасар» мен «Чакона» (О.Сүлейменов).

Баскаша мысал:

Амал қанша, сен суға кеттің. Сен өмірі өзіңнің балыққа айнала алмайтыныңды білдің бе екен. Сен еш уақытта Ыстықкөлге жүзіп барып, ақ кемені қарсы алып: «Армысың, ақ кеме, бұл келген мен зой», - деп айта алмайтыныңды білдің бе екен (Ш.Айтматов).

Бұл мысалда анафора да, эпифора да бар. Дербес сөйлемдерді осылайша шегендеу сөзге ерекше айшық беріп тұр.

Анафора мен эпифора стильдік санатқа жататындықтан, бұл айтарман я жазарманның стильдік мақсатына, өрнегіне қатысты болып келеді, яғни субъективтілік тән. Сондықтан мұның түрлі көріністері мол болады.

Семинар сұрақтары

1. Шумақ аталымдарына уәждемелік сипаттама беру
2. Шумаққа берілген анықтамаларға шолу жасау
3. Шумақ және құрмалас сөйлем
4. Шумақ және мәтін.
5. Шумақ және абзац
6. Шумақ құрамындағы дербес сөйлемдердің синтаксистік байланысы

Оқытушы өткізетін өздік жұмыс

1. Оқытушы шағын мәтінді шумақтарға ажыратуды тапсырады.
2. Мәтіннен тізбекті жолмен байланысқан дербес сөйлемдерді байланысу амалдарына қарай топтау.
3. Мәтіннен жарыспалы жолмен байланысқан дербес сөйлемдерді байланысу амалдарына қарай топтау.
4. Абайдың «Қырқыншы сөзін» шумақ синтаксисі тұрғысынан сипаттаңыз.
5. Мәтіннен суреттеме шумақты ажыратып көрсету.
6. Мәтіннен баяндау (әңгімелеу) сипатындағы шумақты ажыратып көрсету.
7. Мәтіннен дәлелдеме (ойталқы) шумақты ажыратып көрсету.
8. Диалогті шумақтағы сыңарлардың байланысын табу.

Өздік жұмыс тақырыптары

1. Т.Қордабаевтың шумақ туралы пікірлерін баяндау.
2. Р.Сыздық күрделі синтаксистік тұтастық туралы.
3. Б.Шалабайдың мәтін, күрделі синтаксистік тұтастық туралы еңбектеріне шолу жасау.
4. Шумақ, мәтін синтаксисі жөнінде ХХ ғасыр соңы мен ХХІ ғасыр басында жазылған еңбектерден тезистер түзу.
5. Дербес сөйлемдердің байланысы.
6. Мәтін мен шумақтың диалектикалық қарым-қатынасы.
7. Білім алушының әрқайсысы әр жанрда мәтін түзіп оның синтаксистік құрылысын осы тақырыпта көрсетілген заңдылықтарға үйлестіру ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш // Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: «Жалын», 1991.
2. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құраст.: З.Ахметов, Т.Шаңбай. – Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 2006.
3. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: «Фолиант», 2002.
4. Тимофеев Л.И., Тураев С.В. – Краткий словарь литературоведческих терминов. – Москва: «Просвещение», 1978.
5. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан даму институты, 1999.
6. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. – Алматы, 1970.
7. Қордабаев Т.Р. Тарихи синтаксис мәселелері. – Алматы: «Ғылым», 1964.
8. Бұл жөнінде толығырақ: Жакупов Ж.А. Синтаксис строфы. – Омск, 2008.
9. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013.
10. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013.
11. Сауранбаев Н.Т. Проблемы казахского языкознания. Избранные труды. – Алма-Ата: «Наука», 1982.
12. Шалабаев Б. Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту. – Алматы: «Мектеп», 1982.
13. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис: оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012.
14. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. – Алматы, 1999 ж.

15. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы. Оқу-әдістемелік құрал. – Орал, 2008; Сонікі: Көркем мәтіндегі суреттеу. – Астана, 2013; Әбікенова Г.Т. Көркем шығармадағы мәтінтүзім мәселелері. – Семей, 2010.
16. Қайшығұлова Ж.Т. Қазақ мәтінінің күрделі фразалық тұтасымы // Абзац деңгейінде мүшеленуі: филол.ғыл. канд. дис. ... автореф. – Алматы, 2011; Кеншінбаева Ж.М. Қазақ мәтінінің семантика-интонациялық мүшеленуі (эксперименттік-фонетикалық зерттеу): филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2005.
17. Фигуровский И.А. Синтаксис целого текста ~ важность изучения второго языка на высшем уровне // Межвузовская научно-методическая конференция по вопросам преподавания русского языка в нерусской аудитории: Тез. докл. – Алма-Ата, 1968.
18. Москальская О.И. Грамматика текста. – Москва: «Высшая школа», 1981.
19. Современный татарский литературный язык. Синтаксис. – Москва: «Наука», 1971.
20. Йофик А.И. Существует ли сложносочиненное предложение в английском языке? (К вопросу о форме сложного предложения) // Научные доклады высшей школы, Филологические науки. – 1958, № 2.
21. Поспелов Н.С. О различиях в структуре сложноподчиненного предложения // Исследования по синтаксису русского литературного языка. – М., 1955.
22. Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. 7-ое изд. – Москва: Государственное учебно-педагогическое изд-во Мин-ва Просвещения РСФСР, 1956.
23. Абдуллаев К.М. Теоретические проблемы синтаксиса азербайджанского языка: Автореф. дис. ... д-ра филол. наук. – Баку, 1984.
24. Крючков С.Е., Максимов Л.Ю. Современный русский язык. Синтаксис сложного предложения. – Москва: «Просвещение», 1977.
25. Лосева Л.М. Как строится текст. – Москва: «Просвещение», 1980.
26. Гаджиева Н.З., Серебренников Б.А. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Синтаксис. – Москва: «Наука», 1986.
27. Рыжова К.Е. От систематики фонологических оппозиций просодии к фонологическому описанию просодии сверхфразовых единств (на материале английского и русского языков) // Проблемы сверхфразовых единств. Содержание понятия: Межвузовский сб. – Уфа: Изд-во Башкирского гос. университета им. 40-летия Октября, 1982.
28. Соткис Ю.А. К вопросу о ритмико-интонационной структуре сверхфразовых единств. // Научные доклады высшей школы. Филологические науки. – 1972.
29. Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. – Алматы: «Ана тілі», 1991.

30. Кох В. Предварительный набросок дискурсивного анализа семантического типа // Новое в зарубежной лингвистике. – М.: «Прогресс», 1978. – Вып. 8.
31. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – Москва: «Наука», 1981.
32. Лосева Л.М. Текст как единое целое высшего порядка и его составляющие (сложные синтаксические целые) // Русский язык в школе. – 1973, № 1.
33. Виноградов В.В. Синтаксическая концепция акад. Л.А.Булаховского // Виноградов В.В. Исследования по русской грамматике. – Москва: «Наука», 1975.
34. Солганик Г.Я. Синтаксическая стилистика. – Москва: «Высшая школа», 1973.
35. Зарубина Н.Д. К вопросу о лингвистических единицах текста // Синтаксис текста. – Москва: «Наука», 1979.
36. Фигуровский И.А. Синтаксис целого текста и ученические письменные работы. – Москва: «Учпедгиз», 1961.
37. Ставский В.И. Семантико-синтаксические связи предложений в речи: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Ташкент, 1978.
38. Маслов Б.А. Некоторые проблемы анализа текстов на уровне суперсинтаксических связей (на материале русского и сербохорватского языков): Автореф. дисс. канд. филол. наук. – Тарту, 1973.
39. Амирова Ж. Г. Стилистические функции различных типов сложного синтаксического целого в контексте А.И.Куприна: Автореф. дисс. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1983.
40. Боевец И.А. Сложное синтаксическое целое в современном французском языке: Автореф. дисс. канд. филол. наук. – Л., 1971.
41. Серкова Н.И. О некоторых вопросах функциональной перспективы предложения в терминах «сверхфразовых единств» // Вопросы языкознания. – 1967, №3.
42. Каминскене Л. Членение текста на сверхфразовые единства в словесно-художественном творчестве: Автореф. дисс. канд. филол. наук. – Москва: МГУ, 1977.
43. Фридман Л.Г. Грамматические проблемы лингвистики текста. – Ростов: Изд- во Ростовского университета, 1984.
44. Мамажанов А. Сверхфразовое единство как синтаксико-стилистическая категория // Советская тюркология. – 1984, №1.
45. Абдуллаев К.М. Сложное синтаксическое целое как объект семантико-синтаксического анализа // Советская тюркология. – 1978, № 5.
46. Сильман Т.И. Проблемы синтаксической стилистики (на материале немецкой прозы). – Л.: Просвещение, 1967.
47. Терентьева Л.П. Лексический окказионализм в сверхфразовом единстве // Проблемы сверхфразовых единств. Содержание понятия:

Межвузовский сб. – Уфа: Изд -во Башкирского гос. университета им. 40-летия Октября, 1982.

48. Гаджиева Н.З. К вопросу о методах изучения тюркских языков (на материале синтаксических конструкций) // Тюркологические исследования. – М. -Л.: Изд-во АН СССР, 1963.

49. Ысқақов А. Қазіргі казак тілі. Морфология. – Алматы: «Мектеп», 1974.

50. Закиев М.З. Некоторые вопросы формирования сложноподчиненного предложения. // Советская тюркология. – 1972, №2, 23-31-бб.

51. Демесинова Н.Х. Развитие синтаксиса современного казахского языка. – Алматы: «Наука», 1974.

52. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы: «Ғылым», 1970.

53. Серғалиев М.С. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: «Мектеп», 1981.



1. Сөйлемнің коммуникативтік түрлері
2. Сөйлем және контекст
3. Коммуникативтік синтаксисінің негізгі бірліктері мен құрылымдары
4. Мәтін – негізгі қатысымдық бірлік



II бөлім КОММУНИКАТИВТІК ПАРАДИГМАЛАР (кіріспе орнына)

Тіл білімінің тарихында ХХ ғ. бастап көптеген лингвистер Ф.де Соссюрдің «Тіл сөйлеудің негізінде пайда болған абстрактілі жүйе, ал сөйлеу осы жүйені адамдардың қолдануы актуализациялану» деген тұжырымының негізінде тілді тек тұлғалық жағынан бір жақты қарастыру жеткіліксіз болатынын түсінді. Ш.Балли синтаксисте тілдің де, сөйлеудің де көріністері байқалады десе, В.В.Виноградов сөз бен сөз тіркесін — сөйлемнің құрылыс материалы, ал предикативтілік пен модальдіктен тұратын сөйлемді коммуникативтік деңгейдің бірлігі деп танығаны белгілі. Шындығында да, грамматикадағы ұсақ бірліктерді жүйеге, яғни тілге, ал аяқталған ойды білдіретін сөйлемді сөйлеуге (речь) жатқызудың логикалық негізі жоқ емес. Мәселен, адамдар сөйлеу кезінде тілдегі, жүйедегі бар сөздермен, морфемалармен, фонемалармен ғана шектеліп, осы деңгейдегі тіл бірліктерін жаңадан ойлап тауып қолданбайды. Керісінше, олар сөйлеу әрекетінде бұрын айтылмаған, жазылмаған мыңдаған жаңа сөйлемдерді қолдануы мүмкін. Бұдан тілдің шығармашылығы осы синтаксистегі сөйлемдерден көрінетіндігі байқалады. Бірақ қалай болғанда да лингвистиканың зерттеу нысаны екі жақты (екеу) екендігі анық (тіл мен сөйлеу).

Деңгейлік грамматика тілдің қалыптасқан жүйесін қарастырса, коммуникативтік-жұмсалымдық грамматика тілдік бірліктердің сөйлеудегі динамикалық сипатын қарастырады. Бірақ бұл екі бағытты бір-бірінен абсолютті бөліп алып, араларына қатаң түрде шек қоюға болмайды. Өйткені олар бірін-бірі толықтырып отырады да, коммуникативті бағыт дәстүрлі құралдардың грамматикалық теория-тұжырымдарын негізге алып отырады.

Дегенмен тілді коммуникативті бағытта қарастыру дегеніміз тілдік бірліктердің, яғни тілдік жүйе-деңгейдің сөйлеудегі қызметін қарастыру болып табылады. Синтаксемалардың семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілерінің өзара байланысына сүйене отырып, типтік коммуникативті мағынаны білдірудің тәсілі ретіндегі синтаксистік модельдерді көрсету бұл бөлімнің негізгі мақсаты деуге болады.

Бұл модельдердің орталығында сөйлеуші (тілдік ұжымның өкілі) ретінде және әлемнің басты әрекет етуші тұлғасы ретінде адам тұрады. Сөйлеудің қоғамдық жағдайға бекітілгендігіне байланысты адамның орны, бір жағынан сөйлеудің мазмұнына және оны білдірудің тіл-

дік құралдарына жеке көзқарас, ақиқат шындықтың тілдік көрінісіндегі адамның мезгіл мен мекендегі (уақыт пен кеңістік) орны – сөйлеудің әртүрлі белгілерін анықтайтын фактор болып табылады.

Адамзат тілді жасаушы және қалыптастырып, дамытушы болып табылады. Ал тіл болса, адамның дүниені танып, әлем бейнесін жасаудың, қарым-қатынас жасауының, яғни коммуникацияның басты құралы екендігі белгілі.

Сондықтан қазір тілдің шеңберінен шықпай, оның таза өзін ғана тану жеткіліксіз. Оны тудыратын, қолданатын және болашаққа алып баратын адамға, нақты бір жеке тілдік тұлғаға назар аудармау мүмкін емес.

Тіл – таңбалар жүйесінен тұрады, таңбалар дегеніміз — сөздер, дыбыстар, морфемалар, сөз тіркестері, фразеологиялық бірліктер және т.б. екендігі белгілі. Ал жүйе дегеніміз — тілдің деңгейлері, оның ішкі байланысы, қарым-қатынасы, тіл ережелері, парадигмалар, модельдер және т.б. Тілді адамдар таңбалар жүйесі ретінде ойды, көңіл-күйді білдіру үшін сол тілдік ұжымдағы басқа адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қолданады. **Сөйлеу** – бұл қатынастың өзі, бұнда ойды білдіру тұлғаның өзін көрсетеді. Сөйлеу дегеніміз — вербалдық, тілдік қатынас арқылы тұлғаның өзін танытуы.

Тіл – потенциалды таңбалар жүйесі, ол өзінен өзі қозғалысқа түспейді. Ол әр адамның, әр тілдік тұлғаның жадында сақталады. Ол қайнап жатқан өмірден сырт тұрады. Оның таңбалары мен ережелері көптеген фолианттарда жазулы. Сөйтіп ол осы тілді білгендер үшін, тарих үшін сақталады, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. **Сөйлеу** – бұл әрекет, тілдің өнімі, әрекет етуінің нәтижесі. Адамдардың әрекеті әрқашан жағдаятқа негізделеді, оның белгілі бір мақсаты болады.

Бүгінгі таңда тіл элементтерін осы функционалды тұрғыдан қарастыру қажеттілігі туып отыр. Себебі тіл бірліктерін тек деңгейлік, дәстүрлі тұрғыдан талдау кейбір тұжырымдардың бір жақты болуына әкеледі.

Бұнда қазақ тіліндегі грамматикалық бірліктердің жұмсалымынан шығатын, бұрын нормада семантикалары көрсетілген бірліктердің мағыналық реңктері толықтай ашылады. Тұлға (форма), мағына және жұмсалым (функция) үштігінің бірлігі мен ерекшелігі нақты кестелер арқылы дәлелденіп көрсетіледі. Тілдегі сөйлем мен сөйлеудегі айтылыстың ұқсастықтары мен айырым белгілері анықталады. Тілдік элементтер мен коммуникативтік құралдардың сәйкес келетін-келмейтін тұстарын анықтау көзделеді. Тілдік норманың қалыптасуына әсер ететін коммуникативті-прагматикалық аспектілер де қарастырылады.

Бұл бөлімде жалпы алғанда, сөйлеу процесінде қызмет етуге дайын және өздерінің жүйедегі мағынасының негізінде сөйлеу қызметінің әртүрлі формаларында өз әлеуетін, өз мүмкіндігін іске асыруға дайын тілдік бірліктер талданады.

Коммуникативті-прагматикалық синтаксис сөйлеу актісі, сөйлеу жағдаяты, сөйлеу актісіне қатысатын просодикалық элементтер мен бейвербалды тілдік бірліктердің коммуникативтік-прагматикалық қызметін қарастырады. Прагматика – коммуникация кезінде міндетті түрде болатын, коммуникацияны ұйымдастыратын алғы шарттардың бірі. Қандай да бір тіл бірліктерінің қолданысы, ойдың жеткізілуі прагматикалық сипатта өтеді. Осымен байланысты сөйлеу жүйесінде тіл бірліктерінің коммуникативтік-прагматикалық қызметі деген терминдер бірге қарастырылады.

1. СӨЙЛЕМНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ТҮРЛЕРІ

Тілдің коммуникативтік қызметі сөйлеу арқылы жүзеге асатыны белгілі. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы кезінде, пікір білдіруде сөйлеушінің коммуникативтік мақсаты бірінші орында болады. Яғни сөйлем дегеніміздің өзі тілдің коммуникативті бірлігі болғандықтан, онда белгілі бір коммуникативтік мақсат болуы тиіс, яғни тыңдаушыға әсер етуді көздеуі тиіс.

Сөйлемді бұл тұрғыдан топтастыру А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. А.Байтұрсынұлы сөйлемдерді айтылуына қарай төртке бөледі: сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, тілекті сөйлем және жай сөйлем. Осының ішінде тілекті сөйлемді әрі қарай бұйрық, өтініш, үгіт (ақыл), жай тілек деп бөледі. Ал жай сөйлем деп отырғанына «сұраусыз, лепсіз, тілексіз айтылған сөйлемдерді» жатқызады [1, 297 б.], яғни қазіргі хабарлы сөйлемді мензеп тұрса керек.

Сөйлемді ең басты синтаксистік санат ретінде мойындаған С.Аманжолов – қазақ тіл білімінде синтаксиске қатысты көптеген ой қалдырған ғалымдардың бірі. Ғалым жай сөйлемдерді мағыналық жағынан хабарлы, сұраулы және лепті сөйлем деп қарастырған [2]. Осы тектес топтастыру Х.Арғыновтың «Жай сөйлем синтаксисінен грамматикалық таблицалар» еңбегінде [3], Н.Сауранбаевтың еңбектерінде [4] кездеседі. Бірақ Х.Арғыновтың 1974 жылы жазылған әдістемелік құралында бұйрықты сөйлемге қатысты пікірлері де бар [5].

Қ.Жұбанов сөйлем түрлерін сөйлем сазы деп бере келе, С.Аманжолов, Х.Арғынов, Н.Сауранбаевтың нұсқаларына сәйкес бөлген, тек лепті сөйлемнің атауын леп сазы деп қолданған [6, 157 б.]. Ал М.Балақаев аталған сөйлем түрлеріне бұйрықты сөйлемді қоса жіктейді [7].

Осы мазмұндағы пікірді О.Күлкенованың сөйлемдерді коммуникативтік мақсатына және оған тәуелді интонациясына қарай *хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті* деп қарастырған «Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем синтаксисі» атты еңбегінен таба аламыз [8, 5 б.].

Ж.Садуақасұлы да «Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер» деген монографиясында жай сөйлемдерді мағынасына қарай хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты деп береді [9, 7 б.].

Нақты сөйлеу процесінде баяндаудың берілу мақсаты жағынан сөйлемді *хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдер, ал* эмоциялық мағынасына қарай *үстемелі лепті, арнаулы лепті сөйлемдер* деп жіктеген О.Төлегенов топтастырудың жаңаша үлгісін ұсынады [10, 43-44 бб.].

Р.Әмір жай сөйлемдерді топтауда сөйлеудегі ерекшеліктеріне баса назар аударады. «Сөйлем болмыстағы катынастарды білдіру үшін ғана жұмсалмайды. Кісінің тіл арқылы катынас жасауы пікір, ой айтумен қатар екінші кісіден пікір білу, информация алу үшін сөйлеуіне немесе басқа біреуді іске қосу, жұмсау мақсатына да байланысты болады. Сөйлеудің осы мақсаттары тілде сөйлемнің тиянақты формалары арқылы көрінеді», – дей келе сөйлеу мақсатына қарай сөйлемдерді хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті деп жіктейді [11, 58 б.].

Қазақ тіл білімінде сөйлемді коммуникативтік мақсатына қарай топтауда ғалымдар арасында түрлі көзқарас бар. Байқап отырғанымыздай, көптеген авторлар сөйлемді хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті деп 4 топқа бөледі. Т.Н.Ермекованың айтуынша, соңғы кезде түркітануда сөйлемді коммуникативтік мақсатына қарай үш түрге (хабарлы, сұраулы, бұйрықты) бөлу ұстанымы орныққан. Хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемнің мазмұны эмоциялық мағынаға ұласуы да, ұласпауы да мүмкін болғандықтан, лепті сөйлемді ғалымдар айрықша мағыналық тип ретінде таниды [12].

Ж.Д.Рапишева мен Ж.А.Тұрлыбекованың макалаларында сөйлемдердің коммуникативтік типтерін оппозициялық жұптарда (хабарлы сөйлем — бұйрықты сөйлем, хабарлы сөйлем — сұраулы сөйлем) қарастырғанда, сөйлемнің коммуникативтік типтерінің айырым белгілері сөйлемнің актуалды мүшеленуіндегі айырмашылықтармен, яғни айтылымның логикалық предикаттарын білдіретін ремалық компоненттер сипатымен тікелей байланысты екенін айтады. Яғни «хабарлы сөйлемнің ремасы белгілі бір оқиға, құбылыс, қасиет, дерек туралы тікелей хабар, ақпар берсе, бұйрықты сөйлемнің ремасында сөйлеушінің талап етіп немесе қалап тұрған іс-әрекетінің мазмұны, яғни тыңдаушыны іс-әрекетке итермелеу болады. Сұраулы сөйлемнің ремасында сұраққа жауап алу көзделген, яғни тыңдаушыны жауап беруге, кері ремаға бағыттайды» [13, 21 б.]. Ал лепті сөйлемнің коммуникативтік-мақсаттық дәрежесі ремадан көрінбей, лептілік сөйлемнің қосалқы белгісі болатынын, сондықтан осы белгі негізінде хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдер екі нұсқада беріле алатынына мына мысалдарды келтіреді:

– Тоқтат, ақымақ! — Ғафу етіңіздер. Меймансыздар, кінә менен. — Ал енді... келген іздеріңізбен кері қайтасыздар! [13, 21 б.].

Дегенмен лепті сөйлемдер қарым-қатынас кезіндегі сөйлеушінің көңіл күйінің бір көрінісі арқылы туындайды. Ғалым Р.Әмір былай дейді: «Сөйлемдерді айтылу мақсатына сай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті деп бөлуіміз – коммуникативтік талапқа сай құрылудың бір көрінісі ғана. Коммуникативтік талаптар алуан түрде көрінеді.

Оларды негізінен екі топқа жатқызған дұрыс: бірінші дәрежедегі коммуникативтік талаптар, екінші дәрежедегі коммуникативтік талаптар. Бірінші дәрежедегі коммуникативтік талаптарға сай пайда болған конструкцияларды (екі негізді хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер) базистік деп танымыз. Екінші дәрежедегі коммуникативтік талапқа сай конструкциялар (туынды) осыларға синтагмалық, парадигмалық жағынан негізделіп туады», – дей келіп, құрмалас сөйлем жүйесіндегі коммуникативтік талаптың көрінісі ретінде үнемділік пен актуализациялауды көрсетеді [14].

Т.Н.Ермекова өз зерттеуінде сөйлемді коммуникативтік мақсатқа сай бөлу үшін үш ұстанымды негізге алады: мазмұнына қарай: хабарлы, сұраулы, бұйрықты; орын тәртібіне байланысты: базистік және актуалданған орын тәртіпті; эмоцияның қатысына қарай: лепті және лепсіз [12]. Осылайша сөйлемді коммуникативтік мақсатқа сай топтастырудың жаңа үлгісін ұсынады.

1.1 Хабарлы сөйлем

Айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемдерді хабарлы сөйлем деп танымыз. А.Байтұрсынұлының еңбегінде хабарлы сөйлем деген термин кездеспейді. Бірақ автор «сұраусыз, лепсіз, тілексіз айтылған сөйлемдердің барлығы жай сөйлем» деп алады. Яғни ғалымның айтып отырғаны – хабарлы сөйлем екеніне күмән жоқ [1, 300 б.].

Х.Арғынов хабарлы сөйлемді мағынасына қарай үш топқа бөледі [3, №2 кесте]:

1. Біреу бір нәрсе туралы хабарлау: *Өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету – әрқайсымыздың міндетіміз.*

2. Адамның ойын, көзқарасын білдіретін сөйлем: *Құлағын салмас, Тіліңді алмас, Көп наданнан түңілдім.*

3. Бейнелеу: *Аспан шайдай ашық.*

Дегенмен бұл бөлініс өз уақытында қолданылғанымен, хабарлы сөйлемнің не екенін толық бере алмайды деп ойлаймыз.

М.Балақаев хабарлы сөйлем деп, адамның ойын, көрген-білгенін басқаға айтудың формасын айтады да, олардың мазмұнының әр алуандығына байланысты болымды және болымсыз екі түрін қарастырады. Сөйлемде айтылған ойға айтушының субъективті көзқарасын білдіруін сөйлемнің модальділігі деп атап, болымды сөйлемнің модальді мағынасын баяндауыштар құрамын түрлендіру арқылы сөйлемді күмәнді, болжалды етіп жеткізуге мысалдар келтірген [15, 117 б.]: 1. *Жолаушылар жүріп кетіпті* (күмәнді); *Жолаушылар жүріп кеткен шығар* (бол-

жалды); 2. *Жолаушылар жүріп кеткен көрінеді* (күмәнді); *Жолаушылар жүріп кетсе керек* (болжалды) және т.с.с.

Сондай-ақ болымсыз сөйлемдердің стильдік қызметтеріне қарай қолданысына мынадай мысалдар береді: *Ол келмеді* – жай хабар; *Ол келген жоқ* – күшейткіш мағына; *Аспан ашылмас* – болымсыздық болжал; *Аспан ашылатын емес* – болымсыздық хабарда айтылған ой күшейтіліп жұмсалған [15, 118 б.].

Т.Сайрамбаевтың хабарлы сөйлем жайындағы пікірі М.Балакаевтың пікірімен мазмұндас. Солай бола тұра Т.Сайрамбаев хабарлы сөйлемнің мазмұнын тек қана баяндауыштың тұлғалық ерекшеліктеріне қарай емес (болымды (*Жаңбыр жауды*), болымсыз (*Жаңбыр жаумайды*), қалаулы (*Енді қырманға барайықшы*), болжалды (*Жездең ертең келетін шығар*)), сондай-ақ баяндауыштарының қай сөз табынан жасалуына қарай етістікті (*Үйдің іші жылынды*), есімді (*Күн жылы. Аспан ашық. Айнала жым-жырт*) деп жіктеген [16, 375 б.].

Бұл тақырыпты зерттеуде алдағы ғалымдардан біршама нақты тұжырымдар ұсынған Р.Әмір болды. Ғалымның айтуынша, «хабарды, интонацияны баяндау үшін жұмсалатын конструкциялар хабарлы сөйлем деп аталады». Аталмыш сөйлемдердің грамматикалық белгілері ретінде мыналарды атап көрсетеді [11, 59 б.]:

1 Етістіктің ашық рай формасынан (немесе осы формаға сипаттас жұмсалатын есімдерден) жасалған баяндауыштары бар сөйлемдер.

2 Өзіне тән интонацияға ие.

Сонымен қатар бір негізді, екі негізді құрамды болып келеді: *Тау іші, Иен жайлау. Ұшқан құс, жүгірген аңнан басқа тіршілік иесі білінбейді* (Қ.Жұмаділов).

Соңғы жылдарда қазіргі қазақ тіл білімінде хабарлы сөйлемнің модальділігі туралы зерттеулер пайда бола бастады. Мәселен, осы тақырыпты жан-жақты қарастырып жүрген Ж.А.Құсайынованың пікірін келтіре кетуге болады. Ол хабарлы сөйлемде модальді реңктердің жарыса өмір сүретінін былайша түсіндіреді: сөйлемде акпаратты жеткізу қызметімен астарлас сол акпаратты қабылдаудағы субъектінің түрлі көзқарасы, бағалауы, акпараттың қабылдануы да бірге сипатталып отырады.

Автор бұл сөйлемдердің модальді реңктерінің жасалу амалдарын жүйелеп берген [17, 339-342 бб.]:

Шартты райдың -са, -се жұрнағы мен «игі еді» қолданысы арқылы жасалған хабарлы сөйлемдер субъектінің тілегін, қалауын білдіріп, құптау реңкін білдіреді. Мысалы: *Ол тез келсе игі еді* (Ә.Нұршайықов).

Контексте бұл тұлға интонация, одағай, қыстырма, модельді сөздермен параллель қолданылса, субъектінің әртүрлі көзқарасы білінеді. -са,

-се игі еді тұлғасы мен интонация, одағайдың бірлікте қолданылуынан субъектінің ішкі күдігі күшейтіліп беріледі: *Тұу, биыл қар ерте түспесе игі еді* (С.Жүнісов).

Осы реңктерге синонимдес реңктер -са, -се екен, -са, -се зой тұлғалары арқылы келеді. Ал -са, -се игі еді формасының «игі еді» формасы түсіріліп айтылса, интонация көмегімен кейде күдіктену реңкі күшейсе (*Тәлім болса жарады, тәйтiк шығып жүрмесе... (М.Әуезов)*), кейде сөйлемде топшылау мәнді реңк айқындалады (*Бірдемені біліп, қатын бала-шағаны үркітпейін деп, іштей уайымдап жүрмесе... Х.Есенжанов*).

Есімшенің -ар, -ер формалары арқылы сөйлемнің хабарлы-болжау реңкі беріледі. Мысалы: *Қыздың көмейіне оның ар жағы не болды деген сұрақ та келген болар* (Ә.Нұршайықов). Ғалымның айтуынша, бұл тұлғалар арқылы жасалған хабарлы сөйлемдердің модальді реңкі жақ санатымен бірге келсе, контекстік сипат алады. Мәселен, осы тұлғада келген хабарлы сөйлемдердің мазмұны бірінші жақта баяндалса немесе субъектінің ішкі ойынан бастау алып жатса, жорамалдау реңкі күшейтіледі. Ал -ар, -ер формалары арқылы берілген екінші жақтағы ақпарат берілсе, субъектінің күдікті көзқарасы басым болады.

-ау, -еу демеуліктері де кейде хабарлы сөйлемнің модальділігін арттырады: *Бұл тұста Кеңгірбай ісі ашылатын боп отыр-ау* (М.Әуезов).

Бұл формалардан басқа ғалым хабарлы сөйлемнің модальді реңктерінің берілу жолдарын атап көрсеткен. Сонымен қатар зерттеуші аталмыш сөйлемнің модальділігін талдауда контекстік салыстырулардың қажеттігіне баса назар аударады.

1.2 Сұраулы сөйлем

Сұраулы сөйлем қазақ тіл білімі синтаксисінде А.Байтұрсыновтың еңбектерінен бастап зерттеле бастады. Ғалым бұл сөйлем түріне «жауап сұралғанда айтылатын сөйлем» деген анықтама береді [1, 297 б.]. Мысалы: *Сен тамақ іштің бе? Үйде кім бар? Соншама бұл бұйдайдың дәні көп пе?*

Х.Арғынов сұраулы сөйлемнің бірнеше жасалу жолдарын көрсеткен [3, №3 кесте]:

- Сұрау есімдігі: *Жүреkte қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?*
- Сұраулық шылау: *Сезімнің сыртқа шықпас түсі бар ма?
Оны жасырар адамның күші бар ма?*
- - ау, ше, зой шы: *Атым – Қайырғали, өзіңнің атың ше?*
- Интонация: *Сен намыстанып қалғанбысың?*

• шығар, болар және т.б. көмекші етістіктер: *Борашты көріп жүретін шығарсың?*

Сұраулы сөйлемнің жасалуының бұлайша жіктелуі кейінгі ғалымдардың еңбектерінде қозғалып, қате кеткен тұстары дұрысталды. Сондықтан бұл тәсілдер сұраулы сөйлемнің сипатын әлі де толық ашпағандықтан, зерттеуді қажет етті.

М.Балақаевтың бұл сөйлем туралы көзқарасы бойынша, сұраққа сұрақ түрінде берілген жауаптың мағыналары (*– Біздің ауылға барасың ғой, қызым? – Бармағанда қайтем? (Ғ.Сланов)*) кісінің ішкі сезімін, лажының жоқтығын, өтінішін, т.б. модальді мағынаны қоса хабарлайды. Ал кейбір сұраулы сөйлемдер кісінің күмәнін, тандануын, кейігенін, сенімсіздігін де білдіріп, бірқатары болымсыз сөйлемнің орнына жұмсалады (*– Арық адамның көзі өткір болады екен-ау?! Мен білмейді деймісің? (Ғ.Мүсірепов)*).

Хабарлауға тиісті ой тікелей сұраулы сөйлем түрінде баяндалса, оны риторикалық (шешендік) сұрақ деп атап, мынадай мысал келтіреді [15, 119 б.]:

*Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға? (Абай).*

Ал Т.Сайрамбаевтың еңбегінде сұраулы сөйлемнің жасалуының бірнеше басты жолдары баяндалады. «Баскадан (кейде өзінен) жауап күту максатымен айтылған сөйлем» деген анықтама берген. Бұл сөйлемнің жасалу тәсілдерінің бірнешеуі Х.Арғыновтың еңбегінде айтылған, дегенмен Т.Сайрамбаевтың берген нұсқасының ғылымилығы басым деуге болады [16, 377 б.] .

1 Сұраулық шылаулар: *– Өзі атпен баратын жер ме, машинамен баратын жер ме? (Ғ.Мүсірепов)*.

Сұраулы шылаулар қысқарып, жіктік жалғауларынан бұрын келгенде: *– Ой, сенбісің? Сені де сақал басып кетінті ғой (Ғ.Мүсірепов)*. Сұраулы сөйлемді жасаудың осы тәсілі Х.Арғыновтың еңбегінде интонация арқылы жасалу жолы ретінде берілген (Жоғарыдан қараңыз).

1. Сұрау есімдіктері: *– Мұнда қайдан жүрсің? (З.Шашкин)*.

2. шығар, болар, қайтеді деген көмекші етістіктер күрделі баяндауыштың құрамына еніп, сұраулық интонациямен айтылса: *Оның өзін тыңдап көрсек қайтеді? (Ғ.Мүсірепов)*.

3. Баяндауыштың құрамында *-ау, ғой* шылаулары мен одағай айтылса: *Сен кіп-кішкене қуыршақтай едің-ау, ә? (Ғ.Мүсірепов)*.

4. *ше* демеулігі баяндауыштың құрамында болғанда: *Ал Жамал ше, Өзің ше?* (Ғ.Мүсірепов).

5. Сұраулық интонация: *Мүмкін маған Бәтес қосылар? – деді Нұрбек* (С.Мұқанов).

Ғалым әрі қарай сұраулы сөйлемдерде қойылатын сұрақтарды мазмұнына қарай бірнеше түрге бөлген:

• **Ашық сұрақ** біреудің ойын немесе біреудің я бірдененің жайын, бар-жоқтығын білу мақсатында айтылады:

Дәурен: *Өзіңіз қандай ақыл бересіз?*

Богданов: *Барлық күшті осы төбеге салыңдар дегеннен басқа айтарым жоқ* (Ә.Әбішев).

• Сұраққа сұрақ түрінде жауап берілгенде **қарсы сұрақ** қойылады.

– *Ой, мынау тамаша емес пе?*

– *Несі тамаша?* (Т.Нұртазин).

• **Күмәнді сұрақ**. *Сол жаққа мен де барсам ба екен?* (Ғ.Сланов).

• **Таңырқаулы сұрақ**. *Сізде де арман бар ма екен?* (Ғ.Сланов).

• **Риторикалық сұрақта** жауап күту мақсаты емес, бірдененің жайын хабарлау мақсатында айтылады. *Халық ұстазынан айырылса, не тап-пақ? Ел несімен ел? Жақсысымен ел. Басшысы болмаған елде елдік бар ма?* (М.Әуезов) [16, 379 б.] .

Профессор Р.Әмірдің зерттеуінде сұраулы сөйлемдер бірінші қызметі жағынан топтастырылады.

1 Сұраулы сөздердің, шылаулардың қатысуымен **негізгі сұрақты білдіретін сөйлемдер** жасалады. – *Ей, сен бала директордың шопыры емесің бе?* (А.Нұрманов).

2 Кейде негізгі сұраққа жауап алу үстінде қосымша сұрақ қойылып жатады. Бұндай **жетек сұрақтар** толымсыз болып құралып, көбіне тек сұрақ мағыналы сөзден ғана тұрады.

– *Естіп пе ең, келді ғой?*

– *Кім?*

– *Әбіл.*

– *Қайда?*

– *Осында* (Б.Майлин).

3. **Анықтаушы сұрақты білдіретін сөйлемдер** екінші жақтың сөзін анықтап алу үшін қойылған сұрақты білдіреді [11, 61 б.] .

– *Бұл кісілер қай елдікі?*

– *Сабынкөлдікі.*

– *Сабынкөлдікі?*

– *Иә, Сабынкөлдікі* (Б.Майлин).

Сондай-ақ ғалым сұраулы сөйлемдерді мағынасына қарай топтастырған. Өйткені бұл сөйлемдердің сұрақтарының ішкі мазмұнына қарай бөлінуі арнайы тілдік формасынан көрініп тұратындығын айтады да, аталмыш сөйлем түрін мағынасына қарай төрт түрге бөледі. Олар: ашық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер, альтернативтік сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер, риторикалық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер, түрткі сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер. Сұраулы сөйлемдердің осы мағыналық түрлеріне жеке-жеке тоқталып өтеді.

Сұраққа негіз болып отырған мүше жалпы, ашық түрде қойылады. Оларды *ашық (жалпы) сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер* деп атап, өзара бірнеше түрге жіктеген [11, 62 б.]:

1. Субъектінің іздеулі екенін білдіреді. *Кім, не* деген есімдіктер бастауыш позициясында тұрады: *Кім келді? Не құлатқан мұны?*
2. Пердикативтік іс-әрекеттің, сапаның сынның іздеулі екенін білдіреді. *Не істеді, қайтты, кім, не, қандай, неше, қайда* есімдіктері баяндауыштық позицияда жұмсалады: *Келгелі не істедіңіз? Сонда айтпағың не?*
3. Іс-кимыл нысанның іздеулі екенін білдіріп, *кімді, нені, кімге, неге, кіммен, немен* т.б. сұраулы есімдіктермен құралады: *Кімге жолықтың?*
4. Іс-кимылдың сапасының, себебінің, мекенінің, мезгілінің іздеулі екенін білдіреді. Пысықтауыш позициясында тұрған *қалай, не үшін, неліктен, қашан* деген есімдіктермен құралады: *Олар не үшін қалды? Ол қашан қайтыпты?*
5. Мұндай сұраулы сөйлемде зат сапасының, сынының, санының іздеулі екенін білдіріп, *қандай, неше, қай* деген есімдіктер анықтауыш позициясында қатысады. *Қанша кісі жұмысқа шықты? Қандай вагонға алдыңдар?*

Сұраулы сөйлемнің келесі мағыналық түрін *альтернативтік сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер* деп берген. Альтернативтік сұрақта іздеуге із, жоба болып альтернатив сапа, іс аталады. Ол сапа, іс атаулы сөздер арқылы көрініп, *ма, ме, ба, бе, па, не* шылаулары олардың сұраулық мағынада айтылып тұрғанын білдіреді. Альтернативтік сұрақты білдіретін сөйлемдер баяндауыш мүшенің аталған шылауларды үстеуі арқылы жасалады. *Осы сөзге тоқтайсың ба, тоқтамайсың ба? Мынау егіс күздік пе, жаздық па?*

Риторикалық сұрақты білдіретін сөйлемдерде баяндауыш сөздер кері мағынада жұмсалады да, ерекше интонация арқылы құрылады. Риторикалық тудыратын баяндауыштық формалар ретінде *өтті емес пе, оқыған жоқ емессің бе (емес пе – риторикалық тудыратын элемент)* тәрізді тұлғаларды атап өткен. *Содан бері талай жылдар өтті емес пе?*

Тілімізде іске жұмсауды бұйрықты мағынада емес, сұраулы сөйлем формасында айту кездеседі. Бұндай сөйлемдердің баяндауышы келер шақ етістік пен *ма, ме* шылауларының бірігуінен жасалады. Ғалым мұны **түрткі сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер** деп атап, мынадай мысалдар келтіреді [11, 66 б.]: *Үй құрығыр азынап кетті ғой, тағы бірдеме тауып жағасың ба?* (Б.Майлин).

Сұраулы сөйлемдерді қазақ тілімізде арнайы зерттеп, ғылыми диссертация жазған ғалымдар да бар. Мәселен, Ш.Қ.Джусакинованың «Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемнің табиғаты мен стилистикалық ерекшеліктері» атты диссертациясында көптеген ғалымдардың осы сөйлем жайындағы зерттеу еңбектерін талқылап, мынадай қорытынды жасайды: «Сұраулы сөйлем болу үшін міндетті түрде грамматикалық белгілер (сұрау шылаулары, сұрау есімдіктері т.б.) мен арнайы интонацияның болуы қажет. Осы грамматикалық тәсілдердің қатысуымен қойылған сұраққа жауап күту мақсатымен айтылған сөйлем сұраулы сөйлем болып табылады» [18, 137 б.]. Автор сұраулы сөйлемнің мынадай түрлерін атап өтеді: ашық, альтернативті, анықтаушы, жете, модальді, қарсы, түрткі, риторикалық. Осының ішінде ерекшелігі бар сұрақ – модальді сұрақ деп алады. Өйткені мұның өзін іштей бірнеше мәнді сұраққа (таңдану, өкіну, сүйсіну, күдіктену, кобалжу т.б.) жіктейді [18, 139 б.].

Тілімізде сұраулы сөйлемге қатысты пікірлер баршылық. Барлығын бір мақалада қамту мүмкін емес, әрине. Дегенмен сұраулы сөйлемнің жасалуы, баяндауыштарының жасалу жолына қарай мағыналарының түрлілігін барынша қамтыдық деп ойлаймыз.

1.3 Лепті сөйлем

Жай сөйлемдерді айтылуына қарай жіктеуде екі түрлі пікірге себеп болған лепті сөйлемдер біршама ғалымдардың еңбектерінде зерттелді.

А.Байтұрсынұлы лепті сөйлемге былайша тоқталады: «... адам көңілі күйі, жан жайымен сөйлегенде, мәселен, жан ауырғанда, не кенелгенде, таңданғанда, сұқтанғанда, кейігенде, есіркегенде, күйінгенде, сүйінгенде, қорыққанда, қуанғанда айтылатын сөйлемдер». Яғни осы сөйлемдер лепті үнмен айтылғандықтан, лепті сөйлемдер деп таниды. Мысалы, *Уф, Алла! Бітті қаным! Шықты жаным! Ей. Шіркін, жақсылықты білмейтұғын!* [1, 298 б.]

Осылайша ғалым лепті сөйлемнің интонациясын (лепті үн), пунктуациясын (!), сондай-ақ түрлерін (таңдану, сұқтану, күйіну, сүйіну және т.б.) көрсеткен. Ғалымның бұл пікірі әлі де өз құнын жойған жоқ.

Лепті сөйлем жайында сөз қозғаған келесі ғалым – Х.Арғынов болды. Ғалым лепті сөйлемнің бірнеше мағыналық түрлерін көрсеткен [3, №4 кесте]. Мәселен, қуану (*Алақай, ағай келді!*), арман (*Па, шіркін, мына атқа мінер ме еді?*), тілек/өтіну, өкініш (*Қап, орылған астықты кеше жинап алмаған екенбіз!*), сескендіру (*Кәне, осы баланың бәйгесін бермей көрші!*), ұран (*Совет Одағы халықтарының мызғымас достығы жасасын!*), таңдану (*Дуние қандай сәнді!*). Көріп отырғанымыздай, бұл мысалдардың ішінде бұйрықты сөйлемдер де ұшырасады. Демек, ғалым лепті сөйлем мен бұйрықты сөйлемді бір деп таныған. Бірақ бұл екі сөйлемді екі бөлек қарауға толық негіз бар.

Осы пікірді басқа да ғалымдардан байқауға болады. Мәселен, профессор С.Аманжолов жоғары оқу орындарына арналған еңбегінде лепті сөйлемнің бірнеше түрін жіктеген. Олар: бұйрық, үгіт-үндеу, серт (ант-уәде, тілек-қалау), қорқыныш-қуаныш (сүйініш), реніш-аяныш, қарсылық-қошемет, алғыс-қарғыс, кекеу-мұқау (мыскылдау-табалау), шаршау-талықсу, арнау (қарату) [19, 106-108 бб.].

Ал Ғ.Бегәлиевтің тұжырымы бойынша, лепті сөйлемдер таңдану, өкіну, өтіну, бұйыру, ашулану, қуану, тілек, ұран мағынасында айтылады. Лепті сөйлемнің сыртқы белгілері ретінде онда одағай, қаратпа сөздер және *сорлы, неткен, не деген, қайда, қандай, тамаша, қалай* т.б. леп мағынасын беретін мүшелер болу керектігін айтады [20, 167 б.]. Сондай-ақ сөйлемде ерекше интонация болып, сөйлеушінің қандай көңіл күйін білдіргісі келуіне орай түрліше болуы мүмкін.

Н.Сауранбаев, Ә.Хасеновтың пікірлері де осы мазмұндас. Ал М.Балақаевтың еңбегінде лепті сөйлем бұйрықты сөйлемге біріктірілмей, жеке бір мақсат мәнді тип ретінде қарастырылған. Лепті сөйлемді жеті түрлі мағыналық топтарға бөледі: 1. Таңырқау (*– Қандай тамаша! Қандай ақылды адам! Тіпті, жазсап қарқын!* (Ғ.Мұстафин)). 2. Таңдану (*– Апырай, желісінің қаттысын-ай!* (Ғ.Мүсірепов)). 3. Қайғыру, қорқу (*– Құлайды-ау! Құлайды-ау!* (Ғ.Мұстафин)). 4. Аяу, жаны ашу (*– Әй, мынаны-ай! Кетеді-ау!* (Т.Нұртазин)). 5. Арман ету, көксеу (*– Әттең, осылардың бәрі де біздің ауылда өтетін болса!* (С.Шәймерденов)). 6. Өкіну (*– Қап, мен де барсамшы!* (М.Иманжанов)). 7. Қорқу, сескену (*– Ойбай-ай, ана бала құлайды-ау!* (Т.Нұртазин)) [15, 121 б.].

Ал Т.Қордабаевпен жазған еңбегінде лепті сөйлемдерді айырым мағынасы мен тұлғасы жағынан ұштастыра қараған.

1. Қорқу, сескену, аяу, өкіну, таңырқау сияқты кісінің көңіл күйін білдіретін сөйлемдердің құрамында *-ау, -ай* демеуліктері айтылады.

2. Баяндауыштары етістіктің шартты рай тұлғасында айтылып, бірденені көксеу, арман ету мағынасын береді. Сондай-ақ күрделі баянда-

уыштың негізгі сөзі келер шактық есімше болып, одан кейін сұраулық *ма, ме* шылауы мен *еді* көмекші етістігі тіркесіп те арман мәнді лепті сөйлем жасалады.

3. Өткенде істелуге тиісті, бірақ істелмеген, болмаған іске өкіну ретінде айтылатын лепті сөйлемдердің баяндауыштары екі түрлі болып келеді: а) болымсыз тұлғадағы өткен шактық есімше мен есімше тұлғасындағы көмекші етістік (*екен*), одан кейін *де* демеулігі келеді; ә) бірінші жақ шартты рай тұлғасындағы етістікке *-шы/-ші* қосымшасы жалғанады.

4. Бірдеңені асыра мактан ету, масаттану мағынасындағы лепті сөйлемдердің ішінде *қандай, неткен, газжап, болғанда қандай, пай-пай* деген сөздер кездеседі [21, 14-16 бб.].

Тура осы пікір Т.Сайрамбевтың еңбегінде кездеседі. Тек қос ғалымның айтқан 2-ші пунктіне «баяндауышы бұйрық рай тұлғадағы етістік баяндауышты сөйлем кейде тілек мағынасында айтылатындығын» қосқан. Сондай-ақ 3-ші пунктін» б) Кейде тұйық етістікке *-ың/-ің* қосымшасы жалғанып, одан кейін *гой* шылауы жұмсалған күрделі баяндауышты сөйлемдер де өкініш мәнде айтылады» деген пікірімен кеңейтеді [16, 382 б.].

О.Төлегенов хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдерді мақсат мәнді деп алып, ал лепті сөйлемді бұл топқа жатқызуды дұрыс емес деп санайды. Ал осы сөйлемге мынадай анықтама береді: «Шындық құбылысы туралы, белгілі бір субъект жайында айтушының эмоциялық қатынасын, сезімін, көңіл-күйін үстемелей не арнайы білдіретін сөйлемдерді лепті сөйлем дейміз» [10, 155 б.]. Автордың пікірінше, кейбір хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдер эмоциялық мағынада айтыла береді. Яғни сөйлеу жағдайына қарай мақсат мәнді сөйлем типтері бірде тіке мазмұнында жұмсалса, бірде, сезім, эмоцияны үстемелей білдіріп те жұмсалады. Осыған байланысты лепті сөйлемді мақсат мәнді тип емес деп есептейді. Ал лепті сөйлемдердің екі түрлі жасалу жолын көрсетеді: айрықша интонациялық сөйлемдер, айрықша тұлға-құрамды сөйлемдер. Ғалым өз еңбегінде кейбір түрік тілдерінің, орыс, шет тілі ғалымдарының пікірлерін негізге алады.

Лепті сөйлемдерді кеңінен зерттеп, зерделеген Р.Әмір болды. Автордың ойынша, істің қарқынын білдіретін баяндауыштардың көпшілігі әрі эмоциялы болып келеді. Эмоциялық форма жай хабарлаушы баяндауыштар қатарынан да, бұйрық мәнді баяндауыштар қатарынан да табылады. Себебі интеллектілік мағына мен эмоция қатар жүреді. Соған қарамастан ғалым экспрессивті баяндауыштарды парадигматикалық қатардағы жеке топ ретінде қарастырады. Оның бірнеше себебін келтіреді. Мәселен, экспрессивті баяндауыштар ерекше құралады (*алмасам, алмасам ба, алмас па* және т.б.); эмоциялықты білдіретін баяндауыштар бар;

эмоциялы баяндауыштар түрлі коммуникативтік жағдайға, стильдік міндетке сай өзара қызмет бөліскен.

Ғалым сөйлемде дүниедегі болмыс туралы пікірді хабарлап қана қоймай, сөйлеушінің болмысқа қатысты эмоциясын қоса білдіретін сөйлемдерді лепті сөйлем деп атайды. Эмоциялы баяндауыштардың жеке-жеке формаларын, олардың қызмет ерекшеліктерін көрсетеді [11, 66 б.]. Оны ықшамдап келтіре кетейік:

1. *айтса айтқандай, мықты десе мықты* тәрізді құралған баяндауыштар арқылы жасалады: *Ах, сорлы балам, айтса айтқандай. Аудырмай түсірген* (Ш.Хұсайынов).

2. Негізгі компонент *-ған, -ген* есімшелі + тәуелдік жалғауындағы қайталақ компонент – *алғаным алған, алғаны алған* тәрізді баяндауыштар арқылы: *Әпкем баратыны барады. Ертеңнен қалмайды. Су жақа дөңгелек осы қалғаны қалған* (Ш.Хұсайынов).

3. Негізгі компонент келер шақ, өткен шақ формалы етістік + есімше, тұйық рай тұлғалы қайталау компоненттері: *Әпкем келетіні келеді (келуі келеді, келуі келген)*.

4. Компоненттері *да, де* жалғаулықтары арқылы біріккен күрделі баяндауыштар: *алды да кетті, сірестім де қалдым*.

5. «сын есім – десеңші», «етістік – десеңші»: *Оған не жоқ десеңші!*

6. «етістік – дейсің (деймін)», «есім сөз – деймін»: *жауды дейсің, ұстамын дейсің*.

7. *-тын, -тін* формалы есімше немесе «есім сөз + өзі есімдігі»: *сөйлейтіннің өзі, күлегеіштің өзі*.

8. *-ған, -ген, -тын, -тін* формалы есімше + *шығарды* етістігі: *Үй-ішіне ырза болмай, үнемі төмен қарап отырғанды шығарды* (Ә.Нұршайықов).

9. *-ғаным* тұлғалы есімше + *бар ма*: *Олардың түрлері де көзіме ыстық көрінгені бар ма* (Б.Момышұлы).

10. *алмасы бар ма* тәрізді формада келген эмоциялы баяндауыш: *Шөптібай жетіп келмесі бар ма* (А.Нұрманов).

11. бұйрық рай тұлғасындағы болымсыз етістік + сұраулы шылау: *Қасқырдан бөлтірік тумасын ба* (Б.Момышұлы).

12. *-ар, -ер* тұлғалы есімше мен *ма, ме* шылауы: *жетіп келермін бе, ала қоярсың ба, ала қояр ма*.

13. Болымсыз шартты райлы етістік + *ба, бе* шылауы: *Сенің түбіңе жеттесем бе!* (Б.Майлин).

14. Шартты рай тұлғалы етістік + *-шы* формалы: *Шіркін, ол өсітіп көз айырмай өмір бойы қарап тұрсашы* (С.Мұратбеков).

15. *-ған, -ген (-қан, -кен)* + *емес*: *Сейтен бала жасынан жылан-шаяннан қорқып көрген емес* (І.Есенберлин).

16. Шартты рай етістіктің болымды түрі + ба (бе) : «Осының жұмысын саған реттетсем бе!» дегендей боп Құлтай ашулы түрде қарады (Б.Майлин).

17. Негізгі компонент ретінде ауыспалы осы шақ, нақты осы шақ, өткен шақ етістік + қайталанатын сөз -мақ, -мек (-пақ, -пек) формасында: алмақ түгіл алады, жазбақ түгілі жазып жатыр.

18. Көсемшенің болымсыз түрі: Мені есіркегенше арбаға өзің отырмай! – деп Бибі де кейін тұр (С.Мұратбеков).

19. -ып, -іп формалы көсемше: Әр нәрсеге ренжіп.

20. -уға (-уғанға) формалы етістік + дейін барды: Ұрысуға дейін барды, ұрысқанға дейін барды.

21. Ашық рай болымсыз баяндауышқа эмоциялы сыңар ретінде жұмсалатын зат есім + құрлы көрмейді, субстантивтенген еімше + құрлы көрмейді, зат есім + құрлы болмады, есімше + құрлы болмады: Күміс самаурының шойын құманым құрлы болмады (Ғ.Мүсірепов).

Әрине, бұл сөйлемдер ең бастысы интонациямен айтылу керек. Р.Әмірдің зерттеуінде реплика ретіндегі лепті сөйлемдер деген термин бар. Автордың айтуынша, «тілімізде құрылысы жағынан окшау келетін, құрамындағы сөздерді мүшелік қатынасқа анық даралауға келмейтін сөйлемдер бар» [11, 80 б.]. Яғни бұл сөйлемнің құрамындағы сөздер еркін тіркеспейді, белгілі бір орныққан үлгімен бірігеді. Мәселен, *Келгенде қандай! Ол ол ма! О несі екен!* Осы тәрізді сөйлемдер диалогта жауап реплика ретінде жұмсалатындықтан, жоғарыдағы терминді қолданған. Реплика сөйлемдерді құрылысына қарай екі топқа бөледі:

1. Алдыңғы репликаның бір сөзін қайталау арқылы:

Осыны айтасың ба?

Айтпағанда! (Қ.Жұмаділов).

2. Алдыңғы репликадан қайталанған сөз бен тұрақты компонент ретіндегі сөз арқылы:

– *Ал жүрейік, шешей.*


– *Қайдағы шешей! Өзің орта жасқа келген жігітсің* (Қ.Мұхамеджанов).

Осы екінші топты өз ішінде бірнеше топтарға жіктейді: «не қылған + қайталанған сөз (зат есім, сын есім) « (– *Не қылған жас!*), «қайталанған сөз (есім, етістік) + (не) несі» (*Болады, болмайдыларың не!*), «қайталанған сөз (есім, етістік) + қалай» (*Шималадың қалай! Бұл әдейі салынған сурет*), «қайдан + бұйрық райлы қайталанған етістік» (*Қайдан өзі босасын!*), «қайталанған етістік (шартты рай) « + *ша, ше* демеулігі» (*Қалжыңдасаң ше! Құрбың қалжыңды түсінбейді ме!*), «қайталанған етістік (-ғанда тұлғалы) + *ша, ше* демеулігі» (*Әкетпегенде ше!*), «қай-

таланған етістік (-ғанда тұлғалы) + қандай» (Жетіскенде қандай!). Біз ғалымның пікірін (берілген мысалдарын) қысқа да нұсқа етіп ұсындық. Сондықтан реплика сөйлемдердің диалогтың ішінде айтылатынын есте ұстаған абзал.

Байқағанымыздай, жай сөйлемдерді айтылуына қарай жіктеуде лепті сөйлемге қатысты пікірлер екіге бөлінген. Бірқатар ғалымдар оны хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдермен бірге топтастырса, кейбірі лепті сөйлемді жеке алып қарастырады. Жай сөйлемді айтылуы бойынша жіктегенде, бұл жерде сөйлемнің айтылу сазы ескерілетіні сөзсіз. Сөйлеуші айтылатын ойды жай ғана хабарлап, немесе бұйырып, немесе сұрау арқылы және белгілі бір көңіл-күймен жеткізеді. Бұл тұста ғалымдардың жай сөйлемді осы төрт түрге бөлуін орынды деп есептеуге болады.

1.4 Бұйрықты сөйлемдер



Қазіргі қазақ тілінде бұйрықты сөйлемдер туралы біршама зерттеу еңбектері бар. Бұл сөйлем туралы алғашқы пікірді А.Байтұрсыновтың еңбегінен кездестіреміз. «Нәрсенің болғанын, істің істелгенін көңіл тілеген орында айтылатын» сөйлем түрлерін ғалым тілекті сөйлем деп атайды. Ғалымның айтып отырған тілекті сөйлемі – қазіргі бұйрықты сөйлем екендігіне еш күмән жоқ. Ғалым сондай-ақ бұл сөйлемнің төрт түрін көрсетеді: бұйрық түрде, өтініш түрде, үгіт (ақыл) түрде және жай тілек (мұрат) түрде. Мысалы [1, 298 б.]:

Бұйрық түрде:

Келіңдер, бозбалалар, атты алыңдар!
Жетектеп тоғайыма ап барыңдар!
Жабыңдар жабуына түкті кілем,
Тазалап, жуып, тарап, баптаңыздар!...
Кет, шық!

Бар, жүгір! Ұш!

Өтініш түрде:

Дауысыңды тым болмаса, бір шығаршы!
Кезек бер бір азырақ сөзге тақсыр!
Достарым осындай бір іс етелік,
Жастарды жетім қалған кісі етелік.
Ізгілер орманда да бар екенін
Осындай сауап іспен көрсетелік!...

Үгіт (ақыл) түрде:

Балалар, оқуға бар, жатпа қарап!
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ.

Сырын білмейтін аттың сыртынан жүрме.

Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

Жай тілек түрде:

Жасаған болғай панамыз көруге жазғай еді.

Есен-сау келгей едің.

Қақ бендесі біздей, сірә, болмасын.

Біздей болса, бұ дүниеге келмесін.

Арманменен інім шөлде өлмесін...

Ғалымның келтірген мысалдарынан бұйрықты сөйлемнің табиғаты ашылып тұрғанын аңғаруға болады. Себебі аталмыш сөйлемнің мағыналық түрлері де, баяндауыштарының жасалу формаларының әртүрлілігі, сондай-ақ бұйрықты сөйлемнің бір сөзден тұратыны, жай сөйлем, құрмалас сөйлем түрінде де кездесетіні байқалып тұр.

Ал Қ.Жұбанов, С.Аманжолов бұйрықты сөйлемдерді лепті сөйлемдердің құрамында қарастырған. Тек М.Балақаев 1959 жылы орыс тілінде жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі» атты еңбегінде «Побудительное предложение» деген тақырыпша береді. Бұл еңбекті кейбір зерттеушілер (О.Жармакин, Х.Арғынов т.б.) *бұйрықты сөйлем* деген терминді енгізіп, оның басқа сөйлемдерден ерекшелігін, сипатын көрсеткен тұңғыш пікір ретінде атап өткен. Бұйрықты сөйлемдер туралы диссертация қорғаған Б.Жақыпбеков бұл пікірдің сол уақытта орынды болғанын және ол кезде А.Байтұрсынұлының есімі мен зерттеу еңбектері беймәлім болғанын еске салады.

М.Балақаев бұйрықты сөйлемдердің диалог түрінде ықшам келіп, кейде қаратпа сөзді болып келетін ерекшеліктеріне қарай бұйрықты сөйлемдердің бірнеше мағыналық түрлерін атап көрсетеді [15, 120 б.]:

1. Қатал бұйрықты: *Өшір үніңді!* (Ә.Сәрсенбаев). *Көрсетте көз жасыңды!* (М.Әуезов).

2. Солғын бұйрық: – *Қарындасым, ондай өтірікті айтушы болма!* (Ә.Әбішев).

3. Сес көрсету, қорқыту мәнді бұйрық: – *Балам, жөніңді айтышы!* (М.Әуезов).

4. Өсиет, үндеу мәнді бұйрық: – *Темірді қызған кезде соқ. Жаманнан без, жақсыдан үлгі ал.*

Бұйрықты сөйлем туралы зерттеп, кандидаттық диссертация жазған О.К.Жармакин бұйрықты сөйлемді тек лингвистикалық тұрғыдан емес, сонымен қатар әлеуметтану, психология, логика және семиотика салаларындағы әртүрлі көзқарастармен салыстыра зерттеуге тырысады. Зерттеуші бұйрық рай жасайтын мынадай морфологиялық құралдарды көрсетеді [22, 10-14 бб.]:

1. бұйрық рай;
2. ашық райдың осы шағы;
3. ашық райдың келер шағы;
4. ашық райдың жедел өткен шағы;
5. шартты рай;
6. *-қай/-кей, -зай/-гей* тұлғалы қалау рай.

Сондай-ақ лексикалық деңгейде бұйрық модальділігі толық мағыналы бұйрық рай етістіктер мен бұйрық одағайлары арқылы жүзеге асатынын айтады [22, 15 б.].

О.Төлегеновтің еңбегінде де бұйрықты сөйлемге қатысты біршама ой айтылған. Ғалымның пікірінше, бұйрықты сөйлем істелер іс-әрекет туралы, яғни келер шаққа байланысты айтылады. Сонымен қатар айтушының, сөйлеушінің немесе жазушының еркі әр алуан болып келуі мүмкін, мәселен, бірде көтеріңкі үнде, бірде сыпайылық сақтап, жай ғана белгілі бір әрекетпен жұмылдыруы мүмкін [10, 137-148 бб.].

Бұйрықты сөйлемді мағыналық жағынан топтастыруда көптеген ғалымдардың еңбектерін зерттеп, саралай келе, Б.Жакыпбеков мынадай түрлерге жіктейді:

1. таза бұйрық мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер;
2. ақыл, ұсыныс мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер;
3. шақыру, ұран мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер;
4. өтініш мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер;

Алғыс, қарғыс мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер [23, 23 б.].

Т.Сайрамбаев өз еңбегінде бұйрықты сөйлемге мынадай анықтама береді: «Бұйрықты сөйлем біреуді іс істеуге қосу мақсатымен айтылады. Ондай мақсатпен айтылатын сөйлемдер жалаң бұйрық ретінде айтылмайды, сонымен қатар кісінің еркін, талабын, кеңесін, тілегін, жалынышы және т.б. білдіреді». Бұйрықты сөйлемдердің баяндауыштарының түрлілігіне қарай, сөйлемнің құрамына қарай, олардың мазмұны да әртүрлі болатынын көрсетеді [16, 380-381 бб.].

1. Етістіктің бұйрық райының екінші жағында айтылған сөйлемдер көбінесе бұйрық, талап, кейде үндеу мәнді болады:

– *Тарт тіліңді! Жоғал, көзіме көрінбей! – деп Ысқақ кимелеп кетті* (С.Ерубаев).

2. Бұйрық райдың үшінші жағында айтылған сөйлемдер талап, тілек мәнді болады:

Керімбек малды тез жайлауға айдасын! Бағар көбейсін, шалым (Ғ.Мүсірепов).

3. Баяндауыштары етістіктің бұйрық райында айтылып, оған *-шы/-ші* қосымшасы жалғану арқылы тілек, жалыныш, сыпайы түрде, яғни сөйлемдер I жақта қалау рай мағынасында айтылады:

Келші, қалқам, менің қасыма отыршы! Қарағым, мына баланы риза қылышы!

4. Етістіктің бұйрық, қалау рай тұлғасынан жасалған баяндауыштары бар сөйлемдер ұран, үндеу мағынасында жұмсалады:

Егіс көлемін ұлғайтыңдар, егіншіліктің мәдениетін арттырыңдар, егіннен мол өнім алатын болыңдар!

Бұйрықты сөйлемнің баяндауыштарының жасалу жолдарын профессор Р.Әмірдің еңбегінен толықтай кездестіруге болады [11, 80 б.]:

1. Бұйрық мағыналы баяндауыштарының ішіндегі негізгі тірек форма – етістіктің жалаң екінші жақ бұйрық рай тұлғасы арқылы;

2. Бірінші жаққа қатысты бұйрықты, іс-әрекетке жұмсауды *-айын/-ейін, -айық/-ейік* формалы етістіктен жасалған баяндауыштар арқылы;

3. Ауызекі тілде бұйрық рай мағыналы сөйлем *алғын, келгін* формалы баяндауыштардың қатысуы арқылы;

4. Бұйрықты тұжырымдылау етіп білдіру үшін *алсаңшы, алсаңызшы* түрінде құралған баяндауыштар арқылы;

5. Шартты рай тұлғалы етістікті қатыстырып, бұйрық мағыналы баяндауыш жасау арқылы;

6. Екінші жақ бұйрық райлы форма + *деген соң* + екінші жақ бұйрық рай форма болып құралу арқылы (*Ал деген соң сал*);

7. *-ушы* формалы есімше + *болма* құрамында жасалған баяндауыш арқылы (*Айтушы болма анаған*);

8. Іске жұмсауды тілек, өтініш ретінде айту үшін, *алишы, келші, алайыншы* түрінде құрылған баяндауыштар арқылы;

9. *-айық/-ейік* тұлғалы баяндауышқа сыңар ретінде жұмсалатын *-алық/-елік* арқылы жасалған баяндауыштың көмегімен;

10. Қазақ тілінің жергілікті ерекшелігі ретінде бұйрық мағына білдіретін *алалы, көрелі* (*ал – алы, көр – елі*) тұлғалы баяндауыш арқылы;

11. Ауызекі тілінде ашық райдың келер шақ формасындағы етістікті баяндауыш арқылы;

12. Ашық рай формасындағы *алушы болмасын* күрделі етістігі арқылы бұйрық мағына береді;

13. Келер шақ етістік + *ба, бе* сұраулық шылауы арқылы да бұйрықты сөйлемдер жасалады.

Байқағанымыздай, тілімізде бұйрықты сөйлемдердің мағыналық түрлері, баяндауыштарының жасалу жолдары, синтаксистік құрылымы туралы біршама еңбектер жарыққа шықты. Дегенмен бұйрықты сөйлемнің әр қырынан сөз етуге болатын мәселелері әлі де кездеседі.

Семинар сұрақтары

1. Ғалымдардың сөйлемнің коммуникативтік түрлері жайындағы пікірлері.
2. Хабарлы сөйлем және оның грамматикалық белгілерін атаңыз.
3. Сұраулы сөйлемнің жасалу жолдары мен мағыналық түрлерін атап беріңіз.
4. Лепті сөйлемді жіктеуде ғалымдардың пікірі.
5. Лепті сөйлемнің жасалуы мен мағыналық ерекшеліктері қандай?
6. Бұйрықты сөйлемнің жасалуы мен мағыналық ерекшеліктерін атап беріңіз.

Оқытушы өткізетін өздік жұмыс

1. Көркем әдебиеттен хабарлы сөйлемдерді (10-15) теріп, өз пікіріңізді дәлелдеп беріңіз.
2. Мәтіннен сұраулы сөйлемдерді (8-10) тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.
3. Мәтіннен сұраулы сөйлемдер тауып (10-15), оларды мағыналық түрлеріне ажыратыңыз.
4. Газет-журналдардан лепті сөйлемге мысал іздеп, олардың қолданылуын, мағыналарын, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.
5. Лепті сөйлемге қатысты қорытқан өз пікіріңізді айтып беріңіз.
6. Мәтін ішінде лепті сөйлемі көп кездесетін, эмоцияға толы шағын әңгіме жазыңыз. Осы сөйлемдердің жасалу жолдарын айтып беріңіз.
7. Бұйрықты сөйлемнің әр жасалу жолына мысал келтіріңіз. Мағыналық сипатын ашыңыз.
8. Бұйрықты сөйлемнен тұратын мақал-мәтелдер, өлең жолдарын тауып, олардың жасалу жолын, мағыналық ерекшеліктерін талдаңыз.

Өздік жұмыс тақырыптары

1. Сөйлемнің объективті және субъективті модальділігі.
2. Сөйлемнің коммуникативтік түрлерінің стильдік сипаттары.
3. Сөйлемнің коммуникативтік түрлерінің интонациялық сипаттары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 448 бет.

2. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: «Санат», 1994. – 319 б.
3. Арғынов Х. Жай сөйлем синтаксисінен грамматикалық таблицалар. 24-таблица. – Алматы: «Мектеп», 1985.
4. Сауранбаев Н. Қазақ тілі. Педучилищеге арналған. – Алматы: Қаз. мем.оқу-педаг.бас., 1953. – 219 б.
5. Арғынов Х. Қазақ тілінің методикасы. – Алматы: «Мектеп», 1974. – 295 б.
6. Жұбанұлы Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Ғылым», 1999. – 217 б.
7. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Білім», 2004. – 224 б.
8. Күлкенова О. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1988. – 75 б.
9. Садуақасұлы Ж. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер (етістік бас мүшелі түрлері): Монография. – Алматы: «Білім», 1996. – 202 б.
10. Төлегенов О. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы: «Мектеп», 1968. – 179 б.
11. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқулық. – Алматы: «Санат», 1998. – 192 б.
12. Т.Н.Ермекова «Сөйлемді коммуникативтік мақсатқа сай топтастырудың жаңа үлгісі» // <http://mtdi.kz>.
13. Ж.Д.Рапишева, Ж.А.Тұрлыбекова «Сөйлемнің коммуникативтік типтері жөнінде» // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №1 (69), 2013.
14. Әмір Р. Екінші дәрежедегі коммуникативтік талаптардың құрмалас сөйлемдер жүйесіндегі көрінуі // Жұбанов тағылымы: Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтөбе, 2002.
15. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Арыс», 2008. 592 бет. + 12 бет суретті жапсырма.
16. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі. – Алматы: «Арыс», 2010. – 640 б. + 8 бет суретті жапсырма.
17. Құсайынова Ж.А. Хабарлы сөйлем модальділігі туралы // А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ғылыми журналы. Алтынсарин оқулары – 2009. №3, 339-342-бб.
18. Джусакинова Ш.Қ. Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемнің табиғаты мен стилистикалық ерекшеліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1994.

19. Аманжолов С. Қазақ тілі синтаксисінің қысқаша ғылыми курсы. – Алматы, 1940.
20. Бегәлиев Ғ., Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1944.
21. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі казак тілі. – Алматы: «Ғылым», 1966.
22. Жармакин О. Побудительное предложение в современном казахском языке. – Алматы, 1970. – 200 с.
23. Жакыпбеков Б.Ә. Бұйрықты сөйлемдер және олардың көркем әдебиетте қолданылуы. – Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2002.

2 СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ КОНТЕКСТ

Болмыстағы кез келген құбылыс бір жақты, оқшау болмайды, ол белгілі бір жүйенің құрамындағы, күрделі құбылыс болады. Болмыстың тілдегі көрінісі де осыған сәйкес. Ал хабар алмасушы (коммуникант) қашан да өз сұранысын толық қанағаттандыруға тырысады, яғни, белгілі бір зат я құбылыс туралы мүмкіндігінше толық хабар, мағлұматты қажет етеді. Жан-жақты толық хабар болса бір сөйлемнің мазмұнына көбіне сыя бермейді. Міне, осыдан келіп сөйлемдегі ой да тиянақты бола бермейді. Сөйлемнің контекстке тәуелділігі, синсемантикалылығы осыдан келіп шығады.

Синсемантика – белгілі бір мағынаның өзі сияқты басқа бір мағынамен ұштасуы, ықпалдасуы, өзара тәуелді болуы екенін білдіретін аталым. Осыған орай, сөйлемге байланыстырып сөйлеу фактісі ретінде қарасақ, контекстің ықпалын, яғни, бір сөйлемнің мағына-мазмұнының келесі бір сөйлемнің мағына-мазмұнына әсерін қарастыру міндеті келіп шығады. Мысалмен дәлелдейік:

Жұмабайдың астындағы да сол Құнанбайдікі – Найманкөк деген үлкен ақкөк ат болатын. Екеуі жарыса жөнелгенде, амалсыз егеске түсіп «мен озам, мен озаммен» тепкілесіп созыла берді (М.Әуезов) сөйлемдері құрылымы жағынан аяқталған, интонациясы да осыған сай. Алайда мазмұны жағынан алсақ, олардың олқы, жетімсіз екенін байқау қиын емес. Өйткені ой тиянақталу үшін қажет мағлұмат – Құнанбайдың атын тағы кім мініп келе жатқанын, «екеуі» деген кімдер екенін білу. Ол – мәтінде көршілес басқа сөйлемде тұр. Салыстырыңыз:

Байтастың мінгені – Құнанбайдың қара жас бурыл аты, дәмелі бәйге аттардың бірі еді. Жұмабайдың астындағы да сол Құнанбайдікі – Найманкөк деген үлкен ақкөк ат болатын. Екеуі жарыса жөнелгенде, амалсыз егеске түсіп «мен озам, мен озаммен» тепкілесіп созыла берді.

Басқа сөйлемдерге нұсқап, белгі беріп тұрған екінші сөйлемдегі «да» демеулігі, үшінші сөйлемдегі тәуелдік тұлғада тұрған «екеуі» жинақтау сан есімі екенін байқауға болады.

Демек, сөйлемдегі ой тиянақсыздығын, мазмұнның ашылуына басқа сөйлемнің ықпалы қажеттілігін, сөйлемнің контекстке тәуелдігін көрсетіп тұратын грамматикалық құралдар болады екен.

Қазақ тілінде сөйлемнің синсемантикасының белгілеріне есімдіктер, жалғаулар, демеуліктер, үстеудің кейбір түрлері, кейбір сан есімдер, тәуелдік жалғаулы сөз, қыстырма сөздер, сілтеулік мәні бар кейбір сын есімдер жатады.

Есімдіктер. Қазақ грамматикасында есімдіктің синтаксистік қызметін оның сөйлемнің қандай мүшесінің қызметін атқаратынын анықтаумен ғана шектейді. Шын мәнінде, оның дейксистік (орынбасарлық) қызметі синтаксистік контексте айқындалады.

Адам өз ойын әрқашан бір сөйлеммен ғана жеткізе алмайды. Сондықтан ол мәтін кеңшілігін пайдаланады, ал мәтін, негізінен, бірнеше айтылыс-сөйлемдерден тұрады, ол сөйлемдер бір-бірімен құрылымдық-мағыналық іліктестікте болмаса, коммуникативтік әрекет мақсатына жете алмайды.

Есімдіктердің мағыналық түрлерінің сөйлемге қатысуы арқылы сол сөйлемді тиянақсыз (синсемантикалы) етіп, басқа сөйлемдермен байланыстырып тұрады. Қазақ тілінде бұндай қызметті сілтеу, өздік, сұрау, жалпылау есімдіктері, жіктеу есімдігінің 3-жағы және кейбір белгісіздің есімдіктері атқарады. Есімдіктерді сөйлемдердің бағытына қарай анафоралық және эпифоралық деп екіге бөледі. Анафоралық есімдіктер деп өзінен бұрын тұрған, яғни, алдыңғы контекстегі айтылатын зат я құбылысты, сипатты, нысанды, оқиғаны нұсқайтын есімдіктерді атайды. Ал эпифоралық деп, керісінше, есімдіктердің кейінгі болатын затқа, құбылысқа, нысанға, сипатқа, оқиғаға нұсқауын айтады.

Тілдік фактілермен дәлелдеуге көшейік:

Тегінде, ертекіші, өлеңші не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күннен бергі әдеті еді. ... Ол кей адамның айғыз-айғыз ажымынан, салбыраған ұртынан, қыртыстанған маңдайынан немесе бояуы оңған көздерінен, әр алуан сақал-мұртынан өзінше неше түрлі жанды, сызаты көп сипаттарын көргендей болатын (М.Әуезов).

Бұл екі сөйлемді ұштастырып тұрған – бірінші сөйлемдегі «Абай» сөзінің орнына екінші сөйлемде «ол» жіктеу есімдігінің жүруі. Егер екінші сөйлемді контекстен тыс алсақ, ол сөйлемдегі ой тиянақсыз болар еді, өйткені «ол» кім екендігін біле алмаған болар едік.

Сілтеу есімдіктерінің сөйлемдегі ойды тиянақсыз, контекске тәуелді етуінің және аяқталған сөйлемдерді байланыстыруының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұлар анафоралық та, эпифоралық та бағытты нұсқай алады. Анафоралық сілтеу есімдіктеріне мысал:

*Труба түбіндегі жапырық тас үй – **мехиех**. Бұл - әншейін келешегіне қарай қойылған ат, әйтпесе нобайы түзу бір механизм жоқ. Темір дөңгелектер, шестерняның сынығы, тот жеген кішкентай вагонеткалар, винттер, бірен-саран локомобильдер тағы осылар сияқты ескі-құсқылардан өзге іліп алар ештеңе табылмайды. Ағылшын заманынан қалған мұралардың сиқы **осы** (Ғ.Мұстафин).*

Бұл синтаксистік күрделі бірліктің бірінші сөйлемі мен екінші сөйлемін байланыстырып тұрған – бірінші сөйлемдегі **мехиех** сөзінің екінші

сөйлемде **бұл** есімдігімен қайталанып тұруы. Ал соңғы сөйлемдегі **осы** есімдігі осы сөйлемде алдыңғы сөйлемдерде бейнеленген көріністердің орнын басып тұр.

Мынау, мынадай, былай сияқты сілтеу есімдіктері өздерінен кейінгі болатын мазмұнға, оқиға, құбылысқа сілтейді де, бұл есімдіктер қатысып тұрған сөйлем мағыналық тұрғыдан тиянақсыз болады. Мысалы:

*Бұл оқиға **былай** болған еді. Қай жақтан екенін кім білсін, қыс ортасы ауған соң, колхоз қоймасына бидай келіп түсіріле бастады. ... Әкем екеуіміз бір қап алтын берсең де, таптырмайтын бір пұт бидайды алып қуана-қуана үйге келдік (С.Шаймерденов).*

Сілтеу есімдіктері дербес сөйлемдерді өзі жеке-дара ғана тұрып байланыстырумен бірге, лексикалық я синонимдік қайталаулармен бірлесіп те байланыстырып отырады. Бұндай жағдайда алдыңғы сөйлемдегі сөз, я сөздер келесі сөйлемде нақтылана, дәлелдене қайталанады да, екі сөйлем арасындағы қатыстылық нығая түседі. Мысалы:

Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейінте. Бойы өскен. Қол аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет бейнесі баладан гөрі ірілеңкіреп, бала бозбалалық қалпына бейімденген. Бірақ әлі сол мүсінде үлкендік жоқ. Толық, балғын емес. Сидиып, арықтап, құр созылған сияқты. Күн көрмей өскен, реңі солғын, бойшаң ғана өсімдік бейнелес.

Бұрын қара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. Қазірде қаладан қайтқандық және ауру қосылғандық бар ма, әйтеуір бозғылданған. Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас құйқасы да қылаңданып көрінеді. О да ауырғандық пен күн көзінде болмағандық белгісі.

*Абайдың **осы сияқты қалпына** ендігі мінез машығы да бір алуан боп өзінше үйлесті (М.Әуезов).*

Осы үзіндідегі соңғы сөйлемнің сілтеу есімдігін «осынысына» деп алсақ, жоғарыда көрсетілген тұтас портреттің жалпылануы нақты болмас еді, тіпті, **«осы»** есімдігі қай сөздің орнына жүріп тұрғанын іздеп жаңылысуымыз да мүмкін, ал «осы сияқты қалпы» дегенде жоғарыдағы портрет мазмұны түгелдей қамтылып тұр.

Жалпылау есімдіктің синсемантикалық ықпалы оның өз алдында аталған бірнеше заттар мен құбылыстарды қорытып, түйіндеп тұратын қызметімен байланысты. Оның бір сөйлемді келесі бір сөйлемге тәуелді кылып тұруындағы қызметінің оның сөйлемнің бірыңғай мүшелерін жинақтап тұруынан ерекшелігі сонда, дербес сөйлемде бірыңғай мүшелерсіз келген жағдайда алдыңғы бір сөйлемдегі я сөйлемдердегі заттар мен құбылыстарды, оқиғаны жалпылай қорытып беретіндігінде. Мысалы:

Мен оң қапталда тұрғанмын, қолымды бесатарыма салам дегенше, есім ауып құлап бара жатқанымды білем...

Бір уақытта көзімді ашсам, басым жарылса керек, бетіме, мойныма қан құйылыпты. Әйтеуір, тілеуің бергір біреу басымның жарылған жерін қол орамалмен таңып кетіпті. Денем зіл қара тас, көтертпейді. Қолымды қозғайын десем, артыма қайыра байланған. Бойымдағы қару-жарақтың ешқайсысы жоқ, сыпырып алса керек. Жатқан жерім сыз емес, көкшалғынның іші екен, соған шүкір дедім.

Аздап есім жинала бастады. Әуелі атымды іздедім. Жануар жиырма қадамдай жерде ер-тоқымымен жайылып жүр... Кенет құлағым зарлы үн келді. Сонда ғана етектегі ауылға қарадым. Бағанағы Шалабай айтқан сөздер есіме түсті. **Бәрі** соның бұйрығымен орындалса керек (Б.Тоғысбаев).

Бұл үзіндіде кейіпкердің өзі баяндап отырған жайттар соңғы сөйлемде **бәрі** есімдігімен жинақталып тұр. Соңғы сөйлемнің мазмұны алдындағы сөйлемдерсіз тиянақталмаған болар еді.

Бұлар Тойғанның есігінің алдына келгенде, қараң-қараң біраз адамдар жүр екен. **Бәрі** қаңғыр-күңгір амандасып жатыр (Т.Жандәулет).

Бұл мысалда екінші сөйлем контексте тәуелді, өйткені бұл сөйлемде бастауыш болып тұрған «бәрі» жалпылауыш есімдігі алдыңғы сөйлемнің бастауышы «адамдар» сөзінің орнына жүріп тұр. Демек, бұл сөйлемнің тиянақталуы алдыңғы сөйлемге байланысты.

Келесі мысалда бәрі есімдігі жай сөйлемдегі сияқты ыңғайлас сөздерді жалпылап тұрғандай, оның осы қызметі алдыңғы дербес екі сөйлемді біріктіріп тұр:

Енді бір ауылға Бәйкен келе жатыр деген хабарды естіп, алыс-жақын-дағы ел ағалары мен үлкендері жиналып күтіп отыр екен. **Ішінде кәрісі бар, жасы бар үй тола адам** келгеннен жүз ашып сөйлескен жоқ. Өлікке жиналғандай **бәрі** түнеріп, түйіліп отыр (Б.Тоғысбаев).

Бұл үзіндіде синсемантикалы соңғы сөйлемде **бәрі** есімдігі бірінші сөйлемнің бастауыштары “ел ағалары мен үлкендері” және екінші сөйлемдегі күрделі бастауыш “ішінде кәрісі бар, жасы бар үй тола адам” тіркесінің орнын басып тұр.

Өздік есімдігі тәуелдік тұлғада қолданылатындықтан алдыңғы контекстегі сөйлем құрамындағы зат я құбылыс атауын өзіне «тартып» тұрады. Мысалы:

Қырын қарап отырған **әкесінің** үлкен кесек пішіні Абайға жартылай ғана көрінеді. Түсі суық. Қара сұр жүзіне бозғылданып түгі де шығып алыпты. Жалғыз **өзі** ұзақ сөйлеп отыр (М.Әуезов).

Бұнда соңғы сөйлемдегі өздік есімдігі бірінші сөйлемде ілік септік тұлғасындағы меншіктік анықтауыш болып тұрған сөздің («Әкесінің») орнына жүріп тұр.

Сұраулық есімдік қатысқан сөйлем мағыналық жағынан тиянақсыз болады, оның басты себебі сұраудан адам ойы міндетті түрде жауап ізде-

уінде. Сондықтан бұндай сөйлем сұраудың жауабы табылатын не табылмайтын сөйлеммен тікелей қатысты болады. Бұл – диалогқа құрылған синтаксистік күрделі бірліктерден айқын көрінеді, монологтік баяндауда да кездеседі. Мысалы:

Жуас кім, көп кім, бақ масы есер кім? Ешбірін де ол білмейтін. Өз өмірі, өз үй ішімен, өз айранын ішіп күн кешетін (М.Әуезов).

Адам ойы белгісіздіктен белгілікке, анықтауға ұмтылатыны – даусыз құбылыс. Бұл құбылыс тілдік қарым-қатынас үстінде де бой көрсетіп отырады. Осы тұрғыдан алғанда, **белгісіздік есімдіктер** қатысқан сөйлемдердің де тиянақсыздығын, контекске тәуелділігін байқауға болады, өйткені белгісіздік есімдіктері – заттар мен құбылыстарды және олардың сан, сапа белгілерін, мекен, амал тағы басқаларын анық етіп ашып айтпай, көмескі күйде ғана көрсететін, яғни нұсқай көрсететін нәрселерін нақтылы түрде атамай, белгісіз етіп айтатын сөздер. Мәселен, «*Омардың есіне бірдеңе түсіп кетті*» десек, Омардың есіне нақты не түскенін контекстен табамыз, онсыз коммуникативтік мүддеміз мақсатына жетпейді. Оның үстіне, кейбір белгісіздік есімдіктері тәуелдік тұлғада қолданылып, алдыңғы я кейінгі сөйлемдегі бір сөзбен тікелей байланыста болады да, сол сөйлемсіз тиянақтала алмайды. Мысалы:

***Алқа мүшелері** келеді! **Әрқайсысы** өзіне тиесілі, үйреншікті орындарына жайғасады (А.Х.Мархабаев).*

Бұл мысалдағы соңғы сөйлемнің «әрқайсысы» белгісіздік есімдігінің ықпалымен алдыңғы сөйлемге тәуелді болып тұрғанын көру қиын емес.

Дейтұрғанмен, белгісіздік есімдіктерінің түгелдей сөйлем синсемантикасына ықпал ететіні байқалмайды, байқалса да, көмескі сезіледі. Айта-тердің синсемантикасын байқау қиын. Дегенмен белгісіздік есімдіктерінің дербес сөйлемдегі ойды контекске сабақтастыратын жайттары кездесіп тұрады. Мысалы:

*Бас қолбасының пайымдауыныңша, қазір қазаққа жетіспейтін **бірнәрсе** бар. Ол – сенім (Қ.Жұмаділов).*

Осы мысалдан байқап тұрғандай, белгісіздік есімдік өзінен кейінгі болатын зат пен құбылысқа нұсқап тұрады, яғни эпифоралық дейкисис сипатында. Қарапайым айтқанда, әуелі белгісіз зат я құбылыс беріледі де, кейін ол нақтыланылады. Ой ағымының табиғаты да солай: белгісіздіктен белгіліге, дерексіздіктен нақтылыққа ұмтылады. Сонымен, бұл мысалда белгісіз «бірнәрсе» келесі сөйлемде нақты айқындалады.

Әлдене, бірнеше сияқты белгісіздік есімдіктері қатысқан сөйлемнің синсемантикалық көрінісі, әдетте, көмескі болып келеді. Алайда, контекстен «жоғарыдан төменге» көз жіберсек, ондай сөйлемдердің де тиянақсыздығын байқауға әбден болады.

Демек, есімдіктің орынбасарлық қызметі ол қатысқан сөйлемдер мазмұнын тиянақсыз етіп, мағынасының ашылуын контекстке бағынышты етеді.

Шылаулар. Шылаулардың ішінде жалғаулықтар мен демеуліктер сөйлемнің синсемантикалы екенін, контекстке тәуелді екенін көрсетіп тұрады.

Жалғаулықтардың жай сөйлемдерді құрмаластыратыны белгілі. Ал жалғаулықтың бұндай қызметі, біздіңше, олардың түпкі тегінің есімдіктермен байланысты болуында. Кейбір жалғаулықтардың есімдік негізді екені қазір де айқын көрініп тұр. Дәлел үшін біразын тізіп өтейік. Салыстырыңыз:

– Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулық - әрі (әр-і);

– Қарсылықты мағынаны білдіретін жалғаулықтар – бірақ (бір- ақ), сонда да, әйтсе де (олай етсе де), сөйтсе де (солай етсе де), әйтпесе (олай етпесе) т.с.с.;

– Талғаулықты мағынаны білдіретін жалғаулықтар – біресе (бір - есе), немесе (неме - се), не, бірде (бір - де), кейде (кей - де), яки (иә - кей) т.с.с.

Ал **солай бола тұрса да, солай дегенмен, мұның себебі, олай дейтін себебіміз** т.с.с. жалғаулық орнына жүретін тіркестерде есімдіктердің қызметі басым екені казактілді коммуниканттарға айқын көрініп тұр.

Жалғаулықтардың құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыруы мен дербес сөйлемдерді байланыстыруының арасына теңдік белгісін қоюға болмайды. Дербес сөйлемнің байланысуының синсемантикалығының көрсеткіші ретінде жалғаулықты қолдануда айтарманның/жазарманның субъективті коммуникативтік мүддесі болады. Қарапайым айтқанда, жазушы жалғаулықты жеке сөйлемге жіберіп не бас әріппен жазуында қайтсе де белгілі бір мақсат болады, ал ауызша сөйлеуде сөйлемнің басты белгілерінің бірі интонация құрмалас сөйлем жағдайына қарағанда өзгеше болады.

Халдайлар осы өлкенің негізгі тірегі болғандықтан, Шихалдай кейде аймақта Ши-амбыдан кейінгі екінші адам болып саналатын. Халдайлар және өздерін байырғы шекарашыларымыз деп біледі. Сондықтан комиссия жұмысына олардан да өкіл қатысуға тиіс (Қ.Жұмаділов).

Бұл үзіндінің екінші сөйлеміндегі *және* шылауы осы сөйлемге айрықша назар аудартып, актуалдандырып тұр, оның үстіне осы контексте бұл жалғаулықтың бойында ыңғайластықтан басқа үстеме мағына байқалады әрі осы жалғаулықтың салдарынан бұл сөйлем логикалық жағынан тиянақсыз.

Жалғаулықтарды дербес сөйлемді контекстке тәуелді ету үшін жұмсағанда олардың өздеріне тән мағынасы даралана, айқындала түседі. Осыдан болар, есімдік негізді жалғаулықтар дербес сөйлемде қолданылғанда, сөйлем мүшесінің қызметін атқара алады. Мысалы, жоғарыда

келтірілген үзіндінің соңғы сөйлеміндегі *сондықтан* жалғаулығы өзінің алдындағы контексте берілген ойларды бойына жинақтап тұрғандықтан, «неліктен» деген себеп пысықтауыштың сұрағына жауап бере алатынын байқауға болады.

Басқа да жалғаулықтардың дербес сөйлемді контекст қарамағына осылайша енгізіп отыратынын айқын байқауға болады.

Қазақ тіл білімінде демеуліктердің сөздерді, сөйлемдерді байланыстыру үшін қызмет етпей, өзі тіркескен сөзге қосымша мағына ғана үстейтіні туралы көзқарас қалыптасқан. Ал олардың синтаксистік қызметіне мән берілмей келеді. Әйтсе де олардың (демеуліктердің) «көмекші сөз ретінде басқа сөздермен тіркесіп келуі – олардың синтаксистік қасиетін білдіретін белгілері. Қандай демеулік болса да өзімен тетелес бұрын келетін сөздерге тіркеседі де, сол сөздің құрамына кіреді, сөйтіп сол тіркескен сөзінің немесе сол тіркескен сөзімен бірге бүкіл сөйлемнің логикасына тікелей қатысып тұратындығы» «жеке демеуліктер сөздер, сөйлемдер арасындағы қатынасты білдіру үшін де жұмсалатындығы» [1, 235 б.] туралы ишара тұспал дәрежесіндегі бір-екі үзінді пікір ғана бар, оның өзі тілдік айғақтармен дәлелденбеген.

Байқап қарасақ, демеуліктердің мағыналық түрлерінің өзінен де синсемантикалық сипаттарды көруге болады:

- 1) сұраулық демеуліктер қатысқан сөйлемдер жауапты талап етеді;
- 2) шектік, тежеу мағынасындағы демеуліктер қатысқан сөйлемдер оқиға, құбылыс, зат, сапаның толық аяқталған күйін айтуды да қажет етеді;
- 3) болымсыздық, салыстыру демеуліктері қатысқан сөйлемдерге логика бойынша оппозициялық салғастыру керек;
- 4) күдік-күмән мәнді демеуліктер қатысқан сөйлемдер тиянақталу үшін шындықты іздеу қажет болады;
- 5) күшейту, даралау мәнді демеуліктер қатысқан сөйлем не ненің ішінен дараланып тұрғанын көрсетуді қажет етеді.

Құрамында демеулік бар сөйлемдегі ой көбінесе инерциялы болып келеді, демеуліктер осы арқылы контекстегі екі сөйлемді бір-бірімен қатыстырып тұрады. Мысалы: «*Сендер-ақ барыңдар*» деген сөйлемнен біз тағы біреудің баруға тиісті екенін байқаймыз. Осы хабарды білу қажеттігі туады, демек, бұл сөйлем тиянақсыз. Ал «*Сендер-ақ барыңдар. Қалдыбай үйде қалсын*» деп айтсақ, бірінші сөйлемнің тиянақталғанын көруге болады.

Сұраулық демеуліктің сөйлемнің модальдігіне, предикативтілігіне әсер ететіні белгілі. Ал сұраулық шылаулы сөйлем контекспен, ситуациямен тікелей байланысты пресуппозицияны қажет етеді, басқаша айтқанда, сұраулы сөйлемге не оң жауап, не теріс жауап талап етіледі. Сол себептен бұндай сөйлем синсемантикалы болады. Бұл жайтты, әсіресе,

диалогтан анық байқауға болады (айғақ айқын болғандықтан диалогка мысал келтіруді артық санаймыз). Осындай сипат монологтан да кездесіп отырады. Мына бір ортақ төл сөзбен жасалған бірлікте сұраулық шылау осы сипатта:

Бәжсей намысын қуғандары шын болса, ол намыс, ар деген нәрселер оңай ма еді? Сондай кіршіксіз, шетін ақ нәрсені жермен, қыстаумен емдеуге бола ма екен? Ақыры ол шерудің барлығы осы адамдардың өз жемсауын толтырса, тып-тыныш бола қалады (М.Әуезов).

Бұл үзіндідегі алдыңғы екі сөйлемде беріліп тұрған риторикалық сұрау құпталған, мойындаған реакцияны керексініп тұр, оның іске аспағанын үшінші сөйлем хабарлайды. Сонымен қоса алдыңғы сөйлемдер тиянақсыз интонациямен айтылады. Сондықтан кейінгі сөйлемсіз алдыңғы екі сөйлем тиянақсыз болып табылады.

Сөйлемді контекстке тәуелді ететін құралдардың бірі – шектік – тежеу мағынасындағы **демеуліктер**. Мысалы: «Абай өзін де, айнала жүртты да тегіс ұмытыпты. **Тек қана** түс артынан болған жүрек құйынын аңғарады (М.Әуезов) дегендегі екінші сөйлемдегі **тек қана** демеулігі осы сөйлемдегі оқиғадан бұрын басқа қандай оқиға болғанын білуді талап етіп тұр. Оны бірінші сөйлемнен табамыз.

Күшейткіш-даралау мәнді демеулік **да, де, та, те** сөйлемдегі белгілі бір сөздің мәнін ерекшелеп тұрады да, сол қатардағы ерекшеленбеген сөзді іздетеді. Бұндайда ондай сөз кейде басқа жеке сөйлемде болады. Осылайша бұндай сөйлемдер бір контекстік ортаға кіреді. Мысалы:

Төскейде малы, төсекте басы қосылған қазақ пен қырғыз ел мақтаны болған азаматтарын бөліп-жарған емес. Қырғыз елі қазақ палуаны Қажымұқанға да сондай ықыласты («Қазақ әдебиеті»).

Бұл мысалдың екінші сөйлеміндегі **да** демеулігі бірінші сөйлемдегі «ел мақтаны болған азаматтары» тіркесінсіз өзі қатысып тұрған сөйлемді тиянақсыз әсер етеді.

Әсіресе сөзі белгілі бір сөз табына әлі мықтап таңылған жоқ. Нормативтік грамматикаларда «әсіресе» демеулік қатарында қаралып жүр. Ал демеулікті арнайы зерттеген Ф.Кенжебаева бұны модаль сөздерге жатқызады: «Өйткені модаль сөздер белгілі бір сөзге тіркесе келіп, сол сөздің ұғымына ортақтас болмайды. Модаль сөздердің көпшілігі сөйлемде сөйлеушінің көзқарасын аңғарту үшін келтірілгенімен, басқа сөздерден дауыс ырғағы арқылы да **онашаланып келеді** және **оқшау сөз ретінде** сөйлемде үтірмен бөлініп отырады» (астын сызған біз. – Ж.Ж.) [2, 167 б.].

Күшейткіш үстеу ретінде қаралып жүрген «тіпті» сөзінде де осындай сипат бар. «Тіпті» сөзі де, «әсіресе» сөзі де күшейткіш мағынаға ие. «Тіпті» сөзі де, «әсіресе» сөзі сияқты модальдік қыстырма түрінде қолданылады. Сондықтан бұларды әртірап сөздерге жатқызған жөн болар

еді. Қалай десек те, бұл сөздердің синтаксистік қызметінің бірі – сөйлем синсемантикасының белгісі болу. Мысалы:

Адам пішіні әрдайым бұған бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін. Әсіресе, ажымы мол үлкендер пішіні бір қызық хикая тәрізді (М.Әуезов).

Бұл үзіндінің **әсіресе** демеулігі қатысқан сөйлемі өзін басқа бір сөйлеммен салғастыруды қажет етеді. **Әсіресе** демеулігі қатысып тұрған сөйлемдегі ой контекстегі басқа ойлардан гөрі күшейтіліп айтылады, ал осының күшейтпелі дәрежесін білу үшін, алдыңғы сөйлемнің мазмұнын білуіміз керек.

Төменде келтірілген мысалда **тіпті** үстеуі жоғарыда келтірілген үзіндідегі **әсіресе** демеулігі сияқты қызмет атқарады:

*Ал «Қарауыл биігі анау, жасырын жырасы мынау» деген Есембай-Найзатастар болса, ол Абайдың өз ауылының аса мәлім қоныстары... **Тіпті** былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде дәл осы қоныстан, Есембайдан, кеткен болатын (М.Әуезов).*

Септеуліктердің сөйлемді синсемантикалы ету қызметі пресуппозиция құбылысымен байланысты. Тіл білімінде пресуппозицияның екі түрі айқындалған: прагматикалық пресуппозиция және логикалық пресуппозиция. Прагматикалық пресуппозиция сөйлеушінің дара тезаурусының (сөйлеушінің өзіндік сөздік қорының) құрылымын білдірсе, логикалық пресуппозиция сөйлемдер арасындағы семантикалық қатынастарды білдіреді.

Пресуппозиция ұғымы контекст және ситуация ұғымдарын қамтиды. Өзбек тілінің маманы А.Нұрмановтың айтуынша, пресуппозиция – ашық түрде айтылған я жазылған немесе ойдағы сөйлем. Ал сөйлем пресуппозициялық қызмет атқару үшін керек құралдар – демеуліктер, септеуліктер, үстеулер. Пресуппозицияға логикалық екпін түседі, демек, ол актуалды мүшелеумен байланысты. Зерттеуші пресуппозиция бір-бірімен жуық және ассоциативті байланыста болатын ұғымдар, қарсы мүшелер (протоивочлены) арқылы айқындалатындығын айтады [3]. Әр сөйлемде тұратын бұндай мүшелер арқылы дербес сөйлемдер бір-бірімен жұптық, қарсылықты, салыстырмалы қатынаста болады да, бұндай сөйлемдер бір-бірінсіз не эксплицитті, не имплицитті күйде синсемантикалы болады. Сонда, кей септеуліктер қатысқан сөйлемдер басқа бір сөйлемдерді ойға түсіреді, яғни ассоциативтік (имплицитті) сөйлемсіз бұл сөйлем тиянақсыз болар еді. Ондай септеуліктерге **тысқары, басқа, бірге, емес, түгіл** септеулік шылауларын жатқызуға болады. Мысалы: «Сенен басқасы болды» деген сөйлемнің пресуппозициясы – «Сен болмадың», «Асан емес Үсен келді» сөйлемінің пресуппозициясы – «Үсен келді». «Асан ғана емес, Үсен де келді» сөйлемінің пресуппозициясы – «Асан келді».

«Оқудан тысқары жұмыс істеді» сөйлемінің пресуппозициясы – «Оқуды да оқыды».

Осындағы бірінші сыңар сөйлемдер екінші сыңар болмаса (я ашық түрде, я ойда) тиянақсыз болар еді. Демек, септеуліктердің де сөйлемді контекске тәуелді етуінде потенциалды ықпалы бар екенін әбден байқауға болады.

Үстеулердің бәрі бірдей сөйлемнің синсемантикасының хабаршысы бола бермейді, болған күнде де үстеудің бұл қызметі көмескі байқалады. Тек кейде тілдік түйсік көмегімен үстеу қатысып тұрған сөйлемнің синсемантикасы контекстен байқалып қалады. Мысалы, төмендегі келтірілген контекстегі «әдейі» мақсат үстеуі қатысып тұрған алғашқы сөйлемнің синсемантикасы үстірт оқыған бетте бірден байқалмайды. Ал бұны сөйлеудегі айтылыс ретінде қарасақ, адам ойында «әдейі келмесе, не үшін келген екен?» деген сұрақ туады да, ой тиянақсызданады. Кейінгі бөлікті оқығанда барып, бірінші сөйлемдегі ой «әдейі» сөзінің абстрактылы мәні нақтыланады. Салғастырыңыз:

Қазақ жеріне әдейі келгенім жоқ. Ресейде төңкеріс болып, патшаны түсірген соң, өзара екі жарылып, ел билегенге таласқан соң, үкіметті қара жұмысшы мен қара солдатты жоқтаған большевиктер алып кеткен соң, біздер, орыстың шын ұлдары, құл-құтанға бағынбаймыз деп соғысып жеңіліп, қашып келіп отырмыз (Ж.Аймауытов).

Біздің байқауымызша, бұндай қызметті көбінесе есімдіктен жасалған үстеулер мен мезгіл үстеулері атқарады. Мезгіл үстеулері есімдіктен жасалған үстеулер сияқты орынбасарлық қызмет атқармайды, олар әр жеке сөйлемдегі байқалатын оқиғалардың уақыт жағынан бір ізді, жүйелі, жалғасты екенін білдіру үшін қолданылады, осы себептен мезгіл үстеулері қатысқан сөйлемдер сол сөйлемдегі ойды басқа сөйлемдегі оймен салғастыруды қажет етеді де тиянақсыз болады. Мысалы, төмендегі үш сөйлем бірінсіз бірі тиянақталмаған болар еді:

***Әуелі** қайдағы бір зымыран Ғарыштық қабылдау орталығына хабар-ошар салмай, Тістінің тартылыс өрісіне кірді де кетті. **Сосын** ештеп төмендеп, планетаның ең тұйық орбитасына түсіп алды. **Енді** оған не басқа жаққа ұшып кету, не Тістіге өз бетімен көну жоқ (А.Мархабаев).*

Қайта, керісінше бейне үстеулері контексте іс-қимылды сипаттамай, модальдік мағына үстейтін жайттар кездеседі. Мұндайда олар қатысып тұрған сөйлемдегі ой тиянақталу үшін ол сөйлемді өзімен көршілес басқа сөйлемдердегі оймен, оқиғамен салыстыруға тура келеді, яғни, бұл үстеулер сөйлемді контекстке бағынышты етеді.

Ыққан, жасқанған момындық пішіні қазақ жүзінде жоқ. Оны қалай тесірейе қараса да, ұлық көздері таба алған жоқ. Қайта, көпшілікте

қолдан жасаған сыртқы момындықтың ар жағынан айқын көрініп тұрған кекесін мазақ, нығыздық белгісі бар (М.Әуезов).

Үстеулер қатысқан сөйлемдегі ой көршілес бір сөйлем ғана емес, үлкен контекст арқылы да тиянақталатын жайт болады.

Қыстырма-модаль сөздер. Сөйлемді контекстке бағынышты етудің өнімді тәсілінің бірі — қыстырма-модаль сөздерді қолдану. Қыстырма сөздердің сөйлемде айтылған ойға айтушының көзқарасын білдіретін түрі де, ойларды қорытындылайтын қыстырмалар да сол сөйлемде берілген ойдың басқа сөйлемге қатыстылығын көрсетеді, коммуникантты контекстегі әр сөйлемде айтылған ойларды салғастыруға жетелейді. Сондықтан ондай сөйлемдер тиянақты болмайды. Қарапайым түрде айтсақ, “меніңше” болса, басқаның пікірінше қалай екен, “біріншіден” болса, екінші, үшіншіден қалай екенін білу қажеттілігі туады. Мұны қыстырма сөздердің әр түріне байланысты төменде келтірілген контекстердегі айрықшаланған сөйлемдерді көршілес сөйлемдермен салғастыру арқылы байқау қиын емес. Мысалдар:

1. ... қонақ сыйлау — жеке адамның кісілік қасиетінің қандай екенін ғана көрсетіп қана қоймайды. Сонымен бірге ұлттық психологияны да анықтайтын құбылыс. Бір елде ерлік деп саналатын оқиға — екінші елде күнделікті тіршілікте аяқ басқан сайын кездесе беретін жай нәрсе. Бір елде ұят деп саналатын істің екінші елде ұят саналмайтынын байқауға болады. Әр халықтың дүниетанымы әрқилы. Әйтпесе жаны-құты қалмай жүрген мадияр жазушысын сараң дей алмайсың. Асылы, есебі жоқ қонақасыға келгенде қазақтар алдына жан салмайтын болса керек (С.Шаймерденов).

2. Оның үстіне Серәлинде екінші бір мамандық та бар еді. Ол күніне он кісіге пәтер тауып бере алады, жүз кісіге шетелден келген костюм, пальто тауып бере алады. Поезда бір орын жоқ деп тұрғанда, Сабыр жиырма кісіні мінгізіп жібере алады. **Қысқартып айтқанда, Сабырдың жалғыз өзі — адамға керек нәрсенің бәрін тауып беретін бір комбинат** (Ғ.Мүсірепов).

3. Ояз жиналысына Кенжегара Игілік үйіне соға жүрді. Ескі дәстүр бойынша сайланған болыс ояз бастығына сыйлық апару керек пе, жоқ па? **Ең алдымен, осыны білгісі келді. Екінші, өзінің болыс сайланған тойына шақырылмаған әкеден кешірім сұрау керек болатын шығар деп еді** (Ғ.Мүсірепов).

4. Қарап тұрсақ, Аралға төнген қауіпті бірінші сезініп, алдымен аттандаған қаламгерлер екен. Әрине, арнаулы ғылыми мекемелер Арал теңізінің құруға біржөла бет алғанын білген, оған дәйектемелері де мол болған (“Қазақ әдебиеті”).

Сан есімдердін контекстегі синсемантикалық қызметі дегенде біз мынадай жайттарды байқадық. Бір контекст аясындағы алдыңғы сөйлемде

заттың я құбылыстың тұтас саны көрсетіледі де, кейінгі дербес сөйлемдерде ол таратыла, санамалай айтылады. Осылайша олардың мән-мазмұны бір-біріне өзара тәуелді болады. Бұндайда кейінгі сөйлемдердегі сан есімдер тәуелдік тұлғада қолданылады. Мысалы:

Бір күні бие ағытар уақытта ауылдың сыртындағы төбешікте құпия сөйлесіп үш кісі отыр еді. Оның бірі – мағлұм Сәрсенбай, екеуі – сол елдегі атқа мініп жүрген, ел арасы тыныш болғаннан даулы, сөзді болғанын артық көретін пысықшалау адамдар еді (М.Дулатов).

Ол кісінің ел ішінде үш артық қасиеті болатын. Бірі – жүзгіштігі. Біздің «Күздік» деген қолды ортасынан жүзіп өткен. Екіншісі – құралайды көзге атқан мергендігі. (С.Шаймерденов).

Кейде алдыңғы бір сөйлемдегі көптік мәнді сөз кейінгі сөйлемде жеке-кеңе, таратыла сан есіммен ауыстырылады. Бұнда да сан есімдер тәуелдік тұлғада қолданылады. Мысалы:

Амал не, олардың бір де бірі қолдарында қалмады. Бірі күйеуінің, екіншісі әйелінің соңына еріп жан-жаққа тарап кетті (С.Мәмет).

Кейде алдыңғы сөйлемде санауға келетін заттар мен құбылыстар жеке-жеке аталады да, кейінгі сөйлемде олардың орнына жинақтау саны ғана айтылады. Осылайша кейінгі сөйлемнің семантикасы алдыңғы сөйлемдерге не іргелесіп тұрып, не алшақ тұрып тәуелді болады. Мысалы:

1. Күн төмен түскенде, болыс пен тілмаш келді. Екеуі де ат соғып, күнге күйіңкіреп келген екен (С.Сейфуллин).

2. Бәйділданың әкесі Қосшығұлдан: Кәлер, Кәсен, Әлен, Әлмен, Әбділдә, Байділдә атты алты ұл туған. Кәсені зана ерте өлген, өзгесі, біз көргенде тірі, Қосшығұлдың тірі бес баласының бесеуі де өте зор денелі адамдар... Шаруасы шағын үй болғандықтан кейінгі төртеуі үнемі жалшылықта жүреді (С.Мұқанов).

3. Артында қалып, майырға ерген лаушыдай қашанғы текіректтейміз. Бұл қорлықты көргенше кел, Жұмеке, біз де аттың басын қоя берейік, - деп Байтас бұрыл атты ағыза жөнелді. Жұмабай да еріксіз шапты.

Аздан соң Абай бұларды тосып алып, енді үшеуі бірдей ұзақ-ұзақ жарысуға айналды.

Қорықтан шыққалы таңертеңнен бері бөгелместен тартқан үш салт атты аттарын қан сорпа қылған қалтында кешкі екінді кезінде Қолқайнардағы Құнанбай аулына, Абайдың өз шешесі Ұлжан отырған аулына кеп жетіп еді (М.Әуезов).

«Бір» сан есімі контексте өзінің есептік, сандық мағынасынан ауытқып қолданыла беретіні белгілі, яғни лексико-семантикалық жолмен басқа сөз таптарына тән топтарға ауыса алады. «Бір» сан есімінің осындай тәсілмен сандық ұғымды да сактай отырып ауысатын қызметі – есімдікке тән қызмет. Бұл сөз контексте заттық ұғымдағы бір сөзбен

(оқиға, жайт, нәрсе т.с.с.) тіркесіп белгісіздік, сілтеулік, сандық мағынаны бойына жинай отырып, өзі қатысып отырған сөйлемнің мағынасын кейінгі тұрған сөйлемдерге сілтеп, тәуелді етеді. Кейінгі сөйлемдерде осы сөйлемнің белгісіз элементі түсіндіріліп, белгіліге айналады және кейінгі сөйлемнің мазмұны «бір» сандық ұғымының аясына сыйып тұрады. Мұны төмендегі үзінділерден көруге болады.

1. *Сөзімізді бастамастан бұрын басын ашып алар бір мәселе бар. Әуелі соған тоқталайық... Сонда еліміз қай бағытты ұстау керек: Батыс бағытын ба, Шығыс бағытын ба? Біздіңше, ортасын іздеген дұрыс («Егемен Қазақстан»).*

Кейде алдыңғы сан есім мен ол тіркескен сөз сол сөйлем семантикасы тиянақталу үшін өзінен кейін бірнеше синтаксистік күрделі бірлікті (абзацты) талап ететіні де болады.

Сын есімдер (есімдіктен жасалғаннан басқасы) сөйлемді контекстке тәуелді, синсемантикалы ете алмайды. Іздену нәтижесінде біз сілтеулік (дейкисис) мәндегі бірді-екілі сын есімнің синсемантикалық белгі болу қасиеті бар екенін байқадық. Олар – «аталмыш», «жаңағы», «манағы» сияқты сын есімдер.

Еврейлер осыдан отыз ғасыр бұрын тарих сахнасына аммонит, моабит, ассирия, вавилон т.т. халықтармен қатар шықты. Аталмыш халықтар өзге мәдениеттер астында жаншылып жоқ болды да, аман қалғаны – біз (М.Қабанбай «Ана тілі»).

Бұл мысалды соңғы сөйлеміндегі «аталмыш» сөзі алдыңғы сөйлемдегі «аммонит, моабит, ассирия, вавилон» деген сөздердің орнына жүріп, ой ағымын ұштастырып, өзі құрамында тұрған сөйлемнің синсемантикасының айқындалуын алдыңғы сөйлемге тәуелді етіп тұр.

Біздің ауылда орман қорышысы Хамит деген тұрды... Әкем жаңағы орманшымен дос болатын (С.Шаймерденов).

Бұл жерде екінші сөйлемдегі жаңағы сын есімі бірінші сөйлемдегі «біздің ауылдағы Хамит» деген сөздердің орнын ауыстырып тұр, екінші сөйлемдегі «жаңағы» сөзінің айқындалып, анықталуы бірінші сөйлемнің лексикалық құрамына байланысты.

Сөйлем синсемантикасының бір көрсеткіші – **тәуелдік жалғаулы сөзді** қолдану. Бұндайда тәуелді тұлғадағы сөздің ілік септігінде тұруға тиісті «иесі» басқа сөйлемде тұрады да, бұл сөйлемнің мағына-мазмұн жағынан толығыуы басқа көршілес сөйлемге байланысты болады. Мысалы:

Түнделетіп жаяу-жалты келе жатқан өзінің әйел екенін Едіге бірден білді, білді де, сірә, тегін емес-ау деп шамалады. Ақыры, айтқаны келді (Ш.Айтматов).

Үзіндідегі екінші сөйлемде тұрған «айтқаны» тәуелдік жалғаудағы сөз бірінші сөйлемдегі бастауыш «Едіге» сөзімен тікелей қатысты.

Бір сөйлемнің құрамында сол сөйлемнің өзінің мазмұн-мағынасының ашылуын, ойдың тиянақталуын контекстегі басқа сөйлемдерге қатысты ететін бірнеше синсемантикалық белгілер қапталдаса келеді және ол белгілер әртүрлі сөз табынан болуы әбден мүмкін. Бұндай жайт қазақ тілі мәтіндерінде жиі кездесіп отырады. Мысалдар:

Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған (А.Байтұрсынұлы).

Бұл мысалдағы асты сызылған сөйлемде үш синсемантикалық көрсеткіш қапталдаса келген: осы (сілтеу есімдігі), үшеуі (сан есім, тәуелдік, жалғаулы сөз) және де (демеулік шылау).

Островский шындықты сүйген адам. Сондықтан оның барлық шығармалары шындыққа арналады. Оның жазған пьесалары сол кездегі қараңғылық басқан Ресейдің күңгірт өмірін суреттеді. Патшалы Ресейдің зұлымдығын әшкерелеп жазды. Оның шығармалары тараған жерге қоғам мүшелерінің сезімі оянып үкімет орындары мен көпшіліктің арасында келісімсіз қайшылықтар туа бастады. Әрине, ондай пьеса чиновниктер үшін керегі жоқ (Б.Бұлқышев).

Бұл бірліктер синсемантикалық көрсеткіштер араласа келген екі сөйлем бар (асты сызылды): оның алғашқысында «сондықтан» жалғаулық шылауы мен «ол» есімдігі болса, кейінгісінде «әрине» қыстырма сөзі мен «ол» есімдігі сөйлемді тиянақсыз етіп тұр.

2.1 Сөйлемнің толымды – толымсыздығы

Тіл білімінде толымды және толымсыз сөйлемдерді белгілі бір тиісті сөйлем мүшесінің я мүшелерінің қатысу-қатыспауына байланысты ажыратып жүр. Сондықтан мүшеленбейтін сөйлемдерді (сөз-сөйлем, атаулы сөйлем т.б.) толымды-толымсыз деп бөлуге келмейді. Толымды және толымсыз болып келетін сөйлемдер – біркұрамды (бір негізді) және косқұрамды (екі негізді) сөйлемдер.

Осы тұста біркұрамды (бір негізді) сөйлемді толымсыз сөйлем типіне жатқызу керек пе, жатқызбау керек пе деген мәселе шығады. Бұл мәселе турасында орыс тіл білімінде карама-қайшы, алуан түрлі пікірлер көп. Сол пікірлердің ізімен жүріп өткен қазақ тілі синтаксисінің маманы Ж.Сәдуақасұлының кей пікірлеріне ден қоюға болады, біркұрамды сөйлемдердің толымды-толымсыздығын айқындауда ғалымның пікірлерін тұғыр етуге болады. Атап айтқанда:

1. ол (толымсыз сөйлем – Ж.Ж.) – бас мүше ғана емес, кез келген мүшенің түсірілуімен байланысты;

2. сөйлем мүшесінің түсірілуі контекст, ситуация, стильдік құрылымға байланысты;

3. толымсыздық косқұрамды сөйлемге де, бірқұрамды сөйлемге де тән;

4. толымсыз косқұрамды сөйлемдерде бас мүше (негізінен, бастауыш әдейі стильдік мақсатта) түсіріледі. Ал бірқұрамды (негізінен белгілі жақты) сөйлемде бастауыш әдейі айтылмайды немесе бастан болмайды, сөйлем бастауыштың арнайы сөзбен берілуін қажет етпейтіндей дәрежеде әбден тұрақталып қалыптасқан болады;

5. контекст пен ситуация толымсыз сөйлем мен бірқұрамды сөйлемнің аражігін ашу үшін емес, толымсыз және толымды сөйлемдердің аражігін ашу үшін ғана негіз етіп алыну қажет [4, 26 б.].

Демек, бірқұрамды сөйлемдер де, косқұрамды (екі негізді) сөйлемдер сияқты толымсыз бола алады. Бірқұрамды сөйлем мен косқұрамды сөйлемнің айырма белгісі субъект-предикаттық қатынаста. Ал сөйлемнің толымсыздығының субъект-предикаттық қатынасқа ықпалы жоқтың қасы екенін есептесек, бірқұрамды сөйлем мен толымсыз сөйлемнің аражігін ашу аса қажетті де еңбек емес. Осы тұста А.Н.Кононовтың: “Бірқұрамды сөйлемдердің толымсыз сөйлемдерден өзгешелігі сол, бірқұрамды сөйлемдерде “жетпей” тұрған тұрлаулы мүше контекстен де, сөйлеу жағдаятынан да білінбей тұрады” - деген пікіріне ден қоясыз [5, 506 б.].

Сөйлемде ойға қатысты мүшенің қатысып тұрғанын, қатыспай тұрғанын айқындау қиын, бұл көбіне дерексіздікке әкеп соғады. Өйткені контекстен тыс алынған сөйлемнің толымды немесе толымсыз екені белгісіз болады, оны анықтау, тіпті, мүмкін емес. Осы тұрғыдан алғанда, біз “толымды” сөйлем деген ұғымның өзін шартты, салыстырмалы деп санаймыз. Тіпті, «Шындық салғастыру арқылы танылады» деген ақиқатқа сүйенсек, «толымды сөйлем» сөйлемнің толымсыздығын анықтау үшін салыстыру қажеттігінен туған аталым ба деген ойға қалуға әбден болады. Оның үстіне ой қисынымен парықтасак, шын мәнінде сөйлем толымды болу үшін оны тындап қабылдаған адам ойында шешілмеген сауал қалмаса керек, нақтырақ айтсақ, тілде неше сұрақ болса, соларға түгелдей жауапты сол бір сөйлемнің бойынан тапсақ керек қой. Бұл, тіпті, жүзеге аспайтын қиялдай нәрсе.

Сөйлемнің ішінде, орамды тіл тұрғысынан - ой жалғастығы тұрғысынан қарасақ, “бос” орын қайдан пайда болғанын, сөйлем мүшелерінің орны неге байланысты екенін айқындауға болады.

Сөйлемде “бос” орын қайдан пайда болатынын білу үшін сөйлемді коммуникативтік тұрғыдан талдау керек. Контекстегі белгілі бір сөздің сол сөйлемнің құрамында көрінбеуі сол сөйлемдегі рема қызметін атқарып тұрған мүшелердің мән-маңызын арттырады. Сондықтан да сөй-

лемді толымсыз етіп құрау - айтылыстың коммуникативтік орталығын анықтаудың басты жолының бірі.

Толымсыз сөйлемдердегі тиісті мүшенің я мүшелердің қатыспай тұруының екі себебі бар: контекст және ситуация (жағдаят). Басқаша айтқанда, түсіп қалған мүшені контекст немесе ситуация арқылы тауып қоя аламыз. Мысалы:

Өз мінезін өзі түсіне алмай Ажар әуре. Бір жағынан, Арыстансыз ел аңырап тұрған сияқты, екінші жағынан, Ажардың күні-түні тілегені – Арыстанға ұшыраспау.

“Не бетіммен! — деп ойлай бастайды да, ар жағы жастықты жуған көл-көсір ыстық жасқа апарып соғады (Ғ.Мүсірепов).

Бұл үзіндіде көзге анық көрініп тұрған толымсыз сөйлем - “Не бетіммен” - ремалық қызмет атқарып тұр. Жетіспей тұрған мүшені контекстен ойша орналастырамыз: “Не бетіммен Арыстанға ұшырасамын”.

Сөйлемнің толымдылығы мен толымсыздығын шендестіруге бола ма? Біздіңше, бұлар кереғар құбылыстар емес, алайда бір-бірімен байланысты, орамды сөйлеу үстіндегі кезеңдер, өйткені толымды деген сөйлемнің өзінің мәтін көлемімен алғанда әлдеқайда толымсыз екенін байқауға болатын жайттар жиі кездеседі. Сөйлемнің толымдылығы да, толымсыздығы да абсолютті емес, салыстырмалы түрде алынған ұғым деп қарау жөн. Өйткені сөйлемге құрылымдық қана емес, коммуникативтік тұрғыдан қарасақ, қарым-қатынас үстінде адам кез келген зат не құбылыс туралы бар керегінше толық хабар, мағлұмат алуға тырысады. Ал мұндай барынша толық хабарды бір сөйлемнің ішіне сыйғызу қиын, тіпті, мүмкін емес. Сондықтан толымды хабар, негізінде, синтаксистік күрделі бірлікпен, мәтінмен тиянақталады. Мысал үшін С.Шаймерденовтің мына бір этюдтік әңгімесін сөйлемнің толымды-толымсыздығы жағынан талдап көрейік:

Қызылорда облысының Қармақшы ауданын аралап жүріп бір жігітпен кездестім. Еңгезердей, шойын қара. Көзі қып-қызыл. Мұрны бетіне мүлде батып кеткен. Ал құлағы... шынымды айтсам, бір құлағы орнымен мүлде жоқ. Ұстарамен орып тастаған секілді. Білмекке құмарлықтың үстем болғаны соншалық, жаңа ғана таныс жігіттен сұрауыма тура келді:

-Ау, жігітім, бір құлағыңыз қайда?

Жігіт қипақтаңқырап қалды. Ол үшін жауапты екінші біреу беріп жатыр:

-Туа солай.

Жұрт ду күлді. Жігіттің өзі де күлді.

-Ә, бұл бір хикая ғой, - деп күмілжиді. Сірә, ұялатын сыңайы бар секілді.

Кейін білдім, оқиға былай екен:

Мына Шойын қара өзінің көптенгі досы Мағаумен отырып арақ ішітті. Шойын қара таудау да, ал Мағау болса шынашақтай-ақ. Соған қарамастан екеуі әлденеге келіспепті де жанжалдасқан. Жанжал аяғы төбелеске ұласқан. Мына Шойын қара қойсын ба, Мағауды көтеріп алып ұрған зой. Бірақ шақар Мағау қарап жатпапты. Оңтайына келген бір сәтте Шойын қараның құлағын қыршып алып түкіріп тастапты. Істің насырға шапқанын байқаған жұрт екеуін айырып, Шойын қараға кеңес бермей ме:

-Мына құлақты ал да, ауруханаға шап. Жамататын бол! Шойын қара көнер емес:

-Құлақ маған айғаққа керек! Мен бұл иттің баласын түрмеге жаптырамын.

Ертеңіне мастықпен бірге ашу да тарқайды. Түгендесер болса, кім кімді түрмеге жаптырады, ешкімнің көзі жетпейді. Ақыры ескі достар қайта табысып, ауруханаға барса, құлақ өліп қалған...

Арақ шіркіннің арандатар жері көп-ау (С.Шаймерденов).

Осы мәтіндегі бірінші сөйлем 2, 3, 4, 5, 6 - сөйлемдерге қарағанда толымды. Алайда 1-сөйлемнің хабарымен оқырман қанағаттанбайды: жігіт қандай екен (анықтауыш анықталушыны қажет етеді), оны оқырман кейінгі 2,3,4,5,6 - сөйлемдерден табады. Ал 5-сөйлемнен бастап тағы бір “жұмбақ” шығады: “құлағының жоқ болу себебі”. Оның жауабы кейінгі контексте тұтас синтаксистік күрделі бірлік түрінде берілген.

Сөйлемдердің толымды, толымсыздығын шендестіре отырып, біз “толымды” сөйлемдерде, толымсыз сөйлемдерге қарағанда, синтаксистік байланыстардың айқындылығын, мағыналық жағынан неғұрлым тиянақтылығын байқаймыз. Бірақ толымды сөйлем ойды түсінікті етіп жеткізуге әрқашан икемді бола бермейді. Мәселен, қарым-қатынас үстінде әр сөйлемді толымды етуге тырысу көпсөзділікке, түсініксіздікке әкеп соғар еді. Сондықтан орамды тілде толымды сөйлемнен гөрі толымсыз сөйлем икемді болғандықтан, солар жиі қолданылады.

Сөйлем контекстен тәуелсіз тұр дегеннің өзінде, акпараттық-семантикалық жағынан толық дегеннің өзінде құрылымдық жағынан толымсыз болуы мүмкін. Айталық, “Бар жақсымыз - балаларға”, “Өрелі іске - өскелең талап” сияқты сөйлемдер мағына жағынан тиянақты, оқырманға айтылар ой контекссіз де түсінікті делік. Ал құрылымы жағынан бұл сөйлемдер толымды емес, екеуінде де баяндауыш түсіріліп калып тұр да, оның мағыналық жүгін барыс септігіндегі “балаларға”, “іске” деген жанама толықтауыштар көтеріп, түсіп қалған баяндауышқа тұспалдай нұсқап тұр. Бұл тұспалды сөзді, әрине, ситуациялық контекст, экстралингвистикалық контекст арқылы сезініп түсінеміз, қарапайым айтқанда, қоғамдық құбылыстардан, үрдістерден хабары бар адам “бар жақсыны балаларға арнау керек” екенінен, “өрелі іске өскелең талап қойылуы ке-

рек” екенінен хабардар болғандықтан бұл сөйлемдерді толықтай түсінеді.

Ал кейбір сөйлемдер құрылымы жағынан толық болады: бастауыш, баяндауышы берілген, тұрлаусыз мүшелері де бар. Мысалы: “*Ол су үшін отыр.*” деген сөйлем осындай сипатта, тіпті, тілдік мағынасы толық, ал сөйлеу, орамды тіл мәнісі тұрғысынан алғанда, контекске тәуелді, тиянақсыз (“ол” есімдігі лексикалық жағынан нақтылануы керек). “*Асқар кітап оқыды*” деген сөйлем құрылымы жағынан да, мағынасы жағынан да, дәстүрлі теорияға сүйенсек, толымды сөйлемге жатқызылады. Ал “*Асқар қандай кітап оқыды, қалай, қашан оқығанын*” білгісі келген коммуникантка бұл сөйлем, әрине, толымсыз болады. Сондықтан бұл сияқты сөйлемдерге коммуникативтік тұрғыдан, орамды сөйлеу, контекст тұрғысынан қарауымыз керек.

Орыс тілі синтаксисінің маманы А.М.Пешковский толымды, толымсыз сөйлемдерді айырудың өзіндік жолын ұсынды. Ғалымның көзқарасы мынадай жағдайларға келіп саяды: сөйлемнің кез келген мүшесі өзі міндетті түрде басқа мүшеге жетектеле отырып, басқа бір сөзді, “мүшені” өзіне бағынуды қажет етіп отырады. Міне, осылайша синтаксистік байланыстың үзілмеуі сөйлемді толымды етеді [6, 403 б.]. Бұл - сөз тіркестерінің сөйлемге дайын тетік ретінде кіруінің көрінісі. Бұған “*Асқар кеше кітап оқыды*” деген сөйлемді мысалға келтіруге болады. Осы сөйлемдегі “кеше” пысықтауышын түсіріп тастап оны қабылдаушының коммуникативтік мүддесіне қалдырсақ, диалог түрінде сөйлем былай болып шығар еді:

2. *Асқар қашан кітап оқыды?*

-*Кеше.*

Осы диалогтегі бірінші сөйлемде синтаксистік байланыстың үзілісі жоқ. Ал екінші сөйлемде ондай үзіліс айқын көрініп тұр. Бірақ жетпей тұрған мүшелерді, бұл сөйлемдегі үзілген байланысты алдыңғы сөйлемнен тауып аламыз. Сонда, бірінші сөйлем толымды болып танылады да, екінші сөйлем толымсыз болып есептеледі.

А.М.Пешковский ұсынған “синтаксистік байланыстың үзілмелігін” анық көрсету үшін “*Мен - үйге, ол - жұмысқа кетті*” деген құрмалас сөйлемді алуға болады. Осы сөйлемнің бірінші сыңарын талдасақ, “мен” бастауышының келесі сөйлемдегі баяндауышқа қатысты болып, сол арқылы “толып” тұрғанын байқауға болады. Демек, бірінші сөйлем — толымсыз, екіншісі, онымен салыстырғанда, толымды.

Толымсыз сөйлемдердің толық сипатын беру үшін тілдік семантика мен байланыстырып сөйлеу (орамды тіл) семантикасын ажырата білудің маңызы зор. Мәселен, тілдік семантика тұрғысынан алғанда, сөйлем ішіндегі синтаксистік байланыстың үзіліп қалған жерін “жалғауға” болатын жайттар бар. Мұндай толымсыздықтың “бос” тұсын сөйлем мү-

шелерінің, сөз формаларының мағынасы арқылы толықтыруға болады. Міне, осы тұста тілдік семантика сөйлеу семантикасымен түйіседі. Мысалдар келтірейік.

“*Ортасында - өкіл*” деген сөйлемнің толымсыздығы айқын көрініп тұр. Алайда біз жатыс септігінің мекендік мағынасы арқылы бұл сөйлемдегі түсіп қалған баяндауыштың қалып етістіктерінің (отыр, тұр, жатыр, жүр) бірі екенін шамалаймыз, тіпті, контекст мазмұнына қарап дәл қоюға болады.

“*Бізге - бастысы, оған - қалғаны*” деген сөйлемдегі етістіктен болуға тиісті баяндауышты барыс септігінің мағынасы нұсқайды.

“*Тең - теңімен, тезек - қабымен*” деген сөйлемдегі көмектес септігі арқылы және сол сөйлемдегі сөздердің мағынасының ықпалымен “*тең теңімен болады /жарасады т.с.с/ тезек қабымен болады /жарасады т.с.с./*” екендігін түсінеміз.

Міне, осылайша, толымсыз сөйлемдердің бір белгісі сөйлем ішіндегі синтаксистік байланыстың үзілуі, сол арқылы түсіп қалған мүшенің білінуі болып саналады. Демек, толымсыз сөйлемдерде сөйлем құрылымы жағынан жартыкеш деңгейде ғана көрініс береді екен. Атап көрсететін жайт, бұл жағдайда да тілдік семантика тұрғысынан да, контекстен де қол үзіп кетпейміз. Мәселен, мысалға келтірген сөйлемдерімізде “бос” орынды толтыру үшін сөйлеу ситуациясына жүгініп отырғанымызды байқауға болады. Өйткені келтірілген сөйлемдерімізде біз баяндауыштың дәл қандай сөз екенін, ол оқшау тұрғанда, көрсетіп бере алмаймыз, қандай сөз екенін іштей жобалаймыз, ал сол сөйлемдердегі баяндауыштарды нақты контексте нақтылауға болатынына күмән жоқ.

Кейбір зерттеушілер толымсыз сөйлемді ауызекі сөйлеудегі сөйлемдердің ерекше құрылымдық түрі, сондықтан ондай сөйлемдерді толымсыздық жағынан емес, құрылымдық және функциялық ерекшеліктері жағынан қарастыру қажет деп санайды. Осы тұрғыдан келгенде, толымсыз сөйлемдерді толымды сөйлемдермен салыстыру қажет емес, тіпті, ол мүмкін де емес, өйткені толымсыз сөйлемдерді толықтыру синтаксистік норманы бұзады. Бұл пікірдегі зерттеушілер сөйлемді “қарым-қатынастың нағыз тілдік бірлігі”, ал бұл бірліктің мәні осы қарым-қатынасты жүзеге асыру деп түсінетіндіктен, ситуация мен контексті, сондай-ақ, толымсыз сөйлемдердің құрылымдық-грамматикалық ерекшеліктерін есепке алсақ, мұндай сөйлемдер толымды болып шығады, басқаша айтқанда, дәл толымды сөйлем сияқты өзінің коммуникативтік қызметін атқарады, ал коммуникативтік қызмет атқаратын сөйлемдерді “толымсыз” деу дұрыс емес деген пікір айтады (Бұл туралы қараңыз [7]).

Жоғарыда баяндалған тұрғыға қарсы пікірдегілер сөйлем толымдылығы мен айтылыстың өз мәніне сәйкестігі екі бөлек ұғымдар, оларды

шатастыруға болмайды деп санайды. Аяқталған айтылыс пен сөйлемнің толымдылығын теңестіруге болмайды. Бұлардың пікірінше, толымсыз сөйлемдерде синтаксистік емес, стильдік нормалар бұзылатын болса ғана, толықтыруға болады. Толымсыз сөйлемдер де сөйлемдердің толымды сөйлемдер жататын типтеріне (бірқұрамды, екіқұрамды, есімді, етістікті т.б.) жатады, айырмасы белгілі бір мүшенің қатыспауы ғана, сондықтан толымсыз сөйлемдердің ерекше түрлері бар деуге негіз жоқ. Толымсыз сөйлемдер, бұлардың айтуынша, тиісті толымды сөйлемдердің ықпалымен қалыптасады. Оның үстіне, толымсыз сөйлемдердің жалпы сипатынан, сондай-ақ берілген сөздердің грамматикалық формаларынан-ақ олардың қатыспаса да, ойда тұрған белгілі бір мүшемен я мүшелермен өзара байланысы білініп тұрады. Толымсыз сөйлемдерді жіктеуде олардың мағына-мазмұн толықтығы я формалдық-грамматикалық құрамының толықтығы емес, үш жайт есепке алынады: 1. толымсыз сөйлемнің пайда болуындағы контекст пен ситуация факторы; 2. қатыспай тұрған сөйлем мүшесінің синтаксистік қызметі; 3. сөйлемнің нақты формалдық-грамматикалық құрамы. Осыған сәйкес толымсыз сөйлемдерді тіл білімінде контекстік, ситуациялық, эллипсистік деп үшке бөледі. Біз осы үшеуінен де контекстің ықпалы күшті екенін, демек, бұлардың (толымсыз сөйлемдердің) қай-қайсысы болсын сөйлеумен байланысты екенін байқадық.

Толымсыз сөйлемдерді сөйлемде қандай мүшенің қатыспай тұруына байланысты бастауышсыз толымсыз сөйлем, баяндауышсыз толымсыз сөйлем, анықтауышсыз толымсыз сөйлем, толықтауышсыз толымсыз сөйлем, пысықтауышсыз толымсыз сөйлем деп бөлу дәстүрі бар. Бір карағанда тек құрылымды ғана түгендейтіндей, алайда нақтылық үшін құрылымды тірек ете отырып, сөйлемнің контекстік сипатын ашуға мүмкіндік мол. Басқаша айтқанда, сөйлемге қатыспай тұрған мүшені іздеп табу үшін контекстке жүгінеміз де сөйлемнің қалай толымсыз болып тұрғанына көз жеткіземіз.

2.2 Мүшеленбейтін құрылымдар

Көне заманнан бері сөйлем синтаксистік зерттеулердің негізгі нысаны болып келеді. Ол құрылымдық-семантикалық тұрғыдан А.Байтұрсыновтың, Қ.Жұбановтың, С.Аманжоловтың, Н.Сауранбаевтың, С.Жиенбаевтың, М.Балақаевтың, Т.Қордабаевтың, Қ.Есеновтің, Р.Әмірдің, М.Серғалиевтың, Т.Сайрамбаевтың еңбектерінде айтарлықтай деңгейде зерттелді, соның негізінде орта және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жарық көрді. ХХІ ғасырға дейінгі зерттеулердің дені сөйлемнен предикативтілік, модальділік, интонация сияқты тағандарды айқындауға, олардың берілу жолдарын белгілеуге тырысты. Ал жиырмамыншы ғасыр-

дың соңынан бері қазақ тіл білімі синтаксистің функционалдық, коммуникативтік-прагматикалық сипаттарын анықтауға бет бұрды (Ж.Сәдуақасұлы, Ж.Жақыпов, З.Ерназарова, т.б.). Бұл зерттеулер сөйлемдерді функционалдық тұрғыдан «мәннен – құрылымға» қарай қарауға мүмкіндік беріп, мүшеленетін және мүшеленбейтін сөйлем деп бөлуге болатындығын көрсетіп отыр.

Мүшеленбейтін сөйлемдер тілдердің қай-қайсысында болсын (түркі, славян, роман тілдерінде) мол кездеседі. Сондықтан бұл синтаксистік құрылымдар – тілдегі универсалийлер. Соңғы кездегі тілдің даму үдерісіне назар аударатын болсақ, мүшеленбейтін сөйлем түрлерінің дамып, өзгеріп келе жатқанын байқаймыз.

Жалпы тіл біліміндегі сөйлемді зерттеген түрлі-түрлі бағыттар мен ағымдар мүшеленбейтін сөйлемнің күрделі құбылыс екендігін аңғартты. Сөйлем предикативтілігінің мағынасы модальділік, шақтылық, жақтылық тәрізді синтаксистік санаттары арқылы іске асады. Предикативтілік құрылымдық тұрғыдан қарайтындар үшін – бастауыш пен баяндауыштың немесе синтаксистік бас мүшелердің қатынасы, сөйлемді семантикалық құрылым тұрғысынан қарайтындар үшін – логикалық бас мүшелер деп есептелетін субъект пен предикаттың қатынасы. Субъект пен предикат кез келген сөйлемнің логикалық қазығы бола тұра, бұлар барлық сөйлем түрлерінің құрамында кездесе бермейтіндігін көреміз.

Мүшеленбейтін сөйлемдердегі предикативтіліктің көрінісін контекспен байланыстыра, модальділік, жақтық, шақтық және интонация бірліктерінен іздейміз. Мүшеленбейтін сөйлемдер субъект-предикаттың материалдық көрсеткіші болып табылатын бастауыш пен баяндауышқа сараланбаса да, онда предикативтіліктің өзі бар. Өйткені сол сөздің өзінің бойынан-ақ хабар функциясы пайда болады да, белгілі ой-ақпарат жүгін арқалаған сөйлемге теңдеседі.

Мәселен, *І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романын оқыдыңыз ба?* –**Иә** деген құрылымдардың екеуінің де сөйлем екеніне күмәніміз жоқ. Екінші сөйлемді мүшеленбейтін сөйлем етіп тұрған оның модальділігі (мақұлдау) және шақтық санаты (өткен шақ). Бұл санаттардың барын біз контекст арқылы көріп отырмыз. «**Иә**» сөйлемі «*І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романын оқыдым*» деген сөйлемнің орнына жұмсалып, ой және хабарлау интонацияның тиянақтылығына ие болып тұр. Демек, контекст пен жағдаят мүшеленбейтін сөйлемдерде предикативтіліктің объективті көрсеткіші болып табылады.

Қазақ тіл білімінде алғаш рет сөйлемді мүшеленбеу тұрғысынан анықтап берген ғалым – О.Төлегенов.

Сонымен, мүшеленбейтін сөйлем дегеніміз - құрамындағы сөз не сөз тіркесі грамматикалық жақтан сөйлем мүшелеріне саралана алмайтын, контекспен, жағдаятпен тығыз байланыста болатын

және бірқұрамды, екіқұрамды сөйлемдерге оппозициялық тұрғыдағы сөйлемдер.

Мүшеленбейтін сөйлемдердің негізгі басты белгілері мыналар:

а) құрамы жағынан бір сөзден немесе сөз тіркесінен тұрады;

ә) бастауыш/баяндауышқа саралана алмайды;

б) басқа сөзбен (қандай да бір тұрлаусыз мүшемен) толықтырыла алмайды;

в) контекст пен жағдаятқа байланысты болады.

Мүшеленбейтін сөйлемдердің түрлері: атаулы, генитив, вокативті, одағайлы, модаль сөзді сөйлемдер және коммуникемдер.

Атаулы сөйлемдер. Атаулы сөйлем деп затты, құбылысты атай отырып, болмысты білдіру, хабар беру функциясында қолданылатын мүшеленбейтін сөйлемнің түрін айтамыз. Атаулы сөйлемді өз ішінде мынандай мағыналық топтарға бөліп қарауға болады: а) **қалыпты атаулы сөйлемдер** дегеніміз атауыштық қызметімен бірге соңғы сөйлемдегі жүзеге асып жатқан іс-әрекетті мекендік, мезгілдік, заттық жағынан айқындай түсетін ақпаратты білдіретін сөйлемді айтамыз; ә) **түсінік атаулы** дегеніміз өзінен кейінгі сөйлемде әңгіме болатын затты тек атап қана қоймай, тыңдаушының зейінін сол аталған затқа аударып, оқырманды кейіпкердің немесе автордың философиялық ой-толғауына енгізу мақсатында қолданылған сөйлем; б) **тақырып атаулы** дегеніміз тыңдаушыға немесе оқырманға кейінгі сөйлемнің баяндау предметі, мазмұны не туралы екенін алдын ала хабарлау мақсатында жұмсалып, сол тақырып жөнінде тыңдаушыға ой салатындай ақпараттық жүк көтеретін сөйлемді айтамыз.

Атаулы сөйлемнің бұл үш түріне де тән ортақ негізгі белгілер мыналар:

1 Құрамы бір сөзден немесе сөз тіркестерінен жасалып, атау тұлғасында келеді;

2 құрамындағы тірек сөздері бастауышқа да, баяндауышқа да сай емес, яғни тұрлаулы мүшелерге талданбайды;

3 атаулы сөйлем өзінен кейін міндетті түрде мазмұнын ашатындай басқа сөйлемдердің келуін талап етеді, яғни контекстке тәуелді;

4 өзіне тән хабарлау, лепті интонацияға ие.

Қалыпты атаулы сөйлемдер белгілі бір зат, оқиға, құбылыс, көрініс туралы айтылатын ойдың атын атайды да, олардың сөйлемдік белгісі контексте, басқа сөйлемдерден интонация арқылы бөлініп, жекеленіп айтылуы арқылы көрінеді. Бұлар өз ішінде мынандай үш түрге топтастырылады:

1. **Мекен атаулылар:** Астана. Есіл. Мәдени-демалыс паркі.

Бірін-бірі мерекемен құттықтаған халықтан ише шапшаң жер көрінбейді («Жастар әлемі»).

2. **Мезгіл атаулылар: 1919 жыл.** Қалаларда отын, тас көмір, мұнай жоқ, суықта тоқтап жұмыссыз завод, фабрикалар тұрады («Жұлдыз»).

3. **Құбылыс (зат) атаулылар: Боран.** Далада тірі пенде жоқ («Жұлдыз»).

Түсінік атаулы сөйлемнің максаты - әңгімелесушіні ойландыру, оған аталған заттың, құбылыстың қасиеті мен рөлін түсінуіне түрткі болу.

1. - **Бақыт!** – деді Мирон Андреевич. – **Бақытты өлім!** Маған бұдан басқа ештеңе керек емес (С.Е.).

2. Алатаудың бауырында, көп ағаштың ішінде, ағын судың жағасында Мәриям тұр. **Бақытты, қуанышты Мәриям!!..**

Бірінші мысалда автор оқырманды Мирон Андреевичтің «бақыт» жайындағы ой-толғауы арқылы философтық ойлауға шақыратын тәрізді. Екінші мысалдың бірінші компонентіндегі Мәриямның бейнесі соңғы компонент арқылы айқындала түседі. Бұл екі сөйлем де көтеріңкі интонациямен ерекшеленеді. Жоғарыдағы мысалдар түсінік атаулы сөйлем қалыпты атаулы сөйлемге қарағанда орны еркін, әрі экспрессивтік реңкі басым болатындығын көрсетеді.

Тақырып атаулы сөйлем өзінен кейінгі сөйлемге сілтеме түрінде сол тақырып жөнінде тыңдаушыға ой сала отыра, ақпараттық жүк көтерсе, соңғы сөйлем сол тақырыптың мазмұнын толығырақ ашатындай кең көлемдегі ақпаратқа ие болады.

1. **Қызыл-Кеніш, Қызыл-Кеніш, Қызыл-Кент...** *Кент сарайы туралы зерттеушілер мен жазушылар аз жазған жоқ.*

2. **Аққора ауылы. Қарқаралы қаласының оңтүстік шығысында орналасқан Қ.Аманжолов атындағы кеңшардың кішкене ғана бір бөлімшесі.** *Ертеде бұл жерді Әйтімбет деген аталы, рулы ел жайлаған екен.*

Мұндағы тақырып атаулылар оқырманға кейінгі сөйлемнің баяндау предметі, мазмұны не туралы екенін алдын ала хабарлау максатында қолданылған. Бірінші мысалда тақырып атаулы қайталану арқылы заттың алғашқы атауына назар аудартады. Екінші мысалдағы тақырып атаулылардың екіншісі біріншісін толығырақ айқындай түседі. Көріп отырғанымыздай, тақырып атаулы да көп құрамды болуы мүмкін. Тақырып атаулының интонациясы түсінік атаулыға қарағанда солғындау, хабарлау интонациясымен айтылады.

Генитив сөйлемдер. Айрықша құрылымды сөйлемдердің тағы бір түрі - субъект-предикаттық қатынасы ілік септігі мен тәуелді тұлғадағы сөз арқылы көрінетін генитив сөйлемдер.

Генитив сөйлем дегеніміз - құрамындағы есімше, тұйық етістік, сын есім субстантивтеніп, тәуелденіп, іс-әрекетті заттандырып, субъектіге тән қасиет ретінде танытатын, синтаксистік құрамы

жағынан бастауыш-баяндауыш болып сараланбайтын мүшеленбейтін құрылым.

Олардың басты белгілері мыналар:

1) изафеттік тұрғыдағы бір сөзден не сөз тіркесінен жасалады (Күлуін!; Оның күлуін-ай!);

2) тәуелденген сөз тек субстантивтенген сын есім, есімше, тұйық етістіктен болады;

3) контексте тәуелсіз, жағдаятка тәуелді (Мақтануын! деген құрылым өзінің алдында ешқандай репликаны талап етпейді, бірақ бұл сөйлем мақтанып тұрған адамды көру нәтижесінде пайда болуы мүмкін);

4) модальділігі, жаққа, шаққа қатысы жағынан басқа мүшеленбейтін сөйлемдерге қарағанда предикативтілік айқын сезіледі, яғни генитив сөйлемдерде логикалық жағынан алғанда субъект-предикаттық қатынас бар.

Семантикасы жағынан қазақ тіл білімінде де генитив сөйлемдер тандану, сүйсіну, наразылық білдіру, өкіну тәрізді адамның әртүрлі көңіл-күйлерін білдіреді. Оны мына келтірілген мысалдардан да көруге болады:

1) **Әттең, әскердің кетіп қалғаны-ай!** Ауылда даяр жігіт жоқ, қайда, қайда ояз?; **Я, сенгенім-ақ!...** Соның сенен жасырын қоймасы бар шығар!; **...Тілдерін шығаруын бұлардың!** (М.Ә.) Осындағы генитивтер семантикалық жағынан субъект пен оның іс-әрекетін білдіретін *Әскер кетіп қалды; Мен саған сенбеймін; Бұлар тілдерін шығарды* деген екіқұрамды сөйлемдермен пара-пар. Енді осыларды интонация жағынан салыстырсақ, генитивтердің ерекше сазбен, екпінмен айтылатынын көреміз, мысалы: **Әттең, әскер кетіп қалды!** - *Әттең, әскердің кетіп қалғаны-ай!* құрылымдарын интонация жағынан алып қарасақ, одағайдың барына қарамастан, біріншісіндегі интонация солғындау.

2) **Ойпыр-ай, желісінің қаттысы-ай!** (М.Ә.); **Даланың әдемілігін-ай! Тілінің ащысын-ай! Мінезінің жаманын!** («Жұлдыз»). Бұл қатардағы генитив сөйлемдерден трансформациялаудың негізінде субъект пен оның сапасын білдіретін *«Желісі қатты», «Дала әдемі», «Тілі ащы», «Мінезі жаман»* деген екіқұрамды құрылымдар туады. Генитивтегі тәуелденіп тұрған сын есімдер субстантивтелген. Генитив құрылымдар мен екіқұрамды сөйлемдерді салыстырсақ, біріншісінде логикалық екпін басым, сөйлеушінің айтылған дерекке байланысты эмоциясы айқын сезіліп тұр.

Вокативті сөйлемдер. Қазақ тіл білімінде ғылыми шешімін күтіп тұрған мәселелердің бірі – вокативті сөйлемдер. Бұған сөйлем тұрғысынан қарап, алғаш пікір айтқан ғалым - О.Төлегенов. Вокативтер қаратпаларға ұқсағанымен, екеуі - екі түрлі санаттар. Адамға қатысты кінә қою, сөгіс айту, өкініш білдіру, наразылық білдіру кезінде, біз сол адамның есімін тиісті сөз сарынымен жиі айтамыз. Бұл жағдайда вокативті

деп аталатын сөйлемдер пайда болады, оларды қаратпалармен шатастырмау керек. Өйткені вокативті сөйлемдердің мазмұны қаратпа сөздерге қарағанда кеңірек, жай бір сөздің өзінен-ақ, оның интонациясынан-ақ айтушының нені білдіргісі келіп тұрғаны айқын сезіледі. Ал қаратпа сөздер жеке айтылып қана қоймайды, олар өзінен кейінгі не өзінің алдындағы сөйлемдердің құрамында жұмсалады да, сөйлем мүшелерімен семантика-ақпараттық жағынан байланысады. Вокативті сөйлемдер болса, дербес жұмсалып, жеке сөйлем ретінде қызмет атқарады. Мысалы: 1) Щербак Лизаны үйге қарай сүйрей бастады.

- Қой, деймін.

- Лиза, Лиза, Лиза.

Щербак Лизаны құшақтап, өте қатты-қатты сүйіп алды... (С.Е.).

Осы мысалдағы үш дүркін айтылған «Лиза» құрылымын екі жақты түсінуге болады: 1) Щербак не «Лиза, Лиза, Лиза, жүрші үйге» деген мәнде қызды жалынып, үйіне шақырып тұр (жалыну сезімі) не; 2) «Лиза, Лиза, Лиза, мен сені жақсы көремін» деген мағынада өзінің қызға деген сезімін (махаббаттық сезімін) білдіріп тұр. Кейде вокатив сөйлемдер белгілі бір кісінің ойындағысын айтып қалуға тыйым салуды, сөйлеушіні тоқтату үшін жұмсалады. Мысалы: - Қашаннан бері Серкебаев бола қалдың? Оныңның сыры да белгілі. Шайбай басқа жауап айта алмай: - **Өй, Махмұт! Өй, Махмұт!** - деп, өзіне тән ширақ қимылмен лып етіп, Сұлтанмахмұтты алдынан орап құшақтай алып еді (Д.Ә.). («Әрі қарата айтпай-ақ қойшы!» мағынасында).

Сонымен, вокативті сөйлем дегеніміз – ерекше шақыру дауыс ырғағымен айтылып, сөйлеушінің әртүрлі көңіл-күйін, сезімін білдіру үшін қолданылатын, грамматикалық жақтан не бастауышқа, не баяндауышқа жіктеле алмайтын мүшеленбейтін сөйлем.

Вокативті сөйлемдердің басты белгілері:

а) вокативті сөйлемдердің тірек сөзі ретінде кісі есімдері және кісіге қатысты жалпы есімдер қолданылады;

ә) тірек сөздің бойында бірнеше мағыналар тоғысып, синкретизм құбылысы пайда болады;

б) ерекше интонациямен айтылады;

в) құрамы жағынан көбінесе бір сөзді (қайталанып та қолданылуы мүмкін);

г) контексте, жағдаятқа бағынышты, яғни олар – жағдаятпен, контекспен шарттастырылған сөйлемдер;

ғ) ең бастысы – сөйлем мүшесіне ажыратыла алмайды.

Вокативті мүшеленбейтін сөйлемдердің нақты семантикасы көбінесе жағдаятты.

Одағайлы сөйлемдер. Грамматикалық құрылымы, қызметі тұрғысынан өзгеше сөз табы болып табылатын одағайлар көп мағыналығымен,

айтылу ырғақтарының құбылмалылығымен басқа сөз таптарынан ерекшеленеді. Одағайлар тілімізде екі түрлі жағдайда кездеседі. Одағай мүшеленетін сөйлемнің құрамында келіп, сол сөйлемдегі іс-әрекетке әртүрлі эмоциялық-экспрессивтік реңк мәнін ғана үстейтін окшау сөз қызметінде жұмсалады. Мұндай кезде одағайдың өзі тіркескен мүшеленетін сөйлемнен сәл кідіріс (пауза) негізінде үтір арқылы ажыратылғаны болмаса, беретін мағынасы мүшеленетін сөйлемнің мағынасымен бірдейлігі көзге түседі. Демек, одағай окшау сөз бен мүшеленетін сөйлемнің эмоциялық реңкі бір арнада ұштаса тоғысады. Мысалы. - **Жә, жетер!** – деп Дәнеш оның сөзін бөліп кетті (Қ.Ж.).

Кейде одағайлар лексикаланып, атауыштық мағынаға ие болады да, сөйлемнің мүшесінің қызметін атқара алады. Мысалы, **-Жә-жәлеп қоймадың зой өзің!**

Сонымен таңдану, таңырқау, сүйсіну, кінәлау, масаттану, жоққа шығару, келіспеу, күмәндану, өкіну, менсінбеу, жақтырмау, шошыну, карсылық білдіру мақсаттарында жұмсалған эмоционалды одағайлар мүшеленбейтін сөйлемдер құрайды. Мысалы,

1) - *Бүлік салмаса, қаладан неге отряд шақыртады?* - **Бәсе...**

Келтірілген мысалдағы «**Бәсе**» - бір сөзден ғана тұратын одағайлы мүшеленбейтін сөйлем. Бұл жерде «**Бәсе**» құптау, яғни «*Дұрыс айтасың*» деген сөйлемнің мағынасындағы мүшеленбейтін сөйлем ретінде колданылған.

2) Қасым найзалы жұртты көрсетті. - Қазір бүкіл ауылыңның күл-талқанын шығарады. - **Әттен, әттен!** – деп барып Бұрындық әлі жығылмаған қараша үйдің есігін ашты (І.Е.). осындағы әттен деген одағай сөз «қолымнан басқа ешнәрсе келмейді-ау» деген өкіну мағынасын білдіретін сөйлем.

Бұларды сөйлемдік дәрежеге жеткізіп тұрған белгілердің негізгілері төмендегідей:

Біріншіден, ой-ақпарат өзінің алдындағы не соңындағы мүшеленетін сөйлемнің негізінде, жағдаят-контексте айқындалады;

Екіншіден, жеке сөйлемдік тиянақты предикаттық интонациясы бар;

Үшіншіден, айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер көзге түседі, яғни модальділігі айқын.

Сонымен, одағайлы мүшеленбейтін сөйлем дегеніміз – адамның көңіл күй сезімдерін, тілегін, сол іс-әрекетке байланысты бағалауын, қатысын білдіріп, ерекше интонациямен айтылатын экспрессивтік-эмоциялық реңктегі сөйлемдер.

Модаль сөзді сөйлемдер. Модаль сөздер тілдегі модальділік және предикативтілік құбылыспен тығыз байланысты. Жалпы модальділік тілдің коммуникативтілік функциясының жемісі болғандықтан, диалогтік

сөйлеуде модаль сөздер сөйлемдік дәрежеге көтеріледі, өз алдына жеке ойды білдіріп, тиянақты сөйлем интонациясымен айтылады.

Модаль сөзді мүшеленбейтін сөйлемдер деп сөйлеуші тарапынан алдында айтылған біреудің пікіріне құптау, мақұлдау, қостау, нық сенім білдіру және іс-әрекетке болымды/болымсыздық тәрізді мағынадағы ақпаратты беру мақсатында жұмсалатын сөйлемдерді атаймыз.

Олардың негізгі белгілері мыналар:

1. Алдындағы айтылған ойдың негізінде тұтас ақпарат бере алады;
2. яғни контекстің негізіндегі коммуникативтік бірлік;
3. құрамы жағынан не бастауышқа, не баяндауышқа саралана алмағандықтан, мүшеленбейтін сөйлем болып табылады;
4. қолдану ыңғайына қарай диалогте жеке дербес түрде де, құрмалас сөйлемнің бір сыңары ретінде де кездеседі.

Мүшеленбеу тұрғысындағы модаль сөзді сөйлемдер мынандай семантикалық топтарға бөлінеді:

1) Болжал мәнді мүшеленбейтін сөйлемді **мүмкін** модаль сөзі жасайды, мысалы: -Түрікпен «тізе қосқаннан» бері Қырымның қаншама жапа шегіп жатқанын мен жақсы білем, - деді Ораз-Мұхамед. -**Мүмкін**. Бірақ түрікке арқа сүйемесе, Қырымды біз жаулап алатын едік қой!(М.М.). «Мүмкін» мүшеленбейтін сөйлемінің «*Қырым көп жапа шегіп жатқан шығар*» деген жорамалдау мағынасы алдыңғы контекст арқылы түсінікті болып тұр.

2) Қостау/растау, келісу мәндеріндегі мүшеленбейтін сөйлемді **мақұл, рас, дұрыс, құп** модаль сөздері жасайды. Мысалы: - Жүсеке, жүріңіз, ауыл сыртына шығып, азырақ серуендеп қайтайық. - **Мақұл** (І.Е.). Алдыңғы сөйлемнің негізінде туындайтын «*Мақұл*» мүшеленбейтін сөйлемінің беріп тұрған мағынасы – «серуендесек, серуендеп қайтайық» мағынасындағы келісу, яғни «жарайды» деген мүшеленбейтін сөйлемге синтаксистік синоним бола алады.

3) Нық сенім мағынасындағы мүшеленбейтін сөйлемді **әрине, әлбетте, сөзсіз** модаль сөздері жасайды. Мысалы: - Бірақ өз саусағыңды өзің кесе аласың ба? Оның да бір жауабы бар емес пе? - **Әрине** (І.Е.). «*Оның да бір жауабы табылатындығына мен де сенімдімін*» деген мағынада қолданылып тұрғанын контекст арқылы ғана айқындай аламыз.

4) Болымды/болымсыз мәніндегі мүшеленбейтін сөйлемдерді **нә, жоқ** сөздері жасайды.

(1) - Тойға барасың ба? - **Жоқ**.

немесе:

(2) - Тойға барасың ба? - **Жоқ**, іссапарға кетіп бара жатырмын.

Екі сөйлемдегі «**жоқ**» - мүшеленбейтін сөйлемдер. Бірінші мысалдағы **жоқ** дербес қолданылып, «*Тойға бармаймын*» деген мағынада

қолданылса, екінші мысалда **жөк** сөзі осындай мағынада екінші сыңарымен нәтиже-себептік қатынаста тұрып, сөйлемдік дәрежеге көтеріліп тұр, яғни соңғы мысалдағы салаласа құрмаласқан себептік қатынастағы сыңарлар бірін-бірін қайталамай, бөлек-бөлек ақпаратқа ие болған (*тойға бармаймын, өйткені іссапарға кетіп бара жатырмын*).

Коммуникемдер. Тілімізде белгілі бір модельге, құрылымдық схемаға салуға келмейтін «*Бұл да сөз бе?!*», «*Иә, саған!*», «*Солай ма екен?!*», «*Қарай гөр өзін!*», «*Айтпағанда!*», «*Келгенде қандай!*», «*Ол ол ма!*», «*О несі екен!*», «*Алғанда қандай!*», «*Айтқанда қандай!*», «*Солай ма екен?*», «*О, құдайы-ай, өзің сақтай гөр!*», «*Айналып кетейін!*», «*Болса болар*», «*Е, несі бар*», «*Уа, құдайым-ай, не дейді!*», «*Ой, бар бол!*», «*Жақсы!*», «*Жарайды*», «*Қайдағы*», «*Мейлі*», «*Енді қалай деп ең!*», «*Олай болмаса, игі етті!*», «*Шүбәсыз!*», «*Сөз жоқ*», «*Мына кереметті қара!*», «*Ой, алла!*», «*Құдайым-ай!*», т.б. тәрізді сөйлем түрлері бар.

Коммуникемдер де өз алдына дербес тұрған тілдік единица ретінде зерттелуін күтіп тұрған мәселеге жатады. Олар мүшеленетін сөйлем бетін мағынаны бойына жинақтайды немесе **нә/жөк** тәрізді мүшеленбейтін сөйлемдердің мағынасына сай жұмсалады. Олардың қолданылу аясы - ауызекі сөйлеу тілі.

Коммуникемдер дегеніміз - грамматика тұрғысынан мүшеленбейтін, белгілі бір атауыштық мағынасы жоқ немесе сондай мағынасынан айырылған, тілде экспрессивтік қызмет атқаратын сөз немесе сөздердің тіркесуі арқылы жасалған, сөйлемдік қасиеті бар синтаксистің коммуникативтік бірлігі. Олардың басты белгілері мыналар:

- а) алғашқы мағынасынан бөлек жаңа мағыналық сипат алады;
- ә) бастауыш/баяндауышқа сараланбаса да, тұтас ақпараттық жүк арқалайды;
- б) құрамы жағынан бір сөзден де, сөз тіркесінен де жасалады;
- в) әртүрлі сөз таптары мен ішінара фразеологизмдерден жасалады;
- г) ешқандай құрылымдық схемаға бағынбайды;
- з) эмоционалды-экспрессивтік мағынасы жағынан ерекшеленеді де, айрықша интонациямен айтылады;
- д) көбінесе **нә/жөк** тәрізді мүшеленбейтін сөйлемдердің мағынасына сай жұмсалады;
- е) ең бастысы – мағынасы контексте ғана ашылады.

Коммуникемдер функционалды-семантикалық жақтан былайша топтастырылады:

1. Этикетті коммуникемдер (**Ассалаумағалейкум! Қош бол! Көріскенше күн жақсы! т.б.**). Мысалы: - **Ассалаумағалейкум!** - *Сізге тыныштықтық, амандық тілеймін!* деген хабар мазмұны шықса, оған

жауап ретіндегі **Уалайкүміссәлем!** - *Өзіңізге де соны тілеймін* деген мағынаны береді.

2. Мақұлдау/мақұлдамау, тыйып тастау, құптау коммуникемдері (**Иә саған!; Жақсы!; Жарайды; Құп; Әлбетте!; Енді қалай деп ең!; Олай болмаса, игі етті!; Шүбәсыз!; Сөз жоқ; Сөзсіз!, т.б.**). Мысалы: - *Сен маған көмектесесің бе?* - **Иә, саған!** («жоқ, сен көмектесуге тұрмайтын адамсың!» деген мағынада айтылған) - *Сен Тәттімбеттің күйін орындай аласың ба?* - **Сол да сөз бе!** («иә, Тәттімбеттің күйін орындау мен үшін қиын емес» деген мағынада қолданылған).

3. Келісу/келіспеу мағынасындағы әртүрлі сөз таптарынан жасалған сөздер (**қайдағы; айтпа**) де белгілі бір ой-ақпарат жүгін көтеріп, мүшеленбейтін коммуникемдер қызметінде қолданыла алады. Мысалы: - *Әже, балаларыңыз көмектесіп тұратын шығар?* – **Қайдағы.** Өздері бізге ауыз ашады. – **Айтпаңыз.** Жастарға өмір сүру қиын боп барады. Мұндағы «қайдағы» келіспеу, яғни «жоқ, көмектеспейді» сөйлеміне синтаксистік синонимдес болса, «айтпаңыз», керісінше, «иә, айтып тұрғаныңыз рас, жастарға өмір сүру қиын, олардың өмірі қиындап барады» сөйлемімен теңдес болады.

4. Эмоционалды-бағалау коммуникемдері (*Қайткені несі?; Апырмай ә, қарай гөр!; Көрермін бәлем!; О несі екен?; Жетпегені сол еді!; Қарай гөр өзін!; Мына кереметті қара!; Ой, алла!; Құдайым-ай!; Ай, сорлы!; Ай, бишара-ай!; Ақымақ!; Жынды!; Есалаң!; Есерсоқ!; Маубас!; Суайт!; Байгүс!; Ұятсыз!; Албасты!; Жалмауыз!; Мешкей!; Мыстан!, т.б.*). Мысалы: - *Оны қайтейін деп едің?* - **Қайткені несі? Бастық бастықтығын істесін бізге. Басқарусыз бола ма екен. «Сондай да сұрақ бересің-ау, түсінбейсің бе?» деген мағынадағы коммуникем.**

5. Мәтін түзуші коммуникемдері - бұлар сөйлеуді айту жосығына қарай шартты түрде айтылған кесінділерге бөлетін құрылыстық-ұйымдас-тырушылық рөлі бар, сөйлеушінің ойын не жалғастыру, не аяқтау ниетінен хабар беретін коммуникемдер: (*Сосын; Сонымен; Солай де, т.б.*). Мысалы: - *Жан-жағыма қарауға шамам келмей зыттым ғой.* - **Сосын.** «*Әрі қарата не болды?*» деген мағынадағы коммуникем.

6. Бейтараптық мағынадағы коммуникем (**мейлі**): Құрмалас сөйлемде **мейлі** шылауы талғаулықты жалғаулық қызметін атқарса, диалогте жеке тұрып, мүшеленбейтін сөйлем қызметінде жұмсалады да, басқа біреудің іс-әрекетіне бейтарап қараушылық мағынасында қолданылады. Мысалы: - *Ұялсаңшы, елдер қарап тұр емес пе?* - **Мейлі!** («Жастар әлемі»). Мұндағы «мейлі» сөзінің беріп тұрған мағынасы – «*қараса қарай берсін*», «*маған бәрібір*», яғни немқұрайлылықты білдіріп тұрған коммуникем.

7. Күдік-күмән мәніндегі коммуникемдер: **кім біледі, қайдам.** Мысалы: - *Ер жетті ғой, ақылы кірген шығар, еркелігін қояр.* - **Әй, қайдам.**

«Соның ақылының кіргеніне, қолынан бірдеме келетіндігіне көзім жетіп тұрған жоқ, күмәнім бар» мағынасындағы коммуникем.

8. Сендіру, көз жеткізу мәніндегі **міне** сілтеу есімдігі арқылы жасалған коммуникем: - *Құжаттарыңыз бар ма?* - **Міне**. Бұл мысалдағы «міне» сілтеу есімдігі арқылы жасалып тұрған сөйлемдерінің беріп тұрған мағыналары: «алыңыз, қараңыз», «көріңіз».

9. Алғыс-қарғыс, тілек, жақсы көру мәнді фразеологизмді коммуникемдер. - *Емтихан... Диплом алдым ғой...* – деді. - **Қайырлы болсын!** (Р.С.). «*Дипломыңның қызығын көр, жақсылық көбейе берсін*» деген тілек мәніндегі мүшеленбейтін сөйлем.

2.3 Үстемелі құрылымдар

Қазақ тілі синтаксисінде терең зерттелмей келе жатқан саланың бірі – үстеме құрылым. Үстеме құрылым синтаксистік құрылыстың өзіндік бір ерекшелігі болып есептеледі. Мұны дәстүрлі синтаксис шеңберінде қарау қиын, себебі сөйлем санатының құрылымдық-мағыналық талаптарына үйлесе бермейді, бірақ коммуникативтік жікте сөйлеммен бірге қабылданады. Әрі сөйлеу үстінде құрылып, қалыптасады.

Үстеме құрылым деп негізгі айтылыммен бірігіп синтаксистік тұтастық жасайтын, соңғы бөлік алдыңғы, негізгі бөлікке грамматикалық жағынан да, лексикалық жағынан да байланысты, тәуелді боп тұратын және үстеме бөлік негізгі сөйлемнің мазмұнын кеңейтіп, мағыналық жағынан толықтырып тұратын бірлікті айтамыз.

Үстеме құрылым екі компоненттен тұрады: негізгі бөлік (сөйлем) және үстеме бөлік. Бұл екі компоненттің орны тұрақты: бірінші негізгі компонент айтылады да, соңынан үстеме компонент айтылады. Жазба әдебиетімізде де дәл солай. Негізгі бөлік пен үстеме бөлік айтылғанда, үзіліс арқылы бөлінеді де, интонацияның ерекше түрімен сипатталады. Үстеме құрылымның интонациясы туралы орыс тіл білімінің зерттеушісі И.И.Мещанинов былай дейді: «Үстеме құрылымның тағы бір өзіне тән ерекшелігі бұл құрылымның ритмикалық-мелодиялық жағы болып табылады. Біріншіден, үстеме құрылымның алдында дауыстың төмендеуі байқалады, екіншіден, негізгі ой айтылғаннан кейін интонациялық кідіріс болады, үшіншіден, үстеме бөлік ерекше интонациямен айтылады» [8, 7 б.].

Үстеме құрылым жазба тілге уақыт өте келе ауызекі сөйлеу тілінен келіп енген. Олай дейтініміз – жазба тіл мен ауызекі сөйлеу тілі жақындап, біріндегі құбылыс екіншісіне ауысып жатады. Бұл күнде үстеме құрылым жазба әдебиеттің нормасына ыңғайланып қалыптасуда.

Үстеме құрылым құрмалас сөйлемнің салаласына да, сабақтасына да ұқсамайды. Оның өзіне тән ерекшелігі бар.

Салалас сөйлем компоненттері бір-бірімен тең құрмаласады да, сабақтас сөйлем компоненттері бірі екіншісіне бағына құрмаласады. Бірақ екеуінде де айтылатын ой санада алдын ала белгілі болады. Сөйлеуші сөйлеу процесінде айтатын ойын алдын ала жоспарлап, оны салаластыра айта ма, жоқ сабақтастыра айта ма, ойдың материалданатын сөйлем-сұлбасы пайда болады. Ал үстеме құрылымды айтқанда, үстемеленетін ой санада әлі жоспарланбайды. Ол ой тек негізгі сөйлем айтылып жатқанда, не айтылып болғаннан кейін санаға келеді.

Құрмалас сөйлем синтаксисінің негізгі нысаны жеке ойды білдіретін жай сөйлемдердің өзара тіркесіп бір бүтінге айналуы, сол арқылы күрделі ойды білдіру жолдары мен тәсілдері болады. Ал үстеме құрылым синтаксисінің негізгі нысаны жеке ойды білдіретін сөйлемдердің тіркесуі емес, алдыңғы негізгі сөйлемге мағыналық жағынан да, грамматикалық жағынан да тәуелді, көмекші сөйлемнің тіркесіп, бір бүтінге айналуы, сол арқылы ерекше мағыналық және экспрессивтік-стилистикалық бояу беріп, негізгі сөйлемнің мағынасын күрделендіру, кеңейту жолдары мен тәсілдері боп табылады. Басқаша айтқанда, құрмалас сөйлем синтаксисі жеке ойды білдіретін жай сөйлемдердің өзара тіркесіп, құрмалас сөйлем болуын тексерсе, үстеме құрылым синтаксисі дербес сөйлемге көмекші синтаксистік құрылымның тіркесуін, байланысуын тексереді. Жоғарыда негізгі сөйлем мен үстеме сөйлемнің арасында үзіліс болады дедік. Ол үзіліс әртүрлі тыныс белгілері арқылы таңбаланады: нүкте, үтір, леп белгісі, сұрақ белгісі, көп нүкте.

Үстеме құрылымның нүкте арқылы келуі: *Өлік Игіліктің шапанын жамылып, Игіліктің пәуескесінен түскені де аңыз зой. Аңыз болғанда қандай!* (Ғ.Мүсірепов).

Үстеме құрылымның үтір арқылы келуі: *Екі жағы да кімнің кім екенін жете түсіндіре алған жоқ, жете түсініскен де жоқ* (Ғ.Мүсірепов).

Үстеме құрылымның леп белгісі арқылы келуі: *Мәңгіден бері жинала берген бітеу жара бір жарылмай қояр ма! Өзі жарылды* (Ғ.Мүсірепов).

Үстеме құрылымның сұрақ белгісі арқылы келуі: *Ал өлім атаулыда мән-мағына бола ма? Болғанда қандай!* (Қ.Жұмаділов).

Үстеме құрылымның көп нүкте арқылы келуі: *«Қазаған суық, қатаң тәртіпке төзе алмай, сол жақта ішқұса болып, буынып өліпті», - дейді, не демейді ... Алайда шындық еді* (О.Бөкеев).

Үстеме сөйлем – негізгі сөйлемнен бөлініп шыққан қосымша сөйлем. Осы негізгі сөйлемнен бөлініп шыққан, не қосымша үстемеленетін үстеме сөйлемді негізгі сөйлеммен тұтастырып, біріктіріп тұрған – логикалық екпін. Осы екпіннің арқасында үстемеленетін, не негізгі сөйлемнен бөлініп шыққан мүше өзіне мағыналық салмақ алады. Негізгі құрылымнан кейін үзіліс болады: дауысың төмендейді де үзіліс жасалады. Бұл үзіліс үстеме құрылымды қабылдауға дайындайды. Үстеме құрылымға

осындай екпіннің түсуі – үзілмелілік және біртұтас сипат береді. Үстеме құрылым негізгі бөлікке синтаксистік жағынан да, лексикалық жағынан да тәуелді болып тұрады. Мысалы: *Ауылдағы қалған үйлердің көбі кішкене, 3-4 қанат жыртықтау қара үйлер. Малыш-қосшының үйлері* (М.Әуезов).

Мысалдағы үстеме бөлікте негізгі сөйлемнің баяндауышы (*үйлер*) қосымша меншіктік анықтауышты (*малшы-қосшының*) үстемелей қайталанған. Яғни үстеме бөлікте үйдің кімдердікі екені нақтыланған. Үстеме құрылым матаса байланысқан сөз тіркесінен тұрады. Осы жағынан келгенде, бұл құрылым грамматикалық жағынан да, лексикалық жағынан да негізгі сөйлемге тәуелді.

Үстеме құрылым және парцелляция. Жалпы «үстеме құрылым» деген термин «парцелляция» деген терминнен көп ерте пайда болған. Парцелляция құбылысы арнайы сөз болғанға дейін оған сәйкес фактілер «үстеме құрылым» терминімен аталынып, сол аяда қарастырылып келді.

Парцелляция француздың *parcelle* – «ұсақ бөлшектерге бөлу» деген мағынаны білдіретін сөзі. Бұл құбылыс синтаксистік құрылыстың өзіндік бір ерекшелігі болып есептеледі.

Парцелляция автордың негізгі сөйлем ішіндегі белгілі бір сөйлем мүшесін немесе тіркесті коммуникативтік максатты түрде сөйлемнің сыртына бөліп шығаруы. Оның негізгі максаты – белгілі бір сөйлем мүшесіне назар аударту, семантикалық жүк арту, сөйлем мүшесін актуалдау.

Үстеме құрылымдар негізгі сөйлемге автордың белгілі бір максат көздеу нәтижесінде үстемелене айтылуы. Олар негізгі сөйлемге қосымша ақпарат береді, түсіндіреді және негізгі сөлемде айтылған ойды дамытады және кеңейтеді. Үстеме құрылым негізгі ой айтылып жатқанда немесе айтылып болғаннан кейін санаға келеді, қосымша ой содан кейін барып үстемеленеді. Бұл – оның жазба әдебиетке ауызекі сөйлеу стилінен келгендігін білдіреді.

Парцелляцияға мысал келтірейік: *Ептеп қоңырқай тартқан иесіз дала жеңіл тұманды жамылып сазарғандай. Жым-жырт* (М.Әуезов). Бұл мысалда ерекшеленген мүше (*Жым-жырт*) – парцелляция. Ол қалыпты сөйлемде *дала* сөзінің анықтауышы болу керек еді. Автор белгілі бір сөйлем мүшесіне, анықтауышқа қатысты ойға ерекше мағыналық салмақ түсіру үшін анықтауышты даралап, негізгі сөйлем мүшесінен бөліп алып шығып, оны өзіндік интонациялық ырғақпен ерекшелеген. Екіншіден, *жым-жырт* деген анықтауыш сөйлемнің сыртына (нүктенің сыртына) шығып кету арқылы ол бүкіл сөйлемнің мағынасына қатысты болып тұр. Үстеме құрылымнан парцелляцияның өзіндік ерекшелігі де осында. Яғни парцелляцияда негізгі сөйлемнің бір мүшесі дараланып, сөйлемнің сыртына шығады.

Үстеме құрылымға мысал келтірейік: *Тақала келе есік алдындағы байлаулы атқа көзі түсті. Ахметтің ала биесі* (Ғ.Мүсірепов).

Бұл мысалдағы үстеме құрылым – матаса байланысқан есімді сөз тіркесі. Бұл құрылымды үстеме құрылым дейтініміз: автор негізгі ой айтылып болғаннан кейін, оның нәтижесін үстеме құрылымда берген. Үстеме бөлшек негізгі сөйлемнен бөлініп шықпаған, ол негізгі сөйлемнен шыққан қорытынды, бірақ дербес емес, негізгі сөйлемге тәуелді. Бұдан шығатын тұжырым: үстемеленудің ой айтылып жатқанда, не айтылғаннан кейін болуы – тіптен, оның маңызсыз, болмашы ойды білдіреді деу дұрыс болмас еді. Үстеме құрылымның негізгі, маңызды ойды білдіруі жиі кездеседі. Бұған жоғарыдағы мысал дәлел.

Парцелляция құбылысын қазақ тіл білімінде кандидаттық диссертация деңгейінде А.Т.Ақынжанова зерттеді [9].

«Парцелляция және оны аудару» деген мақала жазған ғалымдар М.Балақаев және Т.Сайранбаев: «Бұл тұлғаны тіл ғылымында «парцелляция» (делить на мелкие части) деп айтып жүр. Біз ондай синтаксистік бөлшектерді «қосалқы сөздер» деп атағанды дұрыс көреміз», - деп жазды [10, 91 б.].

Кейбір ғалымдар (Ю.В.Ванников, В.А.Белошапкина т.б.) парцелляция құбылысын үстеме құрылымнан бөліп алып қарастырса, көбісі бұл екі құбылысты бөліп-жарып қарастырмайды. Парцелляцияны үстеме құрылымның бір түрі деп қана қарайды. Біз де кейінгі ұстанымды қолдаймыз.

Енді үстеме құрылымның құрылысына келейік. Қазақ тілінде үстеме құрылымның бірнеше құрылымдық түрлері бар. Атап айтар болсақ: сөз тұлғасы түрінде, бір мүшенің негізгі сөйлемнен бөлініп шыққан сөйлем мүшесі ретінде, сөз тіркесі және толық сөйлем түріндегі үстеме құрылымдар.

Сөз тұлғасы түріндегі үстеме құрылым. Үстеме құрылымды құрайтын сөз формалары жеке сөзден және негізгі сөз бен көмекші сөзден тұратын күрделі сөзден болады. Мұндайда сөз тұлғасы негізгі сөйлемнен бөлініп шығуы да мүмкін немесе негізгі құрылымның мағынасын кеңейту үшін қосымша қосылуы да мүмкін. Мысалы: *Жырығын бүркейтін мұрты да жоқ. Көсе* (Ғ.Мүсірепов).

Бұл мысалда үстеме құрылым бір сөз тұлғасы арқылы негізгі сөйлемде айтылған мәселеге тағы да қосымша, жаңа баға беріліп, мағынасы кеңейе түскен. Негізгі құрылымда адамның сипаты суреттеледі де, үстеме құрылымда оған жаңа баға беріледі. Бұл құрылымда сөйлемнің (негізгі) сыртындағы сөздің нүктеден кейін бас әріппен жазылуы – ол сөзге оқырманның назарын ерекше аударады. Ерекше атап өтетін мәселе – бір сөзден тұратын үстеме құрылымда интонацияның мәні ерекше.

Берілген коммуникативтік қызметте жеке сөздерді сөйлем мүшесі немесе сөйлем ретінде қызметке ендіру үшін грамматикалық амал-тәсілдер мен интонация маңызды рөл атқарады.

Үстеме құрылым құрамындағы сөз формаларының сөйлем мүшелеріне ұқсастығы бар. Үстемеленген сөз формасы құрылымдық жағынан негізгі айтылымның құрамына енбейді, бірақ коммуникативтік, семантикалық жағынан дербес бірлік емес. Олар коммуникативтік дербестікті негізгі айтылым арқылы ғана алады. Үстеме құрылымның осы түрі арқылы негізгі айтылымға жаңа сөйлем мүшесі қосылуы мүмкін, негізгі айтылымның белгілі бір мүшесін нақтылауы мүмкін.

Грамматикалық ұйымдасуы жағынан үстеме сөз тұлғасы сөйлемнің басқа мүшелерінен еш айырмашылығы жоқ. Сөйлем мүшелері бір-бірімен сабақтаса байланысып, сөйлем ішінде, көбінесе, белгілі бір тәртіпті сақтайды. Ал үстеме сөз тұлғалары үстемелік байланыс арқылы, яғни негізгі сөйлем айтылып болғаннан кейін ерекше интонация арқылы айтылып, негізгі сөйлеммен байланысқа түседі. Мысалы: *Маңдай терісі жиырылып, жүз жасаған қариялардай түнеріп, толғанып отыр. Анда-санда* (Д.Әбілев). Беріліп отырған мысалдағы *анда-санда* деген сөз тұлғасы негізгі сөйлемнің пысықтауышы (калыпты сөйлем былай болады: *Маңдай терісі жиырылып, жүз жасаған қариялардай анда-санда түнеріп, толғанып отыр*). Ол авторлық актуалдану мақсатынан сөйлемнің сыртына шыққан.

Байқап отырғанымыздай, үстеме құрылымдардың шығу тегі екі түрлі: біріншіден, негізгі ой айтылып болғаннан кейін негізгі ойды толықтыру, нақтылау мақсатында үстеме ой қосылады; екіншіден, үстеме тұлға негізгі сөйлемнен авторлық актуалдау мақсатында сөйлемнің сыртына бөлініп шығуы мүмкін. Бұлардың екеуіне де жоғарыда мысалдар келтірдік.

Сөз тіркесі түріндегі үстеме құрылым. Сөз тіркесі түріндегі үстеме құрылым матасу, меңгеру және қабысу түрінде келіп, негізгі айтылымның мазмұнын кеңейтіп тұрады. Мұнда сөз тіркесінің басыңқы сыңары негізгі сөйлемде айтылып, үстемеді ол қайталаанады. Ал сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары жаңадан қосылады. Мысалы: *Алғашқы рет амалсыздан көпке қарап аузын ашып ышқынғанда, ішінен зор дауыс шықты. Күтпеген дауыс* (М.Әуезов).

Берілген мысалдағы үстеме құрылым қабыса байланысқан сөз тіркесі. Негізгі құрылым мен үстеме құрылымның арасындағы байланыс – анықтауыштық. Бұл үстеме құрылымды калыпты сөйлемге айналдырсақ, *зор және күтпеген* сөздері бірыңғай анықтауыш болар еді. Үстеме құрылымда *дауыс* сөзінің екінші рет қайталануы арқылы негізгі сөйлемнің мазмұнын кеңейтіп, *дауыс* сөзіне қосымша экспрессивтілік мағына берілген.

Ауылдағы қалған үйлердің көбі кішкене, үш-төрт қанат жыртықтау қара үйлер. Малыш-қосшының үйлері (М.Әуезов).

Мысалдағы үстеме құрылым күрделі бағыныңқылы матаса байланысқан үстеме құрылым. Бұл құрылым да *үй* сөзінің екі рет қайталануы арқылы жасалған. *Үй* сөзі екінші рет қайталанғанда тағы қосымша мағына алып, үйдің кімдікі екені анықталып, иесіне меншіктеліп тұр. Автор *малшы-қосшы* деген қос сөзді негізгі сөйлемнің құрамындағы *жыртықтау* деген сөзден кейін қойып, қалыпты сөйлем қылып жазуға да болар еді. Бірақ автор олай істемеген. Автордың бұл күрделі анықтауышты сөйлемнің сыртына шығарып жіберуі – коммуникативтік мақсаттан туған. Автор бұл күрделі анықтауышты негізгі сөйлемнің сыртына шығарып жіберу арқылы оған коммуникативтік жүк артып, оны актуалдаған.

Сөйлем түріндегі үстеме құрылым. Үстеме құрылымды құрайтын сөйлем ерекше синтаксистік түр болып табылмайды. Ол кәдімгі қалыпты сөйлемге тән құрылыста болады. Яғни, оларға жалпы сөйлемге тән құрылыс, интонация, предикативтілік және белгілі бір форма тән. Мысалы: *Оның қытай тілінде оқыған сөздерін тілмашы Дабынтай қолма-қол қазақшаға аударып тұр. Сан рет қайталанған ежелгі жарпазан, ойдан шығарылған қылмыстардың тізбегі еді* (Қ.Жұмаділов).

Мысалдағы үстеме құрылымға құрылымдық синтаксис тұрғысынан келсек, бірінші сыңары толымсыз, себебі оның грамматикалық субъектісі негізгі сөйлемде (*сөздері*), ал екінші сыңары предикаттық қатынастың талаптарына жауап бере алмайды. Себебі онда жақтық, сандық қиысу жоқ. Бұл сыңар сөз тіркесі (анықтауыштық қатынас) құрылымының негізінде жасақталған. Жоғарыдағы мысалда үстеме құрылым негізгі сөйлем құрамындағы «сөздерін» деген толықтауыштың мағынасын кеңейтіп, түсіндіріп тұр.

Ескі Ресейдің барлық тоң-торыс, топас мінездерін түгел бойына жинап алғандай, содыры көп, соқтыға жүретін Иван Зубов ордаң басып келіп, ұйлығын тұрған жұртты түгел бір шолып өтті. Ашы мен арығына, азғаны мен тозғанына наразы сияқты, ұнатпай қарайды. Арып талғанға таңданбайды да, аяр түрі де жоқ, ашықтан-ашық ұнатпай қарайды. Жас деп сатып алған аты кәрі болып шыққандай безіне қарайды (Ғ.Мүсірепов).

Беріліп отырған мысалда үстеме құрылым үш сөйлемнен тұрады. Бірінші сөйлем жай сөйлем, екіншісі – құрмалас сөйлем, үшінші сөйлем жай сөйлем. Негізгі сөйлемде айтылған ойдың, іс-қимылдың, сапаның түрлі белгілері үстеме құрылымда айтылған. Үстеме сөйлемдер негізгі сөйлемді амалдық, сапалық, экспрессивтілік жақтарынан кеңейтіп, дамытып тұр.

Соңғы үш үстеме сөйлемдердің негізгі сөйлемге тәуелді болуы, байланысуы төмендегідей: біріншіден, негізгі сөйлемде айтылған етістік баяндауыштың (*шолып өтті*) синонимдері (*қарайды*) үстеме сөйлемде қайталануы арқылы байланысқан. Негізгі сөйлем бастауышының жиналған жұртқа қарауының түрлі амалдары үстеме сөйлемде баяндалған. Негізгі сөйлемнің баяндауышы үстеме сөйлемдерде қайталануы – тізбектеле келген үстеме сөйлемдерді негізгі сөйлемге тәуелді қылып, басаяғын жинақы қылып, тұтастырып тұруға негіз болған;

Екіншіден, соңғы үш үстеме сөйлемнің ортақ бастауышы (*Иван Зубов*) негізгі сөйлемде орналасқан. Кейінгі үстеме сөйлемдер осы ортақ бастауышқа жарыса бағынған.

Екі солдат пен Абылов әрі асты. Ойылдағы кадет мектебін алып келіп, бүлік шығарған төрт жүз жігіттің басын кестіруге асты. Жәкесу, жәкелісу үшін асты (Х.Есенжанов).

Мысалдағы соңғы екі ерекшеленген үстеме сөйлем негізгі сөйлемде айтылған іс-әрекеттердің мақсаттары баяндалған. Байқап отырғанымыздай, үстеме сөйлемде сөйлемге тән бүкіл белгілер бар: тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері, предикаттық қатынасы бар; біріншісі күрделенген жай сөйлем, екіншісі жай сөлем. Екеуі де толымсыз сөйлем, себебі ойға қатысты бастауыш негізгі сөйлемде орналасқан. Бұл – үстеме сөйлемдерге қатысты басты белгі. Үстеме сөйлемдердің бастауышы міндетті түрде негізгі сөйлемде орналасады. Осы арқылы негізгі сөйлемге тәуелді болады.

Жоғарыдағы үстеме құрылымды сөйлемдерді қалыпты сөйлем арқылы да беруге болады. Бірақ автор үстеме сөйлемдерді таңдаған. Сөйлемдерді үстемелеу арқылы берудің артықшылықтары мынада: біріншіден, үстемеленген ойға оқырман ерекше назар аударады; екіншіден, ойықшам, жеке-жеке беріліп, үстемеленген бөлшек өзіне мағыналық-логикалық жүк артады.

Сонымен, толық сөйлем түріндегі үстеме құрылым өзіндік предикаттық қатынасы болса да, негізгі сөйлемге логикалық жағынан тәуелді болып, негізгі сөйлемнің түрлі белгілерін түсіндіріп тұрады.

Үстеме құрылымның сөйлем мүшелеріне қатыстылығы. Қазақ тілінде үстеме құрылым құрамында барлық сөйлем мүшелері жұмса ла береді. Сөйлемнің тұрлаулы немесе тұрлаусыз мүшелерінің негізгі сөйлемде болмай, үстеме сөйлемде болуы; бастауыш не баяндауыштың үстеме мағынамен қайталануы; негізгі сөйлемдегі белгілі бір мүшенің (тұрлаулы, тұрлаусыз) мағынасын кеңейту, нақтылау т.б.

Тұрлаулы мүшелердің ішінде бастауыштан гөрі баяндауыш жиі жұмса лады. Мұның себебін сөйлемнің актуалды мүшеленуінен іздеу керек. Ремада темаға қарағанда әр уақытта актуалды акпарат болады. Мысалы: *Аспан мырс етіп күлді. Күлді де терезеден ақшағырмақ далаға қарап, үнсіз жатты* (О.Бөкеев).

1-сөйлемдегі тема – *Аспан*, рема – *мырс етіп күлді*. Келесі сөйлемде 1-сөйлемдегі рема темаға айналады да, темаға сүйене отырып, рема айтылады. 2-сөйлемде тема – *күлді де*, ал сөйлемнің басқа бөлігінің барлығы рема болады (карамен ерекшеленген). Осылай тізбектеліп кете береді.

Қалыпты сөйлемде бастауыштың тобы тема болады да, баяндауыштың тобы рема болады. Үстеме құрылымдар әр уақытта рема болады немесе реманың құрамына кіреді.

Бастауыш – баяндауышпен синтаксистік байланысқа түсіп, предикаттық қатынасқа негіз болатын мүшенің бірі. Сондықтан ол, негізінен, тема болады да, сол сөйлемде хабарланатын ой рема болып табылады. Ал үстеме құрылымдағы үстеме бөлік әр уақытта рема болып табылады. Яғни ол негізгі сөйлемге қосылып отырған тың, жаңа хабар. Сондықтан бастауыш өте сирек үстемеленеді.

Бастауышты үстеме құрылым. Бірден мысал келтірейік: *Енді соты ғана қалды ғой. Әскери сот. Әскери сот деген не? Ресейде бұл күні бұрын белгілеген үкімнің жарияланатын орны ғой. Кәдімгі белгілі жазаның ... Ату, асу, каторга – жазаның мөлшері осы үшеуі* (Х.Есенжанов).

Мысалдағы *Енді соты ғана қалды ғой* деген негізгі сөйлемге *Әскери сот* деген тіркес үстеме болып тұр. Негізгі сөйлем мен үстеме бөлікті біріктіріп, қалыпты сөйлемге айналдырып көрейік: *Енді әскери соты ғана қалды ғой*. Авторға, әрине, осылай етіп жазу белгілі. Алайда оның субъективтік-коммуникативтік мүддесіне жүгінсек, *әскери сот* тіркесіне ерекше екпін (актуализация) керек болып тұр. Олай дейтініміз – жазушы бұл коммуникативтік бөліктен ары қарай үстеме бөлікке (*әскери сот*) сипаттама беру арқылы хабар әсерін күшейте түседі. Бұл жерде бастауыш өзі жеке үстеме бөлікке шығып тұрған жоқ, ол өзімен бірге анықтауышты бірге ала қайталанып тұр.

Негізгі сөйлемде бастауыштың болмай, оның үстеме құрылымда айтылуына мысал келтірейік: *Мектепке де бірге келген екен. Дубенко* (Газеттен).

Жоғарыдағы мысалда негізгі сөйлем құрамында бастауыш жоқ, бастауыш үстемеленіп тұр. Бұл сөйлемді қалыпты сөйлемге айналдырып, екеуін салыстырып көрейік: *Дубенко мектепке де бірге келген екен*. Қалыпты сөйлемде бастауыш өз орнында тұрғандықтан, ерекшеленбейді. Ал үстеме құрылымда бастауыш негізгі айтылымнан бөлініп шығып, үзіл-мелілік сипат алады және өзіне мағыналық салмақ артады.

Негізгі сөйлемде бастауыштың болып, үстеме сөйлемде оның нақтылана түсуі: *Атасы – комбинатта бағбан. Оспан* (Газеттен). Мысалда негізгі сөйлемдегі бастауыш – *атасы*, үстеме сөйлемде нақтылана, анықтала түскен. Негізгі құрылымда бағбанның аты белгісіз болса, үстеме құрылымда оның есімі аталған.

Баяндауышты үстеме құрылым. Баяндауыш әртүрлі жағдайда үстемеленеді: негізгі сөйлемдегі баяндауыш қосымша мағынамен қайталанатын, ойды дамытады, кейіпкердің психологиясына, жай-күйіне баға береді.

1) Қосымша мағынамен қайталанатын баяндауыштар: *Көмір мен мыстың туар күні жеткен екен, мың Игілік, екі мың Байжан басып отырса да туады. Туды, міне!* (Ғ.Мүсірепов).

Берліп отырған мысалда негізгі сөйлем баяндауышы келер шақта айтылған болса, үстеме сөйлем баяндауышы жедел өткен шақта үстеме мағынамен қайталанған. Үстеме баяндауышқа сілтеу есімдігі көмекші қызмет атқарған. Негізгі сөйлемдегі келер шақтың үстеме сөйлемде өткен шаққа айналуы, т.б. үстеме құрылымның ықшамдылық, үнемділік жағын атап өту керек. Өйткені негізгі ойға қосайын деген қосымша мағынаны, ойды қосу үшін тағы да алғашқы мәселелерді қайталап жатпай-ақ, қысқа, ықшам түрде үстемеленеді.

Ойымыз дәлелді болу үшін тағы да мысалдар келтіре түсейік:

Мәңгіден бері жинала берген бітеу жара бір жарылмай қояр ма! Өзі жарылды. Екі жағы да кімнің кім екенін жете түсіндіре алған жоқ, жете түсініскен де жоқ (Ғ.Мүсірепов).

1-мысалдың негізгі сөйлемінде істің болатыны (келер шақта) хабарланса, үстеме құрылымда сол істің болғаны (өткен шақта) айтылады. Екі құрылымда екі түрлі іс-әрекет, екі түрлі шақ айтылған. Негізгі құрылымда хабарланған іс-әрекет үстеме құрылымда дамытыла қайталанған.

2-мысалда да баяндауыш қосымша мағынамен дамытыла қайталанған. Негізгі айтылымда екі жақ адамдары іс-әрекетінің нәтижесіздігі білдірілсе, үстеме сөйлемде сол әрекеттің, тіптен, іске аспағандығы айтылған. Бұл құрылымда үстеме сөйлемді негізгі сөйлеммен байланыстырып тұрған тұлға – «де» демеулігі.

2) Негізгі сөйлемде айтылған ойды дамыта қайталанатын баяндауыштар. Бұл топтағы үстемеленетін баяндауыштар жоғарыда талданғандай қосымша мағынамен қайталанбайды, жаңа мағынамен, тың хабар қоса, басқа тұлғадағы баяндауыштар үстемеленеді. Бірнеше мысалдар келтіріп, ойымызды дәлелдейік.

Бұрынғыдай емес, бұйығы тартқан. Қартайған (О.Бөкеев).

Бірлі жарымды малға қолы жетіп еді, өзіңдікі деген ойға тырнағы ілігіп еді, жабыса кетті (Ғ.Мүсірепов).

Ойында ешнәрсе жоқ, күліп жүрген қалты. Әурелемек, ойнамақ (Ғ.Мүсірепов).

1-мысалда негізгі құрылымдағы *бұйығы тартқан* тіркесі мен үстеме құрылымдағы *қартайған* деген етістіктер синонимдер. Біріншісінде адамның сыртқы келбеті, оның ағарған шашы, сақал-мұрты, жалпы әжімденген бет-әлпеті көз алдымызға келсе, екіншісінде (*қартайған* дегенде) адамның жас мөлшеріне сәйкес келген өмірдің бір белесін елестетеміз.

Екі құрылымдағы баяндауыш та есімшенің өткен шақ тұлғасы арқылы (-қан, -ған) жасалған. Үстеме бөліктегі баяндауышты негізгі бөлікпен тұтастырып тұрған үзілмелі интонация. Негізгі сөйлемді айтқаннан кейін интонацияда біраз үзіліс болады да, үстеме бөлікті қабылдайды. Үстеме құрылым интонациясы негізгі құрылым интонациясымен салыстырғанда ерекше екпінмен айтылады.

Бұл мысалда *бұйығы тартқан* деген негізгі бөлік пен қосымша бөлігіндегі *қартайған* деген баяндауыштарда статикалық бір қалып та бар, даму, градация да бар.

2-мысалда үстеме құрылым мен негізгі құрылымның арасындағы қатынас – баяндауыштық. Үстеме құрылымда негізгі бөліктегі әрекеттің нәтижесі берілген. Үстеме сөйлем негізгі сөйлемнің мағынасын кеңейтіп, дамытып тұр. Екеуі де көсемше тұлғалы күрделі баяндауыш. Араларындағы үзілмелі интонация үтір арқылы көрсетілген.

3-мысалда негізгі сөйлемде әрекеттің, жай-күйдің бұрыннан болып келе жатқан тұрақтылығын білдірсе, үстеме сөйлемде сол ойға қазық болып тұрған субъектінің келер шақта істейтін іс-әрекеті айтылған. Үстеме бөліктегі баяндауыш есімшенің келер шақ тұлғасы арқылы жасалған. Үстемедегі баяндауыш негізгі сөйлемдегі бастауышқа бағынған. Бұл баяндауыш негізгі сөйлем бастауышымен қиыспаса, онда ол үстемелік қызметінен айырылып, дербес сөйлемге айналар еді.

3) Негізгі сөйлемде айтылған ойға, құбылысқа, жай-күйге баға бере үстемеленетін баяндауыштар. Мысалы: *Біреуге біреудің шын жаны ашырына иланбаймын. Көлгірсиді* (О.Бөкеев).

Автор негізгі сөйлемде өз пікірін білдіреді де, үстеме сөйлемде сол берілген пікірге жаңа баға береді.

Анықтауышты үстеме құрылым. Жазба әдебиетіміздің ауызекі сөйлеу тіліне жақындауына байланысты үстемелену тіл дамыған сайын канатын кең жайып келе жатыр. Соған байланысты анықтауыштың да үстемеленуі тілімізде жиі кездеседі. Анықтауыштың сөйлемдегі негізгі қызметі – зат есімнен, не зат есім орнына жұмсалған басқа есімдерден болған мүшелерді түрлі жағынан сипаттау: олар заттың түсі, түр-тұрпа-

ты, көлемі, салмағы, саны сияқты сапаларын білдіреді де, анықтайтын сөзімен тығыз байланыста болады.

Тіліміздегі анықтауышты үстеме құрылымдар өзіндік белгілерімен ерекшеленеді. Анықтауыштардың үстеме құрылым құрамында колдануларының мынадай мағыналық түрлері бар:

1) Негізгі сөйлемнен бөлініп шығып, үстеме құрылымда айтылатын анықтауышты үстеме құрылым;

2) Негізгі ойды кеңейтетін және бір мүшені анықтайтын анықтауышты үстеме құрылым;

3) Айтылған ойға авторлық баға беру немесе авторлық көзқарасын көрсететін анықтауышты үстеме құрылым.

1) Негізгі сөйлемнен бөлініп шығып, үстеме құрылымда айтылатын анықтауышты үстеме құрылым. Үстеме құрылымның бұл түрі ауызекі тілімізде көп кездеседі. Санадағы алдын-ала белгілі хабар айтылып жатқанда немесе айтылып болғаннан кейін келетін қосымша хабар негізгі сөйлемнің соңынан тіркестіріліп айтылады. Үстеме құрылымның ауызекі сөйлеу тіліне тән деуіміз осыған байланысты. Ал жазба әдебиетке келсек, бұл, тіптен, басқа мәселе.

Жоғарыда айтқанымыздай, жазба әдебиетімізде үстеме құрылымның көрініс беруі жазушының негізгі сөйлемде айтатын мәселесін ұмытып кетуден емес, мұнда айтушының коммуникативтік мақсаты жатыр: оқырманның назарын белгілі бір мәселеге аудару, үнемділік, сөйлемге стилистикалық әр беру, эмоционалды-экспрессивтік бояу үстеу т.б. Мысалы: *Пішен төбесі мен қораның ығында жатқан иттер үреді. Сақ, мазасыз* (М.Әуезов).

Автор бұл сөйлемде бірыңғай анықтауыштарды сөйлемнің сыртына (нүктенің сыртына) шығарып жіберуінің себебі – бірыңғай анықтауыштарға оқырманның назарын аудару және оларға ерекше логикалық екпін түсіріп, актуалдау. Бұл сөйлем калыпты сөйлемге қарағанда, үзілмелі екпінмен оқылады. Мына төмендегі калыпты сөйлем мен үстеме құрылымды салыстырып қараңыз: *Пішен төбесі мен қораның ығында жатқан сақ, мазасыз иттер үреді.*

Қалыпты сөйлемге қарағанда үстемелі сөйлемнің өзіндік коммуникативтік мақсаттан туған ерекшелігі бар. Қалыпты сөйлем құрамындағы бірыңғай анықтауыш ешқандай өзгешеліксіз, іргелес тұрған мүшелерден ерекшеленбей бір екпінмен айтылады. Ал үстеме құрылым бөлігінде болғанда, басқа мүшелерден ерекшеленіп, сөйлемдік интонациядан

бөлек интонациямен дыбысталады. Негізгі сөйлем айтылғаннан кейін үзіліс болады да, үстеме анықтауыштарға маңыз беріле өзгеше интонациямен айтылады.

2) Негізгі ойды кеңейтетін және бір мүшені анықтайтын анықтауышты үстеме құрылым. Басқа анықтауышты үстеме құрылымдармен салыстырғанда бұл түрі жиі кездеседі. Мысалы: *Енді мұның алдында бір ғана жол тұр: әрі қысқа, әрі төте өлім жолы. Аңсалдың құтқармас құрығы* (Қ.Жұмаділов).

Бұл сөйлемнің басқа анықтауышты құрылымдардан ерекшелігі – үстеме бөліктегі анықтауыштың негізгі сөйлем құрамындағы анықтайтын сөзінің алдына қоя алмайтындығымызда. Себебі, біріншіден, негізгі сөйлем құрамында бірыңғай анықтауыштар бар, екіншіден, үстеме бөліктегі мүше алдыңғы айтылған мәселеге қосымша мағына ғана үстейді. Басқаша айтқанда, негізгі, жетекші анықтауыш емес, негізгі ойды кеңейтетін мүше ғана.

Келесі кезекте мынандай құрылымды талдап көрейік: *Қытай жұртында ескі заң бар, біреуді алдағандығы мойнына түскен кісінің қолын кесетұғын* (Ы.Алтынсарин).

Үстемеленген анықтауыш бір сөйлемге пара-пар күрделі анықтауыш. Үстемеленген анықтауыш *заң* сөзін анықтап тұр. Оны қалыпты сөйлемге де айналдыруға болады. Мысалда үстеме анықтауыш мағыналық жағынан дараланған және негізгі сөйлем мен үстеме бөліктің арасында үзілмелі байланыс бар.

Кенет бір бүйірден сау етіп бір топ салт аттылар шыға келді. Жиын қарасы қырық-елуден кем болмас (Қ.Жұмаділов). Мысалда үстеме бөлік негізгі сөйлемде айтылған *бір топ салт аттылардың* сандық (болжалдық) мөлшерін білдірген. Яғни негізгі сөйлем мен үстеме сөйлемнің арасындағы қатынас – мөлшерлік қатынас. Бұл құрылымның екі жақты қызметі бар: біріншіден, негізгі ойдың ауқымын кеңейтсе, екіншіден, белгілі бір мүшені анықтаған.

3) Айтылған ойға авторлық баға беру немесе авторлық көзқарасын көрсететін анықтауышты үстеме құрылым. Үстеме құрылымның бұл түрі айтылған мәселеге авторлық пікір, авторлық көзқарас қосумен ерекшеленеді. Мысалы: *Тәбеті тартып тұрмаса да, әл жинау үшін бір тостаған шай мен жарты қалашты түгін қалдырмай соғып алды. Балкім ақырғы атауы, соңғы дәмі* (Қ.Жұмаділов).

Мысалда негізгі сөйлемде айтылған мәселеге үстеме құрылымда автор өзіндік пікірін, болжамын көрсетеді.

Толықтауышты үстеме құрылым. Қазақ жазба тілінде толықтауышты үстеме құрылым басқа мүшелермен салыстырғанда сирек кездеседі. Толықтауыш үстеме құрылымда көп жағдайда қайталанып қолданылады. Ол – белгілі бір мүшеге аса маңыз беру үшін және ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшелік – нақтылау үшін толықтауыш қайталанады. Мысалы: - *Шешеңді ойла, шешеңді* («Қазақ әдебиеті» газеті). – *Жоғары шық, Төке ... Шайға жақында, шайға ...* – деп жыбырлай бастады (Ғ.Мүсірепов).

Жоғарыдағы екі мысалда да негізгі сөйлем құрамындағы толықтауыш үстеме бөлікте қайталанған. Мұндай қайталаулар ауызекі сөйлеу тіліне тән құбылыс болып табылады. Ал үстеме құрылымның ауызекі тілінен енгенін ескерсек, бұл, әрине, заңды құбылыс.

- *Ал жібердім тізгіндеріңді!* – деді Жұман қалың қолдың ортасында тұрып. - *Өзгесі адыра қалсын, ең алдымен, Игілікті өз шаңырағын ортасына түсіріп, өзін бір сүйреп алдыма әкеп беріңдер! Өзін, өзін!* – деп тоқтады (Ғ.Мүсірепов).

Мысалдағы үстеме бөлікте қайталанған толықтауыш (*өзін*) табыс септігі тұлғасы арқылы жасалған. Сөйлеуші өздік есімдігін екі рет қайталаудағы мақсаты – тыңдаушыларды естімей қалмасын деген оймен нақтылау және нығырлау. Және біз бұл құрылымнан сөйлеушінің психологиялық жағдайын да көреміз. Ол – ашу, ыза.

Сонымен, толықтауыш, көбінесе, қайталау арқылы үстемеленеді.

Пысықтауышты үстеме құрылым. Пысықтауышты үстеме құрылым негізгі құрылыммен мынадай мағыналық қатынаста болады:

- 1) Себептік қатынас;
- 2) Қимыл-сындық қатынас;
- 3) Мезгілдік қатынас;
- 4) Мекендік қатынас.

1) Себептік қатынастағы пысықтауышты үстеме құрылым. Үстеме құрылымның бұл түрі негізгі айтылымдағы іс-әрекеттің себебін білдіреді. Мысалы: *Атасы түнде, жатар алдында ғана, Қайыркөлдің жағасына барамыз деген. Ауылдан біршама қашық. Осылай желдіртіп отырғанда арбалы кісі бір жарым-екі сағатта әрең жетеді. Жаз бойы атасына еріп талай барған жері. Өстіп шөп шабуға* (Ж.Шағатаев).

Үстеме бөлік негізгі сөйлемдегі *талай баруының* себебін білдіріп тұр. Бұл құрылымды калыпты сөйлемге де айналдыруға болады: *Жаз бойы атасына еріп өстіп шөп шабуға талай барған жері.* Демек, үстеме бөліктегі себеп пысықтауыш негізгі сөйлемнен бөлініп шыққан мүше болып табылады.

2) Қимыл-сындық қатынастағы пысықтауышты үстеме құрылым. Пысықтауышты үстеме құрылымның бұл түрінде, көбіне, амал пысықтауыштың калыпты жағдайда атқаратын қызметімен бірдей болады. Мысалы:

– *Ішкен-жегенім керем болып, алғаным ақыретіммен кеткір, неге гана сатып ем Қарагандыны ... Қысты күні қырылып келе жатқандарын да көріп ем ... Енді міне, туған қызымдай болып кеткен, қарлығаштай гана сорлы баланың ұсталғанын да көрдім-ау!* – деді. **Көзіне жас алып, қамығып айтты** (Ғ.Мүсірепов).

Сөйлеушінің психологиялық жағдайы үстеме сөйлемде көрсетілген. Бұл жерде үстеме сөйлемді негізгі сөйлем құрамынан бөлініп шықты деуге мүлдем болмайды. Үстеме бөлік негізгі сөйлемнің мағынасын кеңейтіп, кейіпкердің әрекетін пысықтап тұр. Ол пысықтау – сын-қимыл жағынан.

Тағы бір мысал келтірейік:

Бірақ... Тағы да бірақ деймін-ау, көп ұзамай сол көңілдің шырқы тағы бұзылды. Мықтап бұзылды (С.Жүнісов).

Бұл құрылымда да баяндауыш қосымша сөйлемде қимыл-сын жағынан пысықтала қайталанып тұр. Егер бұл құрылымды калыпты сөйлемге айналдырсақ, одан үстеме құрылымдағыдай әсер алмаймыз. Яғни үстеме құрылымда *мықтап* пысықтауышы логикалық екпінмен ерекшеленген, ал калыпты сөйлемде ол ондай екпін алмайды.

3) Мезгілдік қатынастағы пысықтауыштық үстеме құрылым. Мезгіл пысықтауыштың сөйлемдегі қызметі сияқты үстеме сөйлемдегі мезгіл пысықтауыш негізгі сөйлемдегі іс-әрекеттің мезгілін білдіреді. Мысалы: *Маңдай терісі жиырылып, жүз жасаған қариялардай түнеріп толғанып отыр. Аанда-санда* (Д.Әбілев).

Мысалдағы *аанда-санда* пысықтауышы мезгіл үстеуден жасалған. Үстеме бөліктегі мезгіл пысықтауыш негізгі сөйлемдегі іс-әрекеттің үздіксіз емес, оқта-текте, үзілмелі болып жатқанын білдіреді.

Бұл ауылға жақындағанда бәрі үйіне кіріп жоқ болады да, үйлерінде күледі. Жаз бойы, қыс бойы күледі (Ғ.Мүсірепов). Негізгі сөйлемдегі баяндауыштың қайталануы арқылы негізгі сөйлемдегі іс-әрекеттің мезгілі үстеме сөйлемде көрсетілген.

4) Мекендік қатынастағы пысықтауышты үстеме құрылым. Мекендік қатынастағы үстеме құрылым қимылдың, іс-әрекеттің болу орнын, бет алысын, қайда екенін білдіреді.

– *Мен өз жеріме кетемін. Арқаға* (І.Есенберлин).

Үстеме бөлік негізгі сөйлемде айтылған іс-әрекеттің бет алысын, бағытын білдірген. *Арқаға* деген үстеме бөлік негізгі сөйлем құрамындағы *өз жерім* деген тіркестің мазмұнын ашып, айқындап тұр.

Жоғарыда келтірілген сөйлем мүшелерінің барлығы дерлік үстемеленгенде, ең алдымен, негізгі сөйлемдегі ойды толықтырып, сөйлемді мағыналық жағынан болсын, коммуникативтік жағынан болсын тиянақтап, негізгі сөйлемнің әр қырлы толықтырмасы ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, үстемеленген сөйлем мүшелері өзіндік логикалық екпінмен ерекшеленіп, сөйлемді жеткізу кезінде өзіндік мәні, қызметі бар.

Қазақ тіліндегі айрықша синтаксистік құбылыс – үстеме құрылымдарды талдай келе, біз мынадай қорытындыларға келдік:

1) Үстеме құрылым құбылысы қазақ тілі табиғатына тән құбылыс және ол көптеп кездеседі. Үстеме құрылым жазба тілге уақыт өте келе ауызекі сөйлеу тілінен келіп кірген. Олай дейтініміз – жазба тіл мен ауызекі сөйлеу тілі жақындап, біріндегі құбылыс біріне ауысып жатады. Бұл күнде үстеме құрылым жазба әдебиеттің нормасына ыңғайласып қалыптасуда.

Үстеме құрылым санада алдын-ала жоспарланбастан үстемеленеді. Яғни негізгі ой айтылып жатқанда немесе айтылып болғаннан кейін қосымша ой санаға келеді. Осы қосымша келген ой алдыңғы негізгі ойға тіркесе айтылады. Бұл айтылғандар үстеме құрылымның ауызекі сөйлеу тілінен шыққандығын көрсетеді.

2) Үстеме құрылым предикаттық қатынасқа сүйеніп, негізгі сөйлемнен кейін орналасып, оған түрлі мағына үстейтін, өзіндік дербестігі жоқ, негізгі сөйлемге тәуелді бөлік болып табылады. Үстеме бөлік негізгі бөлікті нақтылайды, қосымша мағына үстейді, мазмұнын, мағынасын кеңейтеді, толықтырады және негізгі ойды дамытады.

3) Үстеме құрылымның құрамы үш түрлі болып келеді:

а) жеке сөз тұлғасы түрінде;

ә) сөз тіркесі түрінде;

б) сөйлем түрінде.

4) Үстеме құрылым әр уақытта негізгі сөйлемнен кейін келеді (орны тұрақты) және тұтас сөйлемді, не бір жеке мүшені толықтырып, түсіндіріп, нақтылап тұрады.

5) Үстеме құрылымның үстеме бөлігі негізгі бөліктің негізінде пайда болады және оның коммуникативтік дербестігі болмайды. Ол негізгі бөлікпен бірге айтылғанда ғана коммуникативтік дербестікке ие болады.

6) Үстеме құрылым предикаттық қатынасы бар сөйлемнен де тұруы мүмкін және ол кез келген шақта болады.

7) Қазақ тілінің синтаксистік құрылысында сөйлемнің кез келген мүшесі үстемелене алады.

8) Үстеме құрылым сөйлеуде логикалық екпін арқылы ерекшеленіп, айрықшаланып тұрады.

9) Негізгі сөйлем мен үстеме сөйлем әртүрлі тыныс белгілері арқылы бөлінеді. Олар: нүкте, үтір, көп нүкте, сұрақ белгісі және леп белгісі.

Семинар сұрақтары

1. Контекст ұғымы туралы.
2. Контекст деңгейлері.
3. Сөйлемнің контекске тәуелділігін дәлелдеу.
4. Сөйлемнің толымды-толымсыздығы туралы көзқарастар.
5. Сөйлем толымсыздығының контекске тәуелділігін дәлелдеу.
6. Толымсыздықтың сөйлем мүшелеріне қатыстылығы.
7. Мүшеленбейтін сөйлемдердің негізгі айырым белгілері және түрлері.
8. Атаулы сөйлемнің негізгі айырым белгілерін анықтау.
9. Қалыпты атаулы сөйлем.
10. Қандай сөйлемдерді тақырып және түсінік атаулы сөйлемдер дейміз?
11. Вокатив сөйлем.
12. Генитив сөйлемдердің басты белгілері.
13. Эмоционалды одағайлардың бір сөзді мүшеленбейтін сөйлемдер құрауы.
14. Мүшеленбеу тұрғысындағы модаль сөзді сөйлемдердің семантикалық топтары.
15. Коммуникемдердің функционалды-семантикалық жақтан топтасырылуы.
16. Үстеме құрылымның негізгі бөлікпен қарым-қатынасы және өзіндік ерекшелігі.
17. Үстеме құрылым және құрмалас сөйлем.
18. Үстеме құрылымның тыныс белгілері.
19. Үстеме құрылым және парцелляция.
20. Сөз тұлғасы түріндегі үстеме құрылым.
21. Сөз тіркесі түріндегі үстеме құрылым.

22. Сөйлем түріндегі үстеме құрылым.
23. Үстеме құрылымның сөйлем мүшелеріне қатыстылығы. Бастауыш пен баяндауыштың үстеме құрылым құрамында жұмсалуды.
24. Тұрлаусыз мүшелердің үстеме құрылым құрамында жұмсалуды.

Оқытушы өткізетін өздік жұмыс

1. Оқытушы мәтіннен контекске тәуелді сөйлемдерді тауып, олардың тиянақсыздығын дәлелдеуді тапсырады.
2. Синсемантика көрсеткіштері бар сөйлемдерді теріп, оларды топтап жазу.
3. Теріліп алынған сөйлемдердің синсемантикасының көрсеткіштерінің астын сызу.
4. Сөйлем толымсыздығы контекске байланысты болғандықтан, теріліп алынған белгілі бір сөйлемдерден тұратын жаттығу ұсыну рабайсыздыққа әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан оқытушы мен студенттің келісімімен таңдалған мәтіннен толымсыз сөйлемдер тауып, оларда не «толмай» тұрғанын, қалай «толмай» тұрғанын дәлелдеу тиімді де оңтайлы тапсырма. Әр студентке әр басқа мәтін ұсынуға болады.
5. М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан мүшеленбейтін сөйлемдердің түрлерін теріп жазу.
6. Атаулы сөйлемдерді семантикасына қарай топтап, мысалдар жазу.
7. Генитив сөйлемдердің семантикасы мен жасалуына байланысты мысалдар келтіріп жазу.
8. І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романынан вокативті сөйлемдерді теру.
9. М.Мағауиннің «Аласапыран» романынан эмоционалды және императивті одағай сөзді мүшеленбейтін сөйлемдерге мысалдар теріп жазу.
10. Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» шығармасынан модаль сөзді мүшеленбейтін сөйлемдерді теріп жазу, семантикасын ажырату.
11. Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романынан коммуникемдерге байланысты мысалдар теріп жазу, семантикасын ажырату.
12. Оқытушы студенттерге жаттығу жұмыстарын беріп, оларды талдату.
13. Студенттерге салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдерді және үстеме құрылымдарды араластыра беріп, оларды талдату. Олардың салалас, сабақтас, үстеме құрылым екендігін ажырата білу, сыңарларының арасындағы грамматикалық қатынастар мен мағыналарды талдай білу.
14. Үстеме құрылым мен парцелляцияға байланысты жаттығу жұмыстарын орындату.

15. Мәтіннен сөз тұлғасы түріндегі үстеме құрылымдарды тауып, талдау.
16. Сөз тіркесі түріндегі үстеме құрылымдар бойынша жаттығу жұмыстарын орындау.
17. Мәтіннен сөйлем түріндегі үстеме құрылымдарды тауып, синтаксистік талдау жасаңыз.
18. Мәтіннен бастауышты, баяндауышты үстеме құрылымдарды тауып, синтаксистік талдау жасау.
19. Мәтіннен анықтауышты, толықтауышты және пысықтауышты үстеме құрылымдарды тауып, синтаксистік талдау жасау.

Өздік жұмыс тақырыптары

1. Қазақ тіл білімінде сөйлемге берілген анықтамаларға шолу.
2. Сөйлемнің құрылымдық-мағыналық белгілері: предикативтілік, модальділік, интонация.
3. Сөйлемнің контекске тәуелділігі.
4. Бастауышсыз толымсыз сөйлем.
5. Баяндауышсыз толымсыз сөйлем бе, эллипсис пе?
6. Анықтауышсыз толымсыз сөйлем.
7. Толықтауышсыз толымсыз сөйлем.
8. Пысықтауышсыз толымсыз сөйлем.
9. А.Байтұрсыновтың сөйлемнің негізгі белгілері жөніндегі көзқарасын баяндау.
10. Қ.Жұбанов пен С.Аманжоловтың сөйлем турасында айтқан пікірлеріне шолу жасау.
11. О.Төлегеновтің «Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері» еңбегіндегі лепті сөйлемдерге конспект жасау.
12. Р.Әмірдің «Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері» еңбегіндегі «реплика-сөйлемдері» деп аталатын құрылымдарға қысқаша шолу жасау.
13. Ж.А.Жақыповтың «Сөйлеу синтаксисінің сипаттары» атты еңбегіндегі атаулы және генитив сөйлемдер жөніндегі көзқарасын баяндау.
14. Ш.Сарыбаевтың «Қазақ тіл білімі мәселелері» еңбегіндегі одағайлар жөніндегі көзқарасына шолу жасаңыз.
15. З.Ш.Ерназарованың «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі» атты еңбегіндегі сөйлеу синтаксисіне байланысты айтылған көзқарастарына тезис жасау.
16. Қазақ тіліндегі үстеме құрылымдар туралы қазақ тілші-ғалымдардың пікірлеріне шолу жасау.
17. Үстеме құрылым мен парцелляция туралы ғалымдардың пікірлерін баяндау.

18. Ж.А.Жакыповтың еңбектеріндегі сөйлемнің актуалды мүшеленуіне байланысты пікірлерін баяндау.

19. «Үстеме құрылымның ауызекі сөйлеу стиліне қатыстылығы» деген тақырыпта баяндама дайындау.

20. «Үстеме құрылымның сөйлем мүшелеріне қатыстылығы» деген тақырыпта баяндама жасау.

21. Көркем шығармалардан сөз тұлғасы түріндегі, сөз тіркесі түріндегі және сөйлем түріндегі үстеме құрылымдарды тауып, оларға синтаксистік талдау жүргізу.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. – Алматы: «Ғылым», 1967. – 236 б.
2. Кенжебаева Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі септеуліктер мен демеуліктер: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1964
3. Нурманов А. Пресуппозициональный аспект простого предложения узбекского языка // Советская тюркология. – 1990, №6. – С.13-16.
4. Сәдуақасұлы Ж. Қазақ тіліндегі бірқұрамды сөйлемдердің құрылымдық типтері (етістік бас мүшелі сөйлемдер) : филол. ғыл. докт. ... дис. авторефераты. – Алматы, 1997
5. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва-Ленинград: «Наука», 1956
6. Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. – Москва: «Учпедгиз», 1956
7. Попов И.А. Неполные предложения в современном русском языке // Труды Института языкознания. – Москва, 1953, т. II.
8. Мещанинов И.И. Члены предложения и части речи. – Москва, 1945.
9. Акынжанова А.Т. Қазақ тіліндегі парцелляция құбылысы. Филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 1999. – 25 б.
10. Балакаев М.Б., Сайрамбаев Т.С. Парцелляция және оны аудару // Аударманың лексико-стилистикалық мәселелері. – Алматы: «Ғылым», 1987

Қосымша әдебиеттер тізімі:

1. Звегинцев В.А. Предложение и его отношение к языку речи. – Москва: МГУ, 1976. – 306 с.
2. Колшанский Г.В. О природе контекста // Вопросы языкознания. – 1959. №4. – С.45-54.
3. Төлегенов О. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы: Мектеп, 1968. – 179 б.

4. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: «Мектеп», 1972. – 216 б.
5. Сергеев В.И. Многозначность слова и контекстная семантика (проблемы лексикографической разработки поисемов). // Советская тюркология. – 1988. №1. – С.12-19.
6. Кодухов В.И. Контекст как лингвистическое понятие // Языковые единицы и контекст. – Ленинград, 1973. – С.7-33.
7. Никольская Л.А. О теории контекста в работах лингвистов Лондонской школы // Вопросы филологии. Ч. I. – Ленинград: ЛГУ, 1970. – С.203-254.
8. Мыркин В.Я. Типы контекстов. Коммуникативный контекст. // Филологические науки. – 1978, №1. – С.95-98.
9. Сibaгатов Р.Г. Проблема предикативности: различные подходы к ее решению. // Советская тюркология. – 1977. - №2. – С.3-15.
10. Ахманова О.С., Микаэлян Р.Б. Современные синтаксические теории. – Москва, 1963. – 165 с.
11. Федорова М.Ф. Синтаксический контекст и его роль в определении типа и структуры простого предложения. // Совещание языковедов Юга России и Северного Кавказа по вопросу о членах предложения. Тез. докл. – Изд-во Ростовского университета, 1959. – 33 с.
12. Чан Нгок Ким. Согласованное определение и контекст. // Языковые единицы и контекст. – Ленинград, 1973. – С.162-167.
13. Колшанский Г.В. Контекстная семантика. – Москва: «Наука», 1980
14. Мыркин В.Я. Текст, подтекст и контекст // Вопросы языкознания. – 1976, №2. – С.86-93.
15. Гальперин И.Р. К проблеме зависимости предложения от контекста. // Вопросы языкознания. – 1977, №1. – С.48-55.
16. Лунева В.П. О степени самостоятельности предложения в сложном синтаксическом целом // Русский язык в школе. – 1972, №1. – С.100-104.
17. Маловицкий Л.Я. Части речи и контекст // Языковые единицы и контекст. – Ленинград, 1973. – С.97-107.
18. Смольянинова Е.Н. Словосочетание и контекст // Языковые единицы и контекст. – Ленинград, 1973. – С.123-130.
19. Функционирование языковых единиц в контексте. Сборник статей. – Воронеж: Издательство Воронежского университета, 1982. – 145 с.
20. Попов И.А. Неполные предложения в современном русском языке // Труды Института языкознания. – Москва, 195, т.II.
21. Керімбекова Ұ. Бастауышсыз толымсыз сөйлемдер // Қазақстан мектебі. – 1976, N2. 45- 47-бб.
22. Керімбекова Ұ. Анықтауышсыз толымсыз сөйлем // Қазақ тілі мен әдебиеті мәселелері. – 7-шығуы. – Алматы, 1971, 83-88-бб.
23. Федорова М.Ф. Синтаксический контекст и его роль в определении типа и структуры простого предложения // Совещание языковедов

- Юга России и Северного Кавказа по вопросу о членах предложения. Тез. докл. – Изд-во Ростовского университета, 1959, с. 33.
24. Кодухов В.И. Контекст как лингвистическое понятие // Языковые единицы и контекст. – Ленинград, 1973, с.7-33.
25. Бондарко А.В. Грамматическая санат и контекст. – Ленинград: «Наука», 1971. – 114 с.
26. Жакыпов Ж.А. «Толымсызбен» толықтыру. Монография. – Қарағанды: «Болашақ» баспасы, 2008
27. Никольская Л.А. О теории контекста в работах лингвистов Лондонской школы // Вопросы филологии. – Ч. 1. – Ленинград: ЛГУ, 1970, с. 203 – 254.
28. Атажанова А. Эллипсистенген сөйлемдер // Қазақстан мектебі. – 1981, N7.
29. Адилова З.Ш. Экономия речи и способы ее реализации (на мат. казах. яз.) : Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1989
30. Кязимов И.Б. Неполные предложения в тюркских языках огузской группы: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Баку, 1987. – 25 с.
31. Мурадов А. Неполные предложения в туркменском языке: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Ашхабад, 1977. – 32 с.
32. Юхт В.Л. Некоторые вопросы теории неполных предложений (на материале современного английского языка) // Филологические науки. – 1962, №2, с.59-69.
33. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 448 б.
34. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. – 581 б.
35. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 237 б.
36. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы: «Мектеп», 1968. – 179 б.
37. Әміров Р.С. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Мектеп», 1983. – 168 б.
38. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы: «Қайнар», 1993. – 170 б.
39. Жакыпов Ж.А. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. – Қарағанды, 1998. – 159 б.
40. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: «Арыс», 2000. – 624 б.
41. Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 215 б.
42. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
43. Ибраимова Ж.Ж. Қазақ тіліндегі мүшеленбейтін сөйлемдер: филол. ғыл. канд. ... дис. – Астана, 2008. – 120 б.

3 КОММУНИКАТИВТІК СИНТАКСИСТІҢ НЕГІЗГІ БІРЛІКТЕРІ МЕН ҚҰРЫЛЫМДАРЫ

3.1 Тіл біліміндегі синтаксистік парадигмалар және коммуникативтік синтаксис мәселелері

Тілдің синтаксистік құрылымы белгілі бір ұлт тіліне тән синтаксистік құралдар мен оларды пайдалану қағидаларының қалыптасқан жүйесінен тұрады. Ал синтаксис ғылымы болса осы жүйені түсінудегі/түсіндірудегі әртүрлі теориялардың жиынтығы.

Тілдің әртүрлі деңгейлерінің бірліктері синтаксис арқылы ғана ойды қалыптастырып қарым-қатынас жасауға қатысады. Синтаксистің тілдік құбылыс және ғылыми нысан ретіндегі ерекшелігі осында. Сондықтан синтаксистік бірліктер мен құралдардың, құрылымдардың қарым-қатынас жағдайында сөйлеуді ұйымдастырудағы рөлін, қызметін анықтау – маңызды мәселе.

Синтаксис ілімі тарихындағы түрлі лингвистикалық теориялар осы мәселені анықтауға құрылды.

Логикалық грамматика өкілдері (Ф.И.Буслаев т.б.) – синтаксистік құбылыстардың мәні – мағыналық санаттар болып табылатын субъект, предикат, нысан немесе толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш болуында деп білді. Сонда «*кітаптан оқимын*», «*кітап оқимын*», «*кітаппен доспын*» - бұлар шығыс, табыс, көмектес септігінде тұрған бір сөйлем мүшесі, яғни толықтауыш, өйткені олар нысанды білдіреді.

Демек, ол сөздердің қандай тұлғада, қандай сөзбен байланысып тұрғанына емес, нысанды білдіретініне көңіл бөледі.

«*Асан отыр*», «*Асан - студент*», «*Асан көңілді*», «*Асан - бірінші*» дегендерде де, «*отыр*» (етістік), «*студент*» (зат есім), «*көңілді*» (сын есім), «*бірінші*» (сан есім) әртүрлі сөз таптарының бірліктері болғанына карамастан предикатты бейнелейді (яғни, олардың білдіретін мәні - предикат). Предикат әртүрлі грамматикалық құралдарды (сөз таптарын) бір ғана синтаксистік бірлік – баяндауыш етіп тұр.

Сонымен, логикалық бағыт өкілдерінің көзқарасы бойынша, синтаксистік құбылыстардың мәні синтаксистік құрылымдарды жасаушы сөздердің морфологиялық белгілерінде емес, ал қандай мағыналық са-

наттарды білдіретінінде, яғни, субъект, предикат, нысан санаттарын білдіретінінде болып табылады.

Формалды грамматика өкілдері, (Ф.Ф.Фортунатов т.б.) бұған керісінше, синтаксистік құбылыстардың мәнін сөйлемді құраушы сөздердің морфологиялық белгілерінен іздеді. Бұл бағыт сөз тіркесі идеясын алдыңғы қатарға шығарды.

Олар синтаксистің бірлігі ретінде сөйлемді, сөйлем мүшелерін емес, сөз тіркесін таныды.

Сөз тіркесі негізгі синтаксистік бірлік ретінде толық мағыналы сөздердің әртүрлі формаларының заңды бірлігі деп каралды. Сондықтан *кітапты оқу, кітаптан оқу, кітаппен дос болу* құрамы әртүрлі морфологиялық бірліктерден тұратындықтан, әртүрлі синтаксистік бірліктер болып табылады. *Кітап оқу* – етістік пен оған тәуелді табыс септігіндегі (нөлдік тұлға) зат есімді біріктіретін морфологиялық топ болса, *кітаппен дос* – зат есім мен оған тәуелді көмектес септікті зат есімнен тұратын морфологиялық топ. Бұлар әртүрлі морфологиялық топ болғандықтан әртүрлі синтаксистік бірліктерді құрайды.

Әртүрлі морфологиялық тұлғалар әртүрлі сөз тіркестерінде бір мағына беруі мүмкін. Мысалы, *кітапты оқу, кітаптың оқылуы*. Бірақ бұл оларды бірдей синтаксистік бірлік қыла алмайды. Керісінше, бірдей морфологиялық бірліктер ұқсас морфологиялық топ құрғанмен әртүрлі мағына беруі мүмкін. Мысалы: *кітаптың оқылуы, таудың етегі* – бірақ бұл оларды әртүрлі синтаксистік бірліктер етіп жасамайды, олар бірдей синтаксистік бірліктер болып табылады. Демек, тұлғашылдардың көзқарасы бойынша синтаксистік құбылыстың мәні сөз тіркесін құрайтын сөздердің морфологиялық қасиеттерінде.

Бұл екі бағыттың айырмашылықтары болғанмен ортақ қасиетке ие: синтаксистік зерттеудің мақсаты – синтаксистік деректердің мәнін тану деп ұқты, бірақ бірі синтаксистік деректердің мәні – ұғымдық санаттарда деп білсе, екіншісі – морфологиялық санаттарда деп білді. Басқаша айтқанда, логистер синтаксистік құбылыстардың мәнін мағыналық санаттардың көмегімен тануды жақтаса, формалистер морфологиялық санаттардың көмегімен тануды көздейді.

XX ғасырдың екінші жартысында пайда болған құрылымды лингвистиканың өкілдері қазіргі логикалық позитивизм бағытын ұстанады. Олардың гносеологиялық ұстанымының алғышарты – ғылымдық құбылыстың мәні туралы пікір айтуға хақы жоқ. Ол тек құбылыстың өз ішіндегі элементтердің арақатынасы, байланысы туралы ғана айтуына

болады және оның өзі тәжірибе жүзінде дәлелденген болуы тиіс. Мысалы, Копенгаген мектебінің өкілі Луи Ельмслев: «тілді сипаттау әрдайым мәні бар бірліктердің арақатынасын айқындаудан басталуы керек, ондай сипаттауда ол бірліктердің ішкі мәні, табиғаты туралы сөз болмауы керек...

... Шынайы тілдік бірліктерге дыбыстар не таңбалар және олардың мағыналары жатпайды, солардың арасындағы байланыстың элементтері жатады. Дыбыс, таңба, мағына мәнді емес, олардың сөйлеу тізбегіндегі және грамматика парадигмасындағы өзара байланыстары, арақатынастары мәнді. Міне, осы байланыс, қатынас тіл жүйесін құрайды және дәл осы ішкі жүйе тілдерді бір-бірінен ажыратады, ал ол жүйеге тілдің дыбыс, таңба, мағына түріндегі болмысының ешқандай қатысы жоқ, олар жүйеге ешқандай зиянын тигізбей өзгере береді» [1, 55-63 бб.], - дейді.

Сонымен, құрылымды лингвистика өкілдері элементтердің арақатынасынан өзге ештеңені көргісі келмейді, яғни элементтердің байланысын олардың мәніне қатыссыз тұрғыда зерттеуді жақтайды. Мысалы, тілдегі бір тұлғаның екінші тұлғаға тәуелдігі туралы («үйге бару»), кейбір тұлғалардың негізгі, кейбіреулерінің қосалқы рөл атқаруы туралы («далада ойнап жүрген балалар үйге жүзгіріп келді» дегенде негізгі – «балалар келді», қалғандары қосалқы қызметте) айтуға болады, бірақ бұл айтылғандар элементтердің байланысы, арақатынасы туралы, ал олардың мәні туралы емес. Сөйтіп, структуралистердің көзқарасы бойынша, тіл – элементтер арасындағы байланыстардың торы болып шығады.

Шындығында, синтаксистік құбылыстың мәні қарым-қатынас барысында ойды жарыққа шығару актісінде сөйлеушінің міндетіне байланысты жағдайлардан туындайды. Синтаксистік бірліктер – ақпаратты берудің тетігі.

Синтаксистік деректерді тек анықтап белгілеп қою (структуралистер сияқты) жеткіліксіз, олардың немен шартталғанын, яғни оларды сондай бірлік қылуға не жеткізгенін, қарым-қатынас үдерісінде олар қандай рөл атқаратынын анықтау басты мақсат болып қала береді.

Синтаксис жүйелі сипатқа ие, сондықтан оның қандай да бір элементін тану үшін оның басқа элементтермен байланыстары мен арақатынастары ашылуы керек.

Тілдің шындық болмыстың қарым-қатынастарын бейнелейтін жалпы қызметінен өзге синтаксистік құралдардың өзіндік тілдік, синтаксистік құрылымдаушы қызметтері бар.

Тілдің сыртқы кең ауқымды қызметі – айтылысты (речь) құрауға жұмсалса, тілдің жекелеген құралдары ол қызметті әртүрлі жолдармен атқарады. Жоғары деңгей бірліктері ғана айтылыс ретінде жұмсалады, ал төменгі деңгей бірліктері тек соның құрамында қызмет етеді. Бұл – кез келген деңгей өзінен төменгі деңгейдің қызмет аймағы болып танылады, ал өзінен жоғары деңгей үшін ол құрал болып табылады деген сөз [2].

Синтаксиске қатысты алғанда бұны былай түсіндіруге болады.

Синтаксистік бірліктер сөйлеуді ұйымдастыруға, демек қатысым үдерісіне, сапалық тұрғыдан әртүрлі жолмен қатысады. Басқаша айтқанда, олардың қызметінде сапалық ерекшеліктер бар: кейбірі қатысымдық деңгейде қызмет етсе, кейбірі қатысымға дейінгі (сөйлем құрау) кезеңінде қызмет етеді. Осының өзі оларды жіктеуге негіз болады.

Жай сөйлем қатысымдық актіні белгілеп, негізгі коммуникативтік бірлік болады (*Жаңбыр жауды*). Сонымен қатар ол құрмалас сөйлем құрамында қатысымдық бірліктің құрылымдық бөлігі қызметін атқарады (*Жаңбыр жауып, жер көгерді*).

Синтаксистің қатысымдық сатысында сөйлем негізгі синтаксистік бірлік ретінде қызмет етсе, қатысымға дейінгі сатыда, яғни сөйлемді құру кезеңінде синтаксистің ең кіші бірлігі ретінде сөзтұлға қызмет етеді.

Сөз тұлғаларының кейбірі (жіктік тұлғасы, атау тұлға) сөйлем сияқты қатысымдық бірлік қызметін атқарады (*- Келдің бе? –Келдім. Қысқы дала. Аяз*). Кейбір септік тұлғаларында да ондай қызмет бар (*Үйде. Жұмыста*).

Кейбір сөзтұлғалар сөйлемнің құрылымдық бөліктері қызметін атқарады (көсемше, есімше, шарт тұлғасы, септік тұлғалары, көмекші тұлғалар).

Синтаксистік тұлғалардың келесі түрі сөйлем құрамында сөздерді жайылмаландырушы қызмет атқарады. Ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септік тұлғаларында матаса, меңгеріле байланысқан сөздер өздерін меңгеруші сөздермен бірлікте ғана сөйлем құрамына енеді.

Қарапайым мағыналарды белгілеуші сөзтұлғалардың әрбіреуі белгілі бір жұмсалымдық, синтаксистік қызметке ие болып, белгілі бір мағыналық, жұмсалымдық парадигматикалық қатар құрайды. Сөйлем құрауда олардың қайсысын таңдау сөйлеушіге байланысты.

Айтылатын ойдың категориалдық сипатына қарай сөйлеуші сөзтұлғаларды қатысымдық мақсатына сай белгілі бір сөйлем моделінің үлгісіне салып өзіне қажеттісін алады (*Оның үйқысы келді. Оны үйқы жеңуге ай-*

налды. Ол ұйықтады. Ол ұйқыға кірісті. Ол қорылға басты). Сөйлем ішінде өзінің жұмсалымдық қасиетін жүзеге асыра отырып, сөздің синтаксистік тұлғасы сөйлемнің құрылымдық-мағыналық компоненті дәрежесіне ие болады.

Студент емтихан тапсырды.

Студенттің емтихан тапсыруы аяқталды.

Емтихан тапсырылды (тапсырған кім?)

Сөйлемді «іс-әрекет» және «оның иесі» құрылымдық-мағыналық компоненттерінен құрғысы келсе, сөйлеуші тілде бар тәсілдерді пайдаланып, оның қайсысын таңдауды сөйлеу жағдаятының талап етуіне, стильдік мағынасы мен бояуына қарай жүзеге асырады.

Асқар салқынқанды.

Асқарды салқынқандылық ерекшелендіреді.

Салқынқандылық Асқарға тән.

Бұл айтылыстардың құрылымдық-мағыналық компоненттері «сапа-белгі» және «сапа-белгінің иесі» түрінде құрылған.

Бұл айтылғандардан сөздің синтаксистік тұлғасының негізгі құрылымдық элементтері сөздің категориалдық-семантикалық мағынасы мен сөз түрлендіруші құралдар екені байқалады.

Синтаксисті құрылымдық аспектіде зерттеу мен қатысымдық (коммуникативтік) аспектіде зерттеу бір-біріне қарама-қайшы емес. Өйткені тілдегі құрылымдық ерекшеліктер қатысым мақсатынан туындаса, сөздің қатысымдық міндеті мазмұнды бейнелеуші сол құрылымдар арқылы жүзеге асады. Қатысымдық аспект – синтаксистік құрылымды қатысымдық міндеті тұрғысынан талдау деген сөз.

Тілге антропоэзектік көзқарас тілдегі мазмұн мен форманы бөліп қарамай, қарым-қатынас қажетін өтеудегі бірлікте алып қарайды.

Шындық құбылыстың әртүрлі қатынастары тілде көрініс тапқанда белгілі бір синтаксистік құрылымдар (модельдер) арқылы (мәтін, сөйлем) беріледі. Зерттеушінің міндеті – мағына мен құрылым арасындағы байланысты аша білу.

Дәстүрлі тұрғыдан синтаксистік мағына сөйлем мүшелері арқылы қарастырылып келді. Оның себебі сөйлемнің ойлау үдерісімен байланыстылығында. Сөйлем арқылы берілетін ойлау актісі әрдайым қос мүшелі болып келеді: бір нәрсе туралы бірдеме хабарланады, яғни қандай да бір субъектіге тән предикативтік белгі айтылады. Ойлаудың (байымдаудың) субъектісі мен предикатына сөйлемнің құрылымында оның екі бас мүшесі сәйкес келеді: бастауышы және баяндауышы. Сөйлемнің басты

белгісі – кос мүшелі, кос құрамды болуы оның ойлау актісін бейнелеуге қызмет ететіндігінен. Бұл белгі барлық сөйлемдерге тән. Сөйлемнің басты белгісі – предикативтілік, ол жак, шак, модальділік сияқты тілдік санаттардан көрінеді дегенімізде, осы ойлаудың көрінісі болып табылатын сөйлемнің құрылымдық негізін құрайтын субъект пен предикаттың арасындағы предикативтік қатынасты білдіретіндігі негізге алынады.

Субъект пен предикаттың тілдік тұлғалануы мен мағыналық ерекшеліктеріне орай сөйлемнің әртүрлі мазмұндық және тұлғалық, құрылымдық түрлері қалыптасады. Оған сөзсіз сөйлемнің шындық болмыспен байланысы әсер етеді. Сыртқы болмыстың санаттық құбылыстарын, олардың байланыстары мен қатынастарын бейнелей отырып, тіл оларды атап белгілейтін белгілі бір атауыштық және құрылымдық құралдарға ие. Сонымен қатар шындық болмыс сөйлеушінің санасында оның ұлттық-тілдік ерекшеліктеріне сай ұйымдасып бөлшектенеді. Сөйтіп, сөйлемнің мағыналық-құрылымдық болмысында бір мезгілде шындықпен байланысы айқындалады әрі ойлаумен байланысы нақтыланады.

Алайда дәстүрлі тілдік түсінікте мазмұн мен тұлға арасындағы байланысты біржақты шешу орын алды. Сөйлемді дәстүрлі сөйлем мүшелері тұрғысынан жіктеу – соның көрінісі. Тілдегі мазмұн мен тұлғаның сәйкессіздігі осы жерде анық көрінеді.

Мысалы: (1) *Мен кітап оқыдым.*

(2) *Айгүлдің кітап оқығысы келеді.*

(3) *Кітап оқылды.*

Бірінші жағдайда (1) істің субъектісі бастауыш болса, екінші жағдайда (2) бастауыш бола алмайды, үшінші жағдайда (3) істің субъектісі емес, нысаны бастауыш болып тұр. Мұндағы кереғарлық мазмұн мен оны бейнелейтін тұлға арасында орын алған.

Бұл кереғарлықты жою үшін Г.А.Золотова сөйлемді құрылымдық-мағыналық компоненттер тұрғысынан жүйелеуді ұсынады [3].

Сөйлемнің компоненттік құрамын анықтау үшін сөйлемнің әрбір түріне лайық оның нақты типтік тұлғадағы құрылымдық-мағыналық компоненттерін анықтау керек. Сонда ғана синтаксистің коммуникативтік мәні ашылады.

(1) *Мен де келдім, (2) боран да үдеңкіреп кетті. (3) Түн. (4) Шаршап қалыптын.*

Грамматикалық тұрғыдан алғанда, 1 және 2 сөйлемдер бірдей де, 3 және 4 сөйлемдер өзара ұксас. Өйткені олар бастауыштарының бар-жоқтығына қарай ажыратылып, екі негізді (1, 2) және бір негізді сөйлемдерді (3, 4) құрайды. Бірақ олардың құрылымынан басқа да мәнді жағдайлар бары

байқалады: 1 және 4 сөйлемдерде адамның (субъектінің) іс-қимылы туралы хабарланса, 2 және 3 сөйлемдерде ортаның (табиғаттың) жай-күйі хабарланып тұр. Олардың бұл ұқсастық, айырмашылықтары формалық тұрғыдан да бекітіледі. Олар синтагматикалық қатынастағы компоненттерінің құрамынан, компоненттердің категориалдық-семантикалық сипатынан және олардың парадигматикалық байланысынан көрінеді.

Мысалы, 1-сөйлем агент мағынасындағы компонент пен оның іс-әрекетінен құралса, 4-сөйлемде агент айтылмаса да етістіктің жіктік тұлғасы оны көрсетіп тұр және қажетті жағдайда ол аталады да. Жіктік тұлғаның парадигматикалық қатынастағы грамматикалық варианттары бар екені белгілі (*мен келдім, сен келдің, сіз келдіңіз... шаршап қалыптың, шаршап қалытсың, шаршап қалытсыз...*). Сондай-ақ бұл сөйлемдердің жайылмалардың синонимдік варианттары да ұқсас компоненттерден құралады.

Ал 2-3 сөйлемдердің компоненттері өзгеше, оларда субъектінің де, іс-әрекеттің де мағыналары жоқ. «*Боран да үдеңкіреп кетті*», «*Түн*» дегенде табиғаттың, белгілі бір ортаның белгісі, жай-күйі хабарланады. Бұлардың синтагматикалық мүмкіндіктері де басқаша. Бұл сөйлемдерге нысан не іс-әрекетті қабылдаушы, т.б. мағыналарын енгізуге болмайды. Олардың синонимдік байланыстары да басқаша қатар құрайды.

«*Балалар ойнап жүр*», «*Жаңбыр жауды*», «*Ағаштар гүлдеді*» дегендерде құрылымдық бірыңғайлық сақталғанмен, олардың мағыналық құрылымдары бірдей емес. Біріншіде істі істеуші мен оның іс-әрекеті бейнеленсе, екіншіде белгілі бір күйдің атауы мен сол күйдің орындалуы, үшіншіде зат пен белгісі бейнеленген. Оларды бейнелеуші компоненттердің грамматикалық сипаттары да сәйкесінше болып келеді: сөздердің белгілі бір топтарына жатуы, тиісінше тұлғалануы соны көрсетеді, сондай-ақ компоненттерінің парадигматикалық қатынастары мен синтагматикалық байланыстары өзінше болады.

Сөйлемнің мән-мазмұны белгілі бір категориалдық мағынаға не сөздерді қажет етеді. Оның өзі олардың қызметін, грамматикалық тұлғалауы айқындайды.

3.2 Коммуникативтік синтаксистің тұлға-бірліктері (синтаксема)

Тіл ғылымында соңғы жылдары қалыптасып дами бастаған жаңа сөзқарастардың ішінде синтаксисті коммуникативтік аспектіде зерттеу – ғысанды тану жолында біршама жемісті нәтижелер беріп келеді.

Тілде мазмұндық жақ (мағына) және бейнелеуші жақ (құрылым) бар. Тілдік құбылыстарды (соның ішінде синтаксистік) зерттеуде бұлар сәйкесе ме, олардың қарым-қатынасы қандай дәрежеде?

Егер сөйлем мүшелері тұрғысынан қарасак, сәйкеспешілік жиі кездеседі. Мысалы:

Бала кітап оқыды. Кітап оқылды. Мен оқимын. Маған көп оқу керек. (немесе «Менің көп оқуым керек»).

Істі істеуші бір жағдайда бастауышка сәйкес келіп тұрса (бала оқыды, мен оқимын), екінші жағдайда істің нысаны (кітап) бастауышка сәйкес, үшінші жағдайда істі істеуші толықтауыш (маған) немесе анықтауыш (менің) болып тұр.

Осыған қарап сөйлемнің мағыналық жағы мен синтаксистік жағы бір-біріне байланыссыз, қатар өмір сүреді деуге бола ма? Бұл мағыналық жақ пен формалық жақты бір-бірінен бөліп тастау емес пе? Ал біз оларды бір-бірінен бөлінбейді, тығыз байланысты демейміз бе?

Міне, осы қайшылықтарды шешуге сөйлемді мүшелік компоненттерге жіктеу емес, ал **құрылымдық-мағыналық компоненттерге** жіктеу көмекке келеді. Мысалы, есім предикаттан құрылған сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық компоненттерін былайша жіктеуге болады:

1. Іс пен оның бағасы мағынасындағы: *Үйлену оңай, үй болу қиын. Сүю – ұлы іс.*

2. Субъект пен оның күй-жайы мағынасындағы: *Маған жақсы. Оған қиын.*

3. Зат пен оның сандық мөлшері мағынасындағы: *Нан көп. Біздер алтауымыз.*

4. Заттың (субъектінің) иесі мен оған тән нәрсенің сипатын білдіру мағынасындағы: *Менде кітап бар. Асанда домбыра бар.*

5 Зат пен оның мекенін білдіру мағынасындағы: *Мал жайылымда, аң орманда.*

Осылайша, бұл қатарды жалғастыра беруге болады.

Жоғарыдағы сөйлемдерді бастауыш – баяндауышка бөлу не олар туралы түсінікке сәйкес келмейді, не сөйлемнің шынайы құрылымына сәйкес келмейді.

Ал жоғарыдағыдай сөйлемнің компоненттік құрылымын талдау, яғни сөйлемнің әр бір моделіне тән нақтылы-типтік формалардағы құрылымдық-мағыналық компоненттерін анықтау – синтаксистің қатысымдық-мағыналық міндетін айқындайды және мағына мен құрылымды айырып тастамай, сөйлем типологиясы ілімін құруға көмектеседі.

Бұл тұрғыдан алғанда сөйлемнің маңызды синтаксистік тұлға-бірлігі (единицасы) не болуы керек?

Белгілі бір нақты сөйлем құру үшін сөздер мен сөз тіркестерін таңдау жеткіліксіз. Ол сөздердің қандай тұлғада, қандай жалпылама мәнде жұмсалғанына қарай әртүрлі мағынадағы сөйлемдер құруға болады.

Белгілі бір мазмұнды хабарлау үшін сөздердің қандай да бір заттар мен ұғымдарды атағаны жеткіліксіз, нақтылы жағдайда олардың қандай міндеттер атқарып тұрғанын білу керек: яғни қайсысы – істі істеуші (атқарушы), қайсысы – қабылдаушы, қайсысы – тақырыпты білдіреді, қайсысы мезгілдік немесе кеңістік ұғымға ие т.б. Бұлар белгілі болса, олардың тіл-тілде қандай тұлғаларда тұратынын білгендіктен, нақтылы жағдайға сәйкес келетін сөйлем үлгісін (моделін) құруға болады: істі істеуші – атау септікте, қабылдаушы – барыс септігінде, тақырыпты, бағыт-бағдарды т.б. білдіруші сөздер де белгілі тұлғаларда тұрады: *Мен Асанға кітап туралы айттым. Кітапты Асанға бердім. Асан ауылға (ауылдан) келді.*

Зат есімдердің сөйлемде қандай міндет атқаратыны көп жағдайда есімдердің категориалдық мағынасына байланысты болады. Мысалы, *адамзат* жалқы есім сөздер көбінесе істі істеушіні, қабылдаушыны және нысанды білдіреді (олар кеңістік не мезгілдік мәнде жұмсала алмайды). *Ғаламзат* жалпы есім сөздерді заттық-кеңістік мәнге ие болатындықтан, көбіне тақырыптық, кеңістік, мезгілдік қызметте қолдануға болады (*көл, өзен, орман, қала, көше, қыс, жаз*). Сын, сан есімдерді заттың белгісі, жағдайы қызметінде қолдануға болады: *Кітап әдемі (қызыл, сары). Олар үшеу.* Дерексіз мәндегі есімдер де істі істеуші, қабылдаушы қызметтерінде жұмсала алмайды, ал басқа қызметте жұмсала береді: *Балалық - қызық дәурен. Оқу – ғылымға жол ашады.*

Демек, сөз өздігінен синтаксистік бірлік болу талаптарына жауап бере алмайды. «Сөйлемді өз бөліктерінің қосындысынан тұратын нәрсе емес, ал тұтастық» (Э.Бенвенист) деп қарайтын болсақ, сөз бен сөйлем жеке бөлік пен тұтастық арасындағы қарым-қатынасқа түспейді. Сөз конститутивті элемент емес, сондықтан сөйлем тікелей сөздерге жіктелмейді.

Оқиғаны, құбылысты атау (номинация) бар. Мысалы: «Оқушылардың демалысқа шығуы». Бірақ бұл коммуникацияға жатпайды. Ол үшін оны былай құру керек: «Оқушылар демалысқа шықты». Екеуі де құбылыстың атауы, бірақ біріншісі оқиғаның аталған аты болса, екіншісінде оқиғаның хабарлануы бар. Демек, предикативтілік белгісі бар екіншісі ғана коммуникативтік бірлік болады. Бірақ номинация, яғни оқиғаның, жағдайдың компоненттерін белгілеу – сөйлем құрудың алғышарты.


Лексикалық бірлік ретіндегі сөз бен синтаксистік тұрғыдан қарастырылатын сөз бір емес. Ендеше сөз құрылымының қандай элементтері оның синтаксистік қызмет етуін қамтамасыз етеді?

Кез келген деңгейдегі тілдік тұлғаның мағынасы болады. Синтаксистік тұлға-бірлік болу үшін оның тек номинативтік (заттық) мағынасы ғана емес, сонымен қоса тілдік жүйе элементінің синтаксистік деңгейде құрылымдық-мағыналық жағы болуы керек. Бұл оны басқа синтаксистік элементтерден ажыратып, олармен салыстыра қарауға көмектеседі.

Сөз-лексемада алдыңғысы ғана болады. Номинативтік мағына лексикалық бірлік ретіндегі бір сөзді өз деңгейіндегі басқа сөздерден ажыратады (олармен салыстырады), бірақ сөз-лексемада синтаксистік бірлікке тән ажыратушы белгілер жоқ.


Сөз-лексеманың атаулық мағынасында үш түрлі мән ажырамастай болып біріккен: 1) жеке – лексикалық мағына, ол бұл сөзді басқа сөздерден ажыратады (*үй, дәптер, кітап, қалам*); 2) категориалдық-семантикалық мағына – ол затты нақтылы жанды заттардың, не жансыз заттардың, не табиғат құбылысының белгілі бір тобының өкілі ретінде танытатын мағынасы; 3) сөз таптарының жалпы грамматикалық мағынасы.

Сөз-лексеманың атаулық мағынасы оны синтаксистік тұлға-бірлікке айналдыруға материал ғана болады. Сөйтіп, сөйлемнің компоненті сөз-лексема емес, **сөз-синтаксема** болады. Сөйлемге тән синтаксистік тұлға-бірлік – осы. Ол сөздің синтаксистік формасымен байланысты. Лексеманың синтаксемаға айналуы үшін сөздің жекелік – лексикалық мағынасы категориалдық мағына дәрежесіне көтерілуі тиіс, ол үшін белгілі бір сөз табына тән морфологиялық тұлғаға ие болуы керек. Семантика мен морфологияның әсерлесуі арқасында сөз-тұлға синтаксистік тұтастықтың бөліктерімен қарым-қатынасқа түсе алатын мүмкіндікке ие болады, белгілі бір сөз тіркесі не сөйлем құрамына кіре алады, яғни синтаксистік тұлғаға айналады. Осы тұрғыдан синтаксис ілімінің алдында келешекте тұрған міндеттердің бірі – сөздің әр тұлғасының синтаксистік қарым-қатынасқа түсу мүмкіншіліктерін зерттеу болып табылады. Мысалы: атау тұлғадағы «үй» сөзін алайық:



6-сурет

Немесе, «Асқарға» деген белгілі тұлғадағы сөзді алайық:



«Асқарға» – тұлғасы жағынан омонимдес, бірақ қызметі жағынан басқа-басқа синтаксемалар. Олардың мағыналары жоғарыдағы сөйлем модельдерінің құрамы арқылы белгіленеді. Мұндай синтаксистік қызметте, ондай модельдерде адам не адамға қатысты сөздер ғана (студент, жүргізуші) жұмсалады, ал нақты зат атаулары, дерексіз сөздер қатыспайды (мысалы, «кітапқа бер», «көктемге бәрібір» болмайды).

Сөйтіп, синтаксема материалдық жағынан өзінің конститутивті (мәнді) элементтері арқылы жасалса, ал синтаксистік тұлға-бірлік ретінде танылуы өзі сияқты басқа синтаксистік элементтермен және тұтас сөйлемге қарым-қатынасында жүзеге асады. Сөздің синтаксистік мүмкіндіктері ең алдымен оның категориалдық мағынасына байланысты.

Қорыта айтқанда, синтаксеманы тануда сөз не сөз-тұлға мағынасының қандай элементі маңызды десек, категориалдық-семантикалық мағыналары маңызды:

Үй – категориалдық-семантикалық мағынасы: заттық-кеңістік мағынаға ие есім сөз;

Бала – категориалдық-семантикалық мағынасы: адамзат есім (жалпы мәндегі).

Жел – категориалдық-семантикалық мағынасы: үдерістік (қимыл) мәндегі ғаламзат (жалпы) есім сөз.

«Бастапқы лексемалық материалды синтаксистік бірліктерге айналдыру үдерісі осы бірліктердің категориалды-семантикалық, морфологиялық және функционалды-синтаксистік сипаттарын бірлікке келтіруден тұрады», – дейді Г.А.Золотова [3, 56 б.].

Сонымен, лексикадағы сөз бен грамматикадағы сөз – әртүрлі тілдік тұлға-бірліктер. Синтаксистік тұлға-бірлік болып табылатын сөз-синтаксема өзінің грамматикалық мағынасы арқылы сөйлемнің құрамды бөлігіне айналады.

Синтаксеманың түрлері бір-бірінен айырмашылықтары бар формалдық-мазмұндық топтарды құрайды. Өз тобының функционалдық ерек-

шеліктеріне сай белгілі бір сөйлем құрылымына ене отырып, синтаксема сол сөйлемнің компоненті мәніне ие болады.

Кезінде В.В.Виноградов: «сөз-тұлғалардың қызметін, олардың қолданылу заңдылықтарын, оларды сөз тіркестері мен әртүрлі сөйлем типтерінде пайдалану ережелерін зерттеу орыс синтаксисінде әлі жете зерттелмеген өте маңызды мәселелер қатарына жатады», – деген болатын [4, 34 б.].

Синтаксистік тұлғаның коммуникативтік тұлғаға қатынасын синтаксистік қызмет атқару дейтін болсақ, синтаксистік тұлғаны сипаттау үшін оның мынадай үш түрлі мүмкіндік-қасиеттерін ажырату керек:

1. жеке қолданыла алу мүмкіндігі;
2. сөйлем құрамында (компонент ретінде) қолданылуы;
3. сөз тіркесі компоненті ретінде қолданылуы.

Синтаксеманың функционалдық типтері осы мүмкіндіктерді пайдалана алуына қарай ажыратылады:

- Еркін синтаксемалар. Олар жоғарыдағы үш мүмкіндікті де пайдалана алады.

- Шартталған синтаксемалар. 2, 3 қызметтерде қолданылады.

- Байлаулы синтаксемалар. Тек 3 қызметте жұмсалады.

Мысалы, кеңістік мәндегі синтаксема: «Тауда». Бұл синтаксема үш қызметте де қолданыла алады: 1) жеке – бұл жағдайда шығарманың атауы (аты) бола алады. 2) Сөз тіркесін құрастыратын қызметте: *Арқар (тауда өмір сүреді)*. 3) Сөйлем компоненті ретінде: *Тауда – таза ауа*.

Ал нысандық мәндегі синтаксема өзінің мағынасын тек басқа сөзбен (көбіне етістікпен) тіркесте ғана ашады: *Кітапты алды (оқыды)*.

Осы тұрғыдан әр септіктің мағыналарын ашу қажеттігі шығады. Бір септікті (барыс) алайық:

- | | |
|--|--|
| 1. Әкеме хат жаздым – (бердім) | барыс септіктегі синтаксема қабылдаушы мәнінде |
| 2. Әкеме қиын – | сол синтаксема белгілі бір күйдің иесі (субъектісі) болып тұр. |
| 3. Әкеме алтыс жас беруге болады – | белгінің (жас мөлшерлік) иесі |
| 4. Әкеме сенемін – (қызығамын, келдім) | Нысандық мағынада |

Бұл мағыналарды барыс септігі өздігінен беріп тұрған жоқ, олар белгілі бір синтаксистік құрылымдардың шебінде пайда болып тұр.

Бұдан мынадай қорытынды туады: бір морфологиялық тұлғаның өзінен (барыс септік) әр түрлі синтаксеманы ажыратуға болады. Олар тіпті лексика-семантикалық тұрғыдан бір болғанмен де, синтаксистік қолдану алғышарттары мен олардың пайда болатын (жарыққа шығатын) мағыналық-синтаксистік мәндері бір емес.

Жоғарыдағы синтаксемаларды омоформалық синтаксемалар деуге болады (тіпті, олар қызметі жағынан түрлі болуына қарай омонимдік қатар құрайды).

Сонымен, бір септік формасынан байқалатын түрлі мағыналар мен оларды тудырудың семантикалық-синтаксистік алғышарттары лексика мен грамматиканы, синтаксис пен морфологияны бір-біріне қарсы қоятын әрі байланыстыратын теориялық мәселелерді талқылауға септігін тигізеді. Бұдан жалпы зат есім санатына қатысты біртұтас септік мағынасы туралы да, септіктің көп мағыналылығы туралы да сөз қозғау дұрыс еместігін көруге болады. Зат есімнің әртүрлі топтары мен разрядтары септіктің әртүрлі мағыналарына ие. Жоғарыдағы қабылдаушылық, нысандық, белгілі бір күйдің не белгінің несі болушылық мағыналары барыс септігінің өзіне тән емес немесе барыс септігіндегі зат есімге тән емес, олар зат есімнің белгілі бір грамматикалық-семантикалық топтары мен разрядтарының белгілі бір синтаксистік шепте (позицияда) барыс септік формасы арқылы жарыққа шығарған мағыналары болып табылады.

Мұны мынадай салыстырудан да байқауға болады: шығыс септік тұлғасын алайық.

Шығыс септігіне мынадай мағыналар тән деп есептеледі: қозғалыстың шығу көзі, қандай материалдан жасалғанын білдіру, себепті білдіру... Бұл мағыналар, шындығында, ол септік тұлғаларының (морфологиялық) өзіне, не сол тұлғадағы есім сөздерге тән емес, ал есімдердің белгілі бір санаттарына тән. Мысалы:

- қозғалыстың шығу көзі негізінен заттық-кеңістік мағынаға не есім сөздерге тән: *қаладан, үйден, мектептен, дорбадан...*

- қандай материалдан жасалғанын білдіретін сөздер нақтылы заттарды (материалды) білдіретін сөздер болып келеді: *тастан, балшықтан, алтыннан...*

- себепті білдіретін сөздер етістіктен (не белгі-сапаны білдіретін сөздерден) жасалған дерексіз зат есімдер: *қуаныштан, шаршағаннан, сыйылықтан, ауырғаннан...*

Сөйтіп, септіктердің мағыналары дегендер – сөздердің лексика-грамматикалық топтарының мағыналарынан, олардың белгілі септіктерде тұлғаланып, синтаксистік қызмет атқаруынан туындаған мағыналар.

Осының өзі бір тілдік фактінің морфологиялық деңгей мен синтаксистік деңгейде бірдей еместігін көрсетеді: сөздің морфологиялық тұлғасы мен сөздің синтаксистік тұлғасы (синтаксема) әртүрлі белгілер жиынтығынан құралып қалыптасады.

Сөйлемде етістіктің қызмет етуі де, соған сәйкес етістікті синтаксемалардың түрлері де олардың морфологиялық, семантикалық және синтаксистік белгілерінің өзара әсері арқылы анықталады.

3.3 Сөйлемнің актуалды (жұмсалымдық-мағыналық) мүшеленуі

Тілдік жүйеде белгілі бір құрылымға ие сөйлемдегі сөздерді түрлі нұсқада орналастыру мүмкіндігі бар. Мысалы: *Асан қазір мектептен келеді. – Асан мектептен қазір келеді. – Мектептен қазір Асан келеді...* Бұлардың біреуі – алғашқы нұсқасы әрі бейтарап мәнде болады. Нақты тілдік жұмсалым кезінде қарым-қатынастың міндетіне орай солардың біреуі пайдаланылады.

Әдетте, зерттеушілер сөйлемнің грамматикалық, мағыналық және жұмсалымдық құрылымдары туралы айтады. Алайда бұл жіктелім сөйлемді жоғарыдағы өзара байланысты болып келетін аспектілерде қарастыру үшін ғана жасалған, олар сөйлем құрылымына деген үш түрлі көзқарасты білдіреді, ал шындығында бір сөйлемнің бөлек-бөлек құрылымдары болмайды.

Мен келдім. Келдім мен. Бұл екі құрамды етістікті сөйлем. Сөйлемнің беретін жалпы мағынасы – субъектінің іс-әрекетін білдіру. Орындарын өзгерткенмен, бұл жалпы мағына және предикативтік байланыс сипаты өзгермейді.

Күн суық

(Суық күн)

Сағат – үш

(Үш сағат)

Асан – студент

(Студент Асан)

Жоғарыдағы сөйлемдер де екі құрамды. Бірақ олар заттың қимылын емес, сапалық және сандық сипаттарын белгілейді. Ал орындарын өзгерткенде бұл құрылымдар сапалық жағынан мүлде басқа құрылым болып шығады: атаулы сөйлем не есімді сөз тіркесі болады.

Бұларды бұрынғы сөйлемдердің инверсияланған түрлері – инверсияланған құрылымдар деп айтуға болмайды. Олар – мүлде басқа құрылымдар. Бұдан шығатын қорытынды: біркұрамды (Суық күн) мен екікұрамды сөйлемнің (Күн суық) құрылымдық ерекшеліктері предикациясының (баяндауыш болып тұрған сөздің) әртүрлі мазмұндық сипатына байланысты. Бірінші сөйлемде белгілі бір сапаға ие заттың бар екені бекітіледі, екіншісінде сапа заттың белгісі ретінде хабарланады.

Ескеретін жай: бұл 3-жақта солай, ал 1, 2-жақтарда жағдай басқаша. Мысалы:

Мен қаттымын.

Қаттымын мен!

Мен суықпын.

Суықпын мен!

Экспрессивтік мақсатта осылай айтылады. *Біздер онбыз. Онбыз біздер!*

Демек: 1) Бұлар жіктік жалғаулардың арқасында атаулы сөйлемдерге айналмайды – бір.

2) Екіншіден, 1, 2-жақтағы сөйлемдер тек адамға қатысты айтылады. Бұл жіктік жалғауының арқасында осылай болып отыр (ал қазақ тілінде сындық, мөлшерлік сөздер предикатив болғанда орыс тіліндегідей емес, 1, 2-жақта жіктік жалғауын жалғайды).

Ескеретін жайт: *Оның сөзі/ аз. Ол/ аз сөзді жігіт.*

Предикация мөлшер мәнді есім (модаль) сөзден жасалған сөйлем. Оның екінші нұскасында да сол сөз (*аз*) жаңа мағына әкелетін компоненттің (реманың) құрамына кіріп отыр.

«Мағына құрылымға әсер етіп тұра ма?» деген сұрақ туады. Жоғарыда айтқанымызға қайта оралайық:

Күн суық

Қар көп

Суық күн

Көп қар

Бұл құрылымда актуалды мүшеленудің мүмкіндігі қандай? Шектелген бе? Ол сөйлемнің мағыналық-синтаксистік құрылысына байланысты ма?

Сөйлемнің грамматикалық құрылысы мен актуалды мүшеленуінің арасындағы қатынас алуан түрлі. Сөйлемнің қолданымдық парадигмаларының алғашқы құрылымын анықтауда ауыстырылатын компоненттерінің категориалдық мағынасы, олардың берілу әдісі және синтаксистік байланыстарының сипаты ерекше мәнді болады.

Актуалды мүшелену екі жағдайға байланысты болады: 1) сөйлемнің мағыналық-синтаксистік құрылысына; 2) мәтіндік қоршауға немесе сөйлеу жағдаятына. Мысалы: «*Ой-й, қандай суық күн!*» дегенде атаулы сөйлем болмай, бөлшектенген екіқұрамды сөйлем болып тұр. Рема бірінші позицияда тұр.

Сөйлемді қолданыста пайдалану немесе актуалды мүшелену мүмкіндіктері сөйлемнің семантикалық-синтаксистік құрылымы арқылы айқындалады. Хабар-мәліметті толық түсіну үшін сөйлемнің жалпыланған мағынасына, типтік мәніне, сондай-ақ контекстік қоршауына назар аудару керек.

Құрылымдық аспектіде қарастырғанда біз мәтіннен бөлініп алынған жеке сөйлемді зерттейміз. Бұл жағдайда оның қызметі белгілі бір типтік мағынаны білдірудің құрылымдық-синтаксистік тәсілі ретінде бағаланады. Ал сөйлеуде сөйлем белгілі бір тұтастықтың бөлшегі ретінде, соның бір тетігі ретінде қосымша қызметтерге ие болады. Ол өзі сияқты басқа сөйлемдермен белгілі бір құралдар арқылы байланысады, ол құралдар бүтіннің құрамындағы әр сөйлемде болады. Олардың ішінде, сөзсіз, сөйлемнің айтылу интонациясы мен сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібі де бар. В.В.Виноградов: «... сөйлем өзінің құрамы мен сөздердің орналасу тәртібінің және интонацияның бірлігі ретінде өмір сүреді», - деген болатын [4].

Зерттеушілер сөйлемді ұйымдастырудың ажырамас элементтерінің қатарына интонация мен сөздердің орналасу тәртібін жатқызады [5].

Нақты сөйлеу жағдаятында сөйлемнің құрылымдық үлгісі интонация мен сөздердің орналасу тәртібіне қарай әртүрлі өзгерістерге, күрделенулерге ұшырайды.

Бұл өзгерістердің түп төркіні сөйлемнің қосымша жұмсалымдық қызметтерінен туындайды. Ол қосымша қызметі сөйлеушінің неге ерекше мән беретіндігіне, басқаша айтқанда, айтылыста айтылатынның өзектілігіне байланысты болады, бұдан өзге белгілі бір жағдайларда айтылыстың экспрессивтік-бағалауыштық қызметі де болады.

«- Құдай сенің төбеңнен ұрсын да, сен көріңде өкіріп жат! – деді Жұман.

Мұны айтпауына болмай да қалып еді... Төрт көк арбамен шөп алғызыпты да, қырық-елу атты сол шөпке байлатып қойыпты Игілік!..» (Ғ.Мүсірепов).

Берілген мәтінде үш сөйлемнің алдыңғысы Жұманның аузынан шыққан сөзі ретінде экспрессивтік мәнге ие екендігі оны құрап тұрған

сөздердің мағынасынан өзге интонацияның айрықша қарқынмен шығуынан байқалады. Автор сөзі ретіндегі екінші айтылыс біршама бейтарап мағынаны береді. Соған орай дауыс ырғағы мен сөздердің орналасуы да бірқалыпты, дағдылы орналасу ретіне ие. Үшінші айтылыста, әдетте қалыпты жағдайда басында орналасуға тиіс іс-әрекеттің субъектісі (Игілік) айтылыстың ең соңына жылжыған. Бұл – Жұманның көзімен карағанда Игіліктің ерекше іс-әрекет жасауынан туындаған жай. Осыған байланысты Жұманның бойындағы бүкіл қызғаныш, ашу-ызаны беру үшін жазушы инверсия жасаған, яғни ремадан гөрі айтылыстың темасы (Игілік) басымдыққа ие болып тұр.

Сөйлеуші сөйлеу жағдайында, әдетте, өз ойын белгіліден белгісізге қарай біртіндеп дамытады. Бұл ойлаудың жалпы логикасына сай келеді. Сөзді қатысымдық міндетіне сай зерттеуші мәтіндегі бұл құбылысты айтылыстың актуалды мүшеленуі тұрғысынан қарастырып, сөйлеушіге бұрыннан белгілі жайды «тема» терминімен, ал белгісіз жайды «рема» терминімен атайды [6]. Белгілісі (тема) әдетте айтылыстың басқы бөлігінде, белгісізі – енді хабарланатыны (рема) айтылыстың соңғы бөлігінде орналасады. Сөйлеуші нені хабарлауды маңызды санаса, соны айтылыстың соңына таман орналастырады да, соған екпін түсіре баяндайды. Осыған байланысты айтылыстың құрылысы және оның интонациясы анықталады.

Демек, айтылыстың актуалды немесе Г.А.Золотованың сөзімен айтсақ, композициялық-синтаксистік мүшеленуінің көрсеткіші логикалық екпін екен. Қазақ тілінің ерекшелігі (орыс тілімен салыстырғанда), логикалық екпіннің түсуі айтылыстағы сөздердің орналасу тәртібімен тікелей байланысты. Егер орыс тілінде логикалық екпін сөйлеушінің оның тұрған орнына қарамастан қай сөзге мән беруіне, оны өзектендіруіне тікелей байланысты болса, қазақ тілінде екпін сөйлем соңындағы баяндауышқа өзінің алдында тұрған сөзімен бірге (баяндауыштық мағыналық топқа) түседі. Осыған байланысты қазақ тілінде қалыпты жағдайда сөйлемнің грамматикалық құрылымына қатысымдық (коммуникативтік) құрылымы сәйкес келеді. Ол мынадан көрінеді: әдетте сөйлемнің баяндауышы сөйлемді тиянақтап соңғы жағында орналасады да, бастауыш сөйлемнің бас жағында орналасады. Қатысымдық мақсаттылығы тұрғысынан да айтылыс мазмұнының коммуникаттарға алғашқы айтылыстарден (мәнмәтіннен) немесе жағдаяттан таныс, белгілі болып тұратын бөлігі бұрын орналасады да, енді хабарланатын жаңа мәлімет соңынан

айтылады. Сондықтан айтылыстың бастауышына (бастауыштық мағыналық топқа) тема сәйкес келсе, баяндауышына (баяндауыштық мағыналық топқа) рема сәйкес келеді. Мысалы:

«Мәриям /көп сөйледі, Мәриям сөйлеген сайын Раушан/ елжіреп, Мәриямның аузына қараумен болды...» (Б.Майлин).

Алайда айтылыстың қатысымдық құрылымы мен грамматикалық құрылымы үнемі сәйкес келе бермейді. Мысалы, *«Алматының экологиялық жағдайы ауыр. Әсіресе, кешкілікте оған қарау өте аянышты»*. Екінші сөйлемде рема – *«әсіресе, кешкілікте»*, тема – *«өте аянышты»*, яғни рема темадан бұрын орналасқан.

Ескеретін жай: нақты сөйлеу үдерісінде, дискурста екпін (рема) сөйлеушінің неге көңіл аударып, нені айтқысы келетініне (тұрған орнына карамастан) қарай түседі. Сөйлемдегі негізгі ойға қойылатын сұрақ та соны білдіреді:

«Айгүл мектепте әдебиетті сүйіп оқыды» (нені?);

«Айгүл мектепте әдебиетті сүйіп оқыды» (кім?);

«Айгүл мектепте әдебиетті сүйіп оқыды» (қашан?)

Егер бірінші айтылыс Айгүлдің **нені** сүйіп оқитынын айтуды мақсат етіп құрылса, екіншісі мектепте әдебиетті **кімнің** сүйіп оқитынын жеткізуге арналған. Үшіншісі Айгүлдің әдебиетті сүйіп оқитын кезін (**қашан? Қай кезде?**) нақтылауға құрылған.

Ал айтылыстар есім баяндауышқа құрылса, реманың орны тұрақты болады: есім баяндауыштар айтылыстың соңында келетіндіктен олар рема болады да, оны анықтауға орын тәртібі қызмет етеді.

Айгүлдің мектепте сүйіп оқығаны – әдебиет.

Айгүлдің әдебиетті сүйіп оқыған кезі – мектепте.

Мектепте әдебиетті сүйіп оқыған – Айгүл.

Сонымен, айтылыстың актуалды мүшеленуіне оның грамматикалық мүшеленуі тірек болады. Өйткені айтылыстың актуалды мүшеленуіне негіз болатын құралдар – интонация мен сөздердің орналасу тәртібі, басқа да тілдік құралдармен бірлікте ең алдымен айтылыстың грамматикалық құрылымын ұйымдастырады. Егер айтылыстың грамматикалық құрылымы біріктірушілік, тұтастырушылық қызмет атқарса, қатысымдық құрылымы керісінше ой қозғалысының барысын бөліп көрсетіп, ажыратушылық рөлде болады [3, 338 б.].

Жалпы, кез келген сөйлем, мәнмәтін актуалды мүшелену тұрғысынан әрдайым екі бөліктен тұрмайды. Олай болу қарапайым ұйымдасқан сөйлемдер мен мәнмәтіндерге тән. Көбінесе, мәтінде актуалды мүшелену

оның композициялық-синтаксистік ұйымдасуын бейнелеп, анағұрлым күрделі, сатылы және өзара бағыныштылық сипатқа ие болып келеді.

Сөйлемнің синтагматикалық бөлінісі үш және одан да көп болып келгенде, оның екі бөлігі ғана осы сөйлемдегі тема мен ремаға сәйкес келеді, қалғандары мәтіндегі алдыңғы сөйлемдердің темалары (T_1, T_2 т.с.с.) болып, олар мәтіннің басқа композициялық-синтаксистік бірліктеріне сәйкес келуі мүмкін. Мысалы: «Мен ^(m) \ үйге келсем, Әбдірахманның ^(p) қаладан келгенін есітіп үйдің іші қуанып отыр екен. Шұғаның халін ^(m) \ көріп қайғырып қайтсам, \ Әбдірахманның ^(m) келгенін есіткен соң \ тасып ^(p) кеттім. Менің қуануым ^(m) \ ынтық болып жатқан Шұғаға ^(m) \ Әбдірахманды әкеліп бір көрсету еді ^(p)» (Б.Майлин).

Бұл мәтіннің композициялық-синтаксистік құрылымы әңгімелеу типіне тән. Бірінші сөйлем тема (мен) мен ремаға (қалғандары) жіктеледі. Екінші сөйлемде актуалды мүшеленудің үш компоненті бар, олардың біріншісі алдыңғы мәтіндермен белгілі бір тема (T_1) болса, қалғандары осы сөйлемнің темасы (Т) мен ремасынан (р) тұрады. Үшінші сөйлемде үш бөліктен тұрады, оның біріншісі осы сөйлемнің темасы (Т), ортада актуалдылығы әлсіз орында тұрған алдыңғы мәтіндерден белгілі жай (T_1), сөйлемнің соңында актуалдылығы белсенді орында тұрғаны – рема (Р). Кесте түрінде бейнелесек: TT_1P .

«Кеңестік кезеңде \ жылдық жоспарды орындау \ қатаң бақылауда болатын» (газеттен).

Бұл сөйлемдегі үш құрылымдық-мағыналық (синтагматикалық) компонент мәнмәтінмен байланысы тұрғысынан алғанда үш сатыны құрайды. Мәнмәтінде жылдық жоспардың орындалуының кеңестік және қазіргі кездегі салыстырылып отыр. Демек, «жылдық жоспардың орындалуы» бұрынғы берілген тема (T_1), ал «кеңестік кезеңде» осы сөйлемнің темасы (Т), «күн тәртібінен түспейтін» - жаңа нәрсе (Р), сөйлем осыны айту үшін құрылған.

Күрделірек ұйымдасқан сөйлемдерде өзектілікке не бірнеше құрылымдар болуы мүмкін. Мысалы, «Қораның төңірегі \ тап-таза. Аранның түкпірінде \ буы бұрқырап, \ екі ат суып тұр» (Ж.Аймауытов). Алғашқы сөйлем тема мен ремаға бөлінсе, екінші сөйлемде тема («Аранның түкпірінде») мен екі рема бар («буы бұрқырап» және «екі ат суып тұр»).

Немесе: «Ақсақал ^(m) \ аттарын діңгекке байлатып ^(p), етегін қамшымен бір қағып ^(p), қақырынып ^(p), теріскей жақтағы кішкене есіктен ^(p) байдың қорасына кірді ^(p)» (Ж.Аймауытов).

Бұл сөйлем бір тема, бес ремадан тұрады.

Семинар сұрақтары

1. Тіл біліміндегі синтаксистік парадигмалар және коммуникативтік синтаксис мәселелері тақырыбы бойынша:

1. Синтаксис ғылымы тарихындағы әртүрлі бағыттар мен көзқарастарды сипаттап, бағалаңыз.
2. Тілді құрылымдық аспектіде зерттеу мен қатысымдық аспектіде зерттеудің айырмашылықтарын анықтаңыз.
3. Синтаксистік құбылыстарды жұмсалымдық-қатысымдық аспектіде зерттеудің мәнін ашып көрсетіңіз.
4. Синтаксистің кіші бірлігі ретінде сөзтұлғаға сипаттама беріңіз.
5. Сөйлемнің құрылымдық-мағыналық компоненттері дегенді қалай түсінесіз?

2. Коммуникативтік синтаксистің тұлға-бірліктері тақырыбы бойынша:

1. Категориалдық-семантикалық мағына дегенді қалай түсінесіз?
2. Сөз-лексема мен сөз-синтаксеманың айырмашылықтарына тоқталыңыз.
3. Сөз-лексеманың сөз-синтаксемаға айналуы үшін қандай шарттардың орындалуы керек.
4. Сөздің категориалдық-семантикалық, морфологиялық және функционалды-синтаксистік сипаттары дегенді қалай түсінесіз?
5. Синтаксемаға тән белгілерді анықтап, синтаксемалардың түрлеріне тоқталыңыз.

3. Сөйлем үлгісі (моделі) – сөйлем құрылымын сипаттаудың негізгі тұлға-бірлігі тақырыбы бойынша:

1. Сөйлем модельдерін ажыратудың негізгі ұстанымдарын анықтап, сөйлем моделі ұғымын сипаттаңыз.
2. Сөйлем моделіне тән белгілерді анықтаңыз.
3. Сөйлемді құрылымдық жүйелеу мен қатысымдық жүйелеудің айырмашылықтарына тоқталыңыз.
4. Сөйлемдегі жақтылық, жақсыздық ұғымдары туралы пікірлерге тоқталыңыз.

5. Сөйлем субъектісі ұғымы және ол туралы пікірлерді саралаңыз.

4. Сөйлемнің актуалды немесе жұмсалымдық-мағыналық мүшеленуі тақырыбы бойынша:

1. Сөйлемнің грамматикалық мүшеленуі мен актуалды мүшеленуі арасындағы айырмашылықтарды анықтаңыз.

2. Сөйлемнің актуалды мүшеленуі туралы көзқарастарға талдау жасаңыз.

3. Актуалды мүшеленуді анықтайтын жағдайларға тоқталыңыз.

4. Актуалды мүшеленудің тәсілдеріне сипаттама беріңіз.

5. Сөйлемнің актуалды мүшеленуі мен мәтіннің актуалды мүшеленуі арасындағы айырмашылықтарды анықтаңыз.

Оқытушы өткізетін өздік жұмыс тапсырмалары

1. Коммуникативтік синтаксиснің тұлға-бірліктері тақырыбы бойынша:

1. Сөйлемдегі синтаксистік сөз-тұлғалардың мағынасын ашыңыз.

«Сылдырлаган шолтысы, әлдеқандай былдырлаган тілменен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді» (М. Әуезов).

2. Сөйлемді құрылымдық-мағыналық компоненттерге жіктеңіз.

«Бұлар төбеге жеткен кезде солтүстіктегі ақ ордалардан тағы бір топ салт атты көрінді» (І. Есенберлин).

3. Сөйлемдегі сөздердің категориалдық-семантикалық мағыналарын анықтаңыз.

«Таңсәріде жұрт ұйқыларын қандырып, тынығып ояғанда бұл беті ісіп, түнеріп, талауранып оянды» (С. Елубаев).

4. Сөйлемдегі синтаксемаларды сапа-қасиеттеріне қарай жіктеңіз.

«Көп ұзамай қоңырау ашық сыңғырлап, жақындай берді» (С. Елубаев).

5. Сөйлемдегі синтаксемалардың қызметтеріне қарай түрлерін анықтаңыз.

«Абай көпке шейін Тоғжан жүзінен көз ала алмай, телміре қарап қалды» (М. Әуезов).

6. Омоформалық синтаксемаларға мысалдар келтіріп талдау жасаңыз.

2. Сөйлем үлгісі (моделі) – сөйлем құрылымын сипаттаудың негізгі тұлға-бірлігі тақырыбы бойынша:

1. Төмендегі сөйлемдердің негізгі үлгілерін (модельдерін) анықтаңыз.
«Бұл топтың арасында да үш-төрт әйел. Бұл әйелдердің ішінен біреуі ерекше көзге түседі. Бұл – Жәнібек сұлтанның екінші әйелі... Жаған бикем» (І.Есенберлин).

2. Төмендегі сөйлемдерді негізгі үлгілері (модельдері) бойынша төрт түрге жіктеңіз.

«Керуен көп ұзамай жолдан шықты. Құмсақ шағылға іркілді. Түйелерін шағын алаңға айналдыра шөгеріп, ортаға қапшық, қоржын жүктерін түсірді» (С.Елубаев).

3. Сөйлемнің актуалды немесе жұмсалымдық-мағыналық мүшеленуі тақырыбы бойынша:

1. Мәтіндегі сөйлемдерді актуалды мүшеленуі бойынша талдаңыз;

2. Актуалды мүшелену қандай

«Иен далада жатып өстіп ызаға булықты Әзберген. Күйіп-жаным, күз түнінің ет тоңазытар кәдімгідей ызгарын да сезген жоқ. Таңсаріде жұрт ұйқыларын қандырып, тынығып ояғанда, бұл беті ісіп, түнеріп, талауранып оянды. Жара бұлттай қабағы қарс жабылып, сүйретіліп тұрды орнынан» (С.Елубаев).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ельмслев Л. Метод структурного анализа в лингвистике // «Acta Linguistica», вып. VI, Копенгаген. 1950-1951.

2. Ф.Данеш, К.Гаузенблас. Проблематика уровней с точки зрения структуры высказывания и системы языковых средств // Единицы разных уровней языковой системы и их взаимодействие. М., 1969.

3. Золотова Г.А. Коммуникативные аспекты русского синтаксиса. – М., 1982

4. Грамматика русского языка. Т.II.ч.I. – М., 1954

5. М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Астана, 2006; Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 2003.

6. В.Матезиус. О так называемом актуальном членении предложения // Пражеский лингвистический кружок. М., 1967.

4 МӘТІН – НЕГІЗГІ ҚАТЫСЫМДЫҚ БІРЛІК

4.1 Мәтін – коммуникативтік синтаксистің негізгі бірлігі

Мәтіннің зерттелуіне алып келген жай сөйлемдегі көптеген грамматикалық құбылыстардың (мыс., сөздердің орын тәртібі, шақ құбылысы т.б.) мазмұны, қызметі жағынан толық сипатталып түсіндірілмеуі болды. Сөйлем шеңберінде түсіндіруге келмейтін грамматикалық құбылысты түсіндіру үшін сөйлемнен тыс кеңістікке – мәтін кеңістігіне шығуға тура келеді.

Мәтін синтаксисі синтаксистік құбылыстарды зерттеуде біртұтас құрылымдық-мағыналық ұстанымға иек артады.

Екіншіден, тілді зерттеуге коммуникативтік-функционалдық тұрғыдан келу де мәтінді зерттеуге алып келді. Бұл көзқарас бойынша сөйлемді қызмет етуші тілдің сөйлеу актісі, коммуникативтік тұлғасы ретінде түсіндіреді.

Коммуникативтік аспектіде тілдің синтаксистік құрылымы оның қатысымдық мақсаты тұрғысынан қарастырылады. Синтаксистік құралдар қолдану мақсатына бола өмір сүреді.

Тілді атқаратын қызметі тұрғысынан анықтап, талдап-түсіндірудің қажеттігін ХІХ ғасырдан бергі жерде көптеген тілшілер мойындап келеді. Коммуникативтік синтаксис немесе сөйлемнің актуалды мүшелену теориясының пайда болғанына да бір ғасырдай уақыт өтті. Ол бұрын сөйлемнің дәстүрлі грамматикалық теориясы шеңберінде дамып келсе, кейінгі кезде синтаксисте орталық мәселе ретінде қарала бастады.

Сөйтіп, біріншіден, грамматиканың өз ішінде дамуы, екіншіден, тілді коммуникативтік-функционалды аспектіде зерттеудің нәтижесінде ХХ ғасырдың 70 жылдары мәтін грамматикасы және мәтін теориясы пайда болды. ХХ ғасырдың 40 жылдары орыс тіл білімінде жарық көрген күрделі синтаксистік тұтастық туралы еңбектер (Н.С.Поспелов т.б.) «мәтіндік-грамматикалық» идеяның дамуының бір белесі болды. Ол нақтылы грамматикалық ізденістердің жаңа деңгейге көтерілуі еді. Оның әрі қарай дамуы мәтін грамматикасына алып келді.

Мәтін лингвистикасы тілші ғалымдардың мәтінге көзқарасының өзгеруі нәтижесінде қалыптасты: мәтін бұрын тілді зерттеудегі материал

ретінде ғана пайдаланылса, енді ол зерттеудің нысаны, пәні ретінде қаралды.

Тілшілер мәтіндік материалдағы тілді ғана емес, мәтіннің өзін де өзінің әдіс-тәсіл, құралдарын пайдалана отырып, лингвистикалық мақсатта зерттей бастады. Бұл лингвистикалық зерттеулердің ауқымын кеңейтіп, байытты.

Кез келген мәтіннің негізгі қасиеті өзінде жаңа хабар-мәлімет сақтап, оны басқаға бере алуында жатыр. Хабар-мәліметтің маңыздылығы қазіргі ғылыми-техникалық және әлеуметтік ілгерілеу заманында, әсіресе, артып отыр. Сондықтан, басқа жағын былай қойғанда, мәтін адам-машина қарым-қатынасында негізгі өңдеу нысаны ретінде маңызды компонент қатарын құрайды (мысалы, автоматтандырылған хабар, машиналы аударма жүйелерінде).

Мәтіннің өзі тілдің тұлға-бірлігі болмаса да (ол сөздің, қарым-қатынас жүйесінің тұлға-бірлігі), лингвистиканың толыққанды зерттеу нысанына айналды. Мәтінде тілдің тұлға-бірліктері оны жарыққа шығарудың құралы ретінде қызмет етеді.

Мәтінді әр ғылым әр қырынан тексереді. Ал мәтін лингвистикасы үшін әсіресе көңіл бөлетін жағы – мәтін ішінде құрылатын ірі синтаксистік тұлға – бірліктер. Мәтін лингвистикасы мәтінді тілдік ойлау үдерісінің дайын нәтижесі ретінде қарайды.

Мәтіндегі (мәтінішілік) құбылыстарды, олардың өзара әсерлесуін, тығыз бірлігін мәтіннің ішкі мазмұндық мәнін, мәтін табиғатын анықтайтын жайлар деп түсіну керек.

Мәтін – тілдік, сөздік (речь), интеллектуалдық факторлардың өзара байланыстағы, әсерлесудегі біртұтас кешені.

Мәтінді біртұтас тілдік ойлау жүйесінің тұлға-бірлігі ретінде анықтайтын белгілерді көрсетіп талдау керек. Мәтіннің негізгі сапаларының бірі – оның ішкі, сыртқы формаларының бірлігі.

Сыртқы формасы – мазмұндық жағымен қоса алғандағы тілдік құралдар, олардың жиынтығы. Бұл – мәтіннің тікелей қабылданатын, түсінілетін жағы. Ал түсінілуге тиіс мазмұндық жағы – мәтіннің ішкі формасы. Бұл – адам интеллектісінде қалыптасатын ой құрылымы, ол сыртқы форманың әр элементімен емес, тілдік құралдардың барлығының жиынтығымен байланысты болады.

Мәтін мәселесіне көңіл бөлу тілдік тұлға-бірліктердің қызмет етуі кезіндегі жан-жақты байланыстары мен өзара әсеріне көңіл бөлуден туған деп айтуға болады.

Мәтінді тұлға-бірлік деп есептейтін болсақ, басқа тұлға-бірліктер сияқты, оның да шегін, шама-шарқын белгілейтін объективті меже-мөлшерлері болады. Онсыз мәтіннің белгілерін, ерекшеліктерін анықтау қиын.

Мәтіннің негізгі тұлға-бірлігі ретінде **күрделі синтаксистік тұтастық** аталады.

Күрделі синтаксистік тұтастықтар мәтін ішінде бір-бірімен байланысып, ол әртүрлі тәсілдер (құралдар): грамматикалық, лексикалық, интонациялық арқылы жүзеге асады.

Сонымен, мәтін лингвистикасы мәтіннің негізгі тұлға-бірлігі ретінде күрделі синтаксистік тұтастықты қарастырады.

Алайда, мәтінді тұлға-бірлік ретінде ерекшелейтін белгілерін анықтау тұтас мәтін деңгейінде жүргізілуі тиіс (оның бөліктері көлемінде емес).

Көптеген авторлардың пікірінше, мәтіннің мағыналық белгілері болмаса, формалық белгілерін анықтау қиын. Мысалы, Г.В.Колшанскийдің пікірінше, тек сөйлем ғана құрылымдық жағынан аяқталған тұлға-бірлік бола алады [1]. Ал мәтін ішіндегі сөйлемдердің кез келген бірлігі құрылымдық аяқталғандық белгілеріне ие бола алмайды. Сондықтан ол белгілерді табу үшін мәтіннің мағыналық жағына иек арту керек.

Мәтінді және оның тұтастай алғандағы негізгі белгілерін бөліп, анықтау міндеті мәселені жаңа арнаға түсіреді. Осыған байланысты, мәтіннің негізгі белгілері ретінде көптеген еңбектерде **тұтастық, біріктірушілік (интегративность), аяқталғандық** аталады. Бұлар мағыналық сипатқа ие, сондықтан олар коммуникативтік құбылысқа жатады. Қорыта келгенде, мәтінді формальды белгілері бойынша анықтауға болмайды. Демек, мәтін – тілдік жүйенің емес, ал сөйлесімдік, қатысымдық (коммуникативтік) жүйенің тұлға-бірлігі. Оның құрылысы мен қызметінің тілдік тұлға-бірліктерден басқаша, өзіне тән өзгеше заңдылықтары бар.

Мәтін – жазбаша сөз. Осы жай оның біраз ерекшеліктерінің қалыптасуына әсер етеді. Мұндағы қарым-қатынас жағдайы ауызша сөзге қарағанда өзгешелеу. Қарым-қатынас жасаушы екінші жақ көз алдында тұрмағандықтан, мәтін оның түсінуіне лайықталып құрылады. Мәтінде айтылғанды қабылдау сол мезетте емес, біраз уақыт өткеннен кейін болатындықтан, қарым-қатынас жасаушылардың арасында кері байланыс бірден жүзеге аспайды.

Осының бәрі мәтінді алдын-ала дайындап алуды; оның компоненттерін таңдап, сұрыптап, оларды әлдеқайда кең түрде таратып, дәл ұйымдастыруды қажет етеді. Соның нәтижесінде мәтінге (ауызекі сөзге қарағанда) кеңдік (таралымдық), ізбе-ізділік, байланыстылық, аяқталғандық сияқты белгілер тән болады.

Мәтін белгілі бір қарым-қатынастың міндетіне сай дайындалады. Қарым-қатынас міндеті мәтіннің негізгі ой түйінінің қалыптасуын басқарады. Келешек мәтін мазмұнының жинақталған түрі болып табылатын, біртұтас ақыл-ой құрылымынан тұратын ой түйіні өзін жарыққа шығаратын тілдік құралдарды таңдап сұрыптайды. Осы ұйымдасқан тілдік құралдар арқылы қабылдау кезінде мәтін ой түйініне сай келетін жалпы мазмұнның нақтылы, біртұтас бейнесі қалыптасады. Тілдік құралдардың мазмұндық жағымен бірліктегі жиынтығы – мәтіннің сыртқы формасын құрайды. Ол – мәтіннің тікелей қабылданатын жағы. Мәтіннің ой түйіні туралы тілдік құралдарды игеріп, мәтінді тұтас түсінгенде ғана айтуға болады. Міне, осы түсінілген нәрсе – мәтіннің ішкі формасын құрайды. Мәтінді қабылдау кезінде қалыптасатын ой құрылымы сыртқы форманың жеке-жеке тұлғаларымен емес, ал тілдік тұлғалардың тұтас жиынтығымен сәйкес келеді. Ішкі форманың өз құрылымы болады, оның элементтері өзара белгілі бір қарым-қатынастарда тұрады. Әртүрлі ендіктегі ондай қарым-қатынастарының бірін бағыныштылық қатынас құрайды. Ішкі форманың элементтері осындай бірі екіншісіне бағынышты қатынаста тұрады. Олардың ішінде, мысалы, ең басты нәрсені – ең басты нысанды бөліп көрсетуге болады. Ол мәтіннің не туралы екенін білдіреді.

Мәтіндегі басты нәрсені тек басқалармен қарым-қатынасының негізінде ашуға болады. Олардың кейбіреулері оған тікелей, кейбіреулері жанама қатысты болады. Алғашқылары басты нәрсені белгілі бір қырынан ашатын мәнді элемент болса, екіншілері басты мәселеге тек солар арқылы ғана қатысты болады. Мұндай басты нәрсені сипаттайтын жанама қатынастардың бірнеше деңгейі де болуы мүмкін.

Ішкі форманың өте-мөте мәнді элементтерінің басты элементпен қоса алғандағы жиынтығы мәтіннің тақырыбын құрайды. Тақырып мәтіннің ой-түйіні сияқты, оның жинақталған мазмұнын береді. Ол мәтінді түсінудің белгілі бір кезеңінде қалыптасады. Тақырып әркез толық байланысты мәтінге айналуы мүмкін.

Сонымен, мәтіннің басты белгілері – **жайылыңқылық, ізбе-ізділік, байланыстылық және аяқталғандық.**

4.2 Мәтіннің қатысымдық/ коммуникативтік құрылымы

Адамдар арасындағы пікір алмасу, қарым-қатынас тіл арқылы жүзеге асады, ол нақтылы түрде сөйлемдер арқылы көрінеді. Сөйлем – осы тұрғыдан синтаксистік негізгі тұлға-бірлігі болып табылады. Сөйлем арқылы берілген хабар-мәліметтің нақтылы мазмұнын зерттеу функционалды-коммуникативтік синтаксистің қарамағына жатады. Коммуникативтік синтаксис үшін сөйлем мазмұнының **кім, не** туралы екендігі және ол «кім», «не» туралы жаңа не айтылды, қандай жаңа мәлімет берілді дегендер ең басты мәселе болып қалады, соған орай сөйлем құрылымы тема мен ремаға бөлінеді, басқаша айтқанда, мазмұнның актуалдылығы тұрғысынан ерекшеленеді (актуалды мүшелену жүзеге асады).

Мәтіннің коммуникативтік құрылымы дегенде мәтінді сөйлеуші субъектінің қатысымдық ниетіне сәйкес түрде ұйымдастыруды түсінеміз.

Актуалды мүшеленудің санаттары тема мен рема мәтін түзілімімен етене тығыз байланысты. Өйткені мәтіндегі ақпаратты осылай бөлуде хабардың дамуы аясындағы айтылыстардың қатысымдық бағыт-бағдары ескеріледі. Автор барлық хабарды бірден, бір мезгілде бере алмайды, бірте-бірте береді. Сөйлеудің көлденең жүзеге асуы хабар элементтерінің белгілі бір тәртіпте орналасуын қажет етеді. Оның үстіне хабардың әртүрлі элементтері қатысымдық тұрғыдан бірдей міндет атқармайды, осыған байланысты олардың орналасу реті сөзсіз маңызға ие. Демек, мәтіндегі тематикалық және рематикалық қатынастар сөйлеушінің қатысымдық мақсатының көрінісі болып табылады. Сондықтан, мәтіндегі әр элемент белгілі бір қызмет атқара отырып хабарды дамытады. Сонда, түптеп келгенде, мәтіннің түзілуінің өзі айтушының қатысымдық мақсатының көрінісі деуге болады.

Айтуда болсын, жазуда болсын, сөйлеушінің ойы белгіліден, яғни, бұрын айтылған немесе қатысым субъектілерінің көз алдында болып жатқан жайдан тыңдаушыға не оқырманға белгісіз жайларға қарай дамиды. Айтылысты құрған кезде сөйлеуші айтылатын жай туралы қабылдаушының білім аясын ескереді және соның негізінде айтылыстың екі бөлікке (белгілі-белгісіз немесе бұрынғы және жаңа) бөлінуін **актуалды мүшелену** немесе **өзектену** деп атайды. Актуалды мүшелену сөйлеушінің айтылыс мазмұнына және тыңдаушыға қатысты белсенді қатынасын белгілейді.

Айтылыстың тема мен ремаға бөлінуі нақтылы мәнмәтін (контекст) мен жағдаятқа байланысты. *Асан дүкеннен кітап алды. Асан кітапты*

дүкеннен алды. Екі сөйлемде де бірдей заттық хабар беріліп тұрғанмен, ондағы хабардың өзектілігі екі басқа. Бірінші жағдайда кітап алынғанына (киім не басқа нәрсе емес) мән берілсе, екінші жағдайда дүкеннен алынғанына (кітапханадан емес) мән беріледі.

Сөйлемді актуалды мүшеленің ерекшелігі – оның тұтас мәнмәтінге бағытталатындығында. Қарым-қатынас кезінде тек жеке бір сөйлем айтылып қоймайды. Ал белгілі бір ой, хабар бірнеше сөйлемдер тобымен беріледі. Ол сөйлемдер тобында тыңдаушыға таныс немесе мәнмәтінмен белгілі болып келетін хабардың не туралы екендігін көрсететін бөлігі оның темасы болады да, ал сол жайында жаңа мәлімет беретін, яғни сөйлемді құруға себеп болған бөлігі ремасы болады.

«Қалақай / көпжылдық шөп тектес өсімдік, // биіктігі / тоқсан-жүз жиырма см.. Көгентамыры / көпжылдық, ағаштанған, өрмелеп өсетін жерасты сабақ-бұтақтары бар, буындары / жіңішке қосалқы тамырларға толы. Сабағы / төрт қырлы. Жапырақтары / қарама-қарсы орналасқан, сағақты, ұзынша жүрек пішіндес, ірі аратісті. Жапырақтары мен сабақтары / құмырсқа қышқылы бар қышытқыш түктерге толы, олар / осы түктермен шанышқан кезде жанды жерге тиіп, қатты қышытып ашытады. Гүлдері / ұсақ, қойынды масақша тәрізді гүл шоғына шоғырланған. Жемісі / - гүлқоршаудағы жаңғақ. Жаз бойы гүлдейді».

Мәтін арқылы берілетін мәліметтің темасы – қалақай. Мәтін сол қалақай туралы айтуды (қалақай туралы жан-жақты мәлімет беруді) мақсат тұтып құрылған. Мәтінде хабарланатын негізгі нәрсе қалақай болса, қалғандары (қалған сөйлемдер) сол қалақайдың түрлі белгілері туралы мәлімет береді, яғни рема болады. Біз қалақайдың қандай өсімдік екенін хабарлауды арнайы мақсат етуге жұмылдырылған коммуникативтік тұлға-бірліктердің мәнмәтінімен кездесіп отырмыз. Сонымен қатар, әр сөйлемнің өз темасы және ремасы бар. Мысалы, екінші сөйлем қалақайдың көгентамыры (тема) қандай екенін білдіруге (рема) құрылған, үшінші сөйлем қалақайдың сабағы (тема) қандай екенін білдіруге (рема) құрылған. Жетінші сөйлем қалақайдың жемісі (тема) қандай екенін білдіруге (рема) құрылған. Сөйтіп, жалпы мәтіннің ортақ бір темасы (қалақай) және ремасы (барлық сөйлемдер) бар болса, сонымен бірге әр сөйлемнің өз темасы және ремасы тағы бар.

Кез келген сөйлемде осындай белгілі бір хабардың мәнділігіне назар аударылатын жағдайлар болады, онсыз сөйлем де құрылмаған болар еді.

Кейде айтылысты тема, ремаға бөлу мүмкін болмайды, ондай жағдай мәтіннің басында тек жаңа нәрсе хабарланғанда болады. Немесе рема-

ның өзінде белгілі жайлар хабарланады да, ал жаңалығы оларды темамен салыстырғанда ғана белгілі болады (яғни, сөйлеуші тыңдаушыға белгілі жайдың бір мәселесі (қыры) туралы айтқысы келгенде). Мысалы: *Бір күні Алдар Көсе Шығайбайдікіне келеді. Көсені көреді де, Шыгекең алдындағы асын етегінің астына жасыра қояды. Алдар: «саған бір көрсетейін» дейді де көріскен болып, Шыгекеңді олай-бұлай жұлқылайды, аунатады, зықысын шығарады. Сөйтіп, Шыгекең басымен әуре болады, асы далада қалады.*

Актуалды мүшелеудің маңызды құралдары – сөздердің *орын тәртібі* мен *дауыс ырғағы*. Ю.С.Маслов: «Өзекті ақпарат сөйлемнің желілік-динамикалық тұрғыдан ұйысуы арқылы, басқаша айтқанда, оның элементтерінің ізбе-ізділігі мен логикалық екпіннің түскен тұсы арқылы, сондай-ақ сөйлемді өзара қатысты екі бөлікке мүшелеуге ықпал ететін грамматикалық және лексикалық кейбір тәсілдерді пайдалану арқылы беріледі» [2, 183 б.], - дейді.


Орын тәртібі мен интонациядан өзге хабарды өзектендірудің тілде көптеген амалдары бар: шылаулар, түрлі қосымшалар (мысалы: етіс жұрнағы), сөйлем құрылымдары т.б.

Теманың да өзіндік белгілері болады: оларға а) сөйлемнің алдыңғы шебі; ә) грамматикалық тәсілдер (арнайы тұлғалар, көмекші сөздер мен құрылымдар); б) лексикалық (мысалы: *айтатын болсақ, мына мәселеге келетін болсақ*); в) фонетикалық (дауыс үзілісі, әуен) тәсілдер жатады.

Кез келген мәтінде рема жаңа ақпарат көзі болғандықтан маңызды рөл атқарады. Алайда, мәтіннің ішкі құрылымында теманың орны ерекше болады, өйткені тематикалық элементтер хабар тасуда онша елеулі болмайтындықтан, олар құрылыс материалы қызметін атқарады.

Темалардың осындай қарым-қатынаста болуы жағынан мәтін түрлері ажыратылады:

1. Жай көлбеулік ілгерілеу түріндегі мәтіндер:




8-сурет

Мен / жаңа автомобиль сатып алдым. Оның рулі / оң жақта орналасқан. Осы жері / қолайсыздық тудырып жүр.

2. Шұбыртпалы темалық ілгерілеу түріндегі мәтіндер:

Мәтінге ортақ бір тема болады; ол әр сөйлемде қайталанып отырады:



9-сурет


Біздің ауылда / Рәш деген кісі болды. Қолынан келмейтіні жоқ.

Ол – қойшы болып мал да бақты.

Ол – шаруа болып егін салды.

Ол – құрылысшы да болды...

3. Ілгерілеуші туынды темаларға ие мәтіндер (суреттеу мәтіндер):



10-сурет

«Жан-жануарлар мен өсімдік әлемі / жақындап қалған қысқа дайындық үстінде.

T_1 Жемістер мен көкөністер / R_1 пісіп үлбіреп тұр

T_2 Ағаш жапырақтары / R_2 сарғайып, сабағынан үзілейін деп тұр.

T_3 R_3 Күн / T_4 R_4 едәуір қысқарып, түн / ұзарғаны анық байқалады».

11-сурет

Мұнда мәтіннің әр сөйлемі өз құрамында ілгерілеуші темаға ие емес, ал барлығы да мәтіннің жалпы тақырыптық бағытын белгілеуге қызмет етеді. Мұндай жағдайда мәтіннің негізгі идеясы жалпы көріністің жеке-леген нәрселерін суреттеуден барып көрінеді.

Жоғарыда тема-рематикалық қатынастардың бірнешеуі ғана сөз болды. Алайда, нақты мәтіндердегі бұл қатынастар өте күрделі, бір-бірімен араласа сан алуан тұрғыда көрінеді. Ол сөйлеушінің қарым-қатынастың нақты мақсатына бағындырған тілдік стратегиясына байланысты болады.

4.3 Мәтіннің синтагматикалық бөлінуі

Тема-ремалық бөлініс екіқұрамды сөйлемде болады: ол сондай құрылымды қажет етеді. Бұл қарапайым, күрделенбеген сөйлемдерде анық көрінеді. Ал күрделенген, жайылма және құрмалас сөйлемдерде тема-ремаға бөлу біршама қиындық туғызады. Монологтық сипаттағы жазбаша мәтіндердің көбінің құрылымына тән ерекшелік – олардың құрылымы хабар-мәліметке толы сегменттерден-синтагмалардан тұрады (жеке сөздерден емес).

Синтагмалар Г.А.Золотованың пікірінше, біріншіден, жайылмаланған сөйлемнің мәліметтік маңыздылығы жағынан бағыныштылық қатынастағы құрылымын жасайды; екіншіден, мәтіннің әртүрлі бөліктерімен қатынаста болады; үшіншіден, жаңа мәліметті бір сөзге артпайды, өзінің құрамындағы барлық сөздерге бөліп тастайды [3, 293 б.].

«Республикамыздағы ең ірі астықты өлкелердің бірі/ – Қостанай өңірінде/ биылғы жылы/ егіннің шығымы жаман емес. Қайсыбір аудандарда/ жсауын-шашын да мол болды. Бірақ жаз ортасында/ Федоров ауданы шаруашылықтарының біраз егін алқабын/ бұршақ ұрып кетті. Мамандардың пікіріне қарағанда,/ облыстың кейбір аудандарынан/ гектарына 12-15 центнерге дейін өнім алу көзделіп отыр.

Алайда, көп жерде / шыққан егін ала-құла. Қайсыбір алқаптардан/ әр гектардан 5-6 центнерден ғана алынуы мүмкін. Қалай болған күнде де,/ ауа райының ашықтығын пайдаланып,/ ел ырысын төкпей-шашпай жинап алу басты парыз болып отыр» («Ана тілі», 1996, 22 тамыз).

Бұл мәтін бір қалыптағы хабар-мәлімет жанрының заңдылықтары бойынша құрылған.

Мәтіннің тақырыбын білдіретін синтагма – әрі бірінші сөйлемнің ремасы болады (егіннің шығымы жаман емес). Реманы білдіретін синтаг-

малар әр сөйлемнің соңында орналасқан. Бұл қазақ сөйлемдерінің заңдылығы болса керек, әрі мәтін экспрессивті еместіктен де солай болуы мүмкін.

Синтаксистік мүшелену мен актуалды мүшеленудің қарым-қатынасы қандай?

Мәтінді талдаудың нәтижесінде мынадай қорытындыға келуге болады: синтагматикалық мүшелену мен қатысымдық (коммуникативтік) мүшелену бір-бірімен байланыссыз бөлініс емес. Коммуникативтік (тема-ремалық қатынастағы) және грамматикалық (субъект-предикаттық қатынастағы) деңгейлер сөйлеу барысында өзара байланысты болады, өйткені сөйлемдегі субъект-предикаттық, т.б. синтаксистік байланыстардың өзі коммуникация үшін жаратылады.

Сонымен, мәтінді талдау тема-ремалық қатынастардың қарапайым емес, күрделі жай-жапсарын көрсетіп берді. Тема, ремалар жеке сөздермен емес, синтагмалармен беріледі. Синтагмалар, тема мен реманы және бір сөйлемнің элементін мәтіндегі басқа сөйлемдердің сегменттерімен байланыстыра, сөйтіп, мәтін байланысының әртүрлі ендіктерін (терең, таяз) жүзеге асыра, бірте-бірте хабар мәліметтің ауқымын кеңейте береді.

Мәтіннің басқа түрлерінде (мысалы, публицистикалық сендіру сипатындағы) тема-ремалық қатынастардың басқаша берілуі жүзеге асады.

Мәтін тілдік қарым-қатынасты іске асырудың негізгі құралы әрі соның туындысы. Мәтінді зерттеу тұрақты күйдегі тілді емес, «әрекеттегі тілді» зерттеуден, яғни тілдік бірліктерді қатысымдық-функционалдық мақсатты қолданыс нәтижесі ретінде зерттеуден келіп туды. Басқаша айтқанда, тілді қатысымдық-когнитивтік, функционалдық бірлік тұрғысынан қарастыру мәтінді зерттеуге алып келді.

Бүгінгі күні тіл білімінде маңызды мәселе: тілдің мәтін түріндегі жаратылыс-түзілісін және қолданысын зерттеу, мәтінге біріккен кездегі тілдік бірліктердің «болмыс-мінезі», өзара қатынасы, байланысы қандай болатынын анықтау. Бұларды зерттеу таза лингвистикалық мәселелердің қатарына жатса, сонымен бірге мәтінді басқа ғылым салалары да өз нысаны ретінде қарастыратынын ескеру қажет. Олардың қатарына менталингвистика, прагмалингвистика, психолінгвистика, қатысым теориясы, семиотика, әдебиеттану т.б. ғылым салалары жатады. Мәтіннің функционалдық табиғатын анықтауға байланысты Т.М.Николаева: «Мәтін лингвистикасы – бұл тілдегі жеке қолданыстарды талдау емес,

мәтіннің жалпы механизмдерін зерттеу және барлық мәтінге тән мәтін түзуші, мәтін құраушы жалпы заңдылықтарды табу» [4, 9-10 бб.] десе, Т.В.Колшанский: «Мәтін – қатысымдық негізгі бірлік; қатысымның негізгі, өз алдына шынайы бірлігі ретінде мәтінді ғана есептеуіміз керек. Сөйлемді синтаксистік тұрғыда ғана тілдің жоғары деңгейде қарау керек, сөйлемнің нағыз қатысымдағы орны мәтіннен төменгі қатарда, өйткені қарым-қатынаста мағына-мазмұнға, қатысымдық аяқталғандыққа, тиянақтылыққа мәтін ғана ие», - дейді [1, 40 б.].

Мәтін – сөзді жүйеге түсіріп, қатынас жасауды жүзеге асырушы құрал. Мәтінді «әрекеттегі тіл» ретінде динамикалық сипатта түсіну оны қатысымдық-функционалдық жақтан талдау қажеттігін туғызды. Егер мәтінді тілдік қарым-қатынастың құралы және оның туындысы деп қарап, ол нақтылы тілдік қарым-қатынаста ғана қызмет етеді десек, онда мәтіннің ұйымдасу заңдылығын, қолданылу жағдайларын, түсінікті болуын **шынайы қарым-қатынастың шарттарынан тысқары алып қарауға болмайды.** Демек, мәтінді зерттеу деген сөз – тілдің қатынас үдерісімен байланысты болып келетін **қатысымдық-прагматикалық жағдайды** зерттеу деген сөз.

Мәтінді құрайтын бірліктердің таңдалып алынуы да, қарым-қатынасы, байланысы да, бір бүтіндік құрауы да қандай прагматикалық талапты орындап, қандай қатысымдық мақсат үшін қызмет атқаруына тікелей байланысты.

Қандай мәтін болмасын, оның қатысымдық-когнитивтік, функционалдық бүтіндік ретіндегі негізгі міндеті – хабар беру, хабар алмасу; пікір алысуды жүзеге асырып, сол арқылы хабар алушыға (адресат) әсер етіп, оның реакциясын туғызу. Бұл мәтін қабылдаушыға толық түсінікті болғанда ғана жүзеге асады. Ал мәтіннің түсінікті болуы, бәрінен бұрын қатысымдық бірлік ретінде мағыналық-ақпараттық мазмұнға ие белгілі бір қатысымдық нақтылы шарт-жағдайға, прагматикалық талапқа сай құрылған лексика-грамматикалық құрылым арқылы ғана жүзеге асады. Демек, қарым-қатынас үдерісінде әрбір мәтін мағыналық-ақпараттық мазмұнның, лексика-грамматикалық құрылымның және прагматикалық талап-мүдденің бірлігі ретінде қызмет етеді.

Мәтіннің прагматикасы оның мағыналық-ақпараттық мазмұны, авторлық интенция, мәтін құрудың мотиві, мақсат-мүддесімен байланысты болуымен қатар, алдымен қабылдаушыға әсер ету, оның реакциясын туғызу, автордың тілдік тұлға ретіндегі интеллектуалдық мүмкіншілігі, қарым-қатынас аумағы сияқты мәселелермен байланысты. Өйткені

мәтіннің тақырыбын, мазмұнын, фабуласын, композициясын, архитектоникасын, құрылымын, онда қолданған тілдік құралдарды автор таңдап белгілейді. Сондықтан автордың және адресаттың тілдік тұлға ретіндегі жеке тәжірибесі, жалпы білім деңгейі, тілдік түйсік – талғамы белгілі мөлшерде мәнділікке ие болады. Мәтінді тілдік қатысымдық бірлік ретінде талдау барысында бұл факторларды есепке алу арқылы мәтін мазмұнының қалыптасуын ғана емес, алдымен, мәлімет беру, пікір алмасу арқылы коммуниканттарға әсер етіп, олардың реакциясын тудырған мәтіндегі мағыналық-ақпараттық мазмұн мен лексика-грамматикалық құрылымның өзара қарым-қатынасын ашып көрсетуге болады. Себебі қарым-қатынас жасаудың мотиві, мақсат-мүддесі, прагматикалық талабы, коммуниканттардың тілдік тұлға ретіндегі интеллектуалдық мүмкіншілігі осы мәтін арқылы берілген хабардың мағыналық-ақпараттық мазмұнын анықтайды, ал ол болса, мәтіннің құрылуын қамтамасыз етеді. Әрине, мәтіннің пайда болуымен тілдік қарым-қатынас өз мақсатына жете ме, әлде ол орындалмай қалатын жағдайлар да бола ма деген сұрақ тууы мүмкін.

Бұл мәселенің анықталуы прагматикалық жағдаймен байланыста қаралуы тиіс: қашан қабылдаушы мәтінді түсініп, мәтін оған әсер етіп, оның жан дүниесінде белгілі бір өзгерістер пайда болып, оның реакциясын туғызғанда ғана, қатысымдық үдеріс өз мүддесіне толық жетті деуге болады. Кез келген мәтіннің негізгі мақсаты - прагматикалық талап-мүддені қанағаттандыру, пікір алмасуды іске асыру арқылы коммуниканттардың жан дүниесіне әсер етіп, оны «ояту», реакциясын туғызу.

Қандай мәтін болмасын, ол, бір жағынан, белгілі бір хабар – мәлімет берумен қатар, адамның интеллектуалдық, эмоционалдық психикасына, оның жүріс-тұрысына әсер етуге, сезімін оятып, өзгертуге бағытталады. Сонымен қатар, екінші жағынан, әрбір мәтін адамның интеллектуалдық, эмоционалдық болмысының, қарым-қатынасының мәтін арқылы материалданған формада берілісі болып табылады. Демек, мәтін тілдік қатысымдық бірлік ретінде өзінің негізгі міндетін іске асыра отырып, ол заттық-ұғымдық, бейнелік-эстетикалық мәнді білдіріп қана қоймай, когнитивтік, коннотативтік, эмоционалдық-эстетикалық мағына-мазмұнды да білдіреді. Тілдік қарым-қатынастың негізгі компоненті ретінде мәтіннің прагматикалық аспектісінің маңызы міне осында, басқаша айтқанда, прагматика тіл қарым-қатынасының, қатысым үдерісінің іске асуының белгілі бір қажет компоненті ретінде семантикалық-информативтік мазмұн, лексикалық-грамматикалық

құрылыммен бірлікте тығыз тұтастық құрайды, оларды бір-бірінен ажыратып карауға болмайды.

Мәтінді толық, тура түсіну үшін, біріншіден, коммуниканттар қарым-қатынастың шартымен, мәтіннің мағынасымен толық түрде таныс болуы, екіншіден, лексикалық-грамматикалық жақтан мәтін тура, дәл құрылуы, үшіншіден, семантикалық-информативтік мазмұнға сәйкес мәтін толық көлемде болуы, төртіншіден, мәнмәтінмен байланыста тұруы шарт. Осы факторлардың бірлігі прагматикалық талаптың негізі ретінде мәтін мағынасын тура қабылдауға қол жеткізеді.

4.4 Мәтінді ұйымдастырудағы және оның түрлерін ажыратудағы реманын рөлі

Мәтін синтаксисі мен сөйлем синтаксисінің арасындағы қарым-қатынас қандай? Әлде байланыс жоқ па? Мәтін синтаксисі мүлде басқа сападағы құбылыс па? Мәтін ішіндегі сөйлемнің синтаксистік құрамы айналасындағы коршаумен байланысты бола ма?

(1) *Қысқы түн. Орман ішінде жол жатыр. Төңіректе мүлгіген тыныштық орнаған.*

(2) *Қысқы түн. Орман ішінде жатқан жол. Мүлгіген тыныштық.*

(3) *Қысқы түн. Орман ішінде бір аң келе жатыр. Ағаштардың басында құстар қонақтаған.*

Мағыналық-құрылымдық сипаты жағынан бірінші сөйлемдер тобы 1 мен 3-сөйлемдер тобы бірдей ме, әлде 2-сөйлемдер тобы бірдей ме? Әрине, 1 мен 2 бірдей. Ал синтаксистік құрылымы жағынан 1 мен 3 бірдей.

1-сөйлемдер тобын 2-сөйлемдер тобымен бірдей қылып тұрған жай – мағына: оларда заттың, жай-күйдің бар екені мәтіннің суреттемелік типі арқылы айғақталады. Олар сондықтан бірқұрамды сөйлемдер тобын құрайды (1-сөйлем формалды түрде екі құрамдыға жатса да). Сондықтан 1 мен 2-сөйлемдерді құрылымдық-мағыналық жағынан бір-біріне жақын деп айтамыз.

Ал 3-сөйлемде зат пен оның предикативтік белгісі мәтіннің әңгімелеу типі арқылы екі құрамды болып хабарланады.

Міне, сөйлемдердің құрылымын осы белгілер арқылы мәтін құрылымымен салыстыруға болады.

Мәтін синтаксисінде сөйлемді формальді-дәстүрлі талдау нәтиже бермейді, ол мәтін мен сөйлем құрылымдарының сәйкестігін жоққа

шығарады. Ал құрылымдық-мағыналық компоненттері тұрғысынан талдау көп жайдың бетін ашады.

Мәтінді құрғанда автор, ең алдымен, белгілі бір мағына беруді көздейді, сондықтан ондағы сөйлемдер мағыналық бірлікте болуы керек. Ол мағыналық бірлік қандай тілдік құралдар арқылы бейнеленеді? Міндет – осыны анықтау.

Алдымен, жазушы (не сөйлеуші) белгілі бір мазмұнға сәйкес синтаксистік модельдерді (сөйлем үлгілерін) таңдайды: кимылды хабарлау үшін етістік предикаттан құралған сөйлемдерді, ал заттар мен олардың сапаларын суреттеу үшін есім (зат, сын) сөзді предикаттардан құралған сөйлемдерді құрастырып, одан әрі мәтін (не оның үзіктерін) түзу үшін сөйлемдерді өзара байланыстырады.

АКТУАЛДЫ МҮШЕЛЕНУДІҢ САНАТТАРЫ – ТЕМА МЕН РЕМА (БЕЛГІЛІ МЕН ЖАҢА) - сөйлемнен сөйлемге ауысатын ой байланысын, мәтінішілік байланысты жүзеге асырушы басты санаттардың бірі. Реманың рөлін анықтау үшін әр типті мазмұнға ие мәтіндердегі өзіне логикалық екпін түсіріп тұрған сөздерге көңіл аударайық:

«Алба-жұлба қараша үйдің сырт жағынан қарасаң, іші өртеніп жатыр ма дейтінсің, түтіні бұрқырап шығып жатыр. Үйдің ортасында үлкен қара қазан, астында заулап жанған от; қазанның ішінде бір үйіріліп, бір бұзылып қайнап жатқан сабын; Томенгі жаулықпен басын тұмшалап орап алып, маңдай терісі тыржиып терлеп-тепшіп, Айнабайдың Зейнебі сапты қалақпен сабын былғап жатыр» (Б.Майлин).

Негізгі мағына аркалап тұрған сөздер (оларға логикалық екпін түсіп тұр) грамматикалық-мағыналық біркелкілігі жағынан ерекшеленеді. Мәтінде жалпы көріністің жекелеген компоненттері (заттар) санамалай берілген. Мәтін, әдетте, суреттеуге құрылған жағдайда осылай болады. Осыған сәйкес, сөйлемдер де бірдей белгілерге ие (асты сызылған, заттық мағына аркалаған сөздер ол сөйлемдердің ремалары болады). Алғашқы, соңғы сөйлемдер етістікті сөйлемдер болғанмен, оларда негізгі көңіл бөлінетін жайлар – кимыл емес, кимылдың көзі болып тұрған заттар (үй, үйдің іші, түтін, Айнабайдың Зейнебі). Олар да ортадағы эллипсистенген сөйлемдер сияқты затты бейнелеуге қызмет етеді. Мұндай сөйлемдер эллипсистенбей, етістікті болып құрылғанда да бәрібір кимылды емес, зат, құбылыстарды бейнелеуге (суреттеуге) арналған болар еді.

«Жаз өтті. Жауындатып, қара жселдетіп, шөтті құратып, жапырақты сарғайтып, елді әбігер қылып, ала-сапырандатып күз өтті.

Үсті-басы қырауытып, қылышын сүйретіп, шықыр-шықыр етіп қыс келді.

Биылғы қыс қатаң болды. Боқырау болды, боқ қатты. Қарашаның қарын қаңтарға қосты. Ұдайымен алай-дүлей ақтүтек боран соқты. Боран ашылса, шартылдаған сар шұнақ аяз қысты. Жер сіреу қар. Жылымық болса жаңбыр жауды. Жер көк сең, малдың аяғын қызыл жосың қылып, қиып тастады. Күн құлақтанып, шаңытқан ақ пердеге жасырынып, жаңа түскен келіндей ақ дидарын көрсетпеді. Қас қараяр - қараймастан, күнбатыстан шатынаған, шақшиған, жалғыз көзді жан алғыштан жаман жарық жұлдыз шығады, күннен күнге шарықтап, көкке өрлейді, жсел қасарып, Темірқазықтан таймай ызғырады да тұрады» (Ж.Аймауытов).

Мәтіндегі әр сөйлемде де рематикалық екпінге ие сөздер - зат, құбылыстың атаулары болып тұрған сөздер. Олар суреттелетін құбылыстың (қыстың жайсыздығы) сипатын береді. Етістіктер зат есімдермен бір тіркесте бір логикалық екпін құрап, сол құбылыстардың бар екендігін ғана хабарлайды. Сөйлемдердегі басқа сөздердің де мәнін жоққа шығармай, бірақ ойдың ілгері қозғалысын, негізінен, заттық ремалар атқаратынын байқауға болады.

Зат, құбылыстарды суреттейтін жоғарыдағы мәтіндерде күрделі синтаксистік тұтастыққа біріктіруші тәсіл ретінде заттық ремалардың мағыналық – грамматикалық біркелкілігі қызмет етеді. Мәтіндердің мазмұны қатарлас, біркелкі зат, құбылыстарды бейнелеуге құрылған. Соған орай сөйлемдердің құрылымы біртектес, бірыңғай санамаланған интонациямен оқылады.

Енді мазмұны бір-бірін жылдам ауыстыратын қимыл-үдеріске құрылған мәтінге назар аударайық. Бұл жағдайда қимылды атайтын етістіктерге логикалық екпін түсіп, ремалық қызмет атқарады.

«Күн бата шұбартып мал шеті де көрінді, боран да үдеңкіреп кетті. Жұмекең жетектеп келе жатқан қара бурылына да мініп алды. Күні бойы бір дыбыс шығармай, шоқыта берген кісі: «Жануарларым-ай!.. Жатырмысыңдар аман!» - деп қалды.

Бурылға қасқыр қарасы көрінгенде ғана мінуші еді иесі. Соған дағдыланған бурыл ат тізгінді керіп, сүзе жөнелді. Қараңғы түсіп кетпей, малдың сүреңін көріп қалғысы келіп, иесі де асығып келеді. Әлде, келе жатқан Жұман екенін таныды ма, әлде боранның күшейіп кетерін сезе ме, жылқышылар да малдың етек-жеңін жинап, ұзын сары жонның шығыс жақ бетіне қарай аударып барады. Батыс жақта

бір қос жылқы қарауытын бір елес беріп еді, ол енді көрінбей кетті» (Ғ.Мүсірепов).

Алдыңғы мәтіндерде заттың рематикалық үстемдігі туралы айту керек болса, бұл мәтінде кимылдың рематикалық үстемдігі туралы айтуға тура келеді. Рематикалық басымдылық кимылды білдіретін етістіктер арқылы берілген.

Кейбір мәтіндердің рематикалық басымдығы импрессивтік делінеді. Оларда сыртқы әлем, қоршаған орта, болмыс субъектінің сезім дүниесіне әсер етіп, эмоционалды қабылдауы тұрғысынан беріледі. Импрессивтік реманы бейнелейтін сөздер күй-калып санатына жататын сөздер болып келеді, олар: мағынасы ерекше мәнге ие болатын дерексіз зат есім сөздер, бағалауыштық мәнге ие сапалық сөздер (сын есім, үстеу, т.б.), кимыл-күйді білдіретін сөздер т.б. Мұндай рематикалық басымдылық көркем әдебиет, публицистикалық стильдерде жазылған мәтін түрлеріне тән болып келеді.

«Абай мынадай көктем түнінен соншалық бір тазалық сезім, таң лебін танығандай.

Бұның жүрегі әдейі арналған таң лебін ерекше ұғынып сезінгендей.

Махаббат па? Осы ма? Осы болса, мынау дүние, мынау маужыраған тынысты нәзік түн... бесігі зой. Сол сұлу саздың құлақ күйі зой.

Сүттей жарық, айлы түн. Таң әлі жоқ. Бірақ жоқ екенін білсе де, Абай әлдеқандай өзгеше «таңды» сезеді. Күйік те, үміт те, қуаныш та, азап та бар, - жүрек таңы. Кеуде толған өзгеше ыстық, өзгеше жұмбақ, мол сезім. Соның шалқи түсіп шарықтауы көп. Лыпыл қаққан қанаттай тоқтаусыз құбылып, тыныштық ала алмай лепіреді» (М.Әуезов).

Сонымен, мәтіннің мағыналық типтері болады және оларды сипаттайтын рематикалық басымдықтар болады. Мәтіндердің мағыналық түрлеріне: зат, құбылысты суреттейтін мәтіндер (рематикалық доминанты – заттық мағынаны беретін сөздер); зат, құбылыстың не кейіпкердің сипатын беретін мәтіндер (рематикалық доминанты – сапа-күйді білдіретін сөздер); кимыл-қозғалысты білдіретін мәтіндер (рематикалық доминанты – етістіктер); калып-күйді суреттейтін мәтіндер (рематикалық доминанты тұрақтылықты білдіретін сөздер); мағынасы болмысты жекелік-субъективтік тұрғыдан қабылдау түрінде келетін мәтіндер (рематикалық доминанты – экспрессивтік сөздер) жатады.

Мәтіннің мағыналық түрлерін және олардың рематикалық басымдылықтарын белгілеу оларды ұйымдастырып бейнелейтін тілдік құрал-

дардың ерекшеліктеріне негізделеді. Әрқайсысындағы сөйлемдердің синтаксистік-мағыналық үлгілері (модельдері), олардағы сөздердің мағыналық-грамматикалық топтары ерекшеліктерге ие болып келеді. Әрине, мәтіннің жоғарыдағы типтері нақтылы шығармаларда таза түрлерінде кездеспейді, олар әр алуан қатынаста, араласып, қиюласып келіп отырады.

Сонымен, сөйлем құрылысы мен күрделі синтаксистік тұтастық құрылысы мәтін аясында байланыста, қарым-қатынаста болады. Ондай қарым-қатыстылықтың құрылымдық-мағыналық негізі бар. Әрине, мәтін құрылымы мен сөйлем құрылымы тең емес. Алайда тұтастық пен оның бөлшегінің арасында байланыс болатыны сияқты, мәтіннің жалпыланған мағынасы мен сөйлемнің жалпыланған мағынасы арасында ортақ белгілер болады, айырмасы – алдыңғысы бір саты жоғары тұрған құрылымдық тұлға-бірлік.

Мәтін құрамындағы сөйлемнің ремасы екі жақты қызмет атқарады: сөйлем ішінде темаға қарсылық құрап, бұрынғы мен жаңа мәліметті байланыстырса, сөйлемнен тыс жерде басқа ремалармен мағыналық қатынасқа түсіп, мәтіннің рематикалық доминантын жасауға қатысады. Сол арқылы мәтіннің мағыналық бірлігін жүзеге асырады, әрі мәтінді мағыналық бөліктерге бөледі. Мынадай заңдылықты байқауға болады: мәтін архитектурасында теманың белгілі бір типтеріне реманың белгілі бір типтері қарым-қатысты, сәйкесті келеді.

Тема-рема санаттары жылжымалы, грамматикалық санаттар болып табылатын субъект-предикатты ғана білдірмейді, кейбір окшауланған сөйлемдерде тема-рематикалық қатынастардың бірнеше нұсқалары болады.

Сөйлемнің тема-рематикалық (актуалды) бөлінуі мәтін грамматикасына жатады. Мәтін, оның мағыналық бағыт-бағдары, оның композициялық-мағыналық доминанты сөйлемдегі тема-рематикалық бөлінуді айқындайды.

1) Жол бойымен келе жатқан аңшы.

2) Жол бойымен аңшы келе жатыр.

3) Жол бойымен келе жатқан – аңшы (заттық доминант).

Бұл сөйлемдердің мазмұны заттық мағынаға ие, сондықтан сөйлемдер заттық доминанттың заңдылықтарына бағынып құрылған (сөздердің орын тәртібі соған бағынған).

– Аңшы келе жатыр.

– Аңшы жол бойымен келе жатыр. Бұл сөйлемдерде қимылдың үстемдігі орын алған.

Жоғарыда сөз болған жайлар жалпы мәтінге, барлық мәтінге қатысты емес, әрине. Әр жанрдың, стильдің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты мәтіндердің өзіндік ұйымдастыру құралдары мен тәсілдері болады.

4.5 Мәтін құрастыратын бөліктердің функционалдык-коммуникативтік сипаттары

Синтаксистік күрделі бірліктер коммуниканттардың сипатына қарай үш түрге бөлінеді: монологтық бірлік, диалогтық бірлік, төл сөзді (ортақ төл сөзді) бірлік.

Монолог – белсенді сөйлеу қызметінің нәтижесінде тікелей қабылдауға арналған сөйлеу түрі. Монолог тек қана ауызша сөйлеу ыңғайында бола бермей жазбаша түрде де кездеседі. Екі жағдайда (ауызша және жазбаша) негізгі ерекшелігі бір адамның сөйлеуі немесе бір адамның ойы. Монологтың өзіне тән байымдау, синтаксистік құрылым лексикалық бірліктерді (единицаларды) таңдап жұмсау біршама жинақы пікір сияқты өзгешеліктері болады. Бұл аталған белгілердің сөйлеу немесе жазу жанрларына байланысты (көркем монолог, шешендік сөз, тұрмыстағы әңгіме т.б.), функционалдык-коммуникативтік қызметіне қарай (сипаттау, баяндау, әңгімелеу, сендіру т.б.) түрлі монологтар көрініс береді. Жанрішілік айырмашылықтар (автор сөзі, кейіпкерлер тілі, баяндама, үгіт-насихат мақсатындағы сөз т.б.) монологтың стилистикалық ерекшеліктерін танытады. [5, 279 б.] Мысалы, мына бірлікте монологтық сипат айқын көрінеді:

Біздің заманымыз - өткен заманның баласы, келер заманның ата-сы. Атадан алған мирасымыздың жайы мағлұм, балаға бұл қалыпта тұрып не мирас қалдырмақпыз, оны болжауға да артық әулиелік қажет емес. Көп жұртта ғылым, өнер кем, бәрі қарайлас, тең заманда қазақ та қалт-құлт етіп, өз алдына хан болып жүрді. Хандары да, халқы да, ғылым, өнерді керек қылмаған. Бір-бірімен жасауласып, басқа берекелі жұмыс ойланбаған. Өзге жұрттар ілгері басқанда, қазақ кері басқан. Ханы надан, халқы надан жұрт мықты мемлекеттің жанында өз алдына хан болып тұруға көп күш керек екен, ол күш алты бақан ала ауыз қазақта болмаған. Хан басын қарашаға теңгеру жеңіл болмаса да, өз алдына жұрт болып тұра алмай тұғын болған соң, хандарымыз халқыменен Россияға қосылған (А.Байтұрсынов).

Монологтық жағдайда контекстік ықпал бірліктің тұтас мазмұнынан шығып жатса, диалогтық сөйлеуде контекстік ықпал репликаларының арақатынасынан келіп шығады, өйткені диалог, негізінен, ауызекі сөйлеу

синтаксисінің бірлігі. Осыған байланысты диалогтық бірліктердің мына тәріздес ерекшеліктері болады:

– сөйлеуден тыс, сөйлеуді қостаушы ым-қимылдардың ишара-тұспалдардың қолдануы;

– айтылыстардың, әсіресе, сұрақ-жауап түріндегі диалогтарда, қысқа, ықшам болатындығы;

– иннотация, просодикалық өзгешеліктер;

– репликаға немесе сөйлеу ситуациясына байланысты толымсыз сөйлемдердің алуан түрлі өзгешеліктерімен қолданылуы;

– басым көпшілік жағдайда жай сөйлемдердің қолданылуы;

– жазба тіл нормаларынан тыс сөйлем қолданыстары;

– алдын-ала даярланбаған сөйлеу ретіндегі синтаксистік нормалардың бұзылуы т.с.с. Мысалы:

1) *Мені кеше орденге ұсынып едіңіз ғой? – деді Долгушев салмақты жүзін бұған жартылай бұрып.*

2) *Иә, ал?...*

3) *Полковник Сидлер бекітпейті.*

4) *Қойшы?*

5) *Қоятын түгі де жоқ. Жаңа Тайновқа соғып, өз көзіммен көріп шықтым.*

6) *Не дейді? Сонда ... сонда қалай болғаны... – деп Бобров иығына су кеткендей, алақанын жайып, дал болып отырды да, кенет Долгушевке жалт қарады. - Неге бекітпейді?*

7) *Тылдың жұмысы нашар, жанармайды нормасынан артық жаққан көрінеді дейді. Онысы – бос сөз. Ілгіш ол емес. Комбриктің құлағына сыбырлап қойған адам бар.*

8) *Ол кім?*

9) *Өз ішімізде.*

10) *Айтшы маған! Кім де болса оның мойнын бұрап, жұлып алайын.*

11) *Бізден гөрі олардың мойны беріктеу. Қайта, біз олардан өз мойнымызды қорғайық, - деп ол Бобровтың таяу тұрған ашуына әдейі от қойып, тұтата түсті де, - олардың кім екенін білгіңіз келсе, айтайын, - деп еді, Бобров үндемеді.*

12) *Олар өзіміздің Скориков пен Тайнов. Әлгі, ана дәрігер келіншектің ер қарасы да... – деп Долгушев осы арада қас-қабағын керіп жадырай күлді де, - иә, о да солармен бір, - деді. Бобровтың әлгі кездегі мейірімді, момын жүзі ұйтқып бұзылған, қабағын қарс жұмып, түнеріп алыпты (Ә.Нұрпейісов).*

Төл сөзді (ортақ төл сөзді) бірліктерде монологка да, диалогка да тән сипаттардың болатынын байқауға болады, сондықтан ондағы контекстік ықпалды осы тұрғыдан іздеуіміз керек [6]. Мысалы:

Ұмытпасам, бұдан табандатқан 14-15 жыл бұрын болса керек: Қаржасбайдың аңыраған қонақ үйінде жиырмаға тарта баланы алқа қотан отырғызып, Мәжит қожаның азан-қазан қып оқытып жататыны. О кез Мекалайдың аузынан жсалыны шығып тұрған кезі еді. Ал, бұл күнде Мекалайдың жсалыны түгіл, әуелі қабірін таба алар ма екенсің. Бұл күнде ондағы ызбарын төгіп отыратын Мәжекең де, бет-аузын ақпандағы алабас бураша сорағытып, ақ сабауға қош айтысып, қызырайтып төсегінде жатыр. Пай-пай-пай! Көріңде өкірсір, Қожакек-ай! Жөнсіз қатал едің-ау, жарықтық! «Бибіден» дабыл жесең де, жаназадан құр қалсаң да, ашуыңды балалардан алушы едің-ау! Өткен күннің белгісі жоқ қой, әйтпесе нағыз ...

Әйтеуір бесті айғырдан да шақар оқытады (Ж.Аймауытов).

Синтаксистік күрделі бірліктер сөйлеу мақсатына, сөйлеу предметінің сипатына, функционалдық ерекшеліктеріне қарай суреттеу, баяндау, дәлелдеу [7] сипатты бірліктер болып үш түрге бөлінеді. Осы суреттеу, баяндау, дәлелдеу сол бірліктердегі компоненттердің құрылуы, түзілісі үшін контекстік қызмет атқарады.

Суреттеме синтаксистік күрделі бірлік болмыстағы заттар мен құбылыстардың белгілі бір орнықты қалыптағы (статикалық) жай-күйін, портрет, пейзаждарды бейнелеуге арналады. Бұл тәріздес бірліктерде атаулы сөйлемдер көп қолданылады, құрамындағы дербес сөйлемдердің баяндауыштары көбінесе қалып, ойлау, сөйлеу т.с.с. мағыналардағы етістіктерден жасалады. Есім баяндауыштар көп кездеседі. Бұл баяндауыштарға тән тағы бір құбылыс – олардың жақтық-шактық көрсеткіштерінің көбіне біркелкі болып келуі. Суреттеу сипатындағы бірлік компоненттерінің арасында салыстыру, санамалылық, ыңғайластық, мезгілдестік, қарсылықты тәрізді мағыналық қатынастар болады. Бұл мәндес синтаксистік күрделі бірліктерді құрастырушы сыңарлар параллель, тізбекті, аралас түрде байланыса береді. (Дербес сөйлемдердің контекстік байланысы туралы жоғарыда айтылды). Бұған тән мысал ретінде М.Әуезовтің «Абай жолы» дәуірнамасындағы Құнанбай портретін келтіруге болады.

Әкесінің ат жақты келген ұзын сопақ басының құлақтан жоғары жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне ұзын болып дөңгелей біткен сақал қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей.

Сонда да Құнанбайдың жалғыз сау көзі оның көтеріңкі жал-тұмсығының сол шығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя берсін салғырттығы жоқ сергек, қатал күзетші. Жалғыз көз шүңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады.

Бұл бірліктегі 1, 3, 6-сөйлемдердің баяндауыштары осы шақтық етістіктерден жасалып тұрса, қалған сөйлемдер есімді сөйлем түрінде берілген. 1-сөйлем мен 2-сөйлем тәуелдік жалғау арқылы (Әкесінің беті), 3-сөйлем алдыңғы сөйлемдермен сонда есімдігі мен «Құнанбай» сөзінің синонимдік контекстік қайталауы арқылы, 4-сөйлем 3-сөйлеммен лексикалық қайталау (күзетіп тұру-күзетші) арқылы, 6-сөйлем 5-сөйлеммен ықшамдау арқылы, 5-сөйлем 3-сөйлеммен алшақ түрде лексикалық қайталау арқылы (жалғыз көзі – жалғыз көз) тізбектеле байланысса, 6,7-сөйлемдер бір-бірімен салаласа параллель түрде байланысып тұр. Сөйлемдер арасында мезгілдестік, санамалылық қатынасты байқауға болады.

Суреттеу сипатындағы синтаксистік күрделі бірліктің жасалуының бір тәсілі – атаулы сөйлемдерді қолдану. Бұндайда суреттеу мақсатының өзі бұл сөйлемдерді қолдануға ықпал болады, контекстік қызмет атқарады. Мысалы:

Жетішатыр – жақсы қала. Қаптап жатқан қазақ. Қысы-жазы қымыз, ойын-сауық, «кататься», айт, той, құдалық, ат жарыс, күрес. Маскүнем. Төбелес. Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық. Жаз шықса, пароход, паром, жел қайық, жасыл арал, қалың орман... Көкке шыққан, гуляйт соққан, масайраған шат көңіл... Сырнай-керней... Қызық думан... Қайткенмен сергек қала (Ж.Аймауытов).

Бұл бірлікте бір мезгілде болып жатқан жай-күй, қалып бейнеленген, құрастырушы сыңарлар арасынан санамалылық қатынасты да байқауға болады. Бір типтес атау мәндегі сөйлемдер бір-бірімен параллель түрде байланысып тұр.

Баяндау сипатындағы синтаксистік күрделі бірліктерде іс-әрекет, оқиға өзгеру, даму күйінде беріледі. Осыған орай бұл тәріздес бірліктер құрамындағы аяқталған сөйлемдердің баяндауыштары көбіне қимыл, қозғалыс мағынасын беретін етістіктерден жасалады. Мысалы:

Бір күні бектер бас қосып аңға шықты. Байрақ өзінің атын алдырып мінді. Бұлардың алдынан бір топ киік кездесіп, қаша жөнелді. Бәмсі-Байрақ бір киіктің соңынан түсіп қуа жөнелді. Көп уақыт қуып жүріп ақыры атып алды. Бір жерлерге келгенде ол бір қызық жсайға кез болды (Қорқыт ата кітабы).

Бұл бірлікте әр компонент қимыл-әрекет дамуының бір кезеңі екені көрініп тұр. Сөйлемдердің баяндауыштары жедел өткен шақта тұр, осы арқылы бірліктегі қимыл-әрекет динамикалылығы сипатталып тұрғаны көрініп тұр. Құрастырушы сынарлар бір-бірімен әрекеттердің бірізділік санамалылығы тәрізді мағыналық байланыста. Бірлік параллелизм арқылы өрілген (баяндауыштары бір жакта, бір шақта). Соңғы сөйлемнің бұл бірлікті аяқтап, келесі эпизодка жол ашып тұрғаны мәтін мазмұнынан байқалады.

Орамды тілде (связная речь) суреттеу немесе баяндау мәніндегі бірліктер «таза» күйінде ұшыраса бермейді, көбінесе бір бірліктің ішінде суреттеу мен баяндау араласып отырады. Мысалы, мына бірлікте:

Бұлар осылай біресе сынаса сөйлесіп, біресе қалжыңдаса отырып Игіліктің үйіне жетіп қалды. /1/. Биік қақпа ашыла берді /2/. Пәуеске бір биік үйдің баспалдағына таяй келіп тоқтады /3/. Барлық қораға қараған он шақты терезеден жарқыраған шамдар ... /4/. Кең баспалдақпен көтеріліп кіретін ағаш үй, бәрі де еріксіз қошемет-құрмет көрсетуді тілеп тұр /5/ (Ғ.Мүсірепов).

Алғашқы үш сөйлем баяндау (баяндауыштары қозғалыс етістіктерінен жасалған), одан кейінгілері суреттеу мәнді бірліктерге тән. Төртінші компоненттен бастап динамикалық баяндау статикалық суреттеуге көшеді.

Ой қорыту мәніндегі, дәлелдеу сипатты синтаксистік күрделі бірліктер, әдетте, үш бөліктен тұрады: тезис (тақырып, бастау, кілт), дәлелдеу (негізгі бөлік) және қорытынды. Бұл сияқты бірліктер ғылыми стильге тән, сирек те болса көркем әдебиетте ұшырасып отырады.

Ғылыми әдебиеттен мысал:

Тілдегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық тәсілдердің қолданылу принциптерін ретке келтіретін лингвистикалық стилистиканың қарастыратын мәселелері көп (Бұл – тақырыпты ашып тұрған тезис. – Ж.Ж.) Мәселен, фонетикалық стилистика тілдегі дыбыстардың жүйеленуін, жасалуын зерттемейді, ол дыбыстарға тән дауыс құбылысын, қайталауды, дыбыстардың үйлесімділігі сияқты дыбыстық ерекшеліктерді белгілі мақсатта мәнерлі құрал ретінде пайдалануды қарастырады. Ойды мәнерлі жеткізуде синтаксистік тәсілдердің де маңызы ерекше, өйткені сөйлемдердің айтылуына, қолданылу ыңғайына қарай толып жатқан мағыналық бояулар, реңктер аңғарылады. Осы сияқты семасиологиялық, морфологиялық стилистиканың да өзіндік толып жатқан ерекшеліктері бар (Бұл – дәлелдеуге арналған негізгі бөлік.

– Ж.Ж.). *Стилистиканың осындай қырларының кейбір келелі мәселелерін ескерген жән* (Бұл – қорытынды бөлік) (Ф.Мұсабекова).

Көркем әдебиеттен мысал:

...қонақ сыйлау – жеке адамның кісілік қасиетінің қандай екенін ғана көрсетіп қоймайды. Сонымен бірге ұлттық психологияны да анықтайтын құбылыс. Бір елде ерлік деп саналатын оқиға – екінші елде күнделікті тіршілікте аяқ басқан сайын кездесе беретін жай нәрсе. Бір елде ерлік деп саналатын істің екінші елде ұят саналмайтынын байқауға болады. Әр халықтың дүниетанымы әрқилы. Әйтпесе жан-құты қалмай жүрген мадияр жазушысын сараң дей алмайсың.

Асылы, есебі жоқ қонақасыға келгенде қазақтар алдына жан салмайтын болса керек (С.Шаймерденов).

Бұл бірліктегі алғашқы сөйлем негізгі бөлікке тақырып ашып тұр (тезис), 3; 4; 5; 6-сөйлемдер өзінен бұрынғы сөйлемдерде айтылған ойды нығайтып, пікірді дәлелдеп тұрса (дәлелдеу), соңғы сөйлем бірліктегі ой ағымына қорытынды жасап тұр.

Ой қорыту мәніндегі синтаксистік күрделі бірліктерді аталған үш кезеңнің бәрі бірдей болуы міндетті емес. Мысалы, төмендегі мына бірлікте қорытушы бөліктің қатыспай тұрғанын байқауға болады (Кенжеғараның мақсаты орындалды ма, жоқ па – белгісіз) :

Ояз жиналысына Кенжеғара Ізгілік үйіне соға жүрді. Ескі дәстүр бойынша сайланған болыс ояз бастығына сыйлық апару керек пе, жоқ па? Ең алдымен, осыны білгісі келді. Екінші, өзінің болыс сайланған тойына шақырылмаған әкеден кешірім сұрау керек болатын шығар деп еді (Ғ.Мүсірепов).

Сөйтіп, синтаксистік күрделі бірліктер функционалдық мақсатына қарай құрамындағы сөйлемдердің мән-мазмұнына, құрылымына контекстік ықпал етіп отыратынын байқадық.

А.Байтұрсынұлының мәтіндерді жіктеуі де, бүгінгі тұрғыдан алғанда, әдебиеттанушылық емес, тілтанушылық тұрғыдан қарастырылған [8]. Мұны бүгінгі мәтінтану айналымына енгізу арнайы жұмыстың еншісінде.

4.6 Коммуникативтік сөйлеу типтерін (мәтіндегі баяндау түрлерін) ажыратудағы етістіктің шак санатының рөлі

Шактық мағыналарды ажыратуда «есептеу мезгілі» деген ұғымның мәнін айқындаудың маңызы зор. Есептеу мезгілі жылжымалы бо-

лып келіп, көп ретте сөйлеу (жазу) кезімен сәйкес келе бермейді. Осы шақтық, өткен шақтық, келер шақтық мағыналар осы есептеу мезгіліне байланысты есептелінеді. Ал есептеу мезгілі дегеніміз – сөйлеуде сөйлеушінің оқиғаларды солардың өздеріне қатысты түрде қабылдап жаңғыртуын таңдаған мезгілі. Сөйлеуші не оқиғалардың ішінде орналасады да, оқиғаны қабылдап беру кезі (сөйлеу кезі) мен оқиға кезі сәйкеседі. Бұл жағдайда сол оқиғалардың болу кезін әңгімелеуші есептеу мезгілі ретінде алып сөйлейді. Немесе автор оқиғаларды «бақылау мекенін» оқиғалардың соңынан орналастырады да, оқиғаларды өткен шақпен береді. Не «бақылау мекенін» оқиғалардың алдынан орналастырады да, келер шақпен береді. Соңғысы фантастикалық шығармаларда кейіпкерлердің ой, қиялын бергенде болмаса, реалистік туындыларда кездеспейді. Сөйлеу кезі мен есептеу мезгілінің сәйкес келуі тұрмыстық ауызекі сөйлеулерде ғана кездеседі. Ал жазба әңгімелеулерде оқиға кезі мен сөйлеу кезі аралығында табиғи айырмашылық болады. Жазуда қабылдау мезгілін, есептеу мезгілін оқиға бойымен жылжытып отырады да, керек жерінде сөйлеуші (жазушы) тоқтай қояды. Сөйлеуші (жазушы) оқиғаны осы шақта бергісі келсе, көз алдында өтіп жатқандай көрсетеді. Сөйтіп, сөйлеу мезгілі мен есептеу мезгілін ажырату ауызша диалог пен жазбаша-монолог сөйлеулердің ерекше белгілерін ажыратады. Бұл – бір мәселе.

Екіншіден, есептеу мезгіліне қатысты алғанда, етістік формаларының шақтық мағынасы екі топты құрайды: біріншісінде шақ формаларының бірін қолдану есептеу мезгіліне байланысты болады (соған қатысты не осы шақтық, не өткен шақтық, не келер шақтық мағыналардың бірін береді); екіншісінде шақ формаларын қолдану есептеу мезгіліне қатыссыз, байланыссыз болады, сондықтан жоғарыдағы үш шақтық мағыналардың бірін де бермейді, алайда модальдік-экспрессивтік бояуларға ие болып келеді. Мысалы: *Көп жасаған емес, көп көрген біледі. Ит үреді, керуен көшеді.* Бұл сөйлемдердің нақтылы шақтық мағынасы етістіктің келер шақ тұлғасымен байланысты емес.

Бұдан шығатын қорытынды: бірінші және екінші топтағы етістік формаларының рөлі мәтінді құруда бірдей емес.

Сонымен бірге, бірінші топты құрайтын, есептеу мезгілімен байланысты болып келетін етістік формалары да шақтық ерекшеліктеріне байланысты жазба мәтіннің әртүрлі типтерін құрайды.

Көркем шығарманың құрылымында етістіктің шақ формаларының композициялық-синтаксистік рөлі туралы В.В.Виноградовтың айтқанда-

ры бар. Олардың баяндауды ұйымдастырып, өрістетудегі қызметі көрсетіледі.

Өткен шақ етістіктің қимылдың аяқталуын білдіретін түрінде өте жылдам өтетіні туралы В.В.Виноградов былай дейді: «Алайда қимылдың жедел аяқталуын білдіретін өткен шақтағы етістіктердің бірыңғай тізбегі кеңістікті білдіруде жеткіліксіз болады. Солар арқылы берілетін баяндаудың бірізді құрылымына ауыспалы өткен шақ формалары жаңалық енгізеді. Баяндаудағы кеңістіктің созылуын нақ осы формалар жүргізеді. Ауыспалы өткен шақ формалары оқиғаларды бір мезгілдік ендікте орналастыра отырып, өткен істі еркін кеңістікте береді» [9, 137 б.].

Қимылдың әртүрлі өту сипатын талдай келіп, В.В.Виноградов мынадай қорытынды жасайды: «Өткен шақтың жедел және ауыспалы (созылыңқы) формаларының бір-бірін ауыстырып, әртүрлі стилистикалық вариацияларда келуі арқылы сюжет дамуының ырғағы, яғни баяндаудың сипаты белгіленеді. Сөйтіп, синтаксис сюжет дамуының мағыналық жағын анықтайды» [9, 135 б.].

Г.А.Золотова осы ізбен Л.Н.Толстойдың «Піл» әңгімесін талдайды: «Етістіктің өткен шағының аяқталмаған көрінісі оқиғаны жалпы өткен уақытқа апарып тастайды және оған оқиғалық мағынадан гөрі, сипаттамалық мән береді. Келесі сөйлемде ғана іс-қимыл жүзеге асып, оқиға басталады: «Бірде піл ашуланды да, несінің аяғын таптады».

Осы сөйлемнен, осы кезден бастап нағыз сюжеттік мезгіл басталады. Етістіктің өткен шағының аяқталған көрінісімен берілетін іс-қимыл кезекпен бірін-бірі ауыстыра отырып, баяндауды шешілуіне алып келеді: *«Үнділік өлді. Сол кезде үнділіктің әйелі жылады, балаларын пілге әкелді де, оның аяғының астына тастады. Ол айтты: - Піл! Сен әкемізді өлтірдің, оларды да өлтір. Піл балаларға қарады, тұмсығымен үлкенін алды да, жәймен көтерді, сосын мойнына отырғызды».*

Әңгіменің соңғы сөйлемі оқиғаны қорытындылай отырып, етістіктің ауыспалы осы шақ формасы арқылы іс-қимылдың өткен кездің кең планының ішінде әрі қарай жалғасу перспективасын ашады: *«Піл осы баланы тыңдап, оған жұмыс істей бастады».*

«Өткен шақтың белгілі бөлігін өз ішіне кіргізетін оқиғаның басталуынан аяқталуына дейін сюжеттік мезгілді қамтитын осы кең план – әңгімелеуші оқиғаны «көретін» осы шақтың алдындағы мезгілдік ендік. Өткен шақтың бұл планы өткен шақтың аяқталмаған және аяқталған көріністеріндегі етістік формаларының бір-бірімен қарым-қатынасы, байланысы арқылы ұйымдасады» - дейді Г.А.Золотова [3, 325 б.].

Әңгімелеу түріндегі мәтіннің композициясы мынадай тәсілдер арқылы ұйымдасады:

1. Әңгіме етістіктің сюжеттік мезгілді бастайтын, жалғастыратын, аяқтайтын жылжымалы формаларының кезекпен ауысуы арқылы ұйымдастырылады да, басталуы мен аяқталуы етістіктің әлдеқайда кең мезгілдік фон жасайтын имперфект (жылдам емес, қозғалмалы емес) формаларынан жасалады. Бұған жоғарыдағы әңгіме мысал бола алады.

2. Жылдам, қозғалмалы етістік формалары сюжеттік мезгілді де, әңгіменің басы мен аяғын да толығымен қамтып, әңгіме басталғаннан аяқталғанға дейін орын алады.

Мұндай құрылым оқиғаларды мезгілдің жалпы ағымынан кесіп алып, олардың кезекпен ауысуын бейнелейді. Бұл тәсіл көбіне балалар әңгімесінде кездеседі. Оның себебі, балалар оқиғаларды көріп, жаңғырта алғанмен, қорыта алмайды.

3. Мәтіннің басталуы ақырын болып, аяқталуы тез, жылдамдата бітуі, не керісінше жылдам басталып, созылық аяқталуы мүмкін. Бұл – мәтіндік құрылымның бір түрі.

Бұл нұсқалардың бәріне (оларды жекелік-көркемдік тұрғыдан түрлендіре беруге болады) мәтіннің композициялық-синтаксистік тұлғабірліктерінің типтенген (жалпыланған) комбинациялары негіз болады. Ал оларды ұйымдастырушы негізгі тілдік құрал – етістіктің шақ саны.

Етістіктің шақтық мағынасы сюжеттік мезгілді бейнелей ме, жоқ сюжеттен тыс мезгілді бере ме – мұның үлкен мәні бар.

Егер оқиғалар сюжет дамуының белгілі бір кезеңіне немесе оның белгілі бір үзігіне қатысты болып келмесе, онда олар сюжеттен тыс мезгілде алынған болады.

Негізгі сюжеттік формаларға өткен шақ етістік формалары (жедел және ауыспалы: -ды, -ді, -ады, -еді) жатады. Өткен шақтың қимылдың аяқталғанын білдіретін перфект етістік формалары сюжеттік мезгілдің нақтылы кезеңінде өткен және бірін-бірі ауыстырып отыратын жекеленген іс-әрекеттерді бейнелейді (Ол барды, келді, айтты). Ал өткен шақтың қимылдың аяқталмағанын, созылықлығын білдіретін етістіктің имперфект формалары көп мағыналарының бірінде іс-әрекетті өту үстінде бейнелейді. Ол сюжеттік мезгілдің белгілі бір үзін созылмалы не қайталамалы тұрғыдан білдіреді (*Бір күні Алдар Көсе Шығайбайдікіне келеді; Көсені көреді де, Шыгекең алдындағы асын етегінің астына жасыра қояды...*).

Жедел және созылмалы формалардың әсерлесулерінің әртүрлі нұсқалары әңгімелеудің сюжеттік мезгілін құрастырады.

Сюжеттік мезгілді құрастыруға актуалды осы шақ та қатыса алады. Ол әңгімелеу кезімен, автор сөзімен «сәйкес келетін» актуалды авторлық осы шақ және өткендегі сюжеттік іс-әрекет планының бір кезеңінің «бақылау мекенін» өзгертудің нәтижесінде туындайтын актуалды осы шақ болады. Соңғысы авторлық баяндауды кейіпкердің біреуінің қабылдауымен жақындатады (ортақ төл сөз арқылы). Оның өзі автор бейнесімен байланысты, ол – автор бейнесінің көрінуінің бір түрі.

Актуалды осы шақ және перфект мағынасындағы кимылдың аяқталғандығын білдіретін етістік формалары сюжеттік мезгіл қозғалысында тек жедел және созылыңқы формалардың қарым-қатынасы фонында ғана өз орнын ала алады. В.В.Виноградов: «Настоящее время само по себе лишено движения. Лишь в синтагматике речевого процесса, в смене глагольных форм в их движущейся веренице настоящее время приобретает динамическое значение. Следовательно, динамичность настоящего времени – не непосредственная, а композиционно-обусловленная, не тематико-морфологическая, а сюжетно-синтаксическая», - дейді [9, 135 б.].

Сюжеттен тыс мезгілге тұрақталған, кеңейтілген мағынасындағы осы шақ жатады. Сюжеттік мезгіл бұл форма арқылы бейнеленген іс-әрекеттің тек созылыңқылығын байқауға болатын бөлігінде ғана орын алады. Бұл – іс-әрекет емес, ал сапа, қасиет, қарым-қатынас болады. Сондықтан ондай формалар мәтіннің сапалық сипаттамаларында, суреттемелік бөліктерінде пайдаланылады.

Кеңейтілген осы шақпен имперфектілік (созылыңқы) мағынаның сапалық-суреттемелік түрі жақындасады: *«екі жағынан сөрелер тартылған (тартылыпты)»* - бұл да, шындығында, кеңейтілген осы шақ тек басқа (авторлық) мезгілдік жосықтан «көрінген».

Көркем әңгімелеу, жалпы, мезгілдік дамудағы оқиғаны бейнелейтін қандай әңгімелеу (мысалы, тұрмыстық, іскерлік) болмасын сюжеттік мезгіл арқылы ұйымдасады. Онда сюжеттен тыс мезгіл де орын алуы мүмкін, алайда олар тек сюжеттік мезгілдің фонында ғана композициялық рөл атқара алады. Сөйтіп, әңгімелеудің композициясы сюжеттік іс-әрекет шегіндегі белгілі бір мезгілге қатыстылық-қатыссыздық белгісі жағынан бір-біріне карама-қарсы қойылатын сюжеттік және сюжеттен тыс мағыналарға ие етістік формаларының қарым-қатынасы арқылы ұйымдасады.

Сюжеттік мезгіл де, сюжеттен тыс мезгіл де есептеу мезгілімен қарым-қатынасты (шарттас) болады, есептеу мезгілі автор еркімен сюжеттік іс-әрекет бойымен қозғалып, жылжымалы болып келсе де соған бағытталған болады. Есептеу мезгілімен қатыстылығы жоқ шак формалары әңгімелеу композициясында конструктивтік рөл атқармайды, тек сюжеттік мезгілді білдіретін етістік формаларына экспрессивтік синонимдік қатар ғана құрайды.

Жазба сөздің басқа типтерінде мәтінді ұйымдастыру принциптері басқаша. Публицистикалық, ғылыми, ресми мәтіндерді басым ретте сюжеттен тыс шак формалары ұйымдастырады. Сюжеттік шак формалары тек мәтіннің жеке бөліктерін, жекелеген кірігулерді ғана құрастыруы мүмкін. Мұндай мәтіндердің композициясында негізгі рөлді актуалды емес, кеңейтілген немесе тұрақты осы шак және онымен қарым-қатысты кеңейтілген имперфект тұлғалары атқарады. Сондай-ақ, өткен істі нақтылы кезеңмен байланыстырмай дерексіз түрде хабарлайтын өткен шак (кимылдың аяқталғанын, аяқталмағанын білдіретін) формалары да атқарады.

Бұл айтылғандардан мынадай қорытынды жасауға болады: сөйлеудің (мәтіннің) түрлі коммуникативтік-стильдік типтерінің бір-бірінен ажыратушылық белгілерін олардың әрқайсысына тән, оларды ұйымдастыратын етістіктің шак формаларынан іздеу керек. Сонымен қатар етістіктің шак формаларының мәнін ажыратуда синтаксистік контекстің рөлі зор.

А.Ысқақов *-а, -е, -й* формасы туралы былай дейді: «Бұл форма тек жалпы осы шак мағынасында ғана емес, жалпы іс-әрекетті тыңдаушының көз алдында бұрын болғандай, қазір болып жатқандай және келешекте шүбәсіз болатындай етіп суреттеп көрсету үшін жұмсала береді. Сол себептен бұл форма, әдетте, ауыспалы шак формасы деп те аталады. Мысалы: *«Бір күні Алдар Көсе Шығайбайдікіне келеді. Көсені көреді де, Шығекең алдындағы асын етегінің астына жасыра қояды...»* дегендердегі етістіктер үшінші жақта тұрып, өткен шак мәнін білдіріп тұр» [10, 330 б.]. Мұнда, әрине, солай болуында синтаксистік контекстің мәні зор.

Синтаксистік мәнмәтіннің әртүрлі типтерін ажыратудың грамматикалық межесі мынада: шак формаларының әртүрлі мағыналары тіл жүйесінде мәтіннің белгілі бір типтерін ұйымдастыратын тірек, шарттас қатарларға топтасады, әр қатардың өз доминанттары болады, ал ол қатардан тыс жерде олар өз мағыналарын білдірмейді.

Сондықтан, шақ формаларының грамматикалық, жүйелік топтасуын зерттеу әртүрлі мәтін типтерін ұйымдастырудың тілдік құралдарын анықтап қана бермейді, ауызша сөйлеу мен жазба мәтіннің, әңгімелеу типі мен басқа баяндау түрлерінің (суреттеу, ойталқы) арасындағы айырмашылықтардың (стилистикалық қарама-қарсы қоюлардың) синтаксистік негіздемесін де анықтайды.

Ол функционалдық стильдер мен сөйлеудің коммуникативтік типтері санаттарының қарым-қатынасы деген мәселені қоюға да көмектеседі.

Синтаксистік парадигма шеңберінен мәтін өзінің қызметі мен прагматикасы қырларына келгенде шығып кетеді. Осы тұста синтаксис коммуникативтік тіл білімінің өрісіне енеді.

Қандай тілдік бірлік болмасын, оның үш жағы бар: формасы, мазмұны және қызметі.

Мәтін формасы оның құрылымдық тұтастығының көрінісі болса, мағыналық тұтастығын тақырып бірлігі анықтайды, ал қызметі мәтіннің қатысымдық тұтастығынан көрінеді. Осылардың барлығының бірлігі мәтіннің жалпы тұтастығын құрайды.

Мәтін қызметін анықтайтын жағдайлар: адресат, жағдаят, коммуниканттардың қарым-қатынасы, олардың білімі, т.б.

Адамдардың қарым-қатынасының түрлеріне байланысты әртүрлі қатысымдық мақсатты бағыттағы сөйлеу түрлері туындайды. Олардың бастыларын атайтын болсақ: бір нәрсе туралы хабарлау, ақпарат беру; өзінің ниетін, көңіл-күй, сезімін білдіру; басқа адаммен байланыс орнату немесе оған әсер ету т.б.

Осыған байланысты мәтін түрлерінің негізгі қызметтерін былайша топтастыруға болады; 1) хабарлау, ақпарат беру қызметі; 2) экспрессивтік қызмет; 3) бұйыру, ұсыныс, кеңес беру қызметі; 4) эстетикалық қызмет, т.б.

Бұлардың ішінде хабарлау, ақпарат беру қызметі басымдыққа ие негізгі қызмет түріне жатады. Мұндай мәтіннің мазмұнын қабылдаушыға берілуге тиіс жаңа мәлімет, білім құрайды. Ақпараттық мәлімет, әсіресе, радио, теледидар және газет хабарларында көбірек кездесетіні белгілі.

Экспрессивтік қызмет адресанттың көңіл-күйін, сезімін, көзқарасын, эмоциясын білдіруде көрінеді. Мұндай мәтіндерге алғыс айту, көңіл білдіру, бата беру, құттықтау, кешірім сұрау, сәлемдесу, қоштасу мазмұнындағы мәтіндер жатады.

Ондай мәтіндердің құрамында экспрессивті сөздер, одағай, модаль сөздер көп қолданылады. Бұйыру, ұсыныс, кеңес беру қызметіндегі

мәтіндерге келетін болсақ, онда адресант адресатқа қандай да бір істі істету мақсатын көздейді. Бұл қызмет ресми іс-қағаздары мәтіндерінде көбірек қолданысқа ие. Олар жарнама жанрындағы, нұсқау беру қызметіндегі мәтіндерде, сондай-ақ ауызекі сөйлеуде кездесіп отырады.

Жоғарыдағы қызмет түрлері, негізінен, күнделікті қарым-қатынас барысындағы практикалық қызмет түрлеріне жатады. Ал эстетикалық қызмет жоғары сатыдағы эстетикалық, көркемдік мақсатты көздейтін болғандықтан, практикалық қызмет түрлеріне карама-қарсы, поэтикалық қызмет түріне жатады. Бұл – көркем мәтіндердің атқаратын негізгі қызметі. Мұнда хабарланатын жайдан гөрі, соны жеткізіп тұрған тілдік таңба-белгіге ерекше мән беріледі. Тіл көркем-бейнелі ойды жеткізетін көркемдеуші құрал қызметін атқарады. Сондықтан тілдің жай практикалық қызметі мен көркем-эстетикалық қызметін айырып қараудың мәні зор.

4.7 Мәтіннің функционалдық және прагматикалық аспектілері туралы

Мәтіннің объективті түрде көпаспектілі екенін танысақ та, бүтін әдеби шығарма, жоғары деңгейдегі динамикалық коммуникативтік бірлік ретіндегі сипаттарына қарай мәтіннің негізгі аспектілерін айқындауға болатындай. Мәтінді «әрекеттегі мәтін» деп түсіну оның функционалдық аспектісін, ал мәтіннің коммуникативтік үдеріске деген бағдары оның прагматикалық қырын алға тартады.

Функционалдық талдау автордың алдын ала мәтіннің мәністік құрылымын бейнелейтін қандай да бір құралдарды таңдауы, түр мен жанрды мақсат етуін қарастырады. Осы тұста мәтіннің түрі мен жанрын таңдаудың өзі нақты коммуникацияның шарттарына (коммуниканттар, коммуникация предметі, коммуникация құралдары т.б.) тәуелді болады. Солайша, функционалдық талдау мәтіннен тысқарғы және мәтінішілік белгілерді назарда ұстайды.

Функционалдық талдаудың тағы бір мәні сонда, мәтіннің жекелеген сыңарлары тұтас мәтінді ұйыстырудағы рөлдеріне қарай қарастырылады. Демек, функционалдық талдау мәтіннің өзіндік мазмұндық сапаларын ашуға көмектеседі. Нақтыласақ, тілдік таңбалар басқа таңбалармен байланысып өздерінің мағынасын мәтінде нақтылайды. Олар бір-бірімен ерекше, осы мәтінге тән қатынастарға түседі, сол арқылы, контекст ықпалымен, сөздің бір мағынасы жанданады (актуалданады), кейбір сөздің

мағынасы өзгеріп кетеді (сөздіктерде көрсетілмеген контекстік синоним пайда болады).

Функционалдық талдауда хабарға автордың қарым-қатынасы, автор ниеті (интенция) т.с.с. ескеріледі.

Сонымен, функционалдық талдаудан мына сияқты нәтижелерге қол жеткізуге болады:

1. Бұл – мәтіннің тілдік сипаттарының шегінен шығып, ұғымдық санаттарға ауысуға мүмкіндік береді. Мысалы, мәтіндегі «кеңістік» пен «уақыт» (Салыстырыңыз: көркем кеңістік, көркем уақыт). Функционалдық талдау осы санаттардың мәтіндегі мәнін ашады.

2. Бұл – тілдік бірліктердің мәтіндегі арақатынасы мен мәністерін ашуға көмектеседі. Мәтінді талдауда «мағына» мен «мәністің» айырмашылығын білудің маңызы зор. Өйткені бұл мәтіннің мазмұнын білуге тікелей әсер етеді. *Мағына* сөздегі байланыстар мен қатынастар жүйесін объективті түрде бейнелейді, бұл – тілдің иелеріне бірдей, ортақ тұрақты жүйе. *Мәніс* болса сөздің байланыстардың объективті жүйесінен бөліп алынған, осы сәт пен осы жағдаятқа ғана қатысты мағынасын жеке дара түсінуге негізделеді. Сондықтан мәніс мағына деген субъективтік реакцияға байланысты. Мысалы, *түзу*, *бұрыш* сияқты сөздерді әркім әртүрлі түсінуі мүмкін. Мәтінде, әрине, сөзді ұсынатын – жеке адам, қабылдайтын – жеке адам. Оның субъективтілігі сонда.

3. Бұл – мәтінді жаңғыртуға, қайта қалпына келтіруге, авторын анықтауға көмектеседі. Бұл – көне мәтіндерге байланысты. (Бара-бар жаңғыртпа жасау мүмкін емес, өйткені сол дәуірдің болмысын, мәдени-тарихи құндылықтарды бастан кешпеу мәселені қиындатады).

4. Бұл – әр дәуірдегі мәтіндерді, әр тілдегі мәтіндерді байланыстыруға септігін тигізеді. Әсіресе, аудармада балама табу үшін мәтіннің функционалдық сипатын білу керек-ақ. Мәселен, аудармада сөздің мәнісіне жету үшін түпнұсқа тілдің иелерінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін айқындау қажет.

5. Бұл – мәтіндердің кірігуінің (*мәтіндегі мәтін*) мәнін түсіндіруге қабілетті. Яғни, *интермәтін* құбылысындағы ассоциациялық байланыстардың себебін, мәтін мен басқа мәтіннің үйлесімін, сөйтіп қосымша мәніс берілудің тиімді-тиімсіздігін түсіндіре алады. Аллюзия, реминисценция, дәйексөз, әртүрлі тәпсірлер, парықтаулардың қолданысын түсіндіреді [11].

Енді мәтінді *прагматикалық талдаудың* ерекшелігі туралы айтайық.

Мәтінді прагматикалық талдау функционалдық талдаудан келіп шығады, функционалдық талдауды логикалық түрде жалғастырады, дамытады. Прагматика – (грек сөзі «*pragmatos*», *ic*, *әрекет* дегенді білдіреді) тілдік таңбалардың сөйлеудегі қызметін зерттейтін сала. Тіл біліміне семиотика ғылымынан келді (Семиотика үш салаға жіктеледі: 1. болмыс пен таңбаның қатынасын қарастыратын семантика; 2. таңба мен таңбаның қатынасын қарастыратын синтактика; 3. таңба мен оны пайдаланушылардың қатынасын қарастыратын - **прагматика**). Лингвистикалық прагматикаға адресант (мәтін авторы) пен адресат (мәтінді қабылдаушы) инсандар және, ең бастысы, олардың қатысым ісіндегі ықпалдастықтары туралы мәселелер енеді.

Адресант мынадай жайларды белгілейді:

1. хабардың мақсаты мен міндеттері (мысалы, хабарлау, ақпарат беру, ниетін білдіру, нұсқау беру, ақыл айту т.с.с.);
2. сөйлеу қылығының типі;
3. хабарға, оны бағалауға (бағалаудың болмауына) деген қарым-қатынас;
4. хабар мәтінін түзу кезінде зейін қоятын тұстар.

Адресат мынадай жайттарды атқарады:

- 1) мәтінді, оның ішінде жанама және көмес мәністерді де тәпсірлейді (парықтайды);
- 2) мәтін әсерін бастан кешеді. Ондай әсерлер танымдық, эмоциялық, эстетикалық болуы мүмкін.

Прагматикалық талдау дискурс теориясының негізінен алынады [12]. Дискурс (француз сөзі *сөйлеу* деген құбылыстың аты, есім сөз) Мәтінтанушылар дискурс деп экстралингвистикалық факторлармен (психологиялық, әлеуметтік-мәдени т.б.) қоса алғандағы орамды мәтінді таниды. «Дискурс – это текст, взятый в событийном аспекте как социально направленное «действие» [13, 20 б.]. Бейнелеп айтқанда, дискурс - өмір, тірлік қарекетіндегі тіл, жанды тіл. Сондықтан ол прагматикаға бағытталады.

Мәтін мен дискурсты ажырата қарайтын үрдіс те бар. Бұл үрдісте дискурс мәтіндердің экстралингвистикалық факторларға байланысты жандануының көріністері ретінде қаралады. Мұнда дискурс сөйлеу үдерісін білдірсе, мәтін сол үдерістің нәтижесін, өнімін көрсететіндігімен ерекшеленеді, сонымен қатар дискурс - ауызекі сөйлеуге, мәтін – жазбаша сөз саптауға тән болып есептеледі.

Батыста «сөйлеу» терминінің орнына «дискурс» терминін қолдана беретінін ескерте кеткен жөн.

Мәтін прагматикасы мен автор прагматикасы. Мәтіннің түзілу механизмін анықтау үшін мәтіннің және автордың прагматикалық бағдарлары дейтінді анықтап алу қажет болады.

Мәтінтүзім мәтіннің өзіндегі мақсат қойылысы мен нақты бір автордың мақсат қойысының ықпалымен жүзеге асады. Мәтіннің мақсатын оның типі, жанры, атқармақ міндеттері белгілейді. Автордың мақсаты авторлық модальділік арқылы білінеді, қандай да бір хабарда ақпарат ғана емес, айтарман/жазарманның сол хабарға деген қарым-қатынасы да қатар жүреді. Бұл қарым-қатынас мәтінді парықтаумен (тәпсірлеумен) байланысты болатындықтан мәтін прагматикасын анықтау үшін аса қажет. Автор мәтінді жасап қана қоймайды, сонымен бірге оқырманды мәтінді парықтауға жетелейді.

Мәтіннің прагматикалық бағдары оның тағайындамасынан, түрінен, жанрлық ерекшеліктерінен келіп шығады. Мәселен, балаларға арнап жазатын әңгіме авторы оны бастамастан бұрын әңгіменің шамамен көлемін, нендей мәселені қозғайтынын, балаларға арналған шығарманың жанрлық сипатын, оқиғаның, сюжеттің лайықтығын білуі керек. Сол сияқты оқулық жазатын адамның да осы сияқты алдын ала дайындығы болады.

Мәтінмен жұмыстың басталар кезінде оның мақсаты белгілі болады: ақпарат беру ме, оқытып-үйрету ме, нұсқау беру ме, жарнамалау ма т.б. Осылайша, әр мәтінде өзінің прагматикалық бағдары болады да, бұл мәтіннің пішінін, материал таңдау, жалпы стилистикасы сияқты жайттарды белгілейді. Алайда автор мәтінтүзімнің ортақ қағидаларына бағына отырып нақты бір жеке инсан ретінде өзінің үлесін де қосады, прагматикалық мақсатын енгізеді.

Бұл екі бағдар сыйыстырылып тұруы да мүмкін, жапсарласуы да мүмкін, тіпті, қайшы келетін жайттар да жоқ емес. Өйткені автордың мәтін жанрын өз қалауымен таңдауға хақы бар. Бір нәрсені айту үшін кейбірі үлкен роман жазады, кейбірі шағындау жанрды таңдайды. Әрине, автор таңдаған жанрының сүрлеуін сақтау керек, бірақ оны бұзып отыратын кез де болады, сондай-ақ автор тақырыптың ашылуындағы желінің логикасын өзінше тартуы мүмкін т.с.с.

Авторлық ықпал көбіне көркем мәтіндерден көрінеді, автор бейнесі оқулық, нұсқаулық, анықтамалық т.б. мәтіндерде байқалмайды. Мәтін неғұрлым стандартты болса, оның белгілері де соғұрлым айқын болады, оның канондарын бұзу соғұрлым қиын бола түседі, автор бейнесі соғұрлым көмескілене береді. Мәтінде «көркемдік» неғұрлым айқын бола түскен сайын, соғұрлым автордың бейнесі де көрінеулене береді.

Тіпті, мәтіннің кіші деген бөлігі абзац қоюда да авторлық мақсат пен мәтін мақсатының арасындағы айырмашылықты байқауға болады. Абзац кемел жағдайда шумакпен бірдей болу керек, яғни, семантикалық және құрылымдық жақтарынан бұл екеуі сәйкесіп тұру керек. Алайда, автордың ерік-қалауымен эмфазалық (эмоция-экспрессиялық) мақсатпен бір шумак екі я бірнеше абзацқа бөлінеді немесе екі я бірнеше шумак бір абзацқа біріктіріледі. Мәтін болса композициялық бірізділікті сақтауды талап етеді, ал автор бұл қағидаға бағынбай «күтпеген» әдісті қолданып мәнерлілікті күшейтуді көздейді.

Екі прагматикалық бағдардың ықпалының нәтижесінде мәтінді мүшеленудің екі түрі келіп шығады: 1. объективтік мүшелену, бұл – мәтіннің баяндалу құрылымының логикасына сүйенеді; 2. субъективтік мүшелену, бұл – не мәтіннің құрылысының логикалылығын көрнекілендіреді, не мәністік және стилистикалық әсер туғыза отырып логикалылықты өзгеше бір түрде «бұзады» [14]. Соңғы айтылған жағдайда мәтін бағдары мен автор бағдары ажыратылады, автор бұл амалды оқырманға неғұрлым тиімді әсер беру мақсатымен істейді. Нақтырақ айтқанда, автор ниетіне бағынатын мәтінді абзацтық мүшелену ерекшеліктеріне ықпал етеді.

Семинар сұрақтары

Мәтін – коммуникативтік синтаксистің негізгі бірлігі

1. Мәтін коммуникативтік синтаксистің негізгі бірлігі болуының себептерін түсіндіріңіз.
2. Мәтінді зерттеуге алып келген жағдайларға талдау жасаңыз.
3. Мәтінге тән белгілерді талдап түсіндіріңіз.
4. Мәтіннің негізгі бірлігі және оған тән белгілерге сипаттама беріңіз.
5. Мәтінге тән санаттар және олар туралы түсініктерге талдау жасаңыз.

Мәтіннің коммуникативтік құрылымы

1. Мәтіннің синтагматикалық мүшеленуі мен қатысымдық (коммуникативтік) мүшеленуі арасындағы байланыс, қарым-қатынастарын анықтаңыз.
2. Мәтіндегі актуалды мүшеленудің ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
3. Мәтіндегі актуалды мүшеленудің тәсілдеріне тоқталыңыз.

4. Мәтінді ұйымдастырудағы теманың рөліне тоқталыңыз.
5. Мәтінді ұйымдастырудағы реманың рөліне тоқталыңыз.
6. Тема-ремалық қатынастарына қарай мәтін түрлері қалай ажыратылатынына мысалдар келтіріп талдау жасаңыз.
7. Мәтіндегі баяндау түрлерін ұйымдастырудағы реманың қызметіне тоқталыңыз.
8. Мәтіндегі тема-рема қызметтеріне қарай мәтін түрлері қалай бөлінеді?
9. Көркем мәтін құрылымында етістіктің шақ тұлғалары қандай рөл атқарады?

Мәтін қызметі мен прагматикасы

1. Мәтін қызметін анықтайтын факторларға талдау жасаңыз.
2. Мәтіннің хабарлау қызметін мәтіндерді талдау арқылы түсіндіріңіз.
3. Мәтіннің экспрессивтік қызметін түсіндіріңіз.
4. Мәтіннің бұйыру, кеңес беру қызметін қандай мәтін түрлері атқаратынын дәлелдеңіз.
5. Мәтіннің эстетикалық қызметін мәтін талдау арқылы түсіндіріңіз.
6. Қарым-қатынас мақсатына жетуі үшін қарым-қатынастың негізгі шарттары қандай болатынын анықтаңыз.
7. Мәтін прагматикасында қабылдаушы факторының рөлі қандай екеніне тоқталыңыз.
8. Шумақтың (күрделі синтаксистік тұтастықтың) коммуниканттар қатысына қарай бөлінуі.
9. Шумақтың (күрделі синтаксистік тұтастықтың) функционалдық түрлерін сипаттау.

Оқытушы өткізетін өздік жұмыс тапсырмалары

Мәтін – коммуникативтік синтаксистің негізгі бірлігі

1. Мәтінге тән белгілерді талдап түсіндіріңіз.
 2. Мәтінді біртұтас етіп біріктіруші амал-тәсілдерді анықтаңыз.
- «Криминалистика басқа да ғылымдар сияқты объективтік құбылыстар заңдылықтарының жиынтығы болып табылады. Бірақ та осы көптеген жиынтықтардан криминалистиканың айырмашылығы, ол қылмысты ойдағыдай ашуға, тергеуге және алдын алуға қажет-

ті заңдылықтарды оқытады. Бұл заңдылықтардың қалыптасуы әрбір қылмыстың қоршаған ортамен байланысына және материалдық әлемдегі заттардың, жағдайлар мен іс-әрекеттердің өзара байланысы мен өзара қатынастылығы туралы диалектика заңына сәйкес. Осы заң негізінде міндетті түрде қоршаған ортада іздер мен көріністер қалады да әрбір қылмыс объективтік болмыста әртүрлі: идеалдық немесе заттың, құбылыстың ойда қалған түрінде және материалдық немесе материалдық іздер түрінде бейнеленеді» (оқулықтан).

Мәтіннің коммуникативтік құрылымы

1. Мәтіннің коммуникативтік құрылымын, соған сай мәтін түрін анықтаңыз.

2. Мәтіндегі актуалды мүшеленуді жүзеге асырушы тәсілдерді анықтаңыз.

«Тағы да таласып келіп, тағы да тақасып келіп қонып жатқан екі бай ауыл ақ үйлерін әлі тіккен жоқ еді. Жаз бойы Құланөтпес пен Құдайменденің кең шиырына сиыса алмай, күнде қанат серпісіп, күнде қамшы сілтесіп, қақтығысып келген екі байдың аядай жерге арқа тіресіп қонып жатқандары да жсай емес сияқты.

Алиақ жсайласып, араласпай араз отыратын екі бай уәделесіп қойғандай Майқұдық басына бүгін кешке жақын қатар келіп құлады. Бірінен-бірі іргесін айыра алмайтын дос ағайындарша, бір ғана бұлақтың басына иық тиісе қонып жатыр. Бірақ екі қабақтың да түйелі екені бұл өңірге қашаннан мәлім, белгілі сыр болатын еді.

Оң бүйірден шұбар ала жыландай шұбатылған Игіліктің кілем жасапқан түйелі көші құлай бергенде, батыс жақ бетті тұтас торлап келе жатқан Жұман байдың 17 мың жылқысы да көрінді. Ұзын түйелі көштің өзіне ұқсаған өркеш-өркеш шаңы шұбалып келіп, көп жылқының тұтаса қарауытқан шаңына осы бір бұлақтың басында түйісті де, тоғысып кетті» (Ғ.Мүсірепов).

Мәтін қызметі мен прагматикасы

1. Берілген мәтінде қандай қызмет түрлері бар және оларды ұйымдастырушы тәсілдерді анықтаңыз.

2. Мәтін прагматикасын жүзеге асырушы тілдік бірліктерді анықтаңыз.

«Сөйтіп біз диалектологиялық экспедицияға аттандық. Бағытымыз – Семей облысы, Семей болғанда кәдімгі ұлы Абай туып-өскен

Шыңғыс оңірі. Экспедиция мақсаты – Шыңғыстау диалектісі дейтін бар ма, жоқ па, егер болса, Абай сол диалектіде жазды ма – осыларды анықтау.

Бұл мәселелер біздің арамызда бұрын да талай дау тугызған-ды. Абайды оқып отырсаңыз қазіргі әдеби тілімізде мүлде қолданылмайтын, ата-тегі белгісіз көптеген күмәнді сөздерге ұшырасасыз.

«Біреу малма сапсиды салып иін...»

«Күләпара басымда, пұшпақ тымақ...»

«Тағына жетіп қайырған...»

Ғылым көзімен қарап, үңіле зерттеген адам мұндай түсініксіз сөздердің талайына ұшырасады. Сонда бұл не? Әрине, диалект. Абай қанша танылды дегенмен осы бір жайдың жұртшылық назарынан қақас қалып келгені анық. Мүмкін бұл пікірді мойындамаушылар табылар. Заңды. Ғылым талас-тартыссыз, концепциялар қақтығысынсыз дамымақ емес. Бірақ әйтеуір таласқанның жөні осы деп әділ айтылған соны пікірге ден қоймау тағы әбестік. Мәселен, «жейде» деген зат есімді алайық. Барлық оқулықтар мен сұраулықтарды, көрнекті ғалымдарымыздың еңбектерін қараңыз, бұл сөз – оңтүстік тіліне тән диалект делінген. Ал осы «жейде» Абайда да жүр. «Жейде, дамбал, ақ саңнан, жарғақ шалбар – Жырым балақ матамен әдіптеткен...» Абай диалектіде жазбаса, бұл не? Біздің мақсатымыз тіл ғылымында күн тәртібіне жаңа қойылған осы маңызды мәселелерді жұртшылық алдында дәлелдеп шығарлықтай нақты деректер тауып қайту еді» (М.Мағауин).

Өздік жұмыс тақырыптары

1. Сөйлемнің коммуникативтік мүшеленуі
2. Синтаксема туралы түсінік
3. Контекст түрлері. Коммуникативтік контекст.
4. Күрделі синтаксистік тұтастықтың белгілері
5. Мәтіннің негізгі сипаттары
6. Мәтін мен дискурс: сәйкестіктер мен айырмашылықтар.
7. Прагматикалық синтаксистің негізгі ұғымдары
8. Синтаксистің прагматикалық және коммуникативтік аспектілерінің орайластығы
9. А.Байтұрсынұлының мәтін туралы пайымдаулары
10. Қазақ тіл білімінде мәтіннің қазіргі зерттелуіне шолу

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Колшанский Т.В. Коммуникативная функция и структура языка. – М., 1984.
2. Маслов Ю.С. Введение в языкознание. изд.2-е. – М., 1987.
3. Золотова Г.А. Коммуникативные аспекты русского синтаксиса. – М., 1982.
4. Николева Т.М. Лингвистика текста. – Новое в зарубежной лингвистике. – вып.VIII. М., 1978.
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі. Қазақстан даму институты, 1998.
6. Шалабай Б. Көркем проза тілінің зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. Филол.ғыл.докт. дисс. автореф. – Алматы, 1997.
7. Лосева Л.М. Как строится текст, – М.: «Просвещение», 1980.
8. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш // Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: «Жалын», 1991.
9. Виноградов В.В. Стиль «Пиковой дамы» \\\ Пушкин. Временник Пушкинской комиссии. 2. –М. – Л., 1936.
10. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991.
11. Жакыпов Ж.А. С.Талжановтың жалпыфилологиялық мұрасының өзектілігі // ҚарМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2007, №1.
12. Бисималиева М.К. О понятиях «текст» и «дискурс» // Филологические науки, 1999, №2.
13. Валгина Н.С. Теория текста. – Москва: «Логос», 2003.
14. Левковская Н.А. В чем различие между сверхфразовым единством и абзацем? // Филологические науки, 1980, №1.

Авторлар туралы мәлімет:

Аккузов Абдыжалил Абуталипұлы – Қазақстан инженерлік-педагогикалық халықтар достығы университетінің проректоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Шалабай Бердібай – Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті, қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Ермекова Тыныштық Нұрдәулетқызы – Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті, Қазақ филологиясы және Әлем тілдері факультеті, Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Жақыпов Жантас Алтайұлы – Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Жүкеев Төлеухан Базарбекұлы – Қарағанды экономикалық университеті, қазақ тілі мен мәдениеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты.

Ибраимова Жеңісгүл Жалғасбайқызы – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті практикалық қазақ тілі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты.

Қапалбек Бижомарт Сейсенбекұлы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың үйлестіру-әдістемелік орталығының директорының орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты.

Қалиақбарова Гүлнұр – «Мемлекеттік тілді дамыту институты» ЖШС-ның ғылыми қызметкері.

Мамаева Мәкен Қасымбайқызы – Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті, қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты.

Сәдуақасұлы Жеңіс – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Тұрарова Айсұлу Нұрдынқызы – Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

МАЗМҰНЫ

Редактордан.....	3
I бөлім. Дәстүрлі синтаксистік парадигмалар /кіріспе орнына/ (Б.Қапалбек).....	7
1. Сөз тіркесі парадигмасы.....	12
1.1 Сөз тіркесінің синтаксисі туралы (Ж.Жақыпов).....	12
1.2 Сөз тіркесі және басқа тілдік бірліктер (А.Тұрарова, Ж.Жақыпов).....	18
1.3 Сөйлемдегі сөздердің байланысу тәсілдері (А.Тұрарова)	23
1.4 Сөздердің байланысу формалары (А.Тұрарова)	34
1.5 Сөз тіркестерінің құрылымдық түрлері (А.Тұрарова, Ж.Жақыпов).....	37
2. Жай сөйлем құрылымындағы синтаксистік парадигмалар.....	47
2.1 Сөйлем туралы жалпы түсінік (Ж.Жақыпов).....	47
2.2 Сөйлем үлгісі (моделі) – сөйлем құрылымын сипаттаудың негізгі тұлға-бірлігі (Б.Шалабай).....	60
2.3 Жай сөйлем құрамындағы бірліктер (сөйлем мүшелері) (М.Мамаева)	69
2.3.1 Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері	69
2.3.2 Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері	84
2.3.3 Сөйлемнің үйірлі мүшелері	100
2.3.4 Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі	101
2.4 Жай сөйлемнің құрылымдық түрлері (Ж.Садуақасұлы).....	107
2.4.1 Қазақ сөйлемдерінің жіктелуі.....	107
2.4.2 Бір негізді сөйлемдер.....	110
2.4.3. Екі негізді сөйлемдер.....	116
2.4.4 Жакты және жаксыз сөйлемдер.....	119
2.4.5 Жалаң және жайылма сөйлемдер	122
2.4.6 Болымды-болымсыз сөйлемдер.....	134
2.4.7 Етістікті және есімді сөйлемдер.....	139
2.5 Күрделенген сөйлемдер (Ж.Жақыпов).....	149
3. Құрмалас сөйлемдер.....	161
3.1 Құрмалас сөйлемдердің зерттелуі (Т.Ермекова)	161
3.2 Құрмалас сөйлемнің қалыптасып, даму жолдары	166
3.3 Құрмалас сөйлемдерді зерттеудің көп қырлылығы	172

3.4 Құрмалас сөйлем компоненттерінің байланысу тәсілдері.....	176
3.5 Құрмалас сөйлемнің түрлері.....	201
3.5.1 Құрмалас сөйлемді топтастыруда қолданылатын ұстанымдар	201
3.5.2 Құрмалас сөйлемнің құрылымдық түрлері	205
3.5.3 Екі құрамды құрмаластар: түрлері және түйткілді мәселелер	211
3.5.4 Көп компонентті құрмаластар	216
3.5.5 Құрмалас сөйлемнің функционалдық түрлері	222
3.5.6 Құрмалас сөйлемнің функционалды-семантикалық түрлері.....	237
4. Суперсинтаксистік парадигмалар.....	281
4.1 Күрделі синтаксистік тұтастық (шумак) (Ж.Жақыпов)	281
4.2 Мәтін құрамындағы дербес сөйлемдердің синтаксистік байланысы	301
II бөлім. Коммуникативтік парадигмалар	
/кіріспе орнына/ (Б.Қапалбек).....	326
1. Сөйлемнің коммуникативтік түрлері (Г.Қалиакбарова)	329
1.1 Хабарлы сөйлем (Г.Қалиакбарова).....	331
1.2 Сұраулы сөйлем (Ә.Ақкөзов).....	333
1.3 Лепті сөйлем (Г.Қалиакбарова).....	337
1.4 Бұйрықты сөйлем.....	342
2. Сөйлем және контекст (Ж.Жақыпов)	349
2.1 Сөйлемнің толымды, толымсыздығы (Ж.Жақыпов)	362
2.2 Мүшеленбейтін құрылымдар (Ибраимова Ж.)	368
2.3 Үстемелі құрылымдар (Т.Жүкеев).....	378
3. Коммуникативтік синтаксистің негізгі бірліктері	
мен құрылымдары.....	399
3.1 Тіл біліміндегі синтаксистік парадигмалар және коммуникативтік синтаксис мәселелері (Б.Шалабай)	399
3.2 Коммуникативтік синтаксистің тұлға-бірліктері (синтаксема)	405
3.3 Сөйлемнің актуалды (жұмсалымдық-мағыналық) мүшеленуі.....	412
4. Мәтін – негізгі қатысымдық бірлік (Б.Шалабай)	421
4.1 Мәтін – коммуникативтік синтаксистің негізгі бірлігі (Б.Шалабай).....	421
4.2 Мәтіннің қатысымдық/ коммуникативтік құрылымы (Б.Шалабай)....	425
4.3 Мәтіннің синтагматикалық бөлінуі (Б.Шалабай)	429

4.4 Мәтінді ұйымдастырудағы және оның түрлерін ажыратудағы реманың рөлі.....	433
4.5 Мәтін құрастыратын бөліктердің функционалдык-коммуникативтік сипаттары (Ж.Жақыпов).....	438
4.6 Коммуникативтік сөйлеу типтерін (мәтіндегі баяндау түрлерін) ажыратудағы етістіктің шак санатының рөлі (Б.Шалабай).....	443
4.7 Мәтіннің функционалдык және прагматикалык аспектілері туралы (Ж.Жақыпов).....	450
Авторлар туралы мәліметтер	459

